

л 2008
5779к

4-ТОМ

Қазак
әдебиетінің
тарихы

ХІХ ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ
(1800–1850)




«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АЛМАТЫ
2005

«МӘДЕНИ МҮРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбесев С.
Нұрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.



Қазак
әдебиетінің
тарихы

ОН ТОМДЫҚ

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ БАС АЛҚА:

ҚИРАБАЕВ С. С., ҚР ҰҒА-ның академигі, төраға;

ҚАСҚАБАСОВ С. А., ҚР ҰҒА-ның академигі, төрағаның
орынбасары;

БЕРДІБАЙ Р. Б., ҚР ҰҒА-ның академигі;

ЕЛЕУКЕНОВ Ш. Р., филология ғылымдарының докторы,
профессор;

ҚАБДОЛОВ З. Қ., ҚР ҰҒА-ның академигі;

НҮРҒАЛИЕВ Р. Н., ҚР ҰҒА-ның академигі.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

Қазақ әдебиетінің тарихы

4-ТОМ

XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ

(1800–1850)

Жалпы редакциясын басқарған—филология ғылымдарының
докторы, профессор Асқар Құрманшұлы ЕҒЕУБАЕВ



АЛМАТЫ
2005

ББК 83.3 Қаз
Қ 17

**М.О.ӘУЕЗОВ АТЫҢДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР
ИНСТИТУТЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ ҰСЫНҒАН**

Редакциялық алқа:

Егеубаев А.Қ., филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қабдолов З. Қ., ҚР ҰҒА-ның академигі,
Қасқабасов С.А., ҚР ҰҒА-ның академигі,
Қирабаев С.С., ҚР ҰҒА-ның академигі,
Кәкішев Т.К., филология ғылымдарының докторы, профессор,
Ысмағұлов Ж., филология ғылымдарының докторы, профессор.

Жауапты шығарушылар:

Қорабай С.С., филология ғылымдарының кандидаты,
Керімбек Ж.С., кіші ғылыми қызметкер.

Қ 17 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық, 4-том.
Алматы. ҚАЗАқпарат, 2005.— 438-б.
ISBN 9965-643-89-X

«Қазақ әдебиеті тарихының» 4-томында XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдеби үрдістерге талдау жасалды. Көркем әдебиет пен қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың сабақтастығы тұңғыш рет ғылыми деректермен негізделіп, тарихи шындық тұрғысынан сараланды. Шал Құлекеұлы, Махамбет Өтемісұлынан бастап, бірқатар көрнекті тұлғалардың туындылары арнайы талданды.

Сонымен бірге тәуелсіздік алғанға дейін әдебиет тарихындағы орны жете сараланбай келген К.Райымбекұлы, Д.Бабатайұлы, Ш.Қанайұлы сынды бірнеше ірі ақындардың шығармашылығына назар аударылды.

Томға библиографиялық материалдар сұрыпталып ұсынылды.

ББК 83.3 Қаз

Қ 4603020102
00(05)-04

ISBN 9965-643-89-X

© Әдебиет және өнер институты, 2005
© «ҚАЗАқпарат» баспасы, көркемдеу, 2005

К І Р І С П Е

«Қазақ әдебиеті тарихының» төртінші томында XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдеби үрдістерге талдау жасалды. Сол кезеңдегі әдебиеттің даму ерекшеліктері сарапталып, белгілі сөз зергерлерінің мұралары зерттелді. Кітапта халық әдебиеті мен жыраулар поэзиясының сол кезеңдегі жай-күйі және жаңа әдебиеттің өркендеу жолына ұласу заңдылықтары қарастырылды.

Қазақ халқының XIX ғасырдағы әдебиетінің шынайы рухы, ұлттың азаттығы мен елдің тәуелсіздігі жолындағы өзекті арқауы, көкейкесті мүддесі патшалық Ресейдің отаршылығы тұсында да, советтік саясат жылдарында да жеткілікті деңгейде ашылмай, айтылмай келген еді. Бірқатар ақындардың шығармашылығы кеңестік идеология қалыбымен жаңсақ бағаланып отырды. Бұл кітапта қазақ әдебиетінің тегеурінді, рухы асқақ, идеялық-көркемдік шарықтау дәуірі – XIX ғасырдағы ішкі жаңғыру заңдылықтары тарихи шындық тұрғысынан сараланып отыр. Көркем әдебиет пен қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың сабақтастығы, сонымен қатар ұлттық әдебиеттің халықтық қасиеті тұңғыш рет ғылыми түрде негізделіп, басты сипаттары мен заңдылықтары дәйектелді. Көптеген ақындардың мұралары қайта қаралды, мұрағаттарда тұмшаланып жатқан деректер назарға алынды, жаңа көзқарас тұрғысынан бағаланды. Тәуелсіздік алғанға дейін әдебиет тарихындағы орны жете сараланбай келген Көтеш Райымбекұлы, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы сынды бірнеше ірі ақындардың шығармашылығына назар аударылды. Шал Күлекеұлы, Махамбет Өтемісұлынан бастап, бірқатар көрнекті тұлғалардың туындылары арнайы талданды.

XIX ғасырда қазақ халқының жаңа әдебиеті қалыптаса бастады, әдебиет жанрлық, көркемдік шеберлік тұрғыдан іштей түлеп, тақырып аясын барынша кеңейтті, қоғамның тарихи

құбылыстарына қарай күрделі көркемдік сипат алды. Әдеби процестің осындай заңдылықтары қазақ қауымының қоғамдық-әлеуметтік жағдайларымен бірегей сабақтастықта зерттелді.

Қазақ әдебиеті тарихының ең бір құнарлы, дәстүрі берік, мазмұны бай кезеңі ХІХ ғасыр. Бұл ғасыр үлкен-үлкен құбылысты оқиғаларға да, күрделі де шиеленісті әлеуметтік тартыстарға да толы болғандығы дүние тарихының парақтарынан да белгілі. Әлем тарихында ХІХ ғасыр «Ұлттық сананың ояну» дәуірі ретінде бағаланатындығы аян. Ондай тарихи кезең құбылыстары қазақ даласына соқпай өткен жоқ. Қазақ елі бұл кезеңде де ауыр күндерді басынан кешті. ХVІІІ ғасырдың аласапыран дәуірінің зардаптары жалғаса түсті. «Ақтабан шұбырынды» атанған зарлы заманнан өткен қазақ жұрты, қазақ хандығы тағы да бір қилы заман, қиын кезеңге аяқ басты. Сол дәуірдің оқиғалары мен тарихи шындығы, негізінен, қазақ әдебиеті шығармаларында көрініс тапты. ХІХ ғасырдағы қазақтың ұлттық әдебиетін дәуір шындығынан бөліп қарау мүмкін емес. Бұл кезеңде әдебиет пен халық тарихы біте қайнасып, кірігіп кеткендей еді. Соған орай әдебиет те жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Қазіргі әдебиеттануда «жаңа дәуір әдебиеті» деп атала бастаған бұл кезеңдегі әдебиет шынында да тарихи алғышарттары мен себеп-салдарларына орай дәстүрлі арнадан шығып, жаңа сипаттарға ие бола бастады. Жыраулық әдебиеттің мектептері, әдеби дәстүр уақыт талаптарына сәйкес соны көркемдік соқпақтарға ойысты. Қоғамдық-әлеуметтік мәселелер, саяси тақырыптар, күнделікті қауым тірлігіндегі жақсылы-жаманды көріністер тікелей әдеби шығармалардың өзекжарды саздарына, көкейкесті сөзіне ұласып отырды.

Тарихи шындық пен көркемдік шындық арасындағы сабақтастық бұрынғыдан да айқын көрінді. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің заңдылықтарын сол кезеңдердегі қазақ халқының тарихымен сабақтастықта қарау қажеттігі осындай әу бастан жаратылысы бір көркемдік құбылыстардың ішкі бірлігінен туындайды.

Осы кезеңдегі ел ішіндегі күйзелісті күйреу қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік өмірін біржола басқа арнаға бұрған еді. ХІХ ғасырдағы Еуразия кеңістігіндегі тарихи реформалар қазақ әдебиетінің де болмысына бетбұрысты өзгерістер әкелген.

Қазақ даласында ХІХ ғасырда патшалық Ресей отарлаушылары жүргізген саяси-әлеуметтік өктемдік пен басқару жүйесіндегі реформалардың себеп-салдарлары сол кезеңдегі қазақ әдебиеті шығармаларынан да жан-жақты көрініс тапты. Көкірегі ояу ақын-жырау, сөз ұстаған би-шешендер ұлттың мұнын, ұлттың келешегін болжаған күңіреністі көзқарастарын толғады. Хандық басқару жүйесі ыдырағаннан кейін, үздік-создық ұлт-азаттық

қозғалысына ұласқан наразылық жалпы халықтық қуатты күшке айналып кетуге түрлі ішкі-сыртқы жағдаяттар кедергі болса да, халықтың мұң-мүддесі тарихи жыр, дастан, толғауларда буырқанып көрінді. Бұрқ етіп басталып, езіп-жаншылып, қайта бас көтеріп өршіп отырған ұлт-азаттық қозғалыс тарихының ұзақ мерзімді кезеңдерінде ақындардың сөзі, ұлттық әдебиет мұраты ғана өз жолынан да, жүрісінен де жаңылған жоқ.

Осы аласапыран кезеңдердегі қазақ әдебиетінің шығармаларын тереңдеп талдап тану, ұлттық әдебиеттің жаңа дәуірінің қалыптасуы мен даму заңдылықтарын тарихи сабақтастықта зерттеу ел тарихының қастерлі беттерін ашады. XIX ғасыр әдебиеті өткен ғасырлардағы ұлттық сөз өнерінің өрнегін, дәстүрін сақтаумен бірге көркемдік құралдарын байытты, жаңа сипаттар дарытты. Әдеби шығармалар жанрлық жағынан да, көркемдік бітімі тұрасында да, идеялық мазмұны жөнінен де көп ілгеріледі. Зерттеу барысында осы дәуірдегі көптеген әдеби мұралар жаңа қырынан қарастырылды, бұрын белгісіз болып келген, әлде арнайы талдауға түрлі себептермен мүмкіндік болмаған шығармалар мен ақын-жырау мұралары ғылыми айналымға қосылды. Дулат, Шортанбай, Байтоқ, Жанұзақ, Нысанбай, Досқожа, т.б. мұраларына қазақ халқы тәуелсіздік алғаннан кейін ғана тереңдеп үңіліп, ашық жазуға мүмкіндік туды.

Соған орай қазақ әдебиеті тарихының ең бір тынысты, мазмұнға бай кезеңі – XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы алуан қырлы шығармалар ұлттық тарихтың көркем шындығын барынша толымды бейнелейді. Өйткені, совет өкіметі орнай бастаған күндерден бастап-ақ мәдениет пен әдебиетте революциялық саясат өктемдігі үстемдік алды. Қоғамдық-саяси өмірдегі Алаш ардагерлерінің қаламынан туған ұлттық көркемсөздің біртіндеп «құрыққа» ілінуімен ұлттық әдебиеттің шынайы жаратылысы саясат тасасында тұмшаланды. Сондықтан бұл кезеңдер заңдылығы арнайы зерттелмегі ләзім. Демек, XIX ғасырды еңсеріп XX ғасырдың советтік дәуіріне аяқ басқан алғашқы ширегін қамтитын ұлттық әдебиеттің жаңа дәуір әдебиеті шартты түрде үш кезеңге сұрыпталып қарастырылмақшы. Бірінші кезең – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиет, екінші кезең – XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет те, үшінші кезеңі XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі әдебиет деп желіленді. Ұлттық әдебиеттің бұл үш белесі, негізінен, қазақ ақын-жырауларының, зиялы қауым өкілдерінің елдік құрылымды, мемлекеттік тәуелсіздікті, елдік әдебиетті көксеп, сол жолда жанын салып ізденіп жұмыс істеген, ашық саяси күреске бел шешіп кірген тұсы. Бір ғасыр бойы жүрген ұлт-азаттық күресі мен ұлттық

азаттық аңсары ХХ ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің қозғалысына барып ұласты. Қазақ әдебиеті мен қазақ елінің тарихында бұрын-соңды мұндай азаматтық-саяси бағыты айқын тегеурінді дәуір болған емес. Алашорда қайраткерлерінің саяси күресі есіл кетіп, қазақ елінің кейінгі тағдыры советтік заманға жалғасқандығы мәлім.

Қазақ әдебиеті тарихының төртінші томындағы зерттеулер мен талдаулар ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы (1800-1850 жылдар аралығындағы) әдебиеттің даму заңдылықтарын қамтиды. «ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті» атты шолу мақала осы кезеңдегі әдебиет тынысына сараптама жасап, негізгі бағыттары мен көркемдік ерекшеліктерін көрсетуге арналды. ХVІІІ ғасырдың соңында дүниеге келіп, шығармашылық ізденістері ХІХ ғасырда көрінген ақын-жыраулар мен ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүріп, әдеби шығармалар жазған тарихи тұлғалардың өмір жолы мен әдеби қызметі ғылыми айналымға ұсынылды. Отыздан аса ақын-жыраулар мұралары қарастырылды. Сол кезеңдегі әдебиеттің даму тынысының өзіндік ерекшеліктері сипатталып, негізгі заңдылықтары зерделенді, он алты ірі суреткерлердің шығармашылық портреттері жасалды.

Әдетте, әдебиет тарихына қатысты академиялық басылымдарға шығармалары жете зерттеліп, зерделенген, белгілі бір ғылыми тұжырымды көзқарас қалыптасқан тұлғалар қосылатындығы белгілі. Қай ғасырда да қазақ ақын-жыраулары, көркем сөз шеберлері көп болғандығы да шындық. Бұл ХІХ ғасыр әдебиетіне де қатысты жай. Қолжазбалары мұрағат қорларында сақтаулы, мерзімді баспасөз бен бірді-екілі кітаптарда шығармалары тиіп-қашып жарияланған, немесе мұралары жарық көрсе де зерттеліп, бағалана қоймаған ақын-жыраулар тіпті көп. Кейбірінің әдеби-көркем мұралары ауқымды болып келсе, енді біреулерінің үш-төрт, әлде оншақты өлеңдері мен айтыстары ғана сақталып қалған. Тәуелсіздік алған жылдардағы егемендік пен еркіндік бұл салаға да өз жаңалығын әкелді. Көптеген ақын-жыраулардың есімдері әдеби айналымға қосылды. Олардың ішінде өмір деректері мен шығармалары ғылыми тұрғыдан айқын бағаланып, зерттеліп-зерделеніп үлгермегендері де бар. Енді біреулерінің туған, дүние салған жылдары анықталмаған, белгісіз. Бұлар, әрине, болашақта зерттелетін жайлар. Сонымен бірге Қазақстанның түкпір-түкпірінен, әр ауылдан ақындар мен батырларды атап-түстеп, дәріптеу үрдісі басталды. Бұл көбінесе жер-жердегі әуесқой әдебиетшілер мен әдебиет жанашырлары тарапынан шашыраңқы, стихиялы түрде жүрді. Кейінгі жылдарда арнайы ғылыми мамандандырылған экспедициялар шығару дәстүрі мүлде тоқтап қалғандықтан, ел ішінде бастау алған әдеби мұраларды жинап-

насихаттау мақсатындағы талаптардың бәрі бірдей ғылыми тұрғыда тиісті деңгейде нәтиже бере бермейді. Міне, осындай себептермен, жеткілікті зерттеліп, белгілі бір ғылыми тұжырым түйіп үлгермегендіктен ақын-жыраулардың енді бірқатарының шығармаларын академиялық зерттеу кітабына қосудың реті келмеді. Бұл әдебиеттану ғылымының үздіксіз жалғаса беретін, кезең-кезеңімен атқарылатын төл ісі. Енді бірқатар ақындардың есімдері мен шығармалары аталып, қысқа мағлұматтар ұсынылды.

«Жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің даму заңдылықтары (XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезі)» ғылыми-зерттеу жобасы бойынша дайындалған төртінші томды жарыққа шығаруға көрнекті әдебиетшілер мен белгілі әдебиетші мамандар атсалысты. Төртінші томды жазуға ғылыми жобаның жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор **А.К.Егеубаев** («Кіріспе», «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті», «Көтеш Райымбекұлы»), филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж.Ысмағұлов** («Шал ақын Құлекеұлы»), ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор **С.С.Қирабаев** («Жанақ Сағындықұлы»), ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ. Жұмалиев**, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор **С.А.Қасқабасов** («Махамбет Өтемісұлы»), ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Жұмалиев** («Шернияз Жарылғасұлы»), филология ғылымдарының докторы, профессор **Ә.Дербісалин** («Шөже Қаржаубайұлы»), филология ғылымдарының кандидаты **Қ.Сыдиықов** («Абыл Тілеуұлы», «Нұрым Шыршығұлұлы») филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж.Тілепов** («Қобылан Бөрібайұлы»), филология ғылымдарының докторы, профессор **С.Негимов** пен филология ғылымдарының кандидаты **Н.Ахат** («Орынбай Бертағыұлы»), филология ғылымдарының докторы, профессор **М.Жармұхамбетов** («Шортанбай Қанайұлы»), филология ғылымдарының докторы, профессор **М.Жолдасбеков** пен әдебиетшілер **К.Ахметова**, **М.Төлепбергенов** («Ұлбике Жанкелдіқызы»), филология ғылымдарының кандидаты, доцент **С.С.Қорабай** («Сабырбай Ақтайлақұлы»), филология ғылымдарының кандидаты **Қ.Раев** («Дулат Бабатайұлы»), Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімінің кіші ғылыми қызметкері **С.Қамшыгер** («Түбек Байқошқарұлы», «Сүйінбай Аронұлы») қатысты.

Советтік тоталитаризм тұсында зерттеліп, жазылса да, ғылыми құндылығын жоғалтпайтын, әдебиеттану тарихында қашанда маңызды орын алатын еңбектер бар. Ұлттық әдебиеттің тарихы

мен теориясын жете меңгерген, білімді де дарынды қалам иелері сол бір күрделі кезеңнің өзінде әдебиет жаратылысы мен құбылыстарды көрегендікпен танып, таразылай білген. Ондай бағалы еңбектер мен өміршең ғылыми көзқарастарды, дәйектеме тұжырымдарды орынды-оңтайлы сәттерде ғылыми айналымға тартып отыру зерттеу жұмысының методологиясына тән заңдылық. Әдебиет тарихын байытып, теориялық танымды тереңдете түсетін үрдіс. Бірді-екілі ақын мұраларына қатысты редакциялық алқа ол дәстүрді ұстанды, бұрын жазылған зерттеулерді саралап ұсынды.

Қазақ әдебиетінің қарастырылып отырған кезеңі туралы бұған дейін жарық көрген зерттеулер мен ғылыми еңбектердің маңызы өте жоғары. «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты тарихи мәні тәлімді академиялық көптомдықтың (Алматы, 1960) бірінші томының кіріспесінде, екінші томының бірінші кітабында әдебиетті зерттеу саласындағы еңбектерге арнайы байсалды талдау жасалған сүбелі тарауларында қазақ әдебиетінің тарихын ежелгі дәуірлерден бері байыптап саралаған зерттеуші ғалымдар мен олардың кітаптары мен талдауларына кең көлемді шолу ұсынылып, лайықты баға берілген. Осы көптомдықтың тиісті бөлімдерінде ХІХ ғасыр әдебиетіне қатысты да құнды пікірлер бар. Ол ғылыми мағлұматтар мен кітаптарды түгел тізіп қайталап жатудың реті жоқ деп ойлаймыз. Әрине, әдебиеттің партиялығы мен таптығы қағидасын ұстанған тұста жарияланған зерттеу жұмысының өзіндік саяси сипаты бар екендігі анық, әйтсе де қазақ әдебиетінің тарихына қатысты сараланған ерекше бай мұралар мен деректер, тұлғалы қаламгерлердің талантты толғамдары мен терең танымдық көзқарастары ұлттық әдебиеттану ғылымының қастерлі қазынасы. Өткенді мансұқтау – өзектен үзілу. Сөз болып отырған «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты академиялық көптомдық, басқа талантты еңбектер де әдебиеттану ғылымының айналымынан түспейтіні, әлі де талай зерттеу жұмыстарының өзегіне айналуы күмәнсіз. Өткен ғасырдың соңғы ширегінде де әдебиет тарихы, оның ішінде ХІХ-ХХ ғасыр әдебиеті тарихы мен теориясы жайлы бірқатар іргелі зерттеу кітаптары жарық көрді. Олардың негізгілері қосымша бөлімде ұсынылып отырған қысқаша библиографиялық көрсеткіште тізілді.

ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы әдеби мұралардың қолжазбаларына ғылыми сипаттамалар мен библиографиялық көрсеткіштерді әзірлеуге институттың Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімінің кіші ғылыми қызметкерлері **Т.Берікболов**, **С.Қамшыгер**, **Ж.Керімбек**, **А.Сейітова**, аспирант **Қ.Мұқашева** қатынасты.

XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ӘДЕБИЕТ. Қазақ хандығы тұсында әдеби туындылардың идеялық-мазмұндық сипаты жаңғырып, тақырыптық, көркемдік жағынан да елеулі өзгеріске түсті. Қазақ елінің ырыс-берекесі, ұлттық рух, асылтекті батырлар мен бектерінің парасат пайымдары, жаугершілік күндердің қаһармандығы, эпикалық тыныстылық сол кезеңдегі өлең, жыр, толғау, дастандардың жаңа өркенді сөзі еді. Бұл заманауи мәселелер қазақ әдебиетінің өзекті, басты тақырыптарына айналды. Жеке-дара батыр-бағландардың ерлік істері, батырлық рухы, халық арасындағы мәртебесі дәріптелді. Классикалық ауыз әдебиеті үлгілерінен мәлім әдеби көркемдік ұстындар хандық дәуірдің өмір шындықтарынан туындаған тақырыптарға, әуендерге жалғасты. Қазақ әдебиетінің жаңа дәуірінің алғашқы нышандары қазақ ордасының түтінін түзетіп, іргесін бекіткен тұсындағы қауымдық-әлеуметтік шындықтарымен шарпыса көрініп, хандықтың күні батқан аласапыран кезеңде басым көрініс танытты. XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырда Жер мен Ел тақырыбы әдеби туындыларда бүтіндей жаңа мазмұнда жырланып, саяси-әлеуметтік нақтылық сипатқа ие болды. Ежелгі әдеби мұралардан мәлім топонимикалық түсініктердің, аңыздардан таныс «Жерұйық», «Жиделі-Байсын», «Қазан» қаласы, «Қараспан» секілді қадау-қадау тарихи атаулардың есесіне атажұрт, жер, атамекен ұғымы басым жырланды. Жер мен Ел, содан туындайтын өзге де сан түрлі елдік, азаматтық тақырыптар осы кезеңдегі әдебиеттің басты белгілері. Жаңа әдебиет дегенде де, негізгі сипаттардың бірі әрі бірегейі ретінде алдымен жер мен ел тақырыбы аталса керек. Эпос – адам баласының таным көзі, ол қай халықтың да тарихында басты орын алады. Халық тағдырындағы үлкен белесті кезеңдерге сәйкес туып, халық

санасына сол күндердің басты-басты белгілерін, рухын сіңіреді. Тарихи сананың тәжірибесін алға тартады. Ол заңдылық қазақ халқының әдебиетіне де тән. Әдебиеттің ежелгі кезендерден жаңа дәуіріне ұласуы көркемдік-эстетикалық құнарынан бастап тақырып, поэтикалық әлеміне дейін көрініс беретін күрделі үрдіс.

Қазақ әдебиеті де осы кезеңде тарихи дамудың нақтылы шарттарының ықпалымен өзінің жаңа суреткерлік көркемдік-танымдық белгілерін барынша айқындап алды. Ықылым заманалардан бастау алған жыраулық дәстүр, халықтық эстетикалық таным мектебі жаңа сипатты әдеби ағымдарға ұласты. Хандық дәуірде дәуірлеп көтерілген жыраулық, батырлық поэзия орнына ежелгі түркілер тұсынан белгі берген ақындық шығармашылық дәстүр қайта жаңғырып белең алып келе жатқан еді. Қазақ әдебиетінің бесігінен дарыған қасиеттері жаңа қоғамдық-әлеуметтік даму жолындағы жаңа сападағы қайта өрлеу дәуірін бастан кешті. Ұлт-азаттық мүддені тарихи сана ұйтқысы деңгейіне көтерген ұлттық әдебиет саяси-әлеуметтік рухын нақ осы дәуірде терең де батыл толғай бастады. Тарихи жырлар ұлттың азаматтық сөзіне, кей тұстарда ұранына айналды. Идеялық-көркемдік жаңғыру әдебиеттің жанрлық, поэтикалық жағынан түрленіп, көпқырлы дамуына жол ашты. Көркемдік даму үрдісінде дәстүр мен жаңашылдық секілді сипаттардың бірлігі мен қарама-қайшылықты жаратылысы да осы кезеңде сала-сала тарамдалып, барынша бедерлі көрінген болатын.

Жаңа дәуірдегі қазақ әдебиеті өзінің даму заңдылықтары мен мазмұндық-көркемдік сипаты жағынан ұлттық әдебиеттің классикалық үлгілерінің негізінде туындап, ХVIII-XIX ғасырларда қазақ елі бастан кешкен тарихи ерекшеліктерге қарай өрбіп, қалыптасты. Қазақ әдебиетінің бай да күрделі тарихы өзінің даму сипаты, тарихи дәстүр сабақтастығы жағынан қазақ елінің тағдыр жолымен қатар өріліп, өрбіп отырады.

ЖАҢА ӘДЕБИЕТТІҢ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ. ХІХ ғасыр қазақ халқының әдебиеті тарихындағы аса күрделі, шиеленісті кезең. Алмағайып жаугершілік замандар кейін қалып, хандық дәуірді де бастан өткізіп, қазақ ұлысы қоғамдық қатынастардың келесі бір жаңа белесіне қадам басты. Білектің күшімен, найзаның ұшымен терезе теңестіріп келген қазақ елінің басына саяси күрестің ең бір озбыр, сұрқия құрығы төніп тұрған. Қос қолтықтан алған Ресей патшалығының, Қоқан хандығының қыспағы тынысын тарылта түскен, «ақтабан-шұбырынды» деген атпен тарихтан мәлім жаугершілік қырғыннан шыққан қазақ елінің басынан кешкен негізгі оқиғалары мен әлеуметтік жағдайы негізінен әдеби шығармаларда түзілген. Осы ғасырда қазақ әдебиеті өз тарихында бұрын-соңды болып көрмеген түлеуді,

жаңғыру процесін бойынан өткізді. Қазақ хандығы кезінде елдік рухын берік бекіткен ұлттық әдебиет енді қазақ ұлысының дағдарысты алмағайып күндеріне килікті.

Алтын Орданың күйреуімен тікелей байланысты туындаған ресейлік отарлаушылық саясаттың көп қырлы айла-шарғылары жемісін беріп, XVIII ғасырдың соңын ала басымдықпен белең ала түссе, XIX ғасырда қазақ сахарасын біржола тұмылдырықтап, іргесін тұтас бекітті. Қазақ даласы орыс әскери бекеттерінің шідерлі желісімен шегенделді. Етектен тартып, жағадан алған отарлау саясаты әуелі атамекен ауқымын шиырлап келіп, хандық басқару, елдік құрылым жүйесінің жүйкесін талмау тұстардан әлсіретті. XIX ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ елінің тарихи қоғамдық құрылымы біржола ыдырап, елдік басқару жүйесі түбегейлі өзгеріп біткен болатын. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде патша үкіметі қазақ қауымына жаңа саяси-әкімшілік басқаруды қосып, Ресей империясы құрамына бойұсынбаған аумақтарды одан әрі қосып алу мақсатына біржолата кірісті¹. Империялық отарлау саясаты, озбырлығы нақтылыққа ұласты. Хандық дәуір, хандық билік ыдыратылып, оның орнына Ресей патшалығы әкеліп енгізген аумақтық-әкімшілік басқару жүйесі орнықты.

Хандық құрылымның ыдырауымен бірге қазақ елінің әлеуметтік ортасына да іріткі түсіп, халықтық бірлік жүйесіне жарықшақ кірді. Көп хан сайлау секілді «демократиялық» еркіндік біртіндеп хандық биліктің біржола әлсіреп, Ресей аймақтық әскери губернаторлығына тікелей бағынышты кіріптарлыққа түсуіне әкеліп соқса, XIX ғасырдың алғашқы кезеңінде хан атаулының біржола жоғалып, қазақ даласы батысында да, шығысында да аға сұлтандар мен сұлтандық басқару жүйесінің ықпалына көшті. Бірақ шын мәнінде, сол аға сұлтандардың өзі қазақ аймақтарын бірнеше бөлікке бөліп, қадағалап отырған әскери-губернаторлар кеңсесіне тікелей бағынышты еді.

Сөйтіп, қазақ елінің елбасқарушылары шағын-шағын әскери-губернаторлықтардың кеңсе қызметшілерінің лауазымдық құзырынан да төмен пірәдарлыққа ұшырағандығын байқамай да қалды. Атақоныс, жер ең бір әлеуметтік ауыр мәселеге айналды. Жерге иелік те біртіндеп сұлтандардың, сол арқылы Ресей патшасы губернаторларының билігіне көшті.

«1822 жылғы Сібір қазақтары туралы Жарғы алғашқы патшалық реформа ретінде дәстүрлі биліктің бүкіл жұлын-жүйесін үзіп,

¹История Казахстана. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Очерк. 1993, стр.214.

саяси-әлеуметтік және шаруашылық тіршіліктің барлық саласын қамтыды, оның үстіне қазақ қауымының ішіне іріткі түсіріп»² ішкі-сыртқы қайшылықты өршітіп тереңдетіп жіберді. Ал, «ХІХ ғасырдың екінші ширегі Қазақстанды әскери отарлаудың шешуші кезеңі болды. Ресейдің жүз жылдан астам уақыт бойғы қазақ даласына шапқыншылығы осы өңірдің барлық жер аумағын түгелдей дерлік»³ империя құрамына қосып алуға әкеліп соқты. «ХІХ ғасырдың 10-20 жылдары патша үкіметі, қазақ халқының арасында хан ұрпақтарының беделі түскенін көрді де, 1822 жылы «Сібір қазақтарын уақытша билеу ережесі» дейтін заң шығарып, Орталық Қазақстандағы хандықты жойды»⁴. Бұл өктемдік, сөз жоқ, халықтың наразылығын күшейтті, соның барлық қайшылығы мен зардаптары әдеби шығармалардың өзегіне түсті.

Міне, осындай тарихи шындықтар, одан туындаған өзге де көптеген ұлттық, саяси-әлеуметтік мәселелер қазақтың әдебиетіне де әсер етті. Ақындар ұлыстың ұлы мұраттарын аңсап, елдің көкейіндегі сөзін толғады. Ел-жұрт жүрегіндегіні қозғамаған көркем сөздің күні қараң еді.

Ұлттың тарихы – әдебиеттің тарихы мен теориясында да бедерлене көрінетіндігі рухани дүниенің өзіндік ерекшелігі ретінде де ақиқат шындық. Көркемдік сипаты жағынан ерекше жаратылысты фольклорлық шығармалардың, ауыз әдебиеті мұраларының өзінен де заманалар қойнауында адам санасынан алыста қалған халықтық эстетикалық таным белгілері, тіршілік тынысы еркін танылады. Орта ғасырлар, жаңа дәуір әдебиеті шығармаларының нұсқалы үлгілері ел тарихының толымды көріністерін көзге тосады. Әсіресе, қазақ тарихының айтулы кезеңдерінің суреттері, мағлұматтары мен шындығы сол көркем әдебиет мұраларында сақталып қалғандығы кейінгі жылдарда бұрынғыдан да терең сезіле түсті. Қазақ әдебиетінің ежелден желі тартқан көркемдік-шеберлік топырағына жаңа уақыттың шындығын ашып, талдап-таразылау еншісі тиді.

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАРЫ, БАСТЫ САРЫНДАРЫ.

Әдебиет тарихына «Бес ғасыр жыраулары» деген жалпы атпен кірген жыраулар поэзиясының әлеуметтік тақырыбы, көркемдік бітімі, халықтық мақсат-мүддесі қаншалықты айқындалып, жинақталып, тұтастықпен көрінсе, нақ осы белгілер ХІХ ғасырдағы

² История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. т.3. А., 2000, стр., 304.

³ Сонда, 305-б.

⁴ С. Мұқанов. Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. – А., 2002., 79-б.

әдеби-көркемдік даму үрдісінің басты арқауына айналды. Жаңа дәуір ақын-жырауларының шығармалары мен тебіреністі толғауларынан сол Қазтуған, Доспамбет, Ақтамберділердің тегеурінді жігерінің, өткір сөз түйіндерінің, күрделі троптарының үшқындары, іздері сезілсе, бір жағынан, нақ сол шығармалар тақырып жаңалығымен, көкейкесті әлеуметтік мәселелерімен, ағымдағы тарихпен етене жақындығымен жаңаша бастау көзін ашқандай еді. Типологиялық тұрғыдан қазақ әдебиетінің ежелгі, жаңа тарихы антикалық дүние әдебиеті секілді ең бір ежелгі заманалардан бастау алатын адамзаттық мәдениет табиғатымен сарындас, ұқсас. Әдебиет тарихы, әдеби мұра нұсқалары арқылы ұлт тарихы, халық санасының қалыптасу жолы танылады. Сондықтан да, қазақ халқы тарихының ежелгі деректерін, бертінгі дәуірлердегі ақиқат дәйектерін әдеби туындылар мәтіндерінен парықтаудың басым байқалып отырғандығы да заңды. Әдебиет – ұлттың көркемдік-эстетикалық талғам таразысы болумен қатар, халық тарихының сан қырлы, көп қатпарлы қалтарыстарын кейінгі ұрпақ санасына сақтап жеткізді. Бұл заңдылықтың дәйектілігін қазіргі заманғы, нақтылап айтқанда, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті шығармаларының даму жолының өзінде тарихилық сипаттың әлі де болса, ерекше басым түсіп отырғандығымен түсіндіруге болар еді. Әдебиет белгілі дәрежеде ұлттық көркемдік танымның, шежірелі ұлттық тарихтың міндетін қатар атқарып келеді.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің заңдылықтарын сол кезендердегі қазақ халқының тарихымен сабақтастықта қарау қажеттігі осындай әу бастан жаратылысы бір көркемдік құбылыстардың ішкі бірлігінен туындайды.

Елдік құрылымдық күйреу – қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік өмірін біржола басқа арнаға бұрып әкетті. Осынау тарихи кезең ақиқаттарына қысқаша да болса арнайы атап тоқталып отырғандағы мақсатымыз да – осы тарихи реформалардың қазақ әдебиетінің де болмысына бетбұрысты өзгеріс әкелгендігін білдіру.

Қазақ даласында XIX ғасырда патшалық Ресей отарлаушылары жүргізген бұл саяси-әлеуметтік реформалар сол кезеңдегі қазақ әдебиеті шығармаларының өзекжарды тақырыбына айналмауы мүмкін емес еді. Хандық басқару жүйесі ыдырағаннан кейін, үздік-создық, ұлт-азаттық қозғалысына ұласқан наразылық жалпы халықтық қуатты күшке айналып кетуге түрлі ішкі-сыртқы жағдаяттар кедергі болды. Бұрқ етіп басталып, езіп-жаншылып, қайта өршіп отырған ұлт-азаттық қозғалыс тарихының ұзақ мерзімді кезеңдерінде ақындардың сөзі, әдебиет мұраты ғана жолынан да, жүрісінен де жаңылмады.

Күннен күнге тартылып,
 Заманақыр кезінде,
 Ұл сыйламас атасын.
 Арамсідік болған соң,
 Атасы бермес батасын.
 Қазы, болыс қойыпты
 Некесіз туған шатасын.
 Өзі қылған өкінбес,
 Күнінде содан тартарсың.
 Абақтыға жатарсың,
 Қыз сыйламас енесің,
 Арттым деп егесіп,
 Салыстырар денесін,
 Пысықсыған немесі.

• • •

Жас сыйламас ағасың,
 Алып жырты-ау жағасың!

Шортанбай шеріне айналған зар заманның бір сиқы. Елдік құрылым бұзылғанда адамның ниет, құлқы да азып, басқа бір мінез-құлық бой көрсетіп келе жатқандығы аңғарылады. Шортанбай соны танып, меңзейді.

Бірқатар ақындар шығармалары мен сөздерінде адамдықтың, ақиқаттың бұзылғаны, әлде бұзылатындығы жайлы күйінішті леп, күрсіністі болжам жиірек байқалды. Шернияз, Шортанбай, Махамбет, Дулаттардың ақындық мектебі осы кезеңде күшейіп, қазақтың ғасырлық мұңын толғады. Бұл замандағы әдеби нұсқалар өзегінен өксіген қасіретті сөзге, азаттық жайлы ұлттық арманға толы еді.

Содан барып, қазақ халқының рухани дүниесінде басталған бұл күйзелісті даму жағдайы, екіұдай көркемдік шындық тайталасы, ұлттық қасиет үшін жанталас тұтас екі ғасырға созылғандығы аян.

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ЖАНРЛЫҚ-КӨРКЕМДІК СИПАТТАРЫ. ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТҮРМЫС-ТІРШІЛІГІ. ХІХ ғасырдағы әдеби, мәдени өмірдің үш ерекше құбылысты ерекшеліктері байқалады. Оның біріншісі, жоғарыда сөз болған қоғам тарихындағы саяси-әлеуметтік жағдаяттар мен мемлекеттік құрылыстағы жаңалықтар болса, екіншісі қазақ кітаптарының алғаш рет баспадан жарық көре бастауы, әдеби шығармаларды насихаттаудың, таратудың жаңа сапалық сатыға көтерілуі еді. «Құран Кәрім», өзге де діни әдебиеттен кейінгі оған етене жақын кітап «Сейфілмәлік», 1807 жылы Қазан шаһарында, Қазан гимназиясының баспаханасынан

жарық көрді»⁵. Қолжазба кітаптар, тасқа қашалған, балбалдарға түзілген бітіктерге келгенде талай ғасырдың алдын орап кететін түркі, қазақ жұрты алғашқы баспа кітаптарына осылайша XIX ғасыр табалдырығында қол жеткізді. «Ифлан наме», «Қисса-и-Шәкір-Шәкірат...», «Атымтай», «Ер Тарғын»,⁶ тағы басқа мұралардың кітап болып алғаш рет жарық көруі сол кезеңнің үлесіне тиді. Ауыз әдебиетінің дәстүріндегі көркем сөздің кітап болып тарала бастауы, жалпы кітап бастырудың көріністері ұлттық журналистика тарихымен бірге, әдебиеттің де тарихи даму заңдылығының ерекше жаңалығы.

Үшіншіден, ең негізгісі, қазақ әдебиеті біртіндеп жаңа әдебиет арнасына түсе бастады. Қазақ әдебиетінің жаңа дәуірі негізінен осынау үш тарихи құбылыстың тоғысында өріс алды.

Ғасыр басындағы әдеби тіршілік тынысынан да осы ерекшелікті жіті байқау қиынға түспейді. Алтын орданың күйзелісті күндерінде бой түзеп шыққан қазақ хандығы иісі түркі мәдениетінің мұрагері болумен бірге, қазақ даласында жаңа мәдени дәуірдің бетін ашты. Қазақ тарихының осы бір аласапыран жылдарындағы әдеби құбылыстың да қыр-сыры аса күрделі де буырқанысты шыққан. Жаңа хандық құрылым мәдениет пен әдебиеттің дамуына ерекше қуатты серпін қосып, әсіресе, әдебиеттің толысып дамуына оңтайлы шығармашылық жағдай туғызған еді. Бабалардың рухани мұрасы фольклор, классикалық ауыз әдебиеті бұрынғы кезеңдерден де әлеуетті таралып, іштей байып түрленіп, жаңғыра түсті.

Бұл кезеңдегі мәдениет өзінің бітім-болмысы жағынан осыған дейінгі түркі, қазақ көркемдік танымы дүниесінің заңды жалғасы еді әрі оның өзекті ерекшеліктерін сақтап қалған-ды. Жаңа дәуір әдебиеті бірден тың жолдан басталып, кәсіби жазба әдебиетінің заңдылықтарына біржолата көшіп алды десек, даму шарттарына сәйкес келе қоймас еді. XV-XVIII ғасырлардағы әдебиет пен мәдениеттің көпқырлы сипаттары бұл кезеңде де көрініс танытты. Дамып, жаңғырды. Жаңа дәуір шарттарына сай түлеп, түрленді. Яғни, XIX ғасырдағы мәдениет те «өзінің түр-сипаты, мазмұны мен тақырыбы жағынан алуан түрлі болды. Мұнда ежелгі мифологиялық аңыздаулар мен кейінгі заманда пайда болған фольклорлық шығармалар, орта ғасырларда күллі Шығыста дәстүрге айналған қолжазба кітаптар мен тарихи-шежірелік туындылар, халықтық музыка мен ойындар, сондай-ақ ұлттық қазақ әдебиеті мен шешендік өнер, – бәрі қатар, араласа, сабақтаса ғұмыр кешіп жатты».⁷ Ұлттық мәдениеттің мұндай

⁵ Ш. Елеуженов, Ж. Шалғынбаева. Қазақ кітабының тарихы. А., 1999, 64-б.

⁶ Қазақ кітабының шежіресі (1807-1917). А., 1996, 46-б.

⁷ С. Қасқабасов. Жаназық. А., 2002, 500-б.

көпқырлы, синкреттілігі ұлттық әдебиеттің сипаттарынан да көрініп қалады.

Сөйтіп, жаңа дәуір әдебиетіне қатысты барлық идеялық-көркемдік алғышарттар қаланған болатын. Авторы белгілі, мақсаты нақты, стильдік даралығы қанық шыққан ондай классикалық әдебиет нұсқаларын жазушылар да «негізінен жыраулар мен шешендер, билер болды».⁸ Қазақ билері мен батырлары, шешендері, жыраулары тарихта хандық дәуір әдебиетінің басты архитекторлары ретінде мәлім. Жыраулар қазақ хандығы тұсында нағыз саясаткер, хан мен халық арасындағы дәнекер, халық мүддесінің жоқшысы, ұлтты ұйыстырушы, ұлы жорықтарға бастаушы тұлғаға айналды. Әрі батыр, әрі жыраулар бітімі жалпы қазақ халқының хандар дәуіріндегі әдебиетінде жарық жұлдыздай жарқыраса, ХІХ ғасырда да сөз ұстаған ақындар рухани дүниедегі дәстүрлі әлеуметтік көшбасшылығын жалғастырды. Қазақ әдебиетіндегі жыраулық дәстүрдің, жыраудың әлеуметтік мәртебесінің оқшау биіктен көрінуі сонау ежелгі түркі дәуірлерінен жалғасқан әдеби-әлеуметтік дәстүрдің ғасырлар бойғы үздіксіз өрбіген дәстүрінің белгісі. Жыраулық дәстүрдің осыншама тарихи сабақтастығы қазақ әдебиетінің де заманалар бойы желісін үзбеген эстетикалық рухани шынжырының беріктігін меңзесе керек.

Алтын орда хандығы күйреді, ноғай-қазақ іргесі бүлінді, ақыры қазақ хандығы да құлады, әйтсе де осынау дүрбелең дәуірлерде жыраулық дәстүр, кейінірек оған арқа сүйеген қазақ ақындық өнерінің арқауы үзілмеді. Аласапыранды алапат қырғындар мен дағдарыстардан алтын сүйекті халықпен бірге шығып, бірге түлеп, бірге жасап, жаңа бір қырынан жарқырап ашылып, жасампаздық танытты да отырды. Академик Мұхтар Омарханұлы Әуезов XV-XVIII ғасырлар әдебиетіне ой жүгірте зерделеп, «бұрын өз бетімен еркін жүрген елдің тіршілігі осы дәуірде қайғыны да, қазаны да, толып жатқан өзгерістерді де көрген. Сол ауыр күндері ел ортасынан екі алуан адамды шығарды»⁹ – дей келе, екі түрлі тарихи тұлғаларды атайды. Бірі – ел қаһармандары да, «екіншісі – ел тілегін айтып, зар-мұңын сөзбен шығарған ойшыл қария, өлеңші ақын, жырау». «Жырау – құр ғана тақылдақ өлең айтпайды; бұл заман сыншысы. Сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түпкі шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды».¹⁰ ХІХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тағы бір қасиеті осы

⁸ Сонда, 500-б.

⁹ М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. А., 18-т., 176-б.

¹⁰ Сонда. 183-б.

сипаттардан да нәр алуынан байқалады. Жыраулық поэзия дәстүрі дегенде жырау тұлғасының шығармашылық даралығы ерекшеленеді. Бұл орайда академик Қажым Жұмалиевтің: «Жырау – жыршы емес. Жыршы болу үшін ақын болу шарт емес. Ол өз жанынан ешнәрсе шығармай-ақ, біреудің шығарғанын жаттап алып та жыршы бола береді. Жырау – әрі ақын, әрі шешен, өз заманының көрнекті ақыны. Ең алдымен жыраулар ырғағы бар, ұйқасы бар белгілі өлшеуге жататын өз жанынан өлең шығара алатын болуы керек. Екінші, жыраудың сөздері терең мағыналы, сырлы сұлу келетін шешендік сөздер тобына жататын, тақпақ болып келуі керек. Үшінші, әлеуметтік мәні бар ойлы пікір айтуы керек. Сонда ғана ол жыраудың міндетін атқара алады»,¹¹ – деген анықтамасы күні бүгін де мағынасын жойған жоқ. Басқа көптеген зерттеуші ғалымдардың басым бөлігі осы ойды құптап өрбітеді. Жыраудың әлеуметтік мәні бар, терең мағыналы сырлы сөзі XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің де көркемдік-қоғамдық арқауын түзеді. Аласапыранды XIX ғасыр ақындары бәрінен бұрын халықтың жоғын сөзбен жоқтап, елдің мұңын өлеңмен толғаушылар. Жаңа әдебиеттің дәуірлік басты белгілерінің елеулісі де осы. Сол тұстағы әдебиет жанрлары мен көркемдік бітімі де осындай заңдылықтардан таралды. «Жыраулар поэзиясы үш түрде жасалған: толғау, арнау, мадақтау»,¹² – деп тұжырымдайды академик Сейіт Қасқабасов. Көптеген ақындардың даралық сипаттарға ұмтылып, сол XIX ғасырдың өзінде жыраулық үлгі-дәстүрді ұстана отырып, өзіндік көркемдік нәш пен танымдық көзқарастарды айқын білдіре түскендігін профессор Әнуар Дербісалин: «Мұның өзі ақындар поэзиясының ауыз әдебиетінен біраз ұзап, профессионал әдебиетке қарай бет алуындағы шешуші қадам»¹³ екендігін жазады. Ақындар поэзиясының айқын сипаты. Бұл ғылыми тұжырымдар қазіргі қазақ әдебиетінің заңдылықтарын сипаттаудағы түйінді көзқарастарды білдіреді. Толғау, арнау, мадақтау тәрізді поэзиялық шығармалар түрлері іштей сан-салалы сипаттарымен ерекшеленіп, жіктеле түсетіндігі мәлім. Тарихи жырлар, тарихи өлеңдер секілді тарихы ықылымнан басталып бертіңгі жаңа әдебиет дәуіріне дейін ұласқан әдебиет нұсқаларының жанрлық бітім-болмысы қазақ әдебиетінің де даму заңдылықтарының өзекті тұстарын айқын көрсетіп береді.

¹¹ Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т., 1-кітап. А., Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1960, 35-36-бб.

¹² С. Қасқабасов. Жаназық, А., 2002, 504-б.

¹³ XIX ғасырдағы қазақ ақындары, Алғысөз. А., 1988, 5-б.

Академик М. Әуезов¹⁴ тарихи жырларды даралап, қазақ әдебиетінің ата жанрларының бірі ретінде пікір қалыптастырды. Тарихи жырларды көбінесе сол тарихи оқиғаларға өзі қатынасқан, не көзі көрген, не сол тұстағы жайларды басынан кешкен авторлар жазғандығын дәлелдейді. Көрнекті әдебиетшілер (С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмаилов, Б.Уахатов, т.б.) әр жылдарда зерттеп, зерделеп, негізінен ортақ толымды ғылыми тұжырым жасалған тарихи өлеңдер, тарихи жырлар жанрының өзінің жаңа әдебиет кезеңінің бастау арналарындағы түлеп-түрленуі, жанрдың трансформациялануы тереңдете талдайтын шығармашылық құбылыстарға жатады. Тарихи жырларға даралап қарап, тарихи оқиғалық негіздеріне назар аударған Шоқан Уәлихановтың¹⁵ көзқарастары осы жанрға байланысты қазақ әдебиетінің тарихында танымдық үлгі ұсынды. Ол тарихи жырлар өзегінде қоғамдағы елеулі оқиғалар, батырлық әрекеттер мен халықтық тарих көрініс беретіндігін білдіреді. Тарихи жырдың ХІХ ғасырда көп өрістеп дамығандығын жазған М.О.Әуезов¹⁶ тарихи жырлардың батырлық эпостан жанрлық оқшаулығы басым екендігін атап көрсетеді. Тарихи жырларда автордың өзі басынан кешкен, көзімен көрген, әсерленген жағдаяттарға қатысты көзқарасы мен тебіренісі, яғни субъективтілігі басым түсетіндігін айтады. Тағы бір көзқарастар бойынша тарихи жырларды өтпелі жанр, белгілі бір кезеңде көрініп, екінші бір жанр түріне ауысып кеткен түр ретінде қарастырылады. Мұның себебі, тарихи жырлардың, шынында да, тарихтың шынайы оқиғаларын арқау еткендігінен болса керек. ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы отарлаушылық саясат көріністері, қазақ халқының тұрмысындағы саяси-әлеуметтік ауыр ахуал жанр заңдылықтарына орай, көбінесе тарихи жырларда батыл, ашық жырланып келді. Оқиғаны жедел, толымды әсерлі жеткізу жағынан тарихи жырлар табиғаты оқ бойы озық тұрғандығы аян. Ұзақ сонар батырлық эпос, ұлан асу дастандарға қарағанда ұшқыр тарихи жырдың оралымдылығы да, көркемдік қуаты да өзгеше ұтымды. Кесек жанрлардың ішіндегі тарихи жырдың дара бітіміне кезінде С.Сейфуллин¹⁷ де көңіл бөлген. Әдебиетші, ақын заманалар ағымы беріге ойысқан сайын тарихи жырлардың қиял-ғажайып сарындары азайып, шындыққа үйлесе түсетіндігін білдіру арқылы өзіндік ерекшелік белгілерін де сездіреді. ХІХ ғасырдағы тарихи жырларды Ә.Марғұлан да, Е.Ысмайылов та өзінше бір

¹⁴ М. Әуезов. Уақыт және әдебиет. – А., 1962, 76-б.

¹⁵ Ч. Валиханов. Собр. соч. в 5-т., 1984, 1-том, стр.: 201, 216, 258, 273.

¹⁶ М. Әуезов. Уақыт және әдебиет. А., 1962, 76-б.

¹⁷ С. Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. Қызылорда, 1932, 180-б.

кезең ретінде қарастырады. XIX ғасырдағы тарихи жырлар тақырып жағынан да, қоғамдық-әлеуметтік оқиғаларға барынша жақын келуі жағынан да, сонымен қатар көркемдік – шеберлік ерекшеліктері тұрғысынан да оқшауланады. Осы ғасырдың ішіндегі белгілі тарихи жырлардың өзі де уақытына, оқиғаларына, саяси-әлеуметтік сарындарына қарай өзара даралана көрінеді. Ғасырдың ортасынан асқан кезеңдегі Бекет, Досан батырлар туралы жырлар қазақ елінің бір кезеңінің шындығын алға тартса, ғасыр басындағы сәттерді толғаған Жамбылдың Саурық батыр мен оның айналасы туралы тебіреністері екінші бір оқиғалардың ақиқатын жыр тілінде зерлеген. Қоқандықтардың озбырлығына қарсы қол бастаған Саурық бейнесі – тарихи тұлға, ол туралы тебіреністі толғам тарихи жыр. Қазақ әдебиетінің осы кезеңіндегі мұралар белгілі бір батыр, белгілі бір оқиға туралы әр кезеңде әртүрлі сипатты, әртүрлі бітімді бірнеше жырлар жырланып, ел ішінде кеңінен таратылып отырғандығын айғақтайды. Нақ осы кезеңдерде ұлттық-азаттық рухы басым, отаршылдық пен жат пиғылды империялық қысымшылық пен астамшылдыққа қарсылық, халықтық сипаты айқын тарихи жырлар әдебиет тарихында ерекше орын алды. Тарихи жыр ұтымды, ұтқыр бітімімен заманның басты белгілерін жедел жеткізген, тарихи оқиғаларға іле үн қосқан ақындардың оңтайлы жанры болды.

Ежелгі, орта ғасыр дәуірлерінен бастап XX ғасырға дейін жалғасқан тарихи жыр табиғатының заңдылықтары мен даму ерекшеліктерін ескерер болсақ, әрине, өтпелі сипаттағы жанр деудің қисыны келмейді. Жалпы алғанда, ірі эпостық сарындағы шығармаларда да, тарихи жырларда да көркемдік ұқсастықтар кездесе береді. Қазақ әдеби мұраларына қарап отырып, эпостағы секілді тыныс пен көркемдік айшықтар мен сарындарды тарихи жырлардан да тану қиынға түспейді. Бұл көркем-әдеби шығармалардың барлық жанрларына тән заңдылық. Мұндайда тарихи жырларға қатысты басты ерекшелік ретінде, әрине, дәуір, уақыт бедері, тарихи оқиғаның деректілігі мен көркемдік шындық деңгейі ескерілетіні күмәнсіз. Құрылымы, көлемі мен көркемдік бітімі жағынан да тарихи жырдың эпостық ұзақ-сонар сүрлеуден айырмашылығы бар. Жыр жанрындағы тарихи жыр үлгісі өз алдына дербес тұрған, уақыттың белгілі бір кезеңі тудырған нұсқалы поэтикалық түзілім.

Толғау, терме, шешендік толғам секілді тебіреніс сипатты әдеби туынды үлгілері де осы кезеңде жиі қолданылып, заман тынысына сай жаратылысымен дамып кемелдене өрістеді.

Бұл кезеңдегі терме түлеп-түрленіп, ағымдағы әдебиеттің негізгі жанрларының біріне айналды. Ақылмандық, үлгі-өнеге, үгіт-насихат сарыны терме табиғатына сайма-сай келе қалған.

Ежелгі жырларда, ауыз әдебиеті үлгілерінде ырғағы, өлшемі орайында ғасырлар бойы шираған, қалың қауымның да құлағына сіңісті, ойына орайлы болған поэтикалық қасиеттер, поэтикалық стилистика мен тіркестер термеде әуелден тән нақыштар ретінде құлпырып шыға келді. Дәстүрлі әуенге бейім, айтуға да, ұғымға да жеңіл, ұзын-сүре жырларға қарағанда ықшам, қысқа, кестелі де тілге жеңіл, құлаққа жылы терменің түрленіп, кеңінен таралған кезеңі осы тұс. Тарихи жырлар заман оқиғаларының шежіресі сынды сипаттарымен ерекшеленсе, терме, толғаулар ойшылдық, философиялық тебіреністерімен баурады. Әдеп-ақлықат, имандылық сарындары терменің бүкіл бітім-болмысынан танылып тұратындығы белгілі. Әлеуметтік портреттер, сол заманғы белгілі топтар мен адамдардың типтік сымбатын жыр тілінде өрнектеген туындылар көбірек көрінді. Тақырып, мазмұн жағынан осындай басты дәстүрлі белгілері айқын танылса да, қай жанрда да түрлі тақырыптардың, мазмұн мағына кестелерінің алмасып түсіп отырған, аралас көрінген тұстары да кездесіп отырады.

Жыр, толғау, терме қатарында кәдімгі қазақтың қара өлеңі де жаңаша қалып түзе түскен. Академик жазушы Ғабит Мүсірепов «Ұлпан» повесінде бұл орайдағы бір ойын тарата талдап түсіндіріпті. Сол заманғы, яғни ХІХ ғасырдың алғашқы кезеңіндегі өнердің, салттың сипатын саралап отырып, жазушы алғашқы екі жолы белгілі бір ойларды қайталап, келесі екі жолында ғана айтпағын алға тастайтын қазақтың қара өлеңінің төрт тармағы да тұтасып, аяғын бауырына жиып алғанын айтады. Ғабит Мүсіреповтың айтуынша¹⁸ «бұл бағыт Керейде Сегіз серіден басталып еді». Бұл жерде жазушы, әрине, өзі назар аударған ақындық өнердің солтүстік аймақта, Орынбор-Сібір бойында байқалатын бір белгісін ғана ауызға алып отыр. Осы мәселеде Шоқан Уәлихановтың ғылыми пайымдаулары терең де тарихи тұрғыдан дәйекті. Шоқан Уәлиханов өзінің 1855 -1856 жылдары жазылған «О формах казахской народной поэзии» (Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы) зерттеу мақаласында қазақ поэзиясының өзге түрлері мен үлгілерінің қатарында *қайым*, *қара өлең*, *өлең*¹⁹ табиғатына тоқталады. Қара өлеңді «кәдімгі төрт жолды өлең» деп түсіндірген ғалым әр тармағы өзіндік бір ойды білдіретін бұл өлеңнің кең таралғандығын, көбінесе дауыстап әндетіп айтуға лайықталатындығын атап жазды. Алғашқы екі жолы мен төртінші жолы ұйқасып, үшінші жолы ұйқаспай «бос» қалып отыратын өлең үлгісінің осы бір өзіндік бітіміне қатысты

¹⁸ Ғ. Мүсірепов. Таңдамалы. 3 томдық. А., 3-т., 1980, 457-б.

¹⁹ Ч. Валиханов. Собр. соч. в 5 т., А., 1984, 1-т., стр., 283.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан мысал да келтіреді. Жалпы түп-төркіні *түркі өлеңіне* тән сипаттарды ғалым дәл мезгеген. Шоқан осы мақаласында ғылыми тұрғыда аса құнды екі мәселені нақты қозғаған. Біріншіден, өлең түрінің пайда болу, таралу уақытын көрсетуге ұмтылған, екіншіден төрт тармақты өлеңнің ішкі поэтикалық жаратылысына тереңдеп барған. Мұндай дәлдік пен нақтылық Шоқаннан бұрынғы әдебиеттану еңбектерінде кездеспейді. Сонымен бірге осы еңбегінде тарихи жырлар туралы ой өрбітіп қорыта келе, қазақ әдебиетіндегі жаңа дәуірдің белгілерін өлең, жыр үлгілерін таратып жіктей отырып жақсы аңғартады.²⁰

Міне, осындай қазақ әдебиеті тарихының әлі де теориялық тұрғыдан сұрыпталып саралана беретін келелі мәселелерін сөз еткенде де XIX ғасыр ақындарының шығармалары дәстүрлі сипаттарымен бірге жаңашылдық рухымен ерекшеленеді. Көбінесе толғау, тебіреніс үлгісіндегі шығармалар ақын-жыраулардың поэтикалық символдарды шебер қолданып, түрлендіруімен, өлең өлшемдерінің өзін барынша еркін құбылту мүмкіндігімен дараланып, поэзияның қайталанбас бітімді ақықтарына айналды. Шал, Дулат, Махамбет сынды дара тұлғалардың асыл сөздері – соның дәлелі.

Жаңа дәуір әдебиетіне қатысты сөз болғанда ежелден мағлұм жанрлардың жаңғыра түлеп-түрлену процесін бір ғана айтыс өнерінің даму ерекшелігінен де аңғаруға болар еді. Бұл тұста айтыс барынша дамыды, көркемдік жағынан байып толысты, замана тақырыптарына тереңдеп барды. Айтыс өнерінің халыққа, тыңдап тамашалаушыларға дәстүрлі түрде жақын тұратындығы да кең таралуына ықпал етті. Айтыс мазмұн жағынан да, көркемдік шеберлік бітімі жағынан да өсті. Ақындар мен ақындардың айтысы, бір ақынның белгілі бір тақырыптар бойынша айтыс түрінде шығарған туындылары күні бүгінге дейін мол сақталып жеткен. Олардың ішінде қазіргі заманғы ақындар айтысында кездесе бермейтін айтыс нұсқалары да (үш ақынның, төрт-бес ақынның қатар айтысуы секілді) бар.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті жаңа кезеңдегі авторлық әдебиеттің біржолата алдыға шығып, әдеби ағымдардың күш ала бастауымен ерекшеленеді. Осыған дейінгі кезеңде біртіндеп қалыптасқан авторлық шығармалар ғасырдың алғашқы ширегінде біржолата әдеби шарттылыққа айналды. Қазақ даласына, халық тұрмысына келген тарихи өзгерістер, қоғамдық дамудың барынша жедел қарқын алуы, саяси-әлеуметтік дүмпулер әдеби шығармалардың тақырыбынан бастап, поэтикалық болмысына, жанрлық жаратылысына дейін әсер етті. Нақты

²⁰ Сонда, 286-б.

оқиға, белгілі тақырыпқа арналған, авторы анық шығармалар ел ішінде кеңінен таралды. Әрі ақынның көзі көрген оқиғаларды сипаттауы бір жағынан әсерлі болса, екінші жағынан тыңдаған, оқыған жанды иландыратындықтай «күәгерлік» жөнімен баурап тартып тұратындығы күмәнсіз.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы кезеңде орын алған тұрмыстық-әлеуметтік жағдайлардың ықпалымен ақындар шығармаларында мынадай негізгі сипаттар біржолата айқын көрініс танытты. Көркем сөз тебіреністеріндегі бұрын байқалатын әлеуметтік сарындар бұл кезеңде барынша күшейді. Қоғамдық-әлеуметтік толғаныстардың өзара үндесе келе, тұтас бір әдеби ағымға ұласқаны соншалық, ұлттық тарихи сананың өзекті сөзіне айналғандай еді. Бұл сарын қазақ даласына келген орыс отарлаушыларының озбыр саясатына сәйкес одан әрі үдей берді. Тұрмыс-тіршілік, ақлықат (имандылық, адамшылық, кісілік, махаббат, ошақ басы, т.б.) мәселелерін толғаған туындылар да өзінше нақтылық сипат алып, үлкен ұлттық әдебиеттің астарындай жарыса дамыды. Олар жер-су, атамекен, ұлт-азаттық, саяси-азаматтық бостандық сарындарына тонның ішкі бауындай үндесіп, өзінше бір көркемдік таным жүйесін құрды. Бұл шығармаларда тарихи-әлеуметтік жағдайлардың ұлттың тұрмыс-тіршілігіне, мінез-құлқына жақсылы-жаманды әсері де көрініп отырды. Хандық дәуір әдебиетінің тегеуірінді дәстүрі біртіндеп, елдік, мемлекеттік мүддені көксеген ұлттық азаматтық әдебиетке өріс кеңейте бастаған еді. Хандық құрылымның күйреуі, ел ішіндегі дүрбеленді кезең, қазақтың табанынан жылжып бара жатқан жердің күйігі, қолынан сусып шығып бара жатқан ел билігінің өкініші ақындардың көкірегінен шер болып құйылды.

Тарихи жыр, тарихи өлеңдердің жаңа әдебиеттің дастан, поэма сынды кейіннен әбден қалыптасқан басты жанрларының дамуына негіз болғандығын нақ осы кезеңнің әдеби процесінен байқауға болар еді. Дастан, поэтикалық портреттер, арнау, мадақ жырлардың түрленіп келген әрқилы үлгілері, жыр өлшемінің жаңа әдебиет тынысына орай түлеп жаңғыруы, терме толғаулардың ойшыл философиялық толғамды өлеңдерге ұштасуы — осы кезеңдегі әдебиет тынысының белгілері. Жанак, Шал (Тілеуке), Абыл, Түбек, Шөже, Орынбай мұраларындағы арнау, тұрмыстық толғам өлеңдердің өзгеше бітімді өрнектері өткен ғасырлардағы қазақ жырауларының жиі қолданған жыр үлгілерінен өлшем, ырғақ, бейнелеу әдістері жөнінен де даралана бастаған болатын.

Жамандар өзін-өзі зорға балар,
Бір өзінен басқаны төмен салар.
Жақсылар ағын судай, асқар таудай,

Жаймалап қайда жақсы орын алар.
Жігіттер, сақтаныңыз жаман достан,
Досыңның жаманынан артық дұшпан.
Өштескен жаудан адам сақтанады,
Тиеді «достың» оғы қапылыстан,²¹—

деп ой тербейтін Шал Құлекеұлының («Бес ғасыр жырлайды» кітабының басылымдары бойынша ақынның туған және дүние салған уақыты «1748 – 1819 ж.ж.» деп көрсетіліп келеді. Кейінгі зерттеулерде, 1999 жылы жарық көрген «Шал ақын Құлекеұлы» кітабында (207-бетінде) «1760-1831 ж.ж.» деген мерзімді ұстанған жөн деген тұжырым айтылады) өлең өлшемдерінің өзі-ақ ежелгі жыр, терме үлгілерінен недәуір алшақ шығып жатады. Әрине, терме, жыр үлгісіндегі туындылар Шал ақында да бар. Айтыс ақыны, жыраулық поэзияның ірі өкілі десек те, Шал ақынның шығармаларынан жаңа дәуірге етене жалғасқан ақындық мектептің алғашқы нышандары жиірек көрінеді. Сыршылдық, ойшылдық тебіреністің жеке ақындық мәнерін басым қолданып, дамыта өрбіткен сөз зергерлерінің алғашқы легінде де Шал Құлекеұлының қолтаңбасы тайға таңба басқандай айқын. Шал ақынның шымыр, ширақ туындыларының ұршықтай үйірілген композициялық жинақылығы, автордың дара шешендігін, сөз зергері екендігін білдіретін ақындық бейнелі шебер тіркестері қазақ өлеңінің сол замандағы жаңа сипатты бітімінің де дәлелі.

Жаманға дәулет бітсе әуе айналар,
Жақсыға байлық бітсе басы айналар.
Басыңа жазатайым бір іс түссе,
Арасы дос пен қастың абайланар.²²

Халықтың тұрмыстан түйген даналығы. Шал ақынның шығармалары осындай өмірге жақындығымен, тіршілік толғамдарының түйінді тақырыптарын (достық, адалдық, қарттық, әйел, құт-дәулет, хан мен қара, т.б.) желілеп өрбітуімен, халық, ел тұрмыс-санасына қонымды сөзді сөйлеуімен оқшауланады.

Ауыз әдебиеті шығармаларында батырлық, мәрттік, салсерілік (рыцарлық) рухында пафостық леппен жырланып келген ұғымдар ендігі жерде өмірге жақын, шынайылық сипат ала бастады. Мифтік қасиеті басым батырлық, қаһармандық дегендердің орнына - халық, адам басына түскен әртүрлі қилы кезең, қысталаң сәттердегі жүрексіздік, қару-қайрат көрсетер ерлік туралы ұғымдар келді. Мифтік, аңызнамалық туындылардағыдай

²¹ Бес ғасыр жырлайды. I-т., А., 1984, 134-б.

²² Сонда, 141-б.

сұлулық сарындарының орнына - қылығымен, көркімен, ұлттық әдебімен, т.б. кісілік қасиеттерімен ажар-сымбаты келісті келісім тапқан адами сұлулық көбірек жырланды. Әдебиетте әлеуметтік портреттер жиі көрініс берді. Жақсы адам мен жаман адам кейпі, жақсы әйел мен жаман әйел сыны, бақыттың баяндылығы мен құтсыздық себептері, жомарттық пен сараңдық, қайырымды бай мен сараң бай, халал мен харам секілді тұрмыстық-әлеуметтік толғамдар әр қырынан, оның ішінде адам пиғылымен астастырыла жырланды. Бұрынғы ежелгі классикалық ауыз әдебиетінде де өз деңгейінде желі жалғастырған бұл тақырыптар жаңа дәуір басындағы шығармаларда тұрмыстық, өмірлік мағынасын байытып, заман ағымына жақындатыла түсті. Мәрттік, хас асыл азаматтық туралы әдеби толғам, суреттердің тұтас галереясы қазақ жырының ұзақ тарихында әріден желі тартады.

Әйткенмен, әр ғасырдың, әр заманның белгісі айқын. ХV ғасырдың аяғында Шалғез (Шалкиіз, 1465-1560) жырау өзгеше бітімді жыр кестесімен:

Жайыңды білген қарындас,
Ол қарындас һәм жолдас.

.....
Емен шайнап, тал қайзар,
Құлан, бұлан баласы.
Екі енені тел емген,
Бұзылмайды жас тұлпардың саурысы.
Қатты бір тартып, бек тартсаң,
Қайырылып барып тез сынар,
Қайың оқтың жарқасы.
Белбуардан саз кешсең,
Тобығыңнан келтірмес,
Қамалаған қалың туған арқасы!²³

деп, қанша қайратты келсе де, туған елсіз ер пұшайман екендігін суреттегенде күрделі баламалармен бағамдап жеткізсе, Би Темірге арнаған сөзінде:

Едігеден туған ұғұлдың,
Мырзасы өзің болғансың,
Атан кумас бурасың,
һәр ісінде турасың²⁴, –

деп мінездейді. Бұдабай Қабылұлы (1830-1890) арада төрт ғасыр өткенде «Әйекені жоқтауында» сол тақілеттес ойларын:

²³ Сонда, 52-б.

²⁴ Сонда, 46-б.

Ішіңе симай қинады,
 Қайратың мен өнерің.
 Өрге жүзген наһандай,
 Өнеріңнен не көрдің?
 Ақырыңда ажалға,
 Қайратың болды себебің.

...

Көкем менің бар еді,
 Ай мүйізді қошқардай!
 Артықша тағдыр бақ берді,
 Қанадан шығып тасқандай!
 Сақилығы бар еді,
 Баязити Бастамдай.
 Ақылдыққа келгенде,
 Рүстеми Дастандай,²⁵ –

деген жолдармен жеткізеді. Бірінде батырлық пен өнерді зор санаған, бірінде – «Ақырыңда ажалға, қайратың болды себебің»– деп, сорға балаған мағыналық шендестіруді тереңдеп айтпағанның өзінде, XIX ғасыр ақынының теңеулеріндегі уақыт табы тайға таңба басқандай анық. Рүстем Дастан, Баязити Бастам хақындағы дәйектемелері оқыған тоқыған, кітәби білімі байқалатын адамның сөз өрнегі.

Шалкез бен Бұдабайдың осы екі өлеңмен байқалатын поэтикасындағы стилистикалық ерекшелік үлкен екі дәуір жырларының өзара даралайтын сипаттарын аңғартады. Шалкез жырында қабат-қабат үстемеленіп, үдете түскен ақындық сөз өрнегі қалың, күрделі, салалы да қимыл-әрекетке бай. Бұдабай Қабылұлының өлеңінде өлең өлшемі мен өрнегінің өзара үйлесімді тепе-теңдігі байқалады. Поэтикалық өрнек, троптар жеңілдетіліп, мағына-мазмұн айқындығына, ойдың түсініктілігіне телінген. Бұл XI-XVI ғасырлар жыраулары мен XIX ғасыр ақындарын өзара оқшаулап көрсететін кесімді, типтік белгілер.

Абылай заманында он жеті жасында билік айтқан Көтеш Райымбекұлының (1745-1818) аз да болса, сақталып жеткен шығармаларынан өз заманының өзекті тақырыбы тұрмыс философиясы, елдік, бірлік, бүтіндік сарынында көрінеді:

Аспанда бір жұлдыз бар жылыстаған,²⁶
 Ағайын жат болмайды ұрыспаған.
 Екеуің ай мүйізді көк қошқарсың,
 Бастарың бір қазанға сыйыспаған.

²⁵ Бес ғасыр жырлайды. 2-т., А., 1984, 120-б.

²⁶ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982, 147-б.

Шоң, Шорманым, сен бе едің мақтай жүрген,
 Бар өнерің осы ма сақтай жүрген.
 Оралдың екі ақиығы араз болса,
 Жапалақ жем қылмай ма қаптап жүрген?!

Көтеш ақын дәстүрлі қара өлең үлгісінде өз тұсындағы замана сөзін өрбітеді. Бірліктің, елдіктің жолы сыйластық, ұрпақ жарастығы екендігін насихат етеді.

Ата тілін алмаған арам ұлды,
 Аузы түкті көпірден кем деменіз.

• • •

Ата тілін сыйлаған адал ұлды,
 Хат оқыған молдадан кем деменіз.²⁷

Әр шумақтың үшінші, төртінші тармағына түскен мағына қазақ ақындарының сол тұстағы әсерінен, ішкі мүдделі ойынан туындаған.

Сегіз сері (Мұхаммед-Қанапия Баһрамұлы (1818-1854) зерттеулерде туған жылы туралы осы дерек қолданылып келеді) бірлік, достық ниеттегі өнегелі ойын әдеттегі әнге, суырып салма ақындық мақамға бейім тұратын өзінің әншілік өлең өрнегінен шығып, қарымды, қанатты сөз қатарын түзіп, үлгілі насихат түзе, мәтелдеп жеткізеді.

Ағайын-туған не керек,
 Андысып күні өткен соң.

• • •

Абзал адам кер болмас,
 Асыл пенде өр болмас.
 Қанша мықты болса да,
 Ел қорғамай ер болмас.²⁸

Енді бірде:

Алтын күміс, жиһаздың,
 Бәрінен артық, – денсаулық²⁹

Өлеңнің әр орамы жеке-жеке нақыл.

Кайсыбір толғамы халық даналығымен шарпысады, ой жарыстырады. Соңғы екі жолдағы от басының берекесі туралы көзқарасы тағы да сол тұстағы бірқатар ақындар мен шешендер,

²⁷ Бес ғасыр жырлайды. А., 1984, 1-т., 124-б.

²⁸ Сегіз сері. Гауһар тас. А., Елорда, 2004, 80-82-бб.

²⁹ Сонда, 85-б.

дімәрлар шығармаларында қозғалатын ойды өрбіте түскен. Ақын өмір шындығына жақындатып, ауызекі орамды тілмен жеткізіп, өлеңнің құрылымы жағынан да жаңа ырғақпен ойын ұтқыр өріп үдетіп отырса да, мұндай мәндегі, өрнектегі сөздер ықылым замандағы Асанқайғының «құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер...»³⁰ деп басталатын мұңды толғауының мағынасы мен мәнерін еске түсіреді. Дәстүрдің жаңғыруы. Ежелгі қазақ әдебиетінде бар поэтикалық үлгінің дәуірлер өте келе жаңа қырынан түлеуі. Бір қарағанда, қазақ өлеңінің тың жаңалығы ретінде көрінсе де, өзегі берік, тамыры тереңде жатқан сырлы сөз.

Қазақ халқының тұрмыстық құт-дәулетінің тұғыры әлімсақтан айтылатын «Әуелгі байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» сынды даналық толғамынан мәлім. Есте жоқ ерте замандардан жеткен ақылман сөз. Осының өзі отбасы берекесінің ел тұрмысында қаншалықты маңызды орын алатындығын аңғартып-ақ тұр. Әйтсе де, XVIII-XIX ғасырлардағы аласапыранды кезеңдерде осы тақырып барынша жаңғырып, әр қырынан түрленіп, ақын-жырау, ақындар шығармаларындағы өзекті үлгілі сөз жүйесіне арқау болған еді. Сынаған, мінеген, мадақтаған, өсиет еткен бұл сарындар әулет мұраттарын жан-жақты саралаған туындылар желісін құрайды.

Ақын туралы профессор Мұхаммед Жармұхамедов: «Ақын туындыларынан қанатты сөздер де елеулі орын алады»³¹ – деп жазады.

Ел бірлігі, ағайынның ырыс-берекесі осы дәуірдегі көп жырланған тақырып. Ол тақырыпты Шал ақын секілді тұлғалар:

Үлкеннен көрген зорлығың,
Жаманнан көрген қорлығың,
Ойлап тұрсаң бозбала,
Дұшпаннан көрген күшпен тең,
Ағайынның көп болса,
Бірлігі оның бек болса,
Жамандық жер кез келсе,
Бір-біріне сеп болса,
Бүтін тұрған бұзылмай,
Отыз екі тіспен тең!³²–

деп, ел ішінің берекесіне шақыра толғаса, Нұрым, Махамбеттер жорық жырында жаугершілік, отаршылдық қыспақ тұсында тізе қосып, қаруға – қару, тілекке – тілек тұтастыруды көксейді. Ел

³⁰ XV – XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1988, 64-б.

³¹ XIX ғасырдағы қазақ ақындары. А., 1988, 113-б.

³² Бес ғасыр жырлайды. 1-т., А., 1984.

бірлігінің, бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығару идеясының осы кезеңде өзекті тақырыпқа айналғандығы да тегін емес.

Отаршылдықтың уытынан, саяси-әлеуметтік бұғаудың буындыруынан шаңырағы шайқалып, берекесі қашып, шашылып-шашырай бастаған қауым тірлігін ел жақсылары мен ақын-жырау ойшылдары білді, сезді һәм көрегендікпен болжады. Әріде Асанқайғы сөздерінен бастау алған бұл тақырып, Бұқар, Махамбет, Дулат заманындағы әдебиеттің туына айналғандай еді.

Өңкей жақсы қосылса,
Бітіреді кеңесті.
Өңкей жаман қосылса,
Шығарады егесті.
Мәмілемен іс бітер,
Бас қосып қалса көп есті.
Жақсының жолы – жарық күн,
Жаманның жолы – көмескі.³³

Майлықожаның толғауынан алынған бұл үзінді де бірлікке, игі-жақсылардың ниеттестігіне ой бұрады.

Әулет берекесі, баланың ата жолын қууы, от басы-ошақ қасының сән салтанаты, отбасының дәулеті жайлы тәрбиелік тәлімдік сарын ақындардың барлығының шығармаларында жырланды. Мұның да кеменгерлік, көрегендік негізі бар еді. Елдік, мемлекеттік өзекті жүйе әлсіреп, ыдырай бастаған тұста ұлттың абыз, жыраулары әулет мәртебесінен тірек іздеп, дәтке қуат етті. Ғасырдың екінші жартысында, жаңа ХХ ғасырдың басына қарай бұл сарын барынша айқын айдынданып, халықтың көксеген тілегіндей естілді.

Жер мен Ел тақырыбы осы кезеңдегі қазақ ақын-жырауларының жан тебіренісі, жүрекжарды қайғы-мұңы секілді жанауыртартарлық мемлекеттік тақырып мәртебесіне көтерілген. Асанқайғы, Қорқыт саздарынан мәлім Жер мәселесі бұл тұста терең түрде, халықтық мүдде биігінде жырланды. Жер қазақ елінің елдігін сақтап қалуы-қалмауы сынды қоғамдық-әлеуметтік таразы басына тартылды. Жерді қорғап қалу, жерді сақтап қалу, жер мен ел бүтіндігі ұлттық арман, мақсат ретінде әдебиеттің әр шығармасынан жиірек бой көрсетті.

ЗАМАН ЖӘНЕ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР. ЕЛ МЕН ЖЕР ТАҒДЫРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ. ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ӘДЕБИ ДӘСТҮРДІҢ ЖАҢҒЫРУЫ. Жаңа әдебиеттің басты белгілерінің бірі - көркем сөзде замана, әлеумет, ел қамы секілді толғамдардың жүйелі де қанық көрініс берген тұстары. Академик М.О. Әуезов

³³ Бес ғасыр жырлайды. 2-т., – А., 1984, 175-б.

жазба әдебиет пен ескі әдебиет ұғымын салыстыра, жарыстыра қолданады. Жазба әдебиеттің басты белгісі «жазу, жазылу» екендігін айта отырса да, жазба әдебиеттің жазу қолданылмай-ақ ауызша айтып таратып жүрген кезеңдерден де байқалатын ерекше қасиеттері бар екендігін аңғартып өтеді. «Қазақ әдебиетінің тарихында жаңағыдай кезең асқан дәуір болғандықтан, қазақтың жазба әдебиеті осылардан бастап әлеумет халін ұғып, ел қамын жоқтауға кіріседі. Өлең бұрынғыша қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұң-зар сияқты сезімдерінің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт-санасын құрай бастайды. Бұл уақытқа дейін болмаған әлеуметшілдік сарыны, азаматтық нысанасы шығады. Сондықтан алғашқы буыны өлең, жырын ауызша айтса да, жаңағы белгілерге қарап, барлық ақындардан қалған сөздерді жазба әдебиетке қосамыз».³⁴ «Ескі әдебиет жұрнақтары» деген ұғым қолданылған соң (М.О. Әуезов), «жаңа» әдебиет деген түсінік те тілге оралады. Жаңа әдебиеттің сипаттары уақыт, қауым мәселелеріне тереңдеп бару, әлеуметтік, елдік азаматтық, саяси нышандардың әдеби шығармаларға арқау болуы. М.О.Әуезов жаңа жазба әдебиет пен ескі әдебиеттің аражігін жылдармен, кезеңмен межелемейді, жазу қолданылмай тұрғанда да әлеумет халін ұғып, ел қамын жоқтаған толғамдары бар әдебиетті жаңа, жазба әдебиетке қосатындығын сездіреді. Демек, әдебиеттің дәуірлік, әлеуметтік сипаттары жазудың қолдануына тікелей тәуелді бола бермейді деген ойдың ұшығы шығады. Бұл көзқарасты берідегі XIX ғасыр авторларына қатысты да ұстануға болады деп санаймын. Ахмет Байтұрсынов қазақ елінде жазба әдебиеттің³⁵ пайда болуын діншілдіктің таралуымен сабақтастыра, «қазаққа жазу дінмен бірге келген»³⁶ дейді. Ғалым алғашқыда дінді насихаттау мақсатында қожа, молдалардан таралған діндар әдебиеттің тіл ұстартуды ойламағандықтан көркемдігі төмен болып, шеберлік жағынан дәстүрлі ел әдебиетінен әлдеқайда қауқарсыз келетіндігін жаза отырып, «қожалардың, молдалардың ішінен Шортанбай, Ақмолла сияқты ақындар шыққаннан кейін жазба сөздер бітегене дәмділенгенін»³⁷ ескертеді. Бұл ойды еске салғанда, әдебиеттің дамуы жолындағы жеке тұлғалардың ақындық, суреткерлік қуатының айырықша қызмет атқара алатындығын айта отырғанның артықтығы жоқ. Сөз жоқ, Шортанбай, Дулат, Махамбет, Абай сынды дара тұлғалардың

³⁴ М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. А., 16-т., 1985, 178-б.

³⁵ А. Байтұрсынов. «Жазу әдебиеті» деп қолданған.

³⁶ А. Байтұрсынов. Шығармалары. А., 1989, 261-б.

³⁷ Сонда, 261-262-бб.

дарыны, қабілеті, білімі мен таланты әдебиетті қай жағынан да байытты, түлетіп түрлендірді. Сондай-ақ, қайбір әдеби ағымдар мен мектептер қауым рухымен толық сіңісіп, жарасып кеткенше, толық қалыптасқанша белгілі дәрежеде үйлесімсіздік байқатты. Айталық, діни сарындағы әдебиеттің келуі, дәстүрлі мәдениеттің екінші бір ежелгі желілеріне кедергі келтіріп те жатты. Діндар әдебиет дендеген тұстарда домбыра тарту, ән салу, өлең айту секілді дәстүрлі ғұрыптық әдебиет пен өнер үлгілерінің өзіне көлеңке түскендей сезілген. Діндарлық сарын әлеуметтік ағымдағы басымдығымен қазақтың әзелден туа бітті зайырлы мәдениетіне тыйым салғысы келсе керек. Еркін тынысты қазақ әдеби дәстүрі шарифаттың ондай шідерін үзіп кетіп отырған. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынов анықтамасына жүгінсек «Жазу әдебиетпен қатар— қазақтың ауыз әдебиеті жоғалмастан түгел, күйінде сақталған». Түркі даласына исламның таралуы ІХ-Х ғасырлар шегінен басталғандығын ойға алғанда, қазақ қауымында жазу әдебиеті мен ауыз әдебиетінің қаншама заманалар бойы жарыса үзеңгі қағыстыра өріліп, өрбігенін көзге елестету де қиынға соға қоймас. Бұл жерде әдетте әдебиеттану ілімінде қалыптасқандай, жазба әдебиет жазу қолданыла бастағаннан, жазу пайда болғаннан басталады деген тұжырымды түбегейлі мансұқ ете алмаймыз. Сонымен бірге, жазу әдебиетінің өзіне тән белгілері мен ерекшеліктері ертеден ауыз әдебиеті замандарында-ақ пайда бола бастағанын да естен шығармау керек. Қазақ «әліпбиінің» негізі қайдан бастау алады, берідегі араб-кириллица таңбаларының тарихына қатысты ма, әлде әрідегі ежелгі түркі жазуларынан жалғаса ма? Қазіргі кезеңде түрлі зерттеулер мен ғылыми болжамдарға мұрындық болып отырған бұл мәселе түбегейлі шешіліп, ресми ғылымда біржолата қорытынды жасалғаннан кейінгі кезеңде қазақ жазба әдебиетінің тарихына да көзқарас көп өзгеріске ұшырайтыны байқалады. Қазақ жазу өнерінің түп-тамырын ежелгі түркі жазба ескерткіштерінен тартқандығы туралы ақиқат тұжырымға сүйенгеннің өзінде, түркі тілді қазақ әдебиетінің өзіне ғана тән тарихи заңдылықтарын әлі де тереңнен барлап талдауға тура келеді. Ондай тарихи зерделеулерге қол жеткенде, жаңа дәуір әдебиеті ұғымына қатысты дәуірлеуге көп әсері болмағанымен, жазба әдебиетіне қатысты түрлі шартты-шартсыз толғамдар өзгеріске ұшырары анық.

Қазірдің өзінде зерттеу, болжамдардан байқалып отырғандай, қазақ жазу мәдениетінің ежелгі заманалардан желі тартатынына еш күмән келтірмейміз. Ондай жағдайда ұлттық әдебиеттің тарихы мен теориясына реформаторлық жаңалықтар келеді, көп мәселе жаңғыра қайта қаралады. Соған сабақтас түркі жазуы мен мәдениетінің дүниежүзілік өркениеттің аса ежелгі заманалардағы

алғашқы нышандарымен типологиялық сарындастығын ғылыми саралау, жалпы әлемдегі әдебиеттің тууы мен түркі әдебиетінің пайда болу заңдылықтарын жарыстыра талдау қажеттігі туындайды.

Бұл орайда қазақ әдебиетінің жаңа дәуірі тым әріден (Асанқайғының жер, ел туралы әлеуметтік тебіреністері, хандық дәуір әдебиетіндегі, ноғай-қазақ бірлігі тұсындағы әлеуметтік сарыны қанық жырлар, Қорқыт зары секілді) қылаң береді. Сөйтіп қазақ хандығы шаңырақ көтерген ерте күндерден бері ауыз әдебиетімен, классикалық ауыз әдебиеті шығармаларымен қатар көрінген, жарыса өрбіген жаңа әдебиет белгілері желі түзіп, айқындала түссе (Абылай заманының ақын-жыраулары), XIX ғасырда тарихи жағдайларға орай жедел толысты, тарихи-көркемдік танымды, ұлттық сананы алға шығарды.

Тағы бір назар аударарлық ерекшелік қатарында, қазақ әдебиеті классикалық ауыз әдебиетінің үлгі, нышандары жазба әдебиетімен күні бүгінге дейін қатар түзеіп, жарыса жақындасқан санаулы әдебиеттердің бірі екендігін айту керек. Жалпы әдебиет тарихында ауыз әдебиетінің жазба әдебиетіне ұласуы, жалғасуы әртүрлі сипатта, мерзімдік жағынан да түрліше: бірінде—ерте, бірінде—кеш көрініс береді. Еуропа, орыс әдебиетінен даму жолындағы тарихи себеп-салдарлық ыңғайындағы қазақ әдебиетінің бір айырмашылығы да осы секілді. «Діндәр дәуір», «Ділімәр дәуір» деп, Ахмет Байтұрсынов екі дүркінді кезеңге бөліп көрсеткен жазу әдебиетінің біз қарастырып отырған жаңа дәуіріне, әрине, ділімәр дәуір шығармалары өте-мөте тән. Тіл көркемдігі, сөз ұстарту, тақырып мағынасы жағынан ұлттық әдебиеттің жаңғыра дамыған, толыса тыныс ашқан кезеңі де осы тұс. Бұл бір жағынан із жалғастырып, үзілмей жеткен ауыз әдебиетінің бай дәстүрінен өркен алған, екінші жағынан жаңа тарихи күндердің шындығында шираған, үшіншіден, соған сәйкес тіл байытып, тақырып тарамдатқан әдебиет еді.

Асанқайғы болжағандай күн туғанда, «Заман азып, заң тозып жаман болғанда, Қарағайдың басына шортан шығып, Балалардың дәурені тәмам болғанда», ханнан күш, қарағайдан шайыр кеткенде жаңа әдебиет қазаққа ес болды, халыққа күш болды. Ғасырдың алғашқы кезеңінің өзінде ондаған ақын-жыраулар қауымға кеңінен мәлім сөздерін өрді. Ол туындылар халық жадында күні бүгінгі дейін сақталып келеді. XIX ғасырдың алғашқы жартысында сөз ұстартып, түрлі деңгейде ой толғаған ақын-жыраулар³⁸ мұрасы қазіргі ұрпаққа әртүрлі деңгейде жетті. Бірқатарының шығармалары әлденеше мәрте кітап болып

³⁸ Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т., 1-кітап. А., 1961, 8, 28-66.

басылып, ғылыми тұрғыдан зерттеліп, әдебиет тарихынан лайықты бағасын алды. Енді бірқатарының шығармалары ел ішінде таралып, қолжазбалары мұрағат қорларында сақталып келсе де, жеткілікті зерттеле қоймаған. Шортанбай, Дулат сынды ірі ақындар идеологиялық сүзгіден өте алмай, ұзақ уақыт саясат шідеріне киліксе, енді бірқатар жыраулар уақыт өткен сайын «ескі» ақындар қатарында зерттеушілер назарынан алыстай берді. Оқулықтар мен ғылыми еңбектерде есімдері мен шығармалары аталып, түстелгеннің өзінде әдеби бітімі бір қырынан ғана, сыңаржақ сипатталған авторлар да жеткілікті. Талантты бірді-екілі шығармалары мәлім болса да, мұрасы сақталмаған, сөйтіп әдебиеттегі лайықты орнынан көріне алмағандар да баршылық. Осы кезеңде ғұмыр кешіп, ақындық, жыраулық аты шығып танымал болған тарихи тұлғалардың есімдері біршама.

XVIII ғасырдың соңғы жылдарында, ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында ғұмыр кешкен кесек бітімді ақын-жыраулар шығармалары қазақ әдебиетінің сол тұстағы көпқырлы сипаты мен мазмұн байлығын барынша толық жеткізе алады. Әдебиеттің жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін де осы ақындар мұрасынан байқаймыз. Тарихи жырдың алуан бітімді үлгісі, мадақ жыры мен жоқтаудың небір біртуар бітімді нұсқалары (Байтоқ, Жанұзақ, Досқожа, т.б.), айтыс пен сал-серілік сөздің озық та көркем келісті кестелері де осынау ақын мұраларынан табылады.

Осы кезеңде:

Көтеш Райымбекұлы	(1745-1818 ж.ж.),
Шал ақын Күлекеұлы	(1748-1819 ж.ж.),
Қобылан Бөрібайұлы	(1760-1840 ж.ж.),
Жанкісі би	(1770-1835 ж.ж.),
Жанақ Сағындықұлы	(1770-1856 ж.ж.),
Абыл Тілеуұлы	(1777-1864 ж.ж.),
Түбек Байқошқарұлы	(1780-1870 ж.ж.),
Өске Торқаұлы	(1788-1857 ж.ж.),
Сабырбай Ақтайлақұлы	(1793 -1880 ж.ж.),
Досқожа жырау	(1801-1866 ж.ж.),
Дулат Бабатайұлы	(1802-1874 ж.ж.),
Махамбет Өтемісұлы	(1803-1846 ж.ж.),
Шернияз Жарылғасұлы	(1807-1867 ж.ж.),
Шөже Қаржаубайұлы	(1808-1895 ж.ж.),
Арыстанбай Тобылбайұлы	(1811-1880 ж.ж.),
Орынбай Бертағыұлы	(1813-1891 ж.ж.),
Мәделі Жүсіпқожаұлы	(1816-1888 ж.ж.),
Шортанбай Қанайұлы	(1818 – 1881 ж.ж.),
Сегіз сері (Мұхаммед-Қанапия Баһрамұлы)	(1818-1854 ж.ж.),
Күдеріқожа Көшекұлы	(1820-1858 ж.ж.),

Сүйінбай Аронұлы	(1822-1895 ж.ж.),
Алмажан Азаматқызы	(1823-ө.ж.б.),
Үлбике Жанкелдіқызы	(1825-1849 ж.ж.),
Нұрым Шыршығұлұлы	(1825-1898 ж.ж.),
Қашқынбай Қожамбетұлы	(1830-1870 ж.ж.),
Бұдабай Қабылұлы	(1830-1890 ж.ж.),
Байтоқ Алаша	(туған - ө.ж. белгісіз),
Жанұзақ жырау	(туған - ө.ж. белгісіз),

тағы басқалар ғұмыр кешті.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында дүниеге келген бұл тұлғалардың мұралары недәуір зерттелген, жұртшылыққа, әдебиет мамандарына таныс есімдер. Дулат, Махамбет, Шернияз, Шортанбай, Сүйінбай, Базар, Нұрым, сынды ақын-жыраулардың шығармалары да әруақытта әр қилы деңгейде жарияланған, белгілі дәрежеде зерттеулер жүргізілген. Дегенмен, осы танымал деген сөз зергерлерінің де мұраларын ұлттық қазына тұрғысынан зерделеп, тәуелсіздік, рухани жаңғыру мақсатына толық сай ғылыми талдау, қорытындылар жасаудың қажеттігі күмәнсіз. Ал енді бірқатар ақын-жыраулардың еңбектері қолжазба қорларында сақталған, мұрағаттарда түзілген. Сол арқылы таныс.

Тәуелсіздікке қол жеткен он-он бес жылда бұрын белгісіз, немесе жете назар аударылмай келген ақын-жыраулар қатары көбейе түсті. Қазақстанның түкпір-түкпірінен ондай мұралар көптеп табылып, үздік-создық түрлі деңгейде, әр түрлі көлемде жариялануда. Бірақ, олардың бәрі де тиісті деңгейде зерттеліп, ғылыми бағасын алғаннан кейін барып әдебиет тарихына қосылатындығы аян. Яғни, бұл әдеби үрдіспен қатар жүретін жүйесі бар күрделі зерттеу ісі.

Ақындардың шығармашылығы мен әдебиет тарихында қалдырған мұраларының сипаты, өзіндік дәстүр іздері әралуан келетіні заңды. Осы дәуірдегі әдеби ағымдар мен ізденістер, жанрлық түзілімдер мен тақырыптық желілер жүйесі туралы зерттеудің келесі, екінші кезеңінде арнайы тоқталатын болғандықтан, бұл томға қатысты XIX ғасырдың алғашқы жартысына хронологиялық тұрғыдан топтастырылған тұлғаларға қысқаша шолу сипатында тоқталып, мағлұмат бере кеткен орынды. Тұтас-тай алғанда, айтыс, сал-серілік поэзия, әншілік, жаңа ақындық өнер мектептерінің қалыптасу ерекшеліктері, тұрмыстық-әлеуметтік мәселелерді өлең өрнегінде өрген, тарихи өлеңдер мен жырлар, тағы басқа тақырыптық, жанрлық әрі көркемдік бітімі жағынан да алуан қырлы ізденістер осы ғасырда да жалғасын тапты. XIX ғасырдың алғашқы жартысында әдебиет дамуының бұл белгілері бұрынғыдан да бедерленіп өзіндік тегеурін танытты. Әдеби мұраларды жырлау, бұрынғы өткен ақындар

мен би, шешендердің, көсем тұлғалардың айтулы сөз, арынды толғамдарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді мұрат тұтқан шежірелі жыраулар, әдебиет үлгілерін жинап ауызша таратушылар дәстүрі өте күрделі де терең сипатты арнаға шықты. Бірді-екілі жырлар ғана емес, тұтас циклдарды, үлкен-үлкен батырлар жырларының жүйелі топтамаларын айлап жырлайтын зерделі зерек жыраулар мен жыршылар мұралары мен дәстүрлері қазақ әдебиетінің ұлы құбылыстары ретінде бағалануы керек. Айтыстың күрделі сипаттары көрінді. Жалпы айтысқа ақындардың барлығы да бірі жүйелі түрде, бірі тиіп қашып болса да қатысып, өнер сынасып, таланттарын ұштап отырған. Бұл орайда Жанак ақынның әйгілі он алты ақынмен тайталасын, бәрін де жеңген жеңімпаздағын, ақыры Сабырбай ақынмен сайысып, поэзия аруағының бұл жолы Сабырбай жаққа пейіл бұрғандығын дәйектейтін тарихи деректер әдеби-көркемдік дамудың өзгеше реңін байқатуы жағынан өте маңызды. **Ұлбике Жанкелдіқызының** өлеңдері мен айтыстары өзінше бір ерекшелігі басым өнер түзілімі. Бұрын жеткілікті талданып, айтылмай келген Ұлбике ақынның шығармашылығы мен айтыстары туралы бұл томда арнайы тоқталдық. **Түбек Байқошқарұлы, Өске Торқаұлы, Шөже Қаржаубайұлы, Күдеріқожа Көшекұлы, Алмажан Азаматқызы** шығармашылық келбеті әрқилы болғанымен, қазақ әдебиетінің дамуы барысында ықпалды мұралар қалдырды. Шал ақын Құлекеұлы, Көтеш Райымбекұлы, Алмажан Азаматқызы шығармаларының көркемдік сипатынан ақындық поэзияның алғашқы профессионалдық белгілері айқын көрініс берді. Өлеңдерінің құрылым мен сюжеттік желілері, тақырыптарының негізділігі, өмір қалтарыстарының құбылыстарына үңіліп белгілі бір тұжырымды ой түйе сөйлеуге құлшыныстары, өлең өлшемі жағынан да бұл нышандар жақсы байқалады. Зерттеушілер Көтеш ақын, Шал ақынның жаңа ақындық поэзияның алғашқы тұлғалы өкілдері екендігін аңғарып, тұжырымды көзқарастарын білдірді. Көтеш ақын Баянауыл өңірінде өмір сүрген ақын. Көп жасаған, өмірден көргені мен түйгені көп ақынның мұрасы тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға тереңдеп баруымен ерекшеленді. Ақынның алғашқы аты шыға бастаған тұстағы елеулі шығармалары қатарында он жеті жасында Абылайға қарсы айтқан батыл сөздері бар. Мейрам руының жыртысын жыртқан ақын хан басымен қарашымен даулы болғандығын Абылайдың бетіне баса сөйлейді. Көтеш ақынның бұл «батылдығы» өзіне өмір бойы қиындық тудырып, жолын кес-кестеп отырған тәрізді. Ақыры ақын ұзақ бейнетті кедейшілік ғұмыр кешіп, кісі қолынан қапыда қаза табады. Шал Құлекеұлы Көкшетау аумағының беделді белді атасынан шыққан

аруақты ақын, ақынның ауыл-аймағы кейіндеу Есіл өзенінің бойын қоныс теуіп, өмірінің көп бөлігін сонда өткізген. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы жерінде өмір сүрген. Бұл аудан қазір Шал ақын атындағы аудан деп аталса керек. Шал ақынның өлеңдері шеберлігімен және тақырып аясының кеңдігімен оқшауланады. Философиялық лириканың, психологиялық сипаттамалардың қазақ өлеңіндегі алғашқы толғамдары осы ақынның шығармаларында айқын да басым танылады.

Ақмолла Мұқамедиярұлы (1839-1895 жж.), **Кемпірбай Бөгембайұлы** (1834-1895 жж.), **Майлықожа Сұлтанқожаұлы** (1835-1898 жж.), **Бақтыбай Жолбарысұлы** (1835-1916 жж.), **Серәлі Еруәліұлы** (1835-1876 жж.), **Жаяу Мұса Байжанұлы** (1838-1929 жж.), **Құлыншақ Кемелұлы** (1840-1911 жж.), **Құлтума Сармұратұлы** (1840-1915 жж.), **Марабай Құлжабайұлы** (1841-1898 жж.) сынды бірқатар тұлғалы ақындар XIX ғасырдың алғашқы жартысында туып-өмір сүрсе де, шығармашылық тұлғасының кемелденуі ғасырдың орта тұсында, екінші бөлігінде жақсы көрінгендігі мәлім. Сондықтан, бұл ақындардың мұралары мен әдебиет дамуының үрдісіндегі орны туралы сөз келесі, бесінші томда өрбиді.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүріп, әдебиет тарихында мол рухани қазына қалдырған тарихи тұлғалардың толғау, жырларында, өлеңдерінде ол заманның тынысы, әдеби дәстүрі, көркемдік таным мектебінің ерекшеліктері жақсы көрінеді. Ақындық, суреткерлік қуатымен дара шығып, тыңнан жол салған, дәстүрлі мектеп ізімен талант қарымына қарай өзгеше ой толғаған дара тұлғалар да бар. Ал ғасырдың ортасына қарай, төртінші онжылдықта дүниеге келген Жаяу Мұса, Құлыншақ, Құлтума, Ыбырай Алтынсары, Ақан сері, тағы бірқатарының суреткерлік қызметі жаңа дәуір әдебиеті жарқырай көрінген XIX ғасырдың екінші жартысына сәйкес келді де шеберлік ерекшелігі, тақырыбы, көркемдік дәстүрі жағынан да өзгеше тараптан дараланды.

Жалпы, осы кезеңдегі ақын-жыраулар шығармашылығын тақырып жағынан үш түрлі желіге жүйелеп топтастыруға негіз бар. Ақынның шығармаларында да классикалық ауыз әдебиетінің мектебі анық басымдықпен көрінеді, сонымен бірге тақырып, мағына, ой-тебіренісі орайында жаңа дәуір әдебиеті сипаттары жарыса өріліп отырады. Ақындардың бірқатарында қоғамдық-әлеуметтік сарын қуатты тегеуірін байқатса, екінші бір тобының шығармаларында тұрмыс-тіршілік, кісілік, адалдық, махаббат сезімдеріне құрылған шығармалар басым орын алады. Ел әдебиетінде ежелден дәстүрлі орын алатын ойын-сауық, салт, сал-серілік, тұрмыстық өнердің, оның ішінде өлең-жырдың жаңа

кезеңге сай өсіп-көркейген желісін осы екінші ағымдағы ақын-жыраулар мұрасынан кездестіреміз. Үшінші бір желіні діни-ақлықаттық толғаныстарды ұстанған, ескілікті тарихи жыр-аңыз үлгісін жалғастырған авторлардың шығармалары құрайды.

Дәстүрлі айтыс өнерінен сол замандағы ақын-жыраулардың дені шет қалмаған. Бәрі де сәтіне, ретіне қарай ірілі-ұсақты айтыстарда шеберлік ширатып, дәлірек айтқанда дарын қуатын сынасып отырған. Тек, әдебиет тарихы мен мұраларға, қолжазбаларға жүгінсек, мазмұнды, елеулі айтыстар ғана сақталып қалғандығын айту керек. Ал шын мәнінде айтыс, сондай-ақ шешендік бәсеке – ақын-жыраулардың күнделікті тірлігінде жиі кездесетін дәстүрлі өнер, дарын жарысы. Қазақ әдебиетіндегі тарихы өте ерте ежелгі замандардан жалғасқан айтыс өнерінің даму жолы әрі ұзақ, әрі күрделі. Сонымен қатар, дәстүр үзбей - дәуірден дәуірге желі жалғастырып, заманалармен бірге ұласып отырғандығы да ұлттық сөз өнерінің осы бір өміршең, бай жанрының туа бітті ерекшелігін танытады. Жазба әдебиет толық басымдық алып, басылымдар мен кітаптар әдеби өмірдің, жекелеген қаламгерлердің тынысы мен қарымын жеткізе аларлық деңгейге келгенше, айтыс өнері ақын-жыраулардың шамаларын парықтап, халық алдындағы орнын айқындайтын сарапшы секілді болды.

XIX ғасырда айтыс жаңғырды, жаңа қырынан түлеп, толысты. Халықтың тұрмыс-салтына ауадай сінген айтыс өнері мен әншілікпен астасқан ақындық тақырыбы жағынан да, көркемдік шеберлігі жағынан да қай кезеңде болсын белгілі бір дәстүрлі сипатта кең таралған. Жаңа кезеңнің тынысы бұл жанрларға да өзгеше мәнер, бояуын ала келгендей еді. Қоғамдық қарым-қатынастардың, отаршылдық саясаттың күллі сөз өнеріне, ұлт санасына ықпалынан әлеуметтік, азаматтық мағына айқындала түссе, ол заңдылық халық әдебиетінің ең бір өзекті нұсқалы түрі айтысты да айналып өтпеді. Айтыс мағына байытты, оның үстіне жанр іштей түлей түсті, жаңа сипаттар дарытты, бұрын көп таралмаған, әлде мүлде кездеспеген түрлері пайда болды. Бір ғана айтыстың жанрлық сыр-сипаттарының көпқырлы келуі әдебиеттің даму жолындағы өзіндік заңдылығы, өзгеше құбылыс екендігінің белгісі. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің: «Бұрынғылар домбыра ұстап айтатұғыннан: «Қайым білесің бе?» – деуші еді. «Қайым» деп екі ақынның айтысқанын айтады екен. Сонда «Қайым» өлеңнің басын Күдері қожа мен Ұлбике айтысқан. Бұл екеуінен бұрын қайым өлең де жоқ, айтыс та жоқ. Бұрынғылардікі мақал, тақпақ...»³⁹, – дегені де сол тұстағы айтыстың тарихи жолын парықтауға бастайды. Айтыстың өлеңмен өрнектелген

³⁹ Ұлбике. Құраст. К. Ахметова, М. Төленбергел. А., 2002, 83-б.

қайым түрінің алғашқы көрінісі де XIX ғасырдың алғашқы кезеңіне сәйкес келетіндігі анықтап айтылған. Яғни, қазіргі заманғы айтыстарда оқта-текте көрініп қалып жүрген қайым өлеңнің кемінде екі ғасырлық тарихы бар. Одан ерте өте ежелгі дәуірлерден белгілі «сүре айтыс», «шешендік бәсеке» секілді түрлері өз алдына. Алғашқы белгілері ежелгі түркі ескерткіштерінен кездесетін айтыстың тарихи даму жолы өте ұзақ, бірде өрістеп, бірде жоғалып кетіп аумалы-төкпелі сипатты келетіні байқалады. Сондықтан, ұлттық әдебиеттің бұл басты да көне жанры жайында көзқарастар мен пікірлер де әрқилы. Айтыстың тарихы мен теориясы арнайы зерттеліп, байсалды қарастырылатын өнер саласы. Бұл ретте қазақ әдебиетінде айтысты тереңнен тарта зерттеп, зерделеген ғылыми көзқарас қалыптастырған ғылыми-зерттеу еңбектердің өзінше бір салиқалы желісі жүйеленді. Ақындық, жыраулық өнер жан-жақты дамыған XIX ғасыр әдебиетіндегі айтыстың орны да ерекше зор. Бір жағынан, бұл айтыс дәстүрінің арыны қайта қоймаған, ел ішіндегі әсері өте күшті байқалған тұс.

Мәшһүр Жүсіп «бұрынғылардікі мақал, тақпақ...» дегенде ежелгі айтыстарға қарағанда, жаңа дәуірдегі айтыстың ерекшелігін мензеген. «Жұмбақ айтыс» та, үш ақынның қатар айтысуы да осы XIX ғасырда қалыптасып дамыды.

Ол кезеңдегі айтыс өнерінің айтулы өкілдері Жанак, Түбек, Орынбай, Шөже, Біржан, Сабырбай, Қабан, Ұлбике, Сүйінбай сынды ақындардың сөздері, айтыстағы ұтымды толғамдары ел ішінде күні бүгінге дейін сақталып жеткен. 1815 жылы дүниеге келген Сүйінбай Аронұлының айтыстары қазақ әдебиетінің тарихында аса зор орын алады. Ақынның атағы, даңқы, талант шеберлігі XIX ғасырдың ортасына қарай күллі қырғыз-қазақ жұртына кең таралып жеткен Сүйінбай Аронұлының жеті айтысы⁴⁰ (Қарғамен, Тезек төремен, Қаңтарбаймен, Кескенкекілмен, Күнбала, Уәзипа және Қатағанмен айтыстары) қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған. «Сүйінбай мен Тезек төренің айтысы» айтыс өнерінің ең бір үздік шығармаларының қатарында құнды мұра. Айтыстың алтын дінгегі Сүйінбайдың ой мен сөз өрімі шебер, ұғымды да ұтымды, суырып салма толғам дегенге қимайтындай келісті болып келеді.

Келіпсің айтысқалы, сүйрігім-ай!
Бәйгеде озып жүрген жүйрігім-ай!
Білмеймін кесір-песір дегенінді,
Алапқа атым шыққан мен Сүйінбай.

⁴⁰ Сүйінбай Аронұлы. Ақиық. – А., 1976, 107-133-бб.

Шамаң бар меніменен сынасқандай,
Шығымды бала екенсің қыр асқандай,
Сылқым қыз, мені тергеп не қыласың,
Бір жатса екі жүйрік ұнасқандай...⁴¹

Ақынның Уәзипамен айтысынан келтірілген бұл тармақтар өңі түспес қалы кілемдей қанық бояуымен көркем сөз мәдениетінің сол заманғы бір салмақты дерегі. Сүйінбайдың ақындық-жыраулық келбеті өз заманындағы ақындық өнердің табиғатын да толық байқатады. Бір бойында жыраулық пен ақындықты, әншілік пен айтыскерлікті қатар өрбіткен ақын-жыраулар табиғаты сол ғасырдағы әдеби даму процесінің ауыз әдебиеті дәстүрі мен жазба әдебиетінің мектебі ұштасқан көпжелілі ахуалын толық сездіреді. Сүйінбай да айтыс өнері мен жыраулықты, поэзияны ұштастыра ұстанған ақын. Ақын-жыраудың бірегей бітімі. Ықылым заманғы қаһармандық рухын көтерген «Бөрілі менің байрағым»⁴² өлеңі тарихилық дерегімен де, көркемдігімен де жаңа әдебиеттің классикалық нұсқаларының қатарында халыққа кеңінен танымал туынды.

Айтыстың тарихында жанрды тақырыптық, түрлік үлгі жағынан байытқан, дамытқан айтыстардың орны ерекше бөлек. Қабан ақын мен Таутан қыздың жұмбақ айтысы сондай мұралардың көрнектісі. Қолма-қол жұмбақ тығып, оны шешіп отыратын айтыстың бұл түрі шешендіктің де, білім-біліктің, асқан ақындықтың да жемісі. Әдебиет тарихындағы ондай айтыстардың ежелгі үлгілерінің бірегейі де осы «Қабан мен Таутан айтысы». 1733 жылы Жетісу өңірінде дүниеге келіп, тоқсаннан асып қайтқан Қабан жырау Асанұлы да өз заманының арқалы ақыны, қару ұстаған батыры. Қабан жырау 1824 жылы⁴³ дүние салған, уақытында маңайынан жау баспаған батырлардың бірі.⁴⁴ Зерттеуде Қабан жыраудың өмір сүрген кезеңі туралы да әр түрлі пікірлер кездеседі.⁴⁵ Сүйінбай Аронұлының алдында ғұмыр кешкен көрнекті тұлға, ақын-жыраулар ағасы. Қабан жыраудың «Қабан мен Тұмарша», «Қабан мен қыз» айтысы атты шығармаларымен бірге, замана тынысына үн қосқан толғау жырлары бар. Оның шеберлігі кемелдене көрінген жоғарыда атап өткен қыз бен жігіт айтысы ХІХ ғасыр әдебиетінің сан қырлы сипат белгілерін сақтап жеткізген мұра ретінде де бағалы.

⁴¹ Сонда, 123-б.

⁴² Сонда, 13-б.

⁴³ Т. Әлібек Құланаян Құлмамбет. А., 2004, 122-б.

⁴⁴ *Бабалар сөзі – даналық көзі.* – А., 1996, 114-б.

⁴⁵ М. Жолдасбеков. Асыл сөздің атасы. – А., 1996, 151-б.

«Қайым айтыс», «түре айтыс» секілді түрлерінің сол кездің өзінде-ақ қолданылып, кең таралғанына қарағанда, дәстүрлі айтыс өнерінің өте ерте замандардан қалыптасқан әдебиеттің ұлттық ерекшелігін танытатын сала екендігіне көз жеткіземіз. Айтыстың ондай қиын түрлері Жанак, Түбек, Сабырбай ақындардың сол замандағы айтыстарынан кездеседі.

Бұл кезеңдегі айтыс тарихы сөз болғанда айтыстың шебері Ұлбике Жанкелдіқызының (1825-1849) тапқыр әрі біліктілігімен мойны озық айтыстары дараланып тұрады. Ақын қыздың бірнеше айтыстарының ішінде Күдеріқожамен айтысы әдебиеттің үлгілі нұсқасы ретінде В.В. Радловтың жинаған еңбектерінің қатарында 1870 жылы баспа бетін көрген. Ал бұл айтыс кейбір деректерге қарағанда,⁴⁶ өмірде 1840 жылы болған секілді. Жас ақын қыз білімімен Күдеріқожаны жеңеді. Айтыс ұлттық әдебиеттің дәстүрлі озық үлгісі ретінде XIX ғасырда да ел ішінде кең таралып, өзінің халықтық өнердегі орынын жоғалтпай сақтап келген. Сондықтан осы дәуірдегі қазақ әдебиетінің арналы да арқалы бір саласы айтыс өнері. Айтыстың алуан түрлі стильдік, жанрлық ерекшеліктері сол кездің өзінде қалыптасып, дамып үлгіргендігін айтқанда, ең әуелі таңдайында өлеңнің ұясы бар Ұлбикенің Күдеріқожа, Жанкелмен қатар айтысы тілге оралады. Үш ақынның қатар айтысуы әдебиет тарихының дерегінде бұған дейін де, бұдан кейін де кездеспейді. Бұрындары болса болған да шығар, бірақ әдеби нақты дерек ретіндегі мағлұм дәйек әзірге осы айтыс қана. Бізге жеткен тағы бір нақты дерек - бес ақынның айтысы (Арғын Уәзипә қыз, Қожа, Сарыбас, Құлманбет, Сүйінбай). 1917 жылы Әбдіғали Сариев жазып алған бұл айтыс М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында (386-бума) сақтаулы тұр. .

Ұлбикенің жұмбақ айтысы да тереңдігімен, біліктілігімен дара. Ақын қыздың білім-білігі, тапқырлығы Күдеріқожамен айтысындағы мынадай дерегінен де көрінеді. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жазбасы бойынша жеткен бұл деректе Күдеріқожа әкесімен ақылдасып келіп, «әліпбидегі» жиырма тоғыз әріптің екеуін қалдырып, қалғанын бір ауыз өлеңге сыйғызып айтқан екен. Соны қолма-қол аңғарған Ұлбике:

Қожеке, өлең айттың, кітап аштың,
Жау қуды ма, асығып, неге састың?
«Шын» мен «жиымды» қалдырып қара басып,
Құранды аяғыңа қалай бастың?!⁴⁷ –

⁴⁶ М. Төлепберген. Таңдайында өлеңнің ұясы бар. // Егемен Қазақстан. 2002, 22 наурыз.

⁴⁷ Ұлбике. А., 2002, 129-б.

десе керек. Екі әріпті ұмыт қалдырып, «әліпбидің» басқасын түгендеп өлеңге өріп келген амалын бірден аңғарып, қалт жібермей қағытып өткен Ұлбике жәй айтып қана қалмай, қасиетті құранды алға тартқан. Ендігі жерде Күдері ақында шара қалмаса керекті. Бұл, сөз жоқ, қазақ айтыс өнеріндегі интеллектуалдық өренін қаншалықты биіктегенін аңғартып-ақ тастайтын сәт. Академик Сәбит Мұқанов Ұлбике туралы пікір қозғағанда, сол заманда бірқатар айтысатын ақын қыздардың болғанын айта отырып, Ұлбикені даралап көрсетеді. Ұлбикенің айтыстарынан «Ұлбике мен Күдеріқожа айтысы» үш нұсқада, («Ұлбике мен Таспақожа айтысы», «Ұлбике мен Ізтілеу айтысы», «Ұлбике мен Мәделі айтысы», т.б.) ақын қыздың ойға ұшқыр, тілге ширақ, нақпа-нақ қысқа да нұсқа мәнері, шаппа-шап ұшқырлығы ерекше сезіледі. Әрі дін, жаратылыс, тұрмыс-тіршілік, салт, көңіл-күй, мінез-құлық дәйектерінен байқаған, көкейге түйген түйіндерін орайымен қолданатын шалымдылығы да өзгеше. Бұл, әрине, айтыскерлік мәдениет, ақындық шеберлік белгілері. Демек, жалпы айтыс ақындарының ішіндегі қазақ ақын қыздарының дәстүрі өз алдына бөлек бір ұлттық көркемдік таным мектебі десе де болар. Белгілі ақын қыздардың айтыстарынан шеберлік, әдеп, таным, ұлттық тұрмыстық салт-дәстүр орайындағы ерекшеліктер байқалып-ақ тұрады. Бұл қазақ өлеңінің өзіне ғана тән төл сипаттарының бірі.

ЖАҢА ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ТАЛАНТТАРЫ. ӘДЕБИЕТТЕГІ САЯСИ АҒЫМ БЕЛГІЛЕРІ. ХІХ ғасыр қазақ әдебиетінің ең бір құнарлы, дәуірлеген тұсы дегенде, ең алдымен сан-салалы тақырыптағы талантты туындылардың көп сақталғандығы, сол тұстағы ақындардың сан жағынан да көп белгілі болғандығы ескеріледі. Әрине, әдебиет пен уақыттың ерекше құбылыс ретіндегі кірігіп кеткендігі де басты шығармашылық заңдылықтардың бірі ретінде аталуға тиісті. Сонымен бірге осы кезеңде сөз ұстаған тұлғалардың дара-дара қасиеттері мен ерекшеліктері оқшауланып көрінді. Әдебиеттің жанрлық, түрлік үлгілер орайында өркендеп, түрленуіне қарай ақын-жырау, шешендер арасында да қабілетіне, машығына, білім-білігіне сәйкес іріктелу байқалды. Жалпы ақын еді, жырау, жыршы еді десе де, заман тынысына қарай, әр саланың ежелден сараланып байқалған өкілдері енді бұрынғыдан да жанр ерекшеліктеріне, ақындық өнер сымбатына тән белгілерімен жіктеліп, әр саланың, ағымның өз өкілдері бой көрсетті. Бұл қазіргі заманда кәсіби қаламгерлер деген атпен мәлім, ақындық, жыраулық өнердің, сөз өнерінің дәуір ерекшелігіне сай сұрыпталуының алғашқы айқын нышандары. Әлеумет ортасында әнші ақындардың, айтыс ақындарының, қиссашылардың, жырау-жыршылардың дәстүрі тереңдеп,

шеберлік мектебі өрісті жалғасын тапты. Суырып салма ақындық өзінің ежелден мәлім дәстүрлі желісін одан әрі күшейтіп, нығайтты. Сүйекті эпикалық шығармалардың майталмандары, жыраулықпен қоса, ондаған аса ірі дастандарды жатқа жүйе-жүйесімен толғайтын шежіре тұлғалардың мәртебесі өсті. Ноғайлы, қазақ батырлық жырларының асыл маржандарын сақтап жеткізген жыраулық мектептің қайталанбас қайратты дәстүрі қазақ әдебиетін сол тұста әрі байытты, әрі көркемдік эпикалық бағытта ілгері дамытты.

Көркемдік жағынан да, поэтикалық сымбаты тұрғысынан да сан-салалы, дәуірлеп дамыған жаңа ғасыр әдебиетінің көп қырлы ақындарын, әрқилы жанрларын тұтастырып тұрған алтын арқау ортақ тақырыптар да осы тұста айқындала түскен. Әлеуметтік, ұлт-азаттық, елдік саясат тақырыбы әдебиет процесінің қозғаушы да, ұйыстырушы да күшіне айналған болатын.

Жаңа дәуірдің жазба әдебиеті қалыптасқан XIX ғасырдың екінші жартысына дейін-ақ, ғасырдың алғашқы, ортаңғы кезеңдерінде ел ішінде аса көрнекті ақын-жыраулар рухани ұйтқыға, ұлттың ұлы мүддесін насихаттап, түсіндіруші көшбасшы қайраткерлерге айналды. Әдебиетте заманға сай саяси-әлеуметтік тақырып өзіндік үнімен, нәшімен көтеріліп, көркемдік-танымдық ағымды туындатты. Ақындар сөзі осы тұста белгілі дәрежеде ақпараттық, саяси-әлеуметтік, халықты біріктірушілік сипаттарымен оқшаулана түскен. Ондай шығармаларда көбінесе ең алдымен елдік, мемлекеттік саясаттың сөзі басым шығып отырды. Қазақ даласының әр пұшпағындағы саяси-әлеуметтік жағдайлар мен қазақ елінің басына төніп тұрған қилы кезең шындығы әр өңірде сөз ұстаған ақын-жыраулардың қуатты күңіреністі үндерін бір арнаға тоғыстырып жібергендей еді. Дулат, Махамбет, Шортанбай, Майлықожа сынды ірі тұлғалардың толғаныстары қазақ даласының әр жерінен әуелеп естілді.

XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті тұлғалары Дулат, Махамбет, Шортанбай, Сүйінбай шығармалары әдебиеттің арғы-бергі заманаларын жалғастырып тұрған дәстүрлі эстетикалық таным мектептері болумен қатар, өздері өмір сүрген жылдардың шежірелі ақиқатын тарихқа түзіп қалдырды. Әрқайсысы дара-дара бәйтеректей мәуелеген ұлт дарындарының топырағы бір, өрісі сала-сала. Әрбірі ұлттық әдебиетті әр қырынан байытқан, рухани мәңгілік мұралар қалдырған аса ірі сөз зергерлері. Ұлттық әдебиеттің тынысын кеңейтіп, поэтикалық бояуын қанықтырған ақындар. Ғасыр басында солар із салған елдік тақырып жаңа дәуір әдебиетінің рухани арқауына, келер күндердегі ақындық сөздің өзегіне айналды.

Осындай ақын-жыраулар арасында тарихтың тауқыметін көп тартқан, Қоқан хандығының, Ресей империясының отарлаушылық езгісі кезінде де, оған қарама-қарсы саясаттың иелері Кеңес дәуірінде де шығармаларының жолы болмаған ірі екі суреткер бар. Күні кешеге дейін халықтың жадында жүрсе де, аузында айтылып, жете бағаланбай келді. Олар— Дулат пен Шортанбай. Мысалы, Дулат Бабатайұлының 1880 жылы жарық көрген «Өсиетнаме» кітабы патшалық цензураның қысымына ұшырап,⁴⁸ ақын шығармалары содан кейін он жеті жылдан кейін барып қана баспа бетін көрген.

Асанқайғының «Қарағай басына шортан шығып, балалардың дәурені тәмам болар»,— деген елдік уайымын — «қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар», — деп, мұнмен астастыра өрбітіп, қазақ қайғысына зарын қосқан Шортанбай Қанайұлы 1818 жылы туып, алпыс үшке келіп, пайғамбар жасында дүниеден озған. Хандық дәуір әдебиетінің жұрнағы. Негізгі шығармашылық өмірі хандық басқару құрылып, аға сұлтандық басқару жүйесі дендеп кіре бастаған өлара тұсқа тұспа-тұс келеді. Бөкейханның нәсілі Жамантай, Құсбек, Саржан төрелердің аға сұлтандық құрған кездерінде көп жылдар солардың қастарында жүрген. Қатар ғұмыр кешіп, өзекті, өрнекті сөзімен ел ісіне үн қосқан. Жасы елуден асқан шағында ақын:

Сенен хандық кетті,
Менен жын қуған жастық кетті,
Енді дін күтіп, жан бағатын уақыт жетті, —

деп, Жамантай төреден рұқсат алып, қажылық сапарда шейіт болған Жаңғұтты бидің ауылына барып, құдайшылық жолды ұстанып, көп ұзамай дүние салса керек. «Тар заман», «Осынша азды ел неден», «Зар заман», «Опасыз жалған», т.б. мазмұндағы тақырыптары Шортанбайдың ақындық азаматтық көзқарасын толық жеткізеді, әрі сол тұстағы қазақ қауымының ішкі-сыртқы саясаттағы күйзелісін көркем әдебиетте барынша келісті кестелеген. Шортанбай мұрасы қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде ғана ұлттық сана тұрғысынан кеңінен жан-жақты талданып, зерттеле бастады.

Дулат Бабатайұлы мен Шортанбай Қанайұлы шығармашылығына 1960 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихында» да арнайы назар аударылды. Әйтсе де, ақындық қуаты мойындалса да «ескішіл ақын, феодалдық қоғамның жыршысы»⁴⁹ деген көзқарас айтылды. Мұндай тұжырымдар ақындардың

⁴⁸ Ш.Елеукенов, Ж.Шалағынбаева. Қазақ кітабының тарихы. А., 1999, 147-бб.

⁴⁹ Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т., 1-кітап. А., 1961., 53, 149-бб.

мұрасын одан әрі терең зерттеуге көлеңке түсіріп, кедергі келтірді.

Дулат пен Махамбет сынды аса көрнекті ақын-жыраулар шығармаларының рухы сол тұстағы әдебиеттің басты сипаттарынан өсіп-өрбіген. Замана шындығынан туындаған. Олармен тұстас, ертелі-кеш жалғаса ғұмыр кешкен көптеген қазақ ақын-жыраулары да сол әлеуметтік, қоғамдық тақырыптарға әр қырынан келіп, түрлі шығармаларын мұра етіп қалдырды.

Жаңа дәуір әдебиеті өкілдері саяси ағымдар ыңғайында жіктеліп, ақындардың саяси-әлеуметтік көзқарастары нақтылық сипат ала түскендігі көркем туындылардың дамуына да нақты әсер етті. Әуелі елдік рухты хандық құрылыммен астастыра танып, ел қорғау, батырлық, мәрттік, азаматтық кісілікті жалаулатып жырлаған әдебиет енді заман ағымына орай түрлі көзқарастар ағымына үн қосты. Хандардың, ақсүйектердің қазақ ордасын көркейтіп, Ресей патшалығымен, Қоқан хандығымен, Қытай империясымен ұтымды қарым-қатынасын мадақтаған, оны халықтың игілігі үшін жасалған қадамдар ретінде бағалаған толғау, жырлар, өлеңдер үлкен бір желіні құрайды. Әсіресе, сол кезеңдегі аймақтық дәрежедегі хандардың, кейінірек сұлтандардың ақ патшадан алған сый-сияпатын, сарайлар мен үй салуға алған жәрдемін, жер екең жерге билігі жүрмей қалған тұста әскери губернаторлық чиновниктерінен жайылымға, қыстау, күзеуге алған пұрсатаналарын дәріптеген әдеби туындылар да ел ішінде көп таралған еді. Біртіндеп жат жерлік отарлаушылардың пиғылдарына көзі жеткен тұста ұлттың, жердің, елдің жайын толғаған, балалардың келешегін ойлап күңіренген сөздер басым естілді. Негізінен осындай үлкен екі бағытта жүрген ақын-жыраулар толғауларының айналасында өзге де ағымдар желі түзген.

Жаңа дәуір әдебиетінің асқар шыңы – Абайға дейінгі эстетикалық таным желісі ішкі-сыртқы заңдылықтарымен сараланбады. Кейіннен әдебиет тарихында сарай ақындары, «Ұлт-азаттық жыршылары» деген атпен белгілі болған қарама-қайшы көзқарастағы әдеби ағымдардың барлығында да талантты, хас шебер тұлғалар тамаша туындылар айтып, жазып қалдырды. Қазақ қауымының өз ішінде аса зор маңызды сипатта өрістеген бұл саяси ағымдар кейінірек мүлде түмшаланып, ішкі саяси-әлеуметтік, көркемдік айшықтары жете сараланып ашылмады. Социалистік реализм әдебиетінің тұсында бұл кезең таптық тұрғыдан қаралып, біржақтылыққа ұшырады. Сарай ақындары тақырып жағынан да, таланттылық жағынан да біржола мансұқ етілсе, ұлттық мүдде, жер, ел, азаттық рухының жыраулары революция дауылпаздарына айналдырылды. Қазақ әдебиетінің

өз ерекшелігі, даму заңдылықтарының көркемдік табиғаты мен қауымның тарихи шындықтары мұндайда ескеріле бермегені аян. Өйткені ұлттық әдебиеттің өсу жолдары мен даму ерекшелігі тұтас интернационалдық социалистік ағымдағы үлкен әдебиеттің алдында жете бағаланбады. Барлығы бір социалистік мәдениет саясатына телінді де, солай қарастырылды. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму заңдылықтарының жан-жақты толық сараланбауының басты бір себебі де осы. Сөйтіп, небір талантты ақындардың ізденістері мен ерекшеліктері, ұлттық әдебиеттің ішкі толысу процесінің өзгешеліктері тәрік етілді.

Тұрпайы социологизм пәрменімен ескі хандық салтанатты көксеушілер, феодалдық заманның жыршылары, хан сарайын дәріптеушілер деген айдар тағылған небір талантты сөз зергерлері әдебиет тарихынан мүлде ысырылып тасталғаны мәлім. Әрине, олардың қатарында таланттылары да, парықсыздары да болды. Соның ішінде ұлттық әдебиеттің тарихи даму жолында үлкен орын алатын, қазақ әдебиетін көркейткен, идеялық-көркемдік тұрғыдан байытқан әрі тарихи деректілік жөнінен құнарландырған небір парасатты сөз ұстаған тұлғалар тұмшаланып тасада кетті. «Сарай ақындары» деген жалпы ат тағылған ол ақын-жыраулар мұрасы жан-жақты зерттеліп, әдебиет тарихы мен теориясынан өз орнын алатын уақыты келді. Нысанбай, Байтоқ, Жанұзақ сынды ақын-жыраулар есімдері мен шығармалары ауызға алынбаса, Дулат, Шортанбай, Мұрат, т.б. тұлғалар «ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихи процесінде өзге бағыт ұстаған ақындар»⁵⁰ ретінде, тарихи прогреске кертартпалық тұрғыдан қараған ақындар ретінде мінезді, қауымға «жат пиғылдылар» қатарына қосақталды.

Жүз, жүз елу жыл уақытқа жуық көзден таса, құлақтан жырақ қалып келген жәдігер – Сарай ақындарының шығармалары – әдебиеттің даму заңдылықтарын тануға, ұлттық сөз өнерінің терең дәстүрін саралауға мүмкіндік береді. Осы тараптағы зерттеулер бір жағынан, қазақ жырының ежелгі дәстүрлі тынысынан хабар берсе, екінші жағынан, қазіргі ұлттық поэзияның тарихи бейнелілік сипатын жүйелеуге жол ашады. Жәңгірхан туралы толғаған Байтоқ шығармалары сол ХІХ ғасырдың алғашқы, орта тұсында ертеректе айтылуы да ғажап емес. (Біздің қолымызға 1908 жылы тасқа басылған нұсқада жеткен жыр).

Атадан асыл туған Жәңгір хан!
Екінші Ысмайылдан алғыр хан!
Арғы түбін болжаған,
Атаның алмаған қонысын алып,
Онда сарай салдырған.

⁵⁰ Қазақ Совет Энциклопедиясы. Энциклопедиялық анықтама. А, 1988, 542-б.

Атадан артықшылығын содан білемін,
 Ол салдырған сарайдың
 Айналасы – айшылық,
 Көлденеңі – күншілік,
 Көргендер көзі қиып кете алмас,
 Кете алмасын содан білемін –
 Аспаннан борай да борай қар жауса,
 Басынан борасын борап өте алмас.
 Өте алмасын содан білемін –
 Әрбір өз нәрсеге ақы қойса,
 Дүниенің малын жисаң – жете алмас!

Қоңыр мақам, қолайлы ырғақ. Ашық айтып, жатық толғайды. Ұғынықты, әсерлі, құлақта қалатын сөз. Ауызекі әңгімеден биік, ырғақты, қуатты. Ешкі ішек қара домбыраның қоңыр сазы.

Ауласын асыл тастан қалатқан,
 Алпыс аршын бой тастап,
 Әрқайсысын айшық-айшық таратқан.
 Таратқан айшық басына,
 Бір-бір күмбез қадатқан.

Күмбездерін алтынменен сылатқан.
 Ауласының сыртынан,
 Адам бойы орлатқан!
 Орлатқаның ішінен,
 Әлемін терек орнатқан.

Бағанасын асыл тастан қақтырған,
 Мұнарасын кетпес сырдан жақтырған,
 Мұнараның көркі болсын деп,
 Бұрмалап бұлақ ақтырған.
 Бұлақтың көркі болсын деп,
 Балықтың ұрығын таптырған,
 Балығы тайдай тулаған,
 Бақасы қойдай шулаған.
 Пақырлар сонда күнелтіп,
 Балықтарын аулаған.

Дала қойнауындағы, Нарынның бұйрат-бұйрат күмдарындағы, Еділ-Жайық арасындағы нудағы сәулет елестеп өтеді. Көз алдымыздағы жатаған үй, жадау төбелер төңкеріліп түскендей, айғырдай тулаған алтын балықтар екі судың тұнығын кезек шайқап ішкендей.

Пақыр-міскін қамы үшпін,
 Бақшалар қандай ектірген,

Жетпіс түрлі ұрығын дәнін төктірген.
 Әрбірін бір-бір қолға күттірген.
 Ауласының сыртынан
 Айнала соққан тас сарай,
 Тас сарайдың ішінде
 Аспанменен таласқан,
 Асыра төбе ақ сарай.
 Атасына нәлет шебердің
 Алтын менен күмісті
 Балшықтай етіп соққаны-ай!
 Балшықтай илеп соққаны-ай!

Рас. Орданың егесі сол заманда Мәскеуден шебер алдырғаны да рас. Ол шебердің алтын-күмістей жарқыратып ақсарайды сырлағаны да рас. Сол байлыққа насаттанған, масаттанса да, «атаңа нәлет шебердің алтын менен күмісті» аямай, балшықтай илеп, күмбез-шатырға төгіп-шашып соғып жатқанын көрген қыр қазағы не десін!? Әрине, солай дейді! Бұл жырдағы тарихи деректіліктің жөні бөлек. Суреттелген жайлардың, көріністердің барлығы тарихи мағлұматтармен дәлелденетіндей, басқа да жазбалардың дәйектерімен нақтыланатындай тарихи шындық. Поэзия мен тарихи шындық үйлесімділігі әдебиеттануда аз қозғалып жүрген, арнайы зерттеуді қажетсінетін зәру тақырып.

Тарих таңбасына айналған жоғарыдағы жырдың жақсы сөздері де, жадағай жолдары да анық көрінеді. Бұл жырдың көркемдік өзгешелігінен де өзге қасиеті басым. Қазақ жерінде көне шаһар да, ежелгі ғимарат, сән-салтанат та көп. Бірақ көз тоқтатары аз, көбі көңілде, құмның ішінде, топырақтың астында. Мына жырдың әуелгі қасиеті қазақтар қолымен салынған сарай, шаһардың салтанаты, мәртебесі, байлығы туралы деректерді сақтап жеткізуінде. Әдеби туындының бір ақталған мүддесі де осылар болса керек.

Философиялық ойшылдық та табылады.

Айдан жарық нәрсс жоқ,
 Қараңғы түнек батқан соң,
 Арысланнан күшті жәндік жоқ,
 Алақандай тері екен,
 Мергендер қос өкпеден атқан соң, —

дейтін де осы жырау. Тұрмыстық тірлікті ерекшелеп:

Мәскеуден шебер алдырған,
 Қонаққа сарай салдырған,
 Төсегін сары алтынға малдырған, —

деп толғаған да осы жырау.

Бұлдыр-бұлдыр бұлдыр тау,
 Бұлдырап қалар елден соң,
 Бұлбұл үйрек, бұл үйрек,
 Бұлдырап ұшар көлден соң,
 Көл жағасы көк терек,
 Көктеректің сәні жоқ,
 Басындағы гүлден соң, —

дейтін де осы жырау. Бұлдырықтай бұлдыраған дүние сыры.

Бұл сарай ақыны атанып кеткен кәдімгі Байтоқ жырау.

Дерекке сайсақ, «Алаш Байтоқ жыраудың Жәңгір хан дүниеден қайтқан соң айтқан сөзі». Сол үлкен толғамды топтамадан алынды. Жәңгірдің 1845 жылы дүние салғанын еске алсақ, шығарманың толғанған уақыты да айқындалады. Бұдан да көркем, әсерлі сөздері бар. Байтоқты атай отырып, Байтоқ заманының жыраулық мектебін айтпасқа болмас. Сол маңда Жанұзақ шешен тұр. Байтоқтан арғы-бергі, тұстас ақын-жырау, шешендер дәстүрі сезіледі. Бұл өзі арысы Алтын Орда, Ноғайлының сөз мәдениетімен қанат қағысып, күйрық тістескен, үлкен бір ақындық мәдениетпен үзеңгілес қазақтың ұлттық поэзиясының өзгеше бір өзекті дәстүрлі мектебі.

Сонау бір тұрған Нарында,
 Нарынның қызыл құмында,
 Алпыс бөлме, жүз есік,
 Салынған екен Көк орда!

Ордадағы хан ордасы Шәңгерей жырында осылай қылаң береді. Сол тұста, хан ордада «Бағанасын лағыл тастан қақтырған, Төбесін шым алтынмен жаптырған» (Байтоқ) мешіт жамиғаттарының ортасында «Қырымнан келген қырық қажы, қырық қажыға бір қазы» жүрген... Кете Боран жырау сөзінде де тарихтың сом суреттері сол бір Махамбеттер тұсындағы, оның алдындағы біраз шындықтардың шымылдығын қамшымен түреді. «Теңіздің бойы көп кардон» заман көзге елестейді.

Азиатский аз ғана елге бас болып,
 Патшаға боданный қонақ дос болып,
 Қонып едің қонысқа!
 Бұрын менің қонғаным белгілі еді,
 Петербор менен Мәскеуден бергі жердегі орысқа.

Ежелден мәлім «бодан» мен кейінгі ұғым «подданныйды» қалай қиыстырғанын айтып-айтпаса да аңғарылады. Бұл жерде жырда суреттелген кезең, уақыт белгісі қанық шыққан. Бізге керегі де

сол. Жайықтан арғы сол бір құтты мекен, құнарлы жер жайы емес пе бұл сөз?!

Қазақтың қоныс жылжытып, өріс кеңейткен бір тұсының әңгімесі емес пе?! Қоныс тарылып, өріс өлшеуге түскен кезең шындығы. Еділ-Жайық арасындағы ордалы жер тағдыры. Қалмақ кетіп, қазақ жеткен күндер. Жәңгір кезіндегі, одан бұрынғы Жер саясатының ақиқаты құжаттарда хаттаулы. Оны қайталап жаңғыртып сөз етпелік. Әдебиет пен әдебиетші үшін бұл тұстағы керек дәйек сол тарихи құжатты құбылыстардың әдеби туындыларда, толғау сөздерде нақтылы көрінгендігі туралы тұжырым. Көркем сөздің көркі мен тарихи тәркіні бірдей өрілген тұғыры берік, яғни сол тұстағы қазақ әдебиетінің қара жерді тең басқан жүйріктігін білдіру. Сөз тәркіні сонда. Тілдің шешен, жырдың жүйрік болмауға лажы да жоқ еді. Қазақ жайсандарының табанынан атамекен Жер жылжып, маңайынан «алаң да алаң жұрт», атажұрты Ел көшіп бара жатқан кез еді. Ол әдебиеттің аты— Ел сыры, заты — Жер жыры.

— Кешегі атамыз Бөксей барлықта,
Бү күнде сізбен қалғанда,
Патшадан келген жарлық па?
Иә болмаса, өзіңіз еткен тарлық па?
Болмаса, теңіздің бойы көп кардон —
Мұның еткенің зорлық па?!

Сұлтанның осындай сөздерін естіген соң, губернатор ақылынан адады (яғни ақылынан адасты).

Адағанда берген жауабы:

— Уай, сұлтаным!
Іздегенің қоныс па?
Таласқаның орыс па?
Таласқан сізбен орысты,
Тапсырайын зор іске.
Жібереің алысқа!
Ақтөбе бозан суда бар,
Алғара қиғаш нуда бар.
Қолыңа қағаз берейін,
Жаныңа ал да, тура бар!
Сұраса ханың патшадан.

... Көмірткен мұндай қоныс қайда бар?!
Қағазын қолға алады,
Мұрады мың болады.
Кермиығым, менің кербезім,
Керіскедей сырты сұлу шандозым!

Шандоз болып, шат болып,
Елге қарап қайтты енді.

Иә, сұлтанды мадақтаған жыр.

Неге мадақтағаны да мағлұм. Қоныс, жер жайын «шешіп» келді сұлтаны. Осы тұстағы енді бір ақындар жырларында кездесетін «Мәскеуден шебер алдыратын», Стамболдан, Темір қапыдан, Ираннан, ажам елінен, үнді, қытайыңнан керуен тарттырып, Бақшасарайдай сәулетті «салдыратын», салтанат құрдыратын «поэзиялық» тарих деректерін тізбелеу шарт емес шығар. Осының бәрі бізге жыр жолдарымен жеткен ақиқаттар. Белгілі толғамдар.

Айт десеңіз, айтайын,
Можовой салған жеріңнен,
Ит терісі булантпен,
Патшаның тура өзінен берілген! –

дейді жырау Жанұзақ «Можовойы», межелеп белгілеудің «орысшасы». Шекаралап, «межевой» белгі салу. Өлең сөзге килігіп, «кіріге» бастаған бөтен сөзді де уақыт нышаны санаған жөн. Беріде ондай-ондай орысқолды сөздер ірі ақындардың шығармаларының өзінде кездесе беретін болды. Бұл жырлардың үзіктерін келтіргендегі мақсат – Ер Махамбеттер заманының көріністерін көзге бір елестетіп өту ғана. Енді қазақ жырауларының толғаулары Шаһрезаданың таңғажайып хикаяларындай емес, оған қарағанда, тарихи қисын, тағдырдың талайлы оқиғаларына, тебіреніске кенелген. Сол жыраулар сөзін оқыған сайын қазақтың қалың тарихының қатпарлы қалтарыстары жазыла түседі. Осы тарихи шындықтардың түйінді бір байламы Исатай-Махамбет тағдырынан тарқатылады.

Құжаттар мен әдеби мұрағат деректерінде Жәңгірдің Ресейдегі патша ағзаммен қатысы, Байтоқтың сарай ақыны екендігі туралы әңгіме, тарихи-әлеуметтік талдау, сынау-мінеу кездеседі. Байтоқ сынды ақын-жыраулардың күйреген Орда, күн астында күңіренген заманның күресініне көміліп қалғаны да шындық. Мәдениет пен саясаттың түрлі қоғамдық құрылым дәуірлеріне сай құбылып отырғандығы, заман аунап түскен сайын қазақ сөз өнерінің тарихына жасалған «түзетулердің» қаншалықты қыңыр тартып келгені қазір тәуелсіздік жылдарында ғана толық сезініп отырған ақиқат. «Сарай ақындары» хандықты, қанаушылықты аңсаған ақындар деген үкім әдебиеттің дәстүр желісін үзіп, көркемдік мәртебесін әлсіретті. Ұлттық әдебиеттің тарихилық-көркемдік негізін жадағайлап, жоғалтып жіберді. Небір троптар,

мен поэтикалық жаратындылардың асылдарын сіңірген тұтас бір жарты әдебиет әлемі зерттеушілер мен тарихшылар назарынан түсіп қалды.

Әдебиет тарихы, әдебиеттің көркемдік даму заңдылықтарын түсіну үшін Байтоқ та, Дулат та, Шортанбай да, сөз тізгінін ұстаған қазақ ақындарының барлығы бірдей қарастырылғаны дұрыс еді. Көпке дейін олай болмады.

Өздері өмір сүрген дәуірдегі адамдардың әлеуметтік портреттерін сомдауда **Жанкісі бидің** (1770-1835), **Жанак Сағындықұлының** (1770-1856), **Түбек Байқошқарұлының** (1780-1870), **Сүйінбай Аронұлының** (1822-1895), **Мәделі Жүсіпқожаұлының** (1816-1888), **Өске Торқаұлының** (1788-1857), **Қобылан Бөрібайұлының** (1760-1840), **Шөже Қаржаубайұлының** (1808-1895) тілі ұтқыр, ойы өткір өлендері маңызды орын алады. Сондай-ақ әлеуметтік-саяси тақырыпты ашық толғауымен ерекшеленеді.

Әлеуметтік портреттер туралы сөз қозғағанда көбінесе сол замандағы хан, қарашының бейнелерін, мінез-кұлқын, пиғылын саралап сипаттау, мадақтау, иә мазақтау мәнінде айтылған көркем сөздер, жырлар есте тұрады. Ақын-жыраулардың ірілі-ұсақты ел тізгінін ұстаған бек, төрелерге айтып салған батылдығы, өрлігі мен ерлігі ретінде ауызға алынады. Абылай, Жәңгір, Тезек төре, тағы басқа ақсүйектерге қатысты әлденеше ақындардың әлдебір айтқандары жақсы таныс. Бұл, бір жағынан, таптық күресті айқұлақтандырып алға тартуға тырысқан социалистік реализм әдісінің де шалығы, шұқшия үңіліп жинаудың арқасында кезінде ол тақілеттес біраз шығармалар жиналып, талданған.

Сұлу қыз, жүйрік ат, адал дос секілді ұлттық санада әуелден ерекше түзілген ұғымдарға сәйкес поэтикалық портреттер жасау ежелден қалыптасқан дәстүр. Сұлу жар, ақ ару бейнесі сонау түркі замандарынан қалған әдеби шығармалардан бері жақсы таныс. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінде ондай үздік үлгілер де баршылық. Сақау Мәукеұлының (1798-1875) хас сұлуды, асыл ер жігітті суреттеген өлендері осы тұрғыда құнды, көңіл тебіренерліктей көркем.

Сұлудың:

Сұңғақты аққу құстай мойны болсын,
Сызылған әдепті әзіл-ойыны болсын.
Мамықтан майда тиген оттан ыстық,
Ақ уыз, жұпар иіс қойны болсын, —

деп сөзден кесте зерлейді Сақау жырау (Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасы. Сирек қолжазбалар қоры. №492

топтама). Оның Торайғыр биге айтқаны да сол тұстағы әдеби дәстүрдің ұтымды үлгісі. Дегенмен, осы кезеңдегі поэтикалық портреттер, сымбаттама толғаулардың басты ерекшелігі әлеуметтік, саяси сарынның басым көрініс беретіндігі.

XIX ғасырдағы қазақ ақын-жырауларының ішінде аты аталса да шығармалары көп сақтала қоймаған, сондықтан да болар ғылыми талдауларда да жете зерделенбеген тұлғалардың бірі Арыстанбай Тобылбайұлы (1811-1880). Арыстанбай ақынның ұзақтау бір толғауы «Бес ғасыр жырлайды» кітабының екінші томында жарияланып, өмірбаянының қысқаша деректері келтірілген. Шоқан Уәлиханов⁵¹ «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларын Арыстанбайдың жете білгенін, жақсы жырлағанын бағалап жазып кетіпті. Ақын өз тұсында Шөже, Орынбай, Серәлілермен айтысып, ол айтыстары жазылып таралған. Арыстанбай **Орынбай Бертағыұлымен** (1816-1891) айтыста жеңіліп, жеңілгендігін мәрттікпен мойындайды.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында жасаған ақын-жыраулардың түрлі сөздерінде мағыналы тарихи-тұрмыстық белгілер жақсы байқалады. Олардың ой тармақтарынан, сөз толғауларынан әрідегі ноғайлы-қазақ баһадүрлерінің, Қазтуғанның, Доспамбет ағаның асыл орамдары қылаң берсе, берідегі жаңа әдебиеттің айшықты өрнектері өмір мәселелеріне жақындатып, өзгеше көкейкестілік дарытып тұрады.

Айтыс, сал-серілік секілді қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлі мектебінің өкілдерінің шығармаларында әлеуметтік портреттер мен сыни көзқарастағы сарындардың басым көрінгендігі туралы сөз еткенде Шөже сынды аса көрнекті тұлғалардың көпқырлы, мол дарыны тілге оралады. Жастайынан айтыспен аты шығып, осы арқалы өнерден алыс кетпеген Шөженің қоғамдық-әлеуметтік тақырыптағы шағын өлеңдері, мірдің оғындай нысаналы сөздері әдеби ағымның да сол тұстағы ерекше белгілерін танытады. «Арқаның өлең айттым беглеріне», «Көзіме он жеті ақын түк қылған жоқ»⁵² дейтін Шөженің өткір сөздері талай-талай көрсоқыр, надандардың құтын қашырған. 1817 жылы дүниеге келіп, шамамен ғасыр соңына дейін сөз ұстаған Шернияз Жарылғасұлының⁵³ шығармашылық ұзақ жолы ақындық даралығымен қоса, сол тұстағы ұлттық әдебиеттің даму барысындағы ортақ заңдылықтарды да аңғартады. Шернияздың Баймағамбет сұлтанға қатысты кекесінді, уытты толғамдары әлеумет арасындағы жалпы ахуалдан да хабар береді. Қыздарын

⁵¹ Ч. Уәлиханов. Собр. соч. в 5-т. А., 1984, 1 т., – стр., 281.

⁵² Бес ғасыр жырлайды. А., 2-т., 1984., 42-б.

⁵³ Сонда, 22-б.

мадақтап елжіретіп, өзін сынап сабырын қашырып отырып көп мәселені ашып тастайды. Шернияздың Махамбетпен достығы, ұлт-азаттық қозғалысының жанашыры болғандығы, сол үшін сүргін кешкені жеке адам тағдырының тәлкегі емес, керісінше сырлас, рухы үндес суреткерлердің, ақын-жыраулардың шығармаларынан көрінген сол заманның уытты шындығы. Сал-серілік дәстүр өзегіндегі мұраларынан өзгеше көркемдік сән-салтанат қылаң беретін атақты Сегіз серінің де осындай ұлт-азаттық, әлеуметтік сарындарға үн қосқандай тебіреністерінің тарихи мән-мағынасы да сол құбылыстарға шендесе бой көтереді. Бұл заңдылықтар сол тұстағы ірілі-ұсақты ақын-жыраулардың барлығының да шығармаларынан түрлі деңгейде, біреуінде басым, екіншісінде пәстеу болса да орын алған. Қоғамдық-әлеуметтік сарындардың әр ақын шығармаларынан тұтаса көрініс табуы жаңа әдебиеттің заман ағымы тудырған ортақ сипат-белгілері. Жас шамасы мен өмір сүрген кезеңі Шерниязбен шендесетін Мәделі Жүсіпқожаұлының Шығыс әдебиеті дәстүрінде түсірген өлеңдерінің өрнегі өз қырымен ерекшеленеді. Бұл ақын да өз замандастары секілді қазақ ақын-жырауларының салтымен айтыстарға қатысып атын шығарған, өнер сынасқан, сал-серілік тақырыптағы жырлар қалдырған. Шығыс, түркі әдебиеті мектебінен үйренген, хат танып білім игерген Мәделінің ақындық даралығы да осы білімі мен қабілет негізінде туындаған секілді. Жазып шығаруға да, ауызша суырып-салмалыққа да бірдей Мәделінің жазғандарынан сөз ұстартудағы өзіндік мәдениет ізі анық байқалады.

«Тұлпардан есек озып бәйге алып жүр,
Бұл күнде заман кетті теріс айналып»,⁵⁴—

деген мағынадағы жолдар өз дәуірінен көп ғасырлар бұрынғы түркі, мұсылман әдебиетінің ақырзаман хақындағы, заманның азуы жөніндегі күңіреністерінен хабар береді. «Бұл күнде болыс болмас туғаны жоқ», «Билігін әділ төре бұруы жоқ», «Ел-жұртқа қызмет қылып жүруі жоқ», «Тышқанды елу басы болыс сайлап» деген секілді бейнелі де ашық айтылған өлең жолдары Мәделі Жүсіпқожаұлының мазмұнды мұрасының басты көзқарастарын алға тартады. Мәделі толғамдары өзінен кейін жасаған әйгілі тарландар Майлықожа, Молда Мұса тебіреністерімен сарындас.

Іс-қимылдың, шалт әрекеттің жыршысы (М.О.Әуезов) Махамбеттер мен жырларында саяси көзқарас пен сарашылдық басым көрінген Дулаттарға қарағанда Мәделі, Майлықожа

⁵⁴ Ертедегі әдебиет нұсқалары. А., 1967, 143-б.

толғайтын әлеуметтік-ақлықаттық сарынның лебі оқшау еседі. Шығыс саздарының орамдарының ықпалы, имандылық-ақлықаттық ынғайдағы оқығандығы айқын аңғарылып тұратын Мәделінің де шығармалары көркемдік бітімі жағынан қаншама оқшау түсіп, ерекшеленсе де рухы, мақсаты тұрғысында қазақ әдебиетінің сол тұстағы арынды азаматтық, елдік ағысынан ұзап кетпейді. Әдеби мектептері түрлі ынғайда түзіліп, өрнектері әртүрлі деңгейде көрінсе де, барлығының елдік, ұлттық рухы бір арнадан табысып жатады. Шығармаларынан өз дәуірінің лебі басым сезіліп тұратын Майлықожаның ақындық дәстүрі, мектебі өз алдына оқшау көрінеді. Шығыс дүниесінің танымдық-ғақлиялық сарынды әдебиетінің әуені Майлықожа өлеңдерінен терең өзек тартқан. Ақылмандық-философиялық толғамдар қанағат һәм имандылыққа баурайды. Дүниенің қадірін, тіршіліктің баянсыздығын аңғартады.

Дүниеден кедей де өтті, бай да өтті,
Сансыз мал қисабы жоқ айдап өтті.
Баяндап қай адамға тұрар дүние,
Өйтпесе, бұрынғылар қайда кетті!?

Дүниеден момын да өтті, залым да өтті,
Залымдар момын хақын алып өтті.
Дүниеге ешкім баяндап шығысқан жоқ,
Бекер басы күнәға қалып өтті.⁵⁵

Сонымен қатар, Майлықожа Сұлтанқожаұлының замана зары, отаршылдық қасіретін жеткізген күңіреністі толғамдары осы дәуірдегі ұлттық көркемсөздің басты бағытын аша түседі.

Жалпы, XIX ғасырдағы, оның алғашқы кезеңіндегі ақындық мектептер мен шығармашылық ағымдардың құбылыстары, кешенді түрде трансформацияға (өзгеру, ауысу) ұшырауы байыптап үңіліп, арнайы қарастыратын ғылыми мәселе. Әдетте, сал-серілік әдебиет дәстүрі, айтыс дәстүрі не мектебі, жыраулық пен ақындық, шешендік толғам секілді сараланып келген біршама шартты көрінетін әдеби бағыттар, негізінен, көркем-әдеби шығармалардың сыртқы сипатына, жанрлық ерекшеліктеріне сүйене жіктелгені мәлім. XIX ғасырдағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайлардың шиеленісуі, әдеби шығармалардың жаңа сапаға ұмтылысы әдеби мектептер мен дәстүрге де ықпал етті. Ол бір жағынан шығармалардың көркемдік-жанрлық бітімінен байқалса, екінші жағынан авторлардың қоғамдық-әлеуметтік көзқарастары арқылы өрбіді.

⁵⁵ *Майлықожа. Дүние-ай. 2-кітап. Шымкент, 1993, 9-б.*

Алмажан Азаматқызының (1823 ж. туған) «Жетім қыз» поэмасы сол кезеңнің тарихи-әлеуметтік шындығын көркем бейнелеуімен ерекшеленеді. Поэmanın өмірден туған толғамдары, қауым ортасында орын алған типтік ахуалдың толымды суреттелгендігі осы шығарманы даралап тұр. Ақын қыз өз атынан баяндалған туындысында басынан кешкен оқиғалар арқылы әлеумет ақиқатын айқара, шынайылықпен көрсетеді. Алмажан Азаматқызының тағдыры Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық қозғалысымен тікелей байланысты. Әкесі Азамат сол қозғалысқа қатысып, ұлт-азаттық бостандық жолында қаза болған. Поэма осы трагедиялық жағдайдан кейінгі ақын қыздың ауыр тағдырын сөз еткен. Нарындағы атақты да ауқатты тоғыз бидің олардың жетімдігін, панасыздығын біліп, мал-мүлкін иемденіп қалуға ұмтылысы, ел ішіндегі белді жуандардың Алмажанның өзін күң, інісін құл етпек ойы, ақыры жас қыз бен баланың Жасқұстағы Ханордаға пана іздеп, араша аңсап жетуі, бірақ онда да сол зорлық-зомбылық ниеттің торына шырмалуы сенімді де көркем суреттелген. Шығарма заманның әлеуметтік уытты шындығын шынайы да терең жырлауымен әсерлі. Көркем, тың ойларға толы. Алмажанның інісін жұбатып, жігерлендіруі сол тұстағы поэзиялық шығармалардың ең бір ұтқыр, көркем тұстарының бірінен саналады. Қанаттасым, жалғызым, жылама, жасыма дей келіп, ақын қыз бауырын:

Жылағаның қоймасан,
Кешегі кеткен әке-екен,
Балапан болып жүзбей ме,
Көзіңнен аққан жасыңа!?

Көзіңнен аққан қанды жас,
Араласып у болды,
Ішейін деген асыма! –

деп жұбатады. Шынайы да, терең сезімге толы жолдар. Шығарма бейнелі, суретті сөзге бай. Барынша көркем. Поэмадан жыр дәстүрінің суретті сөз кестесі шеберлікпен өрбіте қолданылуымен қатар, тіршілік көріністерінің шынайы оқиғасын байқау қиын емес. Көлемді шығармада құзғын ниетті адам құлқының ішкі рухани дүниесінің жүдеулігі, қатыгездік пен парықсыздықтың қанды шенгелі нақты сипатталады. «Жетім қыз» поэмасы осындай көркемдік ерекшеліктерімен әдебиет тарихында өзіндік орнымен көрінеді. Поэма жанры негізінен жаңа дәуір әдебиетінің құбылысы десек, «Жетім қыз» шығармасы сол жаңа лептің алғашқы нышандарының қатарында бағаланады. Өкінішке орай, ақын қыздың өзге шығармалары сақталмаған.

«Жетім қыз» поэмасының әлеуметтік-көркемдік сипаттары ақын қыздың талант қарымын танытумен қатар, реалистік әдебиеттің сүбелі туындысы екендігі анық. Поэмада бірнеше мәселелер астаса көрінеді. Ұлт-азаттық қозғалысына қатысып, қаза болған Азаматтың қаршадай ұл-қызына деген өшпенділіктің әлеуметтік астары, кектің уыты айқын, сондай-ақ әлсізге деген әділетсіздік, мал-жанына көз тіккен қорқаулық тағы бар. Соның барлығы астаса келе, сол кезеңнің ащы да трагедиялы шын келбетін көзге елестетеді.

Болыстық сайлауда ұтылып, қыжылын қарапайым жұрттан қайтарып жүрген Асаубай мен Байшүленді, «Кететін жол үстінде қақтықтырып, Орыс шенін бермеген саған мен бе?!», – деп мінейтін Өске Торқаұлының шығармалары да тақырып жағынан негізінен тұрмыстық сазды қозғаса да ірі-ірі әлеуметтік-психологиялық мәселелерді толғайды. Ақын шығармалары «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985), «Бес ғасыр жырлайды» (2-т., 1985) кітаптарында жарияланды. С.Мұқанов, М.Хәкімжанова ақын мұрасына назар аударған. 1788 жылы Қостанай жерінде дүниеге келіп, 1857 қайтыс болған Өске ақынның ащы мысқыл, қырғи тілді шешендігі қысқа өлендерінің қалың елдің ішінде кең тарауына себепші болды. «Жаппаста байлығы асқан Жарасбайсың!», «Балқожа биге айтқаны», «Ассалаумағалайкүм, би Наурызбай!», «Жарасқа еріп жүрген Жантақайсың» секілді туындылары іс-пиғылды әшкере етумен бірге, мінез-құлықты типтендіруімен із қалдырған мұралар.

XIX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көркемдік ағымдарында өзіндік оқшау үнімен, қолтаңбасымен із қалдырған бірқатар ақын-жыраулардың қатарында **Қабан жырау Асанұлының** (1733-1824 жж.) көпқырлы таланты, **Жанкісі жырау Өтемісұлының** (1770-1835 жж.) сыншыл көзқарасы, **Абыл жырау Тілеуұлының** (1777-1864 жж.) азаматтық тегеуіріні белгілі бір идеялық-көркемдік бағыттарды мегзейді. Бұл кезеңдегі ақын-жыраулардың ортақ ерекшеліктері дәстүрлі жанрлар айтыс, толғау, арнаулардан көрінсе, даралық белгілері тақырып, ақындық бейнелеу, поэтикалық өрнектер орайында жарқырай ашылады. Әдеби шығарманың ағымдағы өмір шындығына бетбұрысы айқындалып, жаңа әдебиетке тән көкейкесті көзқарас алға шыққан сайын жекелеген ақын-жыраулардың да тұлғалары дараланып, әрқайсысының қолтаңбасы өз ыңғайында түзіле түскен. Жеке жыраулардың суреткерлік даралығы әдеби жанрлардың табиғатына жаңа леп әкеле бастаған еді.

ІРІ ЖАНРЛАРДЫҢ ІШКІ ТҮРЛЕНУІ. Поэзияның ірі жанрларында іштен түлеу үрдісі белең алды. Тарихи жырлардағы

эпикалық қарымдылықтан гөрі, оқиғаның байыбын суреткерлікпен парықтау секілді нақтылық жаңа сипатты жанрлардың, атап айтқанда оқиғалы жыр, дастан, поэмалардың заманы туғандығын барынша сездіре түсті. Өмірге жақындық, өміршендік белгілері ондай туындыларды халыққа, тыңдаушыға, оқырманға барынша жақындата түскен. Сондай туындылардың бірі – Адайдың Балуанияз батыры туралы тарихи жыр. Бұл әдеби мұра «Адай Балуанияз жауда өлгенде айтылған сөздер» деп аталады. Бір ғана тарихи оқиғаға арналған туынды. Қолда бар там-тұмдаған сараң деректерге, мағлұматтарға қарағанда, өмірде болған жайларды арқау еткен. Ол жырдың мазмұнынан, көркемдік бітімінен де аңғарылады. Жырлаушы өмірде болған, көзімен көрген жайларды толғап, нақтылыққа ұмтылып, әдеттегі эпикалық тынысты әсірелеуге аса құлшына қоймайды. Мұрат ақынның жырлауындағы нұсқада бұл туындының көлемі шағын (406 жол), әдебиет тарихында Нұрым жыраудың жырлаған мәтіні ретінде кең танылған. Мұрат бұл жырды атақты Нұрымнан естіп, үйренген секілді. Нұрым Шыршығұлұлы өз заманының өте әйгілі, көрнекті жырауы. Атақты Абылдан тәлім алып, ұстаз тұтқан өзі де Мұрын жырау секілді алапат дарындарды тәрбиелеп қалдырған дәстүрі, мектебі бар тұлға. Абылдың өзі «Сен бізден кейін елге жыршы боларсың!», – деп бата берген Нұрым жырау. Нұрымның жаугершілік замандардағы Маңғыстаудағы соғыстар мен батырлар туралы «Тоғыз ауыл», «Балуанияз дастандары» бар екендігі белгілі.

Мұрағат орындарында Балуанияз туралы дастандардың ел ішінен жиналған әлденеше қолжазбалары сақталған. Қазақстан Республикасының Орталық ғылыми кітапханасы сирек қолжазбалар қорында сақтаулы тұрған үш шағын қолжазба негізінен осы жырдың мәтінін қайталайды. Кәдімгі оқушы дәптеріне сиямен латын, кириллица «әліпбилері» бойынша, сарғыш қағаз парақтарына қара қарындашпен араб «әліпбиі бойынша» көшірілген қолжазбалар. Оның бірін Қонысов Нұрғали жинап жазып алып, – 1940 жылы, екіншісін Бисен Сариманов Нұрым Шыршығұловтан жазып алып, 1941 жылы тапсырған. Үшіншісін – Р.Малабаев, 1947 жылғы экспедиция кезінде Батыс Қазақстанның Қаратөбе ауданы, Сәуле колхозының мүшесі Қалмағамбет Жамболовтың аузынан жазып алып тапсырған, көлемі 352 жол, («1947 жылғы экспедиция» деп көрсетілсе де, қолжазба басында «1946 жыл» деген дата қызыл қарындашпен қоса жазылған). Жақсы сақталған, негізінен ұқыпты, таза көшіріліп жазылған қолжазба нұсқалар. Баспа бетін көрмеген. Көлемдері қарайлас болғанымен әртүрлі, бір-бірінен елу-алпыс, қырық тармақтан (өлең тармақтарының саны) айырмашылықтары бар. Кей тұстарында жыр жолдарының орны ауысып түскені, бірді-екілі жаңа тармақ, сөздер қосылып отырғаны болмаса, мәтіндері

өзара бірдей. Тақырып атаулары әрқалай, жырлаған, жазып алған адамдар да әртүрлі. Соған қарамастан, өте ұқсас келуіне қарағанда, кезінде ел ішінде жақсы тарап, танымал болған туынды, оның үстіне айтушы, жазып алушылардың бәрі де 1908 жылы баспахана жолымен Қазан қаласында тасқа басылған мәтінді білген секілді. 1908 жылы Қазанда⁵⁶ жарық көрген мәтінді негізгі тарихи нұсқа ретінде қараған жөн. Ақындық, жыраулық өнердің жүйірігі Мұрат ақынның аузымен жырланған, әрі баспа бетін көрген алғашқы нұсқа.

Қалың қазаққа таныс-бейтаныс Балунанияз (Балуан Нияз) кім? Жырдың тарихи нақтылығы қандай деңгейде? Балунанияз Маңғыстау түбегінде ғұмыр кешкен, адай жұртының белгілі батыры. 1818 жылы туып, 1856 жылы жаумен шайқаста қаза болған. Қараған Босағадағы батырдың қабірінің басында еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін (1992 ж.) күмбез тұрғызылған екен. Жырдың нақтылық табиғаты, поэтикалық ерекшелігі нақты тарихи оқиғаға қатысты жазылғандығын айғақтайды. Жырлағанда да Мұрат жырау отызында орда бұзып, қырқында қырға шыққан тұлғаның тегеурінін байқата сипаттаған. Онда Балунанияз, 1818 жылы туған десек, 1856 жыл шындыққа үйлеседі, отыз сегіз қырық жастағы батыр сол соғыста қайрат көрсетіп, қаһармандық танытып, қаза болады. Р.Малабаев тапсырған қолжазбадағы: «Балуан Нияз – Адай, балықшы руынан. Тұрмағамбет батырдың (Балуан Нияздың – А.Е.) баласы, жыр Тұрмағамбеттің аузынан жырланған секілді» деген болжалды байқауы бір дерек көзі. Тұрмағамбет (енді бір жерде – Тұрмамбет) Балунанияздың баласы болса болар, жақын, қадірлі-қастерлі адамға деген ықылас сезіліп тұр, әйтсе де жыр үшінші жақтан («Саудагер ертіп қасына, Тұрмағамбет барды базарға...») жырланған.

Шағын әдеби мұраның әдебиет үшін бірнеше мәнді сипаттары бар. Көркемдік бітімі жағынан шымыр, бас-аяғы жинақы, тіл өрнегі кестелі туынды. Мұрат Қаланияз сынды жыраулар аузынан келісімін тауып, бабына келіп таралғандығы байқалады.

Жыраулар дәстүрі мен жаңа әдебиеттің аралығында күрделі ақындық-эстетикалық процесс өтті дедік. Жыр сол тұстағы ұлттық шығармашылық өнердің көрігінде түзілген. Бұл әдеби-көркемдік түлеп-жанғыру заңдылығы XIX ғасырдың алғашқы жартысында барынша айқын көрінді (Махамбет, Дулат, Майлықожа, т.б.). Тарихи жыраулық мектептерінің тынысына жаңа ағымның, жаңа дәуір әдебиетінің айшықтары кірігіп, жалпы әдебиеттің табиғаты түлеп-түрлене бастады. Сол терең ақындық таным дүниесінің түрлену белгілері «Адай Балунанияз жауда өлгенде айтылған сөздер» жырында жақсы көрінеді. Қазақ әдеби

⁵⁶ Мұрат ақынның Ғұмар Ғазизұлына айтқаны. Қазан: Типография т.д. Братъя Каримовы, 1908, 19-б.

мұралары, ел аузындағы аңыз, жырлар ел тарихындағы оқиғаның белгілі бір көркем шежіресі. Бұл да сондай тарихи мұралардың қатарындағы ескерткіш. Маңғыстаудағы түбектің жұрты базарға шыққанда, түркпеннің Бөрі батыры екі жүз қаралы жасақты қол бастап, елді жауламақ болады. Жырда оның алдында Маңғыстауды шапқаны туралы айтылады. Базарға шыққан жолында жат қолын байқап қалған Тұрмағамбет ел ішіне қайта оралып хабар береді. Балуанияз, Асар, Балта, Кенжебек, Серғазы батырлар бастаған адайдың алпыс азаматы (айтушылар жырда «Адайдың алпыс батыры» деп көркемдеп дәріптейді) жат пиғылды Бөрінің күші басым қолын жеңеді. Ел-жер аман қалады. Тарихқа жүгінсек, мұндай оқиғалар болып тұрған. Оны былай қойғанда, қазақтың әр аумағындағы ағайын ішіндегі барымта-сыдырымталарды еске алайық... Бұл соғыстың мәні бөлек, жер үшін жан беріп, жан алысқан заман. Балуанияз осы шайқаста шахид болады. Тарихтың осы бір суреттерін ел жадында қалдыру арқылы да жыр өз үдесінен шыққан.

Негізінен шынайы өмір суреттерін жеткізуге құрылған толғаулы сөздің өзгеше өрнекті лебі де бірнеше жерде көрініп отырады. Дәстүрлі аналогиялар (ұқсастықтар) да бар. Мысалы, «Уа, жануар шу! – деді, Шу дегенде гүледі» секілді эпикалық дастандарда жиі кездесетін түрдегі қимыл-әрекет әсерінен туған тармақтардың қайталанып келгендігі жыраулық дәстүрдің, ежелгі жыр кестесінің үлгісі. Бұл бір жерде ғана байқалады. Жырдың тек өзіне ғана тән оралымды, бейнелі өрнегі өте құнды. «Сырлы аяқтың түбінен бал сапырып жалаған», – дейді Балуанияз батырдың тектілігі хақында. Қуатты, зерлі сөз. Қарапайым көріністің өзін поэтикалық әсерлі көркемдік деңгейіне дейін көтере жырлаған:

Арғымағын астында,
Қара терге малады,
Әбден шала сояды.
Таудағы елді талқандап,
Қақ айрып қазаның,
Балтаменен ояды.

Ел аузында ауызекі тілде кездесетін сөз орамдарының көркемдік нәшін танып қолданған. Жаудың бетін қайтарғаннан кейінгі өскен көңілдің лебін жеткізген толғамдар да әсерлі. Қайтқан жауды былай әжуалайды:

Таңдайына татиды,
Тасбақаның сүйегін
Қытырлатып кеміріп.

• • •

Енегін жеп қарсақтың,
Еліне барды семіріп.

Қадымғы қазақ мінезі сөзінен де ағашқа ойылған ою өрнегіндей бедерленіп қанық көрінеді.

Үй басына арғымақ,
Асырауға ерініп,
Аласы мен құласын,
Алты ешкіге сатқанбыз!

Тұрмыстың тұтас бір ақиқат көрінісі: қазақы тірлік, қазақы мінез... Сол бір заманғы өмірдің тұрмыстық суреттері көзге елестейді. Тарихи дастан осындай өзіне ғана тән ақындық нәштерімен құнды. Поэзия сезімнің, ой өрнегінің, ойлау жүйесінің көрінісі. Жан-жүйенің түйсінгені. Ұлттық психологияның баламасы. «Сырлы аяқтың түбінен бал сапырып жалаған» сол тұрғыдан ұтқыр, тартымды, қымбатты. Осындай поэтикалық өрнектердің бірді-екілі түйінді тұстарынан уақыттың табы, заманның елесі, сол кездегі халықтың мінез-құлқы бедерленіп көзге түседі. Тарихи жырлардың табиғатына тән ерекшелік ретінде қарар болсақ, нақты тарих оқиғаларының динамикасынан, адамдардың іс-әрекет, сөздерінен сол уақытқа ғана тән нышандарға қаныға түсеміз.

Көркем шығарма дегеннің өзінде, тарихи жырда, тарихи өлеңде ғана кездесетін ерекшеліктер. Жаугершілікте жеңіске жетіп, мейманасы тасыған қазақ сарбаздарының шаттануын: «Үй басына арғымақ, асырауға ерініп – алты ешкіге сатқанбыз»,- деп, хатқа түсіріп кеткендер де сол жыраулар. Түркмендермен қақтығыс оқиғасының бір үзікті суреті ғана. Жаугершілікте, бәлкім, ақалтеке арғымақтарын барымталап үй бас сайын үлестіріп алған ғой. Қазақ ақыны тарихи оқиға тұсындағы бір тұрмыстық ақиқатты солай бейнелепті. «Үй басына арғымақ, асырауға ерініп - алты ешкіге сатқанбыз». Мақтан да, құлықсыздық та, оның үстіне мәрттік пе, жомарттық па, қазақ жұртына ғана жарасты тағы бір мінездер аңғарылады. Қазақы мінез-құлық. Нанасың. Әрі ұлттың өзіндік тіршілік әдеттеріне, әрекеттеріне соншалық жақын қылық. Өткен замандардың ақын-жыраулары ұлттық мінез-құлық, дәстүрді осылай да жеткізген екен.

«Адай Балуюанияз жауда өлгенде айтылған сөздер» жырындағы (мысалдар ҚР ОҒК-да сақтаулы, аталған қолжазбалардан алып келтірілді) алабөтен назар аударатын түс Балуюанияздың рухын, батырлығын сипаттаған тармақтар. Адам портретін берудегі нақтылық, жыраулар дәстүріндегі белгілі арнадан ойысып бедерлі кескіндеме жасауға ұмтылу. Бұл жаңа әдеби әдіс лебін жеткізеді.

Қарсыласып қалғанда,
Атқан екен мылтықпен,

Балуан Нияз батырға,
Тиген екеп кіндіктен,
Оқ тигенге қиналып,
Дұшманға жоқ білдірген.
Қарсыласып қалғанда,
Алдында тиген оқ екен,
Айнымай көріп алады,
Жауабы қатқан жоқ екен.

Батырдың мәрттігі мен нарлығы тыңдаушысына тікелей әсер етеді. Ұлттық мінез-құлықтың, ұлттық ақлықаттың шарттылықтары. Қазақ халқының жайсандық, батырлық жөніндегі таным-түсінігі. Оқ тигенін білсе де, қабағын шытпай қасқайып өткен Ер Шахид. Тарихи сананың бір түкпірінде таңбадай басылып сақталып қалған, күні бүгінге дейін қазақ баласының қанынан теуіп тұратын тектілік. Жырдың тарихилық белгісі, рухани дәстүр көрінісі.

Мұндай әдеби мұралардың әдебиет тарихындағы орны зор. Және өз тұсындағы бірқатар ірі шығармаларда кездеседі.

Бұрынғы классикалық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы соғыс оқиғалары, көріністері суреттелсе де, эпизодтық сыңайда көрінетін. Әлде эпикалық құлашымен фольклорлық туындыларға тән әспеттеліп, кесек тыныста бейнеленетін. ХІХ ғасырдағы соғыс тақырыбындағы жырларда, дастандарда майдан (баталия) көріністері тұтас бір шығармаларға желі болып, жүйелі жырлана бастады. Мұрат ақын аузынан жазылып алынған бұл шағын туындыны да майдан, жорық жырларына жатқызуға әбден болады.

Заман тынысына сай тарихи жырлар мен өлеңдер, толғаулар осы кезеңде өзінше түрленіп, жаңғырды, нақтылы поэтикалық ерекшеліктері даралана түсті. Оларда «халықтың сырт жаулармен күресі де, ішкі әлеуметтік қайшылықтар мен қиыншылықтар да көрініс»⁵⁷ берді.

ЖЕР МЕН ЖЫР. ҰЛТТЫҚ САЯСИ ЛИРИКА. ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ. МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ. Тарих тынысына жақындап келуі тұрғысынан, замана белгілерін ерекше ұтымды сіңіріп, бейнелеп көрсетуі жағынан ХІХ ғасырдың алғашқы, орта тұсындағы қазақ поэзиясы айырықша оқшау орында тұр. Бұған, бір жағынан, тарихи тегеурінді оқиғалардың жітілігі мен жиілігі, ел басына төнген тосын да трагедиялы ахуалдың ауырлығы мен жұмбақтығы да әсер еткен секілді. Сонымен бірге поэзияға уақыттың тегеуріні мен қарқындылығы әсер етпей қалмады. Тарихи іс-қимылдың кемел көрінуі жағынан Дулат пен

⁵⁷ Қазақ тарихи жырларының мәселелері. А., 1979, 6-б.

Махамбеттің шығармалары сол кезеңдегі ұлттық әдебиеттің маңдайалды мұралары болып саналады. Қимыл әрекет поэзиясы, ұлттық мүддеден туындаған саяси көзқарастың айқындығы, уақыт табының айшықты бедері бұл ұлы ақындардың толғау, жыр, тебіреністерін ұлттық әдеби үрдістің барынша дарынды, классикалық үлгілерінің мәртебесіне жеткізді. Ондай шығармашылық биікке ол тұста басқа ешбір жыраулар көтеріле алмады.

Махамбет Өтемісұлы мен Дулат Бабатайұлының жыр, дастандары өз заманындағы халық тағдырының хал-ахуалы барынша жетік сомдалған, қазақ әдебиетінің тарихында ерекше биік шоқтықты шығармалар.

Тағдырдың шөліркеулі күндерін де, миуалы-шекерлі, керек десеңіз, мекерлі күндерін де тең түсініп, теңестірген ақылмандық бір Даналық болса, ол – әдебиет. Көркем де көсем ойшылдық. Ықылымдардан желі жалғаған мифологиялық сарындардан бастап, қазіргі заманғы әдеби туындыларға дейін ұласқан тартыстың, толып жатқан сюжеттің өзегінде сұмдық пен сұлулық, күн мен түн, имандылық пен кісәпірлік кезек шарпысып, алысып-арпалысып жатыр. Тозақ пен Жұмақ, Жақсылық пен Жамандық, Ақ пен қара астасып, бірінің қадірін бірі арттырған кең дүние кең сарай. Ақылдың ақсарайы! Дулат жырау былай толғанады:

Теңізден терең ойым бар,
Шынардан биік санам бар!
Атан өгіз ағызған,
Ақылдан алпыс сабам бар!
Қорған құрыш сөзім бар,
Бұлттан өтіп, мұнарды
Болжайтығұн көзім бар!
Кеудем - ақыл сарайы,
Кірем десең, кел, міне!⁵⁸

Кеудем – ақыл сарайы, кірем десең, кір, міне... Әлгі алып дүние шырағын ақ бесіктей әлдилеп, ғалам шындығын көкірегіне сыйғызған Ақылдың ақсарайы, Ақынның асқақ санасы. Ақындық арқасы атан өгізді ағызған дариядай тегеуірінді, сөзі – құрыш, көзі – қылыш Дулат Бабатайұлы! Ойы терең, санасы биік, ақылы ұшқыр.

Сондай ақынның, ондай жанның Көкірегі өзі дәл айтқандай ақылдың ақсарайы екендігіне күмән қалмайды. Ақындық асқақ қуат, арқалы сезім заманның аламан сынына таңбалап қосқан тұлпардай жүйрік. Ондай қуатты ағынды дарын иесі басқадай айта ала ма?

⁵⁸ *Бабатайұлы Дулат. Шығармалары. А., 2003, 98-б.*

Қазақ әдебиетінің тағдыры қазақтың төл тағдыры секілді. Осы ойды көңілге Дулат ақынның, тағдыр жолы ұялатты. Ақын Дулатты халық әзелден жақсы білді. Ұлтымыздың өзге де ойшыл даналарының қатарында Дулат есімі де тіл ұшында жүрді. Дулат Бабатайұлы ұлтына ұлы ой тастаған, жұртына жылы сөз қалдырған дарын. Тағдыр жолы ерекше сырлы, жан әлемі жұмбақ жан. Қалың қазақ таныған, ардақтаған ақынның көркемдік ғаламы расында да жұмбақ күйінде, жартылай жабық қалпында ұзақ жылдар әлдебір алыс аймақта бүркеулі бұйығы жатты да қойды. Қалың халық Дулатты білді, білмеуге рухы, күдіреті жібермеді, Дулат ақынды білсе де құнды жырын терең танып, сырлы сөзін түгендей алмады, түгендеуге саясат шідері жібермеді.

Сөйтіп, Ақын аға (М.Әуезов) – Дулаттың жан дүниесі сиқырлы бір жұмбақ шыңға айнала бастаған еді. Хас дарын екендігі хақ, жұртының жадында бар, жанында жоқ екендігі тағы да анық. Елес деуге еңселігі екі елі, ақиқат деуге жетеге жеткен, көз алдыдан кеткен қымбат сымбат.

Тағдыр. Қазақ ақынының тағдыры. Қазақ елінің тарихында, ұлт тағдырында осындай бір ақындар легі, Дулаттың өзі ашық айтқандай: «Сөзім бар да, көзім жоқ!» - деп, ащы шындықтың уын ұрттаған ұлағатты тұлғалар легі пайда болды. Қазақ тағдырының өзгеше бір трагедиялы тармақтары солар еді. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің де қилы кезеңі сол болды. Дулат өлендерінде сұмдықты тағдырдың ақиқатын күңірене толғады.

Дүние – жемтік, мен – төбет,
Соны бақпай не бақтым?
Ырылдасып әркіммен,
Не қапқыздым, не қаптым...⁵⁹

Бөлек өрнек, ерек сөз. Айшықтап тізіп, айқұлақ таққан айырықша ақындықтан өзге, сызды ойын сүйреткен сазды жырдан бөгде, қан қатқан қара қылыштай қайрат, келсең-кел қас асыл мінез-құлық. Ақындық деген мінез. Сол мінез деген қалыбың Дулаттың әр сөзінен, әр өлең жолынан қорғасындай шымырлап құйылып түсе қалады.

«Дүние – жемтік, мен – төбет!». Нақ осы сөзді біздің қазақ жүз жыл бұрын айтса, сол қазақ бүгін де күбірлеп қайталайды. Жанға мұңындай жақын, жүрекке қанындай жылы сөз. Сом алтын, сарапталған сара ой. Қазақтың төл тағдыры, төл сөзі.

Дулат халықтың жүрекжарды ақиқат сырын айту үшін туған даралардың ғұмырын жалғастырды.

⁵⁹ Сонда, 60-б.

Мөңіреп жұртқа ой қайтты,
 Бұзауы өлген сиырдай.
 Ләпсі – төбет қабаған,
 Жемтік көрсе тұра ма,
 Ырылдап, танау жиырмай?!
 Өзімнен өзім қызғанып,
 Азын-аулақ жиғаным,
 Өзіме де бұйырмай!
 Күнәм – жойқын, тәубем – аз,
 Тіршіліктен не таптым?!⁶⁰

«Күнәм – жойқын, тәубем – аз, Тіршіліктен не таптым?!». Тас түйін, ақиқат түйін. Қазақтың халі, күйініші мен өкініші. Қазақтың мінезі. Одан әрі суретті тармақтар қатар түзеп қайранға түскен жайындай жанға байыз таптырмайды. «Мөңіреп жұртқа ой қайтты»... «Бұзауы өлген сиырдай»...

«Ләпсі бір қабаған төбет»... Тармақ сайын тағдыр, тармақ сайын шырқырап шыр айналған Шындық! Өзі-өзінен қызғанып, азын-аулақ жиғаны өз-өзіне бұйырмаған бұйрықсыз, ырықсыз заман. Берекесіз қылық, бейдауа құлық. Соның барлығы жаңа қайырым, соны серпінмен сақетердей сақ етіп, жұлын-жүйкеге соғады. Алқымы іспес алып жыраулардың алты қырды аударып тастайтын аруақты ой орамдарын жұдырықтай түйінге түйіп түйдегімен тесе атқан, көлдененді кесе атқан ақберен ақындық. Нақпа нақ, шаппа шап! Он тоғызыншы ғасырдың, әлдебір қауым әдебиетіне «Алтын ғасыр» атанған, енді бір қауым әдебиетіне «зар заман» болған ұлы дәуірдің темір тегеуірінін сар жебенің ұшына уықтап атқан адырналы ақиық Дулат. Дулат мектебі, бір жағынан Асан Қайғы зердесіне, екінші бір жағынан кешегі, XX ғасырдағы Қасым, Мағжанның сертті сермесіне бірдей етене жақын тұр. Семсер сөз ұсталары. Ел, Жер бауырынан тарап, бауырынан жараған, айтқан лебіздері Ел мен Жердің жан тебіренісі болып тараған киелілер.

Асанқайғы... Қорқыт...

Бұқар... Дулат... Шортанбай...

Дулат, Шортанбайларды алдыңғылармен жалғастырған, кейінгіге қалдырған рухани қуат-күш, ақындық жете. Заманаларды жалғап, ғасырларды тоғыстырған алыптар.

Қазіргі замандас тамсана таныса да Күннің беті, Айдың жүзі секілді әманда бір қырын сыртқа тастап келе жатқан суреткерлік құбылыстар. Оларды тұтас көріп, бірегей тану ұлттық тарихи таным қатпарларына бастайтын күрделі заңдылықтар дүниесі. Көз түбінен көрінсе де, биік ұлағатымен тандандырса да дәуірлер, таразысында әманда белгілі бір қырымен танылып та табылып

⁶⁰ Сонда, 61-б.

келген көп үнді, көп қырлы полифонды (көп әуенді) саздар әлемі.

Дулат сынды дарынның қиырлы талайлы тағдыры қайраңнан қайырылып қайтпай, қайғысына малшынып, тұңғиығына тұншығып тілдесуді қалайды. Өйткені қазақ әдебиетінің тұла бойында, тарам-тарам тағдырында Дулат сынды аты мағлұм, заты жұмбақ, көкірегі көз жасына батқан, көкірегінде асыл қамбасы жатқан, өмірі өзгеше дара ақындар сирек.

ХХ ғасырдың қырқыншы-елуінші жылдарындағы саяси тартыстар мен айтыстар Дулат Бабатайұлының кескекті ерлік сөзінің бетін алысқа бұрып-ақ жібергені белгілі. Кеңестік кезең идеологиясының шарттылықтарына сыйған суреткерлік әлем ғана шындыққа ұштасып, одан тыс қалған айдың арғы келбетін жер бетінің ата жауындай жат санап жатырқаған тұс та алысқа кете қойған жоқ. Осындайда ойға ой оралады. Осы біз, біздің қазақ замандастарымыз сол асанқайғыларды, сол қорқыттарды, небәрі бір-екі ғасыр бұрынғы дулаттар мен шортанбайларды қалай таныдық?! Танып болдық па? Тани алдық па өзі!? Ұлттың ұлы тұлғаларын өз биігінде, төл тұғырында бағалап, тану да ұлағатты дәстүр. Ұлын танымаған ұлттың ұлықтығы кәні! Сол Асанқайғыны жатқа соғатын бүгінгі замандас, сол суреткер заманының тарихи шындығын қалтқысыз түйсініп, қапысыз түсініп алды дей аламыз ба? Қалтқысыз қабылдап, тереңнен түсінген күн ұлттық тарихи сананың желкілдеп шешек жайған мәртебелі күні болар еді. Ежелгі заманды бүгіннің көзімен көріп, бүгінгі адамды өткеннің сөзімен бөліп үйренген әдеттегі көзқарас, әр ақынды өз дәуірінің биігінде барлай қоюы екіталай іс. Соған бетбұрыс кейін басталған.

Ел тәуелсіздік алды, ұлттық рухани тәуелсіздік жолы енді ғана қылаң берді. Рухани дүниенің ішкі бұлқыныстарының аса күрделі, қатпарлы жанартаудай жаратылысын еске алсақ, саясаттан бір сүйемкейін жүретін рухани жаңғырудың қадамы қапысыз, аласапыраны көп болса да, адасуды білмейтін үрдісті жол. Стихиялы түрде басталған ұлттық әдебиеттанудың жаңа жолы өзіндік бір заңдылықтарын түзе түскендей. Идеологиялық науқандардың надандыққа барабар саналық бұғауын қырық бұрап шығырларын шынжыр сағалықтарынан үзген ұлттық таным көркем әдебиеттің де тарихи негізділігін іздеп, көркемдік ғаламның тарихи күретамырларын басып тұр десе де болар. Әнебір ұйқасына танданып, сыңғырына тамсанған поэтикалық әлемнің тасасындағы, арғы жағындағы тарихи-әлеуметтік деректілікке, ұлт тағдырына тіке жалғанған әдеби зерде зергерлерінің қас асылдарының қадірі енді біліне түсті. Сондай асылдардың асылы да Дулат Бабатайұлы.

Дулат ақынды тану ол өмір сүрген заманын байыптап білуден басталса керек. Он тоғызыншы ғасырдың алғашқы жартысы.

Қазақ даласына Ресей империясының отарлау саясатының тасыр машинасы жайындай жапырып кірген кезең. Сібірден, Омбыдан Орынборға дейін жалғасып, бір шеті Арқаны жайлап Шығыс аудандарға тартқан орыс-казак бекеттерінің желісі қарулы құрсауымен алқымды сығымдап келе жатты. Қазақ хандығының дәстүрлі басқару жүйесі үзілді-кесілді бұтарланып жойылып, Ресей патшасының чиновниктері әкелген орыс басқару жүйесі жайылды. Саясаттанушылар XIX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында Патшалы Ресей қазақ даласындағы билікті біржола қолға алудың соңғы шешуші сәттерін жүргізіп жатқан еді деп бағалайды. Қазақ сахарасына оңнан да, солдан да, батыстан да, шығыстан да жеткен дүмпудің шеңгелі қатты батты. Елді шеңгелге алған соң, жағаға қолды салған соң, жерден ырыс, жұрттан береке тайғандай күн туды. Бөкей ордасындағы жаңа дистанциялық басқару жүйесі. Исатай-Махамбет дабылы. Кенесары күресі, Абылайдың мұңы. Соноу Кавказ қойнауындағы Имам Шәмілдің талайлы тағдыры. Дәстүрлі Шығыс әлемі шегініп біртіндеп алыстап бара жатты. XIX ғасырдың алғашқы жартысы қазақ даласы ғана емес, күллі дүние жүзінде аумалы төкпелі ахуал төндірді. Төрт құбыласы тең деген орыс поэзиясының серкелері А.С. Пушкин ажал құшты, Ю.М.Лермонтов оққа ұшты. Сол тұста емес пе еді, осы ұлыларды қазақ даналарының қазақшалап жатқаны. Ақындар тағдырын қоғамдар тарихынан бөлек қарау мүмкін емес. Әлдебір жұмбақ заңдылық тарих пен ақынды бір бесікке бөлеп, бір топыраққа аунатып алған ба дерсің. Сарайшықтағы босқын орыс казактарының түздің бойжеткендерін ұрлап әкетіп, одан көрген нәрестесін шарана күйі қылыштап тастайтын әдетін естіп, жазып алып, шығарма жазғысы келген, жазайын десе дәті бармай, қолы жүрмей налыған, Карамзиннің сол деректерді жазғанына назаланып, ақыры адам сенбейтін аңыз деп басын ала қашқан ұлы Пушкиннің тағдыры ойлап қараған адамға бір түрлі Орынбор даласының, Махамбеттің, осы мына Аягөздегі Дулаттың тағдырымен сабақтас, тағдырлас секілді.

Бастады тәңірім теріске,
Елің түсіп керіске,
Енді қолың жетпейді,
Кең қоныс, бейбіт өріске!⁶¹ –

деп күңіренген Дулаттың арпалысынан да сол алмағайып аласапыранды әлемдік тарихтың толқыны ызғар шапсады.

Сол замандағы саяси-әлеуметтік ахуал, қазақтың ішкі жағдайы мен сыртқы әлеуметтік дүмпулер әдебиетте де көрінді. Алғашқы

⁶¹ Сонда, 48-б.

болып үн қосып, ой толғағандар ішінде Дулаттың азаматтық ақындық үні ерек шықты. Ақынның нақты тақырыптарға жазылған өлеңдері сол дәуірдегі заманауи ақиқаттармен астасып, ұлттық трагедиялы халдың себеп-салдарларын ақтарып ашып жатты.

Мынау азған заманда,
Сөзінің кетіп байлауы,
Келелі биде кезек жоқ,
Қутиын болыс сайлауы.
Басалқа жақсы кеткен соң,
Іс айналып бақырға,
Ер қайраты қор болып,
Ақыл салды қатынға,
Түзелмес енді іс болып,
Қаларсың бір күн, Сандықтас,
Құлан жортпас бел болып,
Жоныңнан тас батырып,
Тамырыңды қопарып,
Шошқа түртіп қыдырып,
Самалың салқын соғатын,
Сары ызғырық жел болып.⁶²

Биден билік тайып, ерден қайрат кеткен соң жерде не қадір қалсын! Ер жасыды, ел азды, жер тозды. Атамның қонған жайлауы деп еміренетін Сандықтасы шошқаның мекеніне айнала ма деген қауіп. Бұл сол тұстағы қазақ ерлерінің бәрінің де ішкі уайымы болатын. Қазақ поэзиясының ХІХ ғасырдағы тарихына алғаш түскен әлеуметтік саяси сарындар. Ащы шындықтың бұлтартпас бұғауындай оқиғалар.

Жағаңа дуан түскен соң,
Суыңды орыс ішкен соң,
Аяғөз суы қағынды.
Би, старшын мойнына
Жезден қарғы тағынды.
Аға сұлтан қазылар
Майырға болды жағымды.
Шайқады құлар тағымды,
Тайғызды бастан бағымды...⁶³

Дулат ақынның сол тұстағы жаңа тұрпатты шығармаларына қарап отырып, суреткердің танымдық әлемінің кендігін

⁶² Сонда, 40-б.

⁶³ Сонда, 42-б.

анғарасың. Бұл Хан билігі құрыды, бидің кетті қадірі емес, ақын сол мемлекеттік жүйедегі реформаның әлеумет ортасына әкелген өзгерістерін таратып жырлайды. Әлеуметтік топтардың күй-жайын, пиғыл-ниеттерін хатқа түсіреді. Дулат шығармаларында ел басына түскен сол сын сағаттардағы ханның да, қарашының да, байдың да, бектің де әлеуметтік сымбаттары сипатталған. Түрлі реңдегі адамдардың тұрмыстық портреттері сомдалған.

Жерді күтіп тұрған кесепатты кесір әлгіндей болса, елдің, ел сүйеніші ердің жайы қандай болмақ? Ақын шығармалары осыған ашық та қарымды жауап қатады. Орыс суын ішкен соң, Аягөз суы қағынды! Адам қағынады, мал қағынады. Судың қағынуы! Бұл да Дулат ақынға ғана тән теңеу, Дулат ақын ғана айта алған жаңа тіркес. Жаттың демі тигенде, су екеш судың өзі қағынып, лайланды, бұзылды. Терең мегзеу. Мұндайда әйгілі Жүсіп Баласағұнның сонау XI ғасырда айтқан «Кірді сумен жуады, су кірлесе немен жуады» деген даналық тұжырымы еріксіз еске түседі. Аягөз суы қағынса, елге ес болар ма деген би, старшындар мойнына жезден қарғы тағынып шыға келді. Не нәрсенің нарқын таныған ақынның бек жақсылардың мойнына таққан қарғыларын «жезден» деп жерге тыға сөйлеуінің астары қазір де екiнiң бiрiне түсiнiктi. Бұл да сол тұстағы өмір шындығының нақты деректері. Ресей чиновниктерінен, губернаторлар мен патшадан алған қарғылы медальондар сол тұстағы бірқатар сұлтандар мен старшындардың мақтанышы, лауазымдық тұмары секілді болғаны шындық. 1801 жылы Павел патша Бөкей ордасы жайлы арнайы Жарлығын⁶⁴ шығарғанда, өзінің суреті салынған қара баулы алтын медальонды тапсыратынын аса бұлдап көрсеткені туралы құжаттар сақталған. Түрлі дәрежедегі сондай қара қарғылар қазақ сұлтандары мен игі-жақсы билерінің мойындарын «аралап» кеткен заман еді ол кезең. Дулат суреттемесі сол ақиқаттың астарын айқара ашып отыр.

Қилы-қилы заманды,
Заманға сай адамды
Салғастырып қарасам,
Су мүйіз болған танадай
Шыркөбелек айналам.
Кешегі бір заманда
Қайран қазақ, қайтейін,
Қасиетті еді хан, қараң.
Мынау азған заманда
Қарасы – антқор, ханы – арам,
Батыры көксер бас аман,

⁶⁴ *Махамбет. Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. А, 4-т., 13-б.*

Бәйбіше – таптық, бай – сараң,
 Бозбаласы бошалаң,
 Қырсыға туды қыз балаң,
 Нары - жалқау, кертабан,
 Құсы – күйшіл, ат – шабан,
 Жырғалаң жоқ, жобалаң.
 Ебі кеткен ел болды,
 Енді қайда мен барам?!⁶⁵

«Сандықтас» өлеңінен алынған осы бір тұтас үзінді сол тұстағы ақын шығармашылығының жан өзегін танытып тұрады.

Талауға түскен, еңсесі езілген ұлттың саяси-әлеуметтік келбеті.
 Ебі кеткен елдің тіршілігі. Әр мүшесінің кейіп-кеспірі.

Ханы арам, қатыны тантиқ, батыры жасық заманның қор күндерінің елесі.

Дулат ақынның саяси-әлеуметтік көзқарастары дегенде осы секілді жүреқжарды жігерлі тебіреністерін айтар едік. Бұлар сол тұстағы қазақ әдебиетінің де өзгеше бір жеткен саяси-әлеуметтік һәм көркемдік биіктері.

Бұл сол тұстағы қазақ жырындағы үлкен жаңалық. Жаңалық дегенде, ой толғауы, сөз өрнегі, уақыт тынысына сай келе кеткен жігерлі ұшқыр оралымдылығы ғана емес, ең бастысы сараланған саяси-азаматтық көзқарастары жаңа еді. Осындай азаматтық үн, саяси-әлеуметтік лирикалары Дулат Бабатайұлын ХІХ ғасырдағы ұлттық поэзияның жаңа бір шырқау шыңына көтеріп шықты. Әрине, Дулат дара шыққан жалғыз жаяу емес болатын. Батыр Махамбеттің дабылды дауысы қазақ санасын жаңғыртып, одан әрідегі Алтын орда мәдениетінің сарқыты қазақ-ноғай батырларының ерлік жырлары, беріректегі Доспамбет, Қазтуған, Шалкездердің «Елім, Жерім!» деген ащы үні ұлт санасының запыранын шайқап тұрған-ды. Сол елдік мақсат, сол ұлттық қасиет қазақ ақындарының бәріне де тән еді десек, Дулат та осы әдеби дәстүрден шет қалмайды. Алайда замана сыңайын терең барлап, тез сезінген Дулаттың әлеуметтік көзқарасы айқын, жалпақ халыққа жете түсінікті, үні дара естілді. Міне, осы сипаттарына қарай, Дулат Бабатайұлын ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің саяси-әлеуметтік тақырыбының көш басшысы деген дұрыс болмақ. Нақ осы жаңашыл сұңғыла көзқарастары мен сол текті жырлары ақыры суреткер ақынның тағдырына таңба болып басылды. Жайдың жасыны алдымен зәулім биік бәйтеректерге түсетіні бар. Замана жасыны алдымен Дулаттың биік те ғазиз басына түсті. Бұған бір ғана мысал ретінде, кеңестік дәуірдегі бір қаулының қуатын атасақ та жетер. 1947 жылғы Қазақстан

⁶⁵ Дулат Бабатайұлы. Шығармалары. А., 2003, 39-б.

Компартиясы Орталық Комитетінің Әдебиет және өнер жөніндегі қаулысы содан жүз жыл бұрынғы Дулат шығармаларын да жайдай жайпап түсті. Арада он жыл өткенде, 1959 жылы өткен әдебиет мәселелеріне арналған ғылыми конференцияда ұсыныс жасалып, Дулат шығармаларын «Орта мектептерде оқыту қажетсіз деп саналсын» деген қорытынды шығарылды. (Қараңыз, «Қазақстан» энциклопедиясы, 3-том, 295-бетте.). Бұл ақын шығармаларына берілген «саяси үкім» болатын. Саяси үкімнің айтылуы оңай, қайтымы қиын. Енді арада елужыл айналғанда, қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізгенде, арнаулы ғылыми-тәлімдік конференцияларда ақын шығармаларының ұлттық, елдік маңызы туралы ой толғана бастады. Өшіру, өшкенді жақпаққа ұмтылу. Ұлттық әдебиеттің трагедиясы. Қазақ ақынының, бұл жерде саяси теперішті көп көрген қазақ ұлтының ұлы тұлғаларының саудаға түскен басы, жан күйзелісі біреудің санасына жетер, біреудің санасына жетпес. Тас түскен жеріне ауыр. Қазақ ақынының тағдыр-талайын қазақ қана ұғады. Дулат шығармалары беріге дейін, сексен, тоқсаныншы жылдарға дейін дүрбіден, одан қалса құрықтан құтылған жоқ. Дулаттың аруағы бір аунап түскен түс Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдары ғана.

Тәуелсіз қазақ елі тәуелсіз санасын, тәуелсіз ақындарын да іздей бастады. Ұлтшыл дарынның бағы енді жанатын шығар. Егер, Дулат шығармалары қауқарсыз болса, әлжуаз суреткер болса, бәлкім, соншалық қатты қыспаққа түспес пе еді, кім білсін!?. Халқын бодандықта ұстағысы келген билік әуелі халықшыл ақынын ұмыттыруға күш салған-ды. Оның да себебі бар. Қазақ поэзиясындағы жаңа заманға сай туған саяси лирика талай-талай саясаткерлердің төбекұйқасын шымырлатқаны күмәнсіз еді.

ҰЛТТЫҚ САЯСИ ЛИРИКА. Жер қадірін ашына толғана жазған ақын, сол жердің қасиетін де тамаша көркемдігімен жеткізді. Қазақ жерінің салтанаты, қазақ елінің тұрмысы-тіршілігі Дулат шығармаларының ең бір көркем, сұлу да сырлы толғауларының беттеріне маржандай түзіліп түскен. Алтын бесік асыл жер ақынның махаббаты да, мұңы мен жәннатты жұмағы да.

Атам қонған иен далам!
 Мендей сені қызғанар
 Бауырыңда өскен қай балаң!
 Көл қорыған қызғыштай,
 Сен десе салам байбалам.
 Жайлауыңды көргенде –
 Жадыраймын, жайланам,
 Өксігінді ойласам –
 Ұйқы беріп, қайғы алам!⁶⁶

⁶⁶ Сонда, 39-б.

Тағы да тың толғам, соны байлам. Жүректен ұшқан жаңа сөз.

«Ұйқы беріп, қайғы алам!». Алтын жамбыға барабар ақындық құйма. Ұйқы беріп, қайғы алам! Дулат ақынның төл қолтаңбасы, ғасырларға қалдырған ақылды ақық сөзі. Жаңа әдебиеттің, жазба ақындық көркемдік бітімнің белгісі. Жыраулық дәстүрдің орнын басқан ақындық мектеп көрінісі. Саяси-азаматтық зерлі сөз, кестелі лирика. Туған жерге деген сезімді соншама нақты, айқын жеткізу ақындықтың үстіне, ой саралығын, сезім даналығын қажет етсе керек-ті. Қазақ табиғатын, жерін жырлағанда ақын түлеп, арқаланып, тебіреніп кетеді.

Тебініңді теуіп төл өскен,
Төрт түлікті жер едің,
Ойың көкпен ойылған,
Қом жасап түйең тойынған,
Жылқыңның шабы бусаған,
Ыңыранып қой жусаған,
Шөбінді сенің татқан мал
Құламасы сусаған,
Масаты кілем жайғандай
Қоныстың шұрай жері едің!⁶⁷

Естен кетпес ерек сурет. Әрі көкейге ұялай кететін өзгеден ерек өрнегі қандай. Жаугершілікте елдің берекесі қашқан тұсты да ақын малдың күйін суреттеу арқылы әдемі жеткізеді.

Саулықты қысыр қалдырып,
Қошқардың түспей күйегі.
Айғырдан бөліп биені,
Бурадан бөліп түйені,
Қайта Арқаға көшкені...⁶⁸

Бұл енді малсақ қазақ баласы ғана түйсінетін шындық хал. Малдың жайын, жанның күйін білетін адамның толғамы. Бұдан артық тозуды, бұдан артық берекесіз тірлікті малсақ пенде білмесе керек. Оның себебі, қауымдық астары тағы да тарихи кезең ақиқаттарына барып тіреледі.

«Қымбат болды қазаққа, қалмақтан қайта жер алмақ!», – деп, жер тағдырын тарихи сабақтастықпен толғаған ақын сол заман адамдарының бірқатар бейнелерін әдеби шығармаға арқау еткен. «Бараққа» атты көлемді туындысы Барақ төренің болмысын ашып берген өлең. «Алтын еді бір кезде, ағаш болды тұғырың», – дейді Дулат Барақ төренің намысын қамшылап.

⁶⁷ Сонда, 41-б.

⁶⁸ Дулат Бабатайұлы. Шығармалары. А., 2003. – 45-б.

«Рухыңа нәлет келтірдің, қабың менен сабыңа!»,- дейді тағы да, осы өлеңінде. Ханның азғаның, тегтінің тегін пейілі бұзғанын заманның тозғаны ретінде көрсете отырып, сұм заманның сұрқия ниетін мінейді. «Кеңесбайға» өлеңі де ақынның өткір әлеуметтік портреттерінің бірі. Сол секілді, «Сүлейменге», «Ишанға», «Ақтанға», «Баласына айтқаны» сынды туындылары суреткердің шығармашылық мақсаттарын көркем жеткізген, қазақ әдебиетінің тарихында ұзақ жасайтын қымбат мұралар. Бұл өлеңдерде тарихтың табы, уақыттың ізі бар. Сонысымен де, қазақ елінің бір кезеңдегі шындығын айқара ашып берген. Сонысымен де, ұлттық болмысымыздың жақсылы-жаманды әдеттерін, қылықтарын таратып кейінгіге өнегелі өсиеттей жолдаған. Енді бірқатар шығармалары қазақ елінің, қазақ жерінің тарихи суреттерінің кең тынысты көріністерін сөз өрнегіне кестелеген. «Ата қоныс Арқадан», «Әуелгі қазақ деген жұрт», «Қазақтан шыққан кәпірді», «Ер шөгіп, есер ер жетті», тағы басқа өлең, толғаулары халық өмірінің кезеңдік қасиеттерін көркемдеуімен ұзақ жасайтын шығармалар.

Дулат Бабатайұлының ақындық шеберлігі арнайы тоқталып зер салатын эстетикалық құнары қатпарлы көркемдік әлем. Сөз өрнегі, ой мен тілдің кірігіп түскен бірлігі, ұшқырлық пен шымырлық, тосыннан тауып, толғамды сөз қайыратын жаңашылдығы бір ақынның ғана емес, сол дәуірдегі қазақ поэзиясының жаңашылдық рухының айғақты дәйектемесі іспетті. Сөзі кескінді, ойы шымыр, ырғағы берік. «Қымызқұмар, сөзқұмар, Сорқұмар өңшең сорлылар». Кесек сурет. Ойландырады, толғандырады, қайыра оқытады, ақырында оқырман есінде тастай батып, судай сіңіп қалып қояды. Дулат ақынның өлеңдері сондай шымыр келісті сөздерімен құнарлы, тірі. «Ел құлағы саңырау», «Ер шөгіп, есер ер жетті», «Елдегі жақсы бұзылды», «Дамбалын тастап қыз кетті», «Асыл сөзден пұл кетті», «Жанжал танау, талақ бет!». Мұндай мәнді де өткір ақындық тіркестер көп кездеседі. Қалыптасып келе жатқан қазақтың жаңа әдебиетінің салмақты, салиқалы қасиеттері – авторлық көзқарас, авторлық даралық, уақытқа сай нақты әлеуметтік тұжырым.

Кейде тұтас бір түйінді толғам, тынысты суретке ұласып та кетеді.

Төсекте жатып керіліп,
Түзге отырса, ерініп,
Аяғын буған қойға ұқсап,
Мойнын ұсынып беріліп,
Қол созбайды азатқа!⁶⁹

⁶⁹ Сонда, 67-б.

Мұндай құйма шумақ, кесек суретті түсіндіріп жатудың өзі артық. Ақын ойын сөзі толығымен жеткізген. Азаттықты ойламаған қазақтың тірлігі. Бойкүйез, керенау кесірлі мінез көзге елестейді.

Ақынның жаңашылдығы өлең түріне қосқан еркіндігінен, түрлік түрлендірулерінен көрінеді. «Асқар таудың сәні жоқ...»,— деп басталатын көлемді шығармасы мазмұн байлығымен бірге, қазақ өлеңінде өзіне дейін кездесе бермеген бітімімен дара. «АББА» үлгісінде келетін негізінен бітімі бөлек өлеңнің ырғағы біршама таныс болса да, тармақтардың өзара өріліп, мағына байытуы жағынан келгенде, әдебиетте өзіне дейін болмаған өлең бітімі екендігі аңғарылады.

Қопалы жердің сәні жоқ —
Тұңғиық мөлдір иірім,
Көз болжамас қиырын —
Айдын көлі болмаса.⁷⁰

Алғашқы және соңғы жолы мағыналық жағынан шендесіп, ұйқаса ұштасып, нақыл сөзге тартып тұрса, екінші, үшінші тармақтары өзара үндесіп өріліп, айтпақ ойды тереңдете үстемелеп кесте төгеді. Нақ осы өлең үлгісі бірнеше шумақта қатарынан қайталанған.

Шешендіктің сәні жоқ —
Сөзіне сүттей ел ұйып,
Қолтығына ел сыйып —
Басына бақыт қонбаса.⁷¹

Тағы да сол өлең жүйесі. Бірінші, төртінші тармақтар бір нақыл да, ортасындағы тармақтар мағыналық үстеме қосады.

Қайсыбір өлеңдері тұтасымен қанатты сөз, қарымды толғамға ұласып отырады. Мысалы:

Осындай заман кез болды,
Ер дегенің ез болды,
Қамқа, торғын бөз болды,
Саф алтының жез болды,
Арындаған тұлпарың,
Азғындап шабан, шалаң боп!⁷² —

деп түйінделетін он тарау өлеңі түгелдей сондай жүйелі сөз, желілі

⁷⁰ Сонда, 58-б.

⁷¹ Сонда, 59-б.

⁷² Сонда, 70-б.

ойларды көгендеп тартады. Асылы, Дулат ақынның өлең өрнегін төгіп, кестелі сөз күдіретін түсінетіндігі сондай, өлең өріміне келгенде іркілмейді, еркін тебіреніп, асып-төгіп шалқыта өреді. Өлеңнің ырғағы, түрі, бітімі ой өрмегінен өрбиді. Ой мен сөздің қатар қанаттасып, еркін самғауы. Бұл шеберлігі шексіз, кемел ақындық қуаттың белгісі. Оның небір күрделі, қиын, әлеуметтік салмағы қорғасындай ауыр тақырыптарды жеңіл де икемді, поэзия тілінде зерлі жеткізетіні де сондықтан.

Ақынның поэма, дастандары өзінің көркемдік табиғатымен ерекшеленеді. Өзіне тән ой-өрнегі, сөз кестесі дастандарынан да анық көрініп тұрады. Бірегей бітімді дастандарының ішінен «Шаштараз» шығармасын ерекшелеп айтқан ләзім. «Еспембет» поэмасы бір ғасырдан аса уақыт бойына рухын жоғалтпаған туынды. Алғаш рет 1880 жылы Қазанда, Мәулекейдің ұсынуымен баспа бетін көрген поэма кейін көпке дейін оқырман назарынан тыс қалып келсе де, XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бері төрт-бес мәрте қайта басылды. Академик Қ. Жұмалиевтің: «Еспембет – реалистік әдіспен шығарылған поэма. Мұнда, бұрынғы эпостық жырлардағыдай, қиял дүниесі араласпайды. ... Еспембет – XIX ғасыр әдебиетінен бізге жеткен бағалы қазыналардың бірі»,⁷³ – деген пікірі бұл туындының жаңа дәуір әдебиетіндегі орнын сенімді түрде айқындап береді. Қатардағы тұрмыс тіршілік тақырыбына жазылған «Шаштараз» поэмасының тағылымдық қуаты басым. Біржағы аңыз сюжеттеріне құрылатын Шығыс поэзиясының дәстүр жолын танытады. Екіншіден, бітімі таза, ақындық өрнегі мінсіз қысқа ғана тағылымдық туынды. Шымыр жазылып, ширақ түйілген көлемді жанр туындысы көңілге тез жетіп, көкейдегі ойды өрбітеді. Поэманың түйінді ойы – эпилогтағы үш-төрт шумақта әдемі шешіледі.

Құмарлық – асқын, мақтан – жел,
Өсек – оттың ұшқыны.
Өректісі өртейді,
Шілде түгіл, қыс күні.⁷⁴

Ұстамдылық, сырға беріктілік үлкен қасиет. Ақынның айтпағы осы. Патшаның қос мүйізін көріп қалып, ішіне сақтай алмай, жерге сыбырлап қойып уәдесін бұзған шаштараз ақыры жаза тартты, басынан айырылды. Халық санасына жақын сюжетке құрылған дастанның түсініктілігі, көркемдігі реалистік шығармаға

⁷³ Қ. Жұмалиев. Дулат Бабабайұлы // Кітапта: Дулат Бабабайұлы. А., 2003, 159-288-б.

⁷⁴ Сонда, 95-б.

тән сипат танытады. Шығарманың тағы бір ерекшелігі – үлкен поэтикалық жанрда қысқа өлеңнің шымыр шеберлігі, қысқа жырдың қою өрнектілігі мен образдылығы барынша сақталған. Ақындық мәдениеттің дәстүрлі үдесінен шыққан, мектебі бар таланттың қасиеті. Ақынның бұл шағын поэмалары ХІХ ғасырдың алғашқы жылдарында айқындық танытқан жанрлық түрлік жаңалықтардың дәйектемесі іспетті. Дәстүрлі жыр үлгісінен шығып жаңа әдебиеттің кең құлашты жанрларына қадам басқан ақындық шабытты шарықтау ізденістер.

Дулат Бабатайұлының шығармашылық ерекшелігі, ақындық құпиясы туралы белгілі қаламгерлер әр кезде мағыналы талдаулар жасап, қадір-қасиетін ашып жазды (Қ.Жұмалиев, З.Ахметов). Қазір де жазылып жатыр. Сол арқылы ақынның көркемдік әлемі қазақ әдебиетінің өркенді өрісі ретінде танылды. Әйтсе де, енді ғана ықылас ауып, арнайы назарға іліне бастаған суреткердің шығармашылық дүниесі әлі де болса жан-жақты терең талдап, тануды қалайды. Қаншама жылы пікір, жақсы бағалар берілсе де, қазақ әдебиетінің бай тарихында Дулат Бабатайұлының дара жолы өз орнымен көрінген жоқ. Дулатпен бірге қазақ елінің тарихының өзгеше беттері ерекше өрнектелген аса талантты туындылар ел назарына толық түспей келеді. Дулат шығармалары байсалды зерттеулердің өзегіне айналуы тиіс. Саяси-әлеуметтік, тарихи, көркемдік дүниетаным тұрғысынан талданған бағалар мен зерделеулер Дулат ақынның ғана емес, ХІХ ғасырдағы ұлттың көркемдік танымының жаңа беттерін ашары күмәнсіз. Ғасырға жуық тасада жатқан жұмбақ дарын тағдыры мен тауқыметі ондай ұлттық аялауға әлдеқашан ие болуы керек еді.

Дулат поэмалары, мысалдары мен өсиет сөздері, тұтас шығармашылық өнері көркемдік құдіретімен қатар, замана диалектикасын тереңнен танып толғауымен, қазақ тарихының заңдылықтарымен ұштастыра тебіренуімен ерекше. Қазақ әдебиетінің қай замандағы да белгілі шығармаларының тарихи негізі берік, ел тағдырының белесті кезеңдерінің оқиғаларымен тығыз сабақтас десек те, әдебиеттің әлеуметтік биігіне ХІХ ғасырдың алғашқы кезеңінде Дулат Бабатайұлындай етене жақын барып, көркемдік биігінен көрінген ақын некен-саяқ.

Атақты Асанқайғы, Бұқар жырау сынды ұлы тұлғалардың біз ашпаған бейтаныс көркемдік өлкелерінің мәуесін тату қазақ рухының құдіретін еселей көтерері анық. Сол алыптардың дәстүрінен өсіп-өніп, тыңнан түрен салған Дулат, Махамбеттердің көркемдік әлемі қазақ әдебиетінің ішкі қуатын үстемелеп, жаңғыртып отыратын көркемдік сана жайлауларындай шұрайлы.

Қазақ әдебиетінің тарихы бай, талантқа да кенеулі. Кеңестік, одан әрі де патшалық Ресей ықпалында рәсімделген әдебиет тарихының

қораштығы мен келеңсіз тараулары күн санап көз тесетін шындыққа айналып барады. Тәуелсіз ұлттың тәуелсіз санасы тәуелсіз әдебиет тарихын аңсайды. Даму үрдісі соны мегзейтіні де шындық. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы ұлттық әдебиеттің таза, табиғи жаратылысынан өрбіген тарихын түзуге жәрдемдеседі.

Тәуелсіз ел, дербес мемлекеттілік түзілді.

Енді сол тәуелсіздік ұлттық рухани дүниенің де көкжиегін кеңейтіп, қазақ баласының терезесін әлем көкжиегімен теңестіруі шарт. Ол зерделі зерттеу, рухани дүние кірпіштері әдеби мұра, мәдени жәдігерлерді кәсіби білімділікпен, біліктілікпен танудан басталмақ.

Әдебиет рухы қазақтың рухымен бір жасайтын эстетикалық ғалам. Оны осыған дейінгі қиын асу, қилы-қилы сыннан өткен ақындар тағдыры мен олардың өлеңдерінің тарихы толық дәлелдеп берді.

Осынау кезең әдебиетінің тарихына тереңдеп бару – XIX ғасырдың әлеуметтік шындықтарын ақтару. Бұл ретте тарихи талдаулар мен әдеби сараптама қатар жүрмек.

Қазақ халқының басына түскен отаршылдық бұғауды жалаң қылыштың жүзімен шашып тастамаққа ұмтылған хас асыл ақын, батыр Махамбет Өтемісұлының жігерлі жасын жырлары XIX ғасырдағы қоғамдық ой мен әдеби толғаныстардың басын біріктіріп шынайы тұтастық танытады. Академик Мұхтар Әуезов он тоғызыншы ғасырдың күйінішті, зарлы ахуалын жырлаған қасіретті ақындар көп болуға керек. Бірақ бұл күнде барлығының сөздері жиналмаған. Жиналғаны болса, баспаға шықпаған деген ойларын білдіре келіп, Махамбет, Шортанбайларға тоқталады. «Исатай қазақ елінің ақырғы рет патша үкіметіне қарсы тұяқ серіпкен қимылын көрсетсе, Махамбет осылардың жолын түгелімен қабылдап, өзіне иман қылған адам. Мұның заманы Абылай заманынан да бұзылып кеткен. Бұл күнде бұрынғыша толғау айтып, алыстан қозғап ой түсіремін деп отыруға болмайды. Енді іс қана қалған. Жүрек тоқтатып, бекініп, қолға найза алып, аттану ғана қалды. Не өлу, не тірілу керек. Тыныс бітіп, тығырыққа қамалған жердегі жалғыз асу осы. Сондықтан қызулы үгіт сөзбен қалың қазақтың қайраты бар ерлеріне ұран салады».⁷⁵

Махамбет тағдыры қазақ жерінің тарихымен тікелей қабысып жатыр. «Хан билігін әлсіретіп, хандық мәртебесін мансұқ етіп, хан басын кемінде үшке жеткізіп, текетірестіріп тоздырып, хан қадірін кетіріп, хандықты құртып жіберуді»⁷⁶ мақсатты түрде

⁷⁵ М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. А., 1985. 16-т., –190-б.

⁷⁶ В. В. Шахматов. Внутренняя Орда и Восстание Исатая Тайманова. А., Изд. АН КССР, 1946, стр., 8.

жүргізген (анықтамалар, Азия істері жөніндегі комитеттің генерал Игельстромның саясатына берген бағасынан алынды) генерал губернатор Игельстром Орданың ханын Орынбор губернаторлығы кеңсесінің орындаушысы деңгейіне дейін тұқыртты, сөйтіп, II Екатеринаға «қырғыз-қайсақтардың Кіші ордасын бөлшектеу әрине, Сіздің императорлық мәртебеніз үшін өте пайдалы да ұтымды болып шығады», - деп масаттана мәлімдеді. Бұл генерал ханды Орынбор басшылығына кіріптар етуге, хандықтың қадір-қасиетін құртып жіберуге қызмет етті!». Махамбет дүниеге келген кезеңде осы саясат мәуелеп, шарықтау шегіне жеткен-ді. «Қырғыздар кімге барып арызын айтады, кімге мұңын шағады, әлжуәз Айшуаққа ма, әлде Шекаралық басқармаға ма? Бас-басына көп хан сайлағылары келе ме? Сайласын. Өйтсе өздері жақ-жақ бөлініп, сан-саққа жіктеліп ордасы ойрандалады, халық өзіміз хан сайладық деп алданып мәз болады, ал хандары Патшаға жүгініп, Ресейден ұзап кете алмай шырқ айналады» (граф Н.П. Румянцев). Көп ханнан қайыр да, қайырым да жоқ. Шекара комиссиясына барса, әрине, қызмет сіңіру керек, ұры-қарыларды ұстап беріп, тағысын тағы «қолғабыстар» жасау қажет. Губернатор Игельстромның барымтаға кінәлі деп, Нұрәлі ханның өзін – қатардағы губернатор бір елдің Ханын – тақтан тайдырып, Өфеге жер аудартып жібергендігінен-ақ біраз жайды ұғуға болар (1785 жылы). Ханың анау, қарашы қайда барасың!

Сөйтіп пісіп-жетілген жағдай оп-оңай шешілді, полковник П.С. Попов Бөкейге орыс патшасының қол астына кіруге ақыл-кеңес беріп, өтініш хат жазғызды, Бөкейдің хаты Астрахань губернаторы К.Ф. Кноринг арқылы I Павел патшаға жетті. Патшаны масайратқан ғажайып жаңалық еді. Қолма-қол Бөкейге мейірімді хат, жарлық, патша суреті салынған қара баулы алтын медальон жөнелтілді. Полковник П.С. Попов сол күні Патша Жарлығымен генерал шенін алды. «Председательствующего в Ханском совете киргиз-кайсацкой Малой орды Букея-султана, сына Нуралиханова, принимаю к себе охотно, позволяю кочевать там, где пожелают, и в знак моего благоволения назначаю я ему медаль золотую с моим портретом, которую носить на шею на черной ленте; Астраханского же казачьего полка командиру Попову пожаловал я чин генерал-майора в награждение за усердное его и успешное поведение в усмирении киргиз-кайсацких народов; ваше же представление по поводу сего во всей силе утверждаю» (Указ от 11 марта 1801 г.). Ресей патшасын аландатып келген күрделі, күлбітелі ахуал оңға бет бұрды. Империяның оңтүстік шекарасы алаңсыз тыныштыққа оранбақ. Шекаралық хандық далалықтардан келер қауіп-қатерді мүлдем өткізбейтін болады. Шекаралық қалқанша – мемлекет құру империялар саясатында ежелден бар тарихи тәжірибе, оған Ресей–

Қазақстан, Қазақстан – Қытай шекараларының тарихындағы елдердің тағдырын атаса да жетіп жатыр. Махамбет тағдыры осы шырғамауға шырматылды. Өз заманының қуатты, жігерлі, аса дарынды адамына бұйыртқан енші де сол зар заманның кесепатты кесірімен алысып өту еді. Солай болды да.

Сол бұғаулы дәуірдің батыр ақынның мойнына бұғанасы қатпай жатып түскен құрығы әскери губернаторлықтың сақталып қалған құжаттарында, жазба-сызбаларында әлі сіресіп жатыр. Сол қабат-қабат ресми түрде рәсімделген тарихтың түкті қолынан тәуелсіздікке шығару ендігі күннің еншісінде. Махамбет, Дулат, немесе Бұқар жырау мұраларына қатысты социалистік реализм әдебиетінде қолданылған «методтың» қыр-сыры жұмбақ емес. Үстем тап өкілдеріне қарсы сөйледі, не сөйлемеді, ханға қарсы жыр жазды – жазбады деген секілді таптық саяси таразы бұл жерде де әзір тұрды. Әбден белгілі идеологиялық қасаң тәсіл. Не десек те, Бұқардың Абылай ханға айтқаны, Махамбеттің Жәңгір ханға айтқаны алдымен алға тартылды. Әйтсе де хандарға қарата айтылған ол бірді-екілі толғаулар қазақтың осынау кескекті дарындарының мандайына басқан байрақты жырлары емес еді. Екі ақында да әлемдік поэзияның небір сойларын шаң қаптырып кететін текті терең сөз құймалары баршылық. Замана, ел-жер, кісілік, қала берді махаббат туралы саф алтын серпінді тебіреністер Бұқарда да, Махамбетте де жетерлік еді. Әрі сол дәуірдегі қазақ жырының ақиқаттарына жататын.

Социалистік қоғам ұлы дарындардың шығармаларының қажетті тұстарын өз «саясатына» пайдаланды. Ханмен, патшамен алысқан тап күресінің «буревестниктеріне», жаңа қоғамның жаршы дауылпаздарына айналдырды. Екі ақынның өлеңдерін түсіндіруде қатар қолданылған тәсілдің өзінен сол жасандылықты сезу қиынға түспейді.

Социалистік реализмнің осындай шарттылықтарынан Махамбет тұлғасы мен шығармаларын аршып алу рухани тәуелсіздік жолындағы мағыналы міндет.

Махамбеттанудың көкжиегін әлдеқайда кеңейтіп, ақынның өз жаратылысына тән өресінен өрбіту әрі беріден соң қазақ әдебиетінің мәртебесін өсіріп, қазақ мәдениетінің тынысын ашады. Кеңестік эстетиканың мектебінде қалыптасқан оқырманның қасаң санасының қасіретті тасмандайлығынан құтқарады. Махамбет шығармаларының тарихи негіздері, тарихи алғышарттары қалай еді, қалай өрбіп еді? Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы мен тарихи жағдаяттардың ішкі байланысы қазақ әдебиетінің бірқатар теориялық мәселелерін шешіп бере алады. Поэतिकаның тарихилығының қазақ әдебиетіндегі заңдылықтарын таратып талдауға мүмкіндік береді.

Міне, ақын тұлғасы мен шығармашылық ерекшеліктерін осындай екі-үш аспектіде зерделеп саралау қажет. Махамбет Өтемісұлының күрделі ақындық құбылысы, эстетикалық-тарихи заңдылықтары біржола жаңа қырынан ұлттық тұрғыдан байыпталған сайын қазақ әдебиетінің сол кезеңдегі даму шындығы да терең ашылмақ. Қазақ елінің тәуелсіз рухы да, мемлекеттік мәдени мұраттану саясаты да жаңа ХХІ ғасыр тынысы да соны мегзейді. Елу жылда ел жаңа, жүз жыл қазан. Енді бір елу жылдан кейінгі әдебиет толқыны бүгінгі біздің заманның адамдары білетін тарихи ақпараттық ахуалдан қол үзіп қалары айдан анық нәрсе.

Исатай-Махамбеттер тегеуіріні қандай саяси-әлеуметтік ауқымдылыққа жетті? Құжатқа жүгінсейік:

I Николай патшаның аудиенциясы. Сыртқы істер министрі патшаға Бөкей ордасындағы «дағдарысты», шиеленістің ушығып кеткендігін жеткізіп тұр. Сүйенген дәйегі Астрахань губернаторының мәлімдемесі. Астрахань губернаторы Темирязов Жәңгір ханның үрейлі арызын алысымен, Сыртқы істер министрлігінің Азия комитетінің меңгерушісі Родофиникинге шұғыл хабар жөнелткен. Ол дереу – министрге, министр император I Николайға баяндады. I Николай, әрине, Орынбор губернаторы Перовскийден нақты жағдайды білуді бұйырып, Бөкей ордасындағы толқу жайлы неге мәлімдемегенін түсіндіруді талап етті.

Орынбор губернаторы Перовский «Жәңгірдің өз күшімен тыныштандырылған, қатардағы ішкі оқиға» екендігін жеткізеді. Намысшыл губернатор астраханьдық әріптесінің өз ісіне араласуына ашулы, өкпелі. Әрине, губернатор өзіне тапсырылған аймақтың патша алдында «жаманатсыз», тыныш болғанын, өзінің лауазымдық беделін ойлайды. Ол да түсінікті.

Жәңгірдің өтініш, арызын өз губернаторынан бұрын Астрахань губернаторы тезірек жеткізген. (Жәңгір ханның I Павел патшаға өтінішін де кезінде осы Астрахань губернаторлығы арқылы жеткізгені еске түседі). Патша тоқтау салмағанда, Астрахань губернаторы ордаға әскер күшін жібергісі де бар еді. Жәңгірге бүйрегі бұрса да, императордың өкімінен именген. Бір жағынан, қызметтік әдептен озбай, Перовскийдің намыстанып, айбат аңғартқанымен де кідірген. Орынбор губернаторы Жәңгір ханның хатын қабылдаса да, елді бөрідей бүріп жөнелген Қарауылқожаны «тый» дегенді де айтып қалды. Губернаторлар қақтығысы, ұлықтар ұрысы.

Дәл осы тұста Махамбет жырларында толғанатын Исатай-Махамбет қозғалысы да ушығып тұрған. Қиюы келген қисындар. Николай патша қазақ ішіндегі әлдебір барымташыға аландар ма еді!? Азия департаменті, Ресей сыртқы істер министрі, Патша

кеңсесі әбігерге түссе, губернаторлары «қақтығысып» қалса, әрине, әдеттегі жағдаят болмағаны. Ақын Махамбет бел ортасында жүрген қақтығысты, шиеленісті оқиғалар қаншалықты маңыз алғандығын осы құжаттық мағлұматтар аңғартады.

Осы тарихи дәйек Махамбеттің шығармаларын да нақты бір жүйелі желіге тереңдете түседі. Бірі астары, бірі тысы. Хан орда мен Орынбор губернаторлығындағы қым-қуыт әбігердің астары— Исатай – Махамбеттің ел ішіндегі тегеуірінді әрекеттері. 1828 жылы Қайыпғали сұлтан қолы да көтеріліп шеше алмаған түйін, 1837 жылы Исатай мен Махамбет басын тіккен, «Еділ үшін егескен, қиыл үшін қырылған, Төптер үшін тебіскен» аталы кектің түбі тереңде тұнған. Еділді алса – елді алар, Жайықты алса – жанды алар деп қауіп қылған заманда жатыр. Соның бәрі Алтын орда тұсындағы, одан берідегі бастағы дәурен тайған замандардағы қазақ, ноғай жырларында атойлап көрінген. Қазақ әдебиетінің тарихында осынау замандағы жырлардың, поэзиялық шығармалардың тарихи негізділігі, ел басындағы оқиғалармен тікелей тығыз сабақтастығы қанық көрініп тұрса да, зерттеліп, ғылыми тұрғыдан толық сарапталмай келді.

Сонымен мекен-жайы, уақыты, әлеуметтік проблематикасы «жасырылған», жазылу себебі ашылмаған бұл толғаулар тек таза әдеби туынды ретінде, қазақ әдебиетінің «ескі» туындылары ретінде көзге көрінсе де, санадан жырақ қала берді. Кеңес дәуіріндегі ұлттық әдебиеттерді тану тәсілінің бір осал тұсы да осы. Бұл қазақ әдебиетінің де тарихи дәстүрін әлсіретіп, негізін шайқап кеткен.

Махамбеттің сол тұстағы көңіл-күйі, күңіренісі мен күйзелісі мынадай мазмұнды жырларынан да жақсы байқалды:

Қатын, бала, қара орман,
Баршасын жауға алдырған,
Құрулы жатқан жебеге,
Құрсағынан шалдырған,
Асыра келіп ойласам,
Бұл заманның шағында –
Махамбеттей зарығып,
Мұңды болған қайда бар?!⁷⁷

Басқа қысым түскен соң,
Қайырылмастай күн болды
Қатын менен балаға!
Барсаң сәлем айта бар,
Ата менен анаға!⁷⁸

⁷⁷ *Махамбет*. Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. 1- т. – А., 2003., 64-б.

⁷⁸ Сонда, 66-б.

* * *

Қаумалаған қайран қарындас,
Қазақта бар да, менде жоқ...⁷⁹

* * *

Таршылық басқа түскенде,
Қапаланам мен-дағы,
Қаумалаған қасымда,
Қарындастың ксмі үшін!⁸⁰

Ер Махамбеттің өткен ғасыр табалдырығынан аттаған керекті ерек сөздерінің бір дерегі де осылар.

Ер Махамбет сияқты дара дарындардың мектебі, ақындық айналасы, арғы-бергі ғұлама, жырау, ойшылдармен жалғастығы, сабақтастығы мәдени мұралардың қалың қатпарларын кешенді ашып береді. 1939 жылғы екінші басылымынан беріде, яғни саяси қуғын-сүргін науқанынан былайғы уақытта ақын мұрасы бірыңғай социалистік реализм әдісімен, интернационалдық бірлік жөнімен қабылданды. Оның бір дәлелі текстологиялық талдаулардан көрініс берді. Мәтінтанудың ұңғыл-шұңғылындағы толып жатқан арнаулы әдеби, тілдік, тарихи пәндік қисынды-қисынсыз тұстарды шұбыртпай-ақ, сол істің тынысын жеткізерлік бірді-екілі мысалды атайық. Махамбет өлеңіндегі «Ауызы түкті кәуірдің» деген тіркестің «Ерегескен дұшпанның...» болып «этикалық» сып-сыпайы сипат алуы да сол сияқты. Демек, кеңес дәуірінде осындай шартқа сыйған сөз ұлтқа жетті де, қалыпқа сыймағандары мұқабаның сыртында қалды.

Махамбет, Дулат мұраларына қатысты орын алған жағдаяттар бүкіл қазақ әдебиетінің тарихына қатысты күрделі мәселелерді меңзейтіні түсінікті. Қатпар-қатпар шежірелі деректер сирек қорларда сыңсып жатты да қойды. Ендігі рухани тәуелсіздік жылдарында әдебиет, мәдениет тарихын түгендеудің маңыздылығы осыдан да білінсіді.

Махамбеттің жыраулық мектебі іргесі берік ұлттық әдеби дәстүрден бастау алады. Классикалық әдебиеттегі ел тарихынан тармақталған күрделі күңіреністі Мұрат ақыннан жазылған (1908, Қазан басылымы, 11-бетте.) Қазтуғанның сондай бір жыры жеткілікті толымды аңғартады. Махамбет заманына жалғасқан ұлы дүбір, дүрбелең жорық рухының берік тіні сонда жатыр.

Тайсойған мен Дендерден,
Сағыз бенен Жемдерден,
Құралайдай шұбырып,
Күліп-ойнап өткесімін!

⁷⁹ Сонда, 106-б.

⁸⁰ Сонда, 121-б.

Ойылдың тамды көліне,
 Бір түстеніп кеткенмін.
 Маңғыстаудың ойына,
 Етек-жеңім жыртылып,
 Аққырауда жеткенмін.
 Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз,
 Саланың жатқан аңғары-ай!
 Ақ шалмалы пірлердің,
 Мешітке жаққан шамдары-ай!

Жер иесінің сөзі. Доспамбетте, Шалғезде, ноғай жырларындағы жер қадірін, ел тағдырын толғаған толғамдардың бәрінде осындай нақтылық, географиялық өзек бар. Қазтуғанның алаңы да анық. Елдік саясаты да тұнық:

Менің қорғалақтап жүргенім,
 Анаңа нәлет кәпірдің,
 Күшене тартқан салдары-ай!
 Кәпірден теңдік аларға,
 Қайтып келер деп пе едің,
 Мұсылманның Шыңғыс хандары-ай!

Тарихи жыр десе де, саяси әдебиет десе де, елдік мүдде, идеология десе де сияды. Әрине, көркем әдеби туынды.

Бү қоныстан кетпесен,
 Мұны талақ етпесен,
 Атаңа нәлет кәпірдің,
 Пайдасына қалмаса игі еді!
 Ноғайлы қазақ жұртымның,
 Кейінгі туған балалары-ай,
 Адыра қалғыр Көк Жайық,
 Менің аңырап қалды-ау қонысым,
 Қонысымнан ауған соң,
 Кеміссе игі еді өрісім!
 Таудағы тарлан бөрі едім,
 Тарылғанға ұқсайды тынысым.
 Заманнан қорқып барамын,
 Оралдың күшті болды-ау орысы.⁸¹

Исатай-Махамбеттер тындап, жігерленіп, көкейіне күйіп өскен жырлар. Сол замандағы қазақ ақындарының жүрекжарды тебіренісі. «Кейінгі туған жас бала, ақ балтырын түрініп, көкірегі күйініп, ықтиярсыз жүгіріп, аузы түкті кәпірдің, қылмаса игі еді жұмысын!». Мұсылманның баласы кіріптар болып қалар ма деген уайым. Ақыры, солай болды емес пе!

⁸¹ Сонда, 211-б.

Атамыз қазақ өзіннен,
Анықталып туған жер!
Кіндігімді кескен жер,
Кірімді эппақ етіп жуған жер,

Жайық, сені қайтейін,
Ағашың айбар көрінген,
Жапырағы жерге төгілген,
Жапырағы жасыл ала қамқадай,
Бұғағы бұрама күміс алқадай.⁸²

Мұрат ақын толғайтын батыр Қазтуған тебіренісі. Ұлттық саяси лириканың тағы бір үлгісі. Ер Махамбеттің рухани мектебі, міне, осы.

Ата Жайықтың жібектей сусып қолдан шығып бара жатқан күйініші Махамбеттің де мұңына айналған. Махамбеттің жырына ауысқан. Махамбеттің көкірегіне көшкен. Исатайдың найзасының ұшына ілінген. Жер дауы, жесір дауынан да күшті, қасіретті ел дауы, елдік саясат майданы. Жәңгірмен кектескен, Жәңгірге қарсы күрес дегенге сайып, «патша мен пролетариат» тартысына теліген бойда Бөкей ордасындағы тарихи құбылысты тартыстың салмағы мысқалдап төмендей бастайды. Мынадай деректерге назар аударайық: Қайыпғали сұлтан да, Исатай да жеме-жемге келгенде, мүмкіндігі еркін жеткен сәттердің өзінде Хан орданы құлатпаған, Жәңгірді шаппаған. Талаппен (үш жүз адам қол қойған петиция), бопсамен шектелген. Кейбір зерттеушілер (А.Ф.Рязанов) Қайыпғали сұлтан күші еркін басым тұрса да, кәміл жеңетіні айқын болғанның өзінде тікелей соғысып, Жайықтан өтіп шығуға батылы жетпеді деп тандана жазады. Жәңгірдің немере інісі Қайыпғали сұлтан. Исатай – Махамбет екі-үш мың сарбазымен Хан ордасынан сегіз верстке жетпейтін жерде төніп тұрып, Ордада генерал Гекке бастаған небәрі 20 әскер барын білсе де, екі апта бойы Хан орданы басып кіруге бір де бір ниет білдірмеген. Ордадағы қызметші сарбаздарға күзет солдаттарын жиып қосқанда, мылтық ұстайтын адам елу-алпыстан аспаған сәттер де болған. Сол күндердегі Махамбеттер қатары әртүрлі дерек бойынша екі мыңнан үш жарым мыңға дейін жетіп тұрған. Бұл да генерал Гекені, кейінгі орыс зерттеушілерін таң қалдырған жәйт. Былайша айтқанда, қазаққа ғана тән жұмбақ. Қазақтың мәрттігі мен елдігі, ішкі ұлттық психологиялық шарттылықтар мен салттық сана заңдылықтарының беріктігі осыдан білінеді, оны ұлттың өзінен өзгенің түсінуі де қиын, түсіндіру де қиынсыз.

⁸² Сонда, 212-б.

Ұлт-азаттық қозғалыстың шиыршық атып ширьқан тұсындағы осы тарихи дерек жәйі ақынның жырларынан да, кейін Ығылман Шөректің «Исатай – Махамбет» дастанынан да көрінді. Ақынның Исатай атынан айтылатын «Әй, Махамбет, жолдасым!» тебіренісінде де сол күндердің өкініші өрттей қаулайды.

Қырық бір жасқа келгенде,
Ауыр әскер қол ертіп,
Жасқұсқа барып енгенде,
Арыстандай ақырған
Айбатыма шыдамай,
Хан баласы жылады-ай!
«Жанымды қый!» – деп сұрады-ай,
Ақкөңіл, аңқау жүрекпен
«Беремін!» - деп мен тұрдым,
Көк бедеуді бауырлап,
«Шабамын!» - деп сен тұрдың.
«Исатай басшы білсін...», – деп,
Қалың әскер қол тұрды.⁸³

Жорық күндерінің осынау өксігі талай толғаулардан қылаң беріп өтеді. Шындық. Тарихи құжаттар куәландырған оқиға.

Махамбет ойларының, ақын поэзиясының тарихи алғышарттары ұлттық тарихи трагедиялық халден өрбиді.

Кесек мінез, кекті сөздің жалыны аяқ астынан бүрқ еткен алау емес, әріде халық көкірегінде дүркіреп жанған құйынды өрттің ағыны. Мұнар-мұнар, мұнарлы күндердің мұңы. Есіл ерлердің өкініші. Жалған дүниенің жазмышты хақиқаты.

Тағыдай таңдап су ішкен,
Тарпандай тізесін бүгіп от жеген
Тағы сынды мырза едік,
Тағы да келдік тар жерге,
Тандансақ тағы болар ма
Тәңірінің салған бұл іске?!
Ата-енені сөктіріп,
Ат басына соқтырып,
Нәлет десек болмас па,
Осынау біздің жүрген жүріске!⁸⁴

Әрі өкініш, шарасыздық, әрі ел ісіне бекінген ердің сөзі. Шағын жырдағы көңіл күйі сол тұстағы тарихи жағдайдың күллі психологиялық коллизиясын кемел сезіндіреді.

⁸³ Сонда, 47-48-бб.

⁸⁴ Сонда, 39-б.

Біздің жайды сұрасан,
Ерте көшіп, кеш қонған
Санаулы сәнді орданың бірі едік,⁸⁷ —

деп өкінсе де сол ел мен жердің қадірін айтты. Махамбеттің өлеңінің бәрінде дерлік бірер жол болсын, бірер тармақ болсын Нарын, Жайық, Еділ, Жасқұс, бозаңды дала, бозторғай, шалғынға бие байлаған дәурен, жаздықтың шалшық көлі, қақ суларына дейін аталып қалып отыратындығы тегіннен тегін емес. Ақын жан-дүниесін жайлаған ел, жер күйініші. Ақынның қуаныш-шаттығы да, мұңы да, жыры да Ел мен Жер берекесі, Орда салтанаты.

Еңсесі биік Ақ орда,
Еңкеймей кірер күн қайда!

• • •

Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынға бие біз байлап,
Орнықты қара сабадан,
Бозбаламен күліп-ойнап,
Қымыз ішер күн қайда!⁸⁸

Қазақ батырларының аңсары. Алаштағы жақсыдан «батасын алып, дәм татып», бозбаламен жарасып, қайран да Нарын даласын еркін жайлап, кең қонған құтты, берекелі дәурен. Күші кәміл жетіп тұрып Исатай-Махамбеттердің Хан ордаға бұзып кіріп, Хан тағына отырып алмағанына генерал Текелер қалай таң қалып түсінбесе, ауыл сайын қарауыл қойып, аяқ басса, казак әскерінен пұрсатана сұратып қойған жіпсіз байлаулы, бодандық шідерлі тірлікті Махамбеттер де нақ солай түсінбегені, нақ солай таңданғаны хақ.

Қазақ әдебиетінің ежелгі тарихындағы жырлар, шығармалар қандай да бір елдің тарихи күндерінің шындығын жеткізеді. Бұл белгілі болса да, ғылымда әлі де тереңнен зерделеніп, нақты тұжырымы түйінделмеген мәселе. Ал, қазақ әдебиетінің тарихында қазақ жерінің, қазақ елінің мемлекеттілігінің тағдыры барынша нақты, ұлттық саясат дәрежесінде барынша айқын бедерлі көрінген түс - Алтын орда әдебиетімен ұштасатын жыраулар кезеңі. Азау, Еділ-Жайық, Хиуаны орай өткен жыраулар әдебиетінің өзекті сөзі де Жер, Жер-су. Асанқайғының арманды жолы да сол Жер. Алтын Орда арпалысынан кейінгі кезеңдегі бізге жақын тарихтағы Сарай, Сарайшықты қабат-қабат орай тамыр

⁸⁷ Сонда, 78-б.

⁸⁸ Сонда, 72-б.

жая келіп, аймақтық кеңістікті кернеген еларалық тартысты саясат сол аумақтағы әдеби үрдісті де қамтыды. Қазақ жерінің тағдыры мен талайы сол тұста барынша айқын жырланып, әр сөз орамын қасиетті күрестің қаны кернеген ақын – Махамбет еді. Жерді ұлттық, халықтық символ биігіне көтерген, жыры – жерге, жері жырға айналған бірден бір қазақ ақыны да Махамбет!

Ақын толғауларының мәңгілік асқақ рухы көркем әдебиетте қазақ жерін мемлекеттік мүдде, елдік саясат кіндігіне айналдыра алғандығында жатыр.

Махамбет жырлары дегенде қазақ баласының көзіне көкпар тартысқа түскен қазақ даласы, сонау 1775 жылы-ақ II Екатерина патша өз Жарлығымен канцлер, граф Безбородкоға мәңгілікке сыйға тартқан, князь Юсуповқа берілген Каспий бойындағы шұрайлы жерлер, Еділ-Жайық бойындағы жер үшін ашық та жабық та жүрген күрделі саяси-әлеуметтік, қазақ үшін ұлттық күрестер елестеуі керек.

Жер бөлісіне келгенде Исатай да құралақан қалмаған. Исатай да, Махамбет те белгілі старшындар. Орыс тергеушілеріне 1836 жылы 8 қарашада берген жауабында Махамбет Өтемісұлы 1834 жылы 9 маусымда Жәңгір хан өзіне №572 санды куәлік беріп старшын етіп тағайындағанын, кейін Шекара комиссиясы бекітпегенін айтады. Әйтсе де, старшын міндетін атқарып жүре берген. Ол ақынның мөр таңбасынан, сөзінен, іс-әрекетінен байқалады. Яғни, тартыс себебін бір ғана жеке бастың ренішінен іздеу қисынсыз.

Махамбет Бөкей ордасындағы «көтерілістің жаршысы» дегенге саятын анықтамалар дұрыс естіліп, санаға сіңіп қалса да, ақын шығармаларына берілген айқын баға, терең танымдық тұжырым емес. Махамбет қақтығыстың, азаттық қозғалысының құралы ма еді? («Маяковский – трибун...» үлгісі бойынша). Ақын сол көтеріліске қатысушы, ұйымдастырушы батыры, сарбазы. Оның үстіне қазақ тағдырын, қазақ жерінің тарихи кезеңдерін поэзияда ақындық қуатпен сомдаған суреткер. Оның суреткерлік мектебі ұлы жыраулар дәстүрінен, Асанқайғы, Доспамбет, Қазтуған шығармаларынан көз ашып, бастау алып, өзі ішінде қатыса жүріп от пен суды тең кешкен XIX ғасырдың қырғынды заманында қалыптасып, шындалды. Ел мен Жерге түскен қилы заман қырғынды трагедияның қазанында қайнап, шерленген арқалы ақын қазақ әдебиетінің жаратылысында бұрын-соңды кездеспеген шеберлік пен тегеуірін танытты. 1830-1845 жылдар оқиғаларының суреттерін түзген туындылары тарихи жырлардың қасиеттерін байытып, қазақтың жаңа әдебиетінің қайталанбас көркем шежіресіне ұластырды. Қиялдау, аңыздау, анахронизм деген классикалық ауыз әдебиетінің шығармаларына

тән заңды көркемдік шарттылықтар мен белгілер батыр ақынның жыр, толғауларында қылаудай нышанын байқатпайды. Көргенін көргендей, білгенін білгендей көркем де келісті кестелеу. Бұл да жаңа дәуір әдебиетінің өрнегі. Кейін осы сипат қазіргі қазақ әдебиетіндегі небір тарихи көркем шығармалардың өзекті сипаттарының біріне айналды. Өмір шындығы мен көркемдік шындық мәселесіне ұласты. Махамбет шығармаларының тарихи негізінің бір қыры – нақты оқиғалардан туындаған толғау, жырлары. «Жақия» өлеңі көпке мәлім туынды. Жақия есімі бірнеше өлеңінде аталып қалады. «Әй, Махамбет жолдасым» өлеңінде Исатай Жақияны Махамбетке тапсырады. Бірде Жақия жас кетгі-ау деп тебіренсе, бірде ақын:

Жақияны жауға ұстап бергендей,
Шүрен, саған не еткенмін!⁸⁹ –

деп қынжылады. Махамбеттің бұлай толғауының себебін құжат деректерінен табасыз. Исатайдың баласы Жақия кейін қуғын-сүргінде қолға түсіп, жазаланады. Жазалаушы әскерлерге олардың қайда екендігін көрсеткен алты бірдей аты белгілі, мәртебелі адамдардың сілтеуімен қапияда қолға түскендердің ішінде Жақия бірге ұсталады. Кейін, «Исатайдың баласы Яхья /Жақия/ 250 адамдық солдаттар қатарының арасынан үш рет өткізіліп, құрыш шыбықпен дүреленеді де, Финляндияға үш жылға басыбайлы құлдық жұмысқа айдалады». Үш жылы өткеннен кейін солдатқа жараса әскерге алынсын, жарамаса Үркіт губерниясына жер аударылсын деген үкім шығарылады. Құжаттарда солай көрсетілген. Жақияның былайғы тағдыры беймәлім. Махамбеттің екі-үш қысқа өлеңінде жырланатын Жақия тағдыры осындай. «Әй, Шонты би!» өлеңіндегі Шонты би өмірде белгілі адам. Оның есімі мен қылықтары мұрағат деректерінде кездеседі. «Әй, Шонты би!» тарихи дерегі бар туынды. Қандай жан екендігі Махамбет өлеңінің мазмұнынан да аңғарылып тұр. Заман тынысы, тарих деректері Махамбет шығармаларының осындай нақты тармақтарынан да көрініс беріп қалады. Құжаттармен, деректермен салыстыра, жарыстыра қарағанда ақын өлеңдерінің мұндай тарихи желісі, тарих пен өлең өзектестігі жақсы көрінеді.

Махамбет Өтемісұлының шығармашылығы, бір жағынан, ұлттық жыраулық дәстүрдің көркемдік желісін өрбітіп, дамытса, екінші жағынан қазақ өлеңіне дәуір сипатының бедерлі белгілерін сіңіріп жаңғыртты. Жаңашылдық үрдісін ашты. Сол тарихилық негізімен ерекшеленді.

XIX ғасырдағы әдеби мұраларды зерттеп жариялауда үлкен

⁸⁹ Сонда, 119-б.

аумақты істер атқарылып, дәстүр қалыптасты. Ол зерттеушілік қызметтің ерекшелігі мен қыр-сырын Махамбет жырларын жариялау үрдісінен де байқауға болар еді. Қазақ елінің тарихындағы аласапыранды алыс күндердің жыр шежіресіндей ақын шығармалары ел ішінде кеңінен таралса да, баспа бетін тым беріде бір ғасырға жуық мерзімнен кейін ғана көре бастаған. 1908 жылы Мұрат ақынның айтуында жазып алынып, Қазан қаласында жарияланған. Махамбет жырлары баспа бетін көріп, зерделенген жүз жылға таяу уақыттың ішінде әдебиетшілердің де, оқырманның да көз алдында болды. Ел тарихы мен тағдыры туралы сөз ел тарихымен бірге жасады. Өлең сөздің, хас таланттың қасиеті бұл. Бірнеше сабақтас тақырыптағы шығармалары ұштасып, жалғаса келе тұтас бір кесек туынды тынысын да сездіреді. Мысалы, «Әскер жиып аттандық», «Ортамыздан келіп қол жетті», «Толғай-толғай оқ атқан» деген үш өлең табиғаты бір-біріне жақын, сюжеттік жағынан сарындас та, сабақтас. Нақты тарихи оқиғаларға орай туындаған тебіреністер. 1925 жылы профессор Қ. Досмұқамбетұлы әрқайсысын цифрмен белгілеп, жеке-жеке жалғастыра жариялатқан. Кейін, профессор Қ.Жұмалиевтің желілеуі бойынша «Соғыс» деген ортақ тақырыппен тұтас бір туынды ретінде жарық көре бастады. 1936-37 жылдардан бастап жүйелі түрде айналысып, Махамбет мұрасына қажымай еңбек сіңіріп, әдебиеттің асыл қорына қосуға өлшеусіз мол қызмет сіңірген Қ.Жұмалиев дәл аңғарғандай, үш туынды басы біріккенде үлкен тынысты шайқас (баталия) суреттері тіріліп шыға келді. Баталист суреткердің тынысын да танытқан толғау болды. Махамбет поэзиясы сөз болғанда осындай зерттеушілер еңбегі де ойға оралады.

Ғасырға жуық мерзімде қазақ әдебиетшілері Махамбет мұрасына аса ыстық ықыласпен ой жүгіртіп, ұлттық қазына қатарында бағалап келді. Тек қана «Ереулі» – «ереуіл» сөзінің төңірегіндегі пікір таластары мен толғамды зерттеулердің өзі жинақтап жарияласа қомақты ғылыми басылым болар еді. Осы бір ғана өлеңнің текстологиялық тарихына қысқаша шолудың өзі көп жайды аңғартады. «Ереулі атқа ер салмай» алғаш рет 1908 жылы, Қазан жинағында жарық көрді. Шығарма Қазан басылымында (1908), Орынборда жарияланған «Шаир, яки қазақ ақындарының басты жырлары» жинағында, Ташкент басылымында (1925) және солардан бергі ақын кітаптарының барлығында жарық көрді. Қазіргі толық мәтініне ең жақыны, бірді-екілі айырмашылықтарын айтпағанда, 1925 жылы Қ.Досмұқамбетұлы жариялатқан нұсқасы. 1911 жылы жарық көрген «Шаир, қазақ ақындарының басты жырларында» да қазіргі бітімі сақталған, оның тармақ сөздерінде бірқатар өзгешеліктер кездеседі.

1908 жылы Қазан жарияланымында өлеңнің бастапқы жолдары жоқ. Яғни, Ғабдолла Мұштақ жинақтаған кітаптағы («Шаир») алғашқы бес жол Қазан кітабында жоқ. «Ереулі атқа ер салмай, Егеулі найза қолға алмай» - деп басталатын алғашқы бес тармақ Орынборда жарық көрген «Шаир» жинағында ғана бар.

Профессор Қ.Досмұқамбетұлы алдыңғы екі кітапты да, ел аузындағы өзге де нұсқаларды қарастырған тәрізді. Орынборда шыққан жинақтағы тұтас мәтінде:

Тебінгіні терге шірітпей,
Терлікті сүттей ірітпей, –

деп жазылған. Бірғақ жағынан да ептеп оқшаулау естіліп қалады. Ал, бұл жолдар сәл ертерек жарық көрген Қазан кітабында (Мұрат ақынның айтуымен шыққан):

Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей, –

деп жарияланған.

Әрине, 1925 жылы Ташкент басылымын әзірлеген Қ.Досмұқамбетұлы «Шаир» кітабындағы бүтін мәтінді ала отырып, Мұрат ақыннан жазып алынған жоғарыда келтірілген ұтымды да, үйлесімді тармақтарды іріктеп қосқан.

Негізінен, Ғабдолла Мұштақ нұсқасын өзекті мәтін етіп ұстанған Қ.Досмұқамбетұлы Мұрат ақынның айтуындағы келісті қос жолды апарып қосқанда, әрине, шығарманың поэзиялық нәшін, әуезділігін, ішкі үйлесімін ойлағандығы кәміл.

Міне, осындай бірер мысалдың өзі-ақ зерттеушілердің талантты ізденістерін көрсетеді.

Ендігі бір «Мінкен ер» өлеңі оқырманға жақсы таныс. «Мінкен» сөзі жұмбақтау мағынада болса да, құлақ үйреніп кеткендей. 1925 жылы Ташкентте жарық көрген кітабында Қ.Досмұқамбетұлы осы сөзді баспаханадан кеткен қате ретінде көрсетіп, дұрысы: «Міткен ер» - деген түзету бергізіпті. Кітап соңындағы түзету кейін көзге түсе бермеген тәрізді, ілешала Қ.Досмұқамбетұлы қуғынға түсті, кітабы жабылды, аты аталмайтын болды. Назардан да тыс қалды. Дәл осы сөз хақында профессор Қ.Жұмалиев 1948 жылы жарық көрген «Махамбет» жинағында «Мінкен» сөзіне қатысты арнайы сілтеме жасап, «Мінкен ер – түсініксіз»,⁹⁰ – деп жазыпты. Зерттеуші 1962 жылы жарияланған кітапта да осы түсіндірмесін қаз-қалпында

⁹⁰ Қ.Жұмалиев. Махамбет. А., ҚазКСР ҒА баспасы. 1948, 69-112-бб.

қайталаған. Қ.Досмұқамбетұлы жариялатқан басылымдағы түзету бойынша алынған «Міткен ер» тіркесі өлеңнің келесі «Бұл сықылды неткен ер» тармағына дыбыстық үндестікпен үйлесімді ұйқаса түседі. Қ.Досмұқамбетұлының сексен жыл бұрынғы түзетуін ойға алғанда, өлең сөздің ішкі поэтикалық иірімі де тілге үйіріледі. Дегенмен, қазіргі оқырман үшін екі сөз де мағыналық жағынан толық түсінікті емес. Мұндайда профессор Қ.Досмұқамбетұлының түзетуінің дәйегі мысқалдай болса да басымдау сезіледі.

Махамбет жырларының тақырып, атаулары Қ.Досмұқамбетұлынан беріде, кейінгі басылымдарда қойыла бастады. Оған дейін өлеңдер жұлдызшамен, немесе цифрлармен белгіленіп жарияланып келген. Беріде мазмұнына қарай, немесе алғашқы жолы бойынша тақырыптар қойылды. Шығармалары бойынша әлденеше дүркін текстологиялық жұмыстар жүргізілді. Ол әрине әдебиет тарихынан таныс дәстүр. Мысал үшін А.С.Пушкиннің «Ұлы Петрдің арабы» романын атасақ та жеткілікті. Романның ұлы орыс ақынының көзі тірісінде «Тарихи романнан тараулар» деген атпен үзінділері ғана жарияланған. А.С.Пушкин қайтыс болғаннан кейін зерттеуші, ғылыми редакторлар романның басымын жинақтап, өздері «Ұлы Петрдің арабы» деп ат қойған. Осы ұлы ақынның енді бір үлкен шығармаларының мәтіні сол күйі жоғалып кетіп, журналдар мен басылым беттерінен түгенделіп, қалпына келтірілген. Ұлы қаламгерлердің мұраларына қатысты ондай сараптамалық зерттеулер әдеби мәдениеттің төл сипаты. Бұл орайда 1908 жылы Қазан қаласында басылған «Мұрат ақынның Ғұмар Қазифұғлына айтқаны», 1911 жылы Орынборда жарық көрген Ғабдолла Мұштақтың «Шаир, яки қазақ ақындарының басты жырлары» жинақтары келешекте Махамбет шығармаларының алғашқы басылымдары ретінде, қолжазба нұсқалары орнында бағаланбағы дәстүрлі заңдылық.

XIX ғасырдың басында жасаған Махамбеттің, ғасыр соңында поэзия көгіне самғап көтерілген Абайдың мұраларына қатысты талдау зерттеу жұмыстары ұлттық әдебиеттанудағы ең бір ыждаһатты, ерекше байсалды да жемісті зерттеулер. Қазақ әдебиетінің зерттеу саласындағы биік мәртебесінің дәлелі іспетті. Махамбет мұраларына қатысты зерттеу мәселелерінің кейбірін қысқаша болса да зерделеп айта кету осы тұрғыдан қажет.

Ақын және замана. Қилы заман, қиын тағдыр. Бұл қос ұғым Махамбет атына қатысты айтылғанда екі арнадан бой көрсетеді. Бірі – ақынның қиын тағдыры, жеке басының шырғалаң тартысты күндері. Екіншісі, ақынның күрделі де сан қырлы шығармашылығы, шығармалары. Ақын тағдыры туралы қат-қат

мұрағат құжаттары сыр ақтарса, өлеңдері жайлы қалың қазақ жүрегі тебірене тіл қата-ды. Тартыспен өткен тағдыр тартыспен түйінделді. Махамбеттің өлімі туралы қылмыстық іс қозғаған сот ісі үздік-создық үзіліп барып, аяқсыз кетті. Істі жүргізуші Редкинге қанша қаласа сонша уақыт қарау тапсырылып, «Қатаң түрде жүргізу» міндеттелсе де, тергеу нәтижесіз бітті. Ақырында 1847 жылы 9 қазанда ақынның інісі Бекмұхамбет Комиссияға істі тоқтатып, Орданың батыс бөлігінің правительіне «Қазақ салтымен қарауға беруді» өтініп хат жазды. Сол хатта сұлтан, правительдің адамдары сотқа куәлікке шақырылғандарды алыста көшіп жүр, мында жайлауға шығып кетті, анда қыстауда отыр деген түрлі сылтаумен жібермей қойғанын да білдірген. Бекмұхамбеттің өтінішін комиссия қанағаттандырмаған. Іс те аяқталмаған. Басқа талай-талай том-том құжаттар сақталғанда, Орынбор шекаралық комиссиясы қағаздарының арасынан Махамбеттің қазасы туралы кесімді түрде жазылған мардымды ештеме табылмай келеді.

М.Тынышпаевтың ол туралы жазғандарына А.Ф.Рязанов ел ішіндегі ауызекі әңгімелерді негізге алған секілді, әйтпесе ешбір құжат жоқ деп үзілді-кесілді баға береді. В.Ф.Шахматов болса, қолында бар там-тұм деректермен Махамбет үйінде болған қазалы сәттің оқиғаларын елестетуге тырысады. Сұлтан Баймағамбет Айшуақовтың 1846 жылы 5 қарашада жазған қатынасында өлтіруге қатысқандарды ақтау мақсатымен: «Осы кезде Махамбеттің үйінің қасында тұрған Мұсаның туысы қырғыз (қазақ) Жүсіп Өтеулин айғай-шуды естіп Ықыластың қалған серіктеріне қолымен белгі беріп, өзі үйге кіріп барады да, Мұса ұстап тұрған Махамбет қанжармен ұру үшін қолын қайта-қайта сермеп жатқанын көріп, қылышпен Махамбеттің қолы-на ұрып, қанжарын қағып түсірмек болады. Бірақ, оның орнына алысып жүріп басына салып қалады, Махамбет құлап түсіп, сол жерде жан тапсырады»,⁹¹ — деп көрсеткен. «Үй сыртында тұрған қазақтардың куәлендіруіне қарағанда, Өтемісовтың, біреуді өлтірмей өзі қолға түспейтіндігін айтып айғайлаған дауысы естілген. Алыс-жұлыстың үстінде Мұса Махамбеттің қанжар ұстаған қолына жармаса кетеді. Осы кезде үйге кіріп келген Жүсіп Өтеулин қылышымен Махамбеттің басын шауып алады. Махамбетті өлтіргеннен кейін өлтірушілер оның мал-мүлкін тонап, сегіз жылқы, төрт түйесін қуып, Махамбеттің басын алып сұлтан ордасына бет алады». (В.Ф. Шахматов).

Боз ағаштан биік мен едім —
 Бұлтқа жетпей шарт сынбан.
 Ел құтқарар ер едім —
 Жандаспай ақыры бір тынбан.

⁹¹ КазЦАУ, ф.4, д. 2753, л. 174-183.

Томағалы сұңқар мен едім –
 Толғамалы найзамен
 Толықсып жауға шапқанда,
 Бір озғанмын жұртымнан.
 Ер дұшпаны көп болар,
 Қатын дұшпан, жігіттер,
 Не демес дейсің сыртымнан!⁹²

Батыр тағдыры. Маңдайына жазылған өмір. Қозғалыс кезіндегі қазақ батырларының, бағландарының тағдырлы еншісі де әртүрлі еді.

Ал, Исатайды тірідей ұстағандарға – 500 күміс рубль, айқасып жүріп «өзін-өзі қорғау үшін» жазатайым өлтіріп алғандарға 250 күміс рубль сыйақы жарияланды. Исатай үш қазақ, он төрт казактың қолынан қаза тапты. Батырдың басын шапқан урядник Богатыревке – 20 күміс тиын, астындағы атын атқан Леонтий Зеленинге 21 күміс тиын тиді, найзамен құлатып түсірген бір қазаққа, құлап түскен батырды бас салып ұстап тұрған үш қазаққа 125 күміс тиынды бөлісіп алуға тура келді. (19.10.1838 ж. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қоры, №1768). Тағдыр.

Осы ерлердің ортасында Махамбет тұлғасы ерекше шоқтықты көрінеді. Өйткені ақынның шығармалары қанды жорық жолынан еңсесі түспей асқақ рухымен аспандап шықты, шейіт кеткен ерлердің жүрекжарды сөзін аманат етіп жеткізді. Ұлы жорықтың халықтық қасиетін, Исатайдай батырлардың бейнесін ұлттық әдебиеттің қазыналы беттерінен көркемдеп көрсетті, ұрпақ құлағына жеткізді.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы, жыраулық дәстүрдің жаңа қырларын байытқан жаңашыл ақын Махамбет Өтемісұлының дара бітімді шығармалары, асыл сөзі қазақ әдебиетінің тарихи негізділігін, деректілігін жаңғыртқан, ұлттық әдебиетті әлеуметтік саяси таным деңгейіне көтерген ерекше поэтикалық құбылыс.

XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ халқының тарихы, ұлт-азаттық күрестің ақиқаты Дулат, Махамбет мұраларында шынайы көркем көрінді. Әдеби шығармалары, жырлары ұлттың сөзіне айналды. Әдебиет пен ұлттық мүдденің, халық ниетінің бірігіп кеткен тұсы да сол кезеңдер еді. Сондықтан да екі ақынның осы тұстағы әдебиет тарихындағы орны айырықша биік, мәртебелі. Өзге де талай-талай шығармалар сақталып, ел санасында жүрсе де, кәсіби әдебиет деңгейінде үздік шығып, заман келбетін жан-жақты сомдаған осы екі ақын-жырау болатын.

⁹² Сонда, 94-б.

Бұл кезеңдегі қазақ әдебиетінің жаңалығы да әлеуметшілдік, елшілдік рухтың ұлттық деңгейде ашық көрінуінен байқалады. Әр ақынның көркемдік ерекшеліктері де, халық алдындағы танымалдылығы да осы өзекті тақырып аясынан тарамдалып өрбіп жатты. Дулат, Махамбет, Шортанбай, Шөже шығармалары сол заманның маңдайалды қоғамдық ойын да, әдебиеттің көркемдік тынысын да жан-жақты дамытты, ұлттың мұң-шерін, арман-мүддесін халықтық санаға тұтастырды. Он тоғызыншы ғасырдың алғашқы бөлігіндегі қазақ әдебиетінің даму заңдылықтары осындай ірі тұлғалардың мұралары арқылы парықталады. Қазақ елінің әр тарапында ғұмыр кешкен, әрқайсысы дара бітімді суреткерлердің рухын тұтастырып тұрған қасиет елдік мақсат мүдде, халықтық рух еді.

Поэтикалық, көркемдік жаратылысы жағынан әрқилы шығармаларды қазақ даласының сол тұстағы тіршілік, тұрмысы, бастан кешіп отырған тарихи күйзелісті жағдаяттары, қазақ баласының басына түскен ахуалды терең сезініп жырлаған тақырыптары жақындастырып үлкен бір тарихи-көркем шежіреге айналдырып жібергендей болды. Қазақ елінің басына түскен саяси-әлеуметтік жағдай, алдағы заманның болжаусыз уайымы халық ішіндегі сөз ұстаған ойшылдар мен ақындардың көзқарастарын, өлең-жырларына өрген толғамдарын бір арнаға тоғыстырды. Әлеуметшілдік сипат әдебиетті тұтастырып, дамытушы күшке айналды. Дәл осы дәуірдегі қазақ әдебиеті халықтық, елдік мәселелерді жүйелі қозғау арқылы рухани дүниеге де бағыт-бағдар берді. Қазақ әдебиетінің ғасырлық мәселелері, тақырыптары сараланып шықты, жанрлық үлгілері, түрлік нұсқалығы жағынан сұрыпталды, көркемдік өрнектері жаңғырып, белгілі бір ақындық мектептердің айшықтары түзіле түсті. Тарихи жырлардың орнын біртіндеп жаңа әдебиеттің оқиғалы өлең, поэма, дастан секілді ірі үлгілері ауыстыра бастады. Жер, ел, адамшылық, ұлттың азаттығы, әлеуметтің бақытты тұрмысы, әулет берекесі, отбасылық қарым-қатынастар, кісілік секілді мәңгілік тақырыптар бұрынғыдан да айқынырақ түзіліп шықты. Соған орай ақын-жыраулардың шығармашылық бітімдері де әрқилы көрініп отырды. Таза саяси-әлеуметтік, ұлт-азаттық, күрескерлік поэзия өкілдері жалынды сөзімен дараланса, дәстүрлі айтыс ақындары мен классикалық ауыз әдебиетінің дәстүрін іштей жаңғыртып тұрмыстық-әлеуметтік сарындағы ақындар әдеби үрдісті одан әрі жалғастырды. Әдебиетте жекелеген дара авторлардың мәртебесі артты. Қоғамда ойы озық, ел мүддесін терең түсініп жар салған, елді, жерді көркейтемін, көктетемін, қалың қазақ ортасына мал саламын, жерді жерұйыққа айналдырамын деген ұлтшыл, отаншыл ақын-жыраулар

заманның сөз ұстаған марқасқалары деп танылды. Олардың сөзін құп алып, құлақтан құлаққа құйып алып отырды.

Халық ортасында ақын, шешен ойшылдың қадірі артқан бұл кез шынында да жаңа дәуірдегі әдебиетті жедел дамытты. Ақын тұлғасының қазақ арасында сондайлық ықпалды беделге ие болуының тарихи алғышарттары да бар еді. Хандық құлады, хан-сұлтан-билердің аузының дуасы кеткендей күн туды. Хандық биліктің күйреуі билердің, игі-жақсылардың да әлеуетін әлсіретіп кетті. Сол тұста батыр жүректі, ақын жанды көсемсөз зергерлері, елге ойын жеткізген, шешен сөзін өткізген адамдардың рухы биіктей түсті. Елді елдікке шақыратын, жерді сақтап, ұлтты ұлықтайтын, керек жерінде күйзелген жұртты жұбататын сөздің бағы асты. Оны айтатын ақын-жыраулар, заманның ойы озық таланттары еді.

Бұл тұстағы әдебиетті қолына қару алып қол бастаған батыр әрі ақын тұлғалар да, ойлы сөз, шешен тілімен ел бастаған әрі ақын, әрі көсем жыраулар да, ұлттың сән-салтанатын жарастырған сал-серілер де ілгері дамытты. Шөже Қаржаубайұлы секілді аты алты алашқа мәлім әдеби дәстүрді берік ұстап, парасатпен нәрлендіріп дамытқан дарындардың шоқтығы биік тұр. Шоқан Уәлиханов өлең түрлері тұрасында сөз қозғағанда ауызға алып, жоғары бағалаған Шөженің ақындық тұлғасы расында да сол кезеңдегі әдебиеттің сирек бітімді ірі өкілдерінің арасында жарқырап көзге түседі. Ақын-жырау, майталман қобызшы Шөже әрі ақтабан айтыскер де болған. Шөженің Тезек, Кемпірбай, Жаншыбай, Орынбай, Балта, тағы басқа ақындармен айтысы өз алдына желі байлаған әдеби жәдігерлер қатарында. Жырау ретіндегі сұңғыла зерделілігі де ел ішінде аңыз болып тараған. Қазіргі көпке мәлім «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ең ежелгі нұсқасының осы Шөженің таланты арқасында сақталып жеткендігі сол кездегі әдебиеттің ерекше бағалы дерегі.⁹³ Шөже Қаржаубайұлы көпқырлы тума талантымен оқшау көрінеді. Әлеуметтік-тұрмыстық тақырыпты толғаған термелері, насихат сөздері өз тұсындағы әдеби ағымның дәстүрін жақсы аңғартады. Бұл қатарда, Шернияз, Алмажан, Майлықожа, Базар жыраулардың шығармашылық мұралары өзара үндесіп, қазақ әдебиетінің сол тұстағы көркемдік әлемін алға тартады.

XIX ғасыр әдебиетінің даму заңдылықтары, жалпы тарихи-әлеуметтік, теориялық негіздері қазақ әдебиетінің күрделі де өзекті мәселелері. Ұлттық сипаттың өзгеше қуатты тегеуірінді көрініс табуы, қазақ елінің басынан кешкен қоғамдық-саяси реформалар әдебиетті де жаңғыру жолына бастаған сол тұстағы

⁹³ Қозы Көрпеш – Баян сұлу. – Астана: Фолиант, 2002, 292-б.

қазақ ақын-жырауларының ізденістері мен шығармашылық мұралары ұлттың рухани дүниесінің бұрын беймәлім беттерін ашады.

Бұл кезеңде қазақ әдебиеті ерекше даму үрдісін бастан кешті. Ақын-жыраулардың әлеумет алдындағы қызметі жаңа сипат алды, сонымен бірге көркем әдебиет өкілдерінің парасатты, азаматтық рухы берік тұлғалары сомдалып көрінді.

ХІХ ғасырдың алғашқы жартысы қазақ даласындағы күрделі ұлт-азаттық, әлеуметтік мәселелердің айқын көтерілген тұсы, патшалы Ресейдің отарлаушылық саясатына қарсылық өзінің шиеленісті шегіне жеткен заман. Бұл қоғамдық-әлеуметтік мәселелер қазақ әдебиетінен де көрінді, әдебиеттің саяси-әлеуметтік рухын биіктетті, азаматтық мәнін көтерді. Жаңа заман әуені, тақырыбы әдебиеттің көркемдік бітімі мен даму заңдылықтарына күрделі түрде тікелей әсер етті. Жыраулық әдебиеттің табиғаты түлеп, жаңа дәуір әдебиетінің басты нышандары жарқырай ашылды. Отаршылдықтың күшейе түсуі, қазақ хандық құрылымдарының күйреп әлсіреуі, қазақ даласына келген жаңа елдік басқару жүйесі, тағы басқа сол заманғы өзгерістер қазақ әдебиетінің дамуы үрдісін де жаңа бағытқа бұрды. Осы заңдылықтар әдебиеттің ішкі-сыртқы қоғамдық құбылыс факторларына орай түлеп-түрленуіне, қазақ халқының заманға сай жаңа әдебиетінің жедел дамып қалыптасуына себепші болды.

ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы әдеби процесс, жекелеген ақындар мұрасы қазақ әдебиетінің аса бай тарихи-мәдени қазынасы. Ол талантты шығармалардың бірқатары бұған дейін социалистік реализм, патшалы Ресейдің отарлаушылық саясатының ықпалымен бұрмаланып, теріс түсіндіріліп келді. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі, қазақ халқының рухани азаттық жолындағы қадамдары қазақ халқының мәдени мұрасын терең тануға кедергі болып келген мәселелерді ұлттық, елдік мүдде тұрғысынан тарихи шындықты ұстана отырып, қайта қарауға мүмкіндік ашып берді.

Қазақ әдебиетінің жаңа тарихының елдік-ұлттық жаңғыру талабы тұрғысынан қайта жазылуы еліміздің ғасырлар бойғы ұлт-азаттық күрес жолындағы мүдделерінің маңыздысы да, сол тәуелсіздік жолының рухани жалғасы. Махамбет, Дулат, Шал ақын, Шернияз, Шортанбай, тағы басқа суреткерлер мұраларын зерттеу, мәтінтану тұрғысынан мүлде жаңа қырынан қарап, талдау арқылы ұлттық әдебиетіміздің өзіне тән шынайы ерекшеліктері мен заңдылықтарын тани түсеміз. Жалпы қазақ әдебиетінің дамуындағы саяси-әлеуметтік мәселелерді жырлаудағы жаңа әдебиеттің дәстүр-заңдылықтары өз алдына ерекше тарихи-көркемдік мектеп.

ХІХ ғасырдың алғашқы кезеңі жаңа дәуір әдебиетінің ең бір құнарлы дәстүрі бай, жаңашыл да қазыналы белесі.

КӨТЕШ РАЙЫМБЕКҰЛЫ

(1745 – 1818)

Көтеш Райымбекұлы – XVIII-XIX ғасырлардың өліарасында өмір сүрген, жыраулық поэзия дәстүрінен оқшауланып, жаңа әдебиет нышандарына алғашқылардың бірі болып жол ашқан ақындардың бірі. Суырыпсалма, қақпа, қағытпа сөзге сергек, өлеңге жүйрік, тілі ащы болса керек. Қазіргі Павлодар жеріндегі Баянауыл ауданында туып, өскен. Ел ішінде кеңінен танылған тұлғалы таланттың небәрі он бес ақындық туындысы ғана сақталып қалған. Бұл дерек кейінірек ел аузында жүрген, қолжазбаларда сақталған басқа да шығармаларымен толығып, жалпы саны жиырма бес өлеңге жетті. Сол мұраларының өзінен Көтеш ақынның дүниетанымы, қазақ өлеңінің жаңа кезеңдегі соны сипаттары айқын көрінеді.

Көтеш ақынның туған және дүние салған жылдары белгісіз болғандықтан көпке дейін нақтылы көрсетілмей келді. Шығармалары алғаш жариялана бастағанда, энциклопедиялық басылымдардың өзінде ақынның туған, дүниеден қайтқан мерзімдері белгісіз екендігі ескертілген. Кейіннен зерттеушілер 1745 жылы дүниеге келіп, 1818 жылы қайтқандығын («Бес ғасыр жырлайды» кітабы, үш томдық) болжап жазып жүр. Яғни жетпіс үш жыл жасаған деген болжам әдебиеттану еңбектерінің қолданысында тұрақтала түскен. Алайда, шығармаларындағы, өзге қолжазбалардағы қисындарға қарағанда, ол 1818 жылдан көп беріге дейін өмір сүрген, жүз жасқа келмеді дегеннің өзінде, XIX ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдарына таяған тәрізді.

Ал, қолжазба қорларында сақталған жазбаларда жетпіс үш, сексен үш, тоқсан үш, тіпті жүз жыл жасаған деген де пікірлер кездеседі. Соған қарағанда, ол қайткенде де ұзақ жасаған, сексен-тоқсанды көріп барып қайтқан адам.

Көтеш шығармаларын алғаш зерттеп, әдебиеттегі тарихи орнын пысықтап дәлелдеуші Мәшһүр Жүсіп Көпеев болды.

Әдеби мұраларды жинаушылардың, әдебиет жанашырларының тапсырған қолжазбаларының ішінде ақын өлеңдері Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасының қорында, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы тұр.

Шығармалары сирек те болса, қалың оқырман назарына ұсынылып, әр жылдарда «Ертедегі әдебиет нұсқалары» жинағында (Алматы, 1967 ж.), бертінірек Қазақстанның халық жазушысы М.Мағауин кұрастырып, бастырған «Алдаспан» жинағында (Алматы, 1970 ж.), «Бес ғасыр жырлайды» кітабының бірінші томында (Алматы, 1984 ж.) жарық көрді. «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» жинағын (Алматы, 1982 ж.) кұрастырушылар бұрынғыдан әлдеқайда толықтырып, ақынның жиырма бес туындысын ұсынады. Оның ішінде қолжазба қорларынан алынып жаңадан қосылғандары да, бұрынғы жарияланып келген өлеңдердің кейбірін мағынасы жағынан жіктеп бөлшектеп шығарғандары да, қайталама нұсқалары да кездеседі. Содан бері шығармалары мен өмірбаян деректері жаңа дәуір әдебиетінің ірі өкілдерінің қатарында зерттеліп келеді.

«Көтешті біз ақындар поэзиясының бастапқы өкілі, аты мәлім ақындық өнердің тұңғышы дейміз», – деп тұжырымдайды профессор Х.Сүйіншәлиев¹.

Көтеш ақынның өмірі мен тұрмыс-тіршілігі туралы деректер мен жазбалар жоққа тән. Әдебиеттануда тек Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жазып қалдырған мұралары мен ақынның өз өлеңдерінде кездесетін деректер мен байламдар арқылы бірқатар мағлұматтар дәйектелген. Сондай деректердің бірі «Қаратаудың басынан көш келеді» атты тарихи зарлы жырға байланысты. Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы тұрған бұл өлеңнің өзгеше бір нұсқасын «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» жинағын кұрастырушылар Көтеш ақынның мұраларының қатарында тасқа басып шығарды. Тұңғыш рет жарияланып отырғандығы түсіндірмеде айтылған. Бұл жерде кең таралған халық өлеңінің алғашқы екі жолын Көтеш ақынның қара өлең дәстүрімен қайталай отырып, рефрен ретінде қолданғандығын, бірақ ол қайталанған жолдардың тікелей авторы саналмайтынын ашып айтқан жөн. Қараөлең үлгісінде атақты халық әнінің алғашқы қос тармағын ғана қайталап айтып, ары қарай өз жанынан түрлендіріп жаңа тармақтармен өз ойларын білдіріп отырғандықтан, тұтас өлең Көтеш Райымбекұлының туындысы саналатыны да шүбәсіз. Дегенмен, осы өлеңге сүйеніп «Қаратаудың басынан көш келеді»

¹ Х. Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1997, 367-б.

өлеңін Көтеш ақын шығарған деген пікір кездеседі. (Ә.Жиреншин. Абай және орыстың ұлы демократтары. А., 1958).

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Шуылдама, жігіттер, дуылдама,
Біреуге ерте, біреуге кеш келеді.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Жақсы қыздың үйіне күйеу болсаң,
Табақ-табақ алдыңа ет келеді.
Жаман қыздың үйіне күйеу болсаң,
Төсің түгіл, төсегің кеш келеді.

Нақты, ашық, ащы. Кестелі, тегеуірінді жырға үйренген құлаққа тосын естілетін, ойы да сөзі де нақпа-нақ шыққан үтқыр сөз өрнегі. Шығарманы Орталық ғылыми кітапхана қолжазбалар қорына 1940 жылы Б.Жақыпбаев тапсырған екен. Өлеңнің айтылу тарихына қатыстыра отырып көшіріп жазушы Көтеш ақынның өміріне байланысты деректі де келтіре кетіпті. Қаратаудың батыс аумағына бозбала кезінде құдалыққа барған ақын салт бойынша өлең, ән айтуға мәжбүр болады. Қабілеті болса да, әлі толық қалыптасып таныла қоймаған жас ақын халық өлеңінің қалыбымен он бес ауыз өлең айтыпты. Сөйтіп, өлең айтсаң құтыласындар, әйтпесе, су шығырға салып қинаймыз деген құдалардың қорлыққа бара-бар шартынан құтылып кетсе керек. Сол он бес ауыз өлеңнен ел ішінде сақталып қалғаны осы екі шумақ. Бозбала ақынның айтқаны дегенмен, өлең өнерінің нәрін сезініп, машықтанып қалған адамның сөзі екендігі көрініп тұр.

Сондай-ақ, Көтеш Райымбекұлының шығармасы екендігін растайтын тағы бір дәйек осы өлең тармақтарында айтылатын өзекті ой жүйесі ақынның екінші бір егде тартқан шағында, тағы сол Қаратау маңында Жәуке бимен сапарлас болғанда айтқан «Атам ата болмады, қалмақ болды» өлеңінің сарынымен өте ұқсас. Қазақ тұрмысындағы «ата», «қалмақ» ұғымдары мен оның ел арасындағы қалыптасқан мағыналық реңдерін ақын келісті шарпыстыра отырып, өз ойын жеткізген. Бұл шығарма ақынның шығармашылық мектебін, дәстүрлі классикалық ауыз әдебиетінен нәр алып өскендігін айғақтайды.

Жалпы, ақынның қай өлеңінен де басынан көшкен, өзінің көзі көрген жайларды қозғайтыны аңғарылады. Ақынның жалғыз аты көкпар тартқанда зорығып өледі де, соған орай ақын:

Үйде қалай отырамыз атқа мінбей,
Тойда қалай жүреміз шаппай, желмей.
Иесінің маңдайы тайқы болса,
Жалғыз ат қайтып өлсін, өстіп өлмей!?

деп налыса керек. Өлеңнің өзіндік мән-мағынасы өз алдына, ақын қазақ халқының тілінде ежелден қалыптасқан стилистикалық қатарды (тайқы маңдай, маңдайдың тайқы болуы...) келістіріп өрген, сол арқылы жалпыға ұғымды ұтқыр тармақ туған. Бәлкім, өлең шумағының ел ішінде ұзақ сақталуының өзі осы «Иесінің маңдайы тайқы болмай» деген тармаққа қатысты болуы да ғажап емес. Өлеңнің Ғ.Мұқатов жазып алып, 1968 жылы тапсырған нұсқасы ҚР ОҒҚ қолжазбалар қорында² сақтаулы тұр.

Ақынның ең бір әйгілі, әлеуметтік тақырыпты тікелей толғаған алғашқы туындыларының бірі «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің» шығармасында бірқатар нақты өмірбаяндық деректер кездеседі. «Бес ғасыр жырлайды» жинағындағы жарияланымға берген өмірбаяндық анықтамада бұл шығармасын ақынның он жеті жасында³ айтқандығы сөз болады. «Сексен ерікке қоймады-ау қалжыратып...»⁴ деген өлеңіне қарағанда Көтеш ақын сексен жастан асып барып дүние салған болып шығады. (Бұл жерде «сексен» сөзіне қатысты туындайтын екінші бір астарлы мағына байқалады. Сексен ауылы, Сүйіндіктен тарайтын Сексен елі Көтештің өз жұрты екендігі де еске түседі.) Демек, ХІХ ғасырдың алғашқы ширегіне дейін ғұмыр кешкен ақын Абылай заманын көзімен көрген.

Алғашқы ақындық толғамдары он жеті-жиырма жасында танылса, ақынның шығармашылық өмірбаяны ХІХ ғасырдың соңғы ширегінен бастап мәлім бола бастайды. Бұған дейінгі бірді-екілі зерттеу пікірлерде де байқалған бұл болжамды тұжырымдарды ақын шығармаларының тақырыптық әрі жанрлық-көркемдік бітімі дәйектей түседі.

ХVІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың басындағы қазақ өлеңінде байқалған поэтикалық жаңғыру үрдісінің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл кезең жыраулық поэзия мен ХІХ ғасырда өрістеген жаңа дәуір әдебиетінің аралығындағы өтпелі кезең ретінде танымал. Жырау мен ақын тұлғасы және олардың шығармашылық бітімі екі түрлі дәстүрді білдіретіні белгілі. Әйтсе де ғасырларды еншілеп жатқан жыраулар дәуірінде ақындар да болған. Жыраулар халықтық, елдік заманауи құбылыстар мен оқиғаларға жедел үн қосып, тарихи толғамдарын, елдік рухани тебіреністерін тегеурінді толқынмен жыр тілінде сорғалатса,

² ҚР Орталық ғылыми кітапханасы. Қолжазбалар қоры. 1176-бума, 130-б.

³ Бес ғасыр жырлайды. – А., 1-т., 1984, 122-б.

⁴ Алдаспан. – А., 1970. 184-б.

ақындар ел ішіндегі тұрмыс-тіршілік, мінез-құлық, кісілік-елдік тақырыбындағы сөзін ұстанған. Әрине, жаугершілік, дүрбелең кезеңдердегі жыраулардың қаһармандық рухтағы, жігерлі әрекетке толы жырлары мен толғау-жырлары әсерлі де қуатты шыққаны ақиқат. Жыраулар сөзі идеологиялық пафосқа толы болып келді де елді, баһадүр-батырларды қайрап, жігерлендіріп отырды. Ал жыраулық дәстүр аясында қатар өрбіп отырған ақындық өнер біртіндеп, елдің саяси-әлеуметтік ахуалына орай жаңа белеске көтеріліп, алдыңғы лекке шыға бастады. Бұл орайда академик С.Қасқабасовтың: «XVIII ғасырдың соңынан бастап ақындардың рөлі көтеріле бастады, олардың өнернамалық қызметі кеңейе түсті, сөйтіп ақындар поэзиясы қоғамдық мәнге ие бола бастады. Алайда, ол поэзия бұрынғы жыраулық поэзия сияқты болмады, мемлекеттік мәселелерге араласа алмады, олар араласатындай қазақтың өз мемлекеті де болмады»⁵, - деген тұжырымы тарихи заңдылықтарды саралаудан туған пікір. Бұл орайда зерттеуші бір кезде әміршіге әрі мемлекетке қызмет еткен абыздық сипаттағы жыраулар поэзиясының орнын «әдебиетке демократиялық, халықтық сипат берген профессионал ақындар поэзиясы» алмастырғандығын ашып көрсетеді. Демек, жаңа дәуір сипаты поэзияға да соны сипаттар мен ерекшеліктер әкелді. Батырлық, қаһармандық, жауынгерлік рухтағы жырлардың орнына адамдық тұрмыс-тіршіліктің қыр-сырын толғаған лирикалық өлеңдер мен толғаулар келе бастады. Тақырып аясы кеңейді, жаңа көркемдік сипаттар мен өрнектер өріс тапты. Ақындық өнер мықтап өрістеді де, профессионал әдебиеттің, жазба әдебиеттің нышандары жедел күш ала түсті.

Осы әдеби-көркемдік құбылыстың екінші бір себеп-салдарлы сипаттары бар еді. XVIII-XIX ғасырлардағы орыс отаршылдығының өктемдігі мен озбырлығы, біртіндеп елдің дербес құрылымының жоғалып кетуі ақын-жыраулардың да сөзін түбегейлі түрлендіріп, өзгертіп жіберді. Біртіндеп мінез-құлық өзгерді, тұрмыс сипаты өзгерді, қазақ өзгерді. Міне, осы метаморфозалар көркемдік таным мен тарихи санада ізін салып кетті. Табиғи даму заңдылығымен жыраулар мен ақындар шығармашылығы қатар өрбіп, бірінен екіншісі енші бөліп даралана бастаған тұстағы ақындық өнер енді қауымның, қоғамның аласапыранды құбылуын бастан кешірді. Көтеш, Шал секілді ақындардың ақындық әлемі осы рухани-әлеуметтік өліараны бастан кешірді. Көтеш сөзінде де, Шал ақын өрнегінде де ұлттық, халықтық бояу әлі де болса қанық, қою көрінді. Арада талай белестер асқанда қазақ ақындық өнері әсте түлеп, өзгеше сипатта түрленіп шыға

⁵ С.Қасқабасов. Жаназық. Астана, 2002, 540-б.

келді. Тақырыптық, танымдық күрт өзгерісті, өрістің тарыла түсуін, тіпті тіл өрнегінің шұғыл түлеп сала беруін осындай себептермен ғана түсіндіруге болар еді. Қазақ поэзиясының тарихындағы осындай өтпелі, аумалы-төкпелі кезеңдердің тоғысында Көтеш, Шал ақын секілді ақындардың бүтінде көпке таңсық сөз өрнегі, ақындық жаратылысы оқшау да сирек түр танытады.

Әрине, ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында, нақтылай түссек, Абайға дейінгі ақын-жыраулар шығармаларында ақындық пен жыраулық дәстүр өрнектері қатар өрбіп, біразға дейін жарыса өріліп отырды. Жыраулық өнер мен ақындықтың бұл қос өрімді өрісі сол кезеңнің қуатты дарындары Шортанбай, Дулат, Махамбет шығармаларынан жақсы көрінеді. Әйтсе де, бұл ірі әдеби тұлғалар ең алдымен ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы елдік, мемлекеттік еркіндікті аңсап, ұлт-азаттық мүддені идеологиялық деңгейге көтере ашық толғауымен дараланды. Міне, осы елдік тұлғадағы ақындардың алдында Көтеш ақын мен Шал ақынның адами поэзиясы желі тартты. Жыраулар шығармаларындағы, толғаулардағы тақырыптар енді бұл ақындар шығармаларында өзгеше көркемдік реңімен көрінді. Ақылмандық мағынадағы толғамдар, тұрмыс-салт, ғұрып сөздері, жақсы мен жаман, жалған дүние, сұм жалған секілді дәстүрлі арнадағы тебіреністері жаңа өлең өрімінде өз қырынан көркемдік-идеялық шешімін ұсынып отырды. Бізге жеткен әдеби мұралардың ішінде осы екі ақынның шығармаларына келгенде дәстүрлі поэзия үлгісінің бұзылып, өлеңге жаңа түр, жаңа бітімді ізденістердің кіргендігі айқын танылады. Шал ақында да, Көтеш ақында да қазақ өлеңі жаңа бітімді поэтикалық өрнектерін тапқан. Бұл, бір жағынан, толғау өлеңдерге тән шешендік орамдар мен еркін тынысты ағымды тіркестерден, речитатив үлгісіндегі желілі қайырымдардан арылған өлең өлшемі мен үлгісінен көрінсе, екінші жағынан, жыраулық поэзияда жиі байқалатын дәстүрлі әрі тұрақты үлгідегі тіркестерді, белгілі поэтикалық түзілімдерді қайталамауынан да аңғарылады.

Көтеш Райымбекұлы кәсіби кәнігі поэзияның алғашқы нышандарын туындатып, дамытты. Ұйқастың өзгешелігі, бунақтың бұзылып жаңа ырғаққа ауысуы, соның әсерінен өлеңнің әуезділік сипатының түрленуі, өлең өлшемі мен әуезділігінің тақырыпқа, ойға қарай бейімделіп, мазмұнның айқын шығуына қызмет ете бастауы Көтеш тұсындағы ақындардың жаңа бір ерекшелігіне айналғанға ұқсайды. Бұл заңдылықты ең әуелі Көтеш ақын өлеңдерінен аңғарсақ, одан әрі Шал ақынның шығармаларында тереңдеп, ақындық өнердің жаңа бір сатыдағы дәстүрлі ерекшелігі ретінде қалыптаса бастаған.

Енді сыршылдықы, сезімталдықы, адамның мінез-құлқының

табиғатын өлеңмен кестелеу, тұрмыс-тіршілік суреттерін өлең арқылы жеткізу, қысқа өлеңдердегі көңіл-күй саздары, нақты бір тақырыптар, нақты бір адамның тағдыры, құлқы мен қылығы, ниеті, жақсылы-жаманды бейнесі көбірек көрініс тапты. Он бір буынды қара өлең үлгісі біржолата белең алды. Шұбыртпалы еркін ұйқасқа құрылған қысқа буынды, бірнеше тармаққа созылатын көңіл-күй ауанына қарай әртүрлі толғамда қайрылып отыратын толғау түрлерінің орнына буын саны анық, тармақтары санаулы, ой мен тақырып мазмұнына қарай мейлінше ширақ та тұжырымды қысқа қайрылған өлең түрлері келді. Және бұл сипат біртіндеп күш ала бастаған еді. Міне, қазақ өлеңінің тарихындағы халықтың саяси-әлеуметтік тұрмыс-тіршілігінің жаңғыра бастауынан туындаған осындай поэтикалық түрленулер алдымен Көтеш тұсындағы ақындардың мұраларынан айқын танылады. Сол ақындық дәстүрдің бірегей көрінісі ретіндегі Көтеш ақынның бүгінге сақталып жеткен мұралары ұлттық поэзияның даму өрісінің бір кезеңдегі елеулі заңдылықтарын нақтылап көрсете алар еді.

Бұл өлеңдік түрленудің бір үрдісі Көтештен көп бұрын жасаған қуатты жырау Бұқардан да байқалған болатын. Бірақ, кейде Бұқар жырау шығармаларындағы поэтикалық түрленуде жыраулық үлгі мен шешендік сөздің, билер толғамының арасында ұштасып туған сипат басымырақ көрінетін.

Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерден көл табылады.

Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерден ел табылады.
Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ!⁶–

дегендегісі секілді. Бұл тармақтарда жалпы халықтық әдебиеттің ежелден бар көркемдік үлгілері астасып келіп, өзінше бір бітімді (симбиоз) түрде шыққан. Билер сөзінің мақамы, бунақтық лектердің ырғақтық қуаты басым.

Көтеш ақын «шығармашылығынан бастап қазақ өлеңінің формасына да өзгеріс енеді. Олар байырғы жыраулық поэзиядағы формалық еркіндікті шектей бастайды, яғни ерікті шумақ, еркін ұйқас, еркін бунақтар бірден жойылмағанымен, ығысуға мәжбүр болады»⁷. Бұлар XVIII ғасырдың соңында пайда болып, XIX ғасыр бойы жедел өрістеген, тез қанат жайып дамыған жаңа сипатты поэзияның алғашқы белгілері болатын.

⁶ Бес ғасыр жырлайды. – А., 1 т., 1984. 93-б.

⁷ С.Қасқабасов. Жаназық. Астана, 2002, 541-б.

Көтеш ақынның сақталып жеткен өлеңдері ең бастысы осы кезеңдегі әдебиеттің өзгеше ерекше нышандарынан хабардар етеді.

Қазіргі әдебиеттану саласында ақынның он бес шығармасы белгілі болып, жарияланып келеді дедік «Алдаспан» жинағында (Алматы, 1970 ж.) он бес өлең бірдей ғылыми түсініктерімен жарияланған. Ал «Бес ғасыр жырлайды» (Алматы, 1984 ж.) жинағының бірінші томында алты өлеңі қосылған. Әйтсе де кейінірек, араға он төрт жыл салып барып ұсынылған «Бес ғасыр жырлайды» жинағына неге алты өлеңі ғана іріктеліп алынғаны туралы ешқандай түсіндірме берілмеген. Алты өлеңнің бесеуі «Ертедегі әдебиет нұсқалары» жинағында (Алматы, 1967 ж.) бұрынырақ жарық көрген де, «Арқа ойылдың құба жон түсер қақтар...» деп басталатын бір өлеңі «Алдаспан» кітабында тұңғыш рет баспа бетін көрген екен. «Алдаспан» жинағындағы он бес туынды Көтеш ақынның жарияланған шығармаларының толық та толымды нұсқасы ретінде қолданылып келеді. Көтеш ақынның мұралары турасындағы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жазбаларының маңызы ерекше. Онда ақынның өлеңдері туралы, қандай жағдайда, нендей себептермен айтылғандығы турасында түсіндірме, талдаулар бар. Кейін, 1961 жылы А.Данияров тапсырған «Алдымнан алты пұшық анталады» өлеңінен өзге, қалған мұралары түгелдей дерлік Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларынан алынған.

Көтеш өлеңдері түрі жағынан түгелдей дерлік қазақ ішінде қара өлең деген атпен ертеден сіңісті ескілікті өлең үлгісінде болып келеді. «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің» (3-4-4), «Дулап өтіп барады қасымнан қыз» (4-3-4), «Күркелінің бауыры күнде дауыл» (4-3-4), «Сөйлес дейсің, қонағым, сөйлеспеймін» (4-3-4), «Қартайғанда қатының дұшпан болды» (4-3-4), т.б. Тармақ ішінде міндетті түрде үш бунақты ағыны болып келетін бұл өлең түрі қазақ жұртының салт сөздерінде өте ерте кезеңдерден бастау алатын «Жар-жар» үлгілерінде кездеседі. «Жар-жардың» құрылымында үш буынды да, екі буынды да, төрт буынды да бунақтар еркін түрде ауысып түрленіп түсіп отыратыны аян. Қара өлең өлшемі, кейіннен жаңа дәуір әдебиетінде барынша түрленіп дамыған он бір буынды қара өлең үлгілерінің ежелгі тұғырлары «жар-жар» секілді тұрмыс-салт жырларының өзгеше түзілімдегі таныс түрлерінің түрленуінен шыққан. «Жар-жардың» бунақтары мен буын саны әдетте он бір буынға «жар-жар» деген екі буынды бунақтың қосылуымен барып он үш буынды болып қайырылып отырады. Ахмет Байтұрсынов поэтиканың тарихына хронологиялық даму тұрғысынан саралап үңілмей-ақ, қазақ поэзиясының ежелгі қалыптасқан, халық ішінде ертеден мәлім

үш түрде болып келетіндігін жазады. «Жар-жар – 13 буынды, жай өлең – он бір буынды, ескі жырлар – 7-8 буынды. Жаңа ақын, жаңа жазушылардың өлеңінде бұл түрлердің бәрі де болады»⁸, - дей келіп, ол түрлердің одан әрі де түрленіп, түлейтіндігін мегзепті. Көтеш ақынның өлеңдері бітімі жағынан осы Ахмет Байтұрсынов «жай өлең» деп отырған қазақтың қара өлеңінің үлгісіне жатады. Ақында жыр үлгісінде жазылған шығарма кездеспейді. Барлығы да он бір буынды қара өлеңнің түрлі жорғақта⁹ түрленіп отырған түзілімдері. Көтеш ақынның шығармаларының дәстүрлі түрде осындай қара өлең үлгісінің құбылып түсуінен туындайтындығының өзіндік заңдылығы да бар. Ол ақын өлеңдерінің мағынасы мен тақырыбынан туындаған. Жыр, толғау, термелерде поэтикалық туындату, көркемдік те кезеңдік тосын түрленулер үнемі әрі жиі кездесетіндіктен тақырыптық, мағыналық, көркемдік тынысы барынша кең алымды болып келеді. Қара өлең үлгісінде біршама «тұрақтылық» сарыны, белгілі бір өлшем мен ырғаққа сыйыстыру талабы бірден басым байқалады. Сондықтан да, қаншама көлемді оқиғалы сюжетті, болып келгеннің өзінде де он бір буынды өлшемдегі шығармалардың көлемі жыр үлгісімен салыстырғанда негізінен ықшам келеді. Ауыз әдебиетінің танымал үлгілерінің ішіндегі ішінара кездесетін он бір буынды өлшемді өлең түрлерінің нышандары үгіт-насихат сөздерінен, ақылмандық (дидактикалық) толғамнан, өтірік өлеңдер мен жұмбақ өлеңдерден ұшырасады. Көтеш ақынның шығармаларының тақырыптық тынысы да негізінен ақыл-насихат, тұрмыстық суреттер мен тұрмыс-салттық бағамдаулар төңірегінде үйіріледі. Ақын өлеңдері тақырыптары мен түрі жағынан біртекті. Соған орай, шығармаларының көпшілігі бір, екі шумақтан қайырылып, көп жағдайда әлдебір тұтас өлеңдердің үзіндісі, сақталып қалған жұрнақтары секілді сезілген күннің өзінде, тұтас бір ақындық өмірбаян іздерін аңғартады.

Тура сөйлеп, айтар ойын анық кестелеу, тегеурінді жігер таныту секілді ақындық мінез «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің!» өлеңінен көрінеді. Бұл өлеңді айтқан кезде Көтеш ақын он жеті жаста екен деседі. Тарихи оқиғалы негізі бар шығарма. Адам өліміне қатысты дау туындап, Абылай мен Арғынның Мейрам

⁸ А. Байтұрсынов. Шығармалары. – А., 1989, 206-б.

⁹ Сонда, 204-206-бб. «Жорғақ» – А. Байтұрсынов қолданған термин әрі бұрын қазақта жоқ сөзді «жорғалау», «жортақтау» секілді мағыналардан өрбітіп шығарып қолданғанға ұқсайды. Өлеңнің ырғағы деген мәнде, қазір көбінесе «ырғақ» деген түрде қолдану қалыптасқан. Дұрысында, А. Байтұрсынов анықтамасы дәл, «ырғақ» сөзінің «ырғалу» мағынасы басым келеді.

руының арасында тартыс өршиді. Абылай белгілі тарихи тұлға. Көтеш болса, ел ішіндегі кедей тірлік кешкен ортадан шыққан жас жігіт. Дау өрши түскенде Көтеш:

Абылай, Ботақанды сен өлтірдің!
Есіл ер, жазығы жоқ, неге өлтірдің?
Хан басың қарашыңмен даулы болып,
Үстіңс ақ орданың қол келтірдің.

Абылай, күйіп кетті салған қалаң,
Мейрамға не еді сенің жаққан жалаң?
Жанайды дәл бүгін күн босатпасаң,
Болады ертең жесір қатып-балаң!¹⁰

дегенді айтады. Көлденеңнен келіп, тіке айтылған сөз Абылайға да, жұртқа да қатты әсер етсе керек. Осы өлең Көтештің ақындық атын да шығарады, ел аузында да көп уақыт сақталып, айтылып жүреді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев те бұл сынды туындыларына жазбаларында ерекше мән бере тоқталған.

Ханның қарашымен, халқымен даулы, араз болып, айтыс-тартысқа өршуі не елдің азуынан, не ханның қадірінің кеткендігінен. Ботақан да қарашыдан шыққанмен, ақынның айтуына қарағанда, жазықсыздан опат болған есіл ер, кесек тұлғалы жан. Ел-жұрттың наразылығының туындауы, Абылайдың ақ ордасының үстіне қол жиналып келуі, дау-дамай әдеттен тыс, тосын көрініс. Өлеңнің тарихи себептері осыдан көрінеді. Ердің құны, ханның құзыры таразыға түскен сын сәт. Хан басымен қарашысымен даулы болып, тығырыққа тірелген алмағайып күндер. Ботақан ғана емес, іргелі мейрам руына жала жағылып, сүйекке таңба түсердей әрекетке наразылық. Жанай құныкерлікке тартылған сыңайлы. Ру, ата намысы өлімнен күшті. Сүйекке мәңгілік таңба, жанға жала жұқтырғанша, жан алысып, жан беріспек оңай. «Жанайды дәл бүгін күн босатпаса», «Болады ертең жесір қатын-балаң!». Абылайға мұндай тіке сөйлеп, қыр көрсетудің аржағында осындай шиеленісті, тартысты себептер жатыр.

Жас ақын өлеңінің қуатты шығуы, ел арасында әсерлі де тез тарауы, ең алдымен осындай әлеуметтік салмағынан да болса керек. Ақын көзқарасында сол заманның әлеуметтік сипаты, ел ішінде әлімсақтан қалыптасқан кісілік дәстүр-салттың, керек десеңіз заңдылықтың өзекті жосығы бар. Хан кісі өлтіруге тиісті емес. Оның үстіне жазықсыз, есіл ер адам болса! Хан мен қарашының тәжікелесуі шетін жағдай. Жөп-жосыққа қыңыр.

¹⁰ Алдаспан. А., 1970, 181-б.

Бүгін бір руға жала жапқандай қылық та ханның құлқына тән емес. Қай жағынан алғанда да ханның әрекеті, ісі жосынға сиып тұрмағандығы байқалады. Содан да болар, ақын да батыл, сөзі тік, ойы өткір. Көптің көкейіндегі толғам. «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің!» туындысы әлеуметтік салмағы жағынан ақынның азаматтық көзқарасын ашып берген, жаңа тұрпатты өлең түрінде заман шындығын да толғаған шығарма. Көтеш ақын мұраларының ішінде ерекше шоқтықтанып көрінетін көркемдік шеберлігі мен азаматтық рухы келісіп түскен туындысы. «Қобыз сарыны» монографиясында Көтеш Райымбекұлына жеке шағын тарау арнаған Мұхтар Мағауин: «Арғыннан тараған бес Мейрамнан ру намысын жоқтап үш мындай адам атқа қонған екен, Абылай ұрысуға шыдамайды, өлген кісінің құнын, оған қоса айып төлейді»,¹¹ – деп жазады. Жазушы бұл зерттеуінде Абылай ханға қарсы шыққандарды Қазыбек бидің ұлы Бекболат би бастағандығын, яғни ол тұста Қазыбек бидің дүниеден озғанын тілге тиек ете отырып, «жоғарыдағы деректерге сүйеніп Көтеш ақын 1745 жылдар шамасында туған деп айта аламыз» деген тұжырым түйеді. Расында, Абылайға қарсы сөз айтқанда Көтеш он жеті жаста деген тұспалдарға келгенде, қырық бес-қырық жетінші жылдар шамасына орайласады. К.Райымбекұлының туған жылы осы түйінді пікірден бері ғылыми еңбектерде 1745 жыл деп жазылып жүр. Мысалға келтірген нұсқа Мәшһүр Жүсіп қолжазбасына сүйене отырып жариялаған «Алдаспан» жинағынан алынды, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында осы шығарманың өзге де нұсқалары сақталған.

Көтеш шығармалары ауызекі сөйлесуге, жауаптасуға жақын, нақты бір мәселе туралы нақты бір адамдарға арнап айтылғандай сипатымен ерекшеленеді. «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің!» туындысында да сол ерекшелік байқалады. Бұл өзі, бір жағынан, көбінесе айтыс ақындарының шығармаларына тән белгілердің бірі екендігі анық. Ол да айтыс ақындары секілді белгілі бір адамға қарата сөйлейді, тиісе сөйлейді, жауап күтеді. Шығарма сондай сипатымен, өлеңдік күйін сақтай отырып айтылады. Айтысқа өршімейді. Айтыс болуы үшін екі ақынның қайымдасуы, жауап беріп, жауап алысуы шарт. Көтеш өлеңдерінде ондай толымды айтыс нышандары кездесе бермейді. Жинаушылар тапсырған қолжазбаларда екі-үш айтысының сұлбасы сақталған. Онда да ақын дәстүрлі тұрмыстық-әлеуметтік сарыннан, қыз бен жігіт айтысының ағынынан алыстамайды. Сірә, сол тұстағы ақындық дәстүр бойынша айтысқа қатысқанымен, ақын атаулының басты жанрына айналған айтыстарының өзі сақталмаған.

¹¹ М. Мағауин. Қобыз сарыны. Монография. А., 1968, 96-100-бб.

«Өлеңге бөгелмейтін тапқыр Көтеш өз заманында талай айтыстарға да түсіп жүрген. Шал мен екеуі бізге белгілі айтыс ақындарының ішіндегі ең көнелері. Алайда, Көтештің айтыстарының дені сақталмаған. Ал сақталғандары – негізінен бірер ауыздан ғана келетін қақпа сөздер», – деген М.Мағауин¹² пікірі бұл орайда көп жайдан хабар береді. Сол жұрнақтардың ішінде Көтештің арсыз қызбен айтысы бүгінгі күнге Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинақтамасында жеткен. Көтеш пен арсыз қыздың үдете түскен дәрекі бейпіл айтысын шиеленісі «шиыршық» атып тұрса да, Мәшһүр Жүсіп соңына дейін түзіп шықпаған. Бірақ, мұраларының ішінде тіршілік, тұрмыс тақырыбындағы адам өмірінің тынысынан туындайтын өлең, толғамдары басым кездеседі. Көтештің сал-серілік, жігітшілік сарындарына іштартатын өлеңдері ең алдымен мінезділігімен, сезімталдығымен, өткір тіл, ұшқыр қиялымен дараланады. Қалыңдық ойнай барған жас ақын салт-дәстүр жөнімен балдыздарына әзілін өлеңмен білдіріп, өлеңмен қытықтайды. Қазақ жұртының тұрмыс салтының ізі осы туындыда барынша келісті де кестелі өрілген.

Дулап өтіп барады қасымнан қыз,
 Ұяты бар бойында қымсынған қыз.
 Қазы менен қартаға тойғызғандай,
 Тәуір сыйлап жездесін отырған қыз.¹³

дейді Көтеш ақын балдыздарына. Бұл жерде жезде, әрине, қалыңдық ойнай барған ақынның өзі. Тұрмыстың сәнді, салтанатты бір суреті. Әдепті әзіл, өткір сезім лебі де анық. Дулап өтіп бара жатқан қыздар, онымен қоймай бойында ұяты бар қымсынған, дуылдаған, қысылған қыздар. Жас ақын психологиялық астарлы сурет сызумен бірге, жігітшілік жезделік назын да жасырмайтын секілді. Қыз сыйламай жездесін кім сыйлайды!? Осы шағын бір шумақта ақын әлденеше қатпарлы ойды ақтарады. Соның бәрі ұлттық әдет-салт, қазақ тұрмысының ерекшелігі ыңғайында ғана әсерлі, көркем, назды шықпақ. Ұлттық жан дүниенің өлеңге түскен ерекше бір суретті айшығы. Қыздар да қарап қалмайды. Ақындық жауап қатпаса да, «Түу, мына кісі қызық екен ғой!» дейді. Сірә, назбен, бір жағы қалыңдық ойнап келген жігітті шаужайламақ ниетпен.

Сонда:

Түкіріндер бетіме, түкір, қыздар,
 Түкіргенге қыламын ілүкір, қыздар!
 Көрінгенге былқ етіп, құлай кетіп,
 Соңыра түсер ішіңе фікір, қыздар!

¹² Сонда, 100-б.

¹³ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982, 145-146-бб.

деп тиіседі. Бұл да ақынның өзіндік мәнерін, ұлттық мінез-құлықты танытатын өлеңі. Енді бірқатар өлеңдері өмірбаяндық деректерді жеткізеді де, оларда лирикалық қаһарманның көңіл-күйі, ішкі толқуы өлеңмен өрнектелген. Кейіннен жаңа дәуір поэзиясында жақсы дамып, әлемдік әдебиет деңгейінде қалыптасқан лирикалық өлең жанрының алғашқы бір үлгілері десе де болады. Лирикалық саздардың небір әдемі толқындары мен кезеңдері халық әдебиетінен, классикалық ауыз әдебиеті нұсқаларынан ежелден таныс. Професионал әдебиеттің жаңа дәуірінде өзінше бір дәстүр мектебімен жаңа бітімде жаңғырып көрініс берген лирикалық өлең жанрының тарихы мен табиғаты оқшау екендігі мәлім.

Күркелінің бауыры күнде дауыл,
Көтеш қалды жұртында жалғыз ауыл.
Ауырып жатқан көңілімді бір сұрамай,
Шын, Сексеннің баласы қара бауыр.

Бір жанымның қамы үшін жүрдім саяқ,
Не қыламын бұл малды жаннан аяп.
Ауырып жатқан күнімде бір қайырылмай,
Ет дегенде қалмапты тайлы-таяқ.¹⁴

«Күркелінің бауыры күнде дауыл» атты шағын өлеңі осындай тармақтармен басталады. Бұл өлеңнің сәл өзгешеліктерімен келетін басқа нұсқалары («Ақыл, Сексен баласы бес-алты ауыл...») да бар. Шығарманың тарихи себептерін Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз жазбаларында былай деп тарқатады. Сырқаттанған ақынның оңалып кетуін күтпестен, көңіліне қарамай, ауыл-аймағы жайлауға шығып кетеді де, жалғыз түгін жұртта қалып қалады. Сауығып, елдің соңына ала көшіп барған ақын құрбанға атаған бозқасқасын сойып, ағайын-жекжаттарын шақырады. Ет дегенде бет бар ма, ауылы түгел жиналады. Сонда айтылған сөзі екен. Шығарманың өзекті түйіні: «Малым жаным садағасы, жаным арым садағасы» деген халық даналығына тартады.

Енді бір өлеңінде Бұқараға бара жатқан Жәуке бимен сапарлас болуы айтылыпты. Бұл шығарма да Мәшһүр Жүсіп қолжазбасының арқасында сақталып жеткен. Бұқараға жол тартқан Жәуке би қартайған ақынды жолда Қаратау маңындағы бір жатақтың үйіне қалдырып, қалыңсыз үйлендіріп уақытша қалдырып кетеді. Қайта оралған жолында «қайыншылап» жатқан Көтеш Жәуке биге мұңын шағып, жағдайының аса жайлы болмағандығын былай деп басталатын өлеңімен астарлап жеткізген екен:

¹⁴ Сонда, 144-б.

Атам ата болмады, қалмақ болды,
Қызын берсе, атымды алмақ болды.¹⁵

Көтеш ақынның азын-аулақ мұрасының өзінен-ақ ақындық машығы мен мәнері жақсы байқалып отырады. Оның ойды толғағанда, сөзін кестелегенде, бір жағынан, ел ішіндегі қалыптасқан тұрмыстық-ақлықаттық көзқарастарға, халық даналығында бар ой-толғамдардың сілеміне иек артатыны бірден әсерлі шығады. Әрі айтпақ ойын терең жеткізуге, тыңдаған жұрттың тез түсініп пайымдауына мүмкіндік беретіндей. «Көтеш қалды жұртында жалғыз ауыл» тармағындағы ойдың қуаттылығы, ең әуелі халықтық тұрмыстық салтына меззеуімен білінеді. Жұртта жалғыз ауылды, жалғыз үйді қалдыру әдетте қазақ ұғымында елдікке де, әдепке, кісілікке де жата бермейтіні аян. «Ауырып жатқан көңілімді бір сұрамай» дегені де әсерлі. Ауыл адамының ең ауыр кінәсі ауырып жатқан ағайынның көңілін сұрамау, көңіліне медеу бола алмау скендігі де бесенеден белгілі. «Қара бауыр» тіркесі де халық санасына тез жетерлік қалыптасқан тұрақты ұғым. «Қара жүрек, қара бауыр, тас бауыр, безбүйрек» дегендер қазақ үшін ең бір ауыр ұғымды арқалаған сөздер. «Бір жанымның қамы үшін жүрдім саяқ, Не қыламын бұл малды жаннан аяп» тармақтарының астарында «Малым жаным садағасы, жаным арым садағасы» деген халық даналығы тұрған жоқ па?! «Ет дегенде қалмапты тайлы-таяқ» тармағының түсіндірмесіне қазақ жұртының әйгілі «Ет дегенде бет бармасы» үйлесе кетеді. Сол секілді, «Осы үйде ұршықталған жалғыз сап бар», «Атам ата болмады қалмақ болды», «Хан басың қарашыңмен даулы болып», «Қартайғанда қатының дұшпан болды», «Қазы, қарта, жал-жая, бас жарай ма?» секілді тармақтардың барлығы да жұртшылықтың бәріне бірдей түсінікті ұғынықты ұғымдарды тілге тиек еткендігінің дәлелі. Ұршықталған жамбас, қазақтың қалмақтанып кетуі, ханның қарашыға жақпауы, қатынның дұшпандығы қазаққа ғана ұғынықты, астарлы мәні халық санасына соншалықты таныс бейнелі тіркестер. Ақын айтпақ сөзінің поэтикалық әсерін, көркемдік қуатын күшейту мақсатында тосын мағыналық пендестірулерге де барады.

Сексен ерікке қоймады-ау қалжыратып,
Қайтып өлең айтармын алжып жатып.
Сексен түгіл тоқсанға болмас едім,
Үсақ турап ет берсең балбыратып.¹⁶

Шынайы, табиғи ақындық лебі еседі. Екінші тармақтағы

¹⁵ Алдаспан. А, 1970, 278-б.

¹⁶ Сонда, 184-б.

мағыналық шендестіру, төртінші түйінді тармақтағы суреттелген тұрмыстың бейнелі кестесіне ұштасқанда жалғыз шумақты өлеңнің өзі ұлан-ғайыр әсерге бөлейді. Растығы, дәл танып тауып айтқандығы, суреттілігі тартымдылық берген. Түркі дүниесі әдеби мұраларында ежелден-ақ мәлім адамның жас кезеңдері туралы толғамдардың тізбесіндегі өзіндік шешімімен көрінген шумақ. Әдетте, сексенде сондай едім, тоқсанда мұндай болдым деп келетін сарыннан бұра тартып, соны толғам түйген. Ақынның өзінен бұрынғы ондай сарынды өлең-жырларды білуі де, білмеуі де мүмкін. Әйтсе де, өзіндік көзқарас, ой ағыны осындай авторлық шығарманың тууына себепкер болған. Тұрмыстық күйдің сазын жеткізіп, тұрмыстық философияны тереңдете түскен, сурет сызғандай әсерлі.

Көтеш Райымбекұлының өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері дегенде, тілге жеңіл оралымды, қанатты сөздерге тән ішкі үндестік пен үйлесімділікке желіленген тармақтарын атауға болар еді. «Кең қорығын құдайдың Шоң қорыса», «Баладан болар білем ажалымыз», «Байлау да жоқ сөзінде, матау да жоқ», «Хан басың қарашымен даулы болып», «Бұл ауыл ауыл емес жатақ еді, қосылған әр рудан шатақ еді», «Жонда жылқы, қолдағы ат ақсап қалды»¹⁷, т. б. ширатылған сымдай тартылған тармақтар өлеңдердің мағыналық та, жорғақтық та сымбатын келістіре кетеді.

Ақын күрделі, толымды ұйқастарға еркін барады, еркін толғайды. Төрт-бес буындық ұйқастарды келістіріп, қабыстыра қолданады. Бұл әрине, жана өлеңнің табиғатынан туатын, көп жағдайда жазба әдебиеттің өлең үлгілеріне тән ерекшеліктер. «Ұстаның дәндә /күі балғасы ма/? құдайым ұстаға /күн салмасын да/?». Өз уақытындағы өлең өрнектерімен салыстырғанда күрделі, қиыннан қиыстырған ұйқас. Автор «күі» мен «күн» буынындағы дыбыстардың әуезділігін астастыра отырып, онсыз да ұйқасып тұрған төрт буындық ұйқасты бес буындық ұйқасқа ұластырып күшейте түскен. «-Қалжыратып//-алжып жатып//-балбыратып» сынды ұйқастар да жана дәуірдегі өлең ерекшеліктеріне барынша жақын шығып отырған. Көтеш ақынның он бір буынды қара өлең түріндегі шығармаларының басты ерекшеліктері осындай ұйқастары мен бунақтық жорғақтарының өзіне тән бір ретпен берік те, жүйелі қисынмен шығып отыратындығы. Өлеңдерінің ұйқастары көбінесе төрт-бес буынды болып, ойдың да, жорғақтың да байламын сол тармақ соңындағы бунақтарға түсіреді. Мұның өзі ақынның әр шығармасын белгілі бір тұлғаға тікелей сауал, арнау, сілтеу ретінде толғайтын табиғатынан да

¹⁷ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – А., 1982, 143-145-бб.

болса керек. Кәрілікке қатысты бір өлеңін ақын кәріліктің өзіне тікелей арнайды:

Кәрілік, жылы-жұмсақ ас жарай ма?
Қазы, қарға, жал, жая, бас жарай ма?
Кәрілік, мұның бәрін жақтырмайсың,
Үйген топырақ, қалаған тас жарай ма!¹⁸

дейді. Бар болғаны бір шумақ өлеңнің философиялық мағынасын оқырман тез парықтайды. Кәрілік – Тіршілік – Өлім... Адамның ғұмыры, жалған дүниенің дәмі, ол дүниенің суық сұрқы. Өмірдің ыстық-суық зейнет, ләззәтінен еріксіз бетін әрі бұрған қалжыраған пенденің мазасыз дүниеден сырттап, тастай мызғымас, топырақтай жылжымас салқын сабырлы ғаламға беттеген кейпі. Ақынның көзінде кәрілікке «үйген топырақ, қалаған тас» жақын секілді. Өлеңнің бунақтық ағындарына келсек, тағы да тұрақты сөз тіркестерінің жаратылысына жақын оралымдар ішкі-сырты астаса үйлескен жорғақтарымен үйіре түседі. Тілге жеңіл, ойға оралымды: «жылы-жұмсақ ас...», «қазы, қарта, жал, жая, бас...», «үйген топырақ, қалаған тас...». Риторикалық сауалдар арқылы өрбіген бұл шығарма қазақ әдебиетінің тарихындағы өзіндік орны бар, ұлттық өлең өнерінің белгілі бір даму кезеңінің ерекшелігін білдіретін туынды. Қазақ әдебиетінде де, өзге ел әдебиетінде де кәрілік, қарттық шақ туралы өлеңдер көп, бірақ солардың ортасында Көтеш ақынның Кәрілікке сауалы поэтикалық айшығы жағынан да, мағыналық шешімі жағынан да оқшау бітімді.

«Қартайғанда...» деп басталатын өлеңі де кәріліктің адам тұрмысындағы бір күйін саралауға арналыпты.

Қартайғанда қатының дұшпан болды,
Баласымен бірігіп қысқан болды.
Келін деген бір дұшпан тағы шығып,
Біреуі іштен, біреуі тыстан болды.

Қартайғанда, қатының: «Қазба, – дейді, –
Келін менен балаға жазба», – дейді.
Ат болса, айғыр болса солар мініп,
«Шолақ байтал қақбасқа аз ба!», – дейді.

«Бала, бала!» деуменен мазалымыз,
Баладан болар білем ажалымыз.
Баламызға жалынсақ жан сақтар ек,
Келін деген даяр тұр тажалымыз!¹⁹

¹⁸ Алдаспан. А., 1970, 181-186-бб.

¹⁹ Сонда, 184-185-бб.

Ең алдымен, өлеңнің мінсіз көркемдік бітімі, поэтикалық құрылымы көзге түседі. Үш шумақтың ұйқастағы сөздері түгелдей жорғақтығы жағынан да, мағынасы жағынан да салмақты жүк арқалап тұр. Тақырыбы тұрғысынан мұндай мазмұндағы өлеңдер ежелгі жырауларда да, Бұқар жырауда да, өз тұсындағы Шал ақында да кездеседі. Көтеш шығармасы табиғаты жағынан Шал Күлекеұлының осы сарындағы туындыларымен қанаттасады. Әрине, оларды жалғастырып, ұштастырып тұрған сипат - өлеңдік құрылымы, яғни жаңа өлең өнерінің ішкі заңдылықтарынан туындаған поэтикалық ерекшеліктері. Өмір сүрген кезеңі жағынан да Көтеш пен Шал өзара жақын келеді.

Тұрмыстың сәні, тіршіліктің мәні, отбасының берекесі, ағайынның жарастығы, деннің амандық-саулығы секілді мәңгілік тақырыптар Көтеш ақынның суреткерлік болмысын барынша ашып көрсете алады. Ақын шығармаларын тек қана осындай тақырыптар өзегінен тарамдалатын сарындар мен ойларға арнаған. Әрі көркем де әсерлі, өрнекті толғаған. Өмірдің мәні, адам баласы бақытының өзегі неде деген сауалдарға жауап іздейтіндей. Әсіресе, Көтеш ақын мен Шал ақыннан басталған осынау жеке адамның тұрмыс-тіршілігінің мәнділік, мәңгілік белгілері туралы тебіреністер жаңа дәуір әдебиетінің арналы саласына айналады. Сол тұста да өз жаратылысымен оқшаулана түскен еді. Іс-қимыл, әрекетке, жорық пен жортуыл тынысына толы жыраулар поэзиясы да, сәл кейінгі XIX ғасырдың басында тегеуірінді естілген ұлт-азаттық дабылына толы ақын-жыраулық тебіреністер де бұл мектептің тынысына ұқсамайды. Хандық қоғамның күні еңкейе бастаған тұста, хандық құрылым ыдырап, хандық құзыр келмеске кетіп, сыртқы империялардың тізесі бата бастаған кезеңде қалың қауымның, жеке бастың бақыты, тіршіліктің бүтіндігі, құтты-берекелі өмірдің мәні, баланың амандығы, бауырдың бүтіндігі туралы ойлап, мамыражай «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейкүнә тұрмыс ләззетін армандай бастауы заман шындығынан туындаған ақиқат болатын. Сондай арман мүдде шындығынан пайда болған әдеби ағымның көрнекті өкілдері Көтеш секілді жаңа өлеңнің дарынды тұлғалары болды. Адамның бақыты, пенденің тіршілік мәні туралы сарынның жаңа әуездері ақындық-жыраулық өнердің жаңа бағыты еді. Бұл әлем әдебиетінде де, көркем өнер табиғатында да әр ғасырларда, түрлі деңгейде көрініс берген ерекшеліктер, көркемдік таным жолының заңды бір белесі. Қазақ өлеңінде бұл ағым Бұқар жыраудың бірді-екілі толғамдарында нышан танытып, Көтеш ақын дәуірінен бастап айқын сипат алды. Қаһармандық жырлардан таныс «ұлын құл, қызын күң етіп», «қатынын ат сауырына өңгеріп» жауының сағын сындыруды аңсаған сарындардың орнына отбасының жылуы,

баланың жетелілігі, келіннің келістілігі, ананың ақылдылығы сияқты мағынадағы сарындар басымдық ала түсті. Болмаса, жетелі, ата жолын қуған мейірлі ұрпақты арман ете сөйледі.

Атадан алтау, жетеу туғанменен,
Соның ішінде біреуі-ақ сүтін ақтар!

* * *

Ата тілін сыйлаған адал ұлды,
Хат оқыған молдадан кем деменіз.

* * *

Ай қараңғы, күн бұлт, түн деменіз,
Біреу жарлы, біреу бай, күндеменіз!

Көтеш ақынның өлеңдерінде кездесетін осынау тармақтар да ақынның басты ой-мақсаттарын анық ашып көрсетеді. Ақын бала тәрбиесі, баланың жетелі болмағы туралы да ой қосады:

Балаңа ұрса берме, таз да болса,
Малыңды сол бағады аз да болса.
Жұмыскер есіктегі тыншы кетер,
Қожайын төрде отырған қазба болса.²⁰

Тұрмыс берекесін ойлаған толғамдар. Қарапайым ақиқаттар арқылы тіршіліктің мағыналы ойларын таратады. Жеке адамның тұрмыс-тіршілігінің берекесі мен қызығын басты тақырып етіп толғаған ақынның барша шығармалары өзара тұтастықта көрінеді. Отбасы, мал-жан, кәрілік пен жастық дәурен, ауыл-аймақ, ағайын жарастығы туралы түрлі өлеңдері өзара іштей үндесе келіп тұтас бір қаламгерлік көзқарасты құрайды. Ол жеке адамның қоғамдағы орны, құт-дәулеті мен өмірінің мағынасы туралы ақылмандық тұжырым. Жаратылыс пен адамның, қауымның жарастығы. Халық ғұламалары «Әуелгі байлық – денсаулық, екінші байлық – ақжаулық, одан кейін – он саулық» деп тиянақтап кеткен өмірлік мәні аса зор таным түйіні Көтеш ақынның бүкіл суреткерлік санасын билеп алғандай. Үлкен ақын шағын мұраларында күрделі ұлттық тұрмыстың құт-берекелі сұлбасын сызып кеткен деуге боларлық.

Жатақ, ауыл деген ұғымдардың нақты бір анықтамалық сипаттарын осы Көтеш мұраларынан кездестіреміз. «Жатақ» дегеннің ауылға ұқсай бермейтіндігін айту арқылы ол қазақ ауылының өзіндік ерекшелігін, бітім-болмысын да аңғартып өтеді.

Бұл ауыл ауыл емес жатақ еді,
Қосылған әр рудан шатақ еді.

²⁰ Сонда, 183-184-66.

Бәленшекең білсін дерлік кісісі жоқ,
Әншейін құр ауыл деген атақ еді.²¹

Оның мезгеп отырған ауылы басқа ауыл, қазақ жұртының әлеуметтік тұрмыс күйін даралайтын ауыл. Құр жатақ болу ежелгі елдік, ауылдық құрылым шартына үйлеспейді. Ақын соны көрген, білген, өлеңге өрнектеп түйген.

Ақын өлеңдерінен өз тұсындағы ел жағдайынан да, ел ісіне араласып белгілі адамдардың арасында мәмілегершілікке жүргендігін де білдіретін тармақтар ұшырасады. «Қозған, қақсел теп-тегіс қақсап қалды» деген белгілі өлеңі ел ішінде «қу мешін» атымен танылған жұтты жылдың тауқыметін жеткізген. Ал, «Аспанда бір жұлдыз бар жылыстаған» деген шығармасының тарихы мүлде бөлек. Атақты Шоң мен Шорман арасына сызат түсіп, араздасқанда Көтеш ақынның екеуін жақындастыру үшін айтқан сөздері көрінеді.

Аспанда бір жұлдыз бар жылыстаған,
Ағайын жат болмайды ұрыспаған.
Екеуің ай мүйізді көк қошқарсың,
Бастарың бір қазанға сыйыспаған.

Шоң, Шорманым, сен бе едің мақтай жүрген,
Бар өнерің осы ма сақтай жүрген.
Оралдың екі ақиығы араз болса,
Жапалақ жем қымай ма қаптап жүрген.²²

Осы сөздерден кейін екі жақсы ренішті райларынан қайтқан деседі. Бұл шығарманың тағы да көркемдік нәшіне көңіл қойған дұрыс. Өлеңге тән жинақылық пен үйлесімді ұйқас үйіріп алса, әрі халық танымына тән оралымды мағыналық тіркестердің өзі де әсерлі.

Ақынның өзі қартайып, сексенді еңсеріп барып қайтқан деген ойға ден қоюшылар қолжазба деректеріне иек артады. Қолжазба қорларындағы мағлұматтар тоқсанның үшеуіне келіп өткендігін де білдіреді. Өлеңдерінің мазмұны, тақырыптық желісінің өрбуі соны аңғартады. Бұл ойға ақырғы өлеңі саналып келген шығармасының алғашқы тармақтарындағы тебіреністері де мұрындық болды.

Алдымнан алты пұшық анталады,
Тілге келмей біреуі балталады.
Осы аурудан, сірә, жан қалмас білем,
Балтасы тиген жері қанталады.

²¹ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982, 147-б.

²² Сонда, 147-б.

Япыр-ай, бұл не деген ел боларсың,
 Не малдан, не перзенттен кем боларсың.
 Қарап жүрген Көтешке тиемін деп,
 Баласына Құлболдының жем боларсың.²³

Бейнелі, астарлы сөздің мағынасы тағы да ақ-адал, күнәсіз тіршілік кейпін мегзейді. Кесірлі елдің кесепаттан құтылмайтындығын, не малдан, не перзенттен кем соғарын еске салады. Налыс пен қарғыс сарыны да сезіледі. Көтеш Райымбекұлының қартайып әл тайған кезінде кісі қолынан қаза болғандығын сездіретін туындысы. Әдебиетшілер арасында Көтештің өлер алдында айтқан өлеңі деген анықтамамен мағлұм бұл шығармасын ақын ажал аузында қиналып жатқанда жазған деседі жинақтаушы мамандар.

Жеті жігіт өзектен анталады,
 Бұрын жетіп бірсуі балталады.
 Өспегірдің баласы қайдан өсті,
 Жауырынымның арасы қанталады.

Уа, жаным, не жау боларсың, не ел боларсың,
 Не перзент, не дәулеттен кем боларсың.
 Жүзге келген Көтешті тонаймын деп,
 Айдабол мен Күлікке жем боларсың.²⁴

Негізінен өзара ұқсас нұсқалардың бірқатар айырмашылықтары да көрініп тұр. Екінші нұсқадағы ақынның жасына қатысты мағлұматқа да назар аудара кеткен орынды. Бұл жерде Көтеш өзінің жасы жүзге жеткендігін атап айтқан. Ұры-қарылардың қолында қиналғанда айтқан өлеңді олар ұғып алып кейін айта жүрсе керек, кейін ол ауыл-ауыл, балалардың да арасында таралады. Сол балалардың аузында жүрген өлең жолдары арқылы ақынды кімнің өлтіргендігі анықталып, қылмысы ашылған рудың адамдарынан көп құн алынған екен.

Бұл шығарманың да бірнеше нұсқалары мәлім. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған. Азды-кем өзгешеліктері бар сол нұсқаға да назар аудара кеткен жөн. Көп жасаған Көтеш ақынның шығармалары аз сақталса да (қайсыбір қолжазбалар мен жарияланымдарды түгендегенде үзінді-жұрнақтарымен, қайталаулы нұсқаларымен жиырма бес өлең болып шығады), жеке басының трагедиялық халі, тағдыры, шығармаларының жаратылысы

²³ Алдаспан. А., 1970, 185-б.

²⁴ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982, 148-б.

қазақ әдебиетінің ұзақ-сонар тарихындағы өзінше бір бөлек бітімді ақынның тұлғасын көзге елестетеді. Бозбала кезінен-ақ ханға қарсы сөз қозғап, әулеттілер қырына ілінген ақынның тұрмыс күйі де, тіршілігі де бақуатты болмағанға ұқсайды. Қазасы да трагедиялы. Ақын жоғарыдағыдай қайғылы жағдайда қаза болса, енді бір зерттеушілер Көтеш айтыс үстінде бір атаның игі-жақсыларына тілі ащы тиіп, солардың таяғынан өлді деген де болжам білдіреді. Трагедиялы тағдыр. Сонымен бірге, ақын өміріне қатысты ел аузында түрлі әңгіме, аңыздар да баршылық. Бұл кез-келген ақынның өмір жолынан кездесе бермейтін ерекшелік. «Қаратаудың басынан көш келеді...» атты әйгілі халық тағдырымен тығыз байланысты өленді Көтеш Райымбекұлының есімімен байланыстыра сөз еткен мұралар да көп жайға негіз болуға тиісті. Демек, өмірі де, өлеңі де халыққа танымал, жұрт жан-дүниесіне бірдей әсер еткен суреткерлік тұлға. Өзгеше ақындық тағдыр.

Көтеш ақынның шығармалары әр кезде жарық көрсе де, көп уақытқа дейін арнаулы зерттеп, талданбай келді. Әйгілі Мәшһүр Жүсіп мұраларынан беріде арнайы сөз толғаған Мұхтар Мағауин. Бұған көп жағдайда ақынның сақталып жеткен шығармаларының аздығы, бәрінен бұрын тақырып жағынан алғанда, жеке адамның жан дүниесін, адамшылық сырын арқау еткен өлендерінің өзіндік ерекше бітімді табиғаты себеп болған тәрізді. Әйгілі Көтеш ақынның ақындық дүниетанымы, мақсаты, идеологиясы ұлттың адами тіршілігінің, адамдық бақытты тұрмысының мағынасын ашу, шын құтты тіршіліктің мәнін түсіндіру. Көркем шығармалары автордың бұл ниетін толығымен ашып берген.

Көркемдік жаратылысы өзінше дара бітімді, ішкі жан сарайы сұлу да бай Көтеш ақынның әдеби мұрасы XVIII-XIX ғасырлар аралығындағы қазақ өлеңінің тамаша әсерлі де әлеуетті парақтарына жатады. Жаңа өлеңнің алғашқы қарлығашы.

ШАЛ АҚЫН (1748 - 1819)

Шал ақын Құлекеұлы 1748 жылы туып, 1819 жылы қайтыс болған. Туған жері қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданына қарайды. Бейігі де сол жерде жатыр.

Әкесі Құлеке жасында батыр атанып, жоңғарларға қарсы соғыста талай жорықтарға қатысқан. Абылайдың замандасы, ханмен жақын қарым-қатынаста болған.

Әдебиет тарихының бұрынырақта жарық көрген оқулықтарында да, әр жылдардағы жекелеген ғылыми зерттеулерде де Шал ақын XVIII ғасырдағы жыраулар тізбегіне тіркесіп, солардың соңын ала жүретін. Өйткені оның өмірінің дені сол ғасырдың екінші жартысында өткен де, соңғы жиырма шақты жылы ғана XIX ғасырдың еншісінде болатын.

Қазіргі тәуелсіздік жағдайында, еліміздегі қоғамдық-саяси құрылыстың түбегейлі өзгеруіне байланысты, әлеуметтік ғылымдар саласындағы көптеген ұстанымдармен бірге ұлттық әдебиет тарихын дәуірлеу жөніндегі көзқарастарда да елеулі өзгерістер орын алып отыр. Соларға сәйкес әр дәуірдің ішкі құрылымында да тиісті алмасулар, ауыстырулар мен толықтырулар болатыны түсінікті.

Соның бір көрінісі – Шал ақын шығармашылығын зерттеу мен зерделеу мезгілінің XIX ғасыр басына шығарылғандығы. Бұл уақыт шеңберіндегі жай ғана тасымалдау емес, ақын мұрасының бүкіл табиғатын ескергендіктен туған мәнді өзгеріс.

Сөйтіп, бір ғасыр жыраулар қазынасымен аяқталып, одан кейінгі ғасыр ақындар шығармашылығының шымылдығымен ашылып отыр. Мұның мәнісі – екі ғасырдың ара жігінде халықтың тарихи тағдырындағы күрделі өзгерістердің әсерімен оның рухани өмірінде, атап айтқанда, ауыз әдебиеті үрдістерінде бір дәуір тәмамдалып, жаңа бір кезең басталды деген сөз.

Осы орайда мынадай орынды сұрақтар туындайды: Жырау деген кім? Жыраулар толғауы деген не? Жыраудың ақыннан, жырау толғауларының ақын өлеңдерінен қандай айырмасы бар?

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеушілердің бұл сұрақтарға жауап беретін айқын анықтамалары, түйінді тұжырымдары бар.

Мұхтар Әуезов мұны былай сипаттайды: «Жырау құр ғана тақылдақ өлең айтпайды: бұл – заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрін терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суретгермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады»¹.

1927 жылы жарық көрген оқулығында айтылған осы пікірді М.Әуезов кейінірек, отызыншы жылдардың басында жазған бір еңбегінде былай деп толықтыра түседі: «Жырау демек, ақын деу емес. Жыраудың ақын атаулыдан, жыршыдан бөлек өз жанры бар. Жыраудың мақсаты, міндеті – не болса сол, көңіл ашар, әлде не дерлік сөзді айту емес. Ол заман сынын, мезгіл, дәуір болжамын, тарихи оқиғаның мазмұнын, бағасын сөз қылады. Көбінесе әрі жырау, әрі би болады»².

Расында да, жыраулар поэзиясының айрықша бір белгісі – онда ғаламдық, заманалық проблемалар болмаса, күнделікті күйбең тіршіліктің күйкі жәйттері сөз болмайды.

Сәбит Мұқанов – Сыпыра жырау, Асанқайғы, Бұқар толғауларын қарастыра келіп, жырауларды ХІХ ғасырға дейінгі қазақ ақындығының символы деп атайды. Олардың хан ордасына жақын жүріп, әр кездегі мемлекет мәселелерін шешуге белсене араласқанын, қиын кездерде ханның ақылшысы болып, қазақтың ел-жұртын сақтап қалуға себін тигізгенін Мұқанов та жоғары бағалайды.

Бірақ бұл тұста есте болатын бір жәйт, олардың бірде-біреуі сарай ақыны рөлінде сайрамаған. Ханның аузынан шыққан әрбір сөзді қағып әкетіп, бұқара халық алдында мадақ пен марапатқа айналдырмаған. Ел сүйсінер жақсы ісі болса, оңашада өзіне хоштау білдіріп, ал ұнамсыз, жолсыз қылықтары үшін, қай ханның да бет-жүзіне қарамай, жұрт алдында қатты сынап, батыл әшкерелеп отырған. Асанқайғының Жәнібек ханға («Ай, хан, мен айтпасам білмейсің»), Марғасқа жыраудың Тұрсын ханға («Ей, Қатағанның хан Тұрсын»), Бұқар жыраудың Абылай ханға

¹ М. Әуезов. Әдебиет тарихы. А., 1991, 201-б.

² Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. А., 1983, 57-б.

(«Ал, тілімді алмасаң») айтқан қаһарлы сөздері – осының айқын айғағы.

Әрине, уақыт бір орында тұрмайды. Тарих тегершігі ілгері жылжыған сайын заман өзгереді. Олардың зардабы алдымен халықтың басына қасірет болып орнайды, арқасына ауырталықтың жүгін артады.

Бұл заңдылықтың зардабынан қазақ халқы да сырт қалған жоқ. Оның өз алдына хандық құрып, дербес ел болғаннан бергі екі жүз жыл өмірі үздіксіз соғыспен өтті. Төрт құбыласынан алма-кезек соққан шапқыншылық дауылы оны бірте-бірте әлсіретті, ақырында әбден титықтауға айналды. Кезінде Тәуке, Есім, Қасым сияқты есті, көреген хандар тұсында етек-жеңін жиып, әжептеуір күш жинап қалған ел өзге әредік хандардың алауыздығынан берекесі кетіп, сыртқы жауларға төтеп бере алмайтын халге жетті. 1723 жылғы «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» кейін қатты күйзеліске ұшырап, бет-бетіне ыдырап кетті.

Осындай парасыздық халде жан сақтаудың амалын ойлаған Кіші жүз ханы Әбілқайыр Ресей патшалығының бодандығына кірді. Одан кейін Орта жүз, сонсоң Ұлы жүз қазақтары да осы ретпен өз еркіндігін қолдан беріп, патшаның кіріптарлығына бой ұсынды.

Халықтың саяси-экономикалық жағдайындағы мұндай мүшкілдік хал оның рухани өміріне де теріс әсерін тигізді. Ауыз әдебиеті саласында төрт ғасырлық дәстүрі бар жыраулар поэзиясы өмір сахнасынан ғайып болды. Халықтың рухани өмірі бірте-бірте жаңа тарихи жағдайға бейімделе бастады. Бұған патшалықтың алғашқы жылдардағы біршама саябыр саясаты да жағдай туғызғандай әсер еткен-ді.

Ауыз әдебиетінде жыраулар сахнадан кеткенімен, олардың айтқыштық өнері, суырып салма шығармашылық дәстүрі жоғалған жоқ. Жыршылық, өлеңшілік, айтыс өнерлері жаңа тарихи жағдайда жаңа бір өрісті үрдіспен ілгері дами бастады. Жыраулар орнын дәл солардай суырып салып өлең тоғытатын, айтыста арқасы қозып, аруақтанып кететін ақындар басты.

1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихында» тарихи жырлар мен зар заман ақындарына жеке-жеке тарау арнаған М.Әуезов бұл екі ағымның туу, қалыптасу жолына шынайы ғылыми тұрғыдан түсінік береді:

«Тарих өлеңдері, ең алдымен ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады. Пәлен жыл мен пәлен жылдың арасында болған тарихи дәуірдің жыры. Сол дәуірде арнаулы оқиғаның қақ ортасында болған атақты адамдардың басынан кешкен өмір, қолымен істелген істің жыры болады... Бұл әңгімелердің көбі сол оқиғалардың ішінде болған, көзі көргеннің әңгімесі».³

³ М. Әуезов. Әдебиет тарихы. 1991, 140-141-бб.

Енді зар заман ақындары туралы айтқанына келейік. «Зар заман ақындарының көпшілігі ХІХ ғасырдың орта кезінен бері қарай, Исатай, Махамбет, Кенесарылар қозғалысының артынан шығады. Қалың қазақтың ұйтқысын шайқап шыққандай болып, орта жүзді, кіші жүзді түгел оятқан Исатай, Кенесары қозғалыстары қайғылы халмен біткен соң, елдің тауы шағылып, иығы түскен, бұрын болымсыз үміт болса, белгісіз келешектен күткен азғана сәуле болса, барлығы да жаңағы ерлердің жолсыз жорығынан соң суалып біткендей болады. Сондықтан ХІХ ғасырдың орта кезінен кейін зар заман күйі қалың елге түгел жайылады... Сол қазалы күй осы заманның қайғышыл ақындарын туғызып, зар заманшыл уайымшылдардың санын көбейтті⁴.

М.Әуезовтың айтуы бойынша, жаңағы тарихи жырларды туғызған оқиғалар мен сол жырлардың өздерінің, сондай-ақ зар заман тақырыбындағы шығармалардың дүниеге келу кезеңі Абылай заманынан бастап, Абайға дейін, яғни жүз жылдай уақытқа созылған. «Осы жүз жылдық дәуір, – деп жазды Мұхтар Омарханұлы, – қазақ өмірінің барлық суретін өзгертті, бар өмірін екінші салаға түсіріп жіберді⁵».

Бұл жерде автор екінші сала деп елдің алдында «темір нокта мен қайыс ноктаның» таңдауы шыққан заманды және «ел тілегін айтып, зар-мұңын сөзбен шығарған, ел қамын сөзбен жоқтаған жоқшыларды, солардың ішінде нақтылап, зар заман ақындарын айтып отыр. Олай болса, сол жүз жылдық дәуірдің қалың бір қапталын толтырып, әдебиет арнасына халықтың айтқыштық өнерін жаңа бір өріске өрбіткен суырып салма ақындар легі де өздерінің соны үрдісімен қосылған еді деп айтуға толық негіз бар. Ендеше аты-жөндері белгілі сол лектің көш басында Шал ақынның тұлғаланып көрінуі де даусыз ақиқат еді.

Шалдың ұлттық әдебиет тарихындағы алар орны мен ақындық дарын-қабілеті жөнінде бұрынғы зерттеушілердің еңбектерінде қалыптасқан айқын пікірлер бар. Олар мына сияқты болып келеді:

«Шал Құлекеұлы қазақ әдебиетінде Бұқардан кейінгі ірі ақындардың бірі екендігінде шек жоқ. Мұндай халық тұрмысына, тірлігіне жақын тұрған табиғи төкпе ақындар сирек ұшырайтын құбылыс санатына жатады⁶».

«...Шал поэзиясы жеке ақындар шығармашылығы басталғандығының куәсі... Әдебиетке автордың өзіндік көзқарасы, стилі, тақырыбы енді. Сөйтіп, ауыз әдебиетінен бөлініп шықты... Шал өлеңдері осы тұрғыдан алғанда өздері дәуір кешкен заманның

⁴ Сонда, 195-б.

⁵ Сонда, 142-143-бб.

⁶ Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. 1983, 310-б.

қайшылықты көрінісін айнытпай бере біледі, халыққа жақын, хан мүддесінен қашық поэзия жасады»⁷.

«Шалдың бізге жеткен шығармаларының дені – импровизациямен, экспромтпен айтылған өлеңдер. Бұл тұрғыдан алғанда Шал – ақын, ақын болғанда, қазақ ұғымындағы ақын. Қазақтың бұрынғы өткен барлық импровизаторлары сияқты, Шалға да өлеңмен я қара сөзбен сөйлеу бір қисап болғанға ұқсайды»⁸.

«Шал – жаңа типтегі ақын; кейін иісі қазаққа мәлім болған, орыс этнографтары мен әдебиетшілерін өзінің төкпе жырымен таңырқатқан Жанак, Арыстанбай сияқты ақындардың атасы»⁹.

Шал ақынның есімі республикалық баспасөз бетінде алғаш рет 1929 жылы мәлім болған. Сол жылы «Жаңа әдебиет» журналының №5 санында «Он бес деген жасым-ай» атты өлеңі жарық көреді. Содан кейін толығырақ мәліметтерді белгілі ақын Ғалым Малдыбаев «Қазақ әдебиеті» газетінде 1958 жылы 28 қарашада жария етті. Өзі сол өлкеде туып өскен ол Шал ақынның өмірінен біраз мәліметтер келтіре отырып, бір топ өлеңін бастырды. Содан былай қарай там-тұмдап Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына жинала берген Шал ақын мұрасы қазір мың жарым жол шамасында.

Шал ақын жайындағы ең тұңғыш тарихи мағлұматты «Қазақ шежіресі» («Киргизское родословие») атты еңбегінде Шоқан Уәлиханов қалдырған. «Қазақтардың шығуы жайындағы аңыздардың ішіндегі бір тамашасы, – деп жазады Шоқан, – Арғын руының Атығай тайпасындағы Құдайберді әулетінің Бәйімбет атасынан тараған, өзі менің үшінші атам – Абылай ханның замандасы Шал ақынның жыры. Шал осы жырында қазақтардың шығуы жөніндегі халықтың барлық аңыздарын жиыстырып, хандардың, Алаштан тараған барлық рулар мен тайпалардың (әлбетте, бүкіл халықтың) үрім-бұтағын, 12 ата Атығайдың бір сілемі – Дәуіттің 12 ұлының біреуі Құдайберді батырға дейін таратып, шежіре қалдырып кеткен деседі»¹⁰.

Осы мұраны зерттеп, толықтыра түсу мақсатымен Шал ақынның туып-өскен жерінен оның ұрпақтарын іздестіріп шыққан сол кездегі жас ғалым, қазіргі халық жазушысы Мұхтар Мағауин 1964 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев ауданында (қазір Шал ақын есімімен аталатын аудан) ақынның бесінші буын ұрпағы (шөпшегі) Қошан ақсақалмен ұзақ әңгімелесіп, ақынға қатысты қыруар материал жазып алады.

⁷ Сонда, 315-б.

⁸ М. Мағауин. Қобыз сарыны. 1968, 107-б.

⁹ Сонда, 115-б.

¹⁰ Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. А., 1961, 1-т., стр., 211.

Соның негізінде ақынның жүйеленген өмірбаянын жазады. Содан кейін қолда бар шығармаларын зерттеп, ғылыми жолмен салыстыра талдап, 1968 жылы «Қобыз сарыны» деген атпен жарық көрген монографиясына тарау етіп енгізеді. Сондағы ақын өмірбаянының жалпы нұсқасы мынадай:

Шалдың әкесі Құлеке де өздерінің арғы аталары Құдайберді сияқты батыр болған, сырт жауларға қарсы талай жорықты соғыстарға қатынасып, ағасы Тілеке екеуі асқан ерліктер көрсеткен. Кейінгі жылдары, қазақ хандықтары Ресей патшалығының бодандығына кіргеннен кейін, Абылай ханмен жақсы қарым-қатынаста болған Құлеке хан атынан әртүрлі тапсырмалармен орыс әкімшілігіне бірнеше рет елшілікке барады. Қазақ ішінде беделі зор атақты адам болғандықтан, орыс әкімдері де онымен есептесіп, белгілі дәрежеде оған құрмет көрсетіп тұрғанға ұқсайды.

Шал ақын шеше жағынан да текті атаның ұрпағынан екен. Оның анасы Ұлы жүздегі Үйсін руынан шыққан атақты Төле бидің қызы болса керек. Демек, оның шешендік өнерге, ұйқасты сөзге жастайынан бейім болып қалыптасуына осындай екі жақтың игі ықпалы болған-ау деп жорамалдауға толық негіз бар. Расында да ол бала жасынан сөзге ұста, ойға тапқыр, жүйесін тауып ірі сөйлейтін, ойын туралап батыл айтатын кесек мінезін танытып өседі. Қаршадайынан аталы сөздерді жадында сақтап, оларға өз жанынан өң бере, бедерлендіре бейнелеп айтатын машығы үшін ауыл адамдары оны «Шал» деп атайды да, бара-бара азан шақырып қойған Тілеуке аты ұмытылып, өзі ақырында біржола Шал атанып кетеді.

Шалдың ақындық атақ-даңқы да ерте шығады. Он бес жасында-ақ Шал ақын атанады. М.Мағауин бұл жөніндегі естіген әңгімесін былай баяндайды:

Әкесі Құлекенің ағасынан қалған Күренкей (кейбір деректерде Қаражал) деген бәйге аты болады екен. Бірде соны Абылай ханның балалары жорыққа сұрап мінеді де, қайтара қоймайды. Құлеке қасына жақсы көретін баласы Тілеукені (болашақ Шал ақынды) ертіп, жаңағы атын іздестіріп ханның ордасына барады.

Хан осы әңгімені естігеннен кейін, әзілдеп сөйлейді: «Өзің батыр Құлекесің. Басқан ізің мал. Сонша жерден бір тайдың соңынан келгенің қартайғаның-ау», – деп күледі. Шаруа жайы сонымен аяқсыз қалғандай болады. Кешкілік орда жастары алтыбақанға шығады. Тілеуке де ойынға қатынасып, ән салады, өлең айтады. Ұзақ түнді сауықпен өткізеді.

Мезгіл қарашаның күзі екен. Таң ата ауа салқындап, аспанды бұлт торлап, жауын жауа бастайды. Қотандағы мал өріске шыққанда, бір арық тоқты отарға ере алмай, шыға берісте

жатып қалса керек. Сол кезде сыртқа шыға қалған хан көреді де, шапанын желбегей жамылған күйі, жауын астында жаураған тоқтыны арқалап, ықтау жердегі талдың түбіне әкеліп тастайды. Мұны Тілеуке аңдап қалады.

Ертеңгісін қонақтар ас ішіп, жүруге айналған кезде хан:

– Балам, түндегі жеке шыққан дауыс сенікі ме деп жорыдым, бізде ондай әнші жоқ еді, кәне, екі-үш ауыз лебіңді естірте кет, – дейді.

Сонда Шал былай деп өлеңдете жөнелген екен:

Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің,
Болмайды қойға пана тал дегенің.
Жалаң аяқ, жалаң бас тоқты арқалап,
Хан ата, қалай екен мал дегенің?

Сыйлайды ханымыз деп үлкен-кіші,
Біреудің хақын жемес жақсы кісі.
Тақтағы хан, таптағы биді еңкейткен
Хан ата, қалай екен малдың күші?¹¹

Сөзден тосылып, жолдан жығылған хан тұлпарды қайтарып береді де, жетекке тағы бір ат қосады. Бірақ Құлеке батыр оған онша қуанбайды, қайта жабығып қайтады. Батыр бола ма деп дәмеленген баласының ол үмітті ақтамай, ақын болып бара жатқанына ренжиді. Жолда келе жатқанда, Тілеукеңің бала кезінде келіншегінің айтқан бір сөзі есіне түседі. «Ұлым батыр болады, жақсылап бақ», – дегенде, әйелі де әзілдеп: «балаң батыр болмайды, ақын болады. Жас күнінде емшек емгенде, мамасын домбыра етіп, ойнап жатушы еді», – деп жауап қайтарыпты-мыс деген сөз ел құлағында қалса керек.

Ақындық өнер Шалдың бойына туа дарып, кейін тұрақты дәстүрдей тұқым қуалап кеткеніне тағы бір мысал: Шалдың Мәлике атты қызы Қостанай өңіріндегі Қыпшақ ішінде Нұрым деген кісіге ұзатылған екен. Сол кісінің шөбересі Нұржан Наушабаев та әйгілі ақын болып, артына мол мұра қалдырғаны бұл күнде баршаға аян. Нағашы жұрты: Нұржанға Шал атамыздың аруағы қонған деп, сүйсіне мақтан етсе, оның да орыны бар деуге әбден болғандай.

Шалдың ақындық дәстүрін жалғастырушы бір ғана Нұржан болмаса керек.

Мәселен, Шоқан Петербург сапарынан оралып, өзінің жолдастарымен Сырымбеттегі үйіне қайтып келгенде, оған жиі-жиі келіп, өлең-жырлар айтып, ән салып, күй тартып жүрген Көке,

¹¹ *Шал ақын Құлекеұлы. Шығармалары. Зерттеулер. А., 1999, 18-б.*

Шәкен, Орынбай, Арыстанбай, Тоғжан сияқты ақындармен бірге, академик Әлкей Марғұланның айтуы бойынша, Шал ақынның ұрпағы Соқыр жырау да болған. Осыған қарағанда, Шалдың өз дәрежесіндегі ақындық мектебі туралы аз сөз қозғауға негіз бар сияқты¹².

Сөйтіп, Шал өрімдей жас бозбала күнінен ақындық жолға біржола түседі. Кезі келгенде жалынды сөзді жанынан суырып салатын, өткір тілді айтқыш, оның үстіне өзі дарқан мінезді сері әрі өнерпаз әнші жігіт көп ұзамай қалың жұрттың қалаулысына айналады. Ел арасындағы топты жиын, ойын-той онсыз өтпейтін болады. Таңды таңға қосып, жұрт алдында көсілте жыр төгеді:

Он бесте тартып міндім аттың жалын,
Сол кезде айтқан сөзім от пен жалын,¹³ –

деп кейініректе еске алған өлең жолдарында үлкен шындық болған. Сол кезде-ақ оның өзіндік жаңаша ақындық беті айқындала бастайды.

Шал XIX ғасырдың басынан өрбіген ақындық өнердің бастауы деген сөз біздің әдебиет тарихында орныққан пікір екені жоғарыда айтылды. Ол кезде жыраулар тарих сахнасынан көшкен. Олар жырлаған хандар мен хандық заман да өткен.

Қазақ даласы түгелдей патшалыққа қарағанын көрсе де, Шал, бәлкім, хандық тәртіптің заң жүзінде жойылғанын көрмеген де шығар. Бірақ өмірдің өзі солай қарай бет алып келе жатқанын ол жіті ой, көреген көзбен айқын сезінген. Бұған М.Әуезовтің мына сөздері де дәлел: «Бұрын жаман-жақсы болса да, өзінің ханы билеп, өз бетімен өмір сүрген ел бері келгенде әуелі, ханнан айрылды. Бұрынғы хан елдің өзгеден бөлек бір тіршілігінің белгісі сияқты болса, бері келген уақытта орыс үкіметінің көзқұлағы сияқты, болымсыз ғана төрешігі болып қалды. Соңғы уақыттың хандары қазақтың қасы, патша үкіметінің тыңшысы болды. Шенге, шекпенге сатылған сатымсақ ханның маңайынан өлекседен тараған сасық иістей, толып жатқан ұсақ төре, ұсақ би, ру жуандары шықты. Мұның бәрі патша үкіметінің жорға құлы болды. Ел тіршілігінің өзгеріп, азуға айналғанының бір белгісі осы еді».¹⁴

Мұндай күрт өзгерген заманда, жыраулардың өздері кеткенмен, олардың тамаша шығармашылық дәстүрі қалды. Жаңа заманның лебін өнерлеріне өзек еткен ақындар алғашқы сөздерін сол

¹² Ч. Валиханов. Собр. соч. в 5 -т., А., 1961, 1-т., 211-б.

¹³ Шал ақын Күлекеұлы. Шығармалары. Зерттеулер. А., 1999, 18-б.

¹⁴ М. Әуезов. Әдебиет тарихы. 143-144-бб.

жыраулар үлгісінде бастады. Оған Шалдың ақындық өлеңдегі алғашқы қадамдары да куә.

«Пасыл да пасыл, пасылман» атты ұзақ өлеңі – осындай алғашқы туындыларының бірі. Өлең құрылысы, сөз саптау үрдісі, ішкі екпін, ұйқас, ырғақ, лептілік жағынан ертелі-кешті өткен бұрынғы жыраулар толғанысына ұқсап-ақ тұр. Сонау Қазтуғаннан бастап, бертіндегі Бұқарға дейін көп жырауларда кездесетін: «Алаң да алаң, алаң жұрт», «Азау, Азау дегенің», «Жел, жел есер, жел есер» (екі нұсқа), «Алып, алып, ал сақын», «Асқар, асқар, асқар тау» (екі нұсқа), «Ор, ор қоян, ор қоян», «Көк көгершін, көгершін», «Балпаң, балпаң кім баспас», «Бұл, бұл, үйрек, бұл – үйрек» сияқты толғаулардың қайсысымен салыстырып қарасаң да, Шал ақынның бұл шығармасы сыртқы түрі бірде толғауға ұқсап, бара-бара, ақын қыза-қыза келгенде, екпіндете төкпелеп термелеп те кететін тұстары бола тұра, мазмұн жағынан келгенде, жоғарыдағы жыраулар сөзінен ажырап, мүлде алшақтап кететінін көреміз.

Жыраулар өлеңінде алғашқы жолдағы сөздерді барынша нығарлап, қайталап айтқанмен, әр жағындағы ойлар басқа бір бағытта өрбіп, алыс жәйттерге көшіп кетеді де, бірыңғай ақылгөйлік сарынмен аяқталады. Автордың өзіне қатысты жеке бастың мәселесі, оның көңіл күйі, ішкі дүниесі, субъективтік ойлары жабық күйінде қалады. Жалпы ақиқаттың белгілі бір қыры төңірегінде ғана ой толғау болып шығады.

Осылардың ішінде авторға тікелей қатысы бар деуге болатындай Қазтуғанның «Алаң да алаң, алаң жұрт» деп басталатын жалғыз толғауы жыраудың атасы күйеу болып барған, анасы келін болып түскен, өзінің кіндігі кесіліп, кірі жуылған құтты қоныс, жайлы мекенге арналған сияқты. Бірақ содан біржола кетіп бара жатқандағы автордың қимас көңілі, туған жерге деген ыстық сүйіспеншілігі, айырылар шақтағы жан тебіренісі дегеннен ныспы жоқ. «Қайырлы болсын сіздерге менен қалған мынау Еділ жұрт!» деген жай тілектестік қана бар. Қонарын сай, көшерін жел білетін қаңбақ сияқты, жылдың төрт мезгілінде үнемі қоныс аударып жүретін көшпелі халықтың психологиясына тән мінез – жерге деген бейжайлықтан бөтен ешнәрсе аңғарылмайды. Жерге иелік етіп, меншіктеніп көрмеген адамның сөзі.

Шалкиіз сынды күшті жыраудың «Ор, ор қоян, ор қоян» атты толғауында да табиғаттың көпке таныс заңы ғана сөз болады: кең далада орғып жүрген қоян да, емін-еркін көлді тастап қырға ұшқан үйрек те, Арқада алаңсыз жусаған жылқы да күндердің күнінде бір пәлеге ұшырап, апат болмақ. Солар сияқты атадан алтау тудым деп менменсіген жігітке де ерте ме, кеш пе, тәңірінің бір тосуы кездеспек. Толғаудың бар мазмұны осы. Жырау белгілі қиындықты тыңдаушының құлағына құюмен ғана шектеледі.

Өзі бар оқиғадан сыртқары тұр. Ал Шал ақынның толғауында әңгіме өрісі бұлардан мүлде өзгеше. Толғауда тақырып болып тұрған «Пасыл да пасыл, пасылман» деген жыраулар үлгісіндегі қайталама сөздердің мағынасы қазіргі оқырманға түсініксіздігі өз алдына, оның үстіне өлеңнің мазмұнына түк қатынасы жоқ, жай бір одағай сөздер сияқты. Алғашқы алты жол да кейінгі сөздерге ұйқас үшін ғана айтылған, негізінде ақынның тереңнен толғап көсілуі үшін шабыт шақыру мақсатында ғана алынған «бөгде» сөздер. Ал одан арғы өлеңнің бүкіл мәтіні, ақынның тыңдаушыға тура қарап тұрып, ағынан жарыла айтқан ағыл-тегіл сыры – автордың лирикалық монологі.

Жырдың алғашқы екі жолындағы: «Пасыл да пасыл, пасылман, аққа құлпы жасылман» деген қайырма сөздерді ақын немесе лирикалық кейіпкер өзінің мынадай ойларына ұйқас үшін алған тәрізді: ол жақсыдан сырын жасырмайтын ашық мінезді ақкөңіл; жаманға бас ұрмайтын өр; бір шапса тоқтамайтын жүйрік аттай ағынды ақын; қолына домбыра тисе болды, халыққа қызмет ететін өнерпаз екен.

Өзін осылай риясыз сипаттай келіп, «асқа өкпелейтін пасықтарды», «нәпсісі көкжал бөрідей ынсапсыздарды» сөзбен бір-бір түйреп өтеді де, арасында жаңа заман белгісінен де хабар беріп: «базардағы береннің әр бағасын сарт білер» деген сияқты таза тұрмыстық мәселелерді де қозғай кетеді. Адам мінезіндегі жақсы-жаман белгілерді құр ғана санамалап өтпей, соларды біле жүргеннің өмірде бір пайдасы тиер деген ескертуін қоса айтады.

Жаңа заманның жаңаша сөз саптаған ақыны осылай сыр шертеді. Бұрынғы жыраулар халыққа айтар сөзін көбінесе хан арқылы жеткізуші еді ғой. Бұл айтатын ойын жұртқа өз ауызымен көзбе-көз жеткізіп отыр.

Ағынан жарыла аңқылдап сөйлейді. Тыңдаушыға керек сөзді кәміл білетін сеніммен еркін көсіледі. Соған қарағанда, өмірден жиған-терген біраз тәжірибесі бар, сол көрген-білгенін айтып қалуды өзіне парыз санайды.

Домбыра қолда қарағай,
Қолға да оны алған соң,
Жүйрік туған ағаңыз,
Арыдан бері тербетер.¹⁵

Қайдан қалай тербесе де, тыңдаушы жастарға керек сөздер. Кәдімгі қарапайым өмірдің кептері; адамдар арасындағы қарым-қатынастың мәселелері; тіршілік құбылыстарының күнгейі мен

¹⁵ Шал ақын Күлекерлы. Шығармалары. Зерттеулер. А., 1999, 17-б.

көлеңке жақтары. Бұл өмірдің өткінші және өлшеулі екенін айта келіп, ақын тыңдаушысын жақсы мен жаманды айыра алмай, мүлт кетіп, жаза басудан сақтандырады.

Бұл айтқан сөз, құрбылар,
Бір күні болар керегі,¹⁶ –

деп жайма шуақтап қана ескерткенімен, сөзінің айтылмай қалмау-ға тиіс екенін өлеңнің аяғында шегелеп бекітеді:

Сөйлемессм бұл жерде,
Қадірлі сөзім қор болар.

Өз сөзінің салмағын білетін ақын жігіт азаматтық борышын осылай сезініп, осылай атқаруға тырысады. Осы тақылеттес жыр үлгісіндегі қысқаша қайырылған тақпақты жолдар арқылы адамгершіліктің баршаға мәлім қарапайым кептерін жеткізгенде, ақын бір жағынан сол белгілі жәйттерді байыптап, бағалау үстінде өзін айтқыштық өнеріне жаттықтыра, соны ұштай түсетін сияқты. «Арғымақ ат кімде жоқ» деп басталатын шағын ғана термеден осыны аңғарамыз.

Екі-үш тармақты жыр үлгісіндегі мұндай шумақтарда алғашқы тармақта айтылатын ойдың ұшығын кейінгі тармақта басқа бір қырынан алып, салыстыра үдету немесе оған қарсы қойып, мағынасын аша түсу әдісі тегінде алысқа шабар жыршылардың шығармашылық әдісін еске түсіргендей. Ал мына тұста автор ағынды жырды айтар ойының орайына қарай тез тежеп, қажет жерінде тоқтай қалады.

«Ағайын-туған кімде жоқ,
Сыйласпасаң жатша жоқ...

Сыйласпасаң тіріде,
Екі көзің ағарсын,
Өлгеннен соң жылама...

Ағайынның асқанын
Қарындас білмес, жат білер,¹⁷ –

деген сияқты үзік-үзік ойлар, бәлкім, Шалдан бұрын да біреулер із тастап, ал кейінгі буындарда талай айтқыштар әр қырынан кеңіте, толықтыра қайталаған жәйттер. Шал бұл тұста асығып айтса да, солардан бұрын айтып қалғысы келгендей аңыз танытады. Және тағы осы өлеңнің соңындағы түйіні өзіне оқыс назар аудартады:

¹⁶ Сонда, 18- б.

¹⁷ Шал ақын Күлекеұлы. Шығармалары. Зерттеулер. А., 1999, 20-б.

Соқыр, қисық болса да
 Бай ұлында шіркеу жоқ,
 Неше мырза болса да,
 Жер солқылдап тұрса да,
 Кедейден басқа шіркін жоқ.¹⁸

Бай мен кедей. Бақ-дәулеттің буымен буынсызға пышпақ ұрмақ болатын содырлық пен ешқашан жолы болып, бағы жанбайтын кедей байғұс. Бұл екеуінің арасындағы бітіспес дау мен бірікпес жіктің кереғарлығы кейінгі ғасырлардың жыры болып қалғаны мәлім. Соны өз топырағымызда алғашқылардың бірі болып айтып, әлеуметтік теңсіздік туралы сөз көтерген Шал ақын.

«Саясы жоқ бәйтерек» деп басталатын үшінші шағын толғаудағы (бұл да терме жыр үлгісінде) сөз болатын ұғымдар мен құбылыстар да, жоғарыдағы сияқты, қос тармақтарда алдыңғысының мәнін кейінгісіне теңеп, салғастыра ашу арқылы түсіндіріледі. Мұндағы әңгіме қоғамдағы және адамдардың өзара қарым-қатынасындағы ұнамды-ұнамсыз жәйттер төңірегінде өрістейді. Түйіні – өзара құрмет, сыйластық.

Бір қалған соң көңілің
 Қаңтарда қатқан мұзбен тең,¹⁹ –

деген ескерту сол өзара сый-құрметтен айнымаудың бірден-бір жолындай көңілге берік ұялайды.

Осы үш толғауды ақын шығармашылығының алғашқы кезеңі деп бағалауға және олардың мазмұнында адамгершіліктің жалпыға мәлім жайларын уытты сөздермен желпінте термелеу арқылы өзінің ақындық өнерін ұштап жетілдіру сатысы деп бағалауға лайық. Осы машық ақынның шеберлігі толысқан кездері де өзіндік мәнері болып сақталып қалған сияқты. Оны кейініректе айтылған «Бұл дүниенің мысалы» деп басталатын ұзағырақ термемен салыстырғанда көрінеді.

* * *

XIX ғасырдың басында қазақ даласында хандық тәртіп жойылып, жаңаша билік басындағы аға сұлтандардың патша әкімшілігіне бағыныштылығы бұрынғы хандар тұсындағыдан да күшейе түсті. Мұның өзі халықтың тұрмыс салтында көптеген күрделі өзгерістерді ала келді. Солардың ішіндегі ең бастысы бұрынғы кең сахарадағы көшпелі өмірдің өрісі тарылып, шектеле бастауы, халықтың жартылай отырықшы қалыпқа ауысуы еді.

¹⁸ Сонда, 21-б.

¹⁹ Шал ақын Құлекеұлы. Шығармалары. Зерттеулер. А., 1999, 22-б.

Бірыңғай мал шаруашылығымен айналысатын өңірлерде бұл сала бұрынғыша тірліктің негізгі көзі болып қала бергенімен, енді оны жүргізудің әдіс-тәсілдері өзгерді. Бұрын жылдың төрт мезгілінде бірдей ата жолымен ауылдаса көшіп-қонып, қауымдаса тіршілік ететін елде енді әркім әл-ауқатына, яғни малының санына қарай өзінің жеке басын күйттейтін, от басының қамын ойлайтын заман туды. Ауыл ішіне жік кіріп, бай-кедейге бөлінетін болды.

Әрине, бұл өзгеріс бір күнде бола қалған жоқ. Бұдан бір ғасыр бұрын пайда болған бодандық жағдайдың даму қисыны біртіндеп келіп осындай халге жеткізген. Соны көзімен көре жүрген Шал сияқты жіті ойлы ақынның аузынан жоғарыда қарастырылған толғауда бай мен кедей туралы сөз шығуы тегін емес-ті.

Ел іші жаңағыдай әлеуметтік өзгеріске дендеп кіре бастаған кездегі ақын сөзінде бағдарлылық сипат пайда болып, жалпы халықтың қамын ойлаудан туған жанашырлық пиғыл, шаруақорлық ниет айқындала түседі.

Қазаққа пайда мынау: малын бақсын,
Отқа жайып, суарып, бағып-қақсын.
Ұлда бір көз, жалшыда екі көз жоқ,
Соқыр кісі мал жайын қайдан тапсын?!

Байлар малын бақса екен өзі жүріп,
Кедей де өлмес еді күнін көріп,
Өз малын өзі бақпай бос қаңғырар,
Бір кедейді жалдайды пайда көріп.

Жаман бай кімді оңдырар, өзі оңбаған,
Жанын қорттап суыққа бір тоңбаған.
Ішпей, жемей, киместен кетеді өтіп,
Кей жаман мал бітсе де, бақ қонбаған.²⁰

Әділін де, ақылын да айтудай-ақ айтып отыр, бірақ сол сөз ілтипатқа алынып, іске аспаса, оған ақын кінәлі ме? Алғашқы істің басында жаны ашығандықтан ақыл қылып айтқан Шал сөзі қонбағандықтан, бай мен кедейдің арасы асқына келіп, жарты ғасырдың әр жақ, бер жағында мүлде алшақтап кеткен кезде, Абайдың: «Байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ, андыстырған екеуін құдайым-ай!» – деп ашынып айтуына тура келген.

Шал ақынның ұғымында мақсат әсіре дәулет құған астам байлықта да, пасық ниеттен туған сасық байлықта да емес, әркімнің өз құзыры өзінде болатын, өз дүниесі өзіне жететін ауқатты тұрмыспен қамтамасыз болуында. Ол үшін әркім өз

²⁰ Сонда, 46-47-66.

шаруасына өзі ұқыпты болсын, өз жұмысын өзі тындырып үйренсін, өз дәулетін өз еңбегімен тапсын. Қол жұмысының қайсысына болса да арланба. Сонда қор болмайсың. Әлгі өлеңнің соңғы шумағын да келтіріп, мәтінін түгендейік:

Күт деген бұрынғылар малдың астын,
Малдың астын күтпесең мандымассың.
Алдыңнан мал, үстіңнен үйің кетсе,
Кеуек қып жата алмассың қардың астын.²¹

Ақын осы жерде «Бұрынғылар» деген сөзді бекер айтып отырған жоқ. Байлық пен кедейлікті бірдей бастан кешірген, өмірден тәжірибесі бар байсалды адамдарды айтып отыр.

Бұрынғы бар кісілер болды жарлы,
Бардан жарлы болғандар болады арлы.²²

«Арлы» деген сөзге ол алдымен «қанағатшылы» деген ұғымды қосады: «Байлық жоқ қанағатсыз тоймағанға»... Сонсоң ынтымақ, бірлік:

Бақ-дәулет, мал бітерге ырыс қонар,
Ынтымағы ағайынның дұрыс болар.

Және керісінше:

Бақ-дәулет, мал көшерде ырыс қашар,
Біреуі біреуіне пәле жасар.²³

Бұл жай ақылғөйсiп айтқан сөзуарлық емес. Нақты өмірден алынған ақиқат шындық. Оны Баспай атты ындынсыз байға қаратып айтқан мына бір шумақ өлеңнен көреміз.

Баске, мал жануар басқа бітер,
Қына шөп секілді ол тасқа бітер.
Үйінен ит жаланып шықпайтұғын
Өзіндей жатып ішер насқа бітер.²⁴

Байлықтың, мал табудың мұндай түрлерін жазғыра тұрып, ақын кедейлікті де құптамайды. Өйткені ол адамның тағдырына жазылған қырсық емес, өзінің талапсыздығынан болатын

²¹ Сонда, 47-б.

²² Сонда, 34-б.

²³ Сонда 55-б.

²⁴ Сонда, 33-б.

кемшілік Кедейлік туралы өлеңінде осының үш түрлі себебін айтып, содан бездіреді. «Кедейдің үш түрі бар ойлағанға» деп келіп, оны болғызбайтын бірінші жолына жоқтыққа мойымайтын қайсарлықты, екінші жолына – жұмыстан тартынбайтын елгезектікті жатқызып, соларға шақырса, үшінші себебі: «Кедейдің кенже ұлы – ұйқы мырза» деп, жалқаулықтан жирендіреді.

Ақын адамның адал еңбегімен, маңдай терімен табылмаған байлықты бақпен келген уақытша нәрсе деп бағалайды:

Мақтанба малым бар деп бағыңызға,
Бағыңыз тұрса жақсы тағыңызда,
Саныңды, ауызыңды ұстап, бір соғарсың,
Басыңнан бағың тайған шағыңызда.²⁵

Осы сияқты жалған бақ, алдамшы дәулет кісінің ақыл-айласына қарамайды, сенің қадір-қасиетің мен игі-ізгілігің онымен өлшенбейді, жақсы атағың да шықпайды:

Жігіттер, ат атану тым-ақ қиын,
Ат атанбай болмайды құрмет-сыйың,
Топтағы бай, таптағы би болсаң да,
Қолыңнан мал кеткен соң келмес күйің.²⁶

Осындай күйсіздікке, абыройсыздыққа ұрындыратын үлкен бір кесел – пара. Кесел емес, ол – барып тұрған күнә. Күлен шешенге айтқан өлеңінде ол тура былай дейді:

Өлсең де қабірінде тек жатпайсың,
Төре беріп, біреуден пара жесең...
Төре беріп, біреуден пара жесең,
Қияметте жоқ дейді биден азған.²⁷

Бұл сияқты келеңсіз, теріс мінездер, ақынның пайымдауынша, сайып келгенде, адамгершілікке жатпайтын, құдай жолына қайшы қылықтар. Сондықтан ол ұлттық әдебиеттің осынау дәстүрлі тақырыбын – абзал адамгершілікті ақыл-парасаты мен ақындық өнерінің толысқан шағында байсалды қара өлең үлгісімен байыптап, түбегейлі жырлаған.

Қазақтың қалыптасқан ұлттық санасында оң, теріс мінездерді аты-жөнімен жіліктеп, жіктеп жатпай, «жақсы адам»,

²⁵ Сонда, 22-23-бб.

²⁶ Сонда, 24-б.

²⁷ Сонда, 23-б.

«жаман адам» деп, көбінесе жалпылай айтады да, соның жақсы-жамандығын сөз орайына қарай нақтылап береді. Шал ақын өлеңдерінен де осыны байқаймыз. Сондағы оның баға беретін жақсы-жаман дегендері қандай? Әр орайда айтылып қалған өлең тармақтарынан келтірсек, мысалдар мынадай: «жамандар өзін-өзі зорға балар»; «жақсылар ағын судай, асқар таудай»; «жақсының жүрген жері той болады»; «жамандар тыңдамайды жақсы сөзін»; «жақсы сол – істер ісін тәмамдаса»; «жаман сол – жақсы сөзді ұға алмаса»; «жаманға дәулет бітсе ауа айналар, жақсыға дәулет бітсе бақ айналар»; «жақсымын деп біреудің хақын жеме, жаман адам сол болар, мақұл деме»; «ажарға жаман адам қарамайды» т.т.

Көріп отырғанымыздай, бұл мысалдарда жақсы, жаман деген ұғымдардың мәні барлық жерге жүретіндей әмбебап түрінде емес, белгілі бір жағдайға қарай бір қырынан ғана ашылады. Бірақ сол күйінде де тағылымдық мәні бар.

Енді бір алуан өлең жолдарында «жақсы», «жаман» деген анықтауыш қолданылмаса да, оң-теріс мағынасы өздігінен білініп тұратын құбылыстар мен ұғымдар өз алдына бір сара.

Мәселен: «ашу дұшпан болғанда, нәпсі – жауың»; «адамды жөн білетін дана деп біл»; «шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса», «ер жігіт жауға аттанған – елдің көркі». Бұлар да – адамды жақсы мінезге, тағылымды үлгіге тәрбиелейтін ұлағатты сөздер.

Міне, осылардың барлығы жиналып келгенде, адам мінезіндегі ақынның өзі мұрат тұтқан жақсы адамгершіліктің белгілі бір жүйелі ережесіндей естіледі.

Осы тұстан келіп, ақынның дінге көзқарасы туралы, оның дін тақырыбына арналған шығармалары туралы мәселе келіп өрбиді. Ол адамды ақыл-парасат пен ынсапты мінез-құлыққа тәрбиелеудің адастырмас бір жолы дінде деп ұққан. Сондықтан, өзі жасынан діндарлық тәрбие алып өскен жігіт, осы ұғымды алғашқы термесінде-ақ өлең жолдарына өрген.

Бұл дүниеден өткен соң,
Шын дүниеге жеткен соң...
Кімнің жақсы-жаманын
Бір жаратқан хақ білер.²⁸

Жақсы адамгершіліктің әділ бағасы да, оның түпкі тұтқасы да бір жаратқанның ырқында деп ұққаннан кейін, ол өзінің болашақ өмірінің сәтті болуын да әуелі құдайдан тілейді:

Құдая, құдіретіңмен сақтағайсың,
Хақ деген пендең болса тастамайсың...

²⁸ Сонда, 20-б.

Құдая, жаманыңмен теңді қылма,
 Құрбымнан өзім теңді кемді қылма.
 Жаратқан барша жанды пәруардігер,
 Өзімдей пенделерге пенде қылма.²⁹

Осындай игі тілекке жеткізе гөр деп жалбарына отырып, ақын сол тілегінің қабыл болуына өзі де қам жасайды, Алла жолынан ауытқымауды парыз санайды, имандылыққа ден қояды, жаңағы өзі айтқан пендешіліктен қашық жүруге тырысады. Өзгелерді де соған шақырады.

Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,
 Бөріге қой алдырмас ердің ері.
 Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,
 Жоламас ешбір пәле, шайтан-пері.³⁰

Өз ожданы осы сенімге бекініп алғаннан кейін, ақын иман байлығын алдымен өзіне тілейтіні орынды-ақ.

Бір құдайдан тілсәймін әуелі иман,
 Иманымнан айырылсам көрге сыйман.
 Бес уақыт намазымды қаза қылма,
 Қарынбайды жер жұтты дүние жиган.³¹

Сонсоң, өзінің Алла алдындағы адалдығына көз жеткізгеннен кейін, басқаларға уағыз айтуға да хақылы:

Жігіттер, ғибадат қыл маған нансан,
 Намаз оқы алланы ойыңа алсан.
 Қырық жыл қашқан ажалдан Қорқыт та өлген,
 Түбінде сөз сенікі өлмей қалсан.³²

Ақынның бірде Қарынбайды, бірде Қорқытты ауызға алып, мысалға келтіруі де тегін емес. Қашанда сөзін тыңдаушысына тура арнап, онымен бетпе-бет сөйлесуді машық еткендіктен, сөзінің өтімді болуы үшін үнемі ақиқатқа жүгініп, өмірді куәға тартып отырады.

Шал ақын мұрасында осы адамгершілікпен үнемі қапталдаса жарысып отыратын тағы бір өзекті тақырып бар. Ол – адамның ғұмыр-жасы, өмір белестері. Бұл – ұлттық әдебиетімізде арғы-бергі замандарда үнемі қозғалып келе жатқан дәстүрлі тақырып.

²⁹ Сонда, 22-б.

³⁰ Сонда, 43-б.

³¹ Сонда, 57-б.

³² Сонда, 57-б.

Әр заманның небір терең ойшылдары да, сөзге жүйрік дүлдүл шешендері де, айтқыш ақын-жыраулары да шегіне шыға алмай кеткен күрделі кеп. Бұл жайында әр заманның өз шындығына қарай әркім өзінше толғап, өзінше тоқтам жасауға тырысқан. Әсіресе соңғы екі ғасырдың жүзінде, өмір проблемалары шиеленісе түскен заманда, өмір жайындағы ақын толғаныстары да тереңдей, олардың ішкі сыры жұмбақтала түскен тәрізді.

Шалдың осы тақырыптағы өлеңдеріне қарап отырып, оның өмірбаянын оқығандай боламыз. Өткен ғұмырының әрбір кезеңін еске алған сайын, бәлкім, сол сәттегі көңіл күйінің әсері болар, өмірінің жаңа бір қырлары ашылып, өңі өзгеріп отырғандай сезіледі. Адамның сәби күнінен тоқсанға дейінгі өмірі үш түрлі өлеңде баяндалады: «Бір жаста, екі жаста бесіктемін», «Үш-төрттен талап еттім асық жинап», «Он бестегі жасым-ай».

Зерттеушілердің шамалауынша, ақынның өзі жетпіс бір жасында қайтыс болған. Сонда ол сексен, тоқсан жастағы қарттың жай-күйін жұрттан естумен немесе қиялмен шамалап жазып отыр. Ал өзі бастан кешкен өмір сатылары өлеңге өріліп қайталанған сайын тындаушыда жаңа бір әсерлер пайда болады.

Ол неліктен? Оның себебі, ақын өткен өмірін әр жайда еске алған кезде, бастан кешкен тіршілік тәжірибесі мен әртүрлі әсері қайтадан елес беріп, солардың көкіректе жиналған тұнбасы тауфиқты вибрат түрінде, тағылымды ақыл-кеңес түрінде сыртқа шығып жататын болуы керек. Сәби кезеңдегі балғын балалық шақ, ес кіре бастағандағы бұла еркелік, бозбалалықтың бозғылт тұмандай елең-алаң шағы, отызда орда бұзар қайрат, қырықта қылыштың жүзіндей қылшылдаған өткірлік, т.т. Қазақта осы сияқты әр кезеңнің өзіне тән бейнелі өлшемдері бар. Ақын өлеңдерінде осының әрқайсысы әр кезде өз әрімен, өз бояуымен жаңаша көрініп отырады. Бірде ол:

Алты жаста қайыңның тозындаймын,
Жеті жаста ойпаң жер бозындаймын,
Он жасымда сүт емген қозыдаймын,³³ —

десе, енді бірде:

Он бесте жарда ойнаған лақтаймын,
Бой түзеп жиырмада сылақтаймын,
Отызда ағып жатқан бұлақтаймын,³⁴ —

деп жорғалатып жөнеледі. Тағы бірде:

³³ Сонда, 54-б.

³⁴ Сонда, 154-б.

Он бестегі жасым-ай,
 Жарға ойнаған лақтай.
 Жиырмадағы жасым-ай,
 Көлге біткен құрақтай.
 Отыздағы жасым-ай,
 Таудан аққан бұлақтай.
 Қырықтағы жасым-ай,
 Қырымдағыға көз салған
 Байлаулы тұрған құр аттай, ³⁵ —

деп тегеуріндете термелеп кетеді.

Ақынның адам өміріндегі он-ондап немесе мүшелдеп келетін жас мөлшерлерін жеке-жеке межелеп, әрқайсысын ен-таңбалап айтатын өлең жолдары өз алдына.

Елу – ердің жасы,
 Алпыс – бір сұмдықтың басы екен,
 Жетпіс келді төтелеп,
 Кәрілікті жетелеп.
 Сексен келді бүйірден,
 Қалдырып кетті үйірден.
 Тоқсан, сен тәмам жастың зоры екенсің,
 Сүйегің қартайған соң бор екенсің. ³⁶

Осындай жас мөлшерлерін ақын бастан кешсе де, кешпесе де, нағыз ақындық байқағыштықпен дәл үстінен тап басып, шындықты айтып отыр. Бірақ кәріліктің сондайлық көңілсіз құбылыс екенін мойындаса да, қуақы ақын көңілі мойымайды. Өлеңнің соңғы екі жолын өзін-өзі әжуа қылған қалжың сөзбен аяқтайды:

Тоқтының баласына әлің келмей,
 Балаңның баласына қор екенсің... ³⁷

Адамның таңбалы жас мөлшерін осылай санамалап, әрқайсысын дәл сипаттап келген ақын, ақырында, жалпы кәрілік туралы да арнайы өлең жолдарын түзеді. Оларды егжей-тегжейлі мазмұндап, талдап жатудың қажеті болмас. Жинақтап айтқанда, көп жасаған өмірдің зейнеті мен бейнеті бірдей екенін, әсіресе тұрмыстың игіліктері қазіргі заманның қала халқындағыдай сайлы болып тұрмаған далалық ескі тірліктің көп-көп жетімсіздігі жағдайында кәрілік өмірдің онша көңілді кезеңі емес екені айқын.

Бірақ ата қазақ өмірге философиялық көзбен қараған. Өлімді

³⁵ Сонда, 155-б.

³⁶ Сонда, 54-б.

³⁷ Сонда, 54-б.

занды құбылыс деп қабылдап, өмірден хош айтысып аттанар сәтте өзіне иман байлығын, артта қалған ұрпақтарына ұзақ өмірдің игілігін тілеп, ахіретке пейіл көңілмен аттанған. Шал ақын өлеңдерінен біз осының да өнегелі үлгілерін көреміз.

Шал шығармаларында көп қайталайтын тақырыптың бірі – әйел жайы. Бұл қай заманда да ең алдымен ақынның шабытын шақырып, қиялын қанаттандыратын, ойына ізгілік ұялатып, жүрегін нұрландыратын, сөйтіп әрдайым аузына жақсы сөз салатын ұнамды ұғым ғой. Шал ақын да «ақ бетіне қан құйған, ерініне бал құйған» қыз қылығын өмірдің мәңгілік сәнді бейнесіндей суреттейді. Кейінгі өлеңдерінде де жақсы әйелді ер жігіттің маңдайына біткен артықша бағы деп, әр орайда әртүрлі мадақтайды.

Алғаның жақсы болса қара жердей...

Алғаның жақсы болса қорғандай-ды...

Жақсы әйел бойын түзеп сылақтайды...

Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер...

Жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас...

Жақсы қатын шығарар ердің атын...

Жақсы қатын алсаңыз,
Алладан жауған нұрмен тең...³⁸

Үйшілік тұрмыста, басқа адамдармен қарым-қатынаста өзінің сыпайы мінезімен өмірлік серігіне де, ағайын-туысқа да, жора-жолдасқа да қалтқысыз қадір танытатын жақсы әйелдің ақын жырындағы ұнамды бейнелері осылай болып келеді. Өмір бойы сыйласып, бірін-бірі құрметтеп келген ерлі-зайыпты адамдардың қартайған шақтағы әзіл-қалжыңы да өзіндік жарасым тауып, көңілге жылылық ұялатады.

Мұның бәрі дұрыс. Ал бірақ, сөйте тұрып, ақын өлеңдерінде әйелге айтылатын сын да көп. Кейде тіпті әйел атына дөрекі сөздер де айтылып қалады. Көптеген өлең жолдарында әйел мінезсіз, шайпау, долы болып келеді. «Шабан ат, өтпес пышақ, жаман қатын» – осы үшеуі ер адамды қартайтатын қырсықтың символындай ылғи тіркесіп жүреді. Ол неліктен? Адамгершілік, кісілік қасиеттер жағынан қарағанда, қазақ әйелдері өзге халықтардың әйел жыныстыларынан кем болып па? Әсте де олай емес. Ендеше қазақтар өздерінің әйелдеріне тым қатал қарап,

³⁸ Сонда, 41-б.

қит етсе қыңыр тартатын кіділік танытып отырған ба? Олай деу де әділетті болмас еді. Бірақ, қалай болғанда да, бір шарттылықты мойындамасқа болмайтын сияқты. Қысқасы, әр нәрсенің себебін де тарихи жағдайдан, әр кезеңдегі қалыптасқан өмір салтынан іздестірген жөн.

Сонау көнедегі жаугершілік заманда қазақтың ержүрек қыздары мен әйелдері еркектермен бірге бес қаруын сайлап, сарбаздар сапында жорықтарға қатынасты.

Кейінгі көшпелі заманда да олар өмірлерін аттың жалында, атанның қомында өткізді. Ұзақ сонар керуен көштерде ат үстінде болды.

Ал сол тынымсыз қозғалыс үстіндегі тіршілік толастап, ел отырықшылыққа бет алған кезде, шаруа қуған момын еркектер мал соңында кетті: санаулы өз малын бақты немесе байға жалданып, соның жанкешті жалшылығында жүрді. Еті тірлеу пысық еркектер сал бөксе салғырт мырза атанып, ел қыдыру, қызық қуалау, сөз сапыру сияқты өнімсіз істермен күн өткізді.

Үй тіршілігінің барлық қам-қарекеті мен ауыртпалығы әйелдерде қалды. Үй шаруасын үлгірту, бала тәрбиесі, ата-енені күту, келген қонақтарды қарсы алу, тағы басқа толып жатқан жұмыстардың кем-кетігі мен олпы-солпысы үшін жаманатты болатын – тек үй бикесі. Сондықтан оның атына айтылатын сын да көп, тағылатын мін де көп.

Ақын шығармаларында әйел атына айтылатын қаңқу сөздермен қағажу айып-кінәлардың көбі осындай жағдайларда ел ұғымында қалыптасқан сыңаржақ сындардың көрінісі болуы ықтимал. Өмір шындығына адал боламын деген ақын ел санасында қалыптасқан ұғым-түсініктерді сол қалпында жеткізсе, сол үшін оны кінәлаудың жөні жоқ сияқты. Сонымен бірге адамның теріс мінезі мінеліп, жөнсіз қылығы жазғырылып жатса, оның еркек-әйеліне қарамай, түпкі тәрбиелік мәнін әділдігімен бағалаған да әділдік болар еді.

Ал сол кездегі отбасы, ерлі-зайыптылар болмысындағы болымсыз жайлар да ақын назарынан тыс қалмапты. «Екі қатын алғанның дауы үйінде» деген бір ғана өлең тармағының өзінде ақынның өз заманындағы, бәлкім, одан да бұрынғы үй-ішілік тұрмыс-тіршілікте қалыптасқан жәйттердің бәріне бірдей келісе бермегендігін көрсетсе керек.

Шал ақынның шығармашылық мұрасында өзінен бұрынғы халық поэзиясында бой көрсетпеген бір тың үрдіс – айтыс өнері. Бұл саладағы дәстүр кейінгі ақындық қазынамызда кең тамыр жайып, айтқыштық сайыстардың тамаша інжу-маржандарын берсе, Шал ақынның алғашқы сөз қағыстарын сол ұлттық өнер саласының бастауы деп бағалауға толық негіз бар.

Шал мен Дегдар қыздың алғаш кездескендегі дастархан үстінде кездейсоқ туып кеткен сөз шарпысуы мазмұн жағынан да (қонақ асыға арық қойдың сойылуы), кейін бетпе-бет сөз сайысын ауыз әдебиетінің тұрақты саласына айналдырған өнегелік маңызы жағынан да тарихи деп бағалауға лайық. Қарап отырсақ, бұл айтыстың себебі – тілге тиек қана. Ондай сылтау кейінгі айтыстар тарихында талай рет қайталанған. (Мысалы, Тезек төре үйінде Сүйінбайдың, Баймағамбет сұлтанның үйінде Шернияздың айтқаны, т.б.). Біз үшін маңыздысы – осы кішкентай үшқыннан от лаулап, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа қарай ұласып кеткен ақындық жалынның шабытты шалқуында. Ол өз алдына да, сол айтысқан екі ақынның біреуі қыз болғандығы біздің әдеби дәстүріміз үшін тіпті ерекше мәнді.

Бұл айтыстың тағы бір жаңалығы – жазба әдебиетке қарай бет бұрған ерекшелігі. Шал ақын Дегдар қыздың ақындық қабілетін анық танығаннан кейін, өзіне шәкірт етіп алғысы келген ағалық ниетін танытқандағы айтқан ақылы мынадай:

Пайдамды тигізермін келсе шамам,
Қолыңа ал, ой ойлаңып, қағаз-қалам.
Ақынның аса зерек әңгімесін
Жиып ал үлгі қылып тегіс тәмам.

Ақын бол бөгелмейтін тіл мен жағың,
Жазудан тоқталмасын он саусағың,
Артылып алапатың абыройлы,
Күн сайын өсе берсін өнер бағың.³⁹

Болашағы мол, баға жетпес ақыл. Айтпақшы, Шал ақынның осыдан бұрын айтып кеткен өлеңдерінде:

Дария – сия болса, қамыс – қалам,
Жер жүзі қағаз болса рахаттанам,⁴⁰ –

дейтін бір тың метафоралық өрнегі және:

Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам, –

деп шығармашылық зертханасынан хабар берген жолдары тағы болған.

Шалдан қалған айтыс үлгісінің бұдан бөлек, әр түрлі жайларға байланысты кішігірім бір қақпай; екі қақпай түрлері де өздерінше

³⁹ Сонда, 29-б.

⁴⁰ Сонда, 22-б.

тағылымды. Шал мен Күлімжан қыздың, Жігіт пен Шалдың, Шал мен кемпірінің қағыстары, Сұрау-Жауап түріндегі тілдесу—осының бәрі оқыстан ой өрбітіп, сөзбен салғыласу арқылы күш сынарудың, тапқырлық машық танытудың үлгілері болған.

Ақынның жас мөлшері туралы, жастық пен кәрілік туралы айтқандары кейін ұрпақтан ұрпаққа тарап, бірде ішінара өзгерістермен қайталанып, бірде жаңа мазмұнмен толысып, дәстүрге айналып кеткен. Ал енді оның алдындағы Дегдармен айтысқан кездегі жас талап қыздың Шалды ұстаз тұтуы, аға ақынның оны жазба өнерге қарай бейімдеуі халықтың ауыз әдебиетінде жаңа бір өрістің, ақындық мектептің есігін меңзегендей әсер етеді.

Осы орайда М.Әуезовтің жоғарыдағы қарастырылған еңбегінде айтқан: «Әдебиет жүзінде елдің, әлеуметтің тіршілігі сөз бола бастаған соң, жазба әдебиет дәуірі туа бастады деп есептеу керек,»⁴¹ – деген сөзін және де одан көп бұрын Шоқан айтқан: әлде эпос, әлде эпопея түрінде Шал ақыннан қалған жыр-шежіре болуы керек дейтін жорамалды еске алсақ, Күлекеұлының жазба әдебиетіміз үшін де тағы бір өнікті ұрық тастап кеткенін сезінер едік. Оқу-білімді күйттеген ақын: «Мектептен сабақ алсаңыз, алуа, шекер, балмен тең», – деп те бекер айтпаған-ау деген ойға ерекше ден қояр едік.

Әлбетте, солардың барлығынан басым түсіп, ақын есімін кейінгі талай ұрпақтарға аңыз етіп жеткізген, оның айтып кеткен әрбір өлең шумақтарын баршаға тағылым етіп танытқан бірегей қасиет – оның ақындық дарын-қабілеті. Ақын өлең өнерін өз бойына дарыған табиғаттың (тәңірінің) ұлы сыйы деп біліп, соның шарапатын халқына, ел-жұртына түгел беріп кетуді өзіне парыз санаған.

Түседі өлең десе қайғы-шерім,
Шығады айқайласам аңы терім.
Басылмас ауызымды апқан мен бір көрік,
Барады ықыласыңа көңілім еріп...
Жел сөзді тәңірім берген неге аяйын,
Шашылған несібемді жұрмін теріп.⁴²

«Тәңірісі» берген сөз құдіретін сарқа пайдаланып, айтарын айтқан, сөйтіп, өзінің мұрат-мақсатын айқын түсінген ақынның өзін-өзі қамшылап келгендегі ақтық өсиеті деп ұстап қаларымыз да – оның осындай отты лебіздері:

⁴¹ М. Әуезов. Әдебиет тарихы, 194-б.

⁴² Сонда, 22-б.

Сөйлеп қал, қызыл тілім, өлмей тұрып,
 Басыңа кезекті өлім төнбей тұрып.
 Сөйлеп қал, қызыл тілім, осындайда,
 Өзіңе жала-қауіп келмей тұрып.
 Сөйлеп қал, сөйле тілім, бақ барында,
 Басыңда сөйлейтұғын жақ барында.
 Сөйлеп қал, сөйле тілім, осындайда,
 Артымда мирас қалсын жастарыма.⁴³

Ақын сөйледі. Өзі өлсе де сөзі өлген жоқ. Артына халқының өшпес қазынасы болып мирас қалды. Солардың көпшілігі аталы сөз, мақал-мәтел түрінде ел жадында сақталып, күні осы уақытқа дейін «Шалдың айтқаны» деген ен-таңбамен ауыздан-ауызға тарап келеді. Соның бір үлгісі мынадай:

Қорқақ емей немене қашқан кісі,
 Батыр емей немене шанышқан кісі,
 Мың жылқылы байлардан несі кейін
 Оразасын үйінен ашқан кісі...⁴⁴

Әрі нақыл, әрі тағылым.

Шал ақынның ел-аузында сақталып, біртіндеп жинастыру арқылы әдеби айналымға қосылған мұрасы бірқыдыру. Аты баспасөзде алғаш рет мәлім болғаннан бергі жетпіс-сексен жыл ішінде ол жөнінде талай пікірлер айтылды. Ақын мұрасы әр қырынан зерттелді. Оның шығармаларына жан-жақты талдау жасап, оларды талай рет жарыққа шығарған, өмірбаян мағлұматтарын жинастырып, жүйеге келтірген қаламгер ғалым Мұхтар Мағауиннің тыңғылықты істері жоғарыда айтылды. Оның арғы-бергі тұстарында ақын мұрасын зерттеуге, атап айтқанда, Ә.Дербісалин, Х.Сүйіншәлиев, Ғ.Әбетов, Ө.Күмісбаев, Р.Бердібаев сияқты көрнекті ғалымдарымыз белсене атсалысты.

Ақын есімі – халық жадында қастерлі. Соның бір жарқын мысалы 1998 жылы, ақынның туғанына 250 жыл толуына орайластыра, «Шал ақын Күлекеұлы және ақындық өнер» деген тақырыпта Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның өткізілуі болды. Қазір ол кісінің туған мекені халықтың қалауымен және арнайы үкімет шешімімен Шал ақын ауданы деп аталуда. Осының барлығы – артына аса қымбат рухани мұра қалдырған айтулы ақынға көрсетілген ел құрметінің айғақтары.

⁴³ Сонда, 36-37-бб.

⁴⁴ Сонда, 36-б.

ҚОБЫЛАН БӨРІБАЙҰЛЫ (1760–1840)

Қобылан Бөрібайұлы 1760 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келіп, сексен жас тірлік кешіп, 1840 жылы өмірден өтеді. Ақынның негізгі шығармаларын Б.Жақыпбаев 1936–1951 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының қолжазба қорына тапсырған¹. Кейін 1962 жылы оның тағы бір туындысын павлодарлық мұғалім Иманбаев Омар Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөліміне әкеліп береді. Шығармаларының бірсыпырасы Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған.

Автор туындылары 1967 жылы шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты жинақта тұңғыш рет жарық көрсе, кейінгі жылдарда «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы», «Бес ғасыр жырлайды» кітаптарында көлемі жағынан бұрынғысынан біраз толықтырылған күйінде оқушы қауымның назарына ұсынылды. Қазақ совет энциклопедиясының 6-томында ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған шағын көлемді мақала жарық көрген. Сондай-ақ профессор Х.Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиеті. XVIII–XIX ғғ.» атты оқу құралында да ол жайында арнайы сөз болады.² Қобылан Бөрібайұлының әдеби мұрасының бүтінгі таңға дейінгі жариялану, зерттелу реттері осындай.

Халықтың айтуына қарағанда Қобыланның әкесі Бөрібай да Арқа өңіріне аты мәлім ақын болған. Оның «Шоң биге» деген

¹ Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. А., 1985, 4-т. 59-б.

² XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. А., 1985; Бес ғасыр жырлайды. А., 1984; Қазақ Совет Энциклопедиясы. А., ҚСЭ Бас редакциясы, 6-т. 1975; Х.Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиеті. XVIII-XIX ғғ. А., 1981.

өлеңінің ел аузында сақталуы³ осы сөзімізді растай түседі. Бөрібайдың дәулетіне, күнелгіс жағдайының қандай екендігіне анықтама берер мағлұмат жоққа тән. Олай болса, Қобыланның балалық, жастық шағы қандай тұрмыста өткенін айту қиын. Бірақ ақын шығармаларының мазмұнына қарағанда, негізінен оның жоқтықтың тауқыметін бір кісідей-ақ тартқанын сезесіз. Осы тұрғыда ол тіпті сол өзі өмір сүрген дәуірдегі жоқшылықты, кедейлікті жырлаған санаулы ақындардың бірі ретінде назарға ерекше ілінеді. Әйтсе де жігерлі ақынның асқақ тұлғасы негізінен халқының, жерінің тәуелсіздігі үшін басын құрбандыққа шалған арыстардың ерлігін жырлаушы суреткер ретінде биік тұр. Мәселен ол:

Жауды алған он үш жаста батыр Баян,
Елден асып туған ұл бірі Ноян.
Қалмақтан Сарыарқаны қайтып алған,
Қол бастап ерліктері әркімге аян⁴... –

деп толғанады. Жырдағы он үш жаста қол бастап жүрген Баян атты тарихи қаһарман Шоқан Уәлихановтың пікірінше, тек батырлығын ғана емес, ақылдылығымен де төңірегіндегілерден төбесі биік тұрған, жоңғар шапқыншылығы кезінде Уақ руынан шыққан батыр Баян атанған ерекше тұлға. Осы ретте ғалымның мына мәліметіне назар аударудың артықтығы жоқ деп ойлаймыз: қашып бара жатқан Торғауыт қалмақтарын соңғы рет өкшелеп қуатын бір тұста Абылай хан қайсар Баянды күтіп, қалың қолымен жауға аттанар межелі жерден біраз уақытқа дейін ілгері баспай қояды. Өзге батырлар күңкілдей бастайды. Ақыры бес жүз қырық кісімен жеткен батыр ханға кеп: «Қайда жұмсайсың, не бұйырасың, орындаймын», – дейді. Мұнан кейін хан: «Міне, менің Баянды осыншама ұзақ күтуімнің себебі осы» деп халыққа қарайды.⁵ Қобылан жырлап отырған Баян да сол тарихи тұлға. Оның ерлігінде де, парасат-пайымында да кемдік жоқ. Жоғарыда келтірілген үзіндіге қарағанда, 1771-1772 жылдар тұсында (олай дейтініміз торғауыттардың өздерінің атамекендеріне Еділ жағалауынан қашуы осы уақытта болған)⁶ қатарлас жорықтас батырлардың ішінен оның алдына түсер ешкім болмаған еді. Тегінде Қобылан да оның ел жадындағы осындай қасиеттеріне бола өзгелерден бөлектеп, айрықша бейнелеп көрсеткен

³ ӘӨИ-ның қолжазба қоры, 629-папка.

⁴ Бес ғасыр жырлайды. А., 2-т., 1984, 9-б.

⁵ Ч. Валиханов. Собр. соч. в 5-т., А., 1961., т.1. – стр.,225-227.

⁶ Н. Рычков. Дневные записки капитана Рычкова в киргиз-кайсацкой степи в 1171 году. СПб., 1772. стр.,6-99.

сияқты. Ақын Мағжан Жұмабаев ақталғаннан кейін ғана кеңінен мәлім болған «Батыр Баян» поэмасы бұл тақырыпты барынша толықтырып, аша түседі. Шоқан Уәлиханов заманынан әдеби, тарихи таным өзегіне сабақтасқан Батыр Баянның өр тұлғасы биіктей бастайды. Батыр Баян қазақ тарихының ірі тұлғасы екендігін осындай әдеби деректер де растайды. Аты аңызға айналған Батыр Баянның әдеби көркем бейнесінің өзі өзгеше бір шежіре іспетті.

Ақын өз басын кедейлігіне бола қадірлемегендерді, немесе өзгеге ілтипат көрсетуге біліктілігі, көргенділігі жетпегендерді де аямай сынап, мінеген. Бұл да елдікті, кісілікті дәріптеп келген дарынды өнер иесінің қай тұста да сол ойынан айнымай өткендігіне дәлел бола алады. Мысалы, Қобылан Саққұлақұлы Нұралыға арнаған өлеңінде былай дейді:

Әкең жақсы кісі еді жамбас жеген,
Жақсыдан жаман туса оңбас деген.
Сірә, шешеніңден бір кінә болған пығар,
Иттің б... қылшықсыз болмас деген⁷.

Ақын өзінің оған деген өкпесі мен ренішін, адамның азаматтық парқы болмаған жерде нарқы да түкке тұрғысыз екендігін осынау төрт жолға сиғыза білген. Шығарма кейіпкерінің есімін елдің әлі күнге дейін жадында сақтауына қарағанда, кезінде бұл да бір белгілі кісі болғандығы даусыз. Аталмыш өлең он жеті жасында Байдалы биді жеңіп, Сәбелең деген өз есімі жөніне қалып, заманында Саққұлақ би атанған, атақты Бөгембай батырдың шөбересі Саққұлақ баласына қатынасты емес пе екен деген ойға қаласыз. Өйткені жоғарыдағы есімді би 1800-1888 жылдары қазіргі Ерейментау ауданында⁸, яки Қобылан тірлік кешкен Баянауылға жуық жерде өмір сүрген. Ақынның қартайған шағында бидің өзі қырықтың төңірегінде болғанда, оның баласы жиырманың шамасында болуы әбден мүмкін. Қажыған, күйі қайтқан, дәулеті жоқ қартты жас жігіттің сол уақыттарда бір себептермен қатты ренжітуі, назырқатып алуы ғажап емес. Ал ондай жағдайда намысқой ақынның тек Нұралыға ғана емес, оның жеті атасына жүк болардай жоғарыдағыдай сөзді айтуы

⁷ Сонда, 9-б. Осы бір шумақ өлең Сүйінбай Аронұлының «Ақиық» жинағында (А., 1975. 93-б.) Сүйінбайдың өлеңі деп берілсе, «ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы» кітабында (А., 1985. 109-б.) Шөженің туындысы ретінде жарияланған. Қазіргі кезде бұл өлеңнің шындығында үш ақынның қайсысына тиесілі екендігін кесіп-пішіп айту қиын.

⁸ Қазақ Совет Энциклопедиясы. А., ҚСЭ Бас редакциясы, 9-т., 1975, 619-б.

әбден ықтимал. Бұл үшін, әрине, Саққұлақтың Нұралы деген баласы болған ба, соның басын ашып алу қажет. Ондай жағдайда біздің жорамалымыздың анық-қанықтығының беті айқындала түспек. Осыған орай Қайым Мұқамедхановтың «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған Бұқар жырау жайлы мақаласында Саққұлақтың жеті ұлы болғандығын, оның біреуінің есімі Ерәлі атанатындығын жазғанын айта кету орынды⁹. Бірақ зерттеуші Саққұлақтың өзге перзенттеріне тоқталмаған. Дегенмен, бізге мынадай ой келеді. Саққұлақ би бір баласына Әбілқайыр ханның бір перзенті Ерәлі есімін бергенде, екінші ұлын Ерәлінің ағасы Нұралының атымен атай салуы да мүмкін ғой. Қалай дегенде де, ақынның бұл арада осал емес адамның тегіне тиісіп отырғандығында дау жоқ («Бес ғасыр жырлайды» кітабының екінші томының 9-бетінде бұл шығарма «Нұралыға (Саққұлақұлы)» деген тақырыппен жарияланған – *ред.*).

Ілгеріде Қобылан поэзиясы ең алдымен жоқшылықты, кедейлікті жырлайтындығымен ерекшеленеді дедік. Шындығында да ол ауыр тұрмыстың, кедейлік өмірдің, оның үстіне сол сіңірі шыққан жарлылыққа қосылған кәріліктің әбден дәмін татып, ашына жырлаған ақын. Сондықтан оның сөзі де, пікірі де ащы:

Кедейлік мұнша неге болдың қиын,
Ойын-той, сауық-сайран қайда сыйың?
Естігенің қорлық сөз – қиын жұмыс,
Жұмыртқадай шағылды күнде миым.

Немесе:

Заманнан рахатты кім көреді,
Кедей – бейнет, зейнетті бай көреді..
.....
Бар болсаң құдай-еке, көрмеймісің?
Өмірін михнатпен өткізгенді,
Тағы да ол дүниеде тергеймісің?¹⁰ –

деген Қобылан өмірдің қызығын кімдердің көретіндігін аңғарушы, кедей тартқан азаптың ми шайқарлық ауыртпалығын түйсініп, түсінуші ғана емес, солардың жоқшысы да. Бірақ ол өмірдің теңсіздігін басқадан емес, құдайдан көреді, соны кінәлайды. Бұл тұрғыда ақынның таптық санасы пәлендей биік болмағанмен, оның ерлігінде де, ашуында да қапы жоқ. Оны сондай дәрежеге дейін ашындырушы қоғамдық теңсіздік, жоқшылық. Қобылан поэзиямызда әлеуметтік ахуалды, кедейлікті әр қырынан көрсетуге талаптанған ақын. Осы ретте оның аңға қосқан итін сүмірейте суреттеуі ерекше назар аударады. Оның иті аң

⁹ Қ. Мұхамедханов. Бұқар жырау // Қазақ әдебиеті. 1982, 6 тамыз.

¹⁰ Бес ғасыр жырлайды. А., 2-т., 1984, 7-8-бб.

алғыштығымен, жүйріктігімен емес борпаяқ, талайсыздығымен көрінеді. Қобылан оған: «Көбентай жезтырнақтан тума шіркін, тұлкіні жете алмасаң қума шіркін... Ішкенің мен жегенің у ма шіркін?!»,—деп адамша жекіп, ренжиді. Ал бұл реніштің ар жағында ақынның өзінің қай кезде де өрге баспай жүрген талайына кейіс, налыс жоқ деп айта алмаймыз. Сондай-ақ ол: «ат арыды, тон тозды, елден шыққан жүйріктен, қотандағы ит озды, күні өткен Ақсүйріктен»¹¹—деп өзі мен қасындағы тазысының кешкен күйлерінің арасына параллельдік салыстырулар жүргізу арқылы сұрқай тіршілігін шебер танытады. Осында бір Қобылан емес, онымен тағдырлас жүздеген кедей-кепшіктің өмірі нақты жинақтала бой көрсетеді. Әрине, қазақ поэзиясындағы әлеуметтік ауыр хал, кәрілік пен кедейлік тақырыбы – талай ақынның көңіл бөлген жайлары. Қобылан дәуірі мен оған дейін өмір сүрген ақындар шығармашылықтарында да қарттық, кәрілік әңгімесі біраз сөз болғанды-ды. Мәселен, Бұқар Қалқаманұлы тоқсан беске дейінгі адам жасына тоқтала отырып, олардың кісіге сыйлар қуаныштары мен қысастықтарын әдемі-ақ тізіп береді.¹² Шал ақын шығармаларында да жиырма бес пен жүз жастың аралығындағы ер азаматтың қайрат-қауқары біршама тәптіштеледі.¹³ Қысқасы, бұл ақындар өмірдің өзгермелілігін аңғарта отырып, елден өткенше еңсең биік, ерлігің мен өрлігіңе ел разы болса, кейін жасың ұлғайған сайын бағаң кеміп, бәсің түсе бермек дегенді негізгі айтар ойының қазығы етіп ұстанады. Ал Қобылан кәріліктің қадірлі болмайтындығын кісіден қайрат пен қайсарлықтың жоғалатындығымен түсіндіреді. Ақын тек бір жерде «сексенге келіп селкілдеп» отырғандығын, бір тұста ғана «жетпістен асып сексенге» таянғандығын айтатыны болмаса, Бұқар мен Шал секілді сол жастардың (қырық, елу, т.б.) бәріне бірдей анықтама-сипаттама бермейді. Бұл тұрғыдан ол екеуіне де ұқсамайды. Бірақ соған қарап оны олардың өнегесін ұстанбаған деуге де болмайды. Әлбетте ақын шығармашылығының ілгергі дәуірдегі сөз иелеріне ұқсастықтары мен өзіне тән өзгешіліктері зерттеушілер мен оқырмандар назарын аударуға тиіс.

XVIII ғасырда жарты өмірін өткізген ақынның көлемі жағынан аз ғана әдеби мұрасына көз салғанда оның өзі тұстас басқа әріптестерінен өзгешеленбей қоймайтын бір ерекшелігі барын аңғарасыз. Ол – Қобыланның ән шығаратындығы. Әрине, осы күнге дейінгі көптеген ән жинақтарында қазақтың халық

¹¹ Сонда, 7-б.

¹² XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982, 137–138-бб.

¹³ Сонда, 172–176, 183-бб.

әндерінің сапында жарияланып келген¹⁴ автордың «Әудемжер» туындысын өзіне қайтару қажет-ақ. Оның бұдан басқа әні бар ма, болса олар қандай еді деген мәселелер төңірегінде өз кезегінде тиянақты жауапты қазақ музыка зерттеушілерінің беретіндігіне күмәніміз жоқ. Ал жалпы, Қобыланның әні бар өлеңі болғандығын автордың өз атынан жарияланған «Әудемжер» туындысы дәлелдей түседі. Ендеше, оның осы сияқты басқа туындыларының кездесуі, тіпті олардың кейбіреулерінің біздің кезімізге де жетуі ғажап емес. Бұл анықталмаған жағдайда автордың жоғарыдағы өлеңінің өзі-ақ оның композиторлық өнерге де қатынасы болғанын білдіреді. Қобылан ақын өмірдің әрқилы құбылыстарына жіті көзбен қарап, содан түйген ойларын халық санасына тез ұялар нақыл сөздермен де бере білген кісі. Мысалы автордың «Қадір, құрмет – тоқтықта, ашу, араз – жоқтықта», «Сергелдеңге түссе мал жаман, ығыр болса ел жаман, үлгісіз пішсе тон жаман, төресі теріс би жаман... Қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман», – деген сөздері қазақ даласының әр тарабына да көптен таныс. Және терең мағынаға ие осынау оралымды жолдар естіген жанға тез ұялайтындығы сондай, олар тіпті автордың есімінен де бұрын елдің ойына түсетін қанатты сөздерге айналған. Ал мұның өзі ақын поэзиясының халықтығының бір нышаны болса керек.

Қобылан Бөрібайұлы ақындығымен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиетте ерекше орын алатын талант иесі.

¹⁴ Қазақ әндері. Үш томдық. А., 1968, 1-т., 142-б.

ЖАНАҚ САҒЫНДЫҚҰЛЫ (1770–1856)

Жанақ Сағындықұлы анықталған мәліметтер бойынша, 1770 жылы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Темірші болысының №6-шы ауылында туған. Бұл жер қазір Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданына қарайды. Сондағы Құмадыр бұйраты, кәрі көзді қариялардың айтуынша Жанақтың туған жері.

Жанақ атақты айтыс ақыны, суырып салма шешендік өнерінің айтулы өкілі. Қобыз, домбырада шебер ойнаған, жан-жақты қабілетті өнерлі тұлға. Әкесі кедей шаруа екен. Жас кезінде кедейлікті, қиындықты көп көрген. Жанақ ақын жайлы алғашқы мәліметтерді біз Шоқан Уәлихановтың еңбектерінен кездестіреміз. Ол жас кезінде қартайған ақын аузынан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жазып алып, оның қобызға қосып айтатын жыршылық өнерін зор бағалаған. Өзінің «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» атты зерттеуінде¹ Шоқан: «Жыршылық үлгісі және оны қобызға қосып айту өнері атақты суырып салып айтушы ақын Жанақ өлгеннен бері шеттей бастағаны» жайында ескертпе жасайды. Жанақтың руы Қарқаралы округіне қарайтынын айтады.

Сол зерттеудің екінші бір жерінде өлең үлгілерін әңгіме ете отырып, Шоқан: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» атты белгілі поэманы маған атақты Жанақ өлең түрінде айтып беріп еді», – дейді.

Шоқанның досы Г.Н.Потанин: «Шоқан қазақтың суырып салып айтушы қарт ақыны Жанақ жайлы әңгімелеп еді, – дейді өзінің естеліктерінің бірінде, – Шоқан Жанақ шығарған өлеңдерді немесе белгілі бір жағдайларға байланысты оның айтқандарын көп білетін... Әсіресе, Жанақтың жатақтарға барған кезде

¹ Ч. Валиханов. О формах казахской народной поэзии. Собр. соч. в 5-томах. А., 1963, 1-т., стр., 200-201.

шығарған сатиралық өлеңдерін қызық етіп айтатын. Онда ақын жартылай орыстанған, даланың әдет-ғұрпынан алыстай бастаған, казак станицаларында тұратын қазақтарды күлкі етеді, ат орнына өгіз мінген, кенеп шалбар киген, артына «мәтішкөсін» (жатақ әйелдерін ол осылай атаған – Г.П.) мінгестірген жатақтарды әжуалайды»².

XIX ғасырдың қырқыншы жылдарында қазақ даласында айдауда болып, оны көп аралаған поляк революционері, әдебиетші А. Янушкевичтің сол кезде жүргізген күнделіктерінде де Жанаққа байланысты мәліметтер бар. Ол 1846 жылы 12 маусымда Аягөзден еліне жолдаған хатында Орынбай және Жанақ ақындардың айтысына қатысқанын жазды. «Стенография өнерін білмегендіктен, жаңа танысқан ақын жырының мазмұнын беретін кейбір жолдарын келтірейін, оны менің тілмаштарымның бірі айтып беріп еді.»

«Ой, мен қазақ халқының ақынымын, мен мұндай халық көп жиналған, әрі атақты адамдар қатысқан жиында бірінші рет өлең айтып отырғам жоқ. Мен Орынбай сияқты ақын емеспін.

Жанақтың жыры Орынбайдың жырына ұқсамайды... Орынбай-ау! Сен жандаралды мақтайсың. Жанақ та оны мадақтар еді, бірақ оған кедей ақынының мақтауының керегі не? Ол бізсіз-ақ ұлы, мақтаулы, қыр елінің сүйіктісі. Сен біздің сұлтандарды мақтайсың, өйткені олардан ат мініп, шапан киесің. Ал мен бақытсыз қайыршы сияқты ешкімге жағына алмаймын... Сен кім көрінгенді мақтайсың, олардан итке тастаған сүйек сияқты бірдеме дәметесің. Мен боқ көтерген хайуан бола алмаймын... Сен өзінді ақын санайсың. Кім берсе, соған өлең арнайсың. Егер шын ақын болсаң, өлген аруақтарды неге жырламайсың? Көзі жоқ адамдарды неге өлеңіңе қоспайсың? Бір кезде даланың данышпандары болған біздің әкелерімізді, аталарымызды неге мадақтамайсың? Ой, оларды қалай сен мақтамақсың (Орынбайдың дауысы мен қимылын салып), олардың беретін саған ат-шапаны жоқ қой, сүйегін бүгін ит те жемейді... Ой, Орынбай сен атақты-ақ ақынсың! Сен осы бұрын даланың қандай болғанын білесің бе? Абылай тұсындағы қазақ қандай еді!.. тағы сол сияқты»³.

Бұдан әрі Янушкевич Құсбек сұлтанның аулына Барақ пен оның баласы Бексұлтан келгенін, оларды бір ақынның мақтағанын айтады. Бұл да Жанаққа ұқсайды. Өйткені әкелі-балалы екеуіне арналған сөз Жанақта бар. Екінші бір жерде Құсбек атақты Жанақ ақын туралы әңгімелеп, оның Садыр Матайдың белгілі ақынымен

² Сонда, 5-т., 298-б.

³ А.Янушкевич. Күнделіктер мен хаттар. А., Ж., 1979, 82-б.

айтысының мазмұнын айтып береді. Мұны да Жанақ пен Түбектің айтысына ұқсатуға негіз бар. Өйткені бұл айтыстың арғын-найманның елдік, рулық салтын, байлығын айтуға құрылуы да Құсбек айтқан айтыс мазмұнына дәл келеді.

Қазақ даласын көп аралап жырлар шығарған, көптеген айтыстарға қатысқан Жанақтың өлеңдері негізінен ауызша тараған, бірақ олардың көбі сақталмаған. Революциядан бұрын Жанақ шығармаларының кейбір нұсқалары В. Радлов жинағында («Жанақ пен Түбектің айтысы»⁴), Ыбырай Алтынсариннің «Киргизская хрестоматиясында» («Жанақ пен баланың айтысы»⁵) және К.Халидов құрастырған «Тауарих хамса»⁶ кітабында (жала жауып атын тартып алған адамға және Барақ төреге айтқан өлеңдері) жарияланған.

Кеңес тұсында Жанақтың ақындық өнері С.Сейфуллиннің, М.Әуезовтың, С.Мұқановтың, Х.Сүйіншәлиевтың назарын аударған. С.Сейфуллин «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931) жинағында «Жанақ пен Түбектің айтысын» кіргізген. М.Әуезов Жанақты айтыстың шебері ретінде және халық поэзиясын жырлаушы есебінде аса жоғары бағалайды. «Жанақпен найман ішінде, бастығы Түбек болып айтысқан 16 ақын тегіс жеңіледі, тек он жетінші бала ақын (Сабырбай) ғана Жанақты тоқтатады», – деп жазған М.Әуезов Жанақтың айтыстағы озық орнын өте жоғары бағалады.⁷ Сол «Айтыс өлеңдері» деп аталатын еңбегінде Жанақтың Күнікей қызбен айтысы жайлы да тың мәліметтер бар. М. Әуезов мұнда Күнікеймен ұзақ жылдар айтысқан бәсекелес ақынның жеңілер тұсы осы-ау деп, ұзатылатын күні іздеп барып, әдейі айтысып, жеңіліп қалғанын жазады. Кейін айтысты өзі айтып берген. Көне халық жырларын айтып кейінгі ұрпаққа жеткізудегі Жанақ еңбегін зор бағалаған М. Әуезов оның айтуындағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры нұсқасының көркемдігіне аса зор мән береді. Қазақ эпосының шоқтығы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Жанақ ақын жырлаған нұсқасы басқа нұсқалармен қатар зерттеліп, жоғары бағаланып келе жатқан ең көне желісі келісті жыр. Бұдан басқа «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» Шоқан, Мәшһүр Жүсіп, Потанин, Шөже, Н.И.Ильминский, Дәуіт арқылы жеткен нұсқалары бар. (Бұл орайда «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының барлық нұсқаларымен ол туралы зерттеу еңбектер жинақталып, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

⁴ В. Радлов. «Образцы народной литературы тюркских племен». СПб. 1870, 3-т., стр. 29-33.

⁵ Ы. Алтынсарин. Киргизская хрестоматия. Оренбург, 1879.

⁶ К. Халид. Тауарих Хамса. Қазан, 1910, 205, 380-66.

⁷ М. Әуезов. Әр жылдар ойлары. А., 1959, 272-300-66.

2002 жылы жариялатқан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жинағында жарық көргендігін еске салған жөн. Кітапта Жанақ жырлаған нұсқаға ерекше мән берілген. – *ред.*)

Өзінің «Айтыстар туралы» еңбегінде С. Мұқанов та Жанақтың айтыстағы өнерін аса жоғары бағалаған. Сонымен бірге Сәбит ақынның басқа да өлеңдеріне көңіл аударады. «Айтысқа араласқан Шортанбай, Жанақ, Мұрат, Марабай, Сүйінбай ақындардың айтыстан басқа өлеңдеріне қарағанда, олар жалғыз айтыста ғана емес, сонымен қатар өз заманының барлық күнделікті тіршілігіне араласып, халықтың жақсылығын дәріптеуші, кемшілігін сынаушы, тарыққанда ақылшысы, қуанғанда сайраушысы болғандығын байқаймыз», – дейді ол.⁸

Жанақ ақын шығармашылығына арналған соңғы мәліметтер Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған «XIX ғасырдағы қазақ ақындары» атты жинақта берілген.

Жанақ ақынның айтыстары, өлеңдері, арнау өлеңдері әлі де толық жиналып, баспа бетін көрген жоқ. Оның Орынбаймен, Сабырбаймен айтыстары белгілі. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында Жанақтың Сабырбаймен, Байбаламен, Ысмаилмен қақтығыстары, Орманшы Байқадам, Боқай ақындармен шағын айтыстары сақталған. Бұл шығармаларды тапсырушылар ақынның өмірі жайлы да деректер келтіреді. Тіпті, Тәужі Айнатасов «Жанақ ақын хикаясы» атты дастан да жазған. Бұларды әлі де екшеп жариялау, зерттеу – алдыңғы күннің міндеті.

Жанақ өмірі мен шығармалары жайлы бірсыпыра деректер М.Көпеев, Ш.Кәрібаев жинаған мәліметтерде бар. Ең соңғы деректер ақынның шөбере туысы, еңбек ардагері, ҚР халық ағарту ісінің озаты Ынтықбай Өмірзақовтан келіп түсті. Оның хатында бізге бұрын белгілі өлең, айтыстармен бірге ақын жайлы әңгімелер, әрқилы аңыздар келтіріледі. Бұлардың да Жанақ өмірі мен шығармашылығын тануда маңызы үлкен. Осылардың негізінде қазір Жанақ ақынның өмірі мен еңбегі жайлы көзқарас бірсыпыра анықталып қалды деп айтуға болады.

Анықталған мәліметтер бойынша, Жанақ Сағындықұлы, 1770 жылы Семей губерниясында, Қарқаралы уезі, Темірші болысының 6-ауылында туған. Бұл жер қазір Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы «Прогресс» совхозына қарайды. Ауылдың шығыс жағындағы Құмадыр бұйраты, көнекөз қариялардың айтуынша, Жанақтың туған жері екен.

Жанақтың Арғын ішінде Қаракесек, одан Қамбар боп

⁸ Айтыс. Көп томдық «Қазақ халық әдебиеті» сериясы. А., 1988. 1-т., 5-б.

тарайтыны Ш. Уәлиханов деректерінде бар. Қамбардан бұлар Қозы болып тарайды екен. Қозыдан Сырбай, Бөрібай, Ақбас, Қарақұл, Жиес туады. Бөрібайдан – Сағындық, Сағындықтан – Жанак, ал Жиестен – Рсалды, Рсалдыдан – Оспан, Омар, Өмірзақ туған. Жоғарыда біз сөз еткен, Жанактың өміріне қатысты бірсыпыра жаңа мәліметтер берген Ынтықбай – Өмірзақтың баласы.

Жанактың шыққан тегі кедей шаруадан. Ата-анасы бастан кешкен жоқшылық өмірді ақын да көріп өскен.

Жасымда кедейліктен жедім таяқ,
Жалаң бас, жамау дамбал, жалаң аяқ,
Кедейлік қыршаңқы аттай топтан қуып,
Үйірге қосыла алмай, жүрдім саяқ⁹, –

деген ақын өлеңінің жолдары оның шыққан тегі мен әлеуметтік өмірдегі орнын дәл-ақ танытады.

Ес білгеннен кейін де Жанактың қолы байлыққа жетпеген. Оның тапқан-таянғаны күн көрісінен, күнделікті тіршілігінен аспаған. Бірақ ол жоқшылыққа мойымай, ақындық, жыршылық өнерге бой ұрған. Оның қобызбен суырып салып айтқан жырлары елдің көбін тәнті еткен. Ақын халық ішінде, хан алдында сыйлы болған.

Жанак бере білмеді, ала білді,
Құдай ал деп берген соң шебер тілді.
Сонда-дағы түскем жоқ ел алдына,
Әркім-ақ бұ Жанактан үзіп-жұлды.
Жақсы десін, мейлі жаман десін,
Жанакты бұл үш жүздің ұлы білді.
Хан, қара мен сыйлады би-төресі,
Болмаса сыйлар ма еді сөзім бұлды¹⁰, –

деген өлең жолдарында ақынның жеке тіршілігінің суреттеріне қоса, халық алдындағы абыройы сөз болады.

Жанак 1856 жылы қазіргі Қарағанды облысының Токаревка селосы тұрған жерде қайтыс болған (бұған дейін жазылып жүрген деректерде ол 1848 жылы өлді деп көрсетілген). Бұл жерді бұрын «Хан сүйегі» деп атайды екен. Онда 1819 жылы Бөкей хан жерленіп-ті. Бөкейге арналып бейіт салынған. Жанактың денесі сол бейіттің ішіне қойылған. Сол кездегі Қарқаралы дуанының аға сұлтаны Жамантай төре Жанактың Бөкей ханның

⁹ Бес ғасыр жырлайды. А., 1-т., 1984, 179-180-бб.

¹⁰ Сонда, 182-б.

қасына қойылғанына намыстанып, оның сүйегін қазып алуға әрекеттенген көрінеді. Оған Алшынбай би қарсы болып, Жанақ сүйегіне тигізбепті. Бірақ Жамантай жасырын кісі жұмсап, көрден ақынмен бірге көмілген қобызын алдырыпты. Содан «Көр қазушы Жамантай» деген аңыз қалған.

Жанақтың өнері, өмірі оның тірі кезінің өзінде-ақ аңызға айналған. «Жанақ айтыпты» деген әңгіме-аңыздар қара сөз күйінде де тараған. Мұндай әңгімелерден ақынның бірбеткейлігі, тапқырлығы, өткірлігі, тілінің ұшқырлығы атап айтылады. Ақын есімін, ісін мақұлдаған халықтың ыстық ықыласы білінеді.

Сондай әңгіменің бірі Жанақтың Бәкі төремен бірге сапарға шыққаны жөнінде болған. Ақынды маңында ұстап, өз ықтиярымен сөйлетуге пайдаланбақ болған Бәкі кешікпей-ақ оның өзінің айтқанымен жүрмейтінін түсінеді. Қолына қобыз тиген Жанақ қыза келе, төренің айтқанын жасамай, өз ойына келгенін ашық, еркін айтады. Жанақ: «Қобызымды қолыма алған соң құдай аузыма не салса, соны айтамын», – дейді. Содан кейін, тағы да: «Өлең деген солай болады. Мен сіздің тапсырмаңыз бойынша айтсам, ол менікі емес, сіздікі болып шығар еді. Ал менің кісіден үйреніп айтар жайым жоқ. Сізден ат мініп, шапан киіп жүр екенмін деп, бас билігімді берсем де, сөз билігімді бере алмаймын», – дейді. «Кет, олай болса!» – деп төре ашу шақырады. Жанақ төре берген атынан түсіп, шапанын шешіп, ер-тоқымын арқалап, қобызын қолына алып, жаяу кете барады. Сасқан төре: «Мен оған мінген атыңды, киген шапаныңды бер деп қашан айттым? Барып, атын, шапанын өзіне беріндер», – деп кісі жұмсайды. Жанақ барған кісіге: «Атам қазақтың: «Төреге ерген – ерін арқалайды» деген мақалы рас екен», – деп ат-шапанын алмай қайтарыпты.

Жанақтың өткірлігі, шыншылдығы «Рүстем төреге айтқан сөз» дейтін атақты өлеңінен анық көрінеді. Бұл сюжетті ұзақ жыр ақынның төрені іздеп келуінен, сәлемдесуінен басталып, оның зұлымдығын, парақорлығын әшкерелейтін өткір сатираға ауысады. Рүстем сияқты ел басшыларының халықтың арман-мұңына құлақ аспайтынын айта отырып, ақын отаршылдықтың елді аздырып-тоздырып бара жатқанын, сол елдің шерін, мұңын арқалаған өзінің ауыр сезімін суреттейді. Төренің ақынға сыйсияпат тартқан кезіндегі сөздерінде де тапқырлық күшті.

Өлеңнің образдық жүйесінде Жанақтың халықтың даналық ойларына сүйенгені көрінеді. Ақын соны нақылдап айтады. Сол арқылы ел басшылығындағы азаматтардың жарамсыз іс-қылқықтарына назар аударады.

Ат биеден туады, алып – анадан,
Ел ағадан тозады, тон – жағадан.

Өлексе-өлекшінің андығаны,
Арлан бөрі соғады тау сағадан.
Сергелдең сейіл, серуен кезеңінде
Ер аттан мұқалады, ат – тағадан.
...Тұлпар ақау болады аяғынан
Ақсаса оңалмайды би парадан¹¹.

Халықтың ғибрат боларлық даналық ойларын айта отырып, соңғы тармақта ақынның парақорлықты ауызға алуы да тегін емес. Ол – Рүстемге жасалған ишараның белгісі. Ақын Рүстемге басын қатерге тігіп келгендігін айту арқылы оның қатыгездігін көрсетеді.

Біреу айтты Рүстем қастайды деп,
Жасқанбаған бетінді жасқайды деп.
«Барсаң, аман қайтпассың, тоқта!» – деп,
Ашуланса, басынды ап тастайды деп.

Кейбіреу, Жанақ тілің ащы деді
Бетің қайтпай, араның асты деді.
Ащы тілмен төрені сұғып алып,
Алғызып-ақ қайтарсың басты деді¹².

Осындай әңгіме үстінде төреге пара алып келген балықшы мен аңшыларды көрген ақынның Рүстемді бас салып сынай жөнелуінде негіз бар. Ол «аңшының тышқанына, балықшының сазанына» ортақтасып төре тұқымының азып, ұсақтап кеткенін шенейді. Ел билігінен айрылған (1822 жылы патшаның Сібір қазақтарын билеу жөніндегі нұсқауына сәйкес төре тұқымы хандық дәстүрден айрылғаны белгілі – С.Қ.) Кешегі Абылай ұрпағының атасының аруағын былғап, ошақ бұты, от басын аңдуға шыққанын бетіне басады. Оның «бақыт құсын басынан ұшырып алғанын» да осы ұсақтықтан көреді. Төренің қаһарынан, қолындағы қылышынан қорықпаған Жанақ:

Береке көктен деген, жылдан-жылыс,
Ер ұл туса болады елге тыныс.
Сөйткен ер ұл сен болсаң, тумай-ақ қой,
Тұқымы азып төренің тұқыл болып,
Сен туған соң елімнен шайқалды ырыс.
Болат ағып бұл күнде болды мырыш.
Шабар болсаң, датымды айтқызып шап,
Дат айтқызбай шапқан жоқ атаң қылыш¹³, –

¹¹ Сонда, 172-б.

¹² Сонда, 173-б.

¹³ Сонда, 174-б.

дейді. Өлеңнің тілі бейнелі, астары сырға толы. Елдің тозуы, ел бастайды дейтін ерлердің азғындауы, жоғарыда келтірілгендей, «Болат ағып бұл күнде болды мырыш» деген тіркестермен қатар, «Шынар құлап, түбінде қалды шірігі, ел ұйтқысы бұзылды мәйегі іріп», «Үй күшіктей отыңның басында үріп», «Аш қасқырдай нашарды жейсің жығып, сырт жау келсе, кетесің шиге бұғып» деген сияқты бейнелі өлең жолдары арқылы ашылады. Отаршылдық пен ішкі ру басшыларының әділетсіз зорлығының берекесі кеткен елдің жағдайын ол:

Үй жығылып қазақтар тікті күрке,
Күркеден де айырар бірте-бірте.
Сүлік, сона, аралар сөлін сорып,
Жайды уын, кісінің қанын бүрге.
Өзінің көлеңкесін құбыжық деп,
Көк жантақ қоян болды үрке-үрке.
Сиырдайын шиырлап шыр айнала,
Бірін-бірі мүйізбен түрте-түрте¹⁴, –

деген жолдармен суреттейді. Мұнда ел берекесін алған сыртқы күшке қарсы ынтымағынан айрылып, бірін-бірі түртпектеген берекесіз мінездер, әділдіктің туын көтере алмаған көр қорқақтық, өткір сыналады.

Өлеңде төре сыйлаған заттарды (ішік, көк ала ат, күміс қын, пышақ, кісе, әйеліне берген асыл киім, т. б.) сыпаттау арқылы қазақтың ұлттық дәстүрінің жақсы жақтарын мадақтап, ақындарды ардақтаған елдің түсінігін паш ету, тұрмыс суреттері мол ұшырайды. Сыйлы қонаққа тартатын тоғыздың суреттері, ат сыны, аңшылық сыры тапқырлықпен қатар ойлы, даналыққа толы. Өзінің қазіргі күйін айта отырып, ол кәрілікті әдемі суреттейді.

Бар қызықты кәрілік алды тонап,
Бет аузымды шиырлап, салды жолақ.
Опарылып келді де, жатып алды,
Күндіз болса, түстеніп, түнде-қонақ.
Тіл икемі тісті алып, көздің нұрын –
Ебі кетіп еріннің болдым олақ¹⁵.

Қоштасу сөзінің өзінде де ол төреге үлкен міндет артады. Оның ел жайын ойлауы, оның басына түскен ауыр жағдайды жеңілдетуге тырысуы қажеттігін есіне салады.

¹⁴ Сонда, 176-б.

¹⁵ Сонда, 183-184-бб.

Бұл күнде хан мен қара тең болған кез,
 Бағалы бағасыздан кем болған кез.
 Баламат аспандағы жерге түсіп,
 Ғажайып түсте болған өң болған кез.
 Қайғы-теніз, көз жасы-сел болған кез,
 Сөз байлаусыз, оғы да жез болған кез.
 Шалқыған шалқар көлің тандыр болып,
 Шалшық су, тепсені жоқ бел болған кез.
 Асқар тауды бұлт басып, мұнар алып,
 Теріскей тебіні жоқ бел болған кез.
 Ханнан—қайрат, байынан – қайыр кетіп,
 Темірген теңдігі жоқ ел болған кез.
 Қайғың – азық, ермегің – шер болған кез.
 Елмен араз, татуың без болған кез.
 Шеп бұзып, ту құлатқан батыр құрып,
 Тебіңгі сауған ұры ер болған кез¹⁶.

Осындағы тұнып тұрған образдылық, суреткерлік, тапқырлық Жанақты өз дәуірінің үлкен ақындарының қатарына қояды.

Рүстемді сынай отырып, оның сый-сыяпатына ризалық білдіру, оған жақсылық тілеу—ақынның төреге жағынуы емес, қонақ күткен халықтық дәстүрге, салтқа білдірген ілтипаты. Мұндай жылы сөзді ақын Барақ төреге, оның баласы Бексұлтанға да айтқан. Оның өткір тілі Қамбар төрені де, Кәрібай болысты да шенеген. Кедей ақынды менсінбеген Қамбар мен Кәрібайдың тәкаппарлығын бетіне басады, болыстың парақорлығын айтады.

Жанақ жырларында ақынның өз бет-бейнесін апарлық жолдар да көп. Ол өзіне байланыстырып, ақынды еркелеткен, оның сөзін бағалаған халықтық дәстүрді жырға қосады. «Ер көңілді, ерке өскен Жанақ едім», «Қыран ем ойдан ұшқан құздағы аңға, іркілмей өлең айттым хан, қараға» тағы басқа өлең жолдарында ол сынап, шенеп отырған ел басшыларына өзін қарсы қояды.

Мен едім Айдаболға келген Жанақ,
 Болатын жетім қозы алмас сағақ.
 Қырағың қыран болса, мен – бірімін,
 Қиядан аққу ілген мұзды балақ, –

Ала қанат қыранмын анды қоймас,
 Санды палып, мыңды алса, жемге тоймас.
 Ала қанат сол қыран қалықтап жүр,
 Түйғын, аққу көл кезіп болмай сайлас¹⁷, –

дейді ол тағы бір өлеңінде.

Жанақ ескі ақындық дәстүрді ұстап өмірінің көбін ат үстінде, ел арасында өткізген. Оларды өлең-жырға кенелтіп, көңілін көтеріп

¹⁶ Сонда, 184-б.

¹⁷ Сонда, 186-б.

отырған. Елдің сый-сияпатын көрген. Сондықтан оның өлендерінің көбі арнау күйінде, белгілі бір жағдайларға байланысты туған. Бұл ақынның суырып салып айту шеберлігіне қоса, кездескен жайға, құбылысқа қолма-қол үн қосуын да көрсетеді.

Жанақ айтыстары-ақындар бас қосқан жиындарда сөз таластыру, ұтымды сөз айту өнерінің жарқын бір көрінісі. Оларда үлкен әлеуметтік мәселелер көп сөз бола бермейді, ақындар әр қайсысы өз елін, руын, өзін көтере сөйлеп, қарсыласына өз рухын үстем етіп көрсетуге тырысады. Мысалы, Жанақ Түбекпен айтысында:

Деген соң менің атым – ақын Жанақ,
Шалбарым бес теріден сеңсең балақ,
Ашуыма көп тиме, балам найман,
Ашулансам кетермін иттей талап¹⁸, –

дейді. Жанақ, көбінесе, тапқыр сөздермен, ұтымды ойлармен жеңіп кетіп отырады. Бұл да ақындық шеберліктің белгісі.

Садырмен қақтығысында қонақ ақын қой соймай, ешкі сойғанына риза болмай, Жанаққа сараңсың деп тиіседі. Сонда Жанақ:

Тоқты мен ешкінің қаны бірдей,
Жақсы менен жаманның жаны бірдей.
Төренің буы соққан аңғал ақын,
Бос лепіріп сөйлейсің мұны білмей.
Қонаққа мал соям ба, сараң болсам,
Құдай Жанақ қыла ма жаман болсам.
Сатбай деген бір бай бар, әне сараң,
Не жегенің білер ем соған барсаң.
Өз етім өзіме олжа, жемей-ақ қой,
Өңешіңнен ет өтпес ешкі сойсам¹⁹, –

деп ұтып кетеді.

Осындай таластардың бірінде жас Сабырбай ақын қарт Жанақты сөзден тосады.

Еліңнен кім айтады елім кем деп?
Айтасың, өгірікті сонша мін деп.
Еліңіз қазақ асқан бай болғанда,
Қалай келдің биеге қобыз тендеп.

Сөзім бар соққан желдей, жанған өрттей,
Сандырақ кейбір сөзің сүзек дерттей.
Арғының сонша асқан бай болғанда,
Не ғып жүрсің қасыңа жолдас ертпей²⁰, –

¹⁸ Айтыс. 2-т., 260-б.

¹⁹ Сонда, 239-б.

²⁰ Сонда, 30-б.

дейді ол. Сөзден ұтылған Жанак тоқтайды. Сөз мәнін түсіну, одан ұтқан, ұтылғанын байымдау да – ақындық қасиеттің белгісі. Бұл – Жанак ақындығының үлкен бір үлгі тұтар қасиеті.

Жанак – ескі халық жырларын айтушы, кейінгілерге жеткізуші есебінде де белгілі ақын. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бір нұсқасы бізге Жанак арқылы жеткен. Мұхтар Әуезовтың айтуынша, Жанак бұл жырды бұрынғы аңыз-әңгімелерге сүйене отырып, қайта жырлаған. «Осы жырдың өзінде-ақ Жанакқа «қайта жырла» деп тыңнан айтқызған Сыбан төресі Солтабай деген де сөз бар», – деп жазады Мұхтар Әуезов. Жанак осының аулында жатып, жырды бітіріп, ат-шапан сыйлық алып кетіпті дейді. ... Жанак жырының сол сыбан ішінде туғандығына дәлел – осы жырдағы жер аттары. Сыбан – Семей, Жетісудың жапсарында, Аягөздің маңын мекен еткен ел. Жанак тындаушысына жырды ентелеп жақындату үшін оқиганың ең үлкен бөлімін – Қарабай жайын осы Аягөзге әкеп көрсетеді²¹».

Осы жырға арналған зерттеуінде М.Әуезов: «Жанак нұсқасының тілі «Қозы Көрпеш – Баян» нұсқаларының көбінен көркем²²», – дейді. Эпосты талдауын да Жанак жырынан бастайды. Сонымен бірге зерттеуші Жанак нұсқасында «реализм басым» екенін, қазақтардың көшпелі тұрмысынан, рулық қауымдағы адамдардың өзара қиын-қиылы қарым-қатынастары дастанда кең де көркем бейнеленгенін, табиғат суреттері де әсерлі, әрі мол қамтылғанын атап көрсетеді. Образдарының жасалуы, нанымдылығы тұрғысынан да М.Әуезов Жанак нұсқасын жоғары қояды. «Жырдың Жанак нұсқасында, – дейді ол, – сараңда қарау Қарабайдың, кекшіл, қара жүрек Қодардың, махаббаттан айнымас, адал Баян мен Қозының образдары жан-жақты әрі тұтас күйінде жасалған²³».

Мұның бәрі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ақынның өзі жырлаған нұсқасын Жанақтың төл шығармаларымен қатар қарастыруға болатындығын байқатады.

Жанак өзінің өткір де тапқыр жырларымен, айтыстарымен, «Қозы Көрпеш – Баянды» әдемі жырлауымен өз дәуірінің озық ақындарының қатарынан орын алады. Оның қобызға қосылып суырып салып айтатын өнері де әдебиет тарихында сирек ұшырайтын құбылыс. Жанак мұрасын түгендеп жинап, бастыру, зерттеу – алдағы күннің кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі.

Жанак Сағындықұлы – қазақ әдебиетінің тарихындағы үлкен орны бар ұлттық сөз өнерінің майталман шебері, дара бітімдегі дарын иесі.

²¹ М. Әуезов. А., 17-т., 1985, 257-б.

²² Сонда, 250-б.

²³ Сонда, 241-б.

АБЫЛ ТІЛЕУҰЛЫ

(1777-1864)

Бұқара арманын өз шығармаларының өзекті идеясы еткен қазақтың көрнекті суырыпсалма ақындарының бірі – Абыл 1777 жылы Маңғыстау түбегіндегі Бозащы мекенінде туып, 1864 жылы 87 жасында қайтыс болған.

Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорындағы (1121-папка) деректер негізінде 1982 жылға дейін Өтембетұлы делініп келді. Шежіреші Алшын Мендәлиев пен ақынның туысы Молдағали Түрікпенбаев мәліметтері бойынша Абылдың өз әкесі Тілеу, атасы Өтембет екені анықталды¹.

Абыл туралы айтқанда басын ашып алуға тиіс бір мәселе бар. Біреулер «ол әрі ақын, әрі күйші болған» деседі. Маңғыстау қазақтары арасында Абыл есімді ақын да, күйші де болған. Ел аузындағы Абыл күйші туралы аңыздың толық нұсқасы академик А.Жұбановтың «Ғасырлар пернесі»² зерттеуінде берілген. Ә.Тәжібаевтың «Абыл» поэмасына³, Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесіне⁴ негіз болған да осы аңыз. Бұл аңызды кәрі құлақ қариялар Абылай күйші туралы деседі. Қазіргі Абылдың күйі «Абыл» деп тартылатын күйді біз «Абылайдың қоңыр күйі» дейміз. Абылай күйшінің аулы қырда (Үстірт үстінде), түркімендерге шектес, қоныстас болған. Ал Абыл ақынның күйшілігі жайында естігеніміз жоқ. Оның ауылы үнемі Маңғыстаудың «Ойын жайлаған», – дейтін халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов. Расында күйші Абыл мен ақын Абыл бір

¹ XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. А., 1985, 298-б.

² А.Жұбанов. Ғасырлар пернесі. А., 1958, 206-209-бб.

³ Ә.Тәжібаев. Шығармалар. А., 1959, 252-258-бб.

⁴ Ә.Кекілбаев. Дала балладалары. А., 1968, 3-90-бб.

түбекте, бір заманда өмір сүрсе де олардың жас жөнінен едәуір айырмашылығы бар. Ақын Абыл 1777-1864 жылдарда, ал күйші Абыл 1820-1892 жылдарда өмір сүрген. С. Жанғабыловтың «Күйші Абылдың шын аты Абылай скен» дегенін А. Жұбанов «Ғасырлар пернесі» атты еңбегінде жазады⁵. Атақты композитор күйші Абылдың әкесі Тарақ екенін, ал оның әуелгі аты Абылай, кейін үй-іші Абыл деп кеткендігін айта келіп: «Кейбір ауыз әдебиетін жинаушылар Абыл әрі жүйрік жыршы, әрі композитор-ақын да болған деседі. Бірақ бұл әңгімелерді бекіте түсетін бізде ешқандай материал жоқ»⁶,— дейді. Келтірілген деректер екі Абылдың да болғанын, олардың екеуі де шын өнерпаздар екенін танытады.

1942 жылы дәуіріміздің атақты жырауы Мұрын Абыл Тілеуұлы туралы бірқатар маңызды деректер айтқан: «Менің әкем Сеңгірбек Абыл ақынның үйінде зергерлік құрып жатқан уағында:

– Сіз қалай ақын болдыңыз? – деп сұраған екен.

Сонда Абыл:

– Отыздағы кезім, ерте қой өргізіп келіп, ұйықтап қалсам, біреу бір сұйық нәрсені аузыма құйып жіберді, жұтып жібердім. Ояна келсем, кеудемді өлең сөз кернеп барады екен. Осыдан былай қарай ақын болып кеттім», – депті. Сондай-ақ Мұрын жырау Нұрым ақыннан естіген мына әңгімеге де құлақ салалық. «Абылдың әкесі айтатын еді, – деп бастайды екен сөзін Нұрым. – Түркімен Мақтымқұлы: түсімде Абыл және қарақалпақ Қаңлы руынан Ақтажы деген ақын қыз үшеуіміз бір жерде кесемен ас іштік. Қызбен екеуіміз кесенің ішіндегі асын іштік те, Абыл кесені жұтып қойып еді. Абыл бізден кейін ақын болар, бірақ ақындығы артық болар деген екен»⁷.

Мұндай аңыз-әңгімелердің негізгі түйіні наным-сенімге негізделгенін, түсінде ғайыптан ешқандай ақындық келіп қонбайтындығын, мұндай жай өнерпаз жастың жан-дүниесімен ақындық өнерге құмартуының әсері екендігін Е.Ысмайылов «Ақындар» атты еңбегінде келісті дәлелдеп береді⁸. Және осы тектес аңыз-әңгімелер өнер адамын арқалы, құдіретті, ұлы етіп көрсеткісі келген ниеттің, оны қадір тұтудың белгісі болып табылады.

Мұрын жыраудың берген деректеріне жүгінсек, Абыл қоныстас қарақалпақ, түркімен ақындарымен жете таныс болған. Олар мұның дарындылығын, ал бұл Мақтымқұлы жырларын бағалай білген.

«Абылдың Махамбеттің жұмбағын шешуі», «Үш ақынның

⁵ А. Жұбанов. Аталған еңбегі. 210-211-бб.

⁶ Сонда, 213-б.

⁷ ҚР ОҒК қоры. 1121-папка. 1-б.

⁸ Е. Ысмайылов. Ақындар. А., 1956. 76-б.

өздерін таныстыруы», «Шерниязға айтқаны» деген материалдарға қарағанда, Абыл замандас ақындарының ішінде Махамбет, Есенбақ, Шернияз, Нұрым сияқты аты шулы сөз зергерлерімен достық байланыста болған. Олардың бірқатары мұның ақындығынан өнеге алған. Махамбет, Шернияздармен пікірлес Абыл халықты аяусыз қанаған Баймағанбет Айшуақов, Қайыпқали Ешімов сияқты озбыр сұлтандарды жалтақсыз әшкерелеп отырған. Исатай, Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі жеңіліс тапқаннан кейін көтеріліске қатысқандар мен соған пікірлес болғандарды қатаң жазалаған, ауыр жылдарда Абыл да біраз қуғын-қудалау көрген.

Ақынның Қаным дейтін жұбайынан Арыстан, Артығалы есімді ұлдары, Қырмызы, Қытайы деген қыздары болған. Оның Арыстаннан өрбіген әулетінің бірқатары Маңғыстауда.

Абылдың бізге жеткен мұрасы 350 жолдай терме, толғаулары мен шағын айтыстары⁹. Ақын жырлары алғаш «Сана» (Ташкент, 1924, №2-3) журналында, кейін «Коммунистік еңбек» (Гурьев, 30. 7. 1967), «Жұмысшы» (Красноводск, 22. I. 1972), «Коммунистік жол» (Шевченко, 13.I. 1983) газеттерінде, «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (А., 1967), «Ақберен» (А., 1972), «Өсиет-нама» (А., 1982), «Бес ғасыр жырлайды» (А., 1984), «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» (А., 1985) жинақтарында жарияланған.

Қазақстанның Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында Абылдың бірқатар терме, толғаулары бар.

Абыл 1960 жылдан бері жоғарғы оқу орындарының бағдарламасына еніп, бұқара мүддесін жырлаған ақындар қатарында насихатталып келеді. Бұрын ол жайында жекелеген еңбектер мен мақалаларда оқта-текте ғана аталған болса, соңғы кезде жарық көрген бірқатар зерттеулер мен оқулықтарда оған тараулар берілді¹⁰.

Ақын жырлары өз дәуірінің тарихи шындығын елестетеді.

Оның терме, толғаулары сол кездің нақты жағдайларына байланысты шығарылған.

Абыл өмір сүрген кезең – ел өміріндегі елеулі оқиғалар дәуірі. XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанның батыс аймағында хан қанауына төзе алмаған Бөкей шаруаларының

⁹ XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. А., 1985. (Бұдан былай Абыл жырларынан келтірілетін үзінділер мен мысалдардың бәрі осы басылым бойынша беріледі).

¹⁰ Қ. Сыдықов. Ақын жыраулар. А., 1974. 22-51-бб.; Х.Сүйіншіәлиев. XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті. А., 1980. 51-53-бб.

көтерілісі, Хиуа феодалдарының езгісіне қарсы бұрқаған бұқара ызасы үдей түсті. Еңбекшілер шектен тыс алым-салықтан бас көтере алмады, рухани езгіде болды.

Кіші жүз қазақтарының бірқатар рулары (Табын, Адай, Шекті) сауда айырбасы, қоныс тарымшылығы жөнінен ХVІІІ ғасырдың аяғы мен ХІХ ғасырдың елуінші жылдарына дейін Хиуа хандығымен байланыс жасауға мәжбүр болды¹¹. Хиуа ханы оларға ауыр салықтар салды. Төлемегендер хан қаһарына ұшырады. Жұрт осы ауыр талапты орындаудан бас тартқан кездерде Хиуа бектерінің жасақтары қазақ ауылдарын шауып, дүние-мүлкін тонап, әйелдері мен балаларын тұтқын етті. Қоқан және Хиуа феодалдарының зорлығынан қашқан қазақтар орыс қамалдарын пана тұтып, сол жаққа көшіп баратын болды¹². Хиуа ханы Ресей үкіметіне арқа сүйегендерге ерекше қаталдық көрсетті.

Сондай озбырлықтың бір көрінісі – 1832 жылы Хиуа ханы Аллақұлдың Маңғыстау қазақтарына істеген әрекеті. Хиуа билеушілерінің қысымынан шығудың жолы бар деп ұққан Сүйінқара батыр (Үргешбайұлы 1756-1841) 1832 жылы Кіші жүздің батыс бөлігін билеуші сұлтан Баймағамбет Айшуақовқа өздерінің Ресейге қосылатындықтарын айтып уәде береді. Мұны естіген Аллақұл Сүйінқара ауылын және өзге Маңғыстау елдерін үш мың әскер қол көтеріп, аяусыз шапқан. Орыс зерттеушісі С.Г.Карелин сол жылы Орынбор генерал губернаторына жазған хатында Хиуа ханының зекетшілері Бозащыдағы Сүйінқара ауылын шауып, оның екі қызы мен ұлын және отыз әйелді тұтқын етіп, қайта сапарында сол мандағы елді тонап, 300-дей қазақты өлтіргенін хабарлайды¹³.

Тарихи зерттеулер мен ел есіндегі деректерге қарағанда Сүйінқара Аллақұл шапқыншылығына жауапсыз қалмаған. Қоныстас отырған Адай, Беріштің Сүйінқара, Құлбарақ, Жапарберді, Мырзатай сияқты батырлары бастаған 800 адам хан әскерін алты күнде қуып жетіп, үлкен шайқас болады. Мындаған әскерге төтеп бере алмай, Сүйінқара қолының тең жартысы қаза табады, біразы тұтқынға түседі. Аллақұлдың келесі шабуылынан сескеніп, Сүйінқара көп ұзамай-ақ Баймағамбет Айшуақов билеген аймаққа өтіп кетеді. Үстірт пен Маңғыстау түбегінде мұндай көшулер үнемі болып тұрған. Бұл көшулер Маңғыстау қазақтарының Ресейге қосылу көріністері еді.

Мұндай қаһарлы жылдар бейнесі көшпелі ел әдебиетіне өз сәулесін түсірмей қоймайтыны белгілі. Бұқара тілегіндегі

¹¹ Описание Хивинского ханства // Записки РГО, 1851. стр., 95-96.

¹² Қазақ ССР тарихы. А., 1957, 1-т., 336-б.

¹³ Русско-туркменское отношение в ХVІІ-ХІХ вв., Ашхабад, 1962, стр., 269.

ақын, жыраулар ел мұңын, басқыншы, тонаушыларға қарсы халық ызасын шығармаларына арқау етті, дәстүрлі ел қорғау идеясын көтерді. Абыл Хиуа ханы – Аллақұлдың озбырлық басқыншылығына қарсы күрескен айтулы батырларды тебірене жырлаған. Соның ішінде ерекше атайтыны – ел үшін жанын қиған Құлбарақ батырды сонау арғы аталары Итемген, Есболайлар сияқты ел қамқоры ретінде суреттейді. Бұл ертеден келе жатқан дәстүрлі әуен еді.

Сүйінқара батырдың өз дәуіріне лайық ілгерішіл адам болғанын, және оның ерлік әрекеттерін бейнелеу көркем әдебиетте дәстүрге айналды. Абылдан кейін Сүйінқараны жырға қосқан – Ығылман ақын. Ол аты әйгілі «Исатай – Махамбет» дастанында Сүйінді (Сүйінқараны – Қ.С.) жұрт аузына қараған ел ағасы, Исатай, Махамбетгермен дос көңілдегі жан ретінде суреттейді. Ал жазушы Әбіш Кекілбаев «Күй» повесінде Сүйінқараны прототипі (түп тұлға) ретінде алып, нағыз хас батыр образын жасаған. Әнуар Әлімжанов «Махамбеттің жебесі» романында тарихи, әдеби деректерді қорыта келіп, Сүйінқараны Аллақұл әрекеттеріне қарсы күрескен, ел алдында беделі зор, көреген де шешен, ойлы батыр есебінде бейнелейді.

Абыл бастап берген көркем әдебиеттегі Сүйінқара бейнесі тарихи шындықтан алшақ кетпейді, қайта уақыт мұнары перделей бастаған замана шындығын, халық қамы үшін үрдіс әрекетке бел буған батыр қимылын бүгінгі оқушыға елестете түседі.

Абылдың бір топ өлеңдері үстем тап өкілдерін әшкерелеуге арналған («Баймағамбетке айтқаны», «Ақсұңқар сынды шалғын қауырсыннан», «Заманқайым болар, жер ыңыранса», «Қызыл тіл Жиреншедей тілім, тақсыр», «Басында миуа ағаштың сайрар бұлбұл»). Турашыл ақын Баймағамбетке арнаған толғауларында «Сен де Қайыпалдының¹⁴ жолын қуғансың, халықтың қас жауысың» деген пікірді ашық айтады. Бұл – езілген бұқараның қанаушы қауымға өз ақынының жалынды тілі арқылы айтқан ызакегі болатын. Абылдың қуғын көріп, қысымға түсуіне себеп болған да хан, сұлтанды аяусыз әшкерелеген осы туралығы, оның Исатай, Махамбет сияқты халық ұлдарымен үндестігі еді. Абыл Жәңгірмен бақталас болып, Хиуа хандығын паналап жүрген Қайыпқалиға «Хиуа ханының құйысқанына қыстырылған сенің күнің қараң, келешегің бұлдыр» деп айып таға отырып, өзі Ресейге қол артуды құптаған нышан білдіреді. Оның мұндай пікірге келуінің жөні бар еді. Себебі, ол Хиуа хандығы қолшоқпарларының

¹⁴ *Қайыпалды*, Қайбалды-Қайыпқали Ешімов сұлтанды ел арасында осылай атаған //А. Алекторов. Киргизские рукописи // Астраханский вестник. 1894, №1384. стр.,3

бірі—Қайыпқалидың бұқараға көрсетіп отырған озбырлығын, жақсы білетін. Оның куәсі – ақынның көз алдынан өткен, өзі тебірене жырлаған Сүйінқара ауылдарының шабылу оқиғасы. Хиуа хандығының елге көрсеткен зорлық-зомбылығы, Бөкей ордасындағы Исатай, Махамбет бастаған шаруалар бұрқанысы ақынға өз дәуірінің мәнді мәселелеріне зер салып, түйін жасауға, бұқараның досы мен жауын тани түсуге көмектескендігі даусыз. (Абыл мұраларынан сол тұстағы аласапыранға түскен қазақ жұртының тағдыры, Хиуа хандығы мен Ресей империясының отарлаушы қыспағында аласұрған қазақ тірлігі мен заман зары шынайы ақындықпен көрінеді).

Абыл толғамы Қайыпқали мен Баймағамбетке айтқан өлең, толғауларының қай-қайсысында Махамбетпен, Шерниязбен үндесіп отырады. Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» халықтың қас жауына тура атылған жай оғы десек, Шернияз бен Абыл өлеңдері өз стильдеріне лайық кейде ашық, кейде түспалдай келетін сынап, шенеу болып табылады. Олардың қай-қайсысы да ыза-кекке суарылған. Бұл аталған ақындардың әрі пікір, көзқарас бірлігінен, әрі тағдыр ұқсастығынан туған.

Абыл – көне жыраулар дәстүріндегі сөз шебері. Шағын шумақтардан құралатын «Сексеннің біз де келдік жетеуіне», «Отырған қарсы алдымда Қаным-айым», «Сүйекем сапар шекті сексен бесте», «Арғымақ атта сын болмас» сияқты бірқатар өлеңдерінде, «Естірту» толғауында өмір және оның мәні, адамның тірліктегі қадір-қасиеті туралы толғанады.

Адам өмірінің бел-белестерін суреттеу, кәрілік шағы туралы тебірену қазақ ақын, жырауларының көбінде кездеседі. Бұл жәйт, әсіресе, Бұқар, Шал, Сүйінбай, Шәйтім толғауларында шынайы суреттелген. Абыл да «кәрілік» аталатын шағын шумағында адам еркінен тыс «ұрмай-соқпай кісендеп» тастайтын қартайған кездің қатігез мінезін айна-қатесіз көз алдыңызға әкеледі. Аталған ақын, жыраулардан Абылдың бір ерекшелігі – «Қалтақ-құлтақ етіп» тек көп жасап, көп көргендігін айтуында ғана емес, «жаманның жетегіне ермей» адам боп өткен мағыналы өмірді мақтан етуінде. Мұндай ой ақынның «Қар жауар күн-түн оның қабағынан» өлеңінің де негізгі идеясы. Ол мұнда сараң, дөкір, өзіндік пікірі жоқ, азаматтығы кем жандарды мінеп, «от басы, ошақ қасы» қамынан ел мүддесін артық қояды. Ақын жырларының негізгі қағидасына айналған бұл идея философиялық-дидактикалық әуенде келетін «Арғымақ атта сын болмас», «Естірту» толғауларында да дами түсті.

Ойлы мысалдарға толы, ақыл, нақыл насихат күйінде келетін Абыл «Естіртуі» – халық ауыз әдебиетіндегі мұң-шер өлеңдері дәстүріндегі толғау. Әдеттегі «Естіртулердің» кейбір қағидалары мұнда да сақталған. Дегенмен, Абыл толғауы тек естіртуге ғана

құрылған. Ол адам мен табиғат дүниесінің әр саласынан басына іс түскен зарлылар мен қиындыққа кезіккендердің халі туралы мысалдар келтіріп, тебірене толғайды:

Желбезекке жебе дарыса,
Өрге балық жүзе алмас¹⁵...

Осылайша тұспалдай бастап, мысалды бірте-бірте нақты қаза оқиғасына жуықтата түседі. Тындаушыны қаралы хабарды сезуге даярлайды:

... Ай тұтылды ұлысынан,
Күн тұтылды шығысынан...
Емен сапты болат найза,
Сынды дейді ұңғысынан¹⁶.

«Естірту» соңындағы бірнеше жолда ғана қаза хабарын ашық айтады:

Тау құлады шынарынан,
Айрылып шықты көзің шырағыңнан.
Айрылдың Жиреншедей ділмәріңнен.
Көрсен көңіліңнің раушаны,
Көңіліңнің күш-қуаты,
Жүрегіңнің ол дидары,
Көзіңнің ол жанары,
Айрылдың Тілеумағамбет перзентіңнен¹⁷

Мұндай естіртулерден халықтың өлең-жырды жүректегі жараны, көңілдегі қайғыны емдеп, сейілтуші деп қарағандығы сезіледі. Академик М.О.Әуезов сөзімен айтсақ, естірту: «қазақ халқының жан дүниесінің тазалығын, қайғы көріп, қаралы болғанға қабырғасы қайысып, ауыртпалықты бірге көтерісетінін, оның адамның күйініш-сүйініштерін терең сезінген сыпайыгершілігін танытады»¹⁸.

Абылдың бір ғана «Естіртуі» емес, «Сүйінқара батырға», «Құлбарак батырға» аталатын өлеңдері де мазмұн, әуеніне қарағанда «мұң-шер өлеңдері» үлгісінде, шын мәнісіндегі жоқтау. Бізге бұл жырлар ілкі қалпында толық жетпесе де, батырлардың ерлігі мен кісілік келбетін айтып, ұқтырып-ақ тұр. «Ажалға о да көнді-салған іске», «Қайтпады қайран ерлер қауымына», «Барды да, батыр жауда қалыда өлді» деген жолдарда аңсау мен өкініш аралас аза тұтудың әуені айқын аңғарылады.

¹⁵ Бес ғасыр жырлайды. А., 1984, 1-т., 193-б.

¹⁶ Сонда, 194-б.

¹⁷ Сонда, 194-б.

¹⁸ М. Әуезов. Уақыт және әдебиет. А., 1962. 45-б.

Халық ауыз әдебиетіндегі бағзы тұрмыс-салт жырлары үлгісіндегі Абылдың «Той бастарынан» да бірқатар сыр аңғарамыз. Әдетте қыз ұзатудан бөлек, жайлауға қону, батырлардың жауды жеңіп аман оралуы, әртүрлі жағдайлармен көп жылдар бойы ажырасып кеткен елдің қайта табысуы сияқты мереке, қуаныштардың бәрінде той бастар айтылған. Бірақ олардың дені біздің дәуірімізге жете бермеген. Қыз ұзату тойларында айтылғандары неғұрлым ел жадында көбірек сақталған. «Той бастар» тойды ашу, той иесін, ұзатылар қызды халыққа жариялап таныстыру мақсатын көздейді. Ондай жырды ауыл арасының кез келген өлеңші, жыршысы емес, аты әйгілі ақын, жыраулар, қадірлі өнерпаздар айтады. Абыл «Той бастарында» осындай басқа жырлардағы элементтердің кейбіреулері ғана сақталған. Ақын өлеңі тек қыздың көркі мен адамгершілігін суреттеуге арналады. Ол «Сыртыңнан сөз айтпаған дос, дұшпаның», «Бір асыл заманында сендей болар» деп қыздың кісілік парасатын бірінші орынға қояды.

Демек, Абыл өлең, толғауларындағы өзекті мәселе — адамгершілік, ізгілік дейтін гуманистік идея. Оның байыптауынша өмірдің мәні, адамның қадір-қасиеті өз ортасына, халқына сіңірген қызмет, ісімен бағалы.

Абыл шығармаларының бір саласы – айтыс. Олар: «Абыл мен Балдай қыз», «Сушы қызбен сөз жарыстыруы», «Шерниязға айтқаны», «Нұрымды сынауы», «Абыл мен Орақтың қызбен сөз қағыстыруы» және тағы басқалар.

Сыртқы көлемі мен түр ерекшелігіне қарағанда, мұның бәрі түре айтыс күйінде. Ақынның «қарсыластары» көбінесе қыздар болып келеді. Өйткені қыз бен жігіттің түре айтысы ойын-сауықтарда көп қолданылған. Сонымен бірге бұл атақты ақындар үшін де кездескен жерде жедел айтыса кетуге лайық үлгі болғандығын көреміз.

Абылдың әр кезде көп қағысқан ақын қыздарының бірі – Балдай. Өкінішке орай, өлеңде алдына жан салмаған Абылға сөзден есе бермеген Балдай туралы деректер біздің дәуірімізге жетпеген. Бұл жалғыз оған ғана емес, Октябрыға дейінгі қазақ ақын қыздарына ортақ жағдай. Әйел еркіндігін бұғаулап ұстаған кешегі кер заманда ақын қыздардың таланты жарқырап көріне алмай, бүгінгі күнге көбінің бірде-екілі айтыс өлендері ғана жеткен. Олардың өмірі мен ақындығы жөнінде нақты мәліметтер қалмаған. Әйтпесе Абылмен сайысатын Балдайдың, Нұрыммен айтысқан Берішқызының, Бала Оразды өктем сөздерімен састыратын Жібек қыз ақындығының несі кем?

Абыл айтысқандарын баудай түсіріп жүрсе де, Балдайды жеңе алмапты. Ол қызбен бірнеше рет сайысады. Академия қорындағы

кейбір жазбаларда өнер иесінің екеуі де қайымдасу түрінде қисық, қыңыр, анайы тұрпайы сөздермен де айтысады.¹⁹ Әрине, ондай шумақтар Абыл сияқты өнегелі ақын мен қыз Балдай арасында болды деу шындыққа келіңкіремейді. Олар әйел намысын төмендеткісі келген ел арасындағы кейбір керсауыз айтушылардың қоспасы болуы керек.

Біз «Абыл мен Балдай айтысы» деп сөзі көркем, мағынасы ұғынықты, таза ақындық серпінге құрылған «Отырған қарсы алдымда Балдайымыз», «Ақ Балдай, отырмысың ісінді істеп» деп басталатын екі кездесуін ғана есептейміз. «Сақау мен Тоғжан», «Жанақ пен Күнекей», «Сабырбай мен Тойбала», «Күдері мен Ұлбике» айтыстарындағыдай Абыл мен Балдай да, ұзақ уақыт айтысып, бір-бірінің мінін, сөзден сүріндірмек оймен Абыл сол ауыл жігіттерінен ақын қыздың көңілдеc адамын сұрайды. Олар Қабылдың Тіленшісін атайды. Абыл соны тілге тиек етіп:

Отырған қарсы алдымда Балдайымыз,
Бал татыр жесе секер таңдайымыз.
Сендерді жақын-жақын дей береді,
Қабылдың Тіленшісі қандайыңыз? –

деп тосыннан шымшыма сұрақ қояды. Балдай мүдірместен:

Жаз болса – ауылдасым, сусындасым,
Қыс болса – қораласым, қызылдасым.
Қабылдың Тіленшісін бізге қосып,
Басыңыз, Абыл-еке, ауырмасын, –

деп жеңіп кетеді.

Абыл Балдай қызды күйеуге ұзатылғаннан кейін де іздеп барып, айтысып, талай ұтылып жүреді. Тек бір ретте ғана жеңуге мүмкіндік болады.

Енді «Шерниязбен кездесуінің» жайына тоқталайық. Абылдың төкпе ақындығы мен бұлтартпас шешендігінен оның қарсыластары қожа-молла, болыс, билер ғана емес, тіпті замандас ақындары да қаймыға жүреді екен. Бірде ол Кете Шернияз ақынның ауылына келеді. Шернияз атақты Абылға сөз айтуға жүрексінеді де, оның ақындық дарынын байқамақ болып, жеңгесіне бір ауыз өлең үйретіп, өзі бой тасалайды. Абыл кіре бергенде жаңағы әйел үйренген өлеңін лекіте жөнеледі.

Ақын сөз төркіні Шернияздан келгендігін бірден біледі. Сол кезде Шернияз шыға келіп, Абылды арашалаған болып бір ауыз өлең айтады. Сонда Абылдың сөзі сәл қатқылдау шығады:

Өзгеге тартқан жерім жоқ,
Қушық маңдай, шекесіз.

¹⁹ Қазақстан Республикасы ОҒК қоры, 1121-папка, 11-б.

Өзіңмен өзім тең болсам,
Атамды сұрап не етесіз?!
Заманыңда өзі болған жігіттің,
Жеті атасын сұраған жетесіз!

Өлең құрылысына қарағанда, ол екі ақынмен бірдей айтысқандай. Әуелі әйелге, сосын Шерниязға жауап береді. Ақын бұл айтыста да өткір, ұтымды жауабымен, тапқыр шешендігімен, тұтқиылдан төге жөнелетін түре айтысқа үздіктігімен танылады. Өлең сөзге дес бермейтін Абыл талантына риза болған Шерниязға соңынан еріп ел аралайды, одан өнеге алады.

Түрі жөнінен өзге айтыстарынан өзгешелеуі – «Абыл мен Орақтың қызбен сөз қағыстыруы». Мұнда әуелгі сөзді қыз бастайды. Оған Орақ жауап береді. Орақтың орайлы да, тегеурінді жауабынан кейін қыз сөз жарыстырмай сабыр етеді. Сол кезде Абыл айтады. Ол мұнда екі жастың ақындық дарыны тең түскендігін сезіп, оған өзі баға бергендей. Бірқатар айтыстарда төреші тыңдаушы халық болса, қайымдасу ретіндегі бұл сайыста екі ақын өлеңмен пікірлеседі де, төрелігін үшінші ақын береді. Бұған қарағанда, қазақ айтыстарында кездесетін бұл түрді Абыл да қолданып, дамыта түскен.

Абыл айтыстары сөз жарыстыру, әзіл-оспақ, сын түрінде келеді. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» шебер қиюласқан шумақтарынан оның өзіндік қолтаңбасын айқын аңғарамыз.

Енді Абыл шығармаларының көркемдік ерекшелігі мен құрылысы жөнінде бірер сөз. Оның жырлары терең тебіреністен туған көркем де қисынды, өткір де уытты келеді. Ол халық әдебиетінен еркін сусындағанын айқын байқатады.

Қабырғасы қатқан кәрі боз,
Қаржалаған күні жүгіре алмас.
Дүниеде дертті кісі ойнап-күлмес.
Арыса арғымақтың сыны бар ма?!
Азаматта сын болмас,
Арты болса тұяқсыз²⁰.

Ақын өмірден көріп, түйгендерін осындай шешендік толғау, терме түрінде, мақал, мәтел, ақыл-нақыл күйінде береді. Өзіндік сөз тіркестерін жасайды. «Нар жолында жүк қалмас» дейтін халық даналығы оның өлең жолдарына «жүк қалмас артсаң ауыр қара нарға» күйінде кездеседі.

²⁰ Сонда, 194-б.

Ел аузында Абыл айтыпты дейтін «Өлетін аурудың түсі кетеді, жігіт жарлы болса, үйінен кісі кетеді» немесе:

Жалғыздық жаман,
Жарытып ісі өңбейді.
Жарлылық құрсын,
Әйтсе де кісі өлмейді.
Кәрілік бәрінен де жаман екен,
Адамды ұрмай, соқпай кісендейді²¹, –

дейтін мақал-мәтелдер мен шешендік сөздер бар.

«Толы ел-толықсыған көлін тастап», «Жігіттік өтер, кетер – бір қызыл гүл» немесе:

Көрсен көзіңнің раушаны,
Көңіліңнің күш-қуаты,
Жүрегіңнің ол дидары,
Көзіңнің ол жанары²², –

дегендей метафораның ұлғайған түрі де Абылда жиі ұшырасады.

Ақынның кейбір жолдары риторикалық сұрау түрінде бірқажпай шымшыма сын күйінде келеді:

Хиуаның қонышына кіріп кеттін,
Бір уыс болмас игі еді күнің, тақсыр?!²³

Мінсіз, жібектей есіліп келетін өлең жолдарында дыбыс үндестігі мол:

Сүйекем сапар шекті сексен бесте,
Сисенде қалды жатып – аю төсте.

Осы екі жолдың өзінде 8 «с» бар. Немесе:

Ол жігіт отын алар, ошақ қазар,
Отырып отбасында болар мазар.
Сөйлесіп азаматпен ақыл қоспас,
Сөйлесіп қатынымен дертін жазар²⁴, –

сияқты аллитерация, ассонанс ретімен келетін шумақтар да аз емес.

Абыл өлеңдері көбінесе 11 буынды және буын саны ой ағымына бағынған аралас буынды (7,8,9,10,11) жыр үлгісінде. Ол

²¹ Сонда, 198-б.

²² Сонда, 194-б.

²³ Сонда, 196-б.

²⁴ Сонда, 192-197-бб.

ұйқас жағына көп мән берген. Негізінде ерікті қара өлең, аралас ұйқасты жиі қолданған.

Ақын шығармашылығының қайнар көзі – халық ауыз әдебиеті мен көне жыраулар мұрасы. Мұрын жырау деректеріне қарағанда «Қырық батыр» жырын әуелі Сыпыра, одан кейінгі дәуірде Абыл дамыта жырлап²⁵, Қарасай, Қалнияз, Нұрымдарға ұластырған. Ал, олар арқылы Қашаған мен Ақтанға, Қазақбай мен Мұрынға, Қоспақ пен Нұрпейістерге жетеді.

Абыл ерлік дастандарды таратушы ғана емес, сол дәстүрді қалыптастырушы да. Оған куә оның Сүйінқара, Құлбарақ, Жапарберді, Мырзатай батырларды жырлауы. Ығылман ақын да Абыл, Махамбет өнегесімен «Исатай–Махамбет» атты ерлік дастанын толғады. Оның сондағы «Ел елдік» деген толғауында Абыл ақынның ерлік жайында жырлағандығы нақты баяндалған:

Құлбарақ, Жапарберді, Кішкіл Көбен,
Секілді алмас қылыш кескір Көбен..
Абылдың солар үшін айтқан сөзі,
Жад болып бүгінше ескірмеген.

Соларды Абыл ақын баяндаған,
Айтқанымен сөзін көпке жая алмаған.
Ескертіп кейінгілерге өткені үшін,
Кемдікке ерлерімді сая алмаған...²⁶

Ығылманның осы толғауы Абыл туралы деректерді толықтыра түседі. Біз бұл жолдардан Құлбарақ, Сүйінқара, Жапарберді, Кішкіл Көбендердің ел мүддесін қорғаған ерлер екенін, олар Абыл жыры арқылы ел есінде қалғанын тани түсеміз.

Абыл халық өміріндегі мәнді оқиғаларға назар аударып, елдік пен ерлікті толғап, үстем тап өкілдерін аяусыз шенеген өткір жырларымен жұртқа кең танылған. М.Әуезов Абылды халық арманын өз шығармаларына бейнелей білген үздік ақын десе²⁷, Е.Ысмайылов оны шығармашылық дәстүрі өз заманындағы ақын жыршыларды үнемі қызықтырып отырған асқан жүйрік суырыпсалма (импровизатор) ақындардың қатарында атайды²⁸. Қ.Жұмалиев Абылды қазақ жерінің батыс аймағындағы әдеби ортаның ірі өкілдерінің бірі деп көрсетеді²⁹. Абылды өзінен кейінгі көптеген ақындар да жоғары бағалаған. Атырау аймағындағы

²⁵ ОҒК қолжазба қоры. 830-папка, 37-б.

²⁶ Аламан // Қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер. Ташкент, 1926. 73-74-бб.

²⁷ М. Әуезов. Әр жылдар ойлары. А., 1959. – 470-б.

²⁸ Е. Ысмайылов. Ақындар. А., 88-б.

²⁹ Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1966, 2-т., 2-кітап

ақын, жыраулар туралы айтқанда Шернияз: «Адайда – Абыл, Тазда – Есенбақ, үштің бірі өзім-ақ», – дейді екен. Айтулы өнер иесі Қашағанның өзі «Абыл – зергер, Қашаған – ұста, Абыл-екеме сөз жоқ» – деген болса, Әбубәкір Қожахметпен айтысында:

Адайда Абыл, Нұрымдай,
Байбақтыда Сырымдай,
Ат құлағын теңдесіп,
Қайта жауап жазбасақ,
Қожекең менен сүрінді-ай, –

деп Абыл, Нұрым, Сырымдардың ақындық таланттына бас иген. Бұл пікірлер Абыл туралы бірден-бір әділ баға.

ТҮБЕК БАЙҚОШҚАРУҰЛЫ (1780–1870)

Түбек Байқошқарұлы 1780 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданына қарасты Бірінші Май ауылының маңында дүниеге келген. Кейбір мәліметтер бойынша, Түбектің әкесі Байқошқар мен атақты Ақтайлақ би аталас туысқан. Түбек ақын жастайынан Ақтайлақтың тәрбиесінде өскен. Ақын 1870 жылы 90 жасында туған жерінде дүние салған.

Ақындық өнерге жақын Түбек қолына домбыра алып көп жерлерді аралап, белгілі ақындармен айтыстарға түскен. Оның Жанақпен, Тезек төремен, Қуандықпен, Құлмамбетпен, Бақтыбаймен айтыстары айтыс өнерінің айтулы үлгілерінің қатарына жатады.

Суырыпсалма ақындық қабілеті басым Түбек көбінесе осы айтыс өнерінде жиі көрініп, тез танылады. Ел ішіндегі белгілі, ірі ақындармен сөз жарыстырады. Түбек ақынның ел аузында айтыстарының күні бүгінге сақталып жетуі де сол ерекшелігінен болса керек. Суырып салма ақындықтың басты бір сипаты – санаға тез жетіп, жеңіл жатталуында екендігі аян.

Түбек Байқошқарұлы – есімі Арқа мен Жетісу өңіріне кеңінен танымал ақын. Айтыс өнерінде өзіндік орны, ізі бар Түбектің өмірін, шығармашылығын В.В.Радлов, А.Янушкевич, М.Әуезов, Х.Сүйіншәлиев, М.Жармұхамедов, Ж.Тілепов, С.Қорабай, т.б. зерттеген.

Х.Сүйіншәлиев өзінің «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты кітабында ақынның туған-өлген жылдарын 1780-1870 деп көрсеткен¹. Ал, әдебиеттанушы-ғалым Ж.Тілепов Түбек ақын жайлы зерттеуінде: «Қазақтың әйгілі айтыс ақыны Түбек

¹ Х. Сүйіншәлиев. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. А., 1986. 18-б.

Байқошқарұлы Семей облысы Жарма ауданына қарасты «1-Май» совхозының территориясында шамамен 1785 жылы дүниеге келіп, ХІХ ғасырдың 60-жылдарына дейін өмір сүрді»,² - дейді. Демек, ақынның туған, қайтыс болған жылдарын әлі де анықтау керек. Түбек Байқошқарұлы жайлы нақты өмірбаяндық деректер сақталмаған, қолжазбалар қорында ақынның бірнеше өлеңдері мен айтыстары ғана бар.

Түбек ақын жайлы мағлұматтардың арасында поляк саяхатшысы А.Янушкевич кітабында кездесетін аз ғана жазба деректер аса құнды. А.Янушкевич: «Кешкісін бізге Түбек ақын келіп кетті. Бұдан жеті жыл бұрын ол қазақтар арасында даңқы шығып, өлең-жырмен өзінің күй жағдайын едәуір жақсартқан еді... Біз одан өзін Орынбаймен салыстырғанда қалай бағалайтынын сұрадық. Жоғары тап өкілдері де, халық та Орынбайдан артық бағалайтынын ол тайсалмай айтты», – дей келе Түбек ақынның қазақтардың іс-әрекетін, қазіргі жай-жапсарын қаз-қалпында суреттей қоятындығын тандана жазады.³ Осы сөздерден байқайтынымыз – Түбек өз дәуірінің белді де белгілі ақыны болған. Түбектің ақын ретінде қазақ даласына танылуының бір себебі – оның суырып салма айтыскерлігі. Сонымен қатар, ақындық шеберлігінің тағы бір қыры көрінеді. Ол адамдардың портреттерін, іс-әрекетін, көзімен көргендерін бұлжытпай өлеңге түсіре қоятын ұтқыр қабілеті.

«Абай энциклопедиясында» Түбек туралы: «Түбек өзінің суырып салма ақындық өнерімен жас Абайға да үлкен әсер еткен. Ұлы айтыскер ақынды ұстаз тұтып, талантын жоғары бағалаған. Бұл туралы М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясында шынайы суреттеген», – деп жазылған.⁴ Абайдың Түбекті құрмет тұтқанын «Абай жолының» төмендегідей жолдарынан аңғаруға болады: «Қадырбайда үлкен мінезділік, кендік бар. Өзімшіл емес. Осы кәрі ақын есіне алып отырған Садақта, Шүмекте, Барласта да бар сияқты».⁵ Осындағы М.Әуезовтің Қадырбай деп отырғаны – Сабырбай Ақтайлақұлы, Садақ дегені – Жанақ Сағындықұлы, Барлас – Дулат Бабатайұлы және Шүмек дегені – Түбек Байқошқарұлы. Ғалым-жазушы сол заманның талабына сай жоғарыда есімдері аталған ақындарды осылай лақап атпен жазуға мәжбүр болған.

Сол кездегі көпшілік ақындар сияқты Түбек те жоқшылықтың дәмін тартқан. Оны А.Янушкевичтің пікірінен де байқаймыз:

² Ж. Тілепов. ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары. А., 1998.

³ А. Янушкевич. Күнделіктер мен хаттар. А., 1979. 155-б.

⁴ Абай энциклопедиясы. А., 1995, 558-б.

⁵ М. Әуезов. «Абай жолы». А., 1997, 265-б.

«Бұдан жеті жыл бұрын ол қазақтар арасында даңқы шығып, өлең-жырмен өзінің күй-жағдайын едәуір жақсартқан еді. Бертін келе ауру ырысынан айырып, тақыр кедейге айналдырған. Ағайын-туғандар ешқайсысы оны естеріне де алмайды. Барақ қана оған бір түйе береді. Оның бар байлығы осы. Көші-қон кезінде оған сиқы қашқан киіз үйін артады. Жалғыз түйесін «Лауға» әкетіп бара жатқанын айтып, ол бізге шағымданды. Біз оның өнерін қастерлеп, түйесін өзіне қайтаруға уәде бердік».⁶

Түбек, Жанак Сағындықұлы, Тезек төре, Қарқабат, Құланаян Құлмамбет, Бақтыбай ақындармен айтысып, сөз сайыстырған. Бұл айтыстар 1965 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған «Айтыс» атты кітапта жарияланды.

Түбек өзі туралы айтқан бір сөзінде:

Ат дейтін ат менде жоқ, атым Түбек,
Байқарадан шығып ем аттай үдеп.
Байқарадан шығып ек он жеті ақын,
Сабырбайды жеңе алмай жүрмін жүдеп.

Домбыра ски шекті, бір тиекті,
Ауылыңа Түбек деген ақын кепті.
Ақынның өзі кетсе, өлеңі бар,
Бозбала үйреніп ал, аузы етті!⁷ –

депті.

Осы жолдар Түбек өлеңдерінің табиғатын аңғартады. Әйгілі Сабырбай ақынды жеңе алмай жүргеніне налиды. Өзінің жүдеу-жадау тұрмысын білдіреді.

Түбек қартайып, ауырып жатқанда жалайырдан шыққан Бақтыбай ақын әдейілеп іздеп барады. Төсек тартып жатқан Түбек ақынға Бақтыбай:

Келіп едім жүзінді көрсейін деп,
Сәлемін Жалайырдың берейін деп.
Келе ме қозғалуға шама, әлім,
Тыңдаңыз балаң айтқан сөздің мәнін!⁸ –

дейді. Өзінің күші қайтпаған жас кезін аңсап, сағынған Түбек өлендетіп бұрынғы хал-жайын:

Алқыпбас өрге салса, жүйрік едім,
Самсаған шаршы топтан шыға салған.
Шаңымды көрмеуші еді қыр астында,
Келгенде жарысқалы талай бағылан,⁹ –

⁶ А. Янушкевич. Күнделіктер мен хаттар. А. – 1979. 154-б.

⁷ Толғанбай мен Түбектің айтысы. «Орталық Қазақстан». 31-наурыз, 1999, 6-б.

⁸ ӘӨИ қолжазбалар қоры. №425-папка (Қ. Жапсарбаевтың айтуына).

⁹ Сонда.

деп есіне алады. Басын көтеріп отырған Түбек ақын жас келініне көз салып отырған Бақтыбайға:

Жігітсің сары алтындай жүрген балқып,
Жастықтың маңдайында шамы шалқып...
Көрінсе көк құнажын мөңіреген,
Жол болсын, қаңғып жүрген тана шартық.

Сарнаған қайдан келдің сары тайлақ,
Ұстап ем сан түлкіні қолмен байлап.
Дегенді ақын Түбек білмеймісің,
Сен түгіл әлемге де атым айғақ.

Бақшада есек кезіп келе жатса,
Ештеңе ұқтырмаған бұлбұл сайрап.
Сан жерде сан буырпын кездескенде,
Өркештей жұтып едім талай шайнап...¹⁰—

деп айбат көрсетеді. Қартайған күннің өзінде де Түбек өз бабында екенін, айтыс өнерінің жампозы екенін осылай білдіргендей.

Белгілі әдебиеттанушы Ж.Тілепов XIX ғасыр поэзиясында Шөже ақынға соқырлығы, Жанакқа жарлылығы бетіне мін етіп басылғаны сияқты Түбекке аурушандығы, әсіресе, оның сол кездегі діни ұғымдағы «жады» дертімен кеселді болғандығы көбіне-ақ алдынан кесе-көлденең тартылып отырғанын айтады.¹¹ Қалай дегенмен де Түбектің жадымен ауырып, кейіннен жазылғаны рас. Ол жайлы ел арасында сақталған төмендегідей әңгіме бар.

Сағындым достым Түбек ұстазымыз,
Бір көріп қолыңды алмақ мұқтажымыз.
Мұхиттың дариясындай сөзің терсең,
Өлеңге болмаушы еді қоспағыңыз,¹² —

деп әрі досы әрі ұстазы болған Түбек жайлы жырлаған жетісулық Қарқабат ақын оны іздеп жолға шығады. Алып-ұшып Түбекке жетсе, ол төсек тартып көзін жұмып жатқан екен. Оны көрген Қарқабат:

Жатқаның қайран достым мақұл емес,
Баяғы өзім көрген ақын емес.
Тірлікте бір сөйлесіп аттанайын,
Дүниеден көшкен адам қайтып келмес,¹³ —

¹⁰ Сонда.

¹¹ Ж. Тілепов. XIX ғасырдағы қазақ ақындары. А., 1988, 48-б.

¹² Түбек пен Қарқабат. //Айтыс. А., 1965. 1-т., 135-б.

¹³ Сонда, 136-б.

дейді. Сонда халі кетіп жатқан Түбек көзін жұмған күйінде қолын созып домбырамды әпер дегендей ишарат білдіреді. Домбырасы қолына тигенде сөйлеуге әлі келмей жатып, шалқасынан жатқан бойынша:

Жасымда талай жеңдім бай баласын,
Шырағым, дүние қусаң айналасың,
Танымаймын, дауысыңнан шырамытам,
Айтсаңшы, аты-жөнің қай баласың?¹⁴ —

деген екен.

Қарқабат өзінің атын, көңіл сұрап келгенін айтады. Оған жауап ретінде Түбек ақын өзінің жады ауруымен ауырып жатқанын, оған кінәлі әйелі екенін астарлап білдіреді. Қарқабат қайтып бара жатқанда ол ризашылдығын білдіріп, рахмет айтып, өлеңдете:

Жыианнан жылдам ойла жүрісінді,
Ешкімге білдірмеген сыбысыңды.
Бір ойдан шерім де жоқ, шемен де жоқ,
Барады өлең жарып қу ішімді,¹⁵ —

дейді. Қарқабат кеткеннен кейін еңсесі көтеріліп, ауруынан сәл айыққандай болған, күш жинап отырған Түбекті Найман Танеке батырдың жиынына бара жатқан бір топ кісі тәуіпке көрсетіп, емдеу үшін ала кетеді. Оны Қолаба атты тәуіп емдеп жазады. Жады ауруына душар етіп, қашып кеткен әйелін алып, Қарқабат ақын Түбек екеуін татуластырмақшы болады. Сонда Түбек философиялық ой айтып:

Дүние қуғанменен болмас тамам,
Тең емес өлшегенмен, жүйрік шабан.
Алдына терең жарға жығылады,
Байқамай абайсызда басса қадам,¹⁶ —

дейді. Түбек ақын ауруға ұшыратқан әйелі туралы:

Дүниеге әркім келіп, қайтіп кеткен,
Шерменде өз жазасын тартып кеткен.
Өзінің бір басына қастық етті,
Кім үміт қылады дейсің қара беттен?¹⁷ —

деп, Қарқабатқа әйеліне қайта қосылмайтынын жеткізеді. Қарқабат та дарынды, ой-өрісі кең, тілі шұрайлы ақын. Ол Түбекке:

¹⁴ Сонда, 136-б

¹⁵ Сонда, 138-б.

¹⁶ Сонда, 144-б.

¹⁷ Сонда, 145-б.

Көңілін бұрынғыдай болмаса да,
 Жүреді қызметкер боп отың жағып.
 Кектескен жақсыларға жарамайды.
 Қайтарып алғын, қатыныңды келдім алып,
 Жаны басқа болғанмен тәні бірге,
 Мен келдім бір ашуға қолқа салып,¹⁸

деп ақылға шақырып, әйелімен табыстырады.

Түбектің ерекше айтыстарының бірі – Құлмамбетпен болған айтысы. Құлманаян Құлмамбет – өз заманының озық ойлы, шебер тілді ақыны. Құлмамбеттің өзі өмір сүрген Жетісу жеріне атағы кең жайылған. Тезек төре ауылына Түбек:

Аман-есен жүрсің бе, Тезек төре,
 Елден жылқы қоймаған, кезеп төре,
 Күні-түні жегенің ұрлық еті,
 Ақыретке барасың не деп, төре?!¹⁹ –

деп амандаса келіп, Тезек төренің озбырлығын, әділетсіздігін бетіне басады. Төренің құдайға тәубә етіп, тыныш жүруін қалайтын ақын одан өлгенде ақыретке қалай баратынын білгісі келеді. Түбекке қарсы Тезек төре атынан Құлманаян Құлмамбет шығады. Ол салған жерден өзінің мықтылығын айтып:

Қорықсам бұл ордаға келемін бе,
 Таң қалған қазақ ұлы өлеңіме.
 Қаңғып жүрген Найманның шемен шалы,
 Үйсіннің кез кепсің ғой дөненіне...
 Төремді жеңімесе беремін бе?²⁰ –

депті. Қартайса да әлі бабында жүрген ақын Түбек тоқталмастан айтысып, Құлмамбетке өзінің отты сөздерін айтады:

Құйрығы жоқ қызғыштай қаражағал,
 Ие болып қалыпсың көлге деймін.
 Жотадағы қаңбақсың салмағың жоқ,
 Енді ұшып кетпесі желге деймін²¹, –

деп жауап берген Түбек өзін темір сауытқа теңейді.

Түбек Құлмамбетке бір сөзінде:

¹⁸ Сонда, 136-б.

¹⁹ Тезек, Құлмамбет, Түбектің айтысы. //Айтыс. 2-т. А., 1988, 287-б.

²⁰ Сонда, 288-б.

²¹ Сонда, 289-б.

Тары терген алапта мен бір тауық,
 Айтысуға отыр ма көңілің ауып.
 Әнім мен өлеңімді үйреніп ал,
 Қор қылды кейінгілер бетке шауып.
 Қартайды деп ойлама, бұл Түбекті,
 Қартайғанмен Түбегің – темір сауыт,²² –

дейді.

Түбек осы сөздерді айту арқылы өзінің әлі тұғырдан түспегенін, қартайса да, шабытты шағында екенін білдіреді. Түбек ақынды айтыста жеңу өте қиын. Ол тіпті Құлмамбеттің:

Бай болсаң, Түбек, мұнда жүрсің нағып,
 Қартайғанда мал таптың пайдаланып...
 Келген жерден сөйлейсің өктем-өктем,
 Шамаң келсе жібергін жерге қағып,²³ –

деген өзінің кедейлігін бетіне басып айтқан сөзіне де мүдірмей, жауап айтып құтылып кетеді. Айтыс өнерінің қыр-сырын толық меңгерген, өмірінде көп ақындармен сөз барымтасына түсіп, көбінде жеңген, тәжірибесі, көргені мол Түбек Құлмамбетке жауап ретінде көркемдікпен кестеленген сөздер айтады:

Мендей сенің, Құлмамбет, түрің бар ма?
 Түбек – түйғын, Құлмамбет – ала қарға.
 Түбек айтқан өлеңді жастан дарып,
 Ежелден-ақ бұл Тезек жайын балық,

Сайраушы едім алдында бұдан бұрын,
 Шалқар көлді қорғаның жаман ырым.
 Тезек төрең хан болды қызымды алып,
 Қызыл құлақ құл еді бұдан бұрын.²⁴

Ол Тезектің Түбек елінен қыз алып осылай көтеріліп отырғанын, бәрі сол әйелдің арқасы екенін айтады. Құлмамбет те оған қарымта жауап беріп:

Үйірге бір байталды қостым дейсің,
 Алып кет, байталыңның керегі жоқ,²⁵ –

дейді. Сөзден жеңілмейтін суырып-салма ақын Түбек:

²² Сонда, 289-б.

²³ Сонда, 289-б.

²⁴ Сонда, 290-б.

²⁵ Сонда, 290-б.

Үйірінен айырылған айғыр оңбас,
 Құл мен құтан жайлайды тоқым салып.
 Әңгі айғыры құланның секілденіп,
 Еркегінді бас салар оқыранып,²⁶ –

деп ұтымды жауап береді. Осы сөзге жауап таппай қалған Құлмамбеттің домбырасын Тезек төре жұлып алып, Тезектің күштілігін мойындап, еліне келген қонақ болғандықтан, оған төрт түйе мен бір ат бергізіпті. Ғалымдар С.Қасқабасов пен Т.Әлібек осы айтыс жайлы: «Құлмамбет, Түбек, Тезек арасындағы бұл айтыс аяқталмай қалғанмен де, мазмұнының өткірлігі мен көркемдік сипаты жағынан – оқшау шығарма. Оны ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдарындағы айтыс өнерін дамытуға қосылған айтарлықтай үлес деп айтқан жөн»,²⁷ – дейді.

Түбектің бір тойда отырғанында сол жерде жүрген бір әдемі қызға айтқан мынадай сөзі бар:

Жігітке бақ тұра ма мал тайғанда,
 Береді кім ап келіп жантайғанға.
 Ақын қыз, көңілімді көтерсе айтшы,
 Тұсыңа келіп тұрмын қартайғанда.

Атым жоқ ат дейтұғын, атым – Түбек,
 Келіндер атамайды «күл салғыш» деп.
 Шырағым, көңілімді бір көтерші,
 Тұсыңа балапандай келдім түлеп.²⁸

Қартайса да көңілі баладай ақын өзін балапанға теңейді. Көңілін көтеріп, бойын жазып сергігісі келген Түбек ақын қызға осылайша сөз айтады. Өз кезегінде ақын қыз да тоқтап қалмай, Түбектің өзіне атасындай екенін айтады. Осымен айтыс тоқтап, Түбек ақын қызға:

Ұлың болсын орынды,
 Қызың болсын бұрымды.
 Үйден қадам пыққанда,
 Қылсын құдай жолыңды.
 Қол бастайтын бір ұл тап,
 Той бастайтын бір қыз тап...²⁹ –

деп батасын береді. Бұл жолдар Түбектің әбден қартайса да

²⁶ Сонда, 291-б.

²⁷ *Құланаян Құлмамбет. Сөзімнің қыл сыймайды арасына... А, 1998. 5-б.*

²⁸ ОҒК қолжазбалар қоры. №285-папка, 3-дәптер.

²⁹ Сонда.

өнерден қалмай, ақылынан адаспай, өле-өлгенше өлеңді суырып салып, айтып өткенін танытады.

Түбектің Тезекпен, Құлмамбетпен айтысын жазып алған Мұқаш Байбатыров. Түбектің бұл айтыста да шоқтығы биік болып, Тезекпен Құлмамбетті жеңеді. Әдебиеттанушы Т.Кәкішев редакциясын басқарған «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты кітаптың «Айтыс» бөлімінде зерттеуші Қ.Мәдібай: «Сақталып жеткен айтыстары Түбектің аса әйгілі сөз дүлдүлі болғанын анықтайды. Тезек төре Түбекке үш жүзден асқан Түбек, озған Түбек деп сөйлейтін тұстары бар. Аталған айтыстардың басым көпшілігінде Түбек жеңіп отырған»,³⁰ - дейді.

Тезек төренің Түбектен ыққанын, оның арынына шыдай алмайтынын, Ордаға Түбек ақын келмей тұрғанда өзінің ақындарына:

Түбекке, ақындарым, не дейсіндер?
Ордаға мен болмасам келмейсіңдер.
Түбектен осы жолы жеңілсеңдер,
Ордадан қайтып жеміс жемейсіңдер.

Түбекке хан Тезекті бермеңіздер,
Мін тағып өз басына, көнбеңіздер.
Бұл жолы осы шалдан жеңілсеңдер,
Тірі болып орданы көрмеңіздер,³¹ -

деген қайрау, жігерлендіру сөзінен аңғарамыз.

Ордаға Түбек ақын амандасып кіргеннен-ақ өлеңін төгіп келеді. Ол Тезекті «әм төре, әмбе ұры» деп сынап, оның жомарттығын, мәрттігін мақтайды. Оған жауап ретінде Құланаян Құлмамбет Түбектің кәрілік жетіп, өлуге таяғанын, өлеңді енді қою керек екенін айтады. Бірақ Түбекке кедейшілік те, кәрілік те бөгет бола алмаған. Ол қолына домбырасын алып айтысып, қазақтың кең даласын емін-еркін аралап, өнерін дамытуды өмірінің мақсаты деп білген. Ол Құлмамбетке:

Құлмамбет, дөнен айғыр сен бе деймін,
Сен айғыр бола қапсың демде деймін.
Қара жағал қызғыштай құйрығы жоқ,
Мен жоқта ис бопсың келге деймін.

³⁰ Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. А., Қазақ университеті, 2001., 382-383-бб.

³¹ Найман Түбек ақынның Тезек төреге келіп қайтуы.//Тезек төре. (Құрастырған С.Дәуітұлы). А., 1996, 49-б.

Ақын болсаң, айтсаңшы орнын тауып,
Отыр ма айтысуға көңлің ауып.
Айғыр болсаң, ұзаққа ұзамассың,
Ит құтырса, иесін алар қауып,³² –

деп айтады.

Түбектің бұрын жады болып ауырғанынан хабардар Құлмамбет оның осы аурумен ауырғанына кінәлі әйелін ақынның бетіне басады. Сөйткенде Түбек Құлмамбетке «сол кезде көңілімді неге келіп сұрамадың» деп өзіне жабысады. Аурудан айығып, жазылған соң, келіп отырған Түбек ақын:

Найманның Түбек келді, көрдің түрін,
Шалқар көл құрығаны жаман ырым.
Бақ болды Тезегіңе менің қызым,
Сарт еді сары құлақ мұнан бұрын,³³ –

деп Тезектің осылай дәуірлеп тұруы әйелінің арқасы екенін ескертеді. Осы сөзді айтатынын алдын-ала білген, дайындалған Құлмамбет іле-шала:

Біліп ем, осы сөзді айтарыңды,
Келтірме өйтіп, менің сайтанымды.
Қызыңның басқан ізі қыдыр болса,
Алып қайт үйірдегі байталыңды,³⁴ –

депті. Оған ығатын Түбек емес. Осы жерде ол ақылдылығын, көпті көргендігін байқатады. Оның:

Қайтесің Түбекпенен жағаласып,
Тезекпен жақын болдың ағаласып.
Төрені – айғыр, ханымын – байтал дейді,
Отыр ма Құлмамбетті қара басып...

Айырылған үйірінен айғыр оңбас,
Жайласын құл мен құтан желқоз салып.
Жұлғызып жал-құйрығын жауыр болса,
Ие бол, мойнына өзін қағып-
Құланның айғырындай есін жиса,
Бас салсын еркегінді оқыранып,³⁵ –

деген өлеңінде әрі мысқыл да, әрі кекесін де бар. Жеңіл әзілмен астасқан шындық та бар.

³² Сонда, 58-б.

³³ Сонда, 60-б.

³⁴ Сонда, 61-б.

³⁵ Сонда, 61-б.

Енді осы кезден бастап сөз таба алмай қалған Құлмамбеттің орнына Тезек төренің өзі келіп, Түбекпен айтысып кетеді. Сол кездегі айтыстардың ерекшелігі – жеңген ақынға ханның не төренің сый беруі. Тезек төре сөзінде Түбекке бір тоғыз бен қалаған бір қызыңды беремін деп уәде береді. Бұған оңай алдана салатын Түбек жоқ. Ол төрені сынауын жалғастырады:

Қарасын хан жылатпас, батыр Тезек,
Адам жоқ, өлмейтұғын темір өзск.
Зарлатып момындардың малын жесең,
Бір күні өзіңе де келер кезек.

Болғанда тас-таразы, тәңірім-қазы,
Сен дағы сол араға барамысың.
Кісіге кісі ақысы кешілмейді,
Жетер ме шашың тұрсын, тарамысың?³⁶

Түбек басқа ақындар сияқты жалаң мақтап сөз арнамайды. Төренің озбырлығын, халыққа тізе батырып отырғанын, қатігездігін айтып, оны дұрыс жолға түсуге шақырады. Ол – адалдық, адамдық жолы. Түбек төреге Құдайға тәубе ете біл, қанағатты болсаң халыққа жағасың деген ақыл айтады. Тезек төре – Абылай ханның ұрпағы. Елдің басын қосып, бірлік-берекені, халықтың, ұлттың болашағын ойлаған. Хан Абылайдың ұрпағы ұры болса жараса ма? Түбек ақын тереңнен толғанады.

Тағы бір жолы Түбек ақын Тезек төремен айтысуға келеді. Бұл жолы да:

Ассалаумағалейкүм, Тезек төре,
Тұқымыңа келер-ау кезек, төре.
Алып ем, жер бетінде түк қоймаған,
Ынсабын сайтап алған кезек, төре!
Хан Тезек жегеніңмен өтпес деймін,
Теңдік сөз құлағыңа жетпес деймін,³⁷ –

деп батыл сөйлейді.

Ақын – бірінші кезекте ақиқатты, адамгершілікті жырлайтын жан. Ол адамдарды татулық, ынтымаққа, берекеге шақырады. Сөйтсе, Түбек барғанда Тезек төре мен бәйбішесі бірін-бірі талақ қып, араздасып жатқан кез екен. Түбек сонда:

³⁶ Сонда, 63-б.

³⁷ Түбек пен Тезек төре. //Айтыс. 2-т., А., 1988. 291-б.

Түлкінің бәрі ере ме ойыныңа,
Шек бар ма, о, хан ием, тойымыңа?
Алдымен Құдайдан қорық, қайт райдан,
Кір бүгін бәйбішенің қойынына,³⁸ –

деп төрені әйелімен татуласуға шақырады. Осы сөзден соң Тезек төре райынан қайтып, бәйбішесімен татуласыпты деседі.

Түбек Байқошқарұлы әлеуметтік, тұрмыстық мәселелерді шыншылдықпен шығармаларына арқау еткен, дәстүрлі айтыс әндерінің өзінде даралық қолтаңбасын қалдырған дала дарыны. Қазақ өлеңінің даму жолында, айтыс тарихында оның алатын тарихи орны өте зор.

Өз тұсындағы басқа айтыс ақындарына қарағанда, Түбек ақынның сөздері адамгершілік, ақиқат тұрмысындағы береке, адамның сипаттарын алға тарта сөйлеуімен ерекшеленеді. Түбек ақынның айтыстары сол дәуірдегі қазақтың жаңа әдебиетінің көркемдік, тақырыптық-идеялық заңдылықтарымен үндесе шығуымен құнды.

³⁸ Сонда, 293-б.

САБЫРБАЙ АҚТАЙЛАҚҰЛЫ

(1793-1880)

Сабырбай Ақтайлақұлы 1793 жылы бұрынғы Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай және Жарма аудандарының жерлері түйіскен Құндызды өңірінде өмірге келіп, 1880 жылы сол мандағы ата-қонысы Апатай деген жерде қайтыс болған. Сүйегі сонда қойылған. Ол да әкесі сияқты ұзақ жасап, тоқсан жасында дүниеден өткен. Жасынан өткір, өр мінезді, тапқыр, сөзге шешен болып өскен талабы зор баласына Ақтайлақ би үлкен үміт артып, ерекше еркелетіп өсірген. Ақындық талант Сабырбай бойында бала жасында қалыптасып, жыраулық өнерге, ән-күйге құмар болып өседі, кішкентайынан дүбірлі жиын-тойларға қатысып, өз жанынан өлең шығарады.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихында суырып салма ақындық өнерімен ұлттық поэзияның өркендеуіне өзіндік үлес қосқан жыр дүлдүлдерінің ұзын саны екі жүзден асып жығылады екен. Солардың біразы кеңес заманында лайықты бағасын алып, көптеген ғылыми еңбектерде зерттеу нысаны болғандығы, шығармаларының топтама жинақтарға еніп те, жеке кітап ретінде де жарияланғаны белгілі. Тәуелсіздік алған кезеңде ақындық поэзияның ірі өкілдерін жеке зерттеу мүмкіндігіне қол жетіп, арнайы диссертациялар мен монографиялық еңбектер жазылғандығына куә болдық. Сонымен бірге осы көрнекті айтыс ақындары қатарында әлі де жеткілікті көңіл бөлінбей, әдебиет тарихындағы орны анықталмай келген ірі талант иелері де баршылық. Бұл ретте академик М.Әуезовтің «Айтыс өлеңдері» атты зерттеу еңбегінде айтқан: «Айтыс өнерінің жүйрігі болып аты шыққан Біржан, Сара, Майкөт, Сүйінбай, Құлмамбет, Шөже, Жамбыл, Әсет, Ырысжан, Кемпірбай, Манатқыз, Түбек, Сабырбай, Тойбалалар сол шаршы топтың алдындағы сөз жарыстарында жеңіс тәсілдерін үлкен орамды шеберлікпен қолдана білген

ақындар» деген пікіріне сүйенсек¹, осы кілең таланттар шоғырындағы Сабырбай ақын есімі әдебиет зерттеуші қауымға бұрыннан етене таныс.

Дәстүрлі ақындар поэзиясының ірі өкілі болған Сабырбай өзінің өткір жырларымен халқына кеңінен танылып, суырыпсалма ақын ретінде айтыс өнерінің жаңа сипатта дамуына өзіндік үлес қосты, оның ақындық талантын қазақ ғалымдары ғана емес, орыс оқымыстылары да жоғары бағалап, өз еңбектерінде ерекше атап өтті.

Сабырбай Ақтайлақұлы ақындық, шешендік өнер қонған, қазақ сахарасына есімдері мәшһүр кілең тарландар шыққан билер әулетінде туып өсті. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Семей өңіріндегі Жарма, Аягөз аудандарының біраз бөлігін мекендеген найман ішіндегі сыбан руының Жанкөбек тармағынан шыққан төртінші атасы Нарынбай сөзге шешен, әділетті би ретінде белгілі болып, Ташкент шаһарының бір қақпасына басшылық етсе, оның баласы Құттыбай қазақ шежіресінде асқан шешендігі мен көрегендігіне орай «қу дауысты Құттыбай би» атанған. 1760 жылы Абылай хан атынан Пекинге барған алғашқы қазақ елшілерінің бірі. Құттыбайдың Байқара, Ботақара, Боран, Сейтен атты ұлдары шетінен шешендігімен елге белгілі болып, халық оларды «Төрт Құттыбай» деп атаған. Сол төртеудің бірі Байқара би ел басқарған кәсем, жұрт аузында сөзі жатталған шешен болса, оның баласы Ақтайлақ би қара қылды қақ жарған әділ биліктерімен, шешендік дана сөздерімен, ойлы да зерделі өлең-жырларымен бүкіл қазақ сахарасында танылып, бұл талант ерекшеліктеріне қоса елшілік қызметін атқарған көрнекті қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген.

Қазақ тарихында жеті атасына дейін билік үзілмеген мұндай ғажап құбылысқа таң қалған көрнекті қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Мұхамеджан Тынышбаев өзінің «Қырғыз-қазақ халқының тарихына байланысты материалдар» атты зерттеу кітабында: «Жанкөбек дейтін найман ішінде ең атақты рудың бірінен саналады. Жанкөбектің ұлы Нарынбайдан бастап Жұмаханға дейін 7 ата бойы аса көрнекті билер бірінен соң бірі болыпты. Мұның өзі қазақ тарихында болмаған құбылыс. Жанкөбектің немересі Құттыбай (Қу дауысты Құттыбай) аңыз бойынша Тәуке хан тұсында Ташкентті билеген. Оның ұлы Байқара болса, Орта жүздің атақты биі арғын Қазыбектен кейін Орта жүзде бірінші би саналған, оның ұлы Ақтайлақ би де атақты кісі болған, оның ақылды шешімдеріне салт бойынша бекіген заң

¹ М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. А., 1985, 17-т., 298-б.

ретінде қарап, соңғы кезге дейін жүгінген» деп ерекше атап өтеді².

Ақтайлақтың балалары Әкімбай, Кеңесбай, Жарасбай, Сабырбай да әкелеріне тартып, сөзге шешен, би болыпты. Зерттеу өзегі болып отырған Сабырбай ақын есімі осы Байқара әулетінен шыққан он жеті ақын аңызына байланысты жиі айтылады. Ел аузында бұл аңыз «Сыбаннан шыққан он жеті ақын» деген сөзбен таралған. Тарихы тереңге бойлаған бұл аңыздың пайда болу себебін, кең көлемді ауқымын анықтау үшін кейбір деректерге назар аударалық. Бұл – халық арасына кең тараған жай ғана аңыз немесе дақпырт емес, нақтылы болған оқиға. «Он жеті ақын» аңызы атақты Жанақ ақын мен бала айтысына байланысты шыққан. Ақиқатында, ХІХ ғасырдың бас кезінде осы бір әулеттен шыққан 17 ақынның атақты жыр жүйрігі Түбек бастаған он алты ақынын әйгілі Жанақтың бірнеше күн айтысып, ойсырата жеңгені, тек он жетінші бала ақын – Сабырбайдан жеңілуі шындық.

Он жеті ақынның Жанақпен айтысына М.Әуезов жете мән беріп, айтыстағы ақындық дәстүр, жоралғы туралы: «Жол бойынша екі ақын айтысса, солардың сөздерін кейін ретке салып, көпке жайып дұрыстығымен дәл айтып беру: жеңген ақын емес, жеңілген ақынға міндет болған сияқты» деп айта келіп: «Жанақпен найман ішінде бастығы Түбек болып айтысқан он алты ақын тегіс жеңіледі. Тек он жетінші, бала ақын (Сабырбай ғана) Жанақты тоқтатады» деп мысалға алады³.

Бұл айтыс бүкіл қазақ даласына ғана емес, ХІХ ғасырда орыс ғалымдарына да белгілі болған. Орыстың көрнекті түркітанушы-ғалымы, этнограф, аудармашы В.В.Радлов өзі құрастырған «Оңтүстік Сібір мен Жоңғар даласында тұратын түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» жинағының тікелей қазақ әдебиетіне арнаған үшінші кітабына он жеті ақынның Жанақпен айтысынан үзіндіні әдебиет үлгісі ретінде бекерден бекер енгізбесе керек⁴. Сол сияқты халқымыздың ұлы ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин де өзінің 1879 жылы шыққан атақты «Қырғыз хрестоматиясы» кітабының «Әртүрлі өлең, жырлар» тарауына халық ауыз әдебиетінің балаларға лайықты көрнекті үлгісі ретінде Жанақ пен бала айтысын, яғни Сабырбаймен айтысын енгізген⁵. Айтыс осы кітаптың 1906 жылғы түзетіліп толықтырылған екінші басылымында қайта жарияланды. Жанақ пен Түбек айтысы

² М. Тынышбаев. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925., стр. 72.

³ М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. А., 1985. 17-т. 284-б.

⁴ В. Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарской степи, ч. III. СПб., 1870. стр., 29-30.

⁵ Киргизская хрестоматия. Книга первая. Оренбург, 1879. стр., 100.

кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ Сәкен Сейфуллин құрастырған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында жарық көрді.

Он жеті ақынның Жанакпен айтысы Мұхтар Әуезовті қатты қызықтырғанын жоғарыда айттық. Ғалым жазушы ретінде осы жайтқа өзінің «Абай жолы» эпопеясында қайта оралып, «Қияда» тарауына ұлы Абайдың тәлім-тәрбие алған ақындық ортасын ашып көрсететін айшықты эпизод ретінде енгізген. Жазушы өз романында Жанакты – «Садық», Сабырбайды – «Қадырбай» деп екі ақын есімдеріне сәл ғана өзгеріс жасағанымен өзі білген, естіген мағлұматтар негізінде олардың өмірбаяндық деректерін, екі жыр жүйрігі арасында болған айтыс туралы нақты баяндайды. «Садық Қадырбайдың айтуында жай ақын емес. Өзінше бір көреген жан сияқты. Абай осы орайда Қадырбайдың сол Садықпен айтысқанын сұрап еді. «Садық пен баланың айтысы» дейтін Арқаға мәлім айтыс. Сондағы бала осы Қадырбай болатынын Абай жақсы білуші еді. Бірақ Қадырбай ол сөзге көп тоқтаған жоқ.

– Біздің Садекеңмен айтысар шамамыз кәне? Әншейін бір жалғыз ауыз сөздің тұсында болымсыз тосқауыл айтқаным ғой. «Айтысты, жеңді» дейтін сөз емес. Тек қана Сыбанның Шүмек бастатқан он алты ақынын жеңіп отырған соң, мұндағы елдің намыс етіп, көтеріп әпкеткені... - деді де, басқа әңгімелерге көшіп кетті» деген үзіндіден-ақ⁶ жазушы-ғалым «Айтыс өлеңдері» зерттеуінде Жанак пен Сабырбай айтысы туралы айтқан пікірінен алшақ кетпей, болған оқиғаны сол бетінде жеткізеді. Осы үзіндідегі Садық пен Қадырбайдың прототиптерінің (түп тұлға) кім екенін айтсақ, Шүмек дегеніміз атақты Түбек ақын екені бірден білінеді. Шынында сол Түбек бастаған он алты ақын Жанактан жеңілгенде, он жетінші ақын болып тұтқиылдан «намыс етіп» киліккен бала ақын Сабырбай сөзден мүдіртеді.

М.Әуезов эпопеясында сөз етілген ақындар тарихта болған адамдар, негізгі кейіпкерлерден басқалары прототип ретінде алынғанын ескерсек, сол прототиптер Садық–Жанак, Шүмек–Түбек, Қадырбай – Сабырбай болып келеді. Оның үстіне, М.Әуезов ғылыми еңбектерінде де осы оқиғаны ақындық айтыс өнерінің жарқын мысалы ретінде ауызға алады. Олай болса, он жеті ақын шынайы өмірде болған. Бұл сөзіміздің дәлелі ретінде «Абай жолы» эпопеясында Жанак пен он жеті ақын ғана емес, сол ақындардың көшбасшысы Ақтайлақтың есімі өз атымен аталып, оның немересі, Сабырбайдың қызы Қуандық өз есімімен Абай өміріне байланысты суреттеледі. М.Әуезов көркем туындылары

⁶ М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – А., 1985, 3-т., 351-352-бб.

мен зерттеулерінде Сабырбай ақын өмірі мен шығармашылығына ерекше мән беруі жыр дүлдүлінің талантына көрсетілген үлкен құрметтің белгісі болар. Себебі Сабырбай туып өскен жер ұлы ақын Абай ауылымен көршілес болған табиғаты әсем Құндызды аймағы – он жеті ақынға байланысты «ақындар елі» атанған. Абай жас шағында да, кейін болыс болып жүрген кезінде де, ақындар ауылына жиі келіп кетіп жүрген, Сабырбай ақынның ақыл-кеңесіне құлақ асып, әңгімелері мен өлең-жырларын құмарта тыңдаған, өзіне ұстаз тұтып, ерекше бағалаған.

Сабырбай ақын туралы қазақ әдебиеттану ғылымында аз зерттелгенмен, жоғарыда атап өткеніміздей, М.Әуезов ғылыми еңбектерінде сөз арасында болсын атап өтіп, айтыс өнерін дамытудағы талант қырларына, ақындық дәстүр ерекшеліктеріне тоқталады. Ал ақын туралы алғашқы зерттеу талпыныстары 1970 жылдары қолға алынып, «Қазақ совет энциклопедиясының» 9-томында қысқаша мағлұмат берілді⁷. Бұл шағын мақалада ақын өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер толық зерттелмегендігі туралы айтылады. Сол сияқты Сабырбай туралы «Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедиясында» және «Абай» энциклопедиясында қысқаша мақалалар жарияланды. Ал ақын туралы алғашқы зерттеу мақалалар 1988 жылы «ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары» ұжымдық монографиясында жарияланды⁸. «Ақтайлақ-Сабырбай» деген атпен жарық көрген мақала ақын шығармашылығын зерттеудегі алғашқы талпыныс болғандықтан Сабырбайдың әдеби мұрасын жете таныстыра алмады. Ақын туралы деректердің жұтандығы, шығармаларының жүйеленіп жиналмауы бұл жұмысты біраз тежеді. 1990 жылдардың бас кезінде Сабырбай туып өскен Жарма ауданының Үшбиік ауылында құрылған «Насихат» мәдени орталығы (жетекшісі, мәдениет жанашыры Еркін Жұмағұлов) он жеті ақын мұрасын жинап бастыру ісін шындап қолға алды. Осы орталықтың мұрындық болуымен жарық көрген «Ақтайлақ би» жинағына Сабырбайдың әкесі Ақтайлақ бимен сөз қағысы еңсе⁹, 1999 жылы шыққан «Атасы асыл сөздің Ақтайлақ би» жинағында ақынның бірнеше өлеңі, Жанакпен, Байбаламен айтыстары және қызы Қуандықпен сөз қағысы жарияланды.¹⁰

Ақын өмірбаянында әлі күнге дейін бір ізділік жоқ. Оның туған, өлген жылдары әр қилы жазылып келеді. Кей әдебиетте 1775-1865 жылдар өмір сүрген деп, туысы Түбек Байқошқарұлынан бес

⁷ Қазақ Совет Энциклопедиясы. А., 1976, 9-т, 602-б.

⁸ ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары. А., 1988, 233-242-бб.

⁹ Ақтайлақ би. А., 1991. 29-б.

¹⁰ Атасы асыл сөздің Ақтайлақ би. Алматы, 1999. 227-255-бб.

жастай үлкен қылып жазылса, енді бір әдебиетте, Абайдың әкесі Құнанбаймен құрдастығын негізге алып, 1804-1874 жылдар деп көрсетілді. Ақын өмірбаянын зерттеу барысында екі деректің де сәйкес еместігіне көз жеткізгендей болдық. Біріншіден, Сабырбай Түбектен жас жағынан әлдеқайда кіші. Бұл жөнінде атақты Жанақ ақынның Сыбан ішінде Жанкөбектің Байқара табынан шыққан он жеті ақынымен айтысы жарқын куә бола алады. М.Әуезов жоғары баға берген осы айтыста ұлы жазушы жазғандай, Жанақпен найман ішінде бастығы Түбек болып айтысқан он алты ақын тегіс жеңіледі. Тек он жетінші, бала ақын (Сабырбай ғана) Жанақты тоқтатады. Олай болса, осы айтыс өткен кезде есімі елге танылып үлгерген Түбек ақын отыз жас мөлшерінде болса, Сабырбай он бес-он алты жастар шамасында «бала ақын» атанған шағы. Екіншіден, Құнанбай жасы үлкен ағасы ретінде, әрі қаракөк билер тұқымы мен ел жақсысы ретінде Сабырбайды ерекше құрмет тұтып «Сабекке» деп ізет көрсетіп атаған. Екі игі жақсының ағалы-інілі қарым-қатынастары жайлы «Ақтайлақ би» жинағында (2003) ел аузындағы әңгімелерден оқып, көз жеткізуге болады. Сабырбайдың қызы Қуандықтың ақын Көбдіков Төлеуден туған немересі Қаскен Есенқараевқа Жанақ ақын жайлы айтқан әңгімесінде әкесінің Түбектен біршама жас кішілігін сөз арасында келтіргені мен шежіресі ауыз әдебиетін жинаушы Ғабділахмет Шәкерұлының ел ішінен жазып алған деректері бойынша, Сабырбай - Ақтайлақ бидің елу жастан асқан кезде туған кенжесі екендігін есепке алсақ, Сабырбай ақын жуық мөлшермен 1793 жылы туған болады. Ал қайтыс болған жылын дәлме-дәл айта алмасақ та, ақынның әкесі мен арғы аталарының, өз ағалары мен жақын туыстарының көп жасағандықтарын тілге тиек етсек, Сабырбай 1880 жылы өмірден өткен. Бұған ел аузында сақталған әңгімелерде айтылғандай, ақынның сексеннің орта тұсына келіп көз жұмғандығы дәлел болады.

Сабырбайдың ақындыққа бой ұруы алғашқы өлеңдерінің бірі «Үш қызылдан» басталады. Өлеңнің шығу тарихы да қызық. Сабырбайдың әкесі Ақтайлақ сөзден мүдірткен Бопы төренің Солтабай деген бүркіт ұстайтын саятшы баласы болыпты. Мұнымен тұстас Ақтайлақ балалары оның бұл ісіне қызығып, әкесіне қолқа салады. Ақтайлақ өтінішін Бопы екі етпей, Солтабайдың қарсы болғанына көнбей, бүркітті бергізеді. Бүркіт біреу, бала болса төртеу. Ортада талас болатынын білген Ақтайлақ: «Бүркітті үш қызылдың не екенін шешкендеріңе беремін» депті. Сабырбайдан басқа балалары беталды жауап қайтарады. Сонда Сабырбай тапқырлық танытып, өлеңмен дәлме-дәл шешіп берген екен:

Жан тартып жақыныңмен аңға барма,
Қызартар қызыл түлкі дауға қалма, –

деп бірінші қызыл туралы айтып, келесі бір шумақта:

Біреуі үш қызылдың қызыл қырман
Әр адам еңбек қылып егін салған, –

деп нағыз еңбек қазаны – қырманда қызыл тер төгілетіндігін жырлай келіп:

Біреуі үш қызылдың қызыл желск,
Білмеймін болса қызыл бұдан бөлек.
Үш қызыл білуімше осы үшеуі,
Қызғанып бұл үшеуін неге керек¹¹

деп үшінші қызылдың жауабын дұрыс айтып, өзінің ақындық талантын байқатады. Ақтайлақ кенже ұлының жауабына қатты разы болып, өлең жолдары арқылы сол бүркітті болашақ ақын баласына тарту еткен екен. Бұл сынның өзі Ақтайлақ бидің балаларының талант көзін ашып, ақындыққа баулудағы ұстаздық әдісі болса керек.

«Үш қызыл» өлеңінен кейінгі Сабырбай өмірі серілік құрып, өлең шығарумен, ақындар айтысына қатысумен өткен. Қай жерде думан-той, көңілді кеш, сол жерден бір қолында бүркіті, екінші қолында домбырасы бар, соңына тазысын ертіп, жақсы әсем ат мінген Сабырбай өзі сияқты өнерлі жора-жолдастарымен табылған. Бүкіл өмірін ән-жырмен өрнектеп, ел құрметіне бөленген Сабырбай ақынның есімі айтыс өнерімен атағы шыққан. Өз кезеңінің көптеген ақындарымен жыр бәйгесіне түсіп, талай рет жеңімпаз атанған. Сабырбайдың нағыз айтыскер ақындығы атақты Жанакпен айтыста бүкіл дүйім елге жайылған. Бұл жерде тағы да сол Сыбанның Түбек бастатқан он алты ақыны мен Жанак арасындағы айтысқа қайта оралмасқа болмайды.

Кедейшілік зардабын көп тартқан Жанак ақын Сабырбай ауылына жиі келеді екен. Халықты өлең-жырға қарқ қылып, сый-сияпат алып қайтып жүреді. Осы ауылдың он алты ақынымен айтысқан кезде Жанактың қартаң тартқан шағы екен. Себебі, Түбекпен де, Сабырбаймен де айтысқанда «Найман балам», «бала Найман» деп кішірейте сөйлейді. Айтыс атақты бір байдың үлкен асында өтеді. Әрине, он жеті ақынның аттары түгелдей дерлік белгілі емес. Соңғы деректерге қарағанда, ол айтысқа қатысқандар:

¹¹ ҚР БҒМ ӘӘИ қолжазба қоры. №1128-папка. «Атасы асыл сөздің Ақтайлақ би...» 77-78 -бб.

Ақтайлақтың асыранды баласы атақты ақын Түбек Байқошқарұлы, Сабырбай Ақтайлақұлы және тағы басқа Байғара немерелері. Бұл жерде мына жайтты айтпасқа болмайды: он жеті ақынның түтелі дерлік нағыз жыр жүйріктері емес, белгілі бір аймаққа танымал ауыл ақындары. Ішіндегі атышулы, айтыс өнерінің хас шебері Түбек те, одан кейінгісі, аз айтса да біліп айтатын, салмақтап айтатын ұтқыр сөз иесі Сабырбай. Бұл екеуінен басқасын жыр дүлдүлі Жанактың бірер шумақ өлеңнен кейін-ақ ілезде жеңуі осыған саяды. Түбек пен Сабырбайдың Жанакпен айтысы ұнамаған жағдайда жоғарыда аталған өткен ғасыр жинақтарына енбес те еді.

Бала ақын атанған Сабырбай Жанакты қалай жеңген? Шынтұайтқа келгенде, Сабырбай Жанакпен айтысайын деп айтыспаған, он алтыншы ақын Түбек сөз тізгінін беріп, жеңіле бастаған мезетте, ел қолқалап болмаған соң ғана айтысқа қызу кіріп кетеді. Бұл туралы жоғарыда «Абай жолы» романының үзіндісінде айтып өттік. Сабырбай атақты ақынды айтыс үстінде екі рет мүдіртеді. Жанақ Түбекпен айтысында жерінің байлығын мақтан етеді. Түбек Бексұлтан деген төренің «Сексен түйеге артқан жамбысы бар» деп ақын меселін қайтармақшы болғанда, Жанақ: «Кесер бас, жүрер аяқ жылқыңды айтшы, Ұрыдай не қылайын жатқан тасты» деп тойтарып тастайды да, біраз сөз кезегін жіберген соң: «Осы жолы сені жеңіп, Оспаннан тайтұяқ жамбы алып қайтарамын» дегенде, айтысты үнсіз қадағалап отырған Сабырбай килігеді. Айтыс қайта жалғасып, екі ақын өлең сөзден дес бермейді. Сабырбай өзіне келген бір кезегінде жамбы сұраған Жанакты өз сөзінен ұстап:

Күмістен жамбы деген тасым еді,
 Әр тасым бес жүз сомнан асып еді.
 Елімнен келмей жатып жамбы сұрап,
 Ол тас емей атаңның басы ма еді?

деп бір мүдіртеді.

Үлкен дарын иесі Жанақ бұған да меселі қайтпай, өз жерін тағы да мақтай келіп:

Жалаулыдан шығып ем, Ертiс өрлеп,
 Үш жүздің баласына келсең-кел деп.
 Қашан келсем алдымнан бір кетпейді,
 Қарасұр осы неме көлденендеп, –

деп Түбекке қайта шүйлігеді. Сонда Сабырбай қайым айтыс түріне салып:

Жалаулыдан шығыпсың Ергіс өрлеп,
 Үш жүздің баласына келсең-кел деп.
 Байқұс-ау, туу алыстан қалай жеттің,
 Шенепе сексендегі қобыз теңдеп,¹² —

деп осал тұсынан тиіседі. Сабырбай жауабының соңғы жолдары Жанактың осы айтысқа кәрі бие мініп келгенін меңзейді. Сондықтан да Жанак: «Мына бие тақымыма ұнаған соң мініп келіп едім» деп сылтауратқанмен еріксіз айтысты тоқтатып, жеңілгенін толық мойындаған.

Сабырбайдың Жанакпен кездесуі жалғыз осы ғана емес. Кейін де талай рет кездесіп, өлеңмен қақтығысып отырған. Жанак әбден қартайып, кедейшілік зардабын тартып жүрген кезінде өз еліндегі арқа сүйер адамы — Доғал деген бай өледі де, басқалары ақынға қарайласпайды. Сонда Жанак Ақтайлақ ауылында қонақта жатқанда Доғалды жоқтап, қайғырып өлең шығарыпты. Өзі ұстаз тұтқан ақынның еңсесі түсіп, байдың өлімін қайғырғаны көкейіне қонбаған Сабырбай:

Жәкен де сөйлсіді екен жас баладай,
 Дарынып құдай берген басқара алмай.
 Сыбанда мыңды айдаған Жақаш та өлді,
 Доғал өлсе, қайт дейсің, жатсын солай,¹³ —

деп суырып салып өлең айтып, жақтыртпаған сыңай білдіреді. Осы өлеңнен-ақ Сабырбайдың Жанак талантына бас иіп, ұстаз тұтқандығын, ақынды байлықты мансап етпей, поэзияға қызмет етуге, сол табиғат берген талант арқылы күнелтуге болатындығын, іріп-шіріген байлардың өмірінің мәнсіздігін үндегенін толық байқаймыз.

Сабырбай өзінің қай шығармасында болсын, өмір шындығын осылай бүкпесіз айтқан. Ұнамаған жайттар ойына түсіп, шабыты келсе болғаны, кімнің болса да бет ажарына қарамай, тіпті ел билеген үлкен болыс-шонжар, төре болсын, өткір сын жырлары-мен өңменінен өткізе айтқан. Билік өкілдері халыққа жат қылықтар істегенін байқай қалса, әуелі астарлы қалжыңмен тиісіп, соңына келгенде уытты өлең жолдарымен оларды асты-үстің қазып, ел алдында іске алғысыз қып әшкерелеген.

Сабырбай ұзақ ақындық өмірінде алдына жан салмаған жыр жүйрігі болса да, «Сүрінбейтін тұяқ жоқ» демекші, бір рет сүрініп жеңілген. Ол ақынның Байбала деген қызбен айтыста жеңілуі.

Байбала — оқушы қауымға әлі бейтаныс сол Сыбан руынан

¹² ҚР БҒМ ӘӨИ қолжазба қоры. №1128-папка.

¹³ Сонда.

шыққан талантты ақындардың бірі. Өлең-жырмен ерте айналысып, жас кезінен айтыс додасына түсіп атағы шығады. Ел қыдырып, өлең айтып жүрген талай ақын жігіттер Байбаланы арнайы іздеп келіп айтысқанда жеңіліп қайтқан. Сабырбай да ақын қыз есіміне ынтық болып, айтысуға құмартады. Сабырбай бірде Байбала ауылына кенеттен келіп, қыз ұзатып жатқан тойға кез болады. Тойдың бір қызығы сол ауыл ақыны Байбала талантын тамашалаумен болса керек. Сабырбай думанды қызық үстіне қошеметсіз кіруді ыңғайсыз көріп, ат үстінен Байбалаға өлеңмен тиіседі:

Сұңқармын уыз түлек мен шаһибаз,
Сөйлесем, сөзім бейне шыбынсыз жаз.
Оралса талай сұлу тізгініме,
Атымнан түсіре алмай ететін наз, —

дейді өзін бейне бір сұңқарға теңеп.

Тұлпармын, тұмарлаған, шоқтығыма
Ұсынсаң жетпейтұғын қолың қысқа,—

деп келесі бір тұста өзін әсірелей түседі. Енді бірде Сабырбай шыққан ортасын көкке көтеріп орынды мақтан етеді:

Баласы Байғараның Ақтайлақ би,
Ұлына Орта жүздің айтқан нұсқа.
Кенжесі Ақтайлақтың мен Сабырбай,
Одан да жылдам шығып атымды ұста,¹⁴—

деп қыз райын бірден қайтармақшы болады. Байбала да осал ақын емес, Сабырбайдың түйғындай түйіліп келіп тиіскен әр өлеңіне байсалды жауап қайырып, ілезде тойтарып тастап отырады.

Өнер жарысы әуелі кереге арқылы бір-бірін көрмей басталып, содан кейін қыз отырған үйде жалғасады. Айтыс ұзаққа созылып, көпке дейін таразы басы тең болғанымен Сабырбай Байбала қыздан еріксіз жеңілуге мәжбүр болады.

Сабырбай Байбаламен бұдан бұрын да айтысып, сөз қағыстырып жүрген. Соңғы кездесуде Сабырбай өзінің бір қарапайым сөзінен қапы қалып, жеңіліске ұшырайды. Байбала болса, қалжың сөзге өңменнен өткен өткір өлең шумақтарды қарсы қойып ұтып кетеді.

Екі ақын айтысының ұзақ-сонар тартысына Мұхтар Әуезов

¹⁴ Сонда, 235-236-бб.

«Айтыс өлеңдері» мақаласында толығырақ тоқтаған: «Сабырбай ақын Байбала қызбен жігіт кезінде, тынымсыз айтысады. Бірінің бірі қалпысын аңдып, көш жөнекей де, мезгілсіз ертелі-кеш те, түнде де айтысып жүреді. Мал шетінде, түзде кездесе кетсе де, қағысып шарпыса түсіп, ұзақ жылдар жеңісе алмай жүреді. Аяғында Сабырбай өзінің айтқан бір тұрпайы қалжыңы үшін, бұны мұрттай ұшырған, мірдің оғындай ащы мысқыл жауапты Тойбаладан алады да, жеңіледі».¹⁵

Сол кезде-ақ қазақ ақындары арасында жақсы да әділ дәстүр қалыптасқан. Екі ақын айтысып, олардың сөздерін кейін ретке салып, көпке таныту мақсатында дұрыстығымен анық жеткізу–жеңген ақын емес, жеңілген ақынға борыш болған. Сол себепті де аға ақындық салтын берік ұстаған Жанак Сабырбайдан сөзден мүдіргенін, ал Сабырбай болса, Байбала қыздан жеңілгенін ашық мойындап, өз кезіндегі жұртшылыққа, кейінгі ұрпаққа бүкпесіз шындықты айтып отырған.

Бұл жерде суырыпсалма ақындық өнер өкілі Сабырбай табан астында өлең шығара алмағандықтан жеңілмесе керек. Сабырбай ақынның жеңілуі Байбала қыздың ұтымды, ойлы дәлелінен меселі қайтып, кеселді сөздің атқан оқпен тең болуында.

Сабырбай мен Байбала қыз айтысын шеберлік пен ұтқыр тапқырлыққа толы, өткір тіл мен терең толғауларға құрылған Біржан мен Сара айтысы сияқты ақындық өнердің озық үлгісі ретінде Семей өңірі қатты қадірлеп, ұрпақтан ұрпаққа жаттап жеткізген. Айтысты құймақұлақ қариялар, белгілі халық ақыны Шәкір Әбенұлы, жыршы Жұмакүлбай Базарбайұлы, ауыз әдебиетін жинаушы Ғабділахмет Шәкерұлы жатқа жақсы біліп, ел арасына таратқан.

Сабырбай бұқарашыл ақын. Қандай қиын уақытта болсын, халықпен бірге болып, қайғысын да, қуанышын да бірдей бөліскен, көмек қажет болған кезде қолдан келгенін аямай, табан астында өлең шығарып, жыр шумақтарымен жәрдем берген. Сондай бір өлеңі – Барақ сұлтанға арнауы. Барақ – поляк революционері А.Янушкевичтің «Күнделіктер мен хаттар» кітабында есімі үлкен құрметпен аталатын Сыбан еліне билік еткен атақты төре. Бірде ағайындарына өкпелеп, Ұржар деген жерге көшіп кетіпті. Барақ кеткен соң ауылдың берекесі қашады, ұры-қары көбейіп, барымташылық бітпеген ел мазасы әбден кеткенде ақсақалдар Сабырбай ақынды Бараққа жұмсайды. Барақ ақынды қатты сыйлайды екен. Бара салысымен Сабырбай:

¹⁵ М. Әуезов. Әр жылдар ойлары. А., 1959, 322-б.

Алдияр, біздің ауыл Берікқарада,
Жыландай белге соққан екі арада.
Қырықбай қысқа күнде қырық шабады,
Иесіз иен елде ерік бола ма?

деп сөзін бірден өлеңмен бастап, ауылының Қырықбай сияқты барымташыдан көрген қорлығынан хабардар етеді. Көлемді өлеңнің келесі бір шумағында:

Шұбарым, арғымағым, арыстаным,
Сөзге бай, ауыздыға қарысқаным.
Жасықты жанып-жанып тасқа салған,
Болаттың суын тапқан данышпаным,¹⁶ –

деп Барақты ерекше әсірелеу тәсілдерімен суреттей келе ақылға шақырып, иесіз қалған ауылға қамқор көңіл болуын талап етеді. Сабырбайдың ақылға қонымды, өткір тілді жырының екпінімен Барак ұялғаннан жауап айта алмай, еш бөгелместен қайта көшкен екен.

Сабырбайдың ақындық жолын сөз еткенде оның әкесі Ақтайлақты жеке алып қарауға болмас. Әкелі-балалы ақындар поэзиясы үндес, бір мазмұндас. Екеуі бір қоғамдық өмірде тіршілік етіп, екеуі де осы тарихи белдеудің қырсыз жақтарын, халық тұрмысы мен өмірін жырлаған. Ақтайлақ поэзиясына тоқталғанда міндетті түрде оның баласы, әрі шәкірті Сабырбай есімі аталса, керісінше, Сабырбай туралы сөз болғанда Ақтайлақты аттап өтуге болмайды. Ақтайлақ Сабырбайға үлкен ақыл-өнеге көрсетіп, ақындық тәлім-тәрбие беріп отырған. Айтыс өнеріне алғаш баулушы да Ақтайлақ. Екеуі өзара бірнеше рет сөз қақтығысына түсіп, кейде айтысып та қалған. Екі ақын айтыстың әр түрінен жыр сайысына шығады. Мәселен, Сабырбай:

Әй, әке, сан жүйрікті бөгелттің ғой,
Алдыңнан талай топты жөнелттің ғой.
«Атадан ұл озбас» деу бекер екен,
Дәл сізден осы күні мен өттім ғой, –

деп әкесін сөз қағыстыруға шақырып киліккен сәтте Ақтайлақ би:

Ол рас, сан жүйрікті бөгелттім ғой,
Алдыңнан талай топты жөнелттім ғой.
Үйретіп өзінді де қарғайғанша,
Ақыры жүйріктерге теңестің ғой¹⁷, –

деп баласының өректіген көңілін сап тияды.

¹⁶ М. Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 6-т., А., 2001, 284-б.

¹⁷ Ақтайлақ би: Өлеңдер мен толғаулар, шешендік және билік сөздер. Астана, Елорда, 2003, 70-б.

Осы шағын айтыста Сабырбай әке сөзінен жеңілгенін мойындайды. Бұл түре айтыстың қайым айтыс түрі және айтысуға жеңіл түрі. Алғашқы екі жолы айтысушы ақындарға ортақ та, тек соңғы екі жолын өз ой-қиялынан қосу шарт. Сондықтан болар Сабырбайды бала кезінен айтыстың сан-қырлы құпияларына үйрету үшін Ақтайлақ өз баласымен үнемі осы қайым айтыс түрімен өлең сайысына түскен. Мұның өзі Сабырбайға қазақ поэзиясының көне үлгілерімен, жыраулық поэзияның жауһар жырларымен сусындауға, оның соңы – өзінің тың өлеңдерін шығаруға үлкен ықпал еткен.

Кейін әкесі дүниеден көшкенде Сабырбай көпке дейін тоқтамапты. Сонда жиналған жұртшылық: «Әкең көп жасады. Ұлы ұяға, қызы қияға қонды. Несіне жылайсың?» дегенде, Сабырбай ілезде басын көгеріп:

Ұлы қонды-ау ұяға,
Қызы қонды-ау қияға.
Жүз тоқсанға келсе де,
Әкені бала қия ма?¹⁸

деп ыстық сезімге толы жыр жолдары арқылы әкесіне деген сүйіспеншілігін білдірген.

Жалпы алғанда, Ақтайлақ пен Сабырбайдың ақындық зор таланттары кейінгі ұрпақтарына да үлкен ықпал еткен. Жыраулық пен ақындық поэзия сарайынан бастау алған ақындар әулетінен кейін Сабырбайдың өз қызы Қуандық өлең тілге шеберлігімен, от ауызды шешенділігімен аты шыққан. Қуандық үш ұлдың ортасындағы жалғыз қыз екен. Содан болар, Сабырбай еркек баласын көп еркелетпей, қызын ерекше шолжандатып өсірген. Қуандық бірдемеге ренжіп немесе өкпелеп қалған кезде тақпақ пен өленді көңіліне жұбатып, халық ауыз әдебиетінен жырлар айтып берген. Қуандық он үш жастан асқанда бой түзеп, өлең шығара бастаған, жиын-тойлардағы айтыстарға қатысып, ел аузына ілінген. «Тақпақтап сөз қатқан әкесіне тақпақтап жауап беріп, өлеңмен айтқанына өлеңмен жауап берген, қысқасы, Сәбекең Қуандықпен өлендетіп сөйлеседі» деген сөз бүкіл елге жайылады. Қуандық жиын-тойға барғанда, әнші-сері жігіттер оның алдында өнерлерін көрсете алмайды екен, себебі батылдау деген жігіттер ән немесе өлең айтса, ұнамағанын Қуандық өлеңмен тойтарып тастаған. Қуандыққа көптеген бай балалары сөз салғанда, оларды тең көрмей, менсінбепті немесе реті келген тұста бұлғақтап жүрген бай-балалары мен атақты мырзаларын сол жерде суырып салып өлеңге қосып, тәлкек еткен.

¹⁸ ҚР БҒМ ӘӨИ қолжазба қоры. №1128-папка.

Қуандық ақынның өлеңдері мен айтыстары әлі дұрыс жинақталмаған. Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында Қуандықтың Абаймен, әкесі Сабырбаймен, өзінің балаларымен айтыстары және бірлі-жарым өлеңдері ғана сақтаулы.

Ақын өміріндегі елеулі кезең – оның Абаймен кездесуі. «Абай жолы» эпопеясындағы есте қаларлық және ұлы ақынның іштей өсуі мен қалыптасуының аңғарылар тұсы, ел қамын ойлаған ардагер азаматтың сахнаға шығуы – өткір тілді, ойлы жанарлы осы Қуандықпен кездесуі.

Қуандық пен ұлы ақын арасындағы риясыз достық, іңкәр сезім туралы романның Сабырбай, Жанак жайында айтылатын «Қияда» тарауында көркем де шынайы суреттелген. Ақын қыз Абайға сүйіспеншілігін өле-өлгенше айтып өткен. Абай шығармаларын жаттап алып, әнге салып, ел арасына таратқан еңбегін М.Әуезов «Абай Құнанбайұлы» деген монографиясында ерекше атап өтеді. Қуандық та ақындар әулеті дәстүрін одан әрі дамытып, өз балаларына да дарытты. Олардың ішінде Қуандықтың сүйікті баласы, атақты халық ақыны Төлеу Көбдіков ХХ ғасырдағы жаңа сипаттағы халық поэзиясын биікке көтеріп, суырыпсалма айтыс өнерін өркендетуге үлкен үлес қосты.

Сабырбай шығармашылығы өзінен кейінгі ақындарға да игі ықпал етті. Атақты «Біржан-Сара» айтысындағы Сара ақынның жауап өлеңдері тақырыбы мен мазмұны жағынан да, ақындық, тіл шеберлігі жағынан да Сабырбай поэзиясымен үндес келеді. Себебі Сара да атақты он жеті ақын өңірге жақын өлкеде өмір сүріп, Сабырбайды бетпе бет көрмесе де, оның Жанақпен айтысын білген, өнеге тұтқан.

Айтыс өнерінде суырыпсалма талантымен аты шыққан жыр жүйрігі Сабырбай өз туындыларында өзі өмір кешкен озбыр заманының әділетсіз жақтарын аяусыз сынап, қарапайым халық мүддесін қорғады, шаршы топтағы ақындар айтысында жыр шумақтарын орамды қолдана біліп, мерейі үстем болды. Сол себепті де Сабырбай есімінің ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихында лайықты орны бар деп нық айтуға болады.

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ

(1802–1874)

Дулат Бабатайұлы (1802-1874) Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданында (бұрынғы Семей облысы, Аягөз ауданында) туған. Руы Найман: Төлегетай – Қаракерей; Байыс – Сыбан. Сыбанның ішінде Жарасқұл әулетінен шыққан. Жаңа дәуір әдебиетінің аса ірі ақыны. Ол мұсылманша хат білген. Шағатай, түрік тілдерін меңгерген.

Дулат шығармашылығы әр кезде де көзі қарақты филолог–зерттеушілердің назарын өзіне аударып келеді. Оған кешегі кеңестік кезеңнің өзінде қазақ әдебиеттану ғылымының, қазақ тіл білімі өкілдерінің әр кезеңдерде жазған еңбектері дәлел. Дулат шығармаларындағы әлеуметтік - философиялық тұжырымдар, тіл көркемдігі, өлең құрылымындағы жаңалықтары, педагогикалық ой- пікірлері мен танымдық-тағылымдық сипаттары әр қырынан зерттелді. Дулаттанудың негізін қалағандар В.Радлов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев; Дулат поэзиясын зерттеуге елеулі үлес қосқандар: Х.Сүйіншәлиев, Қ.Өмірәлиев, Р.Сыздықова, М.Мағауин, М.Жармұхамедұлы, Т.Қожакеев. Дулат шығармашылығындағы поэтика мәселелеріне қатысты құнды пікір айтқандар: З.Ахметов, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Н.Ғабдуллин, Т.Кәкішев, Р.Бердібаев, Ш.Сәтбаева, С.Қасқабасов, Ш.Елеукенов, Ә.Нарымбетов, Б.Әбілқасымов, Ж.Ысмағұлов, А.Егеубаев, С.Негимов, Б.Омарұлы, т.б.

Дулат Бабатайұлының алғашқы өлеңдер жинағы «Өсиетнама» 1880 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспасынан жарық көрген. Құрастырып, бастырушы Сейілұлы Мәулекей. Кеңестік кезеңде Д.Бабатайұлының өлеңдері 1991 жылы Құлмат Өмірәлиевтің құрастыруымен және алғысөзімен «Замана сазы» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. Өкінішке орай, бұл жинақта Дулаттың көптеген өлеңдері қысқартылып,

заман қалауына қарай екшеліп, құйрық-жалы күзеліп берілгені байқалады.

Тектәуелсіздіктұсында ғана Дулат Бабатайұлы шығармашылығы толық жинақталып, «Өсиетнама» деген атпен 2001 жылы «Ғылым» баспасынан, осы жолдардың авторының құрастыруымен және алғысөзімен жарияланды. Сондай-ақ, ақынның туғанына 200 жыл толуы қарсаңында «Кеудем ақыл сарайы» деген атпен 2002 жылы Астана қаласындағы «Ер-Дәулет» баспасынан жарияланды. Академиктер З.Ахметов пен С.Қасқабасовтың басшылығымен Дулат Бабатайұлының «Тұнық тұма» атты екі кітаптың басын қосқан бір томдық басылым жарық көрді. Оның бірінші кітабы «Өсиетнама» деп аталып, оған ақын өлеңдері топтастырылды. Екінші кітабы «Дулат жырау тағылымында» дулаттанушылардың зерттеу мақалалары топтастырылды. Кітаптың жауапты шығарушысы З.Серікқалиев.

Дулат өлеңдерінің жанрларын, түрлерін айқындағанда, көбіне-көп сонау түркі дәуірінен жалғасып келе жатқан мотивтік, мазмұндық ұқсастықтармен қатар, формалық жағынан да бірдей үлгілердің мол екендігін көреміз. Оның сыры Дулат Бабатайұлы өмір сүрген дәуірдің ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасын жалғаған дәнекер кезеңге тән ортақ құбылыстардың мейлінше айқын дамыған тұсы екендігімен де сабақтас қаралады. Олай болса, тақырып ерекшелігімен байланысты өлең лексикасында айтулы өзгерістер болатыны секілді, оның түрлік (формалық) сипаты да біршама өзгеріске ұшырауы заңды. Себебі өлең форма аясында дүниеге келеді. Мұнда синтаксистік, ырғақтық, сөйлемдік өзгерістер аса көп байқалмайды. Мәселе, негізінен, сөздік қордағы бар дүниелердің жаңа уақытқа, жаңа мақсатқа қарай өзгеше «мінез танытуында».

Дегенмен, бұл жердегі өзгерістерді ақынның өмір сүріп отырған қоғамынан бөліп қарау мүмкін емес. Олай болса, ақын сөзіндегі жаңа сипат ең әуелі қоғамдық сананың өзгерісімен шектеседі. Ал сол сананың сыртқы көрінісі тілде бедерленеді. Бұл қоғам дамуы өлең-өнерге де екіжақты әсер ететініне дәлел болады: біріншісі, сөздің мазмұны, екіншісі, сол мазмұннан туындайтын тіл өрнегі. Өйткені поэзияның, өлеңнің тілі, оның негізгі өзгешеліктері көркем шығарманың идеялық мазмұнын ашу, жеткізу талабына сай қалыптасады.

«Поэзияда тек тіл, сөз ғана көркем емес, ой да көркем, бейнелі. Өлең тіліне көркемдік сипат дарытатын, қуат беретін сол ой-сезім тереңдігі, өткірлігі, әсерлілігі. Поэзия өмір шындығын асқан ойшылдықпен, ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейнелеп суреттейді десек, тіл, сөз – әлгі ақындық, көркем ой-сезімді

жеткізудің негізгі құралы».¹ Яғни, жаңаша сипатқа ие болатын әр сөз ең әуелі жаңа ойдан, жаңа түсініктен тамыр алады.

Өз кезеңіндегі басқа ақын-жыраулар секілді, негізінен, дидактикалық сарындағы шешендік толғау өлеңдерді дүниеге әкелген Дулат сөздерінде қазақтың шешендік өнеріне тән қысқалық, нұсқалық, көркемдік, шыншылдық, турашылдық, алмастай өткірлік, сенімділік, т.б. ерекшеліктер мен мақал-мәтелге тән түйіп айту, образдылық, салыстыру, салғастыру, саралау, нақтылық, ой жұмырлығы секілді қасиеттер қатар көрініп жатады. Өзара туыс, өзара тектес осы екі жанрдың Дулат толғауларында да тоғыса көрінуі қоғамдық ой мен халықтық мүддені көздей айтылған көсемдіктің ішкі буырқанысынан туып, жаңаша мәнге ие болуымен байланысты. Сондықтан ақын өзіне дейінгі көркем сөйлеу үлгілерінің басын біріктіріп, біртұтас өнерге айналдыру мен абстрактылы сипаттағы ой кеңдігін иіп әкеліп, заман сөзіне ұластыруда әу бастан өзіндік ой-тұжырымдарын тағылымдық, танымдық биікке көтеруді көздейді. Осы мақсат негізінде ойдың әсерлілігін күшейтетін суретті жаңа сөз, сырлы саз, кейде тіпті түйдек-түйдек жаңа тіркестер қосылып, бір ғана ой төңірегінде бірнеше тармаққа ұласқан, одан әрі шоғырларға, ұлағатты шешімдерге, шешендікке жалғасқан жаңа шығармалардың тууына мұрындық болған. Міне, басқа емес, шешендік сөздер мен шешендік толғау өлеңдер ортақ сарынды, нұсқалық болып келуінің негізінде қазақ поэзиясына тән осы бір үрдісті ерекшелік жатыр. Соңғы жылдарда әдебиеттану ғылымында поэтика, эстетика мәселелерінің өз алдына объект етіп қойылуында да мән бар. «Поэтика мен эстетиканы әдебиеттің көркемдік ерекшелігі тұрғысында ғана емес, оның идеялық бағытын айқындау құралы ретінде де тану қажеттігі туып отыр».²

Қазақ жыраулары өлең өлкесінде өздеріне дейінгі канондық-үлгілік формаларды бұзып, оның көркемдік жағына ерекше ден қойды. Мысалы, ежелгі дәуір поэзиясы үшін басты нәрсе – даналық ой, яғни нені айту болса, жыраулар үшін ең басты нәрсе сол ой-пікірді қалай айту керек деген биікке көтерілді. Бұдан қазақ жырауларының өз ой-толғауларында терең мазмұн мен көркемдік айшықтарды жымдастыруды мақсат еткені көрінеді. Сөйтіп, олар ой-пікірді тыңдаушыға жеткізудің ұтымды тәсілдерін табу арқылы өлеңдегі әр сөздің мән-мағынасын сезімдік тұрғыдан әсерлендіре түсті.

«Тек, Түр, Жанр – сол асылдың қырына келеді де, түбі бәрібір өнер болып, Қасиет, Көрік, Ұлылық болып қала береді», – дейді

¹ З. Ахметов. Өлең сөздің теориясы. А., 1973, 7-б.

² Б. Кәрібаева. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. А., 1988, 4-б.

Т.Тоқбергенов.³ Бұл өлең-өнердің өзгеше өрнегін тануда тіл кестесі мен мазмұн бірлігін тұтастырып қараудың қажеттілігін көрсетеді. Академик З.Ахметов айтқандай, «бейнелеп айтуға, сұлу сурет жасауға бейімділік – өлең тіліне ең бір тән қасиет. Алайда, суреттеу баяндаудың көрнекілігі, дәлдігі, нақтылығы, көркем образ жасау мақсатына сәйкес келіп, суреттеп отырған құбылыстың типтік ерекшеліктерін де айқын, анық қамтуға тиіс».⁴

Дулат толғаулары мазмұнына, жалпы табиғатына, болмысына қарай бірнеше топқа бөлінеді. Соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлының классификациясы («Әдебиет танытқыш»): бойынша белгіленген сегіз түрі де кездеседі. Олар: 1. Сап толғау, 2. Марқайыс толғау, 3. Налыс толғау, 4. Намыстаныс (Намыс)⁵ толғау, 5. Сұқтаныс толғау, 6. Ойламалдау және одан туындайтын (1) Сөгіс толғау мен (2) Күліс толғау.

Толғау деген ұғымда сыртқы дүние туралы айтушының мейлінше шамырқанып, жүректің сөзін айтуы, жан тебіренісі тұтасып жатыр. Дулат толғауларының мазмұнына, мәніне үңіле қараған адам ондағы шалқыған, тасыған ішкі дауыл мен буырқанған сезім тоғысынан туған талай толқынды түйдектерді таныр еді.

Дулат толғауларында автордың бүкіл ішкі сезім айнасы қолға ұстатқандай айқын байқалады. Жаратылысы бөлек, талғамы биік, тандауы тектілікке иек артқан арқалы өнерпаздың ой тереңдігі сындарлы сөз толқынын тудырып, әп-сәтте сөз дауылын ұйтқытып әкетеді. Ұйғарымды ой ұлағатты сөз болып, жыр болып төгіледі. Оның себебінің түп-төркінін іздесек, А.Байтұрсынұлының мына сөзі толық жауап беретіндей. «Толғау, қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі»⁶. Замана құбылысына адамдық заңғар биіктен көз тастаған ақынның қай нәрсені сөз етсе де, өрлікке, өрелілікке ұмтылдыратын ой ұшқындары көрінеді. Әр уақытта да тыңдаушысын тебіренгісіз отыратын орамды сөз орайлы сәтін тауып, өлең боп ағытылып жатады. Өнегеге жетелейтін өркенді сүрлеу тағы да сол ақынның ішкергі ғаламынан бастау алатындығына көз жеткізеді.

Дулат жыраудың өлеңдерінде, негізінен, «сап толғау» түрі сирек кездеседі. Өйткені Дулат нені айтса да, оны тек баяндап қоймайды,

³ Т. Тоқбергенов. Ай Мүйіз. А., 1990, 12-б.

⁴ З. Ахметов. Өлең сөздің теориясы. А., 1973, 9-б.

⁵ А. Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш. (Құрастырып, алғысөзін жазған Р. Нұрғалиев). А., 1991, 447-б.

⁶ Сонда, 407-б.

өзі сол құбылыстың, әрекеттің ішіне еніп, оның ыстығына күйіп, суығына тоңып, ащысы мен тұщысын қатар сезіп, сезініп қана тілге тиек етеді. Оның, сап толғау (көңілдің таза күйін шығыстық баяндау сипатындағы толғауы) үлгісіндегі сөз түріне «Жас кезеңі», «Асқар таудың сәні жоқ» өлеңдері жатады. «Жас кезеңі» талай тарлан ақындардың, жасампаз жыраулардың шығармаларына арқау болғаны белгілі. Д.Бабатайұлы адам өмірінің бел-белестерін жас мөлшерімен сәйкестендіріп сыпаттайды. Ол әр кезеңге ұзын сонар шолу жасамайды. Өзінің өткен, тұрған, енді баратын асуларына ақын боп тіл қатады. Мұнда ол абстрактылы ұғымды жанды зат кейпінде алып, онымен сырласады. Әр жастың өзіне ғана тән қайталанбас даралығын екі жолмен түйіндеп отырады:

Он бес деген жас қайда
Жарға ойнаған лақтай?
Қайда кеттің, жиырма жас,
Тастан шыққан бұлақтай?

Жиырма бес бар ма маңайда
Жайқалған жасыл құрақтай?
Отыз, кеттің алыстап,
Толықсыған сынаптай?⁷

Мұндағы жас кезеңдер оқушының көз алдында жанды сурет туғызып, ерекше сезімге бөлейді. Оқушы автормен бірге көз ұшында мұнартып қалып бара жатқан жастық бейнесін енді қайтіп келмесі анық, іште мұнды сағыныш сезімін оятқан қимас бейне түрінде елестетіп, еріксіз мұңға батады. Автормен бірге оны бір көруге деген ынтық көңіл ойды билейді. Ал, ұлғайған сайын салтанаты, сәні ортайып бара жатқандай қазіргі жас бұдан кейінгі келер асулардың, көріксіздеу өмір баспалдақтарының бір белесі іспетті. Мәселен, елу «құлақтан ұстап тізгіндесе», алпыс «нәсер жауған ылаттай» салқын. Ал, алыстан қарасы көрінген жетпіс тіпті ұнамсыз. Одан әрі қарай сексеннің, тоқсанның, жүздің кейпі бірге-бірге сұстана, суықтана береді. Елуден кейінгі кезеңдерді суреттеуде ақын тілі де көркем хәм жылы сөздерді ұмытқандай. Қарапайым да «салқын» сөздер өмірдің сүреңсіз кейпін көзге елестетеді.

Дулаттың сап толғау түрінде жазылған екінші өлеңі «Асқар таудың сәні жоқ» деп аталады. Бұл өлең табиғат, адам, қоғам арасындағы байланысты үздіксіз желі етіп тартып, өмірдің өнегелік өлшемдерін сөз етеді. Ақын адамзаттық құндылықтардың

⁷ Д. Бабатайұлы. Шығармалары. Өсиетнама: Өлеңдер мен дастандар. 1-кітап; Дулат тағылымы: Сын зерттеулер. 2-кітап. Құрастырған Қ.Раев// Алғысөзін жазғандар З.Ахметов, Қ.Раев. А., 2003, 58-б.

мәнін ашу үшін оны деректі ұғымдармен салыстыра-салғастыра отырып жырлайды. Оның ішінде «асқар тау», «өзен-су», «қопалы жер», «ақ ауыл» секілді нақты объектілердің сәнін кіргізетін сипаттар санамаланады. Байдың, би мен бектің қасиеттері, сонымен бірге шешендік, сұлулық, батырлық секілді ұғымдарды құрайтын арналар сөз болады. Асқар таудың сәні көк майсалы белінде, етегіне қоныс тепкен төрт түлігінде; өзен судың сәні жағасына жайғасқан аймақты елінде; қопалы жердің сәні тұңғыық, мөлдір айдын көлінде; ауылдың сәні жылқысын үйездеп, ноқталы құлынын күйездеп тартқан желісінде дегенді айтады. Ал, адамдықтың сәні оның қоғамда алар орнымен, билік, қызметімен өлшенбейді, айналасындағы елімен, халқымен қатынасына тікелей байланысты екендігін әсерлі толғайды. Адамзат ардақтайтын шешендіктің, сұлулықтың, батырлықтың белгісін тағы да сол елмен сабақтастырады:

Шешендіктің сәні жоқ –
Сөзіне сүгтей ел ұйып,
Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса,⁸–

Жырау ең соңында айтқан сөзіне құлақ асып, ден қояр елдің барлығына күмәнді сезіммен жауабы қиын сауал тастайды: Өлеңнің «Зарлаудан, сарнаудан не пайда?» деген сұрақпен аяқталуы үлкен философиялық ойға жетелейді.

Марқайыс толғауға өзі туралы толғайтын «Тегімді менің сұрасаң» – деп басталатын өлеңі жатады. Тегінде, ойлы, саналы адамға өзі өмір сүрген ортаның кемшілігі, кері кеткен теріс ағымдары бірден аңғарылып тұрады да, ол сол тығырықтан елін алып шығудың жолдарын іздеумен күн кешеді. Дулаттың қазыналы рухани мұраларының ішінен «марқайыс толғаудың» аз кездесуі осы заңдылықтан туып жатыр. Оның көңіл түкпіріндегі қайғы, мұң, шер қордаланып, талай жырларына өзек болғаны аян. Бірақ дана ақын қоғамдағы өз орнын, өз биігін дәл бағалай да алады. Сондықтан оның «марқайыс толғауы» жалаң мақтан, даңғаза дақпырттан аулақ. Тек жырау ел арасындағы өз беделін адамдық асыл мұратымен астастыра жырлайды. Сондықтан да ол өз жырларының ортасы, елі үшін ғана емес, өзі үшін де қайғы бұлтынан арылудың бір жолы екенін дәйектейді. Өзін де, өзгені де рухтандырар күштің тасқын судай екпінді, шербет балдай татымды, тұманың суындай тұнық, гауһардай, меруерттей асыл сөздерінің құнын білетін баба жырау, өзін бірде тұлпар атқа,

⁸ Сонда, 72-б.

бірде жырдың қайнар бұлағы суатқа теңейді. Бұл жерде ақын өз шешендігін шынайы адамгершілік қасиетінің бастауы деп бағалайды. Бұл өнердің ел үшін өнегелік өріс ашарына кәміл сенеді. Сорғалаған нәсердей, ағыл-тегіл ағытылған сырлы сөздің тыңдаушыға әсерін әдемі айшықтайды. Ел бүлдіргішке семсердей қадалар өз сөзінің, екінші жағынан алғанда, көкірегіне шер байланған қайғылының пана табар қамқоршысына айналатынын сеніммен айтады.

Сана беріп ойына,
Қуат беріп бойына,
Аққан жасы сел болған,
Етегі толы көл болған,
Беріп боп шері байланған,
Ұйқы беріп қайғы алған
Қайғылыны уаттым⁹.

Бұл өлеңнің мазмұн астарында өнердің өлмес күші оның шыншылдығында, сыршылдығында, тазалығында деген биік талап бой көтереді.

Бұл өлеңде Дулат өзінің ақындық кредосын, адамдық асыл қасиетін, азаматтық парызы мен қарызын өзі анықтап бергендей. Иә, ұлы ақынның байыпты толғамдары, әуезі мен әуені жарасымды үйлескен жақұт жырлары осы уақытқа дейін де қайғылыны уатып, қамыққанды жұбатып келеді екен. Ел ішінде ерекше ықыласқа ие болған, дидактикалық сарыны басым баһра сөздері, өнегелі өлеңдері ауыздан-ауызға тарап, тез арада-ақ кең жайылып кетуінің сыры да, бәлкім, оның толғауларының орнықты ойға, орамды сөзге байлығында болса керек.

Адасқанды адамдықтың айқын да адал жолына шақырар, шымырлап бойға таралар тағылымды өлеңдер қай кезде де тәлім-тәрбиелік мәнге ие болған-ды. Олардың күні бүгін де сол өзектілігін жоғалтпағаны күмәнсіз. Олай болса, қазір біздің қабырғамызды қайыстырар қасірет – тастанды балалардың тәрбиесінде өзіміздің дәстүрлік үрдістеріміздің ескерілмеуі, олардың табиғатына, қанына жат, жасанды жүйенің үстемдік құруы болып тұр. Онсыз да тұмай жатып тағдырдың талқысына түскен жетімдердің ойына қозғау салып, көңіліне үміт отын жағатын, ең бастысы, олардың рухын шындап, жанын тебіrentетін тегеурінді жыр шумақтарын Дулат Бабатайұлының өлеңдерінен көп ұшырастырамыз. Ендеше, балалардың ойын, сезімін сергітер сұңғыла да сарабдал сөздің үлгісін, әсіресе, жастарға, келешекке арналған өлеңдерінен іріктеп алуға әбден болады. Сондай жырлар қатарында «Ақтанға» атты

⁹ Сонда, 23-б.

шығармасының намыс толғау үлгісіндегі сөздің терең мазмұны қай дәуір тұрғысынан қарағанда да құнын жоғалтпасы анық.

О, Ақтан жас, Ақтан жас!
 Сен де жетер ме екенсің?
 Жетімдіктің белінен
 Асып өтер ме сенсің? –
 Жарық сәуле көре алмай
 Сол бойы кетер ме екенсің?...¹⁰

Осылайша жетімдіктің қамытын киген Ақтанның өміріне аландаушылықпен ақтарыла ортақтасқан ақын кеудесінде үміт пен күдік, сенім мен сезік араласа бой көтереді. Ол «қамыға жүріп отығатын тасбауыр жетім қозының» қай ортада, кімнің ықпалында кетеріне көзі жетпей қиналады, ал екінші жағынан, санасына сабырлылықтың, адамгершіліктің алтын нұрын себезгілегендей сырлы да салтанатты сөз күдіретімен Ақтанның алыс келешегіне болжам жасайды.

Шынайылыққа суарылған жыр жолдарының ақын қуатымен нақтылыққа қарай ауысуы тыңдаушыны да еріксіз еліктіреді. Ақын жүрегіндегі мейірім, кеудесіндегі нәзік сезім ой сәулелері арқылы шым-шымдап бойға сіңеді. Бұл тек нағыз таланттың ғана қолынан келетін күдірет, сөз күдіреті. Себебі әдебиетке, поэзияға тән өмір шындығын көрнекі, айқын образ, бейне, нақтылы сурет арқылы ашып көрсету әдісі дүниенің шексіз мол, сан-алуан құбылыс-көріністерін кеңінен қамтуға және оларды ішкі-сыртқы ерекшеліктерімен жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді. «Поэзияда адам өмірі, мінезі, іс-әрекеті, кескін-келбеті бейнеленгенде оның сан алуан дара, дербес өзгешеліктерін танытатын типтік қасиеттері бар жанды тұлға жасалып шығады. Сөз шеберінің күдіретті өнерінің туындысы болған осындай көркем бейне бойына жан бітіріп, қан жүргізіп қойғандай, бетінің нұры, көзінің жанары сәуле беріп, жүрегінің соғуы, тыныс-демі – бәрі сезіліп тұрғандай әсер қалдырады».¹¹

Ақын көрген жетім сәби жанары жаутандап көз алдыға келеді. Сол сәттегі аяу, аялау сезімі тыңдаушыны да тебірентеді. Кішкентай Ақтанның аңқау болмысы, секемшіл күйі көңілдің төріне орнығып қалады.

Нақыл түріндегі, шешендік арнау сипатындағы жырлардың қатарында «Баласына айтқаны», «Сүлейменге», «Кеңесбайға», «Бараққа» секілді бірнеше өлеңдерін атауға болады. Бірінде сынап, бірінде қайрап, енді бірінде аталық өсиет берер бұл

¹⁰ Сонда, 35-б.

¹¹ З.Ахметов. Өлең сөздің теориясы. А., 1973, 8-б.

шығармаларды замандастар туралы шоғыр өлеңдер деп қарастыруға да болады. Олардағы тақырып пен идеяның ортақтығы анық көрінгенмен, көркемдігі тұрғысынан келгенде, әрқайсысы өзінше өрнекті, өзінше дара. Түрлі салыстырулар, шендестірулер, т.б. тілдік-көркемдік құралдар шеберлікпен қиюласып жатыр. Мақсат— барды бүтінгі күннің сұранымына сай саралап, талғай білу, Дулаттай жыр жампозы тудырған дәйекті сөздерді ішкі мазмұн ерекшелігіне қарай іріктеп алу. Інжу сөзді тәрбие құралына айналдырудың жолдарын іздестіру. Ана тілінің асылын танытуды, әдебиеттің әсерімен ізгілікке жетелеуді мұрат тұтқан тәрбие ордаларында орынды қолдана білсек, ХІХ-ғасырлардағы Дулатпен мұраттас даналарымыздың мұрағаттары аз емес.

Шоқтай жанған шоқтықты жырларымен өз заманының шежіресіне айналған, екі жақты езгіге түсіп, көз жасына етегі толған қайғылы халқын уатып, санасына сәуле сеуіп, қуат дарытқан, нөсердей сорғалаған сезімді жырларымен шаршамай, шалдықпай бүгінге жеткен, шашасына шаң жұқпас жыр сәйгүлігі— Дулат Бабатайұлының мұрасының басым көпшілігі налыс толғау түрінде, намыс сипатында келуі заңдылық.

Өн бойында қазақтың сахара даласындай кеңдік, асқаралы тауларындай биіктік, жер ананың төсін жарып шыққан тас бұлақтың суындай мөлдірлік, алдаспандай айбарлы ерлік, сөз сынғырын сезінтер сұлу саз үйлесімді тоғысқан Дулат туындылары оны өзіне дейінгі де, өзінен кейінгі де ақындардан даралап тұрады.

Тегімді менің сұрасаң,
Қалың Найман нуынан.
Жырымды менің сұрасаң,
Сары алтынның буынан.
Сырымды менің сұрасаң,
Тұманың тұнық суынан.
Кеудеме қайғы толған соң
Тұнық жырмен жуынам.
Сорғалаған нөсердей
Жырын тыңда Дулаттың¹².

Қарап отырсақ, Дулат өлеңдерінің қай тұсы болса да, ұлағатқа меңзейтін нақыл сөз бен ой түйіндерінен тұрады. Оның өлеңдерінен жасанды, жалаң шумақ түгіл, артық бір сөз табу қиын. Әр сөз, әр тіркестің астарында айқын ой, алымды сезім бар. Олар өзара шағылысып, бір-бірінің мәні мен сәнін аша түседі. Үлкен бір бүтіннің бөлінбес бөлшегіне айналып кете береді. Ал

¹² Д. Бабатайұлы. Шығармалары. А., 2003, 22-б.

оның ешбірін үзіп алуға келместей берік тұтастықты көруге асқан көрегенділіктің қажеті де жоқ. Тек сөз таныр көз болса, ақын тіл құдіреті мен сөз қасиетін қастерлеудің үлгісін алдыңызға жайып бергенін ұғынасыз. Ұғынып қоймай, сұңқар сезімді құзар ойдың шыңына қондырған сұлу да салтанатты жыр нұрының шуағына шомыласыз. Оқыған жанның көңіл көкжиегінде от ойнатып, сезімді сергіткен салиқалы да сырбаз сырдың тұңғиығына терендей бересіз. Жыр әлеміне енген сайын туралықтың тұғырынан таймаған тұлпар – өнерпаздың терең толғамдарына тұшынасыз. Зердеге зерлі сөздің сырт әсемдігі мен ішкі иірімдері жымдаса бірігіп, ене түскенін бағамдайсыз, өлең – өнердің еркіне бағынасыз. Шәрбат-жырдың тұнығын шайқамай, жұта бергіңіз келеді.

«Дулат жырларының күш-құдіреті оның көркемдік қуаты, мазмұн байлығымен қатар, замана келбетін бар бедерімен көрсете білген шыншылдығында», – дейді М.Мағауин¹³. Сондықтан ХІХ ғасырдағы халық тарихындағы зобалаң кезең көріністерін ақынның толғауларынан анық байқаймыз. Ішкі феодалдық қанау, сыртқы отаршылдық езгіден жаншылған қарапайым елдің ауыр халі жырауды үнсіз қалдырмады. Ақындық арлылық, өрлік деген, бәлкім, осыдан басталар болар. Ол бұл тойтарысын зорлық-зомбылықты сынау арқылы берген жоқ, ол үстем тап өкілімен бетпе-бет келіп, көзін бадырайтып қойып, атын атай отырып, тойтарыс берді.

Шындығында, ақын өлеңдерін ел билеушілерінің атын атап, түсін түстей отырып арнайды. «Кеңесбайға», «Бараққа», «Ешенге» т.б. өлеңдерінің қайсысында болсын, қайтпас қайсарлықты, батылдықты танысыз.

Дулаттың «Сөзім бар да көзім жоқ» деп басталатын өлеңі туралы Ы.Дүйсебаев: «Феодалдық үстем таптың жыршысы Дулат халық тілегінен туған бір пікірді дәлелдеп айта алмады. Бұқара көпшілігінің мүддесін көздеп, болашақты дұрыс болжай алмағанын жырау өзі де осында мойнына алады.» торығып, сары уайымға салынып, кертартпа ойдың шырмауынан шыға алмады¹⁴ деп түйіндейді. Бұл социализм дәуірінде айтылған пікірге сыйымды болып көрінеді. Дегенмен, тарихи шындықтардың қайта қозғалып, талай мағлұматтардың бұрмаланғаны туралы дәйектемеге қаныққан оқырман осы өлеңді оқып, ой елегінен өткізіп байқаса, одан торығу мен сарыуайым емес, заманның зобалаңы зәбір еткен, өз ортасына сыймай аласұрған көкірегі көреген адамның жан айғайы, ыланды кезеңнің ырқына бой

¹³ Бес ғасыр жырлайды. 2-томдық. 1-т., А., 1989, 384-б.

¹⁴ Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т., 1-кітап. А., 1961. 49-б.

алдырмай, ашынған ақынның өзегін жарып шыққан өртті өкініші, наласы естілетіндей. Сол алмағайып аласапыран дәуірде алпауыт билеуші – бек пен сұлтанға жалпылап, жадағай сөз арнау емес бұл жырлар. Онда жаңа кезең әкелген жат қылықтарды жақтырмаған жабайы, жалаң көзқарас та жоқ. Дулат көптің ортасында жалғыз қалып жабыққан күйін мұндап, тек өткен күнді аңсаумен артына қарап айналшықтап арбалмайды да. Оның жанын келер күндердің көмескі жайы алаңдатады. Сондықтан кешегіні сағына, сағындыра санамалай айта келіп, сол дәстүрдің жалғастығын үзіп алған, бүгінгінің билік тізгінін алып, қолына қондырған, «баққа» мәз болып, тізесін елге батырған бәтуасыздарға халық мұңын, жұрт жайын жеткізеді. Айтарын алдаспандай, өткір тілмен, бетің бар, жүзің бар демей турасынан тіліп түседі. Шабармандардың шала, дүмше күйін беттеріне шыжғырып басады.

Қасқыр тартып қан шықса,
Жаман ит жұлып жей берер
Алды-артына қарамас
Жақсы иттің белгісі –
Жұлмақ түгіл жаламас...¹⁵

деп, екі жақты езгіге түсіп қансыраған халықты, оған ырылдаса бас қойған отаршыл елдің озбырларын қасқырға, қолына биліктің тізгіні тиген, іштен шыққан жаман жау – көр кеуде ел әкімдерін жаман итке теңейді. Ол аз болса, ширыққан ақын:

Айтты десең, Кеңесбай,
Бергенінді санап ал.
Тақылдап сүді тұжырып
Осы елде жалғыз өзің қал.
Тінейдің сары құсындай
Өзіңе-өзің шеңгел сал,¹⁶ —

деп, қасқая тұрып сөйлейді.

Бір бойында осындай ерлік пен өжеттігі бар, тиген жерін өрттей күйдірер өлеңдері ел аузында кең таралған ақын:

Күнәм – жойқын, тәубем – аз
Тіршіліктен не таптым?
Дүние – жемтік, мен – төбет
Соны бақпай, не бақтым
Ырылдасып әркіммен
Не қапқыздым, не қаптым...¹⁷ —

¹⁵ Д. Бабатайұлы. Шығармалары. А., 2003, 26-б.

¹⁶ Сонда, 30-б.

¹⁷ Сонда, 61-б.

деп қамықса, оны өзін төмендеткені, сөзін тыңдар кісі таппай, зар заманның үдеп бара жатқан кесірлі кейпін көріп, қолынан келер қайран жоқтығын айтып түңілгені, өз кінәсін мойындауы десек қателесеміз. Себебі ақ алмастай айбарлы жыр төккен, алты Алашты аузына қаратқан, айбынды атағы еліне кең тараған ақын өз шыққан биігінің өлшемін жақсы біледі. Біздіңше, бұл өлеңде ол өз тұстастарының шарасыз күйін ұғынып, жалпыға тән ортақ жайды жалқының атынан, лирикалық қаһарман атынан айтып отыр. Бәлкім, осындай қоғамдық пікір түйіндеу арқылы тамырын тереңге жайып, қаулап бара жатқан тексіздікке тосқауыл қойып, тыймақты көздеген болар. Өмірдің өткінші екенін, жанталаса дүние жиып, қабаған төбеттей ырылдап, өзгеден қызғанған азынаулақ жылтырақтың өзіне бұйырмас алдамшылығын айтады.

Бұл екі өлең де табиғаты жағынан сөгіс, күліс толғауларға жатады. Мұның біріншісінде, Кеңесбайдың мінін бетке айтып, қайсар мінез көрсетеді. Оның үгітінен ұрсуы, ескертуінен ұялтуы күштірек. Мұндай тәсілді, ақын билеушілердің ойын түзеу, құлқын тазарту мақсатында пайдаланып отыр. Екінші өлеңде сөз лирикалық қаһарманның атынан айтылып, өзін өзі сынау түрінде келтіріледі. Мысқылдап кекесін түрінде зілді сөз арнайды. Өз қоғамындағы азған адамның кейпін жан-жақты ашуды мақсат тұтқан алып тұлға сыншыл реализм әдісімен өлең түрлерін жетілдіре, тереңдете түседі. Дулаттың заман мен адам арасындағы ажырамас бірлікті бейнелі сөзбен жеткізудегі ерекшелігі де осында.

Дулат өлеңдерінің бір қасиеті – олардың әлі күнге өз құнын жоймауы, жаңадай қабылдануы. Ақын жанын ышқындырған азғындық, сен соққан балықтай есенгіреп адасқан ел жайы бүгінмен өте ұқсас болғандықтан шығар, оның әр кейіпкерімен өзіңіз күнде кездесіп жүргендей күй кешесіз. Аты басқа болғанмен, заты өзгермеген замандастарыңыз алдыңыздан шығады. Бір қызығы, оларды дәл Дулатша сынап, мінін бетке айта алар ешкім жоқ. Біздің демократиялық қоғам ақындары баба жыраудың деңгейіне неге жете алмай жүр? Әлде олардың бойынан отаршылдық арқылы батпандап кірген жалтақтық деген ауыр дерт мысқалдап шығып бола алмай жатыр ма? Неге біздің жырларымыз төрелердің терісін оң деп, қатесін жөн деп жауырды жаба тоқып, өзге түгіл өзімізді өтірік сөзбен алдарқатудан аса алмай келеді?...

Дулат текбекпен биді сынаған жоқ. Ол жалпы өз қандастарының сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген мақтанқұмарлығын, бойкүйездігін, жатып ішер жалқаулығы мен қамсыздығын, мұңсыздығын да түйреді. Маңғаз байдың балпандап, мақтангөйінің талтандап, жас жар таңдауы; әйелдердің де аяқ асты кербездене керіліп, аяқ басуға ерініп, шешендерінің мал табу үшін билеушінің алдында

аққан судай төгіліп, тыңдаушысы соған бордай егіліп, өз-өзінен ісіп-кеуіп жүрген қазақтың бей-жай күйін:

Күнбатысқа көз салмай,
Күншығысты еске алмай,
Бізді алатын жау жоқ деп,
Бізден мықты дәу жоқ деп,
Алды-артынды байқамай,
Маған не бар дескенсің!
Болашақты болжамай,
Жол сауданы олжалай,
Ақбөкендей алданып,
Жылқыдай делбе сандалып,
Андамай келіп түскенсің,¹⁸ –

деп бейнелейді.

Бүкіл табиғаттың сәні оның адамзат тіршілігімен үндестігінде, сәйкестігінде, ал тіршілік сәні сол елдің сүттей ұйыған бірлігі мен берекесінде дегенді ұқтырады бұл шығармалар. Сұлулықтың сәні еңбекпен астасқанда айқындала түседі, билік пен бектіктің құны қарашаның мұңын мұндап, туралықтан таймауында, панасыздарды қорғауында деген түйін бар олардың бәрінде. Жаудан қайтпас батырлық, батылдық, ала жіптен аттамас адалдық, жаннан артық арлылық секілді биік ұғымдарды барынша қастерлеу Дулат шығармаларының негізгі өзегін құрайды.

Ақынның өзі айтқандай, сөз ұғатын, ой қадірлейтін әр адамның таным көкжиегін кеңейтуге атсалысар қадау-қадау ой түйіндері Дулат Бабатайұлының өміртаным туралы толғамдары арқылы ұлттық қана емес, жалпыадамзаттық биіктіктен үн қатады. Дулат өлеңдерінің тереңінде тұнып жатқан тағылымды көзқарастар өзіне дейінгі де, өзінен кейінгі де ұлттық танымды жете зерделеуге жол ашатын дәйекті дәнекер, байыпты байлам, тұғырлы тұжырымдар деп бағалауға әбден лайық. Сондықтан да даналықтың кілтін ақын поэзиясынан табуға ұмтылуымыздың мәні ұлағатты ұстанымдардың оның шығармаларының ішкі табиғатынан, болмыс бітімінен айқын көрінетіндігінен.

Жалпы ұлттық философия, ұлттық таным мәселелері халқымыздың жадында сақталған ауыз әдебиеті үлгілерінде, көне жазба ескерткіштерінде, автордың аты сақталған әдеби мұраларда көрініс беріп отырады. Дулат шығармалары да бұл сөзіміздің толық дәлелі бола алады.

Дулат шығармаларында жалпыадамзаттық құндылықтар – адамгершілік, адалдық, бірлік, ізгілік, шындық, тазалық т.б. жөнінде

¹⁸ Сонда, 51-б.

орамды тілмен айтылған айқын да аңғарлы ой жиі кездеседі. Олар жеке адамдарға арнау түрінде де, өмір, дүние туралы толғау формасында да айтылған төкпе жырға арқау болған. Мысалы:

Сырын білмей бой салма,
Атасы оның текті деп,
Тұрлаусыздан сөз ұқпа,
Аузы оның епті деп.
Нашардан шыққан жақсының
Сөзін жерге тастама,
Атасы нашар өтті деп¹⁹.

Міне, тек адамдар арасындағы ізгілік қарым-қатынас бастауы— адамның ақыл ойы, жеке басының адами қасиеті деген ұғымды осылай жеткізеді. Абай айтқандай, «атаның баласы емес, адамның баласы болуға» жетелейтін бірінші қағида ортанды тану, адамдарды тану екендігін жырау осылай түйіндейді.

Дүниетанымның негізі іс-әрекет екенін, әркімнің өресі, ой-санасы тек еңбек арқылы өрісін кеңейтіп отыратынын бағамдайды. Сөз бен істің бірлігі дамудың кепілі болса, оған апаратын жол «Ердің сұңқардай түйіліп, белін тас түйін буынып, жігермен еңбек етуі» екенін тарата түседі. Егер мақсатың айқын болмаса, асар асудың да аласара түсетінін де замана тұрғысынан тауып айтады.

Бара алмассың байланып,
Көңілге алған жеріңе,
Болат найза қайрамай²⁰ –

деген ойларында «болат найза» – деп отырғаны, әрине, адам бойындағы сенім мен жігер, қайрат пен қуат екені өзінен өзі түсінікті.

Адам баласының тіршілігінің тұтқасы ар-ұят екенін, нәпсіге ерік бермей, рақымшылдыққа, қанағатшылдыққа үйрену керектігін ескерту арқылы әркімді өз орнын табуға ұмтылуға шақырады. Ол үшін көңіл көзінің ояу, санасының сара болуы шарт деп есептейді.

Қолда барың қанағат.
Қолда жоққа құмартып,
Әуреленбе, нәпсің тый;
Әкеңнің айтқан бұл сөзін.
Құтысына көңіліңнің,
Төгіп алма, дәлдеп құй²¹.

¹⁹ Сонда, 36-37-бб.

²⁰ Сонда, 37-б.

²¹ Сонда, 38-б.

Мұның барлығы адамның жеке басы қасиеттерінің өзі өмір сүрген қоғамдық орта арқылы қалыптасатынын, объективті дүниенің өзіндік заңдылықтарын дұрыс пайымдау нәтижесінде ғана субъективтік көзқарас дамитынын көрсетеді. Үлкен ойшыл-философ білімділіктің, біліктіліктің көзі – адамның өзінде, оның іс-әрекетінде, зердесінде екенін айтады. Сондықтан ол әр адамның «көңіл кұтысының» бүтін болуын, иесінің өз көрген-білгенінен туған ойларды қалай болса солай қалдыра салмай, зердеге тоқуын ұсынады. Қарама-қарсы мәндегі өмір құбылыстарын саралап тәжірибе жинақтауға, дұрыс жолды таңдауға шақырады. Өмірге, адамдарға деген дұрыс көзқарастардың адамгершілік мәселесімен тығыз байланыстылығын дәйектейді. Үнемі жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге үндейді. Ақын өлеңдеріне арқау болған сыртқы фактор мен ішкі мәннің бірлігі жөніндегі философиялық байламдар сонау көне грек философтарынан бастап, күні бүгінге дейін таласты, тартысты мәселе ретінде қаралып келетін адам мен қоғамның арақатынасына арналған.

Дулат Бабатайұлының шығармалары оның шын мәнінде диалектик ойлаудың терең тұңғиығына, өмірдің қайшылықтарына, бұрылысты кезеңдеріне батыл көзқарас білдірген үлкен философ екенін көрсетеді. Ақын көтерген проблемалардың бірі таным болса, оның қалыптасуына ұғымдарды, құбылыстарды салыстыра бағалау әдісінің негіз болатыны дәл пайымдалған. Ақынның салыстырулары арқылы жақсылық пен жамандықтың, ақ пен қараның, әсемдік пен көріксіздіктің ара жігі ашылып, өмірдің мәнін тереңдей түсінуге болады:

Сұлулықтың сәпі жоқ,
Көрсө қызар күлкі гой,
Шаруа істемей сылап бой,
Жол саудаға жолдаса²².

Қазақ халқының қайраттанып, сыртқы, ішкі жауларға қарсы бой көтеріп бірігу дәуірінің ізін ала ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ даласындағы экономикалық, қоғамдық тарихи жағдай туғызған патриархтық-феодалдық институт ішінен бой көтерген ақын Дулаттың елдікті, ерлікті, бірлікті жырлауы табиғи заңдылық еді. Бұл Дулаттың өз замандастары секілді адамгершілік туралы толғауларды, өмір мәселесін көтерген үгіт-насихат түріндегі, тәрбиелік сипаттағы дидактикалық-философиялық ой толқындарын төгуіне себеп болды. Әдетте, дамудың көзі – қарама-қайшылық екенін ескерсек, Дулат та дүниенің алмасуына себеп болар негіздерді

²² Сонда, 59-б.

адам мен қоғам арасындағы, жеке тұлға болмысы мен орта арасындағы қайшылықтардан іздейді. Бұл, әсіресе, ел мен жердің, ата мен баланың арақатынасын салмақтайтын сындарлы, сүбелі өлеңдерінде ашық айтылады. Тартыс адам мен адамның арасында, әлеуметтік топтар арасында ғана емес, жеке тұлғаның өз көкірегінде де бой көтереді. Міне, Дулат айтатын толғам түйіндердің әсерлілігі мен күші де осы қайшылықтар күресін ұлттық ұғымға дәл шақтап, айшықтап, анықтап жеткізе білуінде.

Мынау азған заманда,
 Қарасы – антқор, ханы – арам;
 Батыры көксер бас аман;
 Бәйбіше – тантық, бай – сараң;
 Қырсыға туды қыз балаң;
 Нары – жалқау кер табан;
 Құсы – күйшіл, ат – шабан.
 Жырғалаң жоқ, жобалаң,
 Ебі кеткен ел болды.
 Енді қайда мен барам?!²³ ...

деп қамығады абыз Дулат. Азған заманның тағы бір белгісі – сөзінен байлау кеткен билердің аңдығаны қалтасына түсер тиын-тебеннің құлы болып, болыс сайлауына жанталаса кірісуі деп суреттейді. Қарты кемеңгерліктен алшақтап, жастары бойкүйездікке салынған самарқаулықтан бас көтере алмауы да заманның кері кетуінің себептері деп ұғады.

Бір бойында ерлік пен өжеттігі жетерлік, тиген жерін өрттей күйдірген өлеңдері ел аузында кең таралған Дулаттың өлеңдері – сол кездегі тектілердің көкейіндегі дауасы жоқ дертке қарсы өзіндік ойын, олардың қоғамдық пікірін танытатын ой-орамдары.

Табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынас, ел мен жер арасындағы байланыс мәселелеріне арналған алымды идеяларды Дулат ақынның шығармаларынан көптеп ұшырастырамыз. Ақын әр адамның тағдыры туған жерімен егіз екенін, бірінсіз бірінің мәні болмайтынын ұлттық ұғым тұрғысынан шебер жеткізеді. «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген халық мақалының астарындағы даналық ойды одан әрі дамытып, өрбіте түседі. Туған жердің өткенін, бүгінін, болашағын бір-бірімен салыстыра саралап, зерделейді. Жердің байлығы мен елдің жай күйінің арасындағы көзге көрінбес арқауды тереңдікпен аша біледі. Кешегі бейбіт жатқан туған жердің бүгін талан-таражға түсуі ақынды оның ертеңіне еріксіз алаңдатады. Мамыражай бейбіт өмір сүрген қарапайым халықтың келер күндегі тұманды

²³ Сонда, 39-б.

болашағы аландатады. Себебі жерінен айырылуы елдің күн көрісінің құлдырауы ғана емес, рухани тірегінің де құлауы, күйреуі деп есептейді.

Қара ісіне дем беріп,
Қарайтты әдейі ағынды;
Ұзын өріс қысқарып,
Кең қонысың тарылды;

• • •

Қаларсың бір күн, Сандықтас,
Құлан жортпас бел болып.
Самалың салқын соғатын
Сары ызғырық жел болып²⁴.

Дулат жыраудың философиялық көзқарастары сол заманның тұрмыс-тіршілігінің, халықтық салт-дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың ерекшеліктерімен үндесіп жатыр. Оған қоса өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік-мәдени жағдайы да көп әсер ететіні заңды құбылыс. Өзге тұтастары секілді Дулат та өмірді тануға, оның мәнін ашуға, қоршаған ортаның адам өмірінде атқаратын ролін тануға, жеке адамның дүниедегі мәні мен орнын анықтауға ұмтылды. Дулат үшін жеке адам – қоғамның бөлшегі, бірақ ол әбден қалыптасқан тұйық нәрсе емес, өзгеруге бейім құбылыс. Бұл ой ақынның өз пікірлерінде, әсіресе, философиялық-дидактикалық сарында жазылған шығармаларында кең түрде жырланады. Қоғам қалай құбылса, соған ыңғайлана қоятын екі жүзділерді де, өзінен дәрежесі биіктердің алдында құрдай жорғалап, өзінен төмендерге өктемдік жасауды мәртебе санайтындарды да өлтіре шенейді. Ащы әжуа, кекесінді мысқылмен шенді-шекпенділерді сынайды. Бірі орыстың ұлықтарының құлы болуға дайын, енді бірі қайтсе де бүлінген дүниеден өзіне көп олжа алмаққа ұмтылған пайдақорлардың, парақорлардың әрекеттерінен жирене отырып, оларды ортадан аластауды, болашақтан аластауды мұрат етеді. Өз елін талан-таражға салғандарды жаман итке, күшігенге телиді:

Қазіргі қазақ ұлығы,
Жаман иттен несі кем?
Жемтік көрсе, жем көрсе
Айырылар мүлде есінен...
Сендер атқа мінген соң
Тандыр болып суалды
Шалқар көлдей несібем..²⁵, –

²⁴ Сонда, 40-б.

²⁵ Сонда, 45-б.

дейді ұлтының шарасыз күйіне жаны ауырған ақын шешен. Бұл жердегі түйін жалқы мен жалпының, дара мен қараның ара-қатынасынан туындайды. Билік басындағылардың пиғыл-ниетінің жалпы халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына әсерін тигізетінін түсінген. Қоғамдағы жеке тұлғаның рөлі туралы да біршама тұғырлы тұжырымдарды ақын өлеңдерінен кездестіруге болады. Атап айтқанда:

..Сен туған жерді тастадың
Теріске елді бастадың,
Қаратаудан асқаның,
Арқаға аяқ басқаның,
Түлегі төртеу мал үшін...²⁶

Дулат өлеңдерінің өзегінде жатқан бір ой – ұлттық ұғымда қалыптасқан қағида – өлгеннің қадірін кейінгіге жеткізу, өткеннің мәнін келешекке жалғастыру. Қазақ ғұрпында өлгеннің артынан ғайбат сөз айту, өзінің өткен күніне топырақ шашу – үлкен күнә. Бүгінді сынауда алдына жан салмаған ақын кешегіге салауат айтады. Сол жүріп өткен жолды бабалар ізі, аталар соқпағы деп дәріптейді. Кейбіреулер жаңсақ түсіндіретіндей, Дулат кешегі күн қайта келсе деп тұлыпқа қарап «мөңіреп» отырған жоқ. Ол тек сол күннің жақсысы сабақ болсын деп өсиет етеді. «Тарихы жоқ жақсылықтың келешегі де күмәнді» деген қорытындыны оқырманның өзіне жасатады.

Дулат өлеңдерінде замана құбылысы, дәуір, қоғам алмасуын өмірдің заңдылығы деп түсіну бар. Мәселе, сол өзгерісті қалай жасауда? Диалектиканың теориясын білмегенмен, алғыр түйсік ондай өзгерістің, дамудың болуына қарсы емес. Тек халқының қанына сіңген енжарлығына наразы. Өз тағдырын өзі шешуге мүдделілік сезімін оятуды көздейді. Ел қорғаған батырға да, ел билеген көсемге де, дуалы ауыз шешенге де, қарапайым қалың көпке де жазған арнауларының арғы тереңінде ел қамын ойлауға шақыру, бірлікті көксеу, бойкүйездіктен арылту идеялары жатыр. Сол өлеңдерінің барлығында да ер мен жер тағдырының егіздігін негізгі тін етіп алып отырады. Моральдық, рухани, материалдық бостандық пен азаттықтың маңыздылығын ашып береді. Осы жолда ол арлылықты, ұятты жоғары қояды. Бір ауыз сөзге тоқтаған халықтық дәстүрге деген сезім Дулат көкірегіне сенім ұялатады. Сондықтан ол алмас қылыштай өткір жырларын сермейді. Бірақ оның басқа сөз зергерлерінен ерекшелігі сол, Дулат айтатынын нақты адамға арнайды. Шын мәнінде, біздіңше,

²⁶ Сонда, 49-б.

бұл – сол тұста қалыптасқан дала демократиясының, сөз, ой бостандығының басты бір кепілі, шынайы куәсі. Бұл – кері кеткен заманға айтылған базына, сыр.

Қазақ әдебиетінің фольклор жанрындағы хайуанаттар туралы ертегілердің халықтың қоғамдағы жағымсыз құбылыстарды меңзей айтып, ел билеушілеріне өз тілегін жанамалап жеткізудің құралы ретінде пайдаланылғаны белгілі. Бұл жанр тапқырлықтың, шешендіктің, танымдық тереңдіктің қосындысы, үлгісі ретінде бағаланады, тағылым мен тәлімнің бір жүйесі түрінде қызмет етеді. Осы үрдісті жалғастырып, алғаш рет мысал түрінде өлең жазған Дулат Бабатайұлы болды. Дулат ақынның қазақ сатирасына қосқан бір үлесі ретінде профессор Т.Қожакеев те оның мысал өлеңдерін атайды: «ақын елге үлгі, өнеге беру, ақыл айту ниетімен үш-төрт мысал жазған. Оларда автор өтірікшілдікті, мақтаншақтықты, арамдық, қулық-сұмдықты, дүниеқорлықты мысқылдайды. Бұл ой-идеяларды айқын жеткізу үшін ақын мысалдарын түсінікті, қызықты сюжеттерге құрады»²⁷.

Дулат сатирасына арқау болған нәрселер ел ішіндегі әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерге арналады. Онда адам бойындағы жағымсыз қасиеттер әжуаланады. «Сарышымшық» мысалына жазған кіріспе сөзде ақын: «Жаман әдет қоймайды, Жарым лашық тіктіріп, Жар басына қондырмай»,²⁸ – дейді.

Бұл ары қарай баяндалар оқиғаға деген қызығушылық мотивін тудырады. Өлеңде шөліккеп келіп, көлден мейірі қана су ішкен Сарышымшықтың досына мақтануы сөз болады. Ол «дүйім құс көлде шомылып жатқанда, қаршығаның түйіліп келгенін, басқа құстың бәрі шошынып қашып жатқанда, өзінің тырп етпей, емін-еркін суға түскенін, онымен қоймай, басқалар ішпесін деп суға саңғытып, былғап кеткенін» мақтан етеді. Шын мәнінде көлдегі құстың ешбірі оның бар-жоғын елемегені, көзге ілмегені автор баяндауында шебер беріледі.

«Сарышымшық» секілді Дулаттың «Өсиетнама» жинағынан танысқан екінші бір мысал өлеңнің аты – «Қара қарға». Бұл мысалдың мазмұны төмендегідей: Дала кезіп жүрген қара қарға өлген үйректің етін тауып алады да, ұядағы балапандарына алып келеді. Бұрын-соңды мұндай жемді татпаған балапандар шуылдасып, қайдан алғанын сұрасады. Сонда қара қарға:

Қорықпай же, балалар,
Қыран шешен тапқанды.

²⁷ Т. Қожакеев. Дулат – сатирик. – Кітапта: Бабатайұлы Дулат. Шығармалары. А., 2003, 248-б.

²⁸ Д. Бабатайұлы. Шығармалары. А., 2003, 126-б.

Арқасында қайраттың
Шешең алып келген-ақ,
Таңдап жүріп ілгенмін,
Қамысты терең көлден-ақ,²⁹ --

деп мақтанады. Бірақ балапандары ата-баба тегінде жоқ ондай күштің шешесінен табыларына күдік білдіреді. Әйтсе де, арсыздық бойын жайлаған қарға бетінен қайта қоймайды.

Жемін алдына ала бергенде, оны сыртынан аңдып тұрған сауысқан жетіп келеді. Ол келе қарғаны «батыр» деп дәріптей сөйлейді. Оған қоразданған ақылсыз қарға маңғазданып, көрген, білгенінді айт деп сұрайды. Осы сәтті пайдаланған сауысқан өтірікті суша сапырады: «Көлге барып қызғыш танысымды кездестіріп едім. Ол қаршығаның ілген үйрегіннің жоғалғаның, соны алғанның мойнын қиюға тапсырма алғанын айтып еді». Мұндай күтпеген хабар әлгінде ғана қоқиланып отырған қарғаның есін шығарады. Ол қорыққанынан жеген жемін қайта құсады. Балаларын тастай қашқан қарғаның жемі сауысқанға бұйырады. «Маңғыт, аузыңа саңғыттың» кебін киген қарға жем түгіл, бала түгіл бас қайғы болып, иен таудың сайына қашып кетеді.

Аңызды сюжет етіп алған және бір шығарма – «Бір патша» деген атпен жарияланған балада. Дулат Бабатайұлы бұл еңбегінде дүниеқоңыздықпен, тойымсыздықпен қанағатты ұмытқан сараң, көрсеқызар патшаның әрекетін әжуалайды. Айналасынан байлығы мен дәулеті асса да, әлемді түгел билеуді күндіз-түні ойлайтын патша Тәңірге әлі де наразы. Ол Тәңірді «тілегімді бермедің» деп қарғап-сілеумен болады. Жазықсыз елді шауып, обалынан қорықпай, жанталаса түседі. Сол уақыттарда сарайының түбінен ғажайып бір ағаш өсіп шығып бой көтереді. Күн сайын ұзарып өскен зәулім ағаш аспанмен тілдесердей биіктейді. Оның көлеңкесі бүкіл шаһарға жетеді. Түн болғанда сол ағаштың шынар басынан алтын шырақ жанады. Шырақтың басында қолында алтын таяғы бар сұлу қыз отырады. Оның алдындағы алтын табақта патшаның өңі түгіл, түсінде көрмеген ғаламат от жанып тұрады. Патша сұлу қызға есі кете ғашық болады. Қыздан жөнін сұраса, ол:

Пәнде қолы жетпестей,
Есінен және кетпестей,
Менің атым – дүние,
Нәпсісі кімнің зор болса,
Маған болар сол ие,³⁰ --

²⁹ Сонда, 129-б.

³⁰ Сонда, 132-б.

деп жауап қатады. Патша сұлудың жерге түсуін қанша жалынып сұрағанымен, қыз көнбейді. Патша оның шырақтың, табағының ішіндегі оттың жайын сұрайды.

Қыз:

Отты ұстап тұрғаным,
Отқа бәрі табынбақ,
Оттың тілін білгенге
Жердің жүзі бағынбақ,
Өзің кел менің қасыма
Оттың тілін үйретем,
Оттың тілін үйренсең,
Орындалар тілегің,³¹ —

деп патшаны одан сайын қызықтыра түседі. Патшаның көкейіндегі арманын оқығандай, аспанға билік жүргізетін Құдаймен парпар билікке қол жеткізесің деп оны қайрай түседі. Күткені осы сөз болған соң ессіз патша қалай шыдасын?! Ойланбай, ағашқа өрмелеп шығады. Күні бойы қанша тырбанса да ағаштың басына жете алмайды. Түн болғанда титығып тоқтайды. Осы сәт аспанға қара бұлт үйіріліп, керемет дауыл соғады. Сұлу түгіл, бас қайғы болған шарасыз патша шыбын жанын шүберекке түйіп бұтаққа жабыса түседі. Дауыл екпінінен патша отырған бұта түбінен шорт сынады. Нәпсінің, байлықтың құлы болған сормандай тойымсыздық жолында жан тапсырады. Ұзын-ырғасы осындай шығарманың шындығы шыңыраудан шымырлап шыққан өмір сабағымен байланысып жатыр. Мұнда Дулаттай діні берік, ділі бөлек туындыгердің шығармасының өзегінде Алласын ұмытқан адам-пенденің парықсыздығы — орға құлатар дұшпаны деген ой жатқанын пайымдауға болады. Екінші жағынан, дүние — жемтіктің алдамшы елестей арбап, соңында нәпсіқұмар жандардың өзін жемге айналдырар ақиқат заңын әсерлі жолмен жеткізе білгені көрінеді.

Дулаттың осындай аңыз желісінде жазылған көркем шығармасының енді бірі — «Шаштараз». Тарихтағы Ескендір Зұлқарнайын патшаның бойындағы міні — басындағы мүйізі туралы ел арасында таралған бір оқиғаның негізінде жазылған мысал өлең мазмұндық-құрылымдық байлығымен қатар тіл, сөз кестесімен де өзгешеленеді. Ақындық шалқар шабыт тудырған бұл шығарманың жалаң оқиғаны тізбектеуден бұрын тыңдаушының талғамын, болмысын тәрбиелеуге ықпал ететін әсерлілігіне ден қояды. Дастанның өн бойында өрбіп отыратын оқиғалар желісі көркем образдармен, әсерлі, айшықты суреттемелермен көмкерілген. Бұл сюжеттің кейін де Мағжан сынды жыр дүлдүлінің

³¹ Сонда, 132-133-бб.

еңбегіне арқау болуына Дулат шығармашылығының оң ықпалы тигенін көрсетеді. Бірақ екі шығарманың атауының – Дулатта «Шаштараз», Мағжанда «Ескендірдің мүйізі» деп берілуінің өзінде екі ақынның бір мәселеге екі тұрғыдан келгенін байқатады. Дулаттың ой-нысанасы Ескендірдің елден бөлек ерекшелігін емес, шаштараз тағдыры арқылы адам өмір-тіршілігіндегі сөз құдіретін, тілдің атқарар рөлін көрсету басты мақсат етіп қойылған.

Дулат Бабатайұлы шығармаларының ішіндегі шоқтығы биік туындыларының қатарында «Еспембет» дастаны ерекше орын алады.

Дулат шығармашылығына терең мән беріп, арнайы қарастырған алғашқы дулаттанушылардың бірі Қ.Жұмалиев «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» атты монографиясында: «Поэmanın идеялық мазмұны екі-ақ жолға сыйғызылған:

Еспембеттей ер қайда?
Ер күтетін ел қайда?»³²

дей отырып, жыраудың ел, ер туралы идеясын: «Елін қорғап, ел үшін жауына оқ ататын батыр ұл, елді әділ басқарушылар болса деген арман, тілектерінің сәулесі ретінде «Еспембет» поэмасы туғанға ұқсайды», – деп бағамдайды.

Дастанда ел үшін туған Еспембеттің өмір жолы – нағашысы Уақ батыры Ер Қосайдың тәрбиесінде жүрген Сыбанның Жарасқұл деген атасынан тарайтын бір бұтағының – жас Еспембеттің есейген сайын туған еліне деген сүйіспеншілігінің, сағынышының артуы, еліне аман-есен келіп, өзінің ер екендігін, батырлығы мен батылдығын дәлелдеп шығып, халқының қамқорына, қалқанына айналған айбарлы батыр дәрежесіне дейінгі ерлік оқиғалары кең тыныспен бедерленеді. Қазақ жерін қалмақ-қытайдан қорғаған Еспембеттің өр болмысы, ер мінезі, адамдық, азаматтық тұлғасы сомдалады. Жыр үлгісінде жазылған бұл дастан ойдан қосылған әсіреқызыл бояулардан аулақ, шынайы өмірге барынша жақын баяндалған. Ал соғыс даласының полотносы, ондағы Еспембетпен тізе түйістіре жауға шүйліккен әйгілі батырлар Ақтамберді, Қабанбай, Саббас, Сасан, Қаракерей мен Матайдың өңшең санлақтарының қадау-қадау бейнелері әсерлі ой қалдырады. Сондықтан орталық кейіпкер Еспембет болғанмен, ол дастан қазақ даласындағы қанқұйлы соғыстың, ерлікке толы күрестің бір үзік шежіресі деңгейіне көтерілген.

Сонымен, Дулат Бабатайұлының шағын сюжетті тымсал өлең, дастан жанрларындағы терең ойлы, көркем бейнелі, маңызы мен

³² Қ.Жұмалиев. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. А., 1967, 134-б.

мәнін мәңгілік жоғалтпайтын жыр жауһарлары қашан да тағылым мен тәрбиенің құралы, өлең – өнердің өлмес туындылары қатарында тұра берері кәміл. Өйткені олардың қазақ әдебиетіндегі озық үлгі, ұтымды үрдіс бастауы болар табиғаты бөлек дүниелер екені айқын.

ХІХ ғасырдың алмағайып аласапыраны өмірге әкелген ақын Дулат Бабатайұлының шығармашылық әлемінің көз жетпес қияны биік, ақыл бойламас ой тереңдігі түпсіз тұңғыық.

Ақын өлеңдерінің алғашқы жариялануында «Өсиетнама» деп аталуының астарында талай ой тұнып тұр. Ендеше, бүтінді бұтарлап бөлшектемей, бірлікте қарау арқылы тайпалған жорғаның желісімен, басынан соңына дейін бір ырғақ, бір мақаммен оқылатын жыр жолдарының сыртқы үндестігі қандай жарасымды болса, оның ішкі мазмұн үйлесімділігі де сондай ұнасымды екенін байқау қиын емес. Өршіл рухты өлеңдеріндегі шын ықыласпен ынтыға іздейтін кейінгі ұрпағына сеніммен, үмітпен арнай басталатын алғашқы жолдардан-ақ төкпе ақынның айбарлы ойы, айдынды қуат-күші ерекше серпінмен беріледі:

Үмітім бар құдайдан,
Сақтай ма деп жаладан.
Ақыр заман баладан,
Залым туған анадан.
Мұны жазған Дулатты
Тастамаңыз дұғадан...³³

Алладан иман сұраған сөз зергері асқан зиялылықпен заманалар көшінің көркем кейпін дәуір-дәуірімен көз алдыңнан өткізе отырып, өзіне дейінгі тарих белестерін, сол сағым уақыт кеңістігінде, халық жадында сақталған сом тұлғалар есімін жаңғыртады. Олардың әрқайсысының ел тарихындағы тағылымдық істерінің мәнін, ұлағат үлгілерін сағына отырып, сазды жырға арқау етеді. Алаштың абыройы аспандаған, асау өмір арнасындағы өзіндік ажар-кейпін сырбаздық мінезбен сомдауға ұмтылған ұлы ақын шындықты шымырлата төкпелейді. Адамның жан сезімін тереңнен тербеп, айтар өсиетінің өнегесін тануға тыңдаушысын алдын-ала даярлап алатын таңғажайып тапқырлық Дулат өлеңдерінің күдірет күшін арттыра түседі. Әуелде өміртанымның қалыптасуына негіз болатын дамудың алғышарты ретінде осы дүниедегі қарама-қайшылық заңдары, тіресе жүретін егіз ұғымдар адам болмысымен астастырыла беріледі. Жақсылық пен жамандық, ақ пен қара, адамдық пен арамдық т.б. секілді бір-бірімен ешқашан сыйыспайтын, бірақ бір-бірінен бөлініп те кете

³³ Д.Бабатайұлы. Шығармалары. 2003, 103-б.

алмайтын түсініктерге бой ұрғызады. Бейнелі де бедерлі тілмен оқырманның ойына қозғау салғаннан кейін жыр бұлағы емін-еркін ағытылады. Сөз таныр кісінің көзіне шалынар қадау-қадау ой мұнаралары жарыса, жараса бой көтереді.

«Өсиетнаманың» өзіндік өрнегін өзгешелеп тұратын және бір қасиеті, оның өлеңмен кестеленген ойларының халық өткен жолдардың көркем шежіресіне ұласуы десек қателеспейміз. Себебі Тұранның тұғырының тиянақ табуында зор рөл атқарған дарабоз билеуші ұлы Ақсақ Темірдің елге сіңген еңбегін дәріптеп, қасиетті Әбілпейіз, қадірлі Абылай, қазақтың қорғаны Кенесары сынды айырықша тұлғалардың қалдырған ізі шабытпен жырланады. Ел өмірінің жарқын беттері жазылған тарих парақтарын парасаттылықпен аударған асқақ ақынның айбарлы үнін жасанды саясат өтірік ұқпағансып, жөнсіз бұрмалағанына көзін жетеді. Тындаушысын бордай егілтіп, сөзіне елін ұйытқан ұлы ақынның екпінінен, тасқын өзендей тулаған күшінен сескенген жасанды саясатсымақтардың бұл өлеңдерді жөргегінде тұншықтыруға асығуы жайдан-жай емес екенін топшылайсың. Өткенді көксеу, кейінгіге қарайлау кертартпалықтың нышаны деп сендіруге тырысқан тайғанақ көзқарастар дүбірлі, дауылды жырдың шаужайына жармасқандай. Ал ең танданарлығы сол, келер күннің кірбің түскен кінәмшіл жастарының өтірік сөзге малданып, ұрпағының алданатынын да ұлы тұлғаның қырағы көңілі алты қырдың ар жағынан-ақ көрегенділікпен болжайды, сезе қояды. Сөйтсе де болашағынан үмітін үзбей үн қатады.

Ақын Тұранның шарықтай дамыған өркениетті өрлеу кезеңінің құпия сыры – мызғымас бірлікте, атадан балаға ауысқан ұлттық игіліктерде жатқандығын меңзейді. Бірақ дәл осындай сезімді шарпитын ширыққан шумақтарды кеңестік цензура қарауына алып, нысанасын дәл тапқан. Сондықтан да «Өсиетнаманың» өрнекті жолдары қиылған, әйтпесе сан ұрпақ Дулаттың нәрлі де құнарлы, құнды дүниелеріне бүгінгіден гөрі тереңірек бойлап, толығырақ таныр ма еді? «Ештен кеш жақсы» деп, жыраудың көзден таса, көңілден ұмыт қалған дүниелерін қайта парақтап, саралау нәтижесінде көп жайларға көз жеткіздік.

Алмас қанжар қын түбінде жатпайтынын, саф алтынды тот баспайтынын әділ тарих тағы бір дәлелдеп берді. Тәуелсіздік алған елдің есті ұрпағы жоғалтқанын іздегенде, алдымен сол асылдарына асықты. Оның дәлелі, ғалымдардың, ізденушілердің, ойлы оқырмандардың кешегіні қайта парақтауға деген ынтасы күннен-күнге артып отыр.

1880 жылы жарық көрген «Өсиетнама» мен 1991 жылғы «Замана сазы» жинақтарын салыстыра келгенде соңғысының көп қысқартылып, «өңделіп», сүзгіден өткені бірден көзге шалынады.

Алғашқы 34 беттік материал тұтастай енбей қалса, көптеген өлеңдердің «күйрық жалы» күзелген. Себеп – біреу-ақ; саясатқа қайшы өлеңдер алынып тасталған. Иман, Алла, мұсылман деген сөзі бар өлеңдер, шумақтар «редакцияланған», күзелген, түзелген. Ал Дулаттай танымы телегей, жаны иман мен нұрдан нәр алған, тәңір жолын қасиет тұтқан тұлға бұл қастерлі сезімдерге сүйенбей сөз айтпағанын ескерсек, оның барша өлеңінің әр кезеңде саяси сүзгіге ілінуі өзінен-өзі түсінікті еді.

Еліміз толық тәуелсіздік алғаннан кейінгі 2001, 2002, 2003 жылдардағы басылымдарында Дулат шығармалары текстологиялық тұрғыдан қалпына келтірілді.

Адамзат тіршілігінің мәні оның өткіншілігінің сезілуінде, сол сезім арқылы тәубә жасап, таза ақ жолды таңдауында екенін қапысыз таныған ақынның бүкіл шығармашылығының түп қазығы, адастырмас ақ жолы – Алланың хақ жолы болғанын аңғарамыз. Ақын адам өмірінің кезең-сатылары туралы айтса да, адам бойындағы сан алуан қасиеттерді санамалай таразыласа да, ел ішінің, ағайын арасының бірлігі мен берекесін жырласа да, әйтеуір, қай тақырып жөнінде сөз қозғамасын, бәрінің баяндылығын сол өтпелі өмір күрестің тазалығы мен тектілігіне апарып тірейді. Бір ауыз жылы, жақсы сөз сыймен тең, түзу жолдан таймаған қараның басы қадірменді бимен тең десе, енді бірде әділетсіздікке бой алдырған мансапқор қазылардың сасып кеткен маймен барабар болатындығына күмәнсіз сенеді.

Отбасының береке бірлігінен елдің тұтастығы басталатынын пайымдайды. Сол елді билеген көп ұлықтың бойындағы жақсы, жаман қасиеттер де жырау назарынан тыс қалмайды. Бірде жалпылай, бірде атын атап, түсін түстеп, даралап айтатын арнау, толғау өлеңдерді шамырқанбай, шамданбай оқитын шенеунік табыла қояр ма екен!? Бәлкім, дәл осындай отты өлеңдерді қысқартушылар кезінде Дулат жырын сол қалпында жіберуден тайсақтаса, оны өз күнәсіндей сезінсе, осыдан артық өлең күдіретін мойындатар күш жоқ шығар.

Қашан да қарсы ұғымдарды қатарластыра, қабаттастыра қос өрім етіп ұстау арқылы айтарының ауқымын кеңейтіп, алыстағыны қиядан шалар қырағылықпен қиыстыра зерлейтін сөз зергері бірде қиялай, бірде төтелей, төкпе жырдың тиесін ағытады. Бір ойы бір ойын толықтырып, бір толқын сезімді екінші бір толқын сезім іліп әкетіп, бөлшекті бүтінге айналдырады. Осыншалық кеңістікті қамтитын қайратты, қуатты жыр екпіні сондықтан да уақытқа бағынбай әр дәуір, қилы кезең тұманында адаспай бүтінге жетсе, оның сыры мен құпиясы – заманалық шындықтан бастау алуында әрі тазалыққа суарылуында.

Ақын адам өмірін нұрландыратын қуат көзін еңбектен, білімнен, ортаның өз мектебінен іздейді. Ізгілік пен мейірімділік бастауы елге деген сүйіспеншілікте, адамға деген асқақ сезімде деп біледі. Сол себепті жырау адамға тән киелі сезімдер достық, жолдастық, адамдық, шынайылық, бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыратын негіздерді көрсетеді.

Қысқартылған өлеңдердің дені – ұлттық діл, ана тіл, тектілік, елжандылық секілді қасиеттерді дәріптейтін туындылар. Мұның сыры мен себебі ақынның өткір тілмен ашына үн қатуында. Ал жарияланған, бірақ ішінара жолдары, шумақтары алынып тасталған жырлардың орыс деген ұғыммен сыйыспайтын тұстары көп. Себебі айбарлы ақын отаршылдықтың озбырлығы мен опасыздығын «орыс» сөзімен шендестіріп, шорт түйіп айтады. Жаны ышқынған жалынды жырау жаймалап, жадағайлап, астарлап айтуға ұмтылмайды да. Мысалы:

Жағаңа дуан түскен соң,
Суынды орыс ішкен соң,
Аягөз, суың қағынды.

Осы шумақтың ішіндегі екінші жол қысқартылады. Ал, шын мәнінде, осы шумақ қана емес, бүкіл арнау жырдың арқауын тұтастырып тұрған – осы жол. Ақынның айтпағы мойнына жезден қарғы тағынған бай-старшынның желігуі ғана емес, Аягөздей жер жаннатының шырайынан айрылуына, айырылып қоймай қағынуына себеп болып отырған да оның суын арамдаған ашкөз алаяқтардың сұм тіршілігі. Адамға келер қауіптің туған жерден бөлек болмайтынын асқақ ақын алыстан шалады. Бұл бүліктің арғы түбі басыбайлы билік құрам деген қара ниетке жалғасарын жаңылмай табады:

Сындырды, елім, сағынды,
Астыңнан алды тағынды.
Қара ісіңе дем беріп
Қарайтты әдейі ағынды.³⁴

«Өсиетнамадағы» осы шумақтың да екінші жолы, «Замана сазында» жарияланғанда алынып тасталыпты. Япырай, редактордың қырағылығына қалай танданбассыз?! Өлеңнің бүкіл лейтмотивіне алынған жалғыз жолдың желкесі дәл қиылған.

Байтақ жерді жайлап жатқан бақуатты елдің бүкіл тыныс-тіршілігі тарылып, әдет-ғұрпы, салт-санасы бұзылып, мең-зең күй

³⁴ Д.Бабатайұлы. Өсиетнама. – А., 2001, 110-б.

кешкен халі бүтін ой бірінен-біріне ауысқан сайын, шумақтан-шумақ жалғасқан сайын айқындала түсетіндей. Бірақ тағы да осы түйінді ой түбірімен жұлынады:

Үш жүздің ұлы қараған,
Алдынан соның тараған
Әбілпейіз, Абылай –
Екі сұлтан-сұңқарға,
Еркінше өскен қайран ел,
Дәулетің бейне шалқар көл,
Айдының бейне асқар бел,
Ботадай бұла өскен тел,
Енді келіп қамалдың –
Орыс салған қу тамға.³⁵

деп аң ұрады Дулат. «Қу тамның» аясына елдігі өшуге айналған бүгінгі кейпіміз, бар асылын жоғалтқан бейшара кебіміз сыйып кеткендей. «Көреген» көздер Дулат жырларындағы «орыс», «кәпір» сөздерін «патша» сөзімен алмастырып та амалдайды.

Ал, қалай қысқартса да икемге көнбейтін, илеуі қанық шумақтар әр жерден-ақ тұтастай оталады. Соның бірі:

Ақ патша тайып сертінен,
Кенет келіп мертінен
Ел зердесі ұласып,
Дерт үстіне дертінен
Құтылмай ел қамалар
Батыстың салған өртінен.³⁶

Әрине, осындай өртті орамдар, ширьға өрілген шумақтармен қоса коммунистік идеямен ауызданған «алғыр» ағайындардың үрке қараған, үрпие бұғып, бас тартқан бір арнасы кезінде киелі есімдерін ел жадынан қасақана жоғалтуды көксеген халық ұлдарына қатысты өлеңдер болды. Оның бел ортасында хан Кенеге қатысты Дулат жырлары бар еді.

Кезінде Дулат шығармаларын зерделей зерттеген белгілі ғалым марқұм Құлмат Өмірәлиевтің мына бір пікірінде: «... ел басы, жұрт басы деген Кене ханды, оның әрекетін өз кезінде Дулат қана сөз ете алды. Қоғамдық пікір кеңесінде, әдебиетте Кене ханды бірінші рет тілге тиек еткен Дулат болды» – деп жазды.³⁷ Әлбетте, зерттеуші Дулаттың хан Кене жайындағы жақұт жырының астарындағы ас-қар сезімді, қапысыз құрметті тани алады. Бірақ кітаптан қиылып түсіп бара жатқан өлең туралы қалай да бір

³⁵ Д.Бабатайұлы. Өсиетнама. А., 2001, 116-б.

³⁶ Сонда, 124-125-бб.

³⁷ Д.Бабатайұлы. Замана сазы. Құрастырған Өмірәлиев Қ. А., 1991, 59-б.

мағлұмат қалдыру үшін бе, әлде өлеңді енгізуден үзілмеген үміттің бір ұшығын білдіру үшін бе, әйтеуір, бұл өлең қақында біршама сөз арнаған екен. Көзі қарақты оқырман осы пікірден пайымды ой түйге өзі де мүдделі болар деген үміт сәулесі ұшқындайды. Өлең мазмұнында отаршылдыққа қарсы бас көтеріп соңынан қалың қол ерткен хан Кененің жорық әрекеттері шынайы суреттеледі. Асыра мадақтау, дәлелсіз дәріптеу, басы жерге тигенше еңкейе, еміне иілу мұнда атымен жоқ. Керісінше, ел ішіндегі зобалаң шамырқантып ширықтырған Кенесары ханның кеудесінде тұтанған намыс оты, сол оттан күш-қуат алған, тұтанып маздаған көпшіліктің қимыл күресі кең суреттеледі. Жыр жолының екпіні мен пәрменін күшейтіп, отын маздатқан осы қырына құлақ түріп көрелік:

Жау қарасы көрінді,
 Қабындап басты жерінді,
 Кетпенсіз-ақ қаздырды
 Өзіңе өз көрінді.
 Хан сарқыты Кене хан
 Қан жорық боп қаңғырды.³⁸

Бұл дана қарттың саналы сәуегейлігі десек те, ер есімін ел есінде қалдырудың өзгеше ұтымды жолы десек те жарасымды. Жақсының атын өлтірмей өзінен кейінгіге үлгі ету, асылды жасықтан айырып, өз биігіне лайық бағалау үрдісінің бір үзік өнегелі өрнегіндей.

Кеудесіне қайғы толған жыр сәйгүлігінің тынысын кеңейтетін, оған күш-қуат беретін арна – халқының бастан кешкен бейбіт кезеңдегі берекелі тірлігі, одан кейінгі уақыттардағы майысса да сынбаған, жіңішкерсе де үзілмеген зиялы, зиятты дәстүрі. Жыраудың тұманың тұнық суындай сырлы, нұрлы әрі өксікті, өкінішке толы өр дауысы езілген елдің еңсесін көтеруге бағытталады. Ақын шері шындықпен шиырлана шырмасқан жыр жолдарына ұласқан. Бәлкім, сөз құдіретінің тілмен айтып жеткізе алмас асыл қасиеті осында болса керек.

Дулат Бабатайұлы шығармаларында қазақтың ұлттық философиясының негізгі нәрі мен мәні мейлінше айқын көрінеді. Оған ақынның табиғи ақындық болмысы, өмір сүрген қоғамдық-әлеуметтік ортасы, өзіне дейінгі тарихтан тамыр алған танымдық ұғым-түсініктері ерекше әсер еткендігі сөзсіз. Олай болса, қазақ тарихының, қазақтың дүниетанымының өсу, өрлеу жолдарын, даму кезеңдерін дұрыс бағамдау үшін осындай рухани қазыналарымыздың атқарар қызметі ерекше маңызды.

³⁸ Д. Бабатайұлы. Өсиетнама. А., 2001, 110-111-бб.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ

(1803-1846)

Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы Ішкі Бөкей ордасы, Бекетай деген жерде, қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданында дүниеге келген. Осы өлкені мекендеген он екі ата Байұлының бір бұтағы Беріштен тараған Жайық-Беріштен шыққан. Бұл деректер бойынша ақын Исатай Таймановпен аталас. Қазақ халқының ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында жасаған ірі тарихи тұлғасы, жыраулық поэзияның біртуар дара жұлдызы. Қазақ әдебиетінің тарихында Махамбет Өтемісұлы жыраулық поэзия мен жаңа дәуір әдебиетін жалғастырған сирек суреткерлік дарын иесі, дәстүр жаңғыртушы ретінде ерекше орын алады.

Махамбеттің өз әкесі Өтеміс, арғы атасы Құлмәлі. Құлмәліні ертеректе жаугершілік кезінде Жайық Беріш руының батырлары түркіпендермен қолға түсіріп әкелген деген тарихи аңыз әңгіме белгілі.

Махамбет Өтемісұлы Исатай Тайманов бастаған ұлт-азаттық қозғалысының ұлы жыршысы, рух беруші саяси көсемі болды. Ақынның жігерлі жырлары мен толғаулары орыс империясының отарлау саясатына қарсы қазақ халқының тәуелсіздік рухын асқақтатқан құнды мұралар. Махамбет ХІХ ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысына тікелей қатысып, басшылық жасады. Жалынды жырларымен жаңа дәуір әдебиетінің аса ірі көшбасшыларының біріне айналды. Х.Досмұхамбетұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Махамбет шығармашылығын, ақынның қазақ елінің тарихындағы айрықша орнын аса жоғары бағалады. Қазақ әдебиетінің ұлы құбылысы ретінде таныды.

Азаттық жолындағы ұлы күрескер, қазақ өлең өнерінің біртуар дара тұлғасы Махамбет Өтемісұлы 1846 жылы 20 қарашада, 42 жасында опасыздықпен өлтірілді.

Махамбет — жаңа заман ақыны. Көркем өнер мен көркем әдебиетте қашанда екі процесс қатар жүріп жатады. Бірі — күнделікті тіршілік ағымында болып жатқан құбылыстар мен өзгерістерге сәйкес өткінші тақырыптар мен идеялар, проблемалар мен оқиғалар суреттеліп, әдебиетте өз көрінісін тауып жатады. Немесе, ойдан туған сюжеттер шартты түрде бейнеленіп, фантастикалық түрде баяндалып, болмыс астарлы сипатта көрсетіледі. Мұндай жағдайды өмірдің өзі, болмыс қажет етеді. Сол қажеттілікке әдебиет пен өнер өзінше жауап береді.

Екіншісі — әдебиет пен өнерде ескірмейтін, өшпейтін, мәңгілік проблемалар мен ой-пікірлер орын табады. Бұлар, көп жағдайда, жалпыадамзаттық мәнге ие болады. Сондықтан олар ешқашан маңызын жоймайды, керісінше, әр ұрпақ пен әр қоғам ондай әдебиетті өз кәдесіне жаратады. Алайда, мұндай әдебиетті жасау кез келген ақынның, яки жазушының маңдайына жазылмаған. Тек классиктер ғана мәңгілік және бүкіл адам баласына ортақ ой-пікірі мен сезім дүниесі бар туындыларды бере алады. Ондай шығармалардан әр заманда, әр қоғамда өмір сүретін адамдар өзіне қажеттіні іздейді, оны табады, сөйтіп, одан рух іздейді, қуат алады.

Махамбет те осылай. Одан ХХ ғасыр қазақтары таптық, әлеуметтік мәндегі нәрсені іздесе, бүгінгі ұрпақ тәуелсіздік пен азаттық рухын табуда. Сонымен қатар, біз Махамбеттен жалпыадамзаттық ізгіліктер мен құндылықтарды да іздейміз. Ал, келер ұрпақ Махамбеттен басқа проблеманы іздейтіні күмәнсіз. Сөйтіп, Махамбет алдағы ұрпақтарға да, келесі ғасырларға да маңызды әрі мағыналы ой айтып, өз биігінен көрінері сөзсіз. Өйткені ол — классик ақын.

Әлбетте, классиктер де өз дәуірі мен қоғамы талап еткен ой-пікірді айтып, зәру шығармалар тудырады. Ол да белгілі бір кезеңде өзекті болған мәселеге соқпай кетпейді. Махамбет те — солай.

Махамбет — жаңа заман ақыны. Ол өз заманы талап еткен әдебиетті жасаушы, яғни Махамбет жаңа әдебиеттің басында тұр. Махамбеттің заманы қандай еді? Еске алайық. Бұрынғы қазақтың өз мемлекеті жоқ болатын. Халық жат жұртқа бодан болған. Ел басшылары халыққа қорған болудан қалған. Керісінше, отарлаушылармен ауыз жаласқан. Ресей тәртібі ене бастаған. Жәңгірдің жерге, салыққа, билікке қатысты енгізген «жаңалықтары» ежелгі тіршілік үрдісіне қайшы келген-ді. Ақсүйектер мен бұқараның алшақтауы күшейген еді. Отарланған елдің бұғаудан құтылу жолындағы күресі тынымсыз жүріп жатты т.б.

Міне, осы дәуірде өмірге жаңа әдебиет келді. Жаңа әдебиетте

бұрынғыдай әміршіні дәріптеу жойылды. Жалпақ жұртты отаршылар мен хан, сұлтандарға қарсы ашық күреске, қарулы ұрысқа шақыру, жұмылдыру – басты тақырып болды. Осыны жүзеге асыру үшін шығарманы қоғамның қатардағы мүшесіне жолдау – мақсат тұтылды.

Махамбет өз дәуірінің тынысын, талабын дұрыс түсініп, көре білді. Сол себепті де ол әдебиетті жаңа бағытқа бұрды. Ең бастысы көркем әдебиетті хан сарайынан шығарып, бұқара ортасына әкелді. Әдебиеттің міндеті - әміршіге қызмет ету емес, қоғамға қызмет ету деп білді. Қоғамға қызмет ету - әр адамға, оның сезіміне әсер ету, оның бойында рух көтеру, сөйтіп көпшілікке ықпал ету деп түсінді. Осы себепті Махамбет әрбір сөздің қуатын, құдіретін барынша пайдаланған. Сөйтіп ол, көркем поэзияның өзіне тән табиғи функциясын қайта жандандырды, оны дамыта түсті. Екінші сөзбен айтқанда, Махамбет сөздің магиялық күшін, эмоциялық қуатын, эстетикалық әсерін күшейтіп, зор биікке көтерді.

Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы Кеңес өкіметі кезінде Компартияның идеологиялық ұстанымдарына қарай зерттелді. Оның өзін де, поэзиясын да таптық тұрғыдан бағалап, Жәңгір хан мен ел билеуші топқа қарсы қойдық, бұқараны езуші таптың бітіспес дұшпаны етіп көрсеттік. Ақын өмірінің тек көтеріліс кезеңіне ғана көңіл бөлдік те, оның көтеріліске дейінгі ғұмыры мен істері, көркем шығармашылығы назардан тыс қалып жатты. Соның салдарынан Махамбеттің өмірі түгелімен ерлік күресте өткен болып, ал поэзиясы тек жұртты соғысқа шақыруға, ұрыстың өзіне, сондай-ақ хан мен сұлтандарды әшкерелеуге арналған сияқты болып көрінді.

Ақынның мұрасы – әдебиеттану ғылымының объектісі де болды. Алайда, зерттеу еңбектерде, негізінен, идеологиялық схематизм мен орыс әдебиетінің үлгісімен талдау орын алды. Сөйтіп, Махамбеттің шығармалары реализм, романтизм, оптимизм, пессимизм деген «измдер» тұрғысынан зерттелді. Белгілі бір аспектіде бұл да қажет шығар. Бірақ көп жағдайда қазақтың ұлттық көркем ойының даму заңдылықтары ескерілмеді. Соның салдарынан Махамбеттің өзіндік ерекшелігі тар аяда, тек күрескер ақын деп танылды. Ал оның өзіміздің көркем ойымызға қосқан үлесі және өлең сөзді ойнатудың шеберлігі толық ашылмады. Ол өзінен бұрынғы поэзияны қалай пайдаланды, оған өзі не әкелді, ақын қандай қоғамдық мәні бар проблемаларды шығармашылығында қамтыды деген мәселелер, өкінішке қарай, тиісті дәрежеде сөз болған жоқ.

Ақын поэзиясында бейбіт өмірдің әдепкі тұрмыс-тіршілігі, тыныштықта ойға шомған хал-жағдай жоқ. Ол жайбарақат өмірді білмейді де қабылдамайды. Махамбет – лаулаған от, қызуы

қатты шок. Тиіп кеткен жерін өртейді. Оған тиіскен адам да жанады. Сол себепті оның өлеңдеріндегі образдар өте жарқын әрі өте ірі. Олар бір-бірімен тығыз байланысқан тұтас желіні құрайды. Ал осы образдық желінің ар жағында дүниеге, қоғамға деген ақынның көзқарасы, азаматтық позициясы және саяси-әлеуметтік, философиялық дүниетанымы айқын көрінеді. Өз кейіпкерлерін ол осы тұрғыдан бейнелеп, бағалайды. Оның кейіпкерлері – түгелімен тарихи тұлғалар, сондықтан ақын оларды барынша нақты әрі өмірге сәйкес етіп көрсетеді. Әлбетте, поэзия болғандықтан мұнда әрбір адам сол бойында, фотосурет сияқты емес, ақындық эмоция мен өнердің шарттылығы негізінде суреттеледі. Осы тұста Махамбет көркемдеудің небір ұтымды амалдары мен әдістерін, тәсілдерін пайдаланады. Әсіресе, ол пафос, гротеск, сарказм, кейде әсірелеу сияқты құралдарды өте шебер қолданады. Мақтаса – аспандатып, әуелетіп; жамандаса – жерге тығып, таптап; күйінсе – күйдіріп, күңдіретіп; қуанса – сүйіндіріп, сүйсінтіп айтады. Онда орташа жағдай, бей-жай, немқұрайлы күй болмайды. Міне, Махамбеттің Жәңгір ханға, Баймағамбет сұлтанға айтқандарын осы тұрғыдан түсінгеніміз абзал. Ол шығармаларнағыз поэзиялық өнердің туындысы. Ал өнерді түсіне білу керек. Ендеше, өмірдегі Жәңгір де, Баймағамбет те – Махамбет суреттегендей емес, Махамбеттің жасаған поэзиялық образдары екенін ескеру қажет.

Жалпы, Махамбеттің бұл шығармалары – көтеріліске қатысты туғанымен, екі жақтың бітіспес өшпенділігін паш етуге арналған дүниелер ғана емес. Әміршіге қарата сөз айту – қазақ поэзиясында ежелден келе жатқан дәстүр. Асанқайғының Жәнібек ханға, Шалкиіздің Би Темірге, Жиіембеттің Есім ханға, Бұқардың Абылай ханға, Сүйінбайдың Тезек төреге айтқандары қазақ қоғамында «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағиданың ертеден орнығып, сөз бостандығы мен ой азаттығы әрқашан іс жүзінде болғанын айғақтайды. Рас, бұрынғы жыраулар осы қағиданы негізге ала отырып, әміршіге деген өзінің оппозициялық ойын айтумен ғана шектелген. Ал Махамбет тек айтып қоймай, ашық күреске шығады, өйткені ол әділетсіздікке төзе алмайды. Оны қарулы қарсылыққа шығарып отырған нәрсе – тек қана бұл емес. Көтеріліс жасаудың қоғамдық-саяси сәті түскенін айту керек. Егер Асан мен Бұқар жыраулар қазақ елінің жеке мемлекет болып тұрған кезінде өмір сүріп, хандықтың мықты болуын көздеп, эстетикалық идеяны қолдағандықтан әміршімен ашық күреске шыға алмаса, Махамбет заманында жағдай мүлде басқаша еді. Қазақ халқы біртұтас мемлекеттіктен айырылып, Ресейге бодан болған шақтағы ханның рөлі – вассалдық қана болатын. Ол Ресей патшасының бұйрығымен тағайындалып, қазақ жерінде

Ресейдің мүддесін, оның саясатын жүзеге асыруға міндетті еді. Мұндай жағдайда қазақтың өз мемлекетін сақтау, күшейту керек деген идея мен көзқарас қазақ қоғамында болған жоқ. Сондықтан қоғамда ханға қарсы күрес – қазақ мемлекеттігіне қарсылық деп қабылданбайтын түсінік қалыптасты. Керісінше, ханмен күрес – елдің азаттығы мен әділеттік үшін күрес деп ұғынылды. Міне, осындай жағдайда Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістің бұрқ етуі – таңғаларлық нәрсе емес. Өйткені ол кездегі хан–қазақтың дербес мемлекеттігінің символы да, кепілі де емес-тін. Сол себепті көтерілістің басшылары да, сарбаздары да өздерін қазақ мемлекеттігіне қарсымыз деп ойламаған. Олар Ресей басшылары мен ханның бірігіп, қазаққа қарсы жасаған әділетсіздіктерін жою үшін көтеріліске шықты.

Жалпы, Махамбет поэзиясынан оның өмірі мен шығармашылық жолының бірнеше кезеңнен тұратынын байқауға болады. Айталық, алғашқы кезеңі – Жәңгір ордасына келгенге дейінгі және ордада жүрген мезгілі. Жылмен есептесек, бұл 1821-1827 жылдарға сәйкес келеді. Осының соңғы 4-5 жылы – ордада жүрген уақыты деп шамаланады. Екінші кезеңі – Махамбеттің ордадан аласталып, елді көтеріліске үндеген шағы деуге болады. Бұл – 1829-1835 жылдар шамасы. Үшінші кезеңі – Махамбеттің тікелей көтеріліске қатысып, оның идеологы болған тұс, яғни 1836-1838 жылдар. Төртінші кезеңі – көтеріліс жеңіліп, Махамбеттің қуғынға түсуі. Әлбетте, біздің бұлай 4 кезеңге бөлуіміз белгілі дәрежеде шартты, өйткені Махамбеттің бүкіл өмірі туралы нақты құжаттар мен басқа деректер жеткілікті емес. Бар сүйенгеніміз – ақынның шығармалары мен көтеріліске қатысты Махамбет туралы ақпарлар.

Өкініштісі сол – Махамбеттің алғашқы кезеңдегі туындылары бізге жетпеген. Дей тұрғанмен, оның кейбір өлеңдері көтеріліске дейін туғанға ұқсайды. Олардың базбіреулері, мазмұнына қарағанда, Махамбеттің хан ордасына барғанға дейін айтылған сияқты көрінеді. Зады, Жәңгір хан Махамбетті өз ордасына тегіннен-тегін шақырмаған тәрізді. Ордаға дейін-ақ Махамбет – өр мінезді, өжет жігіт, от тілді, орақ ауызды ақын ретінде атағы шықпаса, елге қадірлі болмаса, Жәңгір оны несіне шақырсын?! Қазақ мемлекетінде ертеден қалыптасқан дәстүр бар-ды: атақты жырауларды хандар өз ордасына шақырып, қасында ұстаған. Жәңгір де осы салтты сақтап, Байтоқ сияқты белгілі жырауды, Махамбеттей азулы ақынды жанына алған. Тек Байтоқ пен Махамбет – екі түрлі ұстанымдағы адамдар болып, Байтоқ бұрынғы жыраулардың панегирикалық поэзиясын ғана жалғастырса, Махамбет баяғы классик жырауларша әміршіге оппозицияда болып, қарулы қарсылық көрсетті, көтерілісті

басқарды. Сөйтіп, жыраулардың жауынгерлік поэзиясын дамытты және қазақ әдебиетінде ұлт-азаттық поэзиясының (повстанческая поэзия) негізін қалады.

XV ғасырда құрылған Қазақ хандығы үш ғасыр бойы сыртқы дұшпандардан қорғанып, үнемі соғыс жағдайында болғаны белгілі, картаға мемлекеттің тағдыры қойылғандықтан, ханнан бастап, би мен батырларға шейін, бүкіл ел жақсылары, солардың ішінде жыраулар да қоғам алдында тұрған өзекті мәселе – ең алдымен мемлекетті сақтап қалу деп білген. Сол себепті олардың барлық ісі соған бағытталған, ал жыраулар өз шығармаларында Отанды қорғау, басқыншыларды тойтару тақырыбын жырлап, жауынгерлік поэзияны алға шығарған.

XIX ғасырдан қазақ қоғамы үшін енді сыртқы жаудан қорғану емес, қазақ мемлекетін жойып, халықты отарлаған Ресей қақпанынан құтылу – ең зәру мәселе болып, әдебиетте ұлт-азаттық идеясы орнықты. Міне, Махамбет осы жаңа бағыттағы поэзияның көшбасшысы болды. Одан кейінгі әдебиетте ұлт-азаттық идеясы тағы бірнеше бағытта көрінді, айталық, халықтың мұңын жоқтау, елді отырықшылыққа шақыру, оқу мен білімге үндеу сияқты. Ал Махамбет болса, қолға қару алып күресу, сөйтіп азаттық алу, әділеттік орнату қажеттігін жырлады. Осы жағынан алғанда, Махамбет – күрес (повстанческая) поэзиясын, содан туындайтын саяси-азаматтық лириканы қалыптастырушы болды десек те орынды.

Егер хан ордасынан кеткенге дейін шығарылған болу керек деп санайтын Махамбет өлеңдеріне шолу жасасақ, оларда саяси ой жоқ екеніне көз жеткіземіз. Мұндай шығармаларда күрес сарыны әлі айқын емес, көбінесе тіршіліктің әртүрлі құбылыс-жағдайлары туралы жырауларша толғау басымырақ. Махамбеттің өзінен бұрын жасаған жыраулардың өлең-толғауларын түгелге жуық жатқа білгені ақынның туындыларынан айқын көрінеді. Тіпті шығармашылық өмірінің алғашқы кезеңінде, жастау шағында, соларға еліктеген де секілді. Мәселен, Қазтуған сияқты («Бұдырайған екі шекелі») Махамбет те өз портретін жасап, көркем суреттеген:

Еңселігім екі елі,
Егіз қоян шекелі,
Жараған теке
мүшелі,
Жауырыны жазық,
мойны ұзын,
Оқ тартарға қолы ұзын¹, –

¹ *Махамбет*. Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. 1-т., А., 2003, 36-б.

деп келеді де, осыған қоса өзіне мінездеме беріп, өзінің қандай адам екенін айтады:

Дұшпанына келгенде,
Тартынбай сөйлер асылмын.
Құла бір сұлу ат мінген,
Құйрық, жалын шарт түйген,
Құм сағыздай созылған.
Дулығалы бас кескен,
Ту түбінен ту алған,
Жауды көріп қуанған,
Мен Өтемістің баласы
Махамбет атты батырмын².
(«Еңселігім екі елі»)

Былай қарағанда, бұл өлең Махамбеттің батыр ретінде жұртқа танылып, әбден толысқан кезінде туған сияқты көрінеді. Алайда, кемеліне келген адам өзін «батырмын» деп айта қоймас. Керісінше, алда арманы көп, албырт шағында адам өзін барынша артық бағалап, максималист болады. Махамбет те сол бозбала тұсында өзін елден асып туған батыр сезінген, сондай болуды көздеген. Сол ойын ашық айтып, өзінің образын сомдаған. Ол өзінің бет әлпетін, дене құрылысын суреттеумен қатар, өзін жұртқа таныстырады. Сөйтіп өзінің кім екенін, қандай адам екенін, нені көксейтінін, нені жақсы көретінін хабарлап, тіпті өзінің мінезін, әрі астындағы атын да сипаттаған. Осы өлеңнің өзінен-ақ Махамбет ертеден қалыптасқан «ер азығы жолда» дейтін шартпен жүретін жортуылшы номадтың идеалын – ұзақ та қауіпті жолға жалғыз шыға беретін, қанша жүрсе де талмайтын, шаршамайтын, ештеңеден тайсалмайтын, ешнәрсені талғамайтын ер-азаматты қалайтынын көру қиын емес.

Жалпы, Махамбеттің бізге жеткен шығармасының саны – 80-ге жуық болса, соның 20 шақтысы көтеріліске дейін туғаны сезіледі. Солардың біразында жас ақын жыраулық дәстүрді ұстанғаны көрінеді. Ол бірде ежелден қалыптасқан, көп жырау қолданған, тіпті эпосқа да кірігіп кеткен тұрақты формулалар мен шумақтарды пайдаланса, бірде көрген-түйгені мол мосқал адамша нақылдап сөйлейді, ендігі кезекте ақыл айтып, көп нәрсені қорыта, жинақтай баян етеді. Мәселен, көтерілістен бұрын шыққанға ұқсайтын бір өлеңі – «Арғымақтың баласы». Мұнда да Махамбет бұрынғы жыраулық үрдісті сақтап, нақыл айтады, дүниедегі текті адамдар мен асыл жануарлардың, басқа да нәрселердің басты-басты қасиеттерін сипаттап, неге солай деген сұраққа өзі жауап береді:

² Сонда, 36-б.

Арғымақтың баласы
 Арығанын білдірмес,
 Арқамнан қосым қалар деп.
 Хас жақсының баласы
 Арада тұрып сөйлемес,
 Жауым таба қылар деп...³
 («Арғымақтың баласы»)

Ақынның осы өлеңі – жоғарыдағы біздің ойымызды толық дәлелдесе керек. Шынында да, Махамбет өзінен бұрын өмір сүрген жырау мен ақындарды үлгі тұтқан, өзі соларға ұқсауға тырысқан, ал шығармашылығында олардың жыр-толғауларын қажетінше пайдаланып отырған. Бұл жерде Махамбет біреудікін алды немесе пайдаланып кетті деген ой тұмауға тиіс. Себебі орта ғасырларда, Махамбет заманында да әдебиеттегі авторлық туралы ұғым басқаша болған. Әсіресе, ауыз әдебиетінде ақын-жыраулар өзіне дейінгілердің өлең-жырларын сақтай отырып, өз жанынан да қосып отырған. Оның үстіне, ауызша туып, ауызша орындалып, ауызша тараған поэзияда бір тіркестер тұрақты формаға айналып, бірден бірге көшіп жүреді. Бұл – ауыз әдебиетінің өз заңдылығы, ауыз әдебиетінде бір шығарманың екі-үш варианты болуы да осыдан. Соған қарамастан, әр ақын, егер арнайы түрде өзінен бұрынғы ақынның шығармасын орындайтын болса, оның сөзін ұстазынан үйренген, я болмаса басқа біреуден естіген күйінде айтуға тырысқан. Ал ондай мақсат болмаса, оған өз сөзінде қосып жіберетін болған. Махамбет те осы дәстүрді ұстанғанға ұқсайды. Оның кейбір өлеңдерінде Қазтуғанның, Шалкиіздің, Доспамбеттің, Ақтамбердінің бірен-саран тармақтарының кездесуін осы дәстүр тұрғысынан түсінген жөн. Махамбет байырғы жыраулар сөзін түрлендіре, ойына ой қоса қолданады. Жоғарыдағы үзінді келтірілген «Арғымақтың баласы» деп аталатын шығарма Қазтуғанның «Белгілі биік көк сеңгір» деген толғауына өте жақын, бірақ Махамбеттің өзіндік сөз қолданыстарының арқасында жаңа туынды болып шыққан. Хан ордасында жүрген кезінде Махамбет босқа жүрмегені айдан анық. Әу баста ханмен де, оның адамдарымен де белгілі бір қатынаста болғаны күмәнсіз. Талай ақыл-кеңес айтып, ордада беделді болған да шығар. Әйтпесе, Жәңгір хан оны баласы Зұлқарнайынға тәлімгер етпес еді. Сонымен қатар, жас кезінен қанына сіңген тектіліктің жолы, естігендері мен көргендері, көңіліне түйгендері оған өзін тәуелсіз ұстауға да негіз болғаны шүбәсіз. Мұны біз Махамбеттің шығармаларынан байқаймыз. Мысалы, «Арғымақ, сені сақтадым» атты толғауында ол көпті көрген дана жырауша

³ Сонда, 36-б.

адалдық пен арамдық жөнінде, жақсы адам мен жаман адам туралы ой толғап, маңызын ешуақытта жоймайтын, ескірмейтін мәселені қозғайды:

Жақсыменен дос болсаң,
Айрылмас күні қос болсаң,
Басыңа қиын іс түссе,
Алдыңнан шығар өбектеп,
Жаныңа не керек деп.
Жаманменен дос болсаң,
Айрылмас күні қос болсаң,
Басыңа қиын іс түссе,
Басқа кетер бөлсек деп,
Қолдан берер есептеп,
Сыртыңнан жүрер өсектеп⁴...

Жәңгірдің маңайындағы сарай ішіндегі кейбір беделді адамдардың әділетсіздігін, опасыздығын көрген Махамбет өзіне қатысты да кейбіреулердің осылай істегенін сезген болар. Өзімен жақын, дос боп жүрген адамдардың екіжүзділігіне көзі жеткен ақын жақсы-жаманды бинарлық оппозиция түрінде беріп, адалдық пен арамдықты, өмір мен өлімді қарсы қою арқылы елді адал болуға, тіршілікте пайдалы іс атқаруға, өлімнен қорықпауға шақырады («Өлім – хақтың пәрмені»). Сондай-ақ бұл өмірдің өткіншілігін қарт абыздай еске салып қояды («Өте шыққан қызыл гүл – бұл дүниенің жалғаны»). Осылайша бірте-бірте ақын сарай адамдарымен, бірінші кезекте ханның өзімен қайшылыққа келеді. Өзінің өмірге, адамдарға деген ұстанымы мен болып жатқан оқиғаларға көзқарасының сарай адамдары мен ханның ұғым-түсініктерінен мүлде алпақ екенін байқаған Махамбет алғашында жай сөзбен ескертіп, ойын жыр-толғау арқылы жеткізуге тырысқан сияқты. Олай дейтініміз Жәңгір өзінің Орынбордағы басшыларына жазған бір хатында Махамбетті «негодяй», айтқанға көнбейтін «бұзық» дейді. Соған қарағанда, екеуі кетіскенге дейін бір-бірімен біраз уақыт ортақ тіл табыса алмай, әуре-сарсаңға түскен тәрізді. Қалай болғанда да, Жәңгір мен Махамбет бірден шарт кетіспегені анық. Екеуі де бір-біріне бас игісі келмеген, әрқайсысы өз позициясын жөн деп білген. Жәңгір өзін ақсүйек ханмын десе, Махамбет өзін елге беделді, асқан ардақты ақынмын, қайтпас батырмын деп есептеген. Ендігі жерде ханмен, оның би-қожаларымен бірге болудың еш мүмкін еместігіне көзі әбден жеткен соң, Махамбет Жәңгір ордасынан кетуге бел байлап, ханмен ашық шекіседі де, оның сарайынан кетеді. Кетерінде ақын оларға былай дейді:

⁴ Сонда, 35-б.

Он екі төбет, шұнақ хан,
 Шабатының ел екен,
 Күндейтінің мен екем,
 Хан ұлына қас болу,
 Қара ұлына бас болу –
 Мендей ерге жөн екен!⁵

*(«Махамбеттің ордадан кетерде
 ханға айтқаны»)*

Бұл – 1826-1827 жылдар шамасы. Осыдан бастап, Махамбет бірнеше жыл бойы халықтың қалың ортасында болады. Исатаймен бірігіп, өзінің «хан ұлына қас болу, қара ұлына бас болу» мақсатын жүзеге асыру бағытында аянбай еңбек етеді. Сол екі арада 1829-1831 жылдары Қалмыковка абақтысында отырып шығады. Қамалу себебін Махамбет 1836 жылғы 10 желтоқсан күні берген жауабында осыдан алты-жеті жыл бұрын Орал шекарасынан жасырын өткенім болды деп айтады. Біздіңше, Махамбет шынын айтпай, тергеушіні алдап соққан. Ақиқатында, ол 1828-1829 жылдары Қайыпқали Ешімов бастаған көтеріліске қатысқан болу керек. Ол толқу да Жәңгірге қарсы болатын, себебі Қайыпқали сұлтан ретінде хан тағынан дәмелі еді. Осы жағдайдың бәрі Махамбетті ширықтыра, оның ханға деген өшпенділігін арттыра түседі. Бұдан былай ол елді көтеріліске үндеуді күшейтіп, бірнеше өлең-жыр шығарады. Сондай шығармасының бірі – «Беркініп садақ асынбай» атты өлеңінде «Үйде жатқан жігітке, Төбеден тегін атақ болар ма?» – деп, азаматтарды тәуекел қимылға шақырады. Жаумен шайқасуға даяр болуды айтады. Осы жолда небір қиындықтар болатынын, бірақ қиналмай, шаршап-шалдықпай нәтижелі іске, жеңіске жету мүмкін еместігін ескертеді, нендей ауыртпалыққа болса да шыдау керектігін, үлкен мақсат жолында жан тыныштығын ойламай, «ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып... түн қатып жүру» қажет екендігін баса айтады. Осындай жүрісте «атақты ермен бірге өлсе, жігіттің болмас арманы!» – деп, адамдарды қайраттандырады, «қарындастың қамы үшін, қатын менен бала үшін» жанды пида етуге әзір болуды паш етеді. Міне, осындай шешіммен, тәуекелді көңіл-күймен Исатай бастаған көтеріліске жай ғана қатысып қоймай, оның басты идеологы, жаршысы әрі ержүрек сарбазы болады. Осыдан былай Махамбет өмірінде үнемі жортуыл мен жауапкершілік кезеңі басталады. Ақынның он бестей шығармасы осы шақта туған деуге болады.

Көтеріліс барысында туған Махамбет жырлары қолмен ұстап көретіндей көрнекі, нақты, аса әсерлі, әрі шыншыл, олар ешқандай

⁵ Сонда, 117-б.

күмән туғызбайды. Көтерілісшілер үшін бұл шығармалардың маңызы орасан зор болғаны айдан анық. Ақынның қолма-қол шығарып, жұрт алдында айтқан өлең-толғаулары сарбаздардың көңіл-күйіне, рухына ғаламат әсер етіп, олардың жігерін қайраған, намысын қозғаған, ерлік сезімін оятқан. Бұл кезде Махамбет нағыз жауынгер ақын, ержүрек батыр. Сонымен қатар оның поэзиясынан біз талантты да жалынды үгітшіні, дана тәлімгерді, қажымас сарбазды көреміз. Ол өте батыл болуымен бірге барынша тәуекелшіл. Осы қасиетімен Махамбет көне түркілік өмірдің, түркілік мінездің ерекшеліктерін еске түсіреді. Қандай жағдайда болса да ат үстінде жүретін, әр сәтте дұшпанмен шайқасқа дайын тұратын, алған бетінен қайтпайтын, өштессе – өлгенше қоймайтын, қай кезде де өзін еркін ұстайтын түркі азаматы осы Махамбеттен көрінеді. Ежелгі дәуірдегі қаталдық та, қатыгездік те, бірбеткейлік те, көзсіз батырлық та Махамбеттің өзінде де, оның кейіпкерлерінде де бар. Оның көтеріліс кезеңіндегі поэзиясының өзі – ескі түркілердің жауынгерлік әдебиетінің қазақ қоғамындағы жаңғырған түрі десе де болады. Сол Күлтегін, Білге қаған жазбаларындағы сияқты Махамбеттің көтеріліс тұсындағы өлеңдері оқиғаны нақтылап суреттеумен ерекшеленеді. Оның ең басты себебі – Махамбет көтерілістің қай кезеңінде болса да сарбаздардың қалың ортасында, шайқастың қан майданында болуы, бәрін көзімен көруі және көтерілісшілердің тағдырын бөлісуі.

Көтеріліс тұсындағы сәтті де, сәтсіз де әрекеттер ақынды бей-жай қалдырмаған. Ол әрбір маңызды оқиғаны өлең етуге тырысқан, сарбаздарына рух беріп отыруға күш салған. Көтеріліс барысында бірнеше қақтығыс болғаны белгілі. Солардың бірінде, бәлкім, сәтсіз қақтығыстан кейін болар, Махамбет өзінің серіктерінен қайсар болуды талап етіп, көтерілістің қиын екенін, көп ауыртпалық болатынын еске салады:

Қабырғасын қаусатып,
Бір-біреулеп деп сөксе де,
Қабағын шытпас ер керек
Біздің бұйткен бұл іске!..⁶

(«Толарсақтан саз кешіп»)

Тағы бір өлеңінде:
Қанды көбе киініп,
Бір Аллаға сиынып,
Ұрандап жауға тигенде
Кім жеңері талай-ды,
Жолдастарым, мұңайма!⁷ –

(«Мұңайма»)

⁶ Сонда, 39-б.

⁷ Сонда, 70-б.

деп сарбаздарды рухтандырады, шайқас кезінде жеңіске жетуге болатынын сендіреді.

Көтерілістің алғашқы кезінен бастап, соңына дейінгі аралықта болған үлкен ұрыстар да, күтпеген жерден жауға тап болып шайқасқан сәттер де Махамбет поэзиясында қамтылып отырған. Айталық, алғашқы ұрыстардан кейін «Толарсақтан саз кешіп», «Мұңайма» секілді өлеңдер туса, жауға тап болған шақта «Шамдансам, шалқамнан түсер асаумын» деген өлең айтылған сияқты («Кезенген жауға кез келдік, жалаң найза»). Ал Исатайдың хан ордасын шаппай, көтерілістің іркіліп қалған шағында туған «Исатай деген ағам бар» атты толғауы үлкен сәтсіздікке ұшыраған әрекетті баяндайды.

Осы, тағы басқа біраз өлең-жырында Махамбет шайқас эпизодтарын, ұрыстың барысын нақтылап суреттейді. Мысалы, атақты «Соғыс» өлеңін алайық. Мұнда ақын кәдімгі ұрысты көрсетеді. Оның қай жерде, кіммен болғанын және қалай өткенін тәптіштеп айтады. Шағын ғана шығарма бірнеше эпизодты қамтыған: қолдың жиналғаны, оның Бекетай құмына барғаны, басшысы – Исатай, қосшысы – Махамбет болғаны, әскердің Бекетай құмындағы ағаш үйлерге түнеп, түнімен дайындалғаны, таң атқан соң қас жауды көргені, орыс әскерінің мылтық пен зеңбіректі қолданғаны, Ерсары мен Қалдыбайдың бірдей оққа ұшқаны, сарбаздардың бытырағаны...

Қазақ әдебиетінде бұрын соғыс сахнасын дәл осылай көрнекі әрі нақты етіп ешкім суреттеген емес-ті. Тек батырлық жыр мен кейбір жыраулардың өлеңдерінде шайқастың барысы баяндалады, бірақ оларда әрбір эпизод мұншалықты жинақы, әрі жүйелі, бірінен соң бірі көрсетілмейді. Рас, Махамбет бұл өлеңінде эпостың дәстүрінен де қашпайды, оны ұтымды пайдаланады. Әсіресе, көтерілісшілердің қалың қол болып жиналғанын, ұрыс алдындағы Исатайды, оның астындағы атын бейнелеген тұста эпос стилі үстемдік еткен:

Жау қарасы көрінді,
Жиылған әскер білінді,
Исатай – басшы, мен – қосшы,
Исатайдың сол күнде
Ақтабан аты астында,
Дулығасы басында,
Зығырданы қайнайды.
Астына мінген Ақтабан
Ақ бөкендей ойнайды.
Артына ерген көп әскер
Маңыраған қойдай шулайды⁸.

(«Соғыс»)

⁸ Сонда, 52-б.

Міне, Исатай – кәдуілгі эпос батыры. Ол қалың жаудан беті қайтпайтын ержүрек қолбасшы, ал оның мінген аты – нағыз батырға лайық тұлпар. Оның Ақтабан аталуы, ақ бөкендей ойнауы – батырлық жырдың әсерін қабылдау белгісі.

Көтерілістің әр кезеңінде туған Махамбеттің өлендері бір ұрыстың өзін ғана емес, әр ұрыстан бұрын, я болмаса одан кейін болған жағдайларды суреттеуге арналған. Көбісінде ақын сарбаздардың, өзінің иен далада түн қатып жүргенін, ойлағаны іске аспай, шаршаған жолдастарының көңіл-күйін көрсетеді де, оларға арнап жалынды сөздер айтады, істің нәтижемен аяқталатынына, Жәңгір ханды мұқататынына сенім білдіреді. Осындай шығармалар қатарына: «Әрайна», «Мұңайма», «Алты күндей алаулап», «Құлжа қуған текешік» атты толғауларды қосуға болады.

Махамбет Өтемісұлының көтерілісте жеңілгеннен кейінгі өмірі мен тағдыры сан жағынан алғанда, ең көп шығармасының арқауы. Ақынның бұл кезеңдегі туындылары ой тереңдігімен, философиялық түйіндермен, лирикалық нәзіктігімен, психологиялық тебіреніс, толғамдарымен ерекшеленеді.

Алғашқы ірі қақтығыста көтерілісшілер жеңіліп, Махамбет пен Исатай аз ғана топпен Жайықтың сол жағына өтіп, жұбы жазылмай отырған Әлім мен Адай жұртына келеді де, қайтадан қол жинап, көтерілісті жалғастырады. Алайда, бұл жолғы шайқас та сәтсіздікке ұшырайды. Исатай қаза табады. Көтерілістің осы екі кезеңі де Махамбет поэзиясында көрініс тапқан. Ақын бірінші шайқастың барысын «Соғыс» атты өлеңінде тап-тұйнақтай етіп, жинақы әрі толық суреттесе, одан кейін Жайықтың бергі жағына өтудің қажет болғанын айтып, Исатайды үгіттегені көрінеді:

Уа, Иса-еке, Иса-еке,
Кел, кетелік, кетелік,
Кетіп, бір Жайық өтелік.⁹
(«Кел, кетелік»)

Жайықтан өткеннен кейінгі жағдайды ақын бірнеше шығармасында баяндайды. Солардың ең басында «Әй, Махамбет, жолдасым» деген Исатай атынан айтылған өлең түр. Ақын өзінің бүкіл ойын, бірінші рет Жәңгір ордасын қамап алып, ханның «бекзаттығына» сеніп, кері қайтуының қате болғандығын, сөйтіп көтерілістің жеңіліске ұшырағанын, содан соң Жайықтан өтуге мәжбүр болғанын Исатайдың өз сөзі етіп, мойындата сөйлетеді. Жайықтан өткеннен кейінгі Исатайдың көңіл-күйін айту арқылы Махамбет өз жағдайын да көрсетеді:

⁹ Сонда, 45-б.

Әскерім кетіп қасымнан,
 Жапанда жалғыз қалғасын.
 Өкінгенмен пайда жоқ,
 Құдайым басқа салғасын...
 Көктей өтіп Жайықты,
 Бір қасық ішкен қара су
 Жұмасына ас қылдым...¹⁰

(«Әй, Махамбет, жолдасым»)

Осы өлеңінде Махамбет көтерілістің басшысы Исатайдың жаудан қашып, өзінің серіктерінен айырылып, жалғыз қалған сәттегі жан дүниесін, сол арқылы өзінің де қиналысын сипаттайды. Исатайды елмен, досымен қоштасқан етіп суреттеуі, оған жасөспірім Жақияны Махамбетке тапсыртуы – бір жағынан, Махамбеттің көкейінде жүрген арманы болуы керек. Кейін Жақияны ұстап берген Шүрен деген кісіні «Мен Нарыннан кеткенмін» деген өлеңінде мұқатып, «Жақияны ханға ұстап бергендей, Шүрен саған не еткенмін?» – дейді.

Исатай қаза болғаннан кейінгі Махамбеттің өмірі екі кезеңнен тұрады. Біріншісі – ол Жайықтың бергі жағына шығып, қайтадан қол жинауға күш салып, көп әрекеттенген кезі. Екіншісі – ол ойы жүзеге аспай, сегіз жыл сергелдеңге түсіп, қуғында болуы және сатқындықпен өлтірілуі.

Адай мен Әлім жұртынан қол жинап, елді қайта көтерем деген ниеті мен осы бағытта атқарған істері барысында Махамбеттің: «Әй, Шонты би», «Айныман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Алтын жақса, жарасар», «Аймақ көл», «Біз неткен ер» секілді шығармаларынан аңдауға болады. Осы өлеңдердің біразы елдің игі жақсыларына, ер азаматтарға арналған да, ақын оларды әділдік үшін, елдің қарапайым жұрт пен кәдімгі бала-шағаның қамы үшін көтеріліске шығуға шақырады. Бірақ алғашқы жойқын соққыдан шығын шегіп, беті қайтқан жұрт оның артынан ере қоймайды. Махамбет аз ғана сенімді серіктерімен жалғыз қалады. Осы мезеттен бастап, оның сергелдеңі басталады, өшігіп алған жаулары оған тыным бермейді. Ақын қайда барса да, соңында тыншы жүреді.

Сөйтіп, Махамбет жалғыздықты сезініп, өзінің ойлағанын жүзеге асыра алмағанына, өзін көпшіліктің түсінбегеніне күйініп, қапаланып, біршама өлең-толғаулар шығарады. Бұл – Махамбет өмірі мен шығармашылығы жолындағы ең ауыр, жан күйзелісіне толы кезең. Оның мұңға толы, сезімге бай, көркемдігі кемел өлеңдері мен толғаулары осы мезгілде туған. Олар – ескірмейтін, сыры мен сыны бұзылмайтын, таза поэзия үлгілері. Өйткені

¹⁰ Сонда, 47-б.

бұларда «әлемдік мұң теориясына» («теория всемирной скорби») лайық терең де тұнық сезім, шынайы да мәңгілік тұлғаға айналған әр адамның басында, жүрегінде болатын мұң, күйік, тарығу, жабығу, жалпы айтқанда, өз заманынан, қоғамынан озған, сол себепті түңілген ойшыл жанның жалғыздықтан шеккен жан азабы бар. Мұндай әлемдік мұң Гете, Гейне, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Абай, Мағжан сияқты ұлы ақындар поэзиясына тән, сол себепті олардың мұрасы өміршең, әр дәуір, әр ұрпақ, кез келген ұлт пен қоғам оларды жай ғана оқып қоймайды, қадірлейді, қастерлейді. Міне, Махамбеттің көтерілістен кейін туған шығармаларының дені осындай. Мысалы, «Мінкен ер», «Мұнар күн», «Аспанда ұшқан ақ сұңқар», «Қайда бар?», «Абайламай айрылдым», «Істеген ісім кетті далаға», «Өлең айтып, толғадым», «Қаршыға деген бір құс бар», «Қалы кілем, қара нар», тағы басқа бір топ туынды – Махамбетті ойшыл да лирик ақын ретінде танытады.

Махамбеттің бұл тұстағы шығармаларының айрықша қасиеті – философиялық ой-толғамға, психологиялық параллелизмге құрылып, ақын өз тағдырын жалпыға ортақ байлам, ақиқат түрінде және табиғаттың құбылысына, аң-құстың мінез-құлқына, ісіне баламалап, әсерлі сипаттайды, сондықтан оларда сезім мол, сезімнің әр алуан түрі бар. Бірде шаршаған, бірде жалыққан, бірде ашынған, бірде тарыққан, енді бірде өткендегі жақсы күндерді сағынған, соларды армандаған ақынды көреміз. Өкініш те, күйіну де, жабығу да, тіпті түңілу де – бұл шығармаларда орын алған. «Қайда бар?» атты өлеңінде осы кездегі өз жайын ақын былайша баян етеді:

Қатын, бала, қара орман,
Баршасын жауға алдырған,
Құрулы жатқан жебеге
Құрсағынан шалдырған,

Асыра келіп ойласам,
Бұ заманның шағында
Махамбеттей зарығып,
Мұңды болған қайда бар?¹¹

Бұл мұң қара басының қамынан туған мұң емес. Бұл – жалпақ жұрттың түсінбегенінің мұңы, жаудан жеңілгенінің мұңы емес, керісінше, күш-қайраты, абырой-атағы, беделі дұшпанымен бірдей бола тұра оған тиісті дәрежеде төтеп бере алмаушылықтың мұңы. Бұл – өзімен бірге көтеріліске шығып, қаза болғандарды сағыну, солармен бірге өткен күндерді аңсау. Ең ақыры, бұл кеше

¹¹ Сонда, 64-б.

ғана өзінің алдында құрдай жүгіріп, айтқанын істеп, айдағанына көнген жандардың қуғындауына түсіп, пұшайман болуы мен қорлануының күйігі, сөйтіп тағдырға налуы. «Ертеден кешке шейін зарласам, Бермей ме екен Құдайым, Біздей тарыққан ердің тілегін», – деп мұңаяды ақын.

«Тілек», «Нарында», «Біткен істің міні жоқ», «Арғымаққа оқ тиді», «Мен – ақсұңқардан туған құмайымын», «Мен – тауда ойнаған қарт марал», «Мен едім», «Менің атым – Махамбет», «Қызғыш құс», «Желден де желгір ақ бөкен» секілді шығармалары Махамбеттің азаматтық «мені» мен ақындық «мені» ажырамас, біртұтас ұғымға, үлкен категорияға айналғанын көрсетеді. Бұл, әсіресе, ақынның Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінде айқын бедерленіп тұр. Бұларда мұңаю да, айбат шегу де, өкіну де, үміт те бар. Алуан түрлі сезім бір бойда тоғысып, буырқанып, бұлқынып тұр. «Құсалықпен өтті ғой Махамбеттің көп күні», – деп аң ұрғанымен, ақын өзін жеңілдім, соған көндім деп, құлдық ұрмайды. Оның рухы биік, жалғыз қалса да, ол айбарлы, реті келсе, кегін алуға даяр:

...Жалаулы найза майрылып,
Жау тауымды шаққанын,
Дұшпан қайта қайрылып,
Туымды менің жыққанын
Енді қайтіп ұмытармын?!
Алайда бір шендессем,
Ауыр жүкке кездесем,
Қара нардай-ақ
Саздауға қарсы жұлқармын!¹² –

дейді Махамбет «Қылыштай қиғыр алмас ем» атты өлеңінде.

Махамбет тек көтерілісті жырлап, жауын жеңуді ғана көксеген ақын емес. Оның қоғам туралы, оны кім түзете алатыны жайында, әділеттік жөнінде, азаматтың идеалы хақында жүйелі түрде болмаса да әртүрлі шығармада там-тұмдап айтқан ой-пікірлері бар. Бұл жерде Махамбет өзін ойшыл ақын ретінде танытады. Мысалы, оның ел билеген адам елдің бәріне бірдей әділетті және қайырымды болуға тиіс («Алтын тақты хандардың, Хандығынан не пайда, Қаріп пенен қасірге, Туралық ісі болмаса»), ал ханның тағдыры халықтың қолында болуы қажет («Халық қозғалса, Тұра алмайды хан тағында-ай»), сол сияқты ел қамын жейтін тұлға болмаса, тобырдың тындырары шамалы («Ханның қырық туғанша, Қарадан бір-ақ тусайшы, Халықтың кегін қусайшы»), тектілік пен теңсіздік тұрмысқа байланысты емес («Қарада да қара бар, Хан ұлы басып өткісіз») деген тұжырымдар

¹² Сонда, 122-б.

Махамбеттің көп мәселеге көңіл бөлгенін және көп ойланып, өмірден неше түрлі түйін жасағанын дәлелдейді. Тіпті кей тұстарда Махамбет жалпы адамзаттық мәні бар мәселеге де қатысты ой білдіреді. Мәселен, қайткен жағдайда жігітті ер деу керек және оның ойлаған ісі қандай шақта жүзеге асатынын санамалап келіп, ақын: «Өзіңнен туған жас бала, сақалы шығып жат болмай», – дейді. Егер осы сөздің байыбына барласақ, мұнда кәдімгі әлемге әйгілі «жат болу» немесе «безіну теориясының» («теория отчуждения») идеясы жатыр. Бұл – универсалды теория. Оның бір қыры – табиғаттағы да, қоғамдағы да жаңа құбылыс, т.б. алғаш пайда болғаннан кейінгі даму барысында өзінің шыққан төркінінен (тегінен) бөлектеніп, жекеленіп ғұмыр кешеді (дифференциация). Бұл оның жетілгенінің белгісі. Адам баласы да осылай. Алғашқы шақта ата-анасының құшағында болған жасөспірім есейе келе, ержеткен соң ұшқан ұясынан бөлектеніп, өзінше өмір сүреді. Ол енді өз бетінше тіршілік құрып, алуан-алуан іс атқарады. Бұдан шығатын қорытынды – келешекте Махамбетті тек көтеріліс жаршысы, семсер ақын деп, тар аяда қарамай, оның шығармашылығын әр тараптан, әр тұрғыдан зерттеу қажет. Сөйтіп қана Махамбетті жаңаша зерделеп, қайта тануға болады.

Махамбет өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері. Махамбет өлеңдері өзінің жанр жағынан да зерттеушілердің айрықша көңілін аударуға тиіс. Оның кейбір өлеңдерін лиро-эпикалық түрге жатқызуға болады. Ол өлеңдерінде ақын өмір құбылыстарын Исатай бастаған шаруалар көтерілісімен байланысты тарихи шындық өз қалпында суреттелсе, сонымен қатар оған өзінің көзқарасын, қатысын, ол жағдайды өзінің қалай сезінуінде көрсетеді.

Лирикалық сезінуге бөлене отырып оқиғаны баяндау лиро-эпикалық жырларға тән нәрсе екендігі кімге де болса мәлім.

Бұлай баяндау сарыны (мотив) Махамбеттің «Соғыс», «Мінкен ер», «Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Исатай сөзі» деген өлеңдерінде айқын сезіледі.

«Соғыс» — деген өлеңінде Махамбет көтерілісінің әрбір кезеңдерін тарихи оқиғаның ізіне сәйкес етіп суреттейді. Кейбір көріністерді баяндау, суреттеулері тарихи айғақтармен тығыз байланысты болып отырады. Бір қарағанда осы «Соғыс» пен өрістес біркелкі өлеңдерді тіпті тарихи жыр өлеңдер тобына жатқызуға да болатын тәрізді. Бірақ, бұл өз алдына жеке тексеруді керек ететін мәселе. Өйткені, ауыз әдебиетіндегі белгілі бір түр саналатын тарихи өлеңдер (лиро-эпикалық жыр емес, қысқа өлеңдер) бізде әлі зерттелген емес. Махамбеттің бұл тектес өлеңдерінің ауыз әдебиетіндегі қысқа тарихи өлеңдермен

байланысы барлығы айқын. Бірақ, айырмасы қайсы деген сұрақ, әуелі ауыз әдебиетіндегі ескіден келе жатқан қысқа өлеңдердің өзін жеке мәселе етіп талдауды керек етеді. Сондықтан, оны басы ашық қалдырамыз.

Ал біздің бұл жерде айтпағымыз, ақынның тарихи оқиғаларды тамаша шындықпен бұлжытпай көрсете алуы. Осы жағынан алғанда Махамбет өлеңдеріндегі тарихи шындықтың мәні үлкен екендігі аңғарылады.

Қырғыз халқының (сонымен қатар қазақтың да) ертегілері мен аңыз, өлеңдерінің тарихи мәні туралы Шоқан Уәлиханов былай деп жазады:

«Егер жұрттың айтуымен Геродот жинаған Гомердің көркем ертегілері мен аңыздарының аз да болса, тарихи мәні бар десек, егер де өзгеріліп, мысал тәрізді болып келген аңыздардың негізіндегі оқиға шындыққа жататын болса, қырғыздың аталарының өмір тұрмысын, әдет-ғұрпын әр жағынан қамтып, белгілі бір жүйеде суреттеген, сол елдің өткен кездегі өмірінің сәулесі болған аңыздарын алып, ол халықтың осы күнгі мінез-құлықтарымен және олар жөніндегі тарихи сілтеулермен салыстырсақ, онда бұл аңыздардың тарихи мәні болуы мүмкіндігіне күдіктенбеуіміз керек».

Шоқан Уәлиханов эпостық ертегі-аңыздардың тарихи мәні бар деген бұл пікірін негізді десек, тарихи мәліметпен мидай араласып жатқан тарихи оқиғалардың нақтылы болған Махамбет поэзиясының тарихи мәні зор, әрі ол тарихи құжат екендігіне шек келтіруге болмайтыны ашық, талассыз.

Біз жоғарыда Махамбеттің бірқатар өлеңдері лиро-эпикалық түрге жатады дедік. Бірақ, бұл сөзден олардың ішінде лирика жоқ деген ұғым тумауы керек. Лиро-эпикалық деген сөздің өзінде сол түсінік бар. Өзі мен Исатайдың алға қойған тілек, мақсаттарын өздерінің хан-сұлтандарға қарым-қатынастарын жай баяндау түрінде айта келіп, кей жерлерінде, не лирикалық шегініс ретінде, не ішкі күйінішін сыртқа шығару мақсатымен айтылған лирикалық шумақтарда да аз кездеспейді. Екінші сөзбен айтқанда, Махамбеттің бірқатар өлеңдерінде эпостық баяндау сарыны жалынды лирикамен аралас келеді.

Кешегі Исатайдың барында,
Алақандай Нарынды
Басушы едік құлаштай!
Жәбір беріп, жапа етсең,
Былғанған басым ласқа-ай!
Мен бір шарға ұстаған қара балта едім,
Шабуын таппай кетілдім.

Қайраса, тағы жетілдім...
 Көрмес, келмес деп едім,
 Өз еркіммен бетінді-ай!¹³

Көп ретте Махамбетке тән нәрсе лирика. Махамбет өлеңдерінің көпшілігі лирикалық өлеңдерге жатады. Сонымен қатар, Махамбет лирикасының өзіне дейінгі қазақ әдебиетінде болып келген лирикалық өлеңдерден анағұрлым айырмасы, өзіне тән ерекшелігі де бар.

Махамбет өлеңдері өз басынан кешірген ауыр халдерді сезіне отырып, терең толғам суреттеумен қатар, ол өз кезіндегі тарихи уақиғалармен байланысты туған қалың бұқараның көңіл күйін де көрсете білді.

Оның өлеңдерінде өзінің көңіл күйі мен ел күйі ұштасып жатты. Сондықтан, оның лирикасын – әлеуметтік сарындағы, саяси үгіттік лирика деп атауға тура келеді. Осы қасиетті, Махамбетті көтеріліс туын көтерген әрі жалынды үгітшісі, әрі ардақты ақыны етті. Бұл мазмұн Махамбет өлеңдерінің құрылысы мен түріне де әсер етті. Түр — мазмұнның тура болуы қажет деген шартқа Махамбет поэзиясы толық жауап бере алады. Оның: «Ереулі атқа ер салмай», «Мұңайма», «Айныман» деген өлеңдері, мазмұнына түрі сай, жалынды үндеу сөздер. Махамбеттің досын мақтап, дұшпанын даттап шығарған өлеңдерінің мазмұны күрес идеясын жыр ету болса, құрылысы шешендікке толы үгітке арналған отты, өткір сөздер болып келеді де, сөйлемдері қаратпалы, сұрау сөйлемдер болып келеді, не жырлай арнау, не сұрай арнау немесе «риторикалық сұрау» болып отырады. Мысал үшін «Мұңайма» деген өлеңін алайық:

Ханның ісі қатайды,
 Азамат ерден мал тайды,
 Қаңды көбе киініп,
 Бір Аллаға сиынып,
 Ұрандап жауға тигенде,
 Кім жеңері талай-ды.
 Жолдастарым мұңайма!¹⁴ —

дейді ақын.

Мұндағы «азамат, жолдастарым» деп, достарына қайырыла сөйлеу, сөйлемін риторикалық сұрау түрінде құру, өзінің айтайын деген пікіріне дәл, күреске үндеу тілегіне сай.

Махамбет өлеңдерінде бұл тәрізді үгіт өлеңдерімен қатар,

¹³ Сонда, 98-б.

¹⁴ Сонда, 70-б.

лириканың басқа да түрлері бар. Ақынның бірқатар өлеңдері, жоқтау өлеңдердің үлгісінде құрылады.

Қазақ фольклорында дүние салған адамның тіршіліктегі іс-әрекеттерін әр жағынан алып, толық баяндап жырлайтын жоқтаулар, естіртулер көп. Махамбет өлеңдерінің кейбіреулері фольклорда кездесетін жоқтау өлеңдердің қысқа түріне жақындайды. Махамбеттің жоқтау тобына жақын келеді деген өлеңдері, оның басқа өлеңдеріне қарағанда фольклормен тығызырақ байланысты деуге болады. Өйткені, эпитет, метафора теңеулерін алсақ, көбіне фольклордан алынған поэтик тілдер.

Ал, Махамбеттің кейбір өлеңдері өзінше философиялық бағытқа негізделген өлеңдер болып келеді.

Махамбеттің бақыт пен тағдырдың айнымалы екендігін философиялық түрмен қорытқан мына өлеңінен де көруге болады:

Бұл дүниенің жүзінде,
 Айдан көркем нәрсе жоқ,
 Түнде бар да, күндіз жоқ
 Күннен көркем нәрсе жоқ,
 Күндіз бар да, түнде жоқ,
 Мұсылманшылық кімде жоқ,
 Тінде бар да, дінде жоқ,
 Көшпелі дәулет кімде жоқ,
 Бірде бар да, бірде жоқ,
 Азамат ерлер кімде жоқ,
 Еріккен күні қолда жоқ,
 Заманым менің тар болды,
 Тура әділдік биде жоқ,
 Бәрін айт та, бірін айт,
 Қаумалаған қарындас,
 Қазақта бар да, менде жоқ¹⁵.

Бұл тәрізді эпифоралық ұйқас, синтаксистік параллелизмге құрып, образдарына философиялық мән беру, ақынды бұл дәуірде дұрыстық, әділдік жоқ деген қорытындыға әкеп тірейді де, ақын сондықтан жалғыздық көріп, қасіретке шомады.

Мұнан кейін Махамбеттің кейбір өлеңдерін, әсіресе, оның өмірінің соңғы кезіндегі шығармаларын — элегиялық өлең деуге болады. «Абайламай айрылдым», «Нарын» және басқа сол сияқты өлеңдер өткенді еске түсіруге арналған, жан қасіретін көрсететін, ақынның жалғыздық қайғысын, тарыққан көңілін білдіретін элегиялық мотивті өлеңдер, мұнда оның басында бір зұлым тағдырдың қара бұлты төніп тұрған сияқты.

¹⁵ Сонда, 106-б.

Мен тауда ойнаған қарт марал,
Табаным тасқа тиер деп,
Сақсынып шыққан қиядан.

Қайыңның басын жел соқса,
Қаршыға құс қайғырар:
Балапаным суға кетер деп,
Мамығын төккен ұядан,
О дағы біздей болған сорлы екен,¹⁶ —

дейді ол.

Махамбеттің элегиялық өлеңдері аса суретті, тамаша көркем. Бұлар ақынның тек жалаң өз қайғыруының сәулесі емес, ол басқа түскен сол кездегі ауыр халдердің айнасы болды.

Кейбір өлеңдерінде ақын туған елі бүтінгі Қазақстан жерінің табиғат байлығының әдемі көріністерін, иен даланың, асқар тау, шыңырау қиялардың айбатты пішінін суреттейді. Өлеңнің көп жерлерінде ақын көшпелі, мал баққан, ит жүгіртіп, құс салған аңшылық, өз елінің өмірінде орыны бар жан-жануар, аң-құстардың образын көрсетуге көбірек көңіл аударады. Бірақ бұл ел, табиғат байлығын, жан-жануарлардың әлемін суреттегенде, олардың тек көркемдік сипатын ғана көрсету немесе тек сұлулық үшін ғана суреттемейді. Мұнда да ақын ел тағдырымен байланысты, өз басынан кешірген қиын-қыстау кезеңдердегі ой-сезімін оқушылары толық сезінгендей етіп ашығырақ көрсетуге құрал есебінде қолданады. Исатай өлгеннен кейін, күрес арқылы жетеміз деген мақсат орындалмай, көтеріліс жеңілгесін, хан, сұлтан, феодалдар халықты бұрынғыдан бетер езіп, ел басына ауыртпалықты күшейте түсті. Бұл жағдай ақынның поэзиясынан орын алмауы мүмкін емес еді. Ақынның бірқатар өлеңдеріндегі қайғының элементі жоғарғы халмен байланысты болды десек, Махамбеттегі элегиялық өлеңдердің негізі сол жағдайлар деуге болады. Бірақ бұл сарындағы ақын өлеңдерінде, жауына деген өшпенділік бар, сөнбес кек бар, жолдас-жорасына дем беріп, өмірден түңілмеуге шақырып, болашаққа сенушіліктер бар. Міне, осылардың жиынтығы келіп, Махамбет өлеңдерін сарыуайымнан аулақ етеді.

Ірі мазмұнға түрін сай етіп шығаруда да ақынның шеберлігі күшті.

Махамбет хат біле тұрса да оның бізге жазып қалдырған өлеңдері жоқ. Бірен-саран өлеңдері болмаса, көбісі ауызба-ауыз, суырып салмалық әдісімен шығарылған өлеңдер. Өлеңді керекті жерінде суырыпсалып айту қазақ ақындарына дағдылы әдет. Мұның әуелгі себебі хат білмеушіліктен, кейін біртіндеп оған

¹⁶ Сонда, 91-б.

дағдыланушылықтан десек, Махамбет те суырыпсалмалыққа жас шағынан талаптанып, әдеттенгенге ұқсайды.

Махамбет өлендері, көбіне, жыр ағымымен келеді. Суырып салма ақындардың бірен-сараны болмаса, көпшілігі өлендерін жыр ағымымен шығарады. Әрине, бұл сөзден 11 буынмен өлең шығарушы суырыпсалма ақындар (импровизаторлар) болмайды екен деген ұғым тумауы керек.

Айтайын деген ойын не 7—8 буынды, не 11 буынды өлеңмен айтып беру тақырыпқа, суреттейін деген жағдайға байланысты.

Махамбеттің жыр еткен тақырыбы ерлік, халықты ерлік қимылға үндеу. Сондықтан, жаймашуақ жәй кездегі көңіл күйін көрсетуге қолайлырақ келетін 11 буынды өлендерден гөрі де, қимыл, әрекетті, алыс-жұлыс, жортуыл тәрізді өмір құбылыстарын суреттеуге лайықты жыр ағымы, 7—8 буын аралас келетін өлең ырғағы оған анағұрлым жақын, анағұрлым ыңғайлы тәрізді.

Біздің байқауымызша, ойдан тез шығарып айтушыларға, белгілі синтаксистік біткен бір ойды көрсету үшін төрт жол, не алты, не сегіз жолды керек ететін және шумақтарының бірыңғай болып келуін қажет қылатын он бір буынды өлеңнен гөрі, жыр ағымымен келетін жеті-сегіз буынды өлең құрылысы әлдеқайда жеңіл тәрізді. Өйткені, жыр ағымымен шығарылған өлендерде синтаксистік бір ойдың бітуі үшін шумақ төрт, не сегіз жолдан бітуі және алдыңғы шумақ құрылысы, өлеңнің соңғы жолдарында сақталып отыруы немесе шумақ төрт жолдан құрылса үш жолы ұйқасып, бір жолы ұйқассыз қалуы (а-а-в-а) шарт емес. Жыр ағымында шумақ аз жолдардан да, көп жолдардан да құрыла береді. Мысалы, Махамбеттің «Ереулі атқа ер салмай» атты өлеңі 19 жол. Бір-ақ шумақ, 19 жол өлең көп бағыныңқылы бір-ақ сабақтас сөйлемнен құрылады.

Махамбет өлендерін буыны жағынан қарастырсақ үш түрлі өлең құрылысы барлығы аңғарылады. Он бір буынды, жеті буын мен сегіз буын араласып келетін жыр ағымы, таза жеті буынды өлендер.

Он бір буынды — Махамбетте бір-ақ өлең. «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай». Басқа өлендерінің бәрі де не 7 мен 8 буыннан, не таза 7 буын болып келеді. 7 мен 8 буын аралас келетін өлең түрлері:

«Еменнің түбі сары бал. (8)
Еріскен көңіл бәрі бал. (7)
Жоғарыдан төмен төгсін, (8)
Керегінді теріп ал!¹⁷ (7)

Таза 7 буынды:

¹⁷ Сонда, 40-б.

«Бұл дүниенің жүзінде (7)
 Айдан көркем нәрсе жоқ, (7)
 Түнде бар да, күндіз жоқ, (7)
 Күннен көркем нәрсе жоқ, (7)
 Күндіз барда, түнде жоқ.¹⁸ (7)

Сонымен қатар, аралас буынды болып келетін өлеңдер тек жеті буын мен сегіз буынды ғана емес, кейбір жолдарының буын сандары онан да гөрі басқаша. Мысалы:

Толарсақтап саз кешіп (7)
 Тоқтамай тартып шығарға. (8)
 Қас үлектен туған қатепті (9)
 Қара нар керек біздің бұл іске.¹⁹ (10)

Махамбет өлеңдерінде кездесетін мұндай жолдар айтайын деген ойына сабақтас. Өлеңнің ұйқасы мен ырғағын ойға бағындырудан туған деуге болады. Әрине, бұл жаңалық емес. Онан бұрынғы тарихқа аты белгісіз, эпостық тамаша жырлар шығарып кеткен халық ақындарының өлең-жырларында мұндай жолдар кездеседі.

Бірақ Махамбет өзінен бұрынғы және өз кезіндегі ақындардың қайсысынан болсын жалы биік, өркеші жоғары тұратын ақын. Әңгіме оның өлеңдерінің мазмұны жағынан ғана емес, көркемдігі жағынан да солай.

Махамбеттің қай өлеңін алсақ та терең мазмұнды тамаша көркем образдарға бөлеп, өлең сөйлемдерінің логикалық жағын шебер байланыстыруында.

Махамбет өлеңдерінде (11 буынды, қара өлең ұйқасымен келетін бір-ақ өлеңін есепке алмағанда) үш түрлі ұйқасты кездестіреміз: шұбыртпалы, кезекті, ерікті ұйқастар. Ақын көбінесе шұбыртпалы ұйқас пен ерікті ұйқасты көбірек қолданады. Өйткені, бұл екі ұйқастың екеуі де ақынның айтайын деген ой-пікірін дәл беруге ыңғайлы, белгілі бір заңды өлшеуге бағынған шумақты, ұйқасты өлеңдердің шеңбері тарлық етпейтінге ұқсайды.

1. Шұбыртпалы ұйқас:

Беркініп садақ асынбай,
 Біріндеп жауды қашырмай.
 Білтеліге доп салмай,
 Қорамсаққа қол салмай,
 Қозы жауырын оқ алмай...

 Ерлердің ісі бітер ме?

¹⁸ Сонда, 106-б.

¹⁹ Сонда, 39-б.

2. Кезекті ұйқас:

Аспандағы боз торғай,
 Бозаңда болар ұясы,
 Бозаңның түбін су алса,
 Қайғыда болар анасы.

Қара лашын, ақ түйғын,
 Қайыңда болар ұясы,
 Қайыңның басын жел соқса
 Қайғыда болар анасы.²⁰

3. Ерікті айнымалы ұйқас:

Алты күндей алаулап,
 Он екі күндей ой ойлап,
 Ақылды алпыс жаққа шаптырып,
 Ақыл жөнге келгесін,
 Толғай-толғай жүтірген,
 Топырақты суырған,
 Ертеңнен салса кешке озған,
 Қой мойынды көк жұлын
 Томаға көзді қасқа азбан.
 Көк жұлынды жетелеп,
 Қисық жерден төтелеп,
 Қабырға, қол сөгіліп,
 Арғымақ ат бүгіліп..

 Ақыретті жанға байланып,
 Талай жүрдік далада
 Әділ жаннан түңіліп..

Махамбет поэзиясының тілі — шын мәнінде халықтық тіл. Ақын өз кезіндегі қазақ халқының тіл байлығынан қажетінше ала да, оны өзінің керегіне жарата да білген.

Көшпелі шаруашылық тұрмыс жағдайынан туған әртүрлі атаулар мен түсініктер әрі дәл, әрі өте шебер түрде, асқан іскерлікпен Махамбет өлеңдерінде өріліп жатады. Жауынгерлік өмірге тән қару-жарақ аттары да, сол жағдайға лайықты сөздер де, халықтың рухани күшінің биік шыңы болған жортуылды күндердің сипаттарын берерлік тамаша образдар да Махамбет өлеңдерінен өшпестік орын алды. Тек қана жауынгерлік емес, сонымен қатар, халық өмірінің басқа жағдайдағы көріністерін суреттеу үшін қолданған сөз бейнелері күні бүгінге шейін өзінің сырын да, сынын да жойған жоқ.

²⁰ Сонда, 81-б.

Тілінің байлығы жағынан және оны шебер қолдана білуі жағынан Махамбет атақты сөз ұсталарының қайсысынан болсын кем түспейді. Махамбет тілінің асқан көркемдігі, анықтық, дәлдігі, әр алуан поэтик тілдердің элементтерін (эпитет, теңеу, троп, фигуралардың түрлерін) жеке де, өзара байланысты түрде де өте ұсталықпен қолдана алуында ғана емес, ең алдымен, оның өлеңдерінде кездесетін сөз образдарының өмір шындығына дәл келетіндігімен, сөйлем құрылыстарының ішкі логикалық байланыстарының беріктігінде. Осы айтылғандар тәрізді, сөз образдарының өмірдегі нақтылы шындықтан алынып, мағына дәлдігіне бейнелеу, теңеулері де дәл келіп отырушылық — Махамбет өлеңдеріне де тән.

Мысалы:

Арғымақтың баласы,
 Аз оттар да, көп жусар,
 Талаудан татқан дәні бар.
 Азамат ердің баласы,
 Аз ұйықтар да, көп жортар,
 Дұшпанда кеткен ары мен
 Барымтаға түскен малы бар,²¹ —

деген үзіндіні алсақ, мұндағы сөз образдарының қайсысы болса да өмір шындығына дәл.

Махамбет өлеңдерін сөз еткенде, екінші бір көңіл аударатын мәселе, оның өлең жолдарының ішкі логикалық байланыстарының беріктігі дедік. Қандай ақынға болсын бұл ең керекті шарттың бірі. Не көркем сөз, не әдеби, тіпті үздік образдарды қолданса да, өлең сөйлемдердің ішкі мазмұны өзара жымдасып, шебер түрде қиюласып жатпаса, образдар айтайын деген ойдың бір керегіне аспаса, ол образдардың оқушыға ешбір әсері болмайды. Көркемдіктің негізгі тірегі — мазмұн. Мазмұн сөйлемдегі сөздердің өзара логикалық тығыз байланысынан туады.

Махамбет өлеңдерін сан рет оқысаң да, оқығың келе беретіндігінің, оқыған сайын оқушысының эстетикалық сезімін оятып, өзіне қызықтыра түсетіндігінің, «бір тамыры» — сол логикалық байланыстарының күштілігінде. Оның өлең жолдарында ой нендей жайылма сөйлеммен айтылса да, кейде көп бағыныңқылы сабақтас сөйлем болып келсе де, өлең жолдарындағы логиканың күштілігі, оқушысын ертіп әкетеді. Сөйлемдеріндегі логикалық байланыстардың күштілігі, бағзы бір өлең жолдарында кездесетін артық буындарды да аңғартпай кетеді.

²¹ Сонда, 38-б.

Махамбет шығармаларының тілі әрі көркем, әрі образды, әрі өткір, әрі күшті болуымен қатар, әр сөзі орынды, әр жағдайдың өзіне лайықты, соған тән болып келеді. Оның тілдерінің күштілігі, көркемдігі мазмұнға бағыныңқылығында. Мысалы:

Мұнар да, мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн.
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн,²² —

деген үзіндідегі «мұнар», «шұбар» деген эпитеттерді алсақ, бұл эпитеттердің батырлардың өз бастарына және ел басына түскен ауыр халдерін суреттеп беруде үлкен мәні бар. Хан мен билердің ел басына туғызған қара күнін, басқа күндерден айрықша көрсету үшін, ақын сол күннің бейнесінде оқушыларының көз алдына елестету үшін «күн» деген сөздің алдына, «шұбар», «мұнар» деген эпитеттерді қолданған. Осы үзіндідегі:

Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн, —

деген жолдарындағы өткен шақтық есімше етістік арқылы жасалған эпитеттер мен аралас келген поэтикалық контраст тамаша шебер қолданылған.

Мақсаты орындалмай, Исатай өліп, жолдастары оққа ұшып, көтеріліс апатқа ұшырап, оңға деген іс теріске, ойлаған мақсат керісінше шыққандықтан Махамбеттің қолданатын образы, сөздері де керісінше, шалыс келеді.

Дұрысын алғанда, буыршын, жалпы жас түйе, мұзға таймайды: оның қара құсы өткір, табаны бедерлі болады. Мұны ол білмей отырған жоқ, біле тұра қолданып отыр. Сол шалыс келген образдар арқылы ел басындағы ауыр күндерді жайшылықтағы күндерден жекелеп көрсетіп, оқушыларын өз көзімен көргендей, өз жүрегімен сезгендей дәрежеге жеткізу үшін қолданып отыр.

Жалғыз эпитет, не поэтикалық контраст емес — теңеу, метафора қолданыстары да ақынның мақсатымен ұштасып жататынын және өздерін жауынан жоғары етіп, жауын төмендете, оған оқушылары жексұрын көзбен қарайтын етіп шығару үшін қолданғандығын көреміз.

Исатайды ел қамқоры етіп көрсету үшін: «Қызғыштай болған есіл ер» — дейді.

Қазақ елінің ұғымында бұл жақсы түсінік беретін теңеу. Ал оның ерлігін көрсетейін деген жерде оны арыстанға балайды:

²² Сонда, 58-б.

Арыстан еді-ау—Исатай,
Бұл фәнидің жүзінде
Арыстан одан кім өткен²³, —

деп оның ерлігін метафора арқылы көрсетеді. Арыстан ел ұғымындағы ең күшті аң. Біреуді мықты етіп көрсетпек болса, елдің арыстанға, жолбарысқа балап, теңейтіні бізге мәлім. Сөйтіп, ол Исатайды арыстанға баласа, өздерін апатқа ұшыратқан жауын ел ұғымындағы ең оңбаған айуанға балайды. Баймағамбетке: «Сендей нарқоспақтың баласы» — дейді. Өйткені балап отырған түйесі — түйенің ең жаман түрі. Мал шаруашылығымен күн көрген, әсіресе, көшпелі елдердің түйс малы ішінде ең жақсы көретіні бір тума нар, қас жампоз, онан кейінгісі қоспақ (түйенің басқа да түрлері көп): ең жек көретіні гүрт, жарыбай, сұлама, нарқоспақ. Міне, Махамбет жауын жексұрын етіп көрсету үшін, Баймағамбетті қор туған нарқоспаққа балайды. Махамбет бір жерде:

Шамдансам, жығар асаумын,
Шамырқансам сынар болатпын²⁴, —

дейді.

Бұл арада да жауынан өзін биік етіп көрсететіндігі, сондықтан да өзін асыл нәрселерге балайтыны анық.

Махамбет шығармаларында жай теңеу, не метафораның ұлғайған түрі көп кездеседі. Мысалы:

Мен тауда ойнаған қарт марал,
Табаным тасқа тиер деп, —
Сақсынып шыққан қиядан²⁵, —

деген үзінді бұған толық мысал бола алады.

Ақындық тілдің өте бір толық түрі, ақынның шеберлігін керек ететін (өз орнына қолдана алса), суреттейін деген өмір құбылысын айтып беру үшін мәні күшті ауыстырып айтатын сөздердің бір түрі— метонимия (алмастыру).

Махамбеттің:

Қой мойынды, көк жұлын...
Көк жұлынды, жетелеп, —

деген екі жолындағы метонимия әрі орынды, әрі шебер болып шыққан. Бұл сықылды метонимиялар Махамбетте көп, оның бәрін келтіріп жатудың керекі аз.

Махамбет өлеңдерінде теңеу, не метафора ғана кездесіп қоймайды, ауыстырудың алуан түрлері де табылады. Сонымен

²³ Сонда, 57-б.

²⁴ Сонда, 84-б.

²⁵ Сонда, 91-б.

қатар, оның өлеңдерінен фигураның түрлері де өте көп кездеседі.

Мысалы:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Көл қорыған сен едің —
Сен де айрылдың көліңнен.
Ел қорыған мен едім —
Мен де айрылдым елімнен²⁶. —

деген параллелизм, немесе:

Борай да борай қар жауса,
Қалыңға боран борар ма?
Қаптай соққан боранда
Қаптама киген тоңар ма?
Ту түбінде тұлпар жығылса,
Ту байласа тұрар ма?

Туырлығы жоқ тұл үйге
Шаппаған нәмерт оңар ма?
Қарындастың қамы үшін
Қатын менен бала үшін,
Қайрылмай кеткен жігіттің
Өзін қатын алғанын,
Талам деп айтсам, болар ма?²⁷ —

деген риторик сұраулар, фигураға жатады.

Фигураларды қолданысы да оның негізгі тілегімен байланысты. Бұл риторикалық сұрауларға берілетін жауаптың бәрі де қарындас үшін, қатын-бала үшін, екінші сөзбен айтқанда, ел үшін, Отан үшін жауға шап деген оның негізгі мақсатымен ұштасып жатыр.

Махамбет өлеңдерінде көркем тілдердің жеке-жеке барлық түрі де кездеседі. Махамбет өлеңдерінде эпитет, теңеу, әсірелеу, литота, ауыстыру мағынасында қолданылатын фигура өзара байланысты түрде де жиі ұшырайды. Бұлардың өзара байланыстары ақынның сөзге шеберлігін дәлелдейді. Бұл жағынан алып қарағанда да Махамбеттің көркем сөз ұстасы екендігіне ешкім шек келтіре алмайды.

Сонымен қатар, Махамбет нені айтсын, нені суреттесін, мейлінше еркін, жеріне жеткізе, ар жағында ештеме қалмағандай, онан асырып ешкім айта алмағандай етіп суреттейді. Махамбет өлеңдерінің тіл мәселесі жөніндегі келтірілген көркем әдебиетке тән сөздердің бәрін де таба алатындығын, әр сөзінің орынддылығын, оның мазмұнымен тығыз байланыстылығын көрсетеді. Қорытып айтқанда, Махамбет шын мағынасында көркем сөздің ұстасы.

²⁶ Сонда, 104-б.

²⁷ Сонда, 32-б.

ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАСҰЛЫ

(1807–1867)

Шернияз Жарылғасұлы қазіргі Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Жарыпшыққан дейтін өзеннің бойындағы Ақкете руынан шыққан. Ақкете - оның он бірінші атасы.

Шернияздың туған, өлген жылы туралы да мәлімет жоқ, бірақ Исатай, Махамбет бастаған халық көтерілісіне бастан-аяқ қатысуы, көтеріліс басылғаннан кейін де бірнеше жылдар өмір сүргені мәлім¹. Нұртуған ақынның айтуынша, Жамет жыраудың аузынан жазылып алынған бір мәліметте: «Ақкете Шернияз жиырмаға келгенде, Исатайдың дабысына құмартып, сонымен таныс болуға әдейі іздеп барыпты», – дейді. Бұл 1836 –1837 жылдар шамасы болуы керек, өйткені Жайықтың бергі бетінде Исатайдың атағы шыққан жылдары – осы кез. Ал Баламырзаның Нұрымға айтқан өлеңінен 1881 жылы Шернияздың қайтыс болғаны мәлім:

Менің ағам Шернияз
Дабылы жерді жарулы,
Алты алашқа танулы.
Сөйлей қалған кәдімгі
Тірідегі дабысы
Талай жерге барулы.
Сан азамат жиналса,
Басын топқа салулы.
Шайыр туған Шенекен
Бүгінде демі бітіп қалулы².

Егер ол 1836-1837 жылдар жиырма жас шамасында болып,

¹ ӘӨИ-ның архиві. 11-материал, 12-б.

² ОҒК. Шернияз шығармалары, 822- папка.

1881 жылы қайтыс болса, туған жылы 1817 жылдар шамасы деп мөлшерлеуге болады³.

Шернияз көп жылдар Жайықтың арғы бетінде, Бөкейлікте, Исатайдың жыршысы, серігі ретінде қасында болады. Исатай, Махамбет халықты хан, сұлтандарға қарсы күреске ұйымдастырғанда олардың үгітші, ұраншысының бірі Шернияз ақын болған. Көтеріліс басылып, Исатай өлгеннен кейін Шернияз Махамбетпен бірге 1838-1839 жылдар Хиуа елдерінде жүргенге ұқсайды⁴. Кете Шернияз ақын Хиуа жұртына барып, бірер жыл жүріп, еліне қайтыпты. Жаздың айы екен. Ауылына ара күндік жер қалғанда, кешке бір байдың үйімен сөйлесіпті. Бір жігіт шығып қондырғысы келмей, әр нәрсені сылтауратып сұрай беріпті. Шернияз оның ниетін сезіп, мына сөзді айтыпты:

Руымды сұрасаң,
Жеті рудың ағасы,
Ақкетенің баласы,
Жаз жайлауым сұрасаң,
Тайсойған -Бүйрек арасы,
Қыс қыстауым сұрасаң,
Жем, Сағыздың саласы.
Жер шамасын сұрасаң,
Ара қонып келеді
Жүк салған жолмен қалашы.
Өзімнің атым – Шернияз.
Жарылғас бидің баласы.
Тап осылай деп айтпасам,
Қондырмаймын деп тұрсың ғой, шамасы,⁵ –

дейді.

Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейінгі Шернияздың жүрген жері – Жайықтың бергі беті, Әлім, Байұлы, Жетіру елдері. Исатай, Махамбет көтерілісіне қатысушылардың бірі болғандықтан, Шернияз әуелгі кезде хан сұлтандардан қашып жүреді. Жайықтың бергі бетіндегі елдерді басқарушы сұлтан Айшуақов Баймағамбеттің қудалауынан құтыла алмайтын болғандықтан, Шернияз өзі келеді. (Кейбір әңгімелерде оны Баймағамбет айдатып алдырады.)

Сол кездерде хан-сұлтандардың өз ордасында тәуір деген ақын-жырау ұстайтын салттары бойынша, Шернияз айдалу

³ Қ.Жұмалиевтің бұл еңбегі ертеректе жазылған. Кейінгі зерттеулерге қарағанда, Б. Аманшин Атырау облысы Қызылқоға ауданында іссапармен жүріп, Шернияз ақынның бейітін тауып, оның 1807 жылы туып, 1867 жылы қайтыс болғанын анықтады.

⁴ ӘӨИ-ның архиві, 201-материал, 1-2-бб.

⁵ ОҒК. Шернияз шығармалары, № 822-папка.

жазасынан аман қалады. Баймағамбет сұлтан оны сарай ақыны ету мақсатымен бұрынғы хандарға қарсы болған «күнәсін» кешіреді. Ел аузындағы бірнеше әңгімелерге қарағанда, Шернияз Баймағамбетке келгесін де өзінің бұрынғы серіктерінен, көтерілісте болған достарынан қол үзбегенге ұқсайды.

Махамбет өз өмірінің соңғы кездерінде де Шернияз үйіне әлденеше келіп, қонып кетіп жүріпті. Махамбеттің Шерниязбен ең соңғы кездесуінде, олардың араларында мынадай сөз болыпты дейді.

Шернияз:

Көлдеуде көгала үйрек жергілікті,
Молдалар шарифаттан сөз біліпті,
Жолдасы ер Исатай, ер Махамбет,
Сөз бар ма бізге айтқандай ескілікті⁶.

Махамбет:

Көп қағып дауыппазды көл шайқаған,
Арғымақ бір шапқанда айналасы
Алты айшылық жер шайқаған,
Күн бұлт, ай қараңғы, жортаң құлжа.
Шернияз шешен болсаң, бұл сөзді жылдам болжа.
Құйылып таң мезгілі мұнар шашып,
Төрт лашын бір сұңқарды ортаға алып қылған олжа,
Он бүркіт, отыз аққу көлде жатқан,
Лашын қанат қақпай дәмін татқан...

Бұл өлең – Шернияз бен Махамбеттің араларындағы достық қарым-қатынасты көрсететін бағалы деректің бірі. Осы кездесуден бұрын қалыңдығын алып қайтуға барған ханның баласы кісі қолынан қаза тапқан екен. Осы Махамбет жолдастарының ісі болуға тиіс, соны аңғартты-ау деп ойлаймын депті Шернияз.

Мұнан басқа және бір мынадай аңыз бар: Махамбетті ұстауға Баймағамбет сұлтан бір бөлек адамдарды аттандырады. Оның ішінде Шернияз да бар екен. Іздеп келе жатқан отрядқа Махамбет қарсы шығады. Шернияз Махамбетті алыстан танып, әнімен қауіпті білдіріп, бетін басқа жаққа бұрады, сөйтіп Махамбеттің ол жолы ұсталудан аман қалуына себепші болады. Бұл да жоғарғы тәрізді, екеуінің араларындағы достық қатынастың үзілмегенін растайды.

Шернияз жайлы мәліметтерді қарастырғанда, оның өмірінің бірінші кезеңі халық қамын ойлаған Исатай, Махамбеттердің қасында болып, халық тілегі, ел мүддесіне жұмсалып, халықтың

⁶ ОҒК. Шернияз шығармалары. № 822-папка.

ыстығына күйіп, суығына тоңумен өткендігін көрсек, екінші кезеңі Баймағамбет сұлтанның сарайында өткендігін көреміз. Сол кез, сол жағдайды еске алсақ, неге олай болғандығының нақты себептерін айқындау қиын емес.

Исатай, Махамбет бастаған халық көтерілісі жеңілгеннен кейін хан, сұлтан-феодалдар көтеріліске қатысушыларға енді қайтып бас көтермес үшін қатты-қатты шаралар қолданады. Мал-мүлкін талан-таражға салды, Сібірге айдатты, шетінен ұстап түрмеге жаптырды, қуғын-сүргінге ұшыратты. Сондағы қуғын көргеннің бірі Шернияз болды. Біресе Әлім, біресе Шемен, біресе Табын, біресе Хиуа елдеріне барып, Шернияз, Махамбеттердің сырғи берулері, Жәңгір, Баймағамбет, Перовскийлердің оларды қалай да ұстау керек деген әмірінің күші, ізіне шам алып түсулері барған сайын күшейді. Сондықтан Шернияздың Баймағамбет сұлтанға келуі, еш лаждың жоқтығы, бүгін болмаса, ертең қолға түсетіндігіне көз жеткендігі, әйтеуір, ұсталатын болғасын не ұсталып тыну, не есебін тауып құтылу, екіншісі бірі «шешінген судан таймастың» кері болатын.

Шерниязды паналатуға Баймағамбеттің өз есебі, өзінше мақсаты болды. Бақ аңсап, даңқ іздеген Жәңгірмен өзінше іш бәсекесі бар тырашсынған Баймағамбет сұлтанға аты шулы Шернияз шешенді өз қолында ұстау, оның лажсыздығын пайдаланып, өзінің сарай ақыны ету мақтан есепті болды. Өздерін мақтатып, жұрт алдында беделін көтеру үшін, ең шешен, талантты ақындарды сарай маңында ұстау жалпы – хандардың ескі салты екені мәлім. Бұл дәстүрдің жалғасы аға сұлтан дәуірі ғана емес, тіпті кешегі күнге дейін келді деуге болады. Қазақтың болыс-билерінің өзінің пашбауын көтеретін кейбір ақындар болатын. Сөйтіп, Шернияздың Баймағамбетті паналауы лажсыз жағдаймен байланысты болса, Баймағамбеттің оны аман сақтап қалуы өз мүдде, өз тілегіне байланысты ішкі есебі еді.

Шернияз – өз кезінде де, өзі өлгеннен кейін де халыққа аты көп жайылған, даңқты, атақты ақынның бірі. Оның сөздері халыққа ерте күннен мәлім. Қазақстанның қай түкпірі болсын, Шерниязды жақсы біледі. Оның өлеңдерін сүйіп тындайды, сүйсініп оқиды. Бұған бір өлең жинаушының мына сөзі толық дәлел:

«Біздің жақта, – дейді жинаушы, – Шернияз сөздерін әңгімеге үйірлігі бар жігіттердің көбі-ақ біледі. Өлеңші ақындардың білмейтіні жоқ. Әсіресе: «Байеке, сіздің қызда жаман бар ма» деген өлеңі мақалға айналған. Ақын көрсе, «Шерниязды айт!» – деп көпшілік қолқа қылады»⁷. Жалғыз Жетісуда ғана емес, Қазақстанның қай облысы, қай ауданында болсын, халықтың

⁷ӘӘИ-ның архиві, 7-материал, «Шернияз», 1-б.

Шерниязды қолқалайтыны рас. Халыққа көп тарағандығы жағынан Шернияз қазақтың қай ақынымен де таласа алады.

Шернияз өлеңдерінің 1925 жылы Мәскеуде басылған Алыш ақынның варианты, Омарбек, Мәшһүр-Жүсіп жинаған (Мәшһүр-Жүсіп, II-том, 8-бет) үш түрлі варианты бар («Шернияз ақын өлеңдері», «Шернияз», «Шернияздың Баймағамбетке айтқаны»). Бұлардың аттары әр басқа болғанмен, желісі бір. Өлеңдер Шернияздың Баймағамбетке келіп кездесуінен басталады да, өзінің кім екенін таныстыру, Баймағамбеттің бұйрығы бойынша, оның қызын, әйелін, өзін мақтау, Исатайды мақтау, айтысып Мәдебайды (бір вариантында Марабай делінеді) жеңуімен аяқталады.

Алыш ақынның вариантында Шернияз өлеңдерінің аяғы Байғара болыстан зорлық көрген Шернияздың арыз айтуымен тынса, Мәшһүр-Жүсіп варианты Шернияздың Баймағамбеттің қызының тойын бастауы, Баянасқа айтқан өлеңімен аяқталады. Жоғарыда айтылған үш варианттан басқа институт мұрағатында Нұржігітұлының «Шернияз тарихы»⁸ және Жәмет жыраудың «Ақкете Шернияз өлеңі» атты қолжазбалары, тағы бірнеше ұқсас өлеңдері бар. Әсіресе, құнды дерек деп, Нұржігітұлының қолжазбасын айтуға болады. Мұнда Шернияздың өмірімен байланысты оның әр жағдайда айтқан ұтымды қысқа-қысқа бір ауыз, екі ауыз өлеңдерімен қатар, бұрынғы жинақтарда болмаған «Шернияздың Қаз би мен Әлен төреге айтқан сөзі», «Өмір туралы айтқаны» дейтін бірнеше жаңа өлеңдері бар. Бұл өлеңдері – Шернияздың көзқарасын айқындау үшін бағалы деректер.

Ақкете «Шернияз өлеңі» атты қолжазба Нұртуған ақын арқылы. Кейін Нұртуғанның жиені Жәмет жырау арқылы алынды. Бұл да бұрын ешкімге мәлім емес шығарма. Өзі жай ғана өлең емес, оқиғаға құрылған қысқаша поэма деуге болады. Кіші жүз Сиықтың шежіресін айта келіп, Исатай мен Наушаның хан, патша әскерімен соғысы, Науша мен Исатайдың өз арасындағы қарым-қатынастары, Исатайдың ерлік өлімі, оның сүйегін Наушаның алып шыққаны баяндалады, Баймағамбет пен Шернияздың кездесуі, Марабай ақынмен айтысып, оны жеңуі жайлы айтылады. Көркемдігі жағынан бұл онша құнды өлең емес. Бірақ оқиғасында тарихи кейбір шындықтардың бетін ашатын жерлері бар (мысалы: Исатайдың сүйегін жаудан кім алып шыққанын

⁸ Бұл да сонда.

Ескерту: Бұл қолжазбада Шернияздың жаңа өлеңдерінен басқа екі түрлі құнды мәлімет бар. Бірі ақынның ата-тегі туралы мәлімет, екіншісі Шернияздың тапқырлыққа құрылған әр жағдайда айтқан қысқа, күлдіргі өлеңдері (*автор*).

айқындау, стихиялық түрде басталған шаруалар көтерілісін басқарушылардың өз араларындағы келісе алмаушылықты көрсету т.б.)

Жоғарғы үш ақынның аузынан жазылып алынған үш түрлі варианттың желісі бір десек те, әрқайсысының өзінше өзгешеліктері бар. Бас-аяғы бүтін, әңгіме желісі дұрыс, адам мен ел аттары тарихқа жақын келетіні – Көкшетаудың Алыш ақыны айтқан варианты. Мәшһүр-Жүсіп варианты Алыш ақынға, негізінен, жақын келеді. Әйтсе де сөздерінде кейбір өзгешеліктері де жоқ емес. «Арқада ту ұстаған Арынғазы» (Мәшһүр) емес, «Ар жақта ту ұстаған Арынғазы» болу керек. Өйткені әңгіме атақты Арынғазы атты хан туралы. Бөкейліктегі ел Жайықтың бергі бетіндегі елді «ар жақ» деп сөйлейді. Оның арқамен еш байланысы жоқ, сонымен қатар, Мәшһүр-Жүсіп вариантында көп жерлері түсіп қалған не сөздері басқаша құралатын жерлері көп. Салыстырыңыз:

Ассалаумағалайкум, алдияр хан,
Өлім десе, қорқады шыбындай жан,
Сәлемді алдыңызға сала алмаған,
Баяғыдай заман жоқ құйқылжыған.⁹

Ассалаумағалайкум, алдияр хан,
Өлім десе, қорқады шыбындай жан,
Өлімнен қашып келіп қорғалаған,
Қуып жүр құйқылжыған құрғыр заман.

Міне, осы сияқты өзгешеліктер толып жатыр. Мәшһүр-Жүсіп вариантында «Байеке, сіз бір аққан бұлағымыз» деген тәрізді кейбір шумақтары мүлде жоқ. Алыш вариантына қарағанда, Мәшһүр-Жүсіп варианты анағұрлым қысқа. Омарбек варианты (Жетісу елінікі) жоғарғы Алыш, Мәшһүр - Жүсіп варианттарына қарағанда көлемді. Мұнда да, Шернияздың Баймағамбетке айтқан сөздерінің желісі дұрыс сақталады. Бірақ әр шумағына жолдар қосылып, ұзартылып айтылған. Шумақтың не басында, не ортасында, не аяғында жоғарғы екі варианттарындағы қайталайтын жолдар түгел кездеседі.

Омарбек варианты алыстан талып жеткен әңгіменің желісіне құрылған, қоспасы көп, өйткені Шернияз сөзі кейін ұмытылыңқырап, әр ақынның өзінше долбарлап айтуымен байланысты көп өзгеріске ұшырағанға ұқсайды.

⁹ Теруші Сейітбаттал Мұстафаұлы. «Шернияз». Мәскеу, 1925, 25-б.

Ассалаумағалайкум, алдияр хан!
 Молдалар хат жазады дәуіт, қалам.
 Кешегі сл ұстаған ханзаданың
 Сізді де ұрпағы деп бердім сәлем..
 Ежелден шынжыр балақ, шұбар төс ең,
 Бұқараң үймелеген хан тұтып жан,
 Жалаңаш елден шыққан бір сорлымың,
 Жалғыз-ақ үмітім бар рақымыңнан,
 Басымды алар болсаң жылдам алшы,
 Ызғары өтіп барады аяғымнан.

Ал Алашта:

Ассалаумағалейкум, алдияр хан,
 Өлім десе қорқады шыбындай жан,
 Сәлемді алдыңызға сала алмаған,
 Баяғыдай заман жоқ құйқылжыған,
 Сіздер де ханзаданың баласы деп,
 Алдияр деп, алдына бердім сәлем.
 Осы күнде адам жоқ бізден жаман,
 Жалаң аяқ, жалаң бас зарлап тұрмың,
 Көзіңнің қырын салар бар ма заман?
 Байеке, келгенім жоқ бұл шағына,
 Ақ сұңқар мен бір қонған қияғыңа,
 Жорғамын шаң тиместей тұяғыма,
 Күміс сапты найзамын қияғыңа.
 Құдайдың түні суық, қаһары қатты,
 Жалаң аяқ, жалаң бас жылап тұрмың,
 Көзіңнің қырын салшы сияғыма!

Бұл екі үзіндіні салыстырғанда, жалпы желісі бір болғанымен, пікір жағында болсын, жеке сөз, сөйлемдерінде болсын, недәуір өзгешеліктер бар. «Шынжыр балақ, шұбар төс» деген образдар – сол кезде шыққан образдар. «Ызғары өтіп барады аяғымнан» деген жолдың алдыңғы жолдармен логикалық байланысы жоқ. Бұл - Алыш ақынның вариантында айрықша шумақ болып айтылатын:

Байеке, сіз бір аққан бұлағымыз,
 Зарлаған біз бір жетім лағыңыз,
 Лыпадан тал бойымда ешнәрсе жоқ,
 Жалғыз-ақ жарғы күйген тұмағымыз.
 Аяғым тоңғаннан соң басып тұрмың,
 Үсіп кетіп барады құлағымыз.
 Тақсыр-ау, бізді өлтірсең, тезден өлтір,
 Зарлаған біз бір жетім шұнағыңыз, –

деген өлеңнің мазмұнынан алынғанға ұқсайды.

Омарбек вариантының қара сөздері не кейбір жолдары Алыш

вариантындағы ел аттарынан бөлек. Исатай мен Баймағамбеттің арасындағы күрес, тартыстар да, Омарбекте көмескі ертегіге айналғаны байқалады, бас сөзінде: «Бұрынғы заманда Баймағамбет деген хан болыпты, Исатай – Баймағамбетпен туысқан, тоқал қатынның баласы екен», – деп бастауы немесе өлеңіндегі:

Ар жақта дүбірлеген Арынғазы,
Жайлаған Арғын, Найман, Өтен сазы.
Ар жақта ту ұстаған Арыстанбек, –

деген жолдар әңгіменің тарихи ізінен алыс жатқандығын аңғартады. Алыш ақын вариантында Шернияз бен Баймағамбет, Исатай не басқалардың қай ел, қай жерде болғандары, олардың арасындағы күрес, тартыстардың ұлы сорабы дұрыс беріледі. Сондықтан бұл Шернияз өлеңдерін сұрыптауда негізгі вариант болып есептелуі қажет. Әйтсе де, Омарбек, Алыш варианттарында дәлме-дәл келетін жерлері де жоқ емес. «Сағынам ауызға алсам Исатайды», «Бармысың, жауға түскен алтыным-ай», – деп басталатын өлеңдері екеуі де өзгеріссіз, «Байеке, сіздің қызда жаман бар ма», «Байеке, заманыңда туыпсың-ай» дейтін шумақтарында бірен-саран сөз өзгешеліктері болмаса, дәлме-дәл деуге болады.

Алыш пен Омарбек вариантының екеуі де 1925 жылдан бастап баспа жүзін көрді. Онан кейін, жеке кітап болмаса да, хрестоматия, орта мектеп оқу құралдарында (1941 жылдан бері), жоғарғы мектепке арналған Сәбит Мұқановтың 1942 жылы шыққан «Қазақтың ХҮІІІ–ХІХ ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты еңбегінде үзінділері басылды, екі варианттың екеуі де Шернияз сөздері делінген. Бұл – жоғарғы еңбекте болсын, не басқа зерттеушілерде болсын, күні бүгінге дейінгі елеулі кемшілік. Осы варианттың қайсысын негізгі етіп алуы керек, бұл әлі еш жерде сөз болған емес. Шернияздың өзінен қалған қолжазба болмағандықтан және Шерниязды әдебиет тарихына енгізіп, тарихи әдебиет өкілі ретінде зерттеп отырғандықтан, жоғарғы үш варианттың біреуіне тоқтап, Шернияздың өз сөзі, өз өлеңдері осы, басқалары осының желісіне қарап, әр ақындардың өзінше Шернияз атынан айтылған варианты ғана деп ұғуымыз керек. Бізше, Шернияздың өз нұсқасын сақтаған, өзгертілмей айтылатын, оның басқа өлеңдерімен стиль жағынан үндес келетіні – Алыш ақынның варианты. Алыштың қара әңгімелері де, Шернияз өлеңдеріндегі кісі аттары да, Исатайдың өлімі де тарих мәліметтеріне дәлме-дәл келеді деуге болады. Сондықтан біз қазіргі зерттеуде негізгі нұсқа етіп, Алыш ақындыкін алдық. Басқа варианттар мұны толықтыру үшін ғана қолданылмақ.

Шернияз соңғы кездерге шейін әдебиет тарихына кіре алмай келді. Бұған жалғыз-ақ себеп – өмірінің соңғы кезінде Баймағамбет сұлтанға келуі. Біз жоғарыда өмірбаянымен байланысты, оның қалай келгенін айттық. Әңгіме Шернияздың Баймағамбетке тек келуінде ғана емес, нені жырлап, оны қалай жырлағанында.

Шернияз өлеңдерінде тарихи екі адам туралы айтылады: бірі – халықтың досы, қамқоршысы болған Исатай, екіншісі – халықты езуші Баймағамбет. Шернияздың Баймағамбетке айтқан сөздерінің мазмұны, құрылысы жағынан алып қарасақ, мақтады деген өлеңдерінің өзінде де мысқыл-кекесін жатады. «Мені жамандашы» деген сұлтанның өз сөзін пайдаланып, Шернияз Баймағамбеттің жауыздық іс-әрекеттерінің бетін ашып, жұртқа әшкерелеп береді. Өзі өлім мен өмірдің шекарасында тұрса да, бас кетеді деп, тіл тартпай, Баймағамбеттің жауыздығын әшкерелеу арқылы басқа да хан-сұлтандардың халыққа жасаған зорлық-зомбылықтарын терең толғап суреттейді. Мұндай жерде ақын әрдайым Баймағамбетке Исатайды қарама-қарсы қою әдісін қолданып, бірінің елге деген достығын, екіншісінің елге деген қастық, жауыздығын айқындайды.

Ар жақта Арынғазы дүбірлеген,
Байске, елің бар ма бүлдірмеген?
Төре кетіп, төбет қалып,
Туып тұр ел басына бұл күн деген.
Қазақтың қара жұртын быт-пыт қылған,
Төре емессің, төбетсің дым білмеген¹⁰, –

дейді. Осы үзіндінің өзінде Баймағамбетке деген қаншама өшпенділік жатқаны кімге де болса мәлім. Сонымен қатар ақын көп шындықтың бетін ашады.

Исатай өліп, көтеріліс басылғаннан кейін хан, сұлтандар елге қатты-қатты шаралар қолданды. Айдатты, дүре соқтырды, төрін талқан, есігін ойран етті. Осындай ел бейбітшілігін бұзған Орынбордан шыққан патша әскерін көтерілісшілерге өзі бастап әкеліп, Исатайдың өліміне ортақ, көтерілістің жеңілуіне себепші болған Баймағамбетке мұз боп қатқан ескі кек Шерниязды шыдатпайды. Өзі өлім аузында тұрса да, ақын батыл түрде Баймағамбеттің халыққа істеген жауыздығын бетіне басады.

Па, шіркін, Исатайдай сабаз тумас,
Қас етсең, қасыңа да адам жуымас.
Ел ұстап, жұрт билейтін қылығың жоқ,
Хан емессің, қас қатынсың мұндар қу бас, –

¹⁰ Терме. 1-кітап. Ташкент, 1925, 109-б.

деп ел сүйген батыр ұлға Баймағамбетті қарсы қойып, кімнің-кім екенін көрсетпекші болады. Бұл жердегі әрқайсысына қолданып отырған образдарының өзінен де ақынның кімге қалай қарайтындығы айқын сезіледі. «Төбет», «Қу бас» деген сөздер Баймағамбеттің сұрқиялылығын дәл, батыл түрде суреттеу тілегінен туып отырғандығы айқын.

Біз негізге алып отырған Алыш ақынның вариантында Шернияздың Баймағамбетті мақтауы амалсыздықтан туды, ол оның шын ниетімен жақсы көрінуінен емес еді деген пікірді меңзейді.

Баймағамбет әзіл үшін әуелі әйелін, қыздарын жамандатып, өзінше соған мәз-мәйрам болады да, Шерниязға: «Енді өзімді жаманда дейді», – дейді. Шернияз: «Шыдай алмайсыз», – деп бірнеше ескертсе де, Баймағамбет қоймаған соң жамандайды. Өлтіре жамандайды. Әуелі көзбе-көз жамандауға өзі рұқсат етсе де, шындық сөз сүйегінен өткен Баймағамбет шыдай алмай, Шернияздың басын шаппақ болып қылыш суырады. Сасып қалған Шернияз:

Хан қолында жарасқан қасқа қылыш,
Қаһарлансаң өтесің тасқа, қылыш.
Хан қолында тұтқан бар ұстап тұрған,
Жарлықтан хан бұйырмай аспа, қылыш,

деп, қылышты тоқтата тұрады да:

Атаңыз кешегі өткен Абылай-ды,
Абылай көп ерлігін жұртқа жайды, –

деген тәрізді сөздермен Баймағамбетті мақтайды. Мақтау сүйгіш Баймағамбет ақынның мақтау сөздеріне жибиді де, өлімнен құтқарады. Ақынның Баймағамбетті мақтап айтқан өлеңі осындай жағдайда шығарылады. Сондықтан мұны шын мәніндегі мақтау деп қарау қиын. Бұл – ақынның дүниетанушылық көзқарасын, жүйесін айқындайтын өлең емес, жаңағыдай жағдайда туған өлең. Оның шығармасын бүтіндей алып талдағанда, сол жағдай, сол сәтте ақынның әлсіздігін көрсететін өлеңнің бірі деп бағалауымыз дұрыс.

Ақынның шын сырын, шын көңілін Исатай туралы айтқан өлеңдерінен көруге болады. Исатай жөнінде қолданған әр сөз, әр бейнесінде үлкен махаббат, терең сүйіспеншілік жатқаны аңғарылады. «Па, шіркін, Исатайдай сабаз тумас», «Сағынам ауызға алсам Исатайды», «Исатай – ел еркесі, ел серкесі» деген жолдарының өзінен-ақ өмірдегі ең сүйікті, ең ардақты санаған шын дос, қымбаттысынан айрылған шерлі жыраудың мұңды зары мен терең сыры байқалғандай болады. Исатай өлмей, ұсталып қайтып келген болса, не дер едің дегенде:

Бармысың, жауға түскен алтыным-ай!
 Самалым, саз қонысым, салқыным-ай!
 Жауыңның қоржынына түсіп едің,
 Шықтың ба аман-есен, жарқыным-ай!
 Ақ алмас, алтын сапты, қылышым-ай!

 Жатпапты асыл пышақ қап түбінде,
 Шықтың ба қабын жарып, ырысым-ай!—

деп, мойнынан құшақтар едім дейді. Осы үзіндінің өзінен-ақ Шернияздың Исатайды қандай дәрежеде сүйіп, қандай дәрежеде жақсы көргендігі айқын көрінеді. Адамның ішкі сезім дүниесін беруде қолданылатын зарлай арнаудың әдісімен суреттейді. Әрине, бұл сықылды терең сүйіспеншілік Шернияздың жеке, тек өз басының ғана ойы емес, батырға деген махаббат пен ел-жұрттың оны аңсауының бір көрінісі.

Сағынам ауызға алсам Исатайды,
 Ер тумас ел бағына ондай жайлы.
 Қарадан халқы сүйіп ханым деген,
 Жігіт еді төрт тұрманы түгел сайлы...

Ер тумас ел бағына Исатайдай,
 Мінезі толқушы еді туған айдай,
 Тарлан боз, тарғыл ала жылқы біткен,
 Ер еді, құтым еді, о, дариға-ай!..

«Исатай – ел еркесі, ел еркесі»,
 Бір мен емес, алашқа жайлым еді,
 Елге алғау, маған да алғау ер Исатай,
 Айрылып Шерің содан қайғылы еді,¹¹—

деген сөздерінен Исатайды халықтың сүйіп халықтың жақсы көруі Шернияз жырына нәр, негіз болғанын көреміз.

Исатай ел мүддесі, жұрт мақсатын көздегендіктен, халық оны өз ері, өзінің адал ұлы деп біледі. Сол пікірді үндемекші болған Шернияздың алған тақырыбы да, жырлаған жыры да Исатайға арналады. Шернияздың өзі де бұқара халықтың ортасынан шықты және шаруалар көтерілісіне белсене қатысушылардың бірі болды. Арман еткен мақсаты да шаруалардың тілек-мүддесіне сәйкес, сол шеңберде қалды. Шернияз өлеңінде ол өрістен асып, не болашақты аңсау, не түңіліп өткен өмірге бой ұру, не соқыр сенімге берілу, бұл дүниеден безіп өлімге үндеу – екеуі де жоқ. Ақын өмір шындығының өзінің арман еткен, белсене

¹¹ Сонда, 109-б.

қатысқан шаруа табының тұрғысынан қарап, сол тұрғыдан суреттейді. Шернияз өлеңінің негізгі көпшілігі Исатай сықылды халық қамқоры болған ерлерді дәріптейді. Әйтсе де, Шернияз өлеңі қайшылықсыз, онда кемшілік, қате жоқ деген пікірден біз аулақпыз. Оның кейбір қайшылығын жоғарыда көрсеттік. Әйтсе де, Шернияздың өлеңдерінің терең тамыры езілуші қара халықтың тілек-мүддесін жырлауда жатыр. Әрине, біздің бұл пікіріміз Шернияз өлеңдері туралы үзілді-кесілді пікір емес. Өйткені Шернияз өлеңдері әлі толық жиналып болған жоқ, Шернияз туралы бір алуан мәліметтер соңғы жылдары түсті. Олардың ішінде құнды, бағалы материалдар аз емес. Солардың ішіндегі ең құндысы – Шәйіптің материалы.

Шәйіп Нұржігітұлының қолжазбасында Шернияздың бұрын жұртқа мәлім емес екі термесі және бірнеше қысқа өлеңдері бар. Термесінің бірі «Өмір туралы» деп, екіншісі тек «Терме» деп аталады. Бұл термелер Шернияздың тек жай ғана ақын емес, өмірді кеңінен шолып, оған өзінше баға бермек болған, өзінше қорытынды пікір айтуға ұмтылған ақын екендігін көрсетеді:

Аттан аттың несі кем,
Өзі тарлан көк болса?
Ерден ердің несі кем,
Айтқан сөзі берік болса?
Хандардан ханның несі кем,
Халыққа әділ, ерік болса?¹² –

деген тәрізді риторикалық сұраумен термелеп береді де, өзінің бақылауынша кейбір жерлеріне қорытынды ретінде пікір айтады. Осы термесінің тағы бір жерінде:

Ай, жігіттер, жігіттер,
Жердің жүзін қарасаң,
Мұнша неге кең болған.
Жеті мүше денеміз
Бір-біріне тең болған.
Төрт аяқты айуандар,
Неге адамнан кем болған?
Жарық үшін күн болған,
Тыным үшін түн болған,
Тамашалап қарасаң,
Ай мен жұлдыз, күндіз, түн,
Орман, тоғай, от пен су
Тап-тамаша, кім қылған?
Құрт-құмырсқа, ұшқан құс,
Бұ да басқа түр болған, –

¹² ОҒК. Шернияз шығармалары, №822-папка.

дейді. Шернияздың бұл сөздерінің өз кезінде мәні зор. Қазақтың оған дейінгі ауыз әдебиеті мен тарихи әдебиет нұсқаларын алсақ, табиғаттың әр алуан құбылыстарын бақылай келіп, оларды тану үшін жоғарғы айтылғандар тәрізді, тұжырымды сұрақтар қойған шығарма не жоқ, не жоқтың қасы. Оқу—өнерден кенже қалған халыққа ондай сұрақты қоюдың өзі — кезінде үлкен нәрсе болған. Әрине, Шернияз да ол сұрақтарға дұп-дұрыс жауап бере алды деген пікірден аулақпыз. Ол сұрақтарға ақын жауап бере алған жоқ. Ол мүмкін емес те еді. Әйтсе де сол сұрақтарды қоюдың өзі тек қана ақынның емес, халықтың өмір құбылыстарын білсек, танысақ деген арманын меңзейтін сияқты.

Сонымен қатар, ақын өмірдің бір қалыпта тұрмай, өзгеріп отырғандығын да аңғарған. Бұл, әрине, Шернияздың жаңалығы емес. Өмірдің үнемі өзгеріп отырғандығын аңғару ауыз әдебиетінде де, Бұхар тағы басқа ақындардың шығармаларында да кездеседі. Бұл мәселені біз Шерниязбен байланысты тек факт ретінде ғана айтып отырмыз.

Ақын:

Болжалды күн болған соң,
Бұл дүниеден кім қалған?
Батыр өткен шабынған,
Жүйрік өткен шабылған.
Сұлу өткен жағынған,
Кербез өткен қағынған,
Не жайсандар өтпеген,
Озаған жүйтік табынан?—

дейді.

Бірақ табиғат және өмір құбылыстарында әр түрлі өзгерістер болып отырғандығын ақын тұрпайы түрде болғанмен дұрыс түсінсе де, әлеумет өмірінің кейбір негізгі мәселелерін мүлде теріс түсінеді. Мысалы:

Бәрімізге ай ортақ,
Қайырлы болса бай ортақ,
Жақсы болса би ортақ, —

деген сөздерін алсақ, «қайырлы бай», «жақсы би», «жақсы хан» болады-мыс дейтін нағыз ұсақ байшылық көзқарасты дәріптейтіндігін көреміз. Әрине, ол үшін Шерниязды даттауға болмайды, өйткені стихиялық түрде басталатын бұқара халық көтерілісінің басшылары мен жыршылары өздері белгілі бір ханға не патшаға қарсы қарулы күрес ашып, сол жолда өлімге де, өмірге де бел байлап майданға шықса да, хандық, патшалық тәртіпті

құртуды олар мақсат етпейді, тек сол жауыз хан, жауыз патшаны жоюды мақсат етеді. Олар «жақсы хан», «жақсы патша» болады, елді солар бастаса тұрмыс түзелер еді, рухани қысымшылық болмас еді деп ұғады. Шаруалар көтерілісінің негізгі бір әлсіздігі, негізгі бір қайшылығы да осында. Демек, бұл әлсіздік пен қайшылық шаруалар көтерілісінің әрі қатысушысы, әрі жыршысының бірі болған Шернияз өлеңдерінде кездеспеуі мүмкін емес. Жалғыз ғана бұл өлеңі емес, оның басқа өлеңдерінде де кездеседі. Сондықтан Шернияздың «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» және басқа өлеңдеріндегі қайшылықтардың негізгі себептерін біз ақынның өз басынан емес, сол тарихи жағдайлардан іздестіруіміз керек.

Шернияздың ақындық ерекшеліктері жайлы. Шернияз – аз да болса ескіше (арабша) оқыған, хат білген адам. Әкесі Жарылғас молда делінеді. Кейбір мәліметтерде Шернияздың өзін де әйелдер «молда қайнаға» деп атаушы еді дейді. Бірақ Шернияз өлеңдерінің құрылысы мен қолда бар материалға қарағанда, ол өлеңдерін жазып шығарған адам емес, ауызша керегінде жанынан тез шығарып айтуға бейім ақын екені аңғарылады. Өйткені өлеңді тез шығаруы жағынан алсақ та, тілі жағынан алсақ та немесе айтыстарында қолданған әдісі жағынан қарасақ та, Шернияз өлеңдерінде суырып салмалық дәстүр берік сақталады.

Суырып салмалықтың өзіне тән ерекшеліктері бар. Соның бірі – жөпелдеме сөз тапқыштық, тез жауап бергіштік. Бұл қасиет Шерниязда анық байқалады. Баймағамбет шабамын деп, қылышын суырып алғанда айтқан «Хан қолында ұстаған қасқа қылыш» дейтін өлеңінің импровизаторлықтың тамаша үлгісі десек, «Шернияз тарихы» атты қолжазбадан алынған өлеңі тез айтуға машықтық, ұсталығы жағынан жоғарғы өлеңінен де асып түсетін тәрізді.

Бір іс жөнінде хан Шерниязды айыптап, дүре соқтырмақшы болады. Жұрт сұраса да хан кешірім бермейді. Жұрт болмаған соң, ханға Шернияздың өзі барады. Есіктен кіре бергенде мандайшаға соғылып, басындағы жапатай бөрік түсіп кетеді. Еңкейіп алайын деп жатқанда хан: «Ойланбастан осыған өлең айт», – дейді. Сонда бір аяғы табалдырықтың сыртында, бір аяғы ішінде тұрып:

Басымнан түсіп жап бергенім (бөрік)
 Құдай-ай, осы ма еді көп көргенің?
 Өсірген сылап-сипап он саусағым,
 Кәнеки, тап бергенде, ап бергенің!?
 Қызыл тіл, барың болса енді сөйле,
 Таппасаң, қапияда босқа өлгенін.
 Ұлына екі атаның бермей тілек,
 Кім еді сонша көпте жек көргенің? –

дейді. Тек қана бұлар емес, ханның қызына, әйеліне, өзіне айтқан Шернияз сөздерін құрылыс жағынан алсақ, тез шығарудағы шеберліктің ең зор үлгісі деуге болады.

Халықтың суырып-салма ақындарына, әсіресе, айтыс ақындарына және бір тән әдіс қарсы жағын ең әлсіз жерінен ұстау. Бұл да Шерниязда өте шебер түрде қолданылады, Медебаймен айтысында Шернияз осы әдісті қолданады. Абайсызда Медебайдың аузынан «неме» деген сөз шығып кетеді. Қазақ тіліндегі кейбір сөздерді бұрып айтса, басқа мағына беретіндігін пайдаланып, Шернияз сол сөзден Медебайды сүріндіреді.

Медебай:

Ханыммен бірге отырып тамақ жейтін,
Құжырайып отырған бұл қай неме?

Шернияз:

Осы ма Медебайың хан мақтаған,
Қолында домбырасы бармақтаған,
Хап алдында немесін салмақтаған,
Көргенсіз нескен есер қалжақтаған,—

деп бұра салады. Бұл үзіндідегі Шернияздың әр сөзінің өткір сарказм болып келуі өз алдына, әлгі айтылған «неме» деген сөзді шумақтың пікір түйіні етіп, Медебайға тағы айтқызуға тырысады. Айтыстың заңы бойынша шумақтың түйіні, қазығы болған сөзге, пікірге қарсы жауап беру қажет. Егер оны түсінбей қалса немесе жауап бере алмаса – айтысушы ақынның жеңілгені. Айтысушылар бұған қатты көңіл бөледі. Оның үстіне Шернияз Медебайдың өз сөзін сөйлемнің қазығы етеді. Сондықтан Медебай жауап бермеуіне болмайды. Не ақын сол сөзді дұрыстап, жеңіп шығуы керек, немесе есебін тауып жалтарып кетуі керек. Бірақ Шернияз бұл жерде Медебайдың жалтарып кетуіне мүмкіншілік бермей, ақыры, Медебайды өз сөзінен ұстап, ханды да, тындаушы көпшілікті де Медебайға қарсы қойып, өз жағына шығарып алады. Мұның әр жағында Медебай айтарлық ештеңе қалмайды. Медебай жеңіледі.

Бірақ Шернияз халық ақындарының әдіс тәсілдерін берік сақтайды деп тұрсақ та, оның өзіне тән, өзінің ақындық бетін көрсететін ерекшелігі де жоқ емес. Кей кезде тарихтан орын алған ақын, жазушылардың мейлі белгілі бір әдеби стиль ақындары болсын бір жағынан болмаса, бір жағынан бірінен екіншісінің айырмасы болмай қалмайды. Бір істі екінші бір іспен қатар істесе, екеуі бір іс болмайтыны сықылды, бір тақырыпқа жазған екі ақынның, не бірнеше ақынның әрқайсысының өзінше ерекшелігі болады. Осы тұрғыдан қарағанда, Шернияздың өз кезіндегі, не

өзінен бұрынғы ақындардан айрықша бір ерекшелігі оның өмір құбылысын суреттеуде қолданатын поэтикалық тілдің әр түрі де кездесе береді. Тамаша теңеу, метафора, т.б.

Шаншатұғын найзадай
Қылтың еткен жиырма бес.
Шабатұғын қылыштай
Жылтың еткен жиырма бес.

Бармысың жауға түскен, алтыным-ай!
Самалым, саз қонысым, салқыным-ай!
Ақ алмас, алтын сапты қылышым-ай!
Шықтың ба қабын жарып, ырысым-ай!..

Исатай ділмар еді топтан озған,
Нар еді бәйтерекке мойнын созған,
Исатай – ел еркесі, ел серкесі, –

деген үзіндідегі метафораның ұлғайған түрі де, жай түрі де халық өлеңдерінен болсын, бұрынғы ақындардан болсын табыла береді. Бірақ Шернияз өлеңдерінде кейбір образдар терең сезімді аңғартады. Әйтсе де оны Шернияздың ерекшелігі деп қараудан гөрі Исатайға деген зор махаббаттың бір көрінісі деп ұққанымыз жөн. Өйткені бұл оның өмір құбылысын зерттеудегі негізгі әдісі емес, кей кездегі көңіл-күйінің қатты толқуын көрсететін жеке образдар ғана. Мұны біз жеке ақындардан да жиі кездестіреміз.

«Таудан мұнартып ұшқан тарланым» (Махамбет) сияқты метафораның барлығын ғана айтпасақ, тіл құрылысында ерекшелігі бар дей алмаймыз. Демек, оның осы ерекшелігін басқа жақтардан іздеуіміз керек. Бізге Шернияздың өзіне шейінгі тарихи ақындармен (Бұқар, Байтоқ, Жанұзақ, Махамбет, Жанкісі т.б.) салыстырғанда, ерекшелігі поэтикалық тілдің басқа түрінде деуге болады. Бізше, Шернияз – юморист ақын. Сондықтан оның поэтикалық тілінде, сөздігінде ирония, сарказм жиі ұшырасады.

Бәйеке, сіздің қызда жаман бар ма?
Жамандар сіздің қызды заман бар ма?
Жамандығы бойынан табылғандай,
Ауызым бармай тұр ғой жамандауға.

Еркек болса, әр жұртқа хан болғандай,
Әйел қылған Аллаға амал бар ма?
Орынбор сіз салдырған қалалары,
Ақылға бәрі бірдей даналары.

Өңшең абзал баланы таба берген,
 Бұлардың қандай екен аналары?
 Ұжмақтың хор қызындай тегіс туған,
 Ай, алда-ай, қандай мінсіз балалары, –

деп, Баймағамбеттің әйелін, қыздарын, сырт жағынан қарағанда мақтап тұрған сияқты көрінсе де, ішкі мазмұны олай емес. «Жаманда» дегенде тап солай екендігі, айқын ашылатындығы өз алдына, осы үзіндінің өзінен де оқушылардың түсінуі үшін де кілт беріледі: «Жамандар сіздің қызды заман бар ма?» «Жамандығы бойынан табылғандай, ауызым бармай тұр ғой жамандауға», – дейтін сөздері осыны ұқтырады.

Шернияздың әрі сөз тапқыштық, әрі әзіл-қалжың, мүкі сөздерге, әдеби тілмен айтқанда ирония, сарказмға, шеберлігін дәлелдейтін толып жатқан мысалдарды Нұржігітұлының қолжазбасынан да кездестіреміз.

Шернияздың Адай Абылға, өзінің қонағына айтқан сөздері дәлел. Ол жөнінде Нұржігітұлы былай дейді: «Шернияз бір жақтан келе жатып, Адай Абыл ақынның аулына келеді. Абылдың жылқысы оппаға түсіп қырылып, терісін сойып алып жатқанның үстінен шығады. Шернияз жөн сұрап: «Кімнің ауылы» десе, Абыл: «Танысаң адайыңмын, танымасаң құдайыңмын», – дейді. Сонда Шернияз:

Ауылыңның қолған жері сыдырым тал,
 Малыңды жайшылықта ар жаққа сал.
 Отырып от басында нәнсіңгенше,
 Жылқыңды құдай болсаң тірілтіп ал¹³, –

депті.

Шернияздың әйелі өліп, өзінің бала-шағаларымен отырғанда, бір сыйлы қонақтар келіп қонады. Қызы қонақтарға қойдың қолын асады. Қонақтар оған риза болмай, өзара күңкілдесіп: «Шернияздан бала тумаған екен», – дейді. Шернияз оны сезіп қалып:

Қонағым, балалар білмегеннен қол асыпты,
 Асса да бала қолды мол асыпты,
 Дүниеге қолдан бұрын сан келмейді,
 Асса да бата қолды жол асыпты, –

депті. Шернияздың әзіл-қалжың өлеңдерге де тапқыш, тез шығара салатындығын айқындайтын басқа да сөздері аз емес.

Ирония, сарказм Шернияздың өлеңдерін басқа ақындардан

¹³ ЭЭИ-ның архиві, 27-материал.

даралап көрсететін ерекшелігінің бірі дедік. Бұдан Шернияздан басқа ақындарда тілдің бұл түрі мүлдем кездеспейді деген ұғым тумасқа керек. Өйткені ирония, сарказм Шернияздан бұрынғы халықтың ауыз әдебиетінде де кездеседі. Бірақ ол кездесулерде заңды жоба бар дей алмаймыз. Сондықтан ол – кездейсоқ қана нәрсе. Кездейсоқ – қай кезде болсын, жоққа тең. Демек, ирония, сарказм өмір құрылысын суреттеуге Шернияздың негізгі құралы болуы, оның өзінен бұрынғылардан айырмашылығын көрсететін ерекше жайының бірі болып саналуы қажет.

Шернияздың өзіне тән ерекшелігі тіл – жағынан деп, оған айрықша тоқталып өттік. Ал өлеңі құрылысы (буын, бунақ, тармақ) жақтарынан не ұқсас жақтарынан өзіне дейінгі ақындардан еш өзгешелігі жоқ. Дағдылы 11 буынды не 7 буынды немесе 8 буын аралас келетін жыр ағымы. Ұйқастары қара өлең ұйқасы, не ерікті, не терме өлеңдерде келетін кезекті ұйқас болып отырады (соңғы екеуі Шернияздың бұрынғы өлеңінде жоқ, қолжазбадағы өлеңдерінен алынды).

Шернияз бұдан бір ғасыр бұрын өмір сүрсе де, оның өлеңдерінің біздер үшін мәні зор. Өйткені өз кезіндегі қара халықтың көпшілігі шаруалардың мұңын жырлап, шаруалар көтерілісін басқарған, халыққа қамқоршы болған ер ұлдарды дәріптеді. Сол кез, сол жағдаймен байланысты өзінің басында кейбір қайшылықтары болса да, ол, негізінде, езілуші шаруалар табының жыршысы болды. Күлдіргі, сатиралық өлеңдердің шебері, ұстазы ретінде тамаша үлгі өлеңдер қалдырды. Сол себептен біз оны зерттейміз, тексереміз. Сондықтан Шернияз әдебиет тарихынан өзіне лайық орын алады.

ШӨЖЕ ҚАРЖАУБАЙҰЛЫ (1808 -1895*)

Шөже – XIX ғасырдағы белгілі ақындардың бірі. Оның ақындық өнері, әсіресе, айтыстарда көрініп, даңқы бүкіл елге жайылады. Шоқан Уәлиханов қазақ өлеңдерінің түріне арналған бір мақаласында Жанақ ақынмен қатар, Шөженің де атын атайды.

Ақынның әке-шешесі кедей болғандықтан, бар өмірін байлардың босағасында өткізген. Оның үстіне Шөже қаршадай кезінен қос жанарынан айрылған зағиптығына қарамай жас шағынан-ақ өлең шығаруды машық етумен бірге, қобыз тартуды да үйренген. Бала ақын өлең айтуды өзінің күн көрудегі негізгі тірегі еткен.

Шөже елді көп аралап, Ұлы жүз бен Орта жүз ақындарының бәрімен дерлік (Балта, Тезек, Кемпірбай, Қалдыбай, Жаңшыбай, Орынбай, т.б.) айтысқа түскен.

Шөже – сонымен бірге ірі эпик ақын. Ол қазақ жырларын көп білген, мәселен, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ең көне де көркем нұсқасы Шөженің орындауында елге тараған. Бұл жырдың бір нұсқасы (Шөженің айтуы бойынша) 1860 жылдарда қағаз бетіне түскен.

Шөже өлеңдері әлі де жиналып болған жоқ, тек олардың бір тобы ғана 1931 жылы алғаш баспа бетін көрді. Сонымен бірге ақындық мұраларын топтастырған басылымдарда, айтыс жинақтарында жарияланып келді.

XIX ғасырда өмір сүрген өрен жүйрік айтыс ақындарының бірі – Шөже Қаржаубайұлының анық қай жылы туып, қай жылы өлгенін дәлелдейтін нақты дерек жоқ. Ақын шығармашылығын жинау, зерттеумен әр кезде айналысқандардың бұл саладағы

*) Дерек «Бес ғасыр жырлайды» басылымы бойынша берілді. 2-т., 1984 ж

мәліметтері бір-біріне ұқсамайды, әрқайсысы әр жылды көрсетеді. Алайда, солардың барлығын біріктіретін бір жайт: Шөженің XIX ғасырдың басында туып, соңғы тұсына дейін өмір кешуі, яғни осы ғасыр бойы дерлік өмір сүруі. Сондықтан шындықты біз де осы төңіректен іздеуге тиіспіз.

Академик Ә.Марғұлан Шөженің туған-өлген жылдарын 1803-1895 деп көрсетсе¹, зерттеуші Ғ.Әбетов 1805-1891², ал «Қазақ Совет Энциклопедиясы» басылымының деректерінде 1808-1895 жылдар деп көрсетеді. Біздіңше, осылардың ішінен ақынның туған жылын 1803 деп алған орынды тәрізді. Мәселе, оны Ә.Марғұлан айтқандықтан ғана емес, басқада. Ақынмен көп кездесіп, көп айтысқан және бір-бірін өмір бойы сыйлап өткен, бір өңірдің ақыны Орынбайдың бәйбішесі Бибатпа, балалары Омар, Оспанның айтулары арқылы жеткен дерекке қарағанда, Шөже Орынбайдан бір мүшелдей үлкен³. Орынбайдың 1846 жылы А.Янушкевичпен кездескенде отыз жаста екенін білеміз. Сонда 1816 жылы туған Орынбайдан Шөже бір мүшелдей үлкен болса, 1803 жылы туды деу шындыққа жақын болып шығады. Ал ақынның өлген жылын анықтауға келер болсақ, бұл ретте де әркімнің әр жылды көрсеткені болмаса, ауыз толтырып айтарлықтай сүйеніш дерек аз. Сол себепті ұзақ ғұмыр кешкен белгілі халық ақыны – Доскей Әлімбаевтың айтуынан жазылып алынған материалда Шөже осыдан (яғни, 1940 жылдан) дәл 56 жыл бұрын Ақмоланың түбінде Қырауқамыс деген жерде Зауқара ауылында қайтыс болды делінеді⁴. Сонда ол 1884 жылы қайтқан болып шығады. Ақындық өнер мен ақын жайын өзгелерден артық білмесе, кем білмеуге тиіс, көненің көзіндегі қарт ақынның мұндай дәлдікпен айтуы тегін болмауға тиіс. Біріншіден, 1850 жылы туған Доскейдің 34 жасында өзі сол қаралы оқиғаның қалың ортасында болуға мүмкіндігі әбден болса, екіншіден, өзі қатынаса алмаған жағдайда, қатысып, көзімен көріп, қолымен жерлеген адамдарды кездестіріп, олардан ақынның өлімі мен жерленуінің бүге-шігесіне дейін естіп білу мүмкіндігіне шек келтіре алмаймыз. Оның үстіне Шөже жай адам емес, қалың елге аты мәшһүр, әйгілі ақын. Сондықтан оның өлімі, жерленуі бір Доскей емес, үлкен бір қауым елдің есінде ұзақ уақыт сақталуға тиіс. Бұл бір алуан жай. Сондай-ақ, 1803 жылы туған мүтедек /соқыр/ кедей-кемтар,

¹ «Қазақ әдебиеті», 1981, 10 шілде.

² М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры.

³ Сонда, №633 қ., 33-34-бб.

⁴ Орталық Ғылыми кітапхана, №738, 4-дәптер, 1-б.

көмектесер жақын-жуығы жоқ адамның 1884 жылға дейін өмір сүріп, сексеннен асып өлуі сол заман үшін аз өмір емес, одан көп жасап, 90-шы жылдарға дейін келді деу тым әсірелеу тәрізді. Демек, ақынның туған-өлген жылдарын 1803-1884 деп тану қай жағынан да орынды.

Ақынның туған жері, өмір сүрген ортасы, қайтыс болған жері, бейітінің қайда екені туралы да бірауызды түйін-дерек жоқ. Біреулер туып, өскен жері деп Көкшетау облысының Қызылту ауданына қарасты жерді атаса, екінші біреулер Солтүстік Қазақстан облысын атайды. Ә.Марғұлан «Шөже отыз жасқа келгенде Көкшетау аймағынан қоныс аударып, Ақмола жеріне келді», – дейді. Қалай болғанда да, даусыз бір мәселе – ақынның Оңтүстік Қазақстанда туып, өмір сүруі. Оның өлеңдерінде, айтыстарында Ақмола, Кереку, Көкшетау, Қараөткел, Қарқаралы, т.б. аталуы кездейсоқ емес. «Аралап Сарыарқаны өлең қуып жүрдім», – дейді ғой ақынның өзі де. Ол осы үлкен өңірде туған, ұзақ ғұмыр кешкен. Ал ақын бейітінің қайда екені туралы бір ұдай пікір жоғарыда Доскей ақын көрсеткен жерге байланысты болса, екіншісі – Шәймерден Торайғыровтың айтуынша, Желтау сыртындағы Абылай жартас деген жерде⁵. Осы екеуінің қайсысы дұрыстығын айқындайтын дерек әзірге қолда жоқ.

Шөженің тегі, қоғамдық ортасы, өмірі жайлы материалдар да әрқилы. «Қуандық Алтай, Қарпықты араладым, тыңдадым ел жақсысын сараладым», «Сүйіндік туған елдей жақындатқан» деп ақынның өз айтуы («аралауы», «жақындатуы») жай сөз болмаса керек. Оның үстіне ақынның:

Әкем аты – Қаржаубай, Шөже атым,
Алатау ар жағында қырғыз затым.
Анадан туа болған жүйрік едім
Атанған жеті жаста Шөже ақын,⁶–

деуі оның арғы тегі қырғыз екеніне ешбір шүбә туғызбайды. Ақын биографтарының айтуынша, қырғыз-қазақ ұрыстарының бірінде Шөженің арғы аталарының біреуі қазақтар қолына түсіп, сіңіп кетеді. Ақын өзі ес біліп, есейген, ақындық даңқы алысқа жеткен шағында көбіне-көп атаған рулар арасында көп өмірін өткізеді. Шоқанның ақынды «Атығай руының жаңа-қырғыз бөлігінен»⁷ дегенін осы өреде түсіну керек.

⁵ ОҒК, ф., 738, дәп., 5.

⁶ Шөже ақынның әр кезде ел аузынан жазылып алынған өлеңдері бүгінде скі қолжазба қорында (ОҒК және М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты) сақталды, өлең үзінділері осы қорлардан алынды.

⁷ Ч. Валиханов. Сочинения в 5-томах. А., 1-т., 1961, стр., 199.

Шөженің соқырлығы жайында да деректер біркелкі емес. Туа соқыр екен, 7-8 жасында шешектен соқыр болған деген сөз бар. Осының екеуі де ақын өлеңдерінде кездеседі. Бұған таңдануға болмайды. Шөженің өз аузынан мұның біреуі ғана шықса да, өлеңнің ауызша тарап, өмір сүруі, сақталуы нәтижесінде варианттар көбейіп, шындық пен аңыздың арасын ажыратуға мүмкіндік қалдырмайды. Дегенмен, «Жасымнан қорасаннан көзім кетті», – деген сөз шындыққа жақын ба дейміз.

Ақынның әкесі Қаржаубай мейлінше кедей адам болған көрінеді. Кемпірбай мен Шөженің айтысында Кемпірбайдың «Жайықтың әкен Қаржау құлы емес пе, қазының шешен Жамал күні емес пе?» – деуі ақын тегінің жарлылығын жанға тие айту мақсатынан туған. Әкесінің кедейлігі, әлсіздігі Шөженің әркез алдынан шығып отырыпты. Шөже шабытты, алғыр ақын шағында Найманның он үш жасар бір ақын қызынан жеңілдім депті. Қыз ақын сөзінің бастапқы жолын қайталап:

Тағы, тағы дегенде тағы, тағы,
Тағының сыртылдайды тіл мен жағы.
Әкенді бура шайнап, суыр жеген,
Тұрады қай жерінде аруағы, –

дегенде, Шөже жауап қайтара алмапты. Оқиғаның мынадай тарихы бар деседі: Қаржаубай бір ауылға жақындап келе бергенде артынан бір тентек бура қуып жетіп, тістеп лақтырып жібереді, сол кезде Қаржаубайдың қолы бураның өркешіне тиіп, жабысып, айрылмай, эзер дегенде бураға мініп алады. Ашулы бура Қаржаубайды үстінен сілкіп түсіре алмай, жүріп-жүріп ақыры суыр інінің үстіне кеп шөгеді, аунайды, осы кезде құлап түскен Қаржаубай суырдың ініне кіріп, жан сақтамақ болады, мұны білген бура інінің үстінен қозғалмайды, Қаржаубай інінің ішінде жатып кездік пышақпен бураның ішін жарады, сол жерде қозғалмай бура да өледі, оның қан-жынына тұншығып Қаржаубай да өледі. Қыз осыны ақынның бетіне басса керек.

Әуелі шешесінен, көп кешікпей әкесінен ерте айырылған Шөже жастайынан жетімдіктің ащы қасіретін тартады. Осы жас кезінде шешектен көзінің кетуі де сол жетімдік пен жоқшылықтың тікелей әсері болар.

Шөже ақын есейіп, кемеліне келген шағында да жоқшылық пен кедейліктен құтылмайды, бірақ сонда да ақындық өнерімен күн көреді, өз тұсының билікті, білекті Әбілхайыр Ғаббасов, Құсбек, Жамантай, Шоң, Мұса, Секербай, Ерден, т.б. сияқты сұлтан, қазыларын сағалап, солардың маңайынан көп ұзамайды. Оның «Жасымнан жақсыларға болдым жуық» дейтіні де осыған байланысты. Оның бұл өмір салтынан тек Шөже тағдырының

тайғақтығын, тұрлаусыздығын көріп қана қоймай, жалпы Шөже сияқтылардың баршасына ортақ бақытсыздық пен тәуелділікті, өнер атаулының сол заманда бостандық таппай, тығырыққа тірелумен күн кешкен күйзеліс күйін көреміз. Сондай-ақ бұл көріністен бүкіл шығыс, батыс ақындарының көбіне сан ғасыр бойы қыл бұраудай түсіп, қылғындырып, тұншықтырып келген-сарай төңірегінен ұзаса өнері түгіл, өміріне де дұрыс жол таба алмай сандалған қатыгез тұрмыстың дала ақынына «лайық» өзгеше бір нұсқасы көз алдына келгендей болады. Бірақ қандай атақты билеушілерді жағаласа да, Шөже өмір бойы жоқтықтан арылмайды, ел аралап тіршілік етеді.

Балықшы байымайды көлден алған,
Өлеңшіге жұқпайды елден алған.
Ошақтың үш бұтындай болмайды екен
Бет бетімен кетеді желден алған, —

деп ақынның өзі айтқандай, талай «мырзаларды» жұрт көзінше асыра мақтап, мақтанқұмарлық сезімін қоздырып алған нармен қалы кілем бастатқан тоғыздар ақынды байытпайды да, ел аралауын тоқтатпайды да. Ақынның ел аралап, не бір асқан ақындармен кездесіп, өнер сынасуын, сол үшін сый-сияпат дәметуін, кедейшілікке байланысты деп түсінбеу керек. Ақын боп туған, өлеңнен өзге кәсібі де, қызығы да, тірлігі де жоқ Шөже үйде қамалып отыра алмайды, өзіндей өнер иесін, өнерге құмар қалың ортаны, ойын-тойды, көпшілік бас қосқан жиынды іздейді, мұнсыз тұра алмайды. Бұл нағыз өнер иесінің тірлігі және қай заманға да ортақ шындық. Шын мәніндегі өнер иесі қай кезде де, қандай қиындыққа да қарамастан, өзін тындайтын, қадірлейтін қауымға талпынған.

Әрбір ірі ақынның төңірегінде ақиқатпен бірге аңыздың да өріс алатыны белгілі. Сондай аңыздардың бірінде Шөже әншейінде көп сөйлемейтін, сөйлей қалса, тұтығып, кекештеніп қалатын, әсіресе, біреудің сөзі тисе, оған жауап беру орнына, ымдап, босағада сүйеулі домбырасын көрсететін де, домбырасы қолына тиісімен, оны қағып-қағып жіберіп, айқайға басатын, содан соң ғана көкейіндегі жауап сөзі жыр боп төгілетін деседі. Шындық дәл үнемі осы күйде болды деу қиын. Бұл ақынның суырыпсалма өнеріне мейлінше шеберлігі мен тапқырлығына ризашылық пен тандану сезімінен туған әңгіме болуы мүмкін.

Қалай болғанда да, Шөженің төкпе, суырыпсалма ақын ретінде арғы замандардың ақындық ірі дәстүрін біздің дәуірімізге бір ғасырға жуық жақындата түскенінде және сол дәстүрді бәсеңсітпей, солғындатпай, бүкіл сұлу да сырлы қасиетін сақтап, дамыта жеткізгенінде дау жоқ. Ақындықты сирек өнер

деп танып, оған зор үлес қосқан майталман жүйріктердің бірі Кемпірбайдың:

Бағасы жоқ соқырмен айтысам деп,
Жығылдым төрт аяғым көктен келіп, –

деуі кездейсоқ емес. Бұл сөз білген, ақындық өнердің маңызын терең түсініп, қадірлеген адамның берген бағасы, қызғаныштан емес, өнерге, өнер иесіне деген құрметтен туған баға.

Шөже соқырлығына өмір бойы намыстанып, қорланған екен. Осыны айтысқан ақындардың бәрі біліп, оны бетіне басады екен. Бірақ соған қарамастан, Шөжені ақындықпен жеңу көп ақынның қолынан келмесе керек.

Көзіме он жеті ақын түк қылған жоқ,
Білем сен бұған амал таппасыңды-ай, –

деп ақынның өзі айтуы /Кемпірбайға/ сол үлкен таланттың куәсі, көрінісі, шындығы тәрізді. Әйтпесе, Шөжемен айтысқан он жеті ақынның ішінде осалы жоқ бәрі де алқалы топта оза шауып жүзде алған жүйріктер. Олар Шөжені аяп жеңілмеген, амалсыздан жеңілген. Шөже өзінің де, өзгенің де көркем сөз жасаудағы еңбегін дұрыс түсініп жоғары бағалаған.

Қызыл тілге келтірсе бір құдайым,
Жұмаққа да барамыз дәм бұйырса, –

деуіне қарағанда, ақын замандас ақындарының алдыңғы қатарында болған. Ақын шығармашылығын талдау бұған көзімізді жеткізе түседі.

Шөженің көрнекті ақын ретінде танылып, қалың қауымның назарын өзіне аударғанына, сөйтіп шығармаларының қағаз бетіне түсе бастағанына 130 жылдай уақыт болды. Шөжені алғаш тілге тиек еткен Шоқан Уәлиханов. «Соқыр жырау Шөже Атығай руының Жаңа-қырғыз бөлігінен, негізгі тұрағы Әбілхайыр Ғаббасов сұлтанның жанында»⁸, – дейді ғалым.

XIX ғасырдағы көптеген ірі айтыс ақындарының тамаша бір ерекшелігі – көне эпикалық жырларды ауызша орындап, ауызша сақтап, кейінгі ұрпақтарға ауызша жеткізуінде. Шөженің осы саладағы еңбегінің өзі оның атын әдебиетіміз бен мәдениетіміз тарихында мәңгі сақтап, әркез мақтанышпен атауымызға толық мүмкіндік береді. Шоқанның айтуынша, Шөженің жыршылық репертуары мейлінше бай болған. Ол Шығыстан келген діни және махаббат дастандарымен қатар, қазақтың қолтума жырларын

⁸ Сонда, 146-б.

да шебер орындап, кейінгі дәуірге мейлінше толық та көркем дәрежеде жеткізіп отырған. Соның бір дәлелі «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» жырының атақты Шөже нұсқасы⁹. Бұл вариантқа берілген толық талдау мен бағаны М.Әуезов еңбектерінен табамыз.

Ә.Марғұланның айтуынша, Шөже «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» жырын Шоқанның өтінішімен Махмұт Қалиқановқа 1864 жылдың наурыз айында жаздырады. Жырдың соңында Шөженің Шоқанға арнаған мынадай бір ауыз өлеңі бар дейді.

Құдай берді сұлтанды кәміл қылып,
Данышпан, мәртебелі, әділ қылып.
Бұрын жазған жоқ едім дәл осылай
Әділ сұлтан жаздырды сапалы ғып.

Кеңестік жылдарда Шөженің бір айтысы мен бір топ өлеңдерін 1931 жылы «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» кітабында Сәкен Сейфуллин жариялады. Осы хрестоматиядағы кейбір өлеңдер «Ақын жырлары» /1958/, «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» /1962/ кітаптарында жарық көрді. Ақынның Кемпірбаймен, Тезекбаймен, Жамшыбаймен, Балтамен айтысы 1964 жылы «Айтыстың» бірінші томында басылып шықты. Шөженің аса көрнекті айтыс ақыны екендігі М.Әуезов еңбектерінде әркез аталып, жоғары бағаланып келді. Кейінгі жылдарда Ә.Марғұлан, Х.Сүйіншәлиев ақын шығармашылығы туралы мақалалар жариялады.

Айтыс өнері көбіне-көп қазақ поэзиясында өріс алып, дамыды. Тілі, тарихы, тағдыры, әдебиеті, мәдениеті қазақпен туыстас өзге халықтарда айтыс дәл қазақ айтысындай биік өнер дәрежесіне көтеріле алған жоқ деген пікір көптен айтылып келеді. Сөйте тұра, сол айтыстың Қазақ елінде ғана болу, даму сыры неде деген мәселеге әлі күнге жауап тапқанмыз жоқ.

XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының ең бай да күрделі саласы – айтыс. Айтыс осы ғасырда өзінің даму жолындағы шырқау биігіне көтерілді. Тегі, айтыс тек кейінгі дәуірдің ғана нәтижесі болмасқа тиіс. Оның алыс үлгілері бізге жетпеген болар. Айтыс поэзияда суырыпсалма өнермен жетеқабыл туып, бір-бірінің дамуына көп ықпалын тигізген тәрізді. Өйткені, импровизациясыз айтыс жоқ, ал айтыссыз импровизация да аз және оған қажеттілік те шамалы.

XIX ғасыр айтысы бізге осы өнердің бүкіл дәстүрлі нәрлерін өз бойына сақтаған күйінде жетті. Соны, әсіресе, Шөже сияқты ірі айтыс ақындарының мұрасынан айқынырақ көреміз.

Шөже, Жанақ сияқты аса көрнекті айтыс ақындарының сан-алуан эпикалық туындыларды жатқа білген дарынды жыршы

⁹ М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. А., 1959, 272-300 - 66.

болуы кездейсоқ емес. Оның үстіне өз туындыларын ауызша шығарып, ауызша сақтау, бұған қоса айтысқан ақындарының сөздерін түгел есте ұстау, үнемі айтып жүру, т.т. айтыс өнерінің тек сақталуы ғана емес, тууына да орасан көп жәрдемін тигізгенге ұқсайды. Өйткені осынша мол көркем сөз қорын баста, ойда, көкіректе ұстауға қабілеті жеткен адамның айтыс тұсында да сол бай ақындық қазынадан іркілмей, өзіндік сөз жүйесін, ой үйлесімін іріктеуіне де, қиыстыруына да мүмкіндік мол. Осы ұланғайыр өлең дариясына енді күнделікті дағды мен қалыптасқан дәстүрді қоссақ, айтыс өнерінің мүсіні сомдала түседі.

Түптеп келгенде, айтыстың шығу төркінінде өленді ауызша шығарып, ауызша сақтау өнерінің шешуші қызмет атқарғанын баса айту орынды. Оның бергі жағында әрісі Шығыс, берісі қазақ поэзиясына тән ерекшелік – ақын өнерінің шаршы топта сыналып, өзінен бұрын аты шыққан атақты ақынды жеңу арқылы ғана ақын атағына ие болу салтының, дәстүрінің де айтыстың туып, қалыптасуына қосқан үлесі аз болған жоқ.

Шөже 15-16 жасынан бастап, өмірінің соңғы күндеріне дейін айтыс салтынан бір сәт қол үзбеген, айтысқа әркез дайын тұрған, әркез айтысып жүрген ақын. Осыған қарағанда, оның ХІХ ғасырдағы ірі айтыс ақындарымен айтыспағаны, кездеспегені кемде-кем. Бірақ бізге оның бәрі бірдей жеткен жоқ. Дегенмен, қолда барының өзі ақын айтыстарының негізгі сипаттарын танытарлық дәрежеде. Шөженің ел аузында сақталған Тезекбаймен, Нүркеймен, Жамшыбаймен, Қалдыбаймен, Тазбаламен, Байдалымен, Байдалы қыздарымен, Орынбаймен, Данамен, Балтамен, Кемпірбаймен, Шортанбаймен, Баубекпен, Біржанмен, Айсамен, т.б. айтыстары ақын шығармашылығының артық-кем жақтарын толық білдіреді. Қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтар мен теңсіздік ортасында өмір сүрген, кемтар, әлді қауымға тәуелді ақынның жалпы шығармашылығында, оның ішінде айтыстарында қайшылықты ойлар, пікірлер, түсініктер қатқабат кездеседі. «Шөжемен қарсы айтысқан ақындардың және Шөженің өзінің де көп сөздерінде ру таласы, бәсекесі, рушылдық, феодалдық сананың теріс мақтаны да кездесетін мысалдар бар, – деп жазады М.Әуезов осы ретте, – бірақ сондай қоғамдық жағынан қайшылықтары болумен қатар, Шөженің үстем тап өкілдеріне қарсы айтқан қатты сын сөздері де көп болады. Халықтың жадында сақталатын, түрлі әкімдерді масқаралап шенейтін сөздері Шөженің атын, әсіресе, көпшілікке қадірлі еткен»¹⁰.

Шөже айтыстарында бірде қолында билігі бар, әлді қауымды

¹⁰ М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. А., 1959, 340-б.

паналай отырып, оның «мырзалығымен», «әділдігін» мадақтаса, енді бірде дәл сондай ел тізгінін қаталдықпен, байлығымен ұстаған адамдардың сарандығы мен парақорлығын, әлсізге жасаған зорлығы мен қорлығын жұрт алдында әшкерелейді. Шөженің әлеуметтік ортасында, заманында мұнан өзгені күту қиын. Дегенмен, Шөже жеке басының қамын ойлап өнерді кейде лайықсыз адамдарды мақтау құралына айналдырғанымен, тағы да сол сөз өнерін қоғамдық өмірдегі өзі танып-білген кесірлі, кертартпа жайларды жұрт көзінше өлтіре сынау, масқаралау құралы дәрежесіне дейін көтереді. Шөже шығармашылығының салмақты жағы да, біз үшін бағалы жағы да, айтысты шын мәніндегі биік өнер таласына жеткізудегі еңбегі де осында.

Шөженің бізге жеткен айтыстарының ішіндегі ең таңдаулысы— Балтамен айтысы. Мұнда әлеуметтік теңсіздік, парақорлық, рушылдық мәселелері мейлінше өткір қойылып, батыл әшкереленеді. Сондықтан болуы керек, өзге көп айтыстың ішінен Сәкен Сейфуллин осы айтысты /1931 жылы/ жариялады. Айтыстың тарихы мынадай: Қаракесек-Шаншар ішінде Алшынбайдың әкесі Тіленшіге ас беріледі, осы асқа үш жүздің байлары мен билері, әкімдері мен төрелері жиылады. Жеңгеніне бәйге бермек боп Құнанбай ақындарды айтыстырады. Сонда асты ұйымдастырушылардың бірі Жолшора қазы Шөженің сөзін ұнатпай, «бір мақтайды, бір боқтайды, мынаны шығарып жіберу керек» дегенде Шөже:

Жолшора, өзің қазы, әкең Анай,
Параны бұрып беріп, жедің талай.
Алдында жеті тамұқ, сегіз жұмақ,
Қайсысына кіруің екіталай!
Қазылықпен дүниеде жедің пара
Бұл сөзді сен айтасың қалай-қалай, —

деп бастап, Алшынбай, Құнанбай, Балтаны бірінен соң бірін көп алдында сойып салады.

Не жамандық көріп ең Құсбек, Жамангайдан,
Әр қайда бар салуым бір Құдайдан.
Жалғыз соқыр халқыңа тынышсыз болса,
Құтылсаңшы мына отырған Құнанбайдан...

деп Құнанбайды бір сыпырып тастаса, Балтаға: «Сен соқырсың дегенде мен айтамын ұры Балта, ұрлық қылып тұқымың құрыр Балта», — дей келіп:

Ұры, шіркін, қорқама бір Құдайдан,
Кісі өтпес пара жеуге Алшынбайдан.

Ұрлықпен тұқымынды құртқан мұндар,
Күн көрдің Ақпанбай мен Наушабайдан, –

деп Балтаны Алшынбайға қосақтап әшкере етеді, «ұры мен парақордың тілеуі бір», – деп Алшынбай мен Балта арасынан арамзалық ұқсастық тауып, екеуін бір оқпен атады.

Құсбектің төрт атын параға алған,
Алшынбайың не айтар ақыретте, –

деп, Алшынбай парақорлығын «о дүниедегі жауашпен» де ықтыра, қорқыта сөйлейді. Дінге сенген, діндар ақын үшін бұл да оңай дәлел емес еді.

Шөже Құнанбай мен Алшынбайдың елден алдап та, арбап та, тартып та алу арқылы күн көрушілігін бейнелей, мысалдай айтқанда тіпті сүмірейтеді.

Болыпты бір ақсақ таз және соқыр,
Құранды мысық сопы молдаң оқыр.
Болғанда ақсақ дария, соқыр қарға,
Ортасын дарияның қарға шоқыр... –

дейді. Бірақ Шөженің негізгі көркемдік тәсілі – әр нәрсені өзінің атымен атау, ұрыны-ұры, парақорды-парақор, зорлықшыны-зорлықшы деу. Бұл – тек Шөже шығармашылығының ерекшелігі емес, Шөжемен тұстас, замандас көп ақынға, тұтас әдебиетімізге тән ерекшелік.

Ауыз әдебиетінің мол көркемдік арсеналынан шыққан Шөже сияқты ақындар парақорлықты не басқа залалды құбылыстарды тікелей бірауыз сөзбен атын атап қана әшкерелегені болмаса, өзге, дәлірек айтқанда, жазба әдебиетке тән сан алуан тәсілдерді қолданып көрген жоқ. Мысалы, кейінгі дәуір әдебиетін алсақ, сол Алшынбай, Құнанбайдың қаталдық істері сан алуан түрлі айла-әрекеттер, көптеген адамдармен қатынастары арқылы ашылғанын білеміз. Шөже тәрізді ақындар мұндай көркемдік әдіс-тәсілдерден алыс жатты. Бірақ олардың бір-бір ауыз сөзбен айтқан мірдің оғындай айыптаулары, әшкерелеулері сол кейінгі жолға келудегі батыл іздену, ұнамсыз бейне жасаудағы үлкен қадам еді. Қай әдебиет болмасын, жинақтаушы, типтік, автор ойынан туатын кесек бейнелерге көркем сөздің кемелденген шағында жетті. Ал оған дейінгі ізденулер тарихи, нақты адамдарды мақтау не сынау, таныстыру не жоқтау төңірегінде жүріп жатты. Сол ізденулердің бай тәжірибесі негізінде «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың» тәрізді бүкіл қоғамдық

шындықты жеке адамдардың бойына сіңірген ірі әлеуметтік туындылар әдебиетімізге қосылды.

Шөженің айтыстағы тәсілдері сан алуан. Айтыс өнерінің бүкіл сырын жете меңгерген кәнігі жүйрік қай ақынға қай жағынан келуді күні бұрын ойлап, пішіп қояды, қарсы ақынның не өз басының, не ру қауымының көп алдында абырой әпермес әлсіз жақтарын көкейіне құя, көкірегіне сақтай жүреді. Сөйтіп, табан астында, жұрт көзінше бұлтартпас сөзбен жауап қатып, сүріндіріп кетеді. Он жеті ірі ақынды ол осылайша жеңеді. Шөже Кемпірбаймен айтысында, ақындығы мен адамдығынан мін таба алмаған ол Кемпірбайды құран сөздерінің мағынасын сұрап мүдіртеді де, соны білмегенін бетіне басып жеңіп кетеді.

Кемпірбай жай жүр десем, жай жүрмейсің,
Сөзіме менің айтқан еш көнбейсің,
Бір ауыз айтқан сөзге жауап таппай,
Дегенде айтпап па едім сен жеңбейсің.

Жеңілгенін Кемпірбай да мойындайды. Ақынның «Талай тарлан ақынды ел мақтаған, Жеңгенмен шаршы топта сөзбен буып», – деуінде үлкен шындық бар.

Шөженің айтыстағы шешендігін, өткірлігін, тапқырлығын жеке адамдарға арнаған толғау, өлеңдерінен де көреміз. Мақтауы мен сынауы аралас келетін бұл шығармалардың да көркемдік мәні мен шыншыл сипаттары көбінесе сыни сипатынан көрінеді.

Тегінде, Абайға дейінгі қазақ ақындарының, оның ішінде айтыс ақындарының шығармашылығына тән бір ерекшелік (мұның өзі біздің поэзиямыздың ұлттық табиғатынан туып, оның өзіндік сипатын да білдірсе керек) – қоғамдық болмысты, өмірді, шындықты, көбіне-көп жеке адамдардың мінез-құлқы, әрекеті, өзгеге қатысы арқылы көру, суреттеу, мұның өзі басты көркемдік тәсіл болғанын атау қажет. Шөже сияқты ірі ақын творчествосы осындай шындықты баса көрсетуімізге мүмкіндік береді.

Шөженің, әсіресе, Ноғайбайға, Дәуекенге, қырғыз Бәйтiкке арнаған өлеңдері ақынның жеке бір адамдарды мінез-құлқы, адамдығы тұрғысынан (мақтау не сынау ыңғайында) суреттеу арқылы өмірді бейнелеу талабын ашық танытады. Ақын өзінің адамдық, ақындық міндетін осы арада түсінеді, поэзияны сол жолдағы құрал ретінде пайдаланады. Дәуекен бір түйе, сегіз жылқы сыйлағанда ренжіген Шөже былай дейді:

Ай қасында туады шолпан жұлдыз,
Айдын көлде түнде ойнар кәмшат құндыз.
Сыйлайды деп Арқадан келіп едім,
Ренжіп қайтар болды соқыр қырғыз.

Ай, Дәке, осы ма еді бергеніңіз,
 Ақынды осы ма еді көргеніңіз.
 Дәукемнің бергенінен ұялғаннан
 Бәрінен артық боп тұр өлгеніміз...

Ноғайбайға арнаған өлеңінде, «Ноғайбай, ақ болатсың тас кескендей, жанымай сілтегенде бас кескендей», «Ноғайбай артық туған аруағың, тең құрбыңнан ілгері тіл мен жағың», – деп оны жер-көкке сыйғызбай мақтап келіп, «Отқа жуық, жалынға жақын дейді, Ноғайжан, бұл мінезің енді таста», – деп, тағы да сабырлыққа, төзімділікке шақырады, ақыл айту арқылы түзеуді көздейді. Шәже типтес ақындардың адамгершілік туралы тұжырымы көбінесе осындай ғақлиялық тұрғыда көрінеді. Бұл да ақын шығармашылығының көркемдік ерекшеліктерінің бірінен саналса керек.

Шәже Қаржаубайұлы жалаң мақтаумен тынбайды, оның ең басты қасиетін тап басып, дәл көрсету арқылы ондырмай сынайды да, «Сені жемқор дейді ғой елдің бәрі, жегенмен бұл халықты тауыспайсын», – деу арқылы ақын Ноғайбайдың негізгі өмір салтын көрсетіп, жұртты қанау арқылы тіршілік ету харекетін ашады. Сөйтіп, ақынның бүкіл мақтауы бір төбе де, жалғыз ауыз болса да, даттауы бір төбе. Аз болғанымен, салмақ осы жағында. Өйткені, бұл шындық сөз, бір Ноғайбай емес, ел билеп отырған әлденеше ноғайбайлардың негізгі тұрмыс шындығы, қоғамдық, әлеуметтік бетін, орнын айқындайтын шындық. Бәйтік батырды да ақын аз мақтамайды, «Патшаға Петерборда іздеп бардың, Алтын медаль, шар айна, белдік алдың» деп оның патша алдындағы қызметін біраз әсірелей отырып, сынауға келгенде «Айраншы шешен күң деп естуші едім, Түпсіз құл емес пе едің бауырың тақыр», – деп қазақ-қырғыздың ескі ұғымындағы жамандаудың ең ауыры – ата-текті балағаттау түрін қолдану арқылы жер-жебіріне жетеді, орнынан тұрмастай, жұрт бетіне қарамастай етеді.

Шығармашылығында дүниетанымында үлкенді-кішілі қайшылықтары орасан мол Шәже билік өкілдерін сынау арқылы түзеуге, сараңдығын айту арқылы мырзалықты үйретуге, қаталдығын жазғыру арқылы адамгершілікке, әділдікке, ізгілікке шақырады. Қоғамдағы бар залалды билік иелерінің әрекеттерімен байланыстырады, жауыздық пен озбырлықтың негізгі көзі деп біледі, сондықтан да оларды сынауға келгенде ащы тілін аяп қалмайды.

Осы ретте Шәженің әркез оралып соғып, менмендігі мен парақорлығын әрдайым аша түскен тұрақты кейіпкері – Алшынбай. Алшынбай аулына шекаралық комиссияның адамдары келіп тексеру жүргізіп жатқан кезде (Марғұланның айтуынша, бұл

1849 жыл), Шөже Алшынбайдың: «Соқырды үйге кіргізбей, әкет!» – деген сөзіне ренжіп:

Тіленшінің баласы Алшынбай таз,
Мал мен бағың болмаса, ақылың аз.
Екі сөздің бірінде соқыр дейсің
Қасиетің бар болса басыңды жаз, –

дейді (Марғұланда бұл шумақ біраз өзгешелеу). Шөже тек Алшынбай, Құнанбай ғана емес, өзге билеушілердің де өзі білген міндерін батыл бетіне басудан тайынбаған. Солардың бірі – Шорманның Мұсасы, Секербай қазы Өлеңті өзенінің жағасындағы қорықты жайлап отырғанда Шөже келіп, Секербайды мақтай отырып.

Арғы атаң Төлебайға қыдыр жолдас,
Бігіпті Едігеге мал менен бас.
Мұсаға айтқанменен не береді,
Асықтың Қаржауынан келген Қаржас, –

депті. Сонда Секербай осыны ертең Мұсаның үйіне барғанда, көзінше айта алмайсың ғой дегенде, Шөже: «Иншалла, осы сөзімді айтамын-ақ, Алдымда екі Мұса тұрса дағы», – депті. Шынында, ертеңіне Мұсаның үйіне барғанда, өзінің Мұсаға арнаған атақты өлеңін айтыпты. Сын мен шындыққа толы осы өлеңде Мұсаны мақтаудан гөрі жазғыру, кінәлау, кесірлі мінездерін тізбелей айту басым.

Мен келдім сәлем бере Мұса мырза
Көргенде ақ жүзінді көңілім риза.
Шөже келсе басыңды көтермейсің,
Біз келген кісі жейтін қасқырмыз ба?
...Өзің патша болсаң да, Мұса мырза,
Шынын айтсам, атыңа көңілім толмас, -

дейді Шөже. Ақын тек Мұса емес, оның әкесіндей Шоңның алдында да тілін тартпаған. Бірде Тоқаның байлары Шоң, Әлсен, Асқар үстеріне келе қалған Шөжені келекелеп: «Үшеуімізге жамандап үш ауыздан тоғыз ауыз өлең шығаршы, ол үшін біз сені жазғырмай, сыйлап қайтарайық», – депті дейді. Әлсен менмен, мансапқор, Асқар семіздіктен бойын көтере алмастай жуан, ал Шоң патшашыл ұлық екен. Осыны білген Шөже «Өлең удан уытты, оттан ыстық болушы еді, үшеуінді тоғыз ауыз өлең етсем, бүкіл Тоқа күйіп кетер, бір-ақ аузын айтайын», – депті де:

Содырлы Әлсенді мылтықпен атар ма еді,
Асқарды шошқадай сойып жатар ма еді.
Арбаға шоқынды Шонды байлап тастап,
Қойнына Айымның Шөже жатар ма еді, –

дегенде Шоң сасқанынан: «Апырмай, мына соқыр біздің Айымгүлдің сұлу екенін қалай көріп қойған», – деп жағасын ұстапты дейді.

Біреуді сынап-мінеуге келгенде Шөже ешкімнен де именбеген. Аға сұлтан Ыбырай Шөжеге: «Құдай беріп тұрғанда әркім мақтайды, менің мінімді айтшы», – депті.

Қошқарбайдың құлы едің қайқы төстек,
Қолағаштай мұрының мұндар естек, –

дегенде, Ыбырай шыдай алмай жөтеліп жіберіпті. Әрі қарай ақын:

Құл болсаң да құдайға жаққан құлсың,
Бас-басыңа айдадың мың-мың мәстек, –

дегенде Ыбырай: «Мақтағаныңа бір ат, жамандағаныңа бір ат», – депті.

Шөже Шаңдыбас сияқты небір тас сараң байларды, Ерден тәрізді тәкаппар, менмен билік иелерін жібітіп, «мырза» дәрежесіне жеткізгенде олардың адамгершілігіне қозғау салмайды, сөзбен таптап жеңеді. Ел ішінде, жұрт алдында масқаралайды. Сондықтан да олар Шөжеден «аман» құтылудың жолын іздейді, сұрағанын береді. Бірақ, ақын сөзін құрметтеп, елге жаяр бұқара оны іліп әкеліп, көпке таратады, сақтайды.

Шөже тек қазақтың байлары мен билері не бектері ғана емес, патша жендеттерінің де озбырлық істерін көре білген. Оларға өзіндік ренішін білдіріп отырған.

Жандарал ақырады «пошел-кет» деп,
Сөзінді болысыңа тапсырғам деп.
Білмеген заң-зақұнды қазақ сорлы,
Қақтадан шыға алмайды төңіректен, –

дейді ақын қазақтардың дау-жанжалын қараған әкімшілік шенеуніктері туралы. Болыспен өзара ауыз жаласқан әкімнің жалтарма, жылытыр сөзі мен қылығын ақын көре де, көрсете де біледі.

Шөже айтыс ақыны боп үнемі жеке бір рулардың атынан сөйлемейді. Сондай-ақ белгілі бір руларға да үнемі қарсылық көрсете бермейді. Шөженің тұсында, онымен замандас біраз

ақындардың жеке ру ақыны деңгейінен ұзай алмағанын білеміз. Рас, Шөжеде де сөз ыңғайы келгенде кей руды сынай өту дағдысы жоқ емес. Күшік аталатын елге кез келіп, қонақасысыз аттанғанда:

Бұдан бұрын бірнеше кеткем түсіп,
Көңілдегі сөзді айтпай ішім пысып.
Сонда үйшікте шәуілдеп жатушы еді,
Көтермейтін бауырын негкен күшік, –

депті ақын. Бірақ мұндай жеке сөздер Шөже шығармашылығының негізгі сипатын білдірмейді. Керісінше, ақын бірнеше қауым елдің татулығын, бірлігін, көп жырлайды.

Шөжеге барлық қазақ бірдей еді,
Шалқыған ортасында күндей еді.
Қарауыл, Шабар-Шаншар екі құтым,
Сақтаулы әбдіремде сүрдей еді, –

деген Шөже тек жеке рулар ғана емес, қатар, көршілес отырған ұлттардың да тату болуын тілейді, бір-бірін дұрыс түсіне білгенін қалайды.

Қапым бар деп келдің ғой Орынбайым,
Қашан болсын айтарлық сөзім дайын.
Қырғыз, қазақ, өзбекте алалық жоқ,
Бәрін бірдей жаратқан бір Құдайым.

Шөженің жеке адамдар мен өмірдегі құбылыстарға байланысты табан аузында айтқан тапқыр да өткір сөздері оның талай айтыста жырынды болған тәжірибелі шебер ақын екендігін білдіреді. Шөженің елді аузына қаратқан ірі ақын екенін шындықты бетке айтуға келгенде ешкімнен де именбегенін, бұл жолда қандай пәлеге ұшыраса да көнгенін, көтергенін (Алшынбайды таз дегенде, ақынды сабатқаны, т.т.) бүгінде біз оның ел аузында сақталған сөздері арқылы білсек, кезінде көптеген танымал ақындар өз көздерімен көріп, жоғары бағалаған. Ақын қауымы өзінің әріптесін асыра бағалауға сараң болса да, Кеншімбай, Орынбай сияқты аты әйгілі ақындар Шөжені өздерінен артық санаған. Орынбайдың бәйбішесі Бибатпа, балалары Омар, Оспан арқылы жеткен сөздерге қарағанда, Орынбай Шөжені үнемі алға ұстай, құрметтей сөйлейді екен. «Ақындыққа одан асқан шебер, шешен көрмедім», – деп, өзінің әр кез Шөжеден жеңілгенін айтып отыратын көрінеді.

Ақын өз сөзінің өткірлігі мен нәрлілігін, шыншылдығын өлеңдерінде де атап өтеді. Ел билеуші әкімдердің қулық-сұмдығын, парақор, бәлеқорлығын суреттеуге келгенде аз олжаға іркіліп

қалмай, шындықты айтқанда, ақын өз шығармашылығының ерекше белгісі ретінде атайды.

Өлеңімді үш жүзге тыңдатқанмын,
Жағынбаймын, қашан да шынды айтқанмын.
Ылтипатқа алмаған талайларды
Жездей қақтап, өлеңмен тыңдатқанмын.

деген ақын өз өнерінің бағасы мен бағытын орынды көрсетеді. Тағы бірде ақын осы ойын жалғастырып:

Өлең айтсам кетемін желдей есіп,
Ерегісте кетеді жыным түсіп.
Шолақ намыс, шырғ мінез, сырт етпені
Шөкең сөзбен сүйретер мұрнын тесіп, –

деп айқындай, нақтылай түседі. Адам мінезіндегі кемшіліктерді түзеу арқылы қоғамдық өмір қайшылықтарын түсінуге тырысу Шөжемен тұстас көп ақынға ортақ міндет деп танысақ, осы негізгі мақсатына ақынның әркез адал болуды көздегенін, өзінің ақындық өнерін негізінен осы жолға арнағанын көреміз.

Қуандық, Алтай, Қарпықты араладым,
Таңдадым ел жақсысын, сараладым.
Кімнің міні болса да бетіне айтып,
Ат пен ас, ажарына қарамадым, –

деп ақын өз шығармашылығына қорытынды жасағандай болады. Мұнда ол өзінің кемшілігін де, артықшылығын да жасырып жатпайды. Жақсыларды саралауын, сағалауын кемшілік деп түсінбейді, бірақ біз үшін оның бағалылығы – шындықты білдіруінде. Осы ерекшелігін ақын әркез орынды мақтан тұтады, өз ақындығының негізгі міндеті ретінде ұстанады.

Шөже ақын қоғамдық, әлеуметтік өмір қайшылықтарын жете түсінбесе де, олардың себеп-салдарларын танып-білуге мүмкіндігі болмаса да, шығармашылығы мен дүниеге көзқарасында көптеген қайшылықтар бола тұрса да, өзі әділ деп, шындық деп, адалдық, адамдық деп таныған жайларға өлеңінің төрінен орын берді. Сөйтіп, ол поэзиямызда өз түсінігіндегі адамгершілік идеяларын көтеріп, шындықты батыл көрсету арқылы оның реалистік мазмұнын молайта түсуге едәуір үлес қосты.

«Мен соқыр қызыл тілден өрім өрген» деген Шөже сөзінде өзін асыра мақтау көрінбейді. Шөже – өзіне дейінгі поэзияның озық дәстүрлерін шебер меңгерген ақын. Суырыпсалмалық өнердің майталманы Шөже қандай қиын жағдайда да, өзінің тағдыры

мен абыройы таразыға түскен жайда да қысылып қымтырылмай, ұрымтал сөз, ұтқыр ой жүйесін табу арқылы айтысқанын жеңеді, өлең арнағанын ондырмай мұқатады, кімді болса да аяғына жығады.

Шөже аз сөзбен алғыр ой айтуға шебер. Бұл ой көбіне не сынау, не мадақтау түрінде көрінеді. Әсіресе ақынның сынға арналған шумақтары зілді, өткір келеді. Шағын сөзбен әдемі көрініс беру, («Айдын көлде түнде ойнар кәмшат, құндыз»), сұлу портрет («Алғаның айдай жүз, алтын қабақ, сүйгенің түн болғанда ақша тамақ»), ұтымды, қимыл-әрекет жасау – Шөже шығармашылығына тән жайлар. Ақын көбіне 11 буынды өленді пайдаланады. Мұның айтыста көп ұтымды жағы болуы мүмкін (әрбір шумақ арасындағы пауза ақынның ой түюіне мүмкіндік береді, қайым өлеңдегі сияқты бастапқы 2 дайын жолды пайдалануына болады, т.т.). Бірақ 7-8 буынды жыр ұйқасты өлең де Шөже ақындығына жат емес.

Көрмеген бағың қалмады,
Жайдың атқан тасындай.
Ергескен дұспанның
Еңсесін үздің жасылдай.
Келбеті келген сұңқарсын,
Болатғы кескен асылдай.
Арқадан келген Шөженің
Айтар сөзі осындай., –

деп келетін жыр жолдары ақынның бұл ұйқасты да еркін меңгергендігінің куәсі іспетті.

Шөже көрнекті ақындығына қоса, танымал әнші де болған. Оның біздің дәуірімізге жеткен бірқатар әндері ақынның суырыпсалма ақындықпен қатар ән шығару өнерімен де аз машықтанбағанын білдіреді. А.В.Затаевич 1931 жылы жарық көрген «Қазақтың 500 әні мен күйі» кітабында Шөженің 4 әнін жариялады. Мұны Мұқатай Ержанов, Қаныш Сәтбаев, Хасен Табиннің айтуы бойынша жазып алып, нотаға түсірген. Мамандардың айтуынша, Шөженің әндері әлі толық жиналып болмаса керек.

Қорыта айтқанда, Шөже Қаржаубайұлы – ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясының аса ірі тұлғаларының бірі. Ол Абайға дейінгі поэзияның қоғамдық өмірге батыл араласып, сыншылдық мазмұнының молая түсуіне едәуір еңбек сіңірді. Шөже шығармашылығы алдағы уақытта жеке зерттеуге тұрарлық үлкен де күрделі мұра.

ОРЫНБАЙ БЕРТАҒЫҰЛЫ (1813–1891)

Жыраулар дәстүрі мен Абай негізін қалаған жаңа жазба әдебиетінің арасын жалғаған, сабақтастырған, рухани алтын көпірі бола білген қазақ ақындарының ішінде әдебиет тарихында өз орны бар ірі тұлғалардың бірегейі ақын-импровизатор, әңгімеші-жыршы, композитор – Орынбай Бертағыұлы.

Бірқатар жазба еңбектердегі¹ мағлұматтар бойынша Орынбай ақынның туып-өскен атамекені Көкшетау жеріндегі Айыртау ауданындағы Ақбас көлі мен Сарыөзеннің бойы. Ел аузындағы әңгімелер бойынша, жас кезінде атақты Шал ақыннан бата алған, өлең қонған арқалы ақын. Шал ақын: «Атығай-Қарауылдың ақырғы ақыны» деп бағаласа керек. «Орынбай – ақындардың төресі, Шөже – үйі, Арыстанбай – биі» деген қанатты сөз бар².

Орынбайдың ақындық өнерін Ш.Уәлиханов, Т.Дауылбаев, В.Радлов, Ы.Алтынсарин, Я.Лютш, Г.Потанин, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, т.б. жоғары бағалап, насихаттап отырған.

Орынбай ақынның туған жылы туралы деректер әлі де көмескілеу. Әр жылдардағы зерттеулерде ақынның өмірдерегі туралы пікірлер әртүрлі.

Орынбай Бертағыұлының нақты туған жылын атауда негізінде екі нұсқа жиірек қолданылып жүр. «Қазақ Совет Энциклопедиясы»³, «Бес ғасыр жырлайды»⁴, «Асыл сөз»⁵ жинақтарында ақын 1813 жылы туған делінсе, екінші бір нұсқа –

¹Е.Ысмайылов. Әдебиет жайлы ойлар. – А., 1968; Б.Адамбаев. Алтын сандық. 1989, 129-137-бб.

² Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. №15-бума, 1-дәптер; С.Негимовтың жеке архивтік материалдарынан.

³ Қазақ Совет Энциклопедиясы. 8-т., А., 1976, 584-б.

⁴ Бес ғасыр жырлайды. 1-т., А., 1989. 259-б.

⁵ Асыл сөз. А., 1987.

1816 жыл деп поляк саяхатшысы Адольф Янушкевичтің «Қазақ даласына жасаған саяхатының күнделіктері мен хаттары»⁶ кітабында 1846 жылдың 12 маусымында ақын Г.Зелинскийге жазған хаты бойынша берілген. А.Янушкевич осы хатында былай деп жазады: «Бізде өлеңші Орынбай болды. Мен оның неше жаста екенін, неше жасынан бері өлең айта бастағанын сұрадым. «Отыз жастамын, он жасымнан өлең айтамын» деп жауап берді», – деп келтіреді. Бұдан басқа ақын 1818 жылы туып, 1897 жылы дүниеден озған деген дерек те бар. Көкшетаулық ақын, жазушы Жұмабай Есекеев «Орынбай Бертағыұлы ұрпақтан-ұрпаққа ауысқан деректер бойынша 1814 жылы Қарауыл-Көлдей ішінде дүниеге келді»⁷ деп өз пікірін қосады. Орынбай ақын туралы жазылған қолда бар барлық деректерді сараптай келіп, ақын 1816 жылы туған деген А.Янушкевичтің хатындағы дерекке тоқтаған дәлелді болатын сияқты. Біріншіден, саяхатшының Орынбаймен жүздескен уақыты 1846 жыл. Бұл тарихи күнделікте жазылған бұлтартпас деректі жоққа шығаруға лаж жоқ, екіншіден, А.Янушкевичтің өзі Орынбаймен бетпе-бет дидагласып, онымен әңгімелескені, нақты жасын сұрағаны туралы мәлімет жазып қалдырған.

Орынбай Бертағыұлының өміріндегі келесі бір күмәнді тұсы – оның ата-тегінің әр жинақта әртүрлі аталуы. Мәселен, М.Ысқақовтың зерттеу мақаласында⁸, Х.Сүйіншәлиевтің «ХІХ ғасыр әдебиеті» монографиясында⁹, 1904 жылы шыққан «Айтыс» жинағында¹⁰ және айтыс туралы бірнеше жинақ, монографияларда Орынбайдың тегі «Орынбай Кертағыұлы» деп жазылып келді.

Шындығында, Орынбайдың тегі Бертағы болуы керек. 1939 жылы Қазақстанның солтүстік аймағына, Омбымен шекаралас елді-мекендеріне арнайы ұйымдастырылған экспедицияға қатысушы Дүйсенбек Еркінбековтың Орынбайдың өмірбаяны туралы латын әліпбиімен жазылған Қазақстан Республикасы Орталық Ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорында сақтаулы қолжазба нұсқасы бар. Осы қолжазбада: «Байғожа

⁶ А. Янушкевич. «Күнделіктері мен хаттары». А., 1979, 109-б.

⁷ ЭЭИ-ның архиві, 7-материал, «Шернияз», 1-б.

Ескерту: Бұл қолжазбада Шернияздың жаңа өлеңдерінен басқа екі түрлі құнды мәлімет бар. Бірі ақынның ата-тегі туралы мәлімет, екіншісі Шернияздың тапқырлыққа құрылған әр жағдайда айтқан қысқа, күлдіргі өлеңдері (автор). Есекеев Ж. Айыртау арыстары. Көкшетау, 2000, 23-б.

⁸ М. Ысқақов. Орынбай ақын. «Жұлдыз», 1978, №5.

⁹ Х. Сүйіншәлиев. ХІХ ғасыр әдебиеті, А., 1992 ж.

¹⁰ Айтыс. 2 т., А., 1964 ж.

Бертағы ақынның баласы. Орынбай Байғожаның ұлы. Бертағының тәрбиесінде болады. Олар жасынан баланың ыңғайына қарата өлеңге, әнге, әңгімеге үйір етіп тәрбиелей бастайды... Орынбайдың дауысы зор болған»¹¹ – деген тарихи-әдеби деректер бар. «Қазақ Совет Энциклопедиясының» жоғарыда аталған өмірбаяндық мақаласындағы деректер де осыған сәйкес келеді. Сонымен қатар ақын кезінде өз ата-тегінің шежіресін өлеңмен айтып жырлап та кеткен. Орынбай ұрпақтарының ішінде оның шығармаларының 20-30 жылдарда аман сақталуына үлкен еңбек еткен Молдахмет Ержановтың бірнеше дәптері болған. Соның бірі қызы Зияшпа (шын аты – Зиянша) сақтаулы. «Сөз қуып, сөз қадірін білушілерге осы тарихи жинақтарымды пайдаланатын адамдарға қалдырдым» деген сөзбен басталатын дәптерде Орынбайға байланысты жаңа деректер бар. Негізінде, Молдахмет бірнеше дәптерін балаларына қалдырып кеткенге ұқсайды. Ал Молдахмет Ержановтың өзі кезінде С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, Ә.Марғұлан, Б.Адамбаевпен жиі кездескен, көзі ашық, көкірегі ояу, саналы ақсақал болған. Орынбай атасының бүгінде жинақтарда басылып жүрген белгілі өлеңдері мен айтыстарын кезінде Ғылым Академиясына өз қолымен тапсырған.

Міне, осы Молдахмет Ержанов 1927 жылы үйленіп, оның отау болған тойына құтты болсын айта келген атақты жезтаңдай әнші Үкілі Ыбырайдың:

Мініпсің топтан тандап ақтангер ат,
Ақ орда көгеріпсің алтын қанат.
Келінді және алыпсың жақсы тандап,
Болғайсың бірін манап, бірін жанат.

Жаралған Абылайдан Уәлі, Шыңғыс,
Дүниеде мал мен бағы болған тегіс.
Сендерді де құдайым қосқан екен
Гүліндей алтын, жібек болып нақыш.
Жер жарып Бертағы ақын Орынбай содан туған,
«Аруақ орны жай болмайды деген сөз бар»,
Жарайсың қатарыңнан асып шыққан¹² –

деген арнау өлеңінде арғы аталарының бірін – Бертағы деп айтып, оны дәріптеп өтеді. Сонымен қатар, М.Ержанов атасы Орынбайдың өлеңмен өрген шежіресі негізінде өз ата-тегінің

¹¹ Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасы. Сирек қолжазбалар қоры. № 472-бума, 3-дәптер.

¹² М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. М.Ержанов тапсырған ауыз әдебиеті үлгілері. №633-бума, 3-дәптер.

шежіресін аталған дәптерге жазып қалдырған. Қарауылдың бір тармағы болып келетін Көлдейден таратып, Бертағы – Байғожадан Орынбай туғандығын жазады. Ал, жоғарыда аталған Зияш Молдахметқызы «Кертағы деген ат үрім-бұтағымызда болмаған, ал «Бертағы» деген ат аталарымыздың тәңірден қалап «тағы бер, бер тағы» деген тілегінен туған» дейді.

Бұл тұжырымды пікірді М.Ғұмарова: «оның фамилиясы Кертағыұлы емес, Бертағыұлы екені белгілі болды»¹³ – деп ғылыми тұрғыдан бекіте түседі. Ал, «ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары»¹⁴ кітабында оны Орынбай Байғожаұлы деп көрсеткен. Шын мәнісінде Байғожа туған әкесі де, Бертағыұлы атасы.

Орынбай Бертағыұлының алғаш дүниеге көзін ашып, кіндік қаны тамған жері – қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданының Сырымбет тауының маңы, нақтылап айтсақ, бүгінгі Егіндіағаш ауылының қасындағы Орынбай көлінің жаны. Бұл пікірді Ж.Есекеевтың «Ақынның туған жері – осы күнгі Көкшетау өңіріндегі Айыртау ауданының Дәуқара және Егіндіағаш ауылдарының жері. Егіндіағаштан төрт-бес шақырымдай жердегі Орынбай және Қабақ көлдерінің бергі орманды барқынында Орынбай ұрпақтарының жұрты жатыр»¹⁵ деген сөзімен ширата түсуге болады. Ақын 9-10 жасқа келгенше тілі шолжың, сөзге онша үйірлігі жоқ, бұйығылау болған. Бірде қой бағып жүріп далада ұйықтап кетеді де түс көреді. Түсінде Қызыр ата аян беріп: «Шырағым, неге жасып, мұңданасың, тұр, өзін өлең аласың ба, көнек аласың ба?» дейді. Содан Орынбайға ерекше тіл бітіп, ақындығы ояна бастайды. Мұны ақынның:

Ақбаскөл қаз бен қыран ұшқан көлім,
Үш қарағаш, Сарыөзек өсім шөбің,
Көкпенің Сырымбет тау қиысында,
Дүниеге көз ашып туған жерім.

Тоғыз жаста өлеңші ата келді маған,
«Бағың болып даримын деді саған».
«Әмин» деп қолым жайып тұра келдім,
Осылайша көрінді Қызыр бабам.

Аузымды апсам дснемнен өлең қайнап,
Айтуға шамам келмей тарттым азап,
Үш жүздің баласы бас қосқанда
Бақ алдым өлшеуі жоқ тәңірім қалап.

¹³ Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. ХҮ-ХІХ ғ.ғ. ақындар шығармалары. 4-т., А., 1985, 9-б.

¹⁴ ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары. А., 1988, 88-89-бб.

¹⁵ Ж.Есекеев. Айыртау арыстары. Көкшетау, 2000; 23-б.

Ризық-бағы адамның болса бірге,
Ол кетпейді барсаң да қара жерге.
Өткен адам артында тарих қалса,
Сол болады сөнбейтін шамшырағы.

Дарымай адамға дәулет, бақыт қонбас,
Көшпелі бақыт, дәулет, сірә, тұрмас.
Қонарда ризық, бақыт бірге келсе,
Көрсен де қанша мекнат ештеңе етпес¹⁶, –

деген өлеңінен көруге болады.

Орынбай Бертағыұлы бозбала кезінде Қызылжар медресесінде дәріс алған. Жас кезінен ақындық айшықты өнер жолына түскен Орынбай Бертағыұлы шығармашылықтың шырқау биігінде самғаған. Ақынның бар ғұмыры өнегелі өнердің туын желбіретуге арналып, ұлттық поэзия тарихындағы жарқын тұлғалардың алдыңғы шоғырында көрініп, мол мұра қалдырған. Ақынның зайыбы Бибатпа екеуінің Омар, Оспан, Құсайын, Хасен атты төрт ұлы болған. Ел арасындағы әңгімелерге қарағанда, бәрі де молла болып, дін жолын ұстанған. Омар, Қасен, Құсайынды Орынбай кезінде Қызылжардағы өзі оқыған медресеге берген екен.

Ақынның ұрпақтары да отыз жетінің қаралы қуғын-сүргініне ұшыраған. Тіпті соғыстан кейінгі кезеңдерде де ақын ұрпақтарына біраз уақыт қысым жасалынып, шеттетіліп отырған. Сондықтан болар, кеңес қоғамының сүрқия саясатына деген қорқыныш, үрей жүректерінде қалған ақын ұрпақтары Орынбай мұраларын тек дәптерлерге жазып, қолдан-қолға мұқият сақтықпен табыс етіп бүгінге жеткізген. Олардың ішінде Молдахмет Ержановтың ықтияттылығымен біраз мұрасы сақталды¹⁷.

Орынбай Бертағыұлы – өз өмірінде қазақ даласын ғана өнерімен сусындатпай, шет аймақтарда да жиі болған, Омбы, Қазан, Уфа, Ташкент, Бұхара қалаларында, Қырғызстанда болып, ел жадында өзінің өнерімен есте қалған дарын иесі.

Орынбай Бертағыұлының ақындық қабілеті мен шеберлігі айтыстарымен қатар оның өлеңдері мен толғауларынан көрініс табады. Ақын шығармашылығының осы бағыттағы мұраларының ішінен философиялық толғауларының орны ерекше. Ақын өз заманына сай білімді, зерделі болғандықтан, ислам философиясын, оның тарихын жақсы меңгергендіктен толғауларының дені адами дүниетанымның, болмыс тіршілігінің қыр-сырын ашуға, адам мен

¹⁶ Орталық ғылыми кітапхана. Сирек қолжазбалар қоры. №272, 265, 308, 338, 472, 490, 738, 780, 801-бумалар.

¹⁷ М.О.Әуезов атындағы Әдсбиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. М.Ержанов тапсырған ауыз әдебиеті үлгілері. №633-бума.

діннің байланысын сипаттауға арналған. Ақын толғауларының ішіндегі көлемдісі «Адамның жаратылуы туралы», «Қырық парыз», «Бұл дәурен тұрар ма екен сіздерге ұдай», «Бәри ахунға», «Жүз жұлдыз» шығармалары мазмұны жағынан күрделі туындылар қатарына жатады.

«Адамның жаратылуы туралы» толғауы (1966 жылы Молдахмет Ержанов тапсырған) М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы. Толғау ақынның жетпіс жасында, яғни 1886 жылдары Қызылжарда шығарылған. Шамасы сол кездегі қала мешітінің имамдары Уәли хазірет, Бәри ахундардың алдында жырланған сияқты. 176 жолдан тұратын өленде ақын ислам діні тарихынан сыр тартып, терең бойлайды. Толғаудан Орынбайдың дін тарихы жөніндегі білімінің жан-жақты, кең де кемел екені аңғарылады.

Құдайды білмек бар, пайғамбар хақ,
Осы сөзім жамиғат, тыңдап бір бақ.
Дінім ислам, кітабым құран үшін деп,
Осылайша сөйлесін тіл менен жақ.
Ақыреттің ғамалын біз жаялық,
Милләтім Ибраһим біз дейелік.
Мұхаммед үмметінен тұрамыз деп,
Сұрағанға жауапты біз берелік¹⁸, —

деген кіріспе шумақтармен бастаған ақын одан әрі адам жаратылғанға дейінгі дүниені суреттейді. Адамзат жаратылғанға дейін жер жындардың иелігінде, оған Ғазазіл патша болып жақсылық жасау мақсатында аспандағы періштелерге иман болғанын, артынан Ғаршының есігіндегі жазудан адамды жарату қажеттігін баяндайды.

Бір құлым бар жаратсам керек соны,
Жер жүзінде болады мекен жөні.
Шығындар періштелер тілімді алып,
Жаратсам керек адам қылып оны, —

деген Ғазазіл одан әрі періштелерді көндіріп:

Әуел бастап жаралмақ нұрдан керек,
Нұр болып дүние жүзі тұрған екен.
Неден сені жаратайын дегенінде,
Нұр ықтияр топырақты қылған екен,
Топырақтан жаратам адам деді,
Жебірейіл бұйырам саған деді,

¹⁸ Сонда.

Бар дағы мағрып-машрық арасынан
Бір уыс топырақ әкел маған деді, –

деп барып адамды жаратуға топыраққа әуелі Жебірейілдің, одан Мекайыл, Есрайылдардың барып ала алмағанын, соңында төртінші рет Ғазрейілдің барып алып келгені жырланды. Одан әрі адамның жанының жаратылу кезеңіне тоқталып өтеді де:

Көзінен жан кірген соң өзін көрді,
Топырақтан жаралған жүзін көрді.
Не нәрседен жаралған асылын танысын деп,
Бір құдай сол жерде адамға ақыл берді.

Көзден соң мұрынға жан кіріпті,
Жыбырлап сонда мұрын түшкіріпті.
Тіліне жан кіргенде хамит айтып,
Әлхамдылеллай деп тіріліпті.

Адамға бір құдайдан болған жауап,
Имамдар мұны білсең болар сауап.
Аяқ, қол, кеуде мүше, бөксе,
Аралап бір шыбын жан бәрін көрді.

Құдайым Жебірейілге барсын депті,
Ақыл, иман, нұр, ұят салсын депті.
Үштің бірі жанға жарар деген сөз бар,
Үшеуінің таңдауын алсын депті.

Адам таңдап сол жерде ақылды алған,
Ақыл тұрған жеріне иман барған.
Иманның соңынан ұят еріп,
Үшеуі бір арадан орын алған, –

деп аяқтайды. Толғау XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті шығармаларының ішіндегі озық танымдық туындылардың бірегейі. Себебі, толғаудың тақырыбы жаңалығымен, сонылығымен ерекшеленсе, көркемдік жағынан жазба әдебиет нұсқаларына жақын, көркемдік сапасы жоғары. Орынбайдың ислам діні тараған шығыс елдерінің әдебиетімен терең таныстығы білінеді, әйтпесе толғауда терең иірімді ислам дінінің дүниесін жырлай алмас еді. Ақын адам жанының жаратылуын философия талдай түсіндіріп, оған зор ақылмандық, тәрбиелік мағына үстейді.

Орынбайдың қесек бітімді толғауларының қатарына «Қырық парыз» жатады. Бұл толғау алғаш рет 1965 жылы Е.Ысмайылов басқарған Түмен-Омбы фольклорлық экспедициясы сапарында жазылып алынған. Негізінде, «Қырық парыз» екі тараудан түзілген

болуы керек, екіншіше орай Әдебиет және өнер институтында бірінші тарауы ғана сақталған. Бұл толғауда ақын ислам дінінің имандылық, ізгілік жолындағы жақсы қасиеттерін насихаттап, адам баласының соны ұстануын, ар-ұждан категорияларын игеруін дәріптейді.

Баласы Бертағының Орынбаймын,
Алдымда ақын бар деп қорынбаймын.
Мойнында адамзаттың қырық парыз бар,
Міндетімді өлеңмен орындаймын.

Әуелі бір Аллаға иланасың,
Иланбасаң иманнан құр қаласың,
Жақсылық жамандықты өмірінде,
Баршасын бір Алладан деп біле аласың, –

(С.Негимовтың жеке архивтік материалдарынан).

деп бастап, одан әрі дін қағидалары мен өз ортасы, өз қоғамының арасындағы ара-байланысты салыстыра бейнелеп, теңестіре саралап сипаттайды. Ақынның:

Ырыздылық баршамызға берген нәсіп,
Әдет қылма біреудің хақын жесіп.
Пайғамбар, әулиенің бәрі де өтті,
Біз де бір күн өтерміз әлі-ақ көпіп.

Ыстыққа көше алмаған еру елміз,
Жалғанда тыншуы жоқ керуенбіз.
Бұқара мен Ташкенттен пұл тартатын,
Біз келген дүниеге керуенбіз, –

деген лебізінде адамзат баласын керуенге балап, тіршіліктің өткінші екенін, бірақ сол тіршілікте адамгершілік қағидаларын берік ұстау қажеттігін адам түгіл пайғамбар, әулиелердің де мәңгілік емес екенін еске салады. Сондықтан ақын өмірде жақсы адам болу керек деп, еңбек ету, жақсы мен жаманды айыра білу сияқты қасиеттерді меңгеруге шақырады.

Жүйрік деп мақтанамыз енді бізді,
Пайғамбар үмітсізден күдсер үзді.
Кітаптан естуіміз анық болса,
Ғалымдар жамандайды еңбексізді, –

дей келе ақын одан әрі «Айтқаның өтірік, жегенің пара болса, қалай ғана табарсың иманыңды», «Халал менен харамды

айырмасаң, қиын ғой Мұхамметке үмбет болу», немесе «Алланың кешпейтұғын бір күнәсі, ата-ана, Қағбанды сыйламаसाң» деген сияқты бүгінгі біздің заманымызға да сәйкес келетін тәрбиелік насихат дәрістерін ұсынады. Орынбайдың «Қырық парыз» өлеңінің идеялық-көркемдік мазмұны мен мақсаты расында да адам жанының өзекті мәселелерін толық қамти алады. Әсіресе, жігіттерге айтқан өсиеті көңілге қонып, жүрекке жылылық береді. «Ақылдан құтылмайды иман, ырыс, ақылыңмен іс қылсаң бәрі дұрыс» деп тағы да ағайын болып қоғамдасу, бірлікпен өмір сүру, ақыл мен сабырды серік қылу қажеттілігін дәріптейді. Ақынның бұл ойы оның мына өлең жолдарынан жалғасын тапқан.

Жігітке бақыт, байлық – дені сау болса,
Таулықтан жаңылады жемсау болса,
Ер жігіт гапылдықпен қартаяды,
Алған жары жаман, мінген аты құрсау болса.

Әйел алсаң, тандап ал ақылдысын,
Сен оның қияметтік жақынысын.
Ата-ана, мейманыңа қызмет етсе,
Атқарғандай болады хақтың ісін.

Орынбай Бертағыұлының толғаулары ұрпақты ұлтжандық, имандылық рухында тәрбиелеуде маңызды рухани қазына, көркем мүлік.

Ақын өлеңдерінің келесі бір тақырыбы – өз қоғамындағы әлеуметтік әділетсіздікті әшкерелеп сынау. Ел үстінен күн көрген елубасы, болыстар мен көзқаман надан байларды, жұртын сатқан арамзаларды, арсыздарды аяусыз мінеген өлеңдері ақын поэзиясының халықтық сипатын анықтайды.

Құдайым барша жанды жаратып тұр,
Бірін аз, бірін көп қып таратып тұр.
Елубасы тышқанды болыс сайлап,
Арыстанды аузына қаратып тұр.

Қарағай тораңғыдан өсер бойлап,
Елубасы іс қылмас түбін ойлап.
Осы күнде көбінің миы ашып жүр,
Жол көрмеген қойшыны болыс сайлап, –

деп ақын елді аздырған адамдарды мінейді.

Қаладағы дін басыларымен кездескенде шығарған бір өлеңінде:

Билер пара жейді тоқтығынан,
Кедей ұры қылады жоқтығынан.

Ұрлық қылған кедейден билер жаман,
Олардың әркім алар шоқтығынан.

Біреу қожа, молда болғанда, біреу бақсы,
Әйтеуір, тіленшілік емес жақсы.
Кей жандар әулие тауыпты деп,
Сөйтіп жүріп бұл халықты алдамақшы,—

деп сыншылдық көзқарас танытады. Ақын заманға, өзі өмір сүрген дүниедегі теңсіздікке көзқарасын өлеңдерінде реалистік тұрғыда бере білген. Шындығында, ақын өмір сүрген дәуір патшалық Ресейдің айрандай ұйыған қазақ қоғамының іргесін қақырата сөгіп, халықты жік-жікке бөліп, болыстық сайлауда сұрқия саясат жүргізіп, ұлтты іріту үрдісін іске асырған заман еді. «Крайнею страстью у киргиз стали выбора. Каждый только и добивается того, чтобы попасть на какую-либо должность. В тот год, как уже наступить время выборов все без исключения группируются и объединяются и кто только богат, не взирая на свою умственную способность, претендует на должность.

... Дурные люди до плача доводить народ постепенно. И все они, поганые собирают незаконные «чигины». Все же достойные остались ни с чем (т.е. забыты народом). Ибо заимели должности и сделались властями одни невежды,»¹⁹ — деген Н.Пантусовтың «История о том, как действуют киргизы во время выборов должностных лиц» деген естелігіндегі тарихи анықтама, Орынбай өлеңдерінде нақты көрініс тауып отырғандай сезіледі.

Ақынның ашына айтқан:

Бастан бұлт кетпейді күн жайланып,
Сақау озды шешеннен тіл байланып.
Тұлпардан есек озып бәйге алып жүр,
Бұл күнде заман кеткен теріс айналып.

Бұрынғы өткен істі қуғаны жоқ,
Болмас іске белдерін бұғаны жоқ.
Ақылға Аплатондай болса-дағы,
Бұл күнде, болыс болмас туганы жоқ.

Асқар таудың айбыны қарыменен,
Өзен көркін көреміз жарыменен.
Әркім үкі тағады ботасына,
Ісі бар ма біреудің нарыменен?

¹⁹ Н. Н. Пантусов. Образцы киргизской народной литературы. Тексты и переводы. Казань. «Типография Императорского университета». 1909 г., стр., 46-55.

Есті кісі есермен ойнамайды,
Бойы қысқа тереңге бойламайды.
Ақша берген кісіні болыс сайлап,
Елубасы ел қамын ойламайды,²⁰ –

деген сөздері оның әділдіктің ақ семсерін аңсаған назасына айналады. Дәуірінің саяси-әлеуметтік әділетсіздіктері мен қайшылықтарына куә болған ақын олардың қорқаулығын, парақорлығын, надандығын, екіжүзділігін әшкерелейді. Өз өмірін ат үстінде өткізіп халқына өнерін сыйлаған ақын қазақ даласының қай түкпіріне барса да өнердегі шынайы бағытынан айнамаған.

Орынбайдың бетке айтар тайсалмас мінезін Ыбырай сұлтанға айтқан өлеңінен танимыз. Бірде ақын Ыбырай аға сұлтанмен үй алдында кездесіп қалады да, аға сұлтан: «Ей, сен мені мақтап өлең айтшы,» – дейді. Сонда Орынбай:

Керекуден келемін шеру тартып,
Момынға ақын болдым өлең айтып.
Омар болыс болғанда, Жар пәмөшнік,
Төрт Жар болайын деп пе едің мұнан артық²¹, –

дейді. Мансапқа масаттанған аға сұлтан «енді, мені жамандап өлең айтшы, көрейін» дегенде Орынбай ойланбастан:

Шақырдың Қарауылдың Орынбайын,
Арқалап алып келген қарағайын.
Әкең естек болғанда, шешен қалмақ,
Алып келіп адам қылған Қошқарбайым.

Мұрның бар қол ағаштай қайқы төстек,
Айдап әкең жүретін екі мәстек.
Сүтке тойған лақтай ойнақтайсың,
Мұнда келіп тойынып мұндар естек.

Әкең естек қалмақты көзім көрген,
Қаңғырып Қаратауда азап көрген.
Қаңғырып Қаратауда жүргенінде,
Әкенді екі қасқыр талап жеген.

Құдайдың кім алады берген бағын,
Естек мұндар бұл күнде болған шағын.

²⁰ Бес ғасыр жырлайды. – А., 1-т., 1989, 262-264-бб.

²¹ Бес ғасыр жырлайды. – А., 2-т., 1984, 61-б.

Әкенді екі қасқыр талап жеген,
 Әкеннің қасқырдан ал аруағын, —

дейді. «Мені жамандауға шамасы келмейді» деп масаттанған Ыбырай ақынның шын сөйлеп, ащы айтқанына шыдамай кетіп баласына: «Үйден қылышымды әкеліп берші, мынаның басын алайын» дегенде, баласы: «Орынбай ақында кінә бар ма, мақта дедің — төрт жарға жеткізді, жаманда дедің, расын айтты», — дейді. Баласының сөзіне тоқтаған аға сұлтан «тілі тым ащы екен, шыдамадым» дейді де ақынға: «Енді бұл өлеңді тірі жанға айтушы болма, мен сенен өтінейін» деп үстіндегі бағалы ішігін шешіп береді. Ақынның өткірлігін, ақыл, қайратын танытатын жігерлі жырлары баршылық. Орынбай Бертағыұлының тағы бір қыры ұлтымыздың біртуар перзенттері мен даналарына арналған өлеңдерінен көрінеді. Негізінен, ақынның бұл өлеңдері арнау өлең түріне жатады. Соның ішінде ақынның «Шоқан қайтыс болғанда, Шыңғыс пен Зейнепке айтқан көңілі», «Жазы бидің көңілін сұрағаны», «Зілқараның Әлібегіне», «Абылай туралы», «Ерден батырға айтқаны», «Хан келді Абайділдә он жыл жатып», «Тұрлыбек өлгенде айтқаны», «Әпеке биге айтқаны», «Төрде отырған төрелер» сияқты өлеңдері мәлім.

Шоқан Уәлиханов пен Орынбай ақын өте жақсы қарым-қатынаста болған. Шоқан Орынбайдың өнерін ерекше бағалап, сыйлаған.

Ұлы ғалым «Қазақ халықтық поэзиясының түрлері жөнінде» атты еңбегінде поэзия түрлерін бөлуде өлең туралы сөзінде: «Бұл форма, қазіргі кезде барлық жаңашыл ақындар тарапынан суырып салма өлеңдерге де, поэмаларға да, әсіресе, Орынбай өлеңдеріне қатысты көбірек айтылады. Өлеңнің жаңа түрін: Орынбай, Шөже ақындар насихаттап, салт-санаға дарытушылар болды,»²² — деп ақын туралы асқақ пікір қалдырған.

Ата қоныстары қоңсы қонғандықтан Орынбай Шоқанның әкесі Шыңғыс үйінің қадірлеп сыйлайтын, әрдайым қошеметтеп қарсы алатын жанына айналған. Шоқанның әдебиетке жақын болуына, есейіп ер жеткен шағында қазақ ауыз әдебиетінің талай шығармаларын зерттеп, жазып алуына себепкер болған да Орынбай ақын. Шоқан да Сырымбетке келген кездерінде Орынбайдың өлеңін айрықша ұнататынын айтып, арнайы шақыртып ұзақ тыңдайтын болған. Оның қазақ ақындары арасындағы биік беделін сол кездің өзінде-ақ аса жоғары бағалаған. Себебі Орынбайдан басқа Шоқан қазақтың талай ақын, жыршыларын, өнер адамдарын білген. «Шөже мен Тоғжан,

²² Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. А., 1985, 165-б.

Орынбай мен Арыстанбай, ақын қыз Ажар, әйгілі Шал ақынның ұрпағы Соқыр жырау Шоқанның жиі келетін сүйікті мейманы болған. Өлең-жырларды баласы жазып алсын деп Шоқанның әкесі де жүйрік әнші-жыршыларды үнемі жинап алып отырған. Шоқан, әсіресе, қобызшы Қанғожаны, әнші Көке Әлжановты, Шәкенді, жыршы Кәркені, акробат Әбе Тоғжановтарды қатты ұнатқан»,²³ – деп жазады белгілі шоқантанушы, академик Ә.Марғұлан. Шоқан Қашғар сапары туралы есебін беріп, Петербургте екі жыл болып, 1861 жылдың көктемінде елге қайтқанда қазақ даласын көріп, елдің тұрмыс-тіршілігімен таныстырып ұлттық өнерді тамашалауға өзімен бірге достарын, соның ішінде Москва университетінің бір студентін, татардың ағартушы-ғалымы Хұсайын Файызхановты, жақын досы И.И.Ибрагимовты ерте келеді. Сол жолы Шоқанның достары Орынбайды көріп, өнерін тамашалаған. Қолына домбырасын ала кірген Орынбай босағадан аттай сала өлеңді нәсерлете төге жөнелді. Шоқанның еріп келген достары бұрын-соңды мына сияқты домбырамен шұбырта өлең төккен ақын өнерін көрмеген, білмегендіктен, таңырқай сүйсіне тыңдайды. Ақын үйреншікті жаттама өлең емес, Шоқанның аман-есен әке ауылына, ұлы ордасына оралғанын, сонау Қашғар сияқты шалғай ғаламды аралап көргенін әсем теңеулермен құбылта толғайды. Орынбай осы ретте бірсыпыра құттықтау, шежіре өлеңдерін төгіп бір сәт тыныстайды. Шоқан серіктері ризашылықпен, таңдана тыңдайды.

Міне, сол қазақ ғылымының тұңғыш темірқазығы – Шоқан Тезек төренің елінде, Алтынемелде қайтыс болғанда оның орны толмас ауыр қазасын ата-анасына естіртуді айтқан Орынбайдың өлеңі әдебиеттегі естірту, көңіл айту өлеңдерінің үздік үлгісінен саналады.

Көңіл айту өлеңдері туралы әдебиетші ғалым Р.Бердібаев «Дүниеден қайтқан кісінің жақындарына көңіл айтудың да қалыпты, шындыққа толы, дана үлгілері ауыз әдебиетінде жасалған. Өмірдің өткіншілігін, тағдыр «шешімін» табиғаттың заңды құбылысы, еріксіз қажеттілігі деп түсіну керектігін тұжырымдайтын көңіл айту сөздерінде тереңдік пен кемелдік бас қосады, дала философтарының дүниетанымы аңғарылады»,²⁴ – дейді. Орынбайдың «Шоқан қайтыс болғанда Шыңғыс пен Зейнепке айтқан көңілі» өлеңі естірту, көңіл айту өлеңдерінің ішінде осы күні де орындалып келе жатқан туынды. Тұрмыс-салт өлеңдерінің ішінде маңызын жоймай, ұрпақтан-ұрпаққа мұқият беріліп келе жатқан осы өлең мәтіні төмендегідей:

²³ Ш. Уалиханов. Таңдамалы. А., 1985, 70-б.

²⁴ Р. Бердібаев. Сарқылмас қазына. А., 1983, 186-б.

Уа, Шыңғыс, Зейнеп ханым, көтер басты,
Қай қазақ ой ойлаған сенен асты.
Баласы жеті момын келіп тұрмыз,
Күңіреніп босағаңа төгіп жасты.

Тарихтан талай адам көрген едік,
Қызықты нелер дәурен сүрген едік.
Жасымыз мұнша жасқа келгенінше,
Шоқандай науша жасты көрмеп едік.

Қыршын жас, қайран Шоқан өткен бүгін,
Күйзелгіп елі-жұртын кеткен бүгін.
Жалғанда болмайды екен дертке дауа,
Фәниден ем таба алмай өткен бүгін.

Әуелден солай жазса не істейсің,
Бұйырса тағдыр қалай бас имейсің,
Қайран жас қызғыш болған халық үшін,
Қалайша қазасына күйзелмейсің.

Дүниеден кедей де өткен, сұлтан да өткен,
Шәрбатын бұл өлімнің әркім күткен.
Қоймайды ажал сені жығылсаң да,
Аплатон ғалым о да қайда кеткен?!

Ақыры бұл нәубеттің көпке жетіп,
Ғұлама білгіштердің бәрі кеткен.
Дүниядан өгіп кетіп қайран Шоқан,
Бүгінде сол қасірет саған жеткен²⁵.

Орынбайдың «Шоқан қайтыс болғанда Шыңғыс пен Зейнепке айтқан көңілі» сияқты естірту өлеңімен үндес, сарындас келетін жыры «Аға сұлтан Тұрлыбек қайтыс болғанда айтқан өлеңі». Керей руынан шыққан Тұрлыбек сегіз дуан елге аға сұлтан болып, заманының озық ойлы ардагер азаматтарының бірі саналған. Сол Тұрлыбек қайтыс болғанда оны жерлеуге Шыңғыс Уәлихановтың қасында барған Орынбай ақын жиналған қалың көпшілік алдында өлеңмен жырлап көңіл айтқан. Жырда ақын өмірден өткен ел бастаған асыл ерлер туралы баяндай келіп, халық қамқоры аталған Тұрлыбектің азаматтық тұлғасын, елі үшін атқарған істерін жырлайды. Өлеңнің ерекшелігі – өлеңнің соңында ақын адам өмірі туралы ой қорытып, дүниенің кімге де болса өткінші екенін, тіршіліктің тиянағы жоқтығын ескертеді:

²⁵ Асыл сөз. А., 1987, 352-б.

Өтіпті бізден бұрын Адам ата,
 Өзі білсе, пендеде жоқты қата.
 Хан да өтті, қара да өтті бұл жалғаннан,
 Қам жемей, естіген жан қылсын бата.

Есепсіз бай болсаң да Қарынбайдай,
 Жомарт боп мал шапсаң да Атымтайдай,
 Патшадай Әмір-Темір дін түзетіп,
 Болсаң да әйдік батыр арыстандай,
 Есләм бол патша болсаң құдыс қамқа,
 Бұқар мен үкім етсең Үндістанда.
 Тұтсаң да жеті әлемнің бәрін тегіс,
 Кіресің ақыры бір күн көрстанға²⁶.

Орынбайдың көңіл айту өлеңдерінің қатарына қайтқан баласына қайғырып жатып алған Әпеке биге айтқан жоқтауы жатады.

Тұлпар бар ма тұяғы майрылмаған,
 Сұңқар бар ма қияғы қайырылмаған.
 Алладан тағдыр, ажал жеткен шақта,
 Кімдерден кімдер жылап айырылмаған.
 Бауыры бүгін сау бар ма,
 Өлімнен үлкен жау бар ма?
 Бұлсыз берді, құнсыз алды,
 Бұған қарсы дау бар ма?
 Тірлікте бірлік ізде жанға сая,
 Ұқпасқа айтқан сөзің болар зая.
 Бақиға кеткен қайта келмес болар,
 Келмеске жылаған көздің жасы зая²⁷, –

дей келе ақын Әпеке биге «өлгеннің соңынан өлмек жоқ» деп басу айтады.

Ақынның осы көңіл айту өлеңінің нақты кімге арналғаны тура-лы сөз қозғайтын болсақ, екі түрлі пікір айтуға болады. Орталық ғылыми кітапханадағы қордан өлеңнің екі нұсқасын кездестірдік. «Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарына барып қайтқан экспедиция материалдарының мазмұны» деген қолжазбада әдебиет жинаушысы Қазкен Оразбекұлы өлең тақырыбы «Қайтқан баласына қайғырып жатып алған Әпеке биге Орынбайдың айтқан көңілі» деп келтіреді. Ал 1946 жылы жазып алған Темірғали Ысмайылов «Орынбай ақынның жиені

²⁶ Н. Ахатұлы. Орынбай ақынның әдеби мұрасы. А., 2001, 120-121-бб.

²⁷ Бес ғасыр жырлайды. А., 1-т. 1989, 226-б.; М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. №633-бума.

қайтқанда апасына көңіл айтқаны» деп ұсынады. Екі нұсқаның айырмашылығы өлеңнің үшінші шумағында. Жоғарыда біз Қ.Оразбекұлының нұсқасын бердік. Осындағы үшінші шумақ Т.Ысмайыловтың нұсқасында:

Әуелі құдірет күшті,
Одан соң өлім күшті.
Ақсұңқар ұядан ұшты,
Әпекке, сабырлық қыл,
Қайғысы саған түсті.
Ұқпасқа айтқан сөз зая,
Келмеске жылаған көз зая, —

деп басқаша айтылған. Екі нұсқаны да ақынның өмір деректерімен салыстырып-саралап, зерделесек, ақынның бұл көңіл айту өлеңі тарихта болған Әпекке биге арналған деген ойға бекіндік.

Ақынның арнауларының ішінде мақтау сарынында жазылған өлеңдері де аз емес.

Орынбай ақынның арнау өлеңдерінде тарихи тұлғаларға арналған туындылардың ішінде «Ғұбайдоллаға» және «Ерденге» деген өлеңдері өте маңызды. Ғұбайдолла Уәли ханның бәйбішесінен туған ең үлкен ұлы, атақты Абылайдың немересі, яғни тарихи тұлға. Ресейдің отарлау саясаты айрандай ұйыған қазақ елінің шырқын бұзу үшін ғасырлар бойы қалыптасқан хандық билеу жүйесін жойып, аға сұлтандық билікті тағайындаған. Қазақстанда сыртқы округтер ұйымдастырып, әсіресе Арқа жерін дуандарға, болыстарға бөлшектеп, жаңа шекара жасау арқылы руларды мидай араластырып, бір-біріне қарсы қою саясаты өршиді. Патшаның қанды шеңгеліне түскенін сезген ел бастаған көкірегі ояу, көзі ашық азаматтар бұған қарсы тұрып, күрескені белгілі. Міне, қазақтың сондай тұлғаларының бірі Ғұбайдолла Уәлиханұлы болды. Ол өз атасы Абылайдың саясатын ұстанып Қытаймен байланыс орнатып, 1823 жылы Орта жүздің ханы сайланды. Содан Петербургке арнайы елшілер жіберіп, өзін ресми түрде хан ретінде бекітуін өтінеді. Бірақ Ресей бекітпейді, керісінше Ғұбайдоллаға қарсы саясат жүргізеді де, көзін жоюға тырысады. Ақынның мадақ өлеңі осы көрнекті тұлғаға арналады.

Орталық Ғылыми кітапхананың сирек қолжазбалар қорында сақталған Орынбай мұраларының Ғұбайдоллаға арналған өлеңінің бір нұсқасында «Абайдлда (Ғұбайдолла деп түсіну керек) Абылай ханның баласы, орыс хандығы бекітпесе де 10 жылдай орта жүздің бірсыпыра руларына хандық құрған. Абайдлданы патша үкіметі 8 жылға Тура қаласында (Тобыл губерниясы) айдап жіберген. Айдалуына себеп болған: 1) Кенесары өзіне бағынбаған Аббас төренің балаларының жиырма бір мың жылқысын айдатып

алады. Аббас төренің балалары осы мәселе жөнінде Абайділда Кенесарымен ақылдасты деп шағым түсіреді. 2) Көкшетау дуанын салуға қарсы болады. 3) Абайділда Қытаймен қатынас жасап Баянауылда хан сайланбақшы болған»,²⁸ – деп аңдатпа берілген. Келтірілген екі сілтемеде де Ғұбайдолланың қазақ елінің еркіндігі мен жері үшін күрес жүргізіп, Кенесары Қасымовтың ұлт-азаттық көгерілісін қолдаған қайсар тұлға екені көрінеді.

Ақынның Ғұбайдоллаға арнаған өлеңдерінің Орталық Ғылыми кітапхана қорында бірнеше түрі сақталған. Соның бірі Т. Ысмайылов жазып тапсырған 472 папкеның бірінші дәптеріндегі мәтін мен қазір жарияланып жүрген нұсқасында бірқатар ерекшеліктер бар. Мысалы, Т. Ысмайыловтың нұсқасындағы:

Сұңқар енді тартайын томағанды,
Халқың сақтап жүр еді ғой сыбағанды.
Бозбалалар тәңіріне тәубалық қып,
Аман-есен көрсетсең хан бабанды.
Ақ ізбенен кетіп едің данышпаным,
Көрдің бе аққа тәңірі болысқанын.
Айдаһардың аузына түсіп кетіп,
Айла тауып шықтың ба, арыстаным!²⁹ –

деген екінші, үшінші шумақтарынан бастап он екінші шумаққа дейін М.Ементгаев жариялаған нұсқада жоқ.

Ал Орталық ғылыми кітапхана қорындағы 472 папкеның үшінші дәптеріндегі нұсқада (жинаушысы белгісіз, тек 1940 жылы «Сана» журналының 2,3 нөмірі деп белгі қойылған, негізінде 1923 жылғы 2,3 нөмірі болуы керек) жоғарыдағы екі нұсқадан басқаша берілген.

Әлденеше түрдегі нұсқалардың осындай өзара айырмашылықтары мен ерекшеліктері көп. Жер аттары («Барған жерің ит жеккен қайың Тура»), кісі есімдері («Биеден құлын тумас Үлбөбектей») аталады. Көркемдік кестесі де әрқилы. Бір нұсқалары он бес шумақтан келсе, енді біреулері алты шумақтан ғана қайырылады, яғни көлемінде де айырмашылық бар. Бұл жинақталған мадақ арнаулардың тарихи негізі бар. Елге қадірлі халқы үшін қиыншылық азап көріп келген, әрі Абылайдың ұрпағы Ғұбайдолламен ел-жұрты сағынысып көріскен. Оның бір себебі Ғұбайдолла елге Кенесары, Наурызбайлар қаза тауып, ел ауыр қайғыдан арыла алмай, «енді елге ие болар, қамқор болар

²⁸ Орталық ғылыми кітапхана. Сирек қолжазбалар қоры, 472-папка, 3-дәптер.

²⁹ Орталық ғылыми кітапхана. Сирек қолжазбалар қоры, 472-папка, 1-дәптер.

кім бар» деп сергелденге түскен шақта оралғандығы. Содан болар Ғұбайдолланың оралуына халқы үлкен той жасап, маңайдағы ат жетер жердің игі жақсылары сәлемдесуге келген. Орынбай осы ірі-ірі жиындарда Ғұбайдолланың қасында болып, өлең-жырлар тудырған, оның аман-есен оралуына арналған жырларын түрлендіріп отырған сияқты. Сондықтан ақынның Ғұбайдоллаға арнаған өлеңі жалғыз емес, әр уақытта туған үш нұсқасы бар деп есептеген жөн болар.

Келесі бір өлең «Ерденге» ақынның көзі тірісінде жарық көрген, көптен халыққа танымал туындыларының бірі. Ерден Сандыбаев та тарихта болған, ел басқарған, ірі атпал азаматтар қатарында саналған. Орынбай ақынның Ерденге арналған өлеңі алғаш Ы.Алтынсариннің 1879 жылы Орынборда жарыққа шыққан «Киргизская хрестоматия» оқулығында «Орынбай ақынның Ерден батырды мақтаған сөзі» деген атпен басылады. Атақты педагог-ұстаз балаларға арналған оқулығында бұл өлеңді тәрбиелік мақсатта, яғни азаматтыққа, ер жүрек-қайсарлық, батырлыққа үйрету үшін ұсынғаны байқалады.

Сұңқардың екі мұртың жебесіндей,
Ақылың Оман дария кемесіндей.
Сұрасаң биіктігін мен айтайын,
Күн шалған Алатаудың төбесіндей.
Ұсынса қол жетпейтін асқар белім,
Өлімге қарсы келген қайтпас серім.
Қарындас қадір білмес тірлікте,
Арыстандай асыл туған есіл ерім.
Иілмес қарағайдай терегімсің,
Ақылың көз жетпейтін зерегімсің.
Қазақтың қазақ исі тұрған шақта,
Алаштың баласына керегімсің³⁰, —

деген өлең жолдары зор поэтикалық үні бар, ұлтжандылық рухы қайнаған нағыз пафостық сарындағы тамаша поэзиялық шығарма.

Көңілден қиял шығып шат болушы ең,
Батырым, дидарынды көрген сайын,

Немесе:

Елге кек, жұртқа намыс іс кез келсе,
Жақұттай шығушы еді көзің жайнап,—

деген арынды, екпінді теңеулері Ерден батырдың бейнесін ерекше әсірелеп тұрған көрікті ойлардың көрінісі. Сонымен бірге

³⁰ Бес ғасыр жырлайды. 2-т., —А., 1984, 58-б.

бұл туындылардан ақындық өнердің жаңа әдебиет жаратылысына тән жеке авторлық көзқарас даралығын, көркемдік өрнек оқшаулығын да аңғаруға әбден болады.

Әр жылдардағы жинақтарда басылып жүрген алғаш Ы.Алтынсарин оқулығында берілген осы нұсқасынан басқа Ерденге Орталық ғылыми кітапхана қорында ақынның Ерденге арналған өлеңдерінің де бірнеше нұсқалары (1939, 1941, 1946 жылдары жазып алынып, тапсырылған) жинақталған.

Осы және тағы басқа шығармалары Орынбай Бертағыұлының арнау, мадақ өлеңдері өзінше бір желі құрайтындығын білдіреді.

Ақын мұраларының ішінде «Бір жан жоқ болыстыққа талас емес», «Өлген соң бай мен жарлы мал демейді», «Жігерлі туған жігіттің кім қой дейді талабын» деген сияқты өлеңдерінің тақырыбы өте терең, өнегелілігі мол, өсиеті зор шығармалар қатарына қосылады. «Бір жан жоқ болыстыққа талас емес» өлеңінде қазақ арасындағы болыстыққа таласу, арын сатып билікке ұмтылу сияқты жаман әдеттер сыналады. Сол кездегі орыс патшасының отарлау саясаты жүйесінен қазақ қоғамының бүлініп, әуресарсаңға түскен әлеуметтік өмірінің реалистік шындығын ашық айтады. Берекесіз байлардың, адамгершілікті аттап арын сатқан, болыс, елубасылардың қу тіршіліктерінің құр босқа кеткенін, байлық мансаптың бекершілік екенін білдіреді:

Өлген соң бай мен жарлы мал демейді,
Мынаны бер, мынаны ал демейді.
Басына бай кісі өлсе жастық тастап,
Астына қалың көрпе сал демейді.
Жарлыны, көне, байдан кем көргені,
Бетіне бірдей қылып өң бергені.
Кигізіп төрт қарыс бөз, кесек жастап,
Құдайдың осы емес пе тең көргені³¹, –

деген аталы сөздерімен толғамды ой өрбітеді.

Шешендік сөздің дәстүрлі орамдарындағы үтқыр стилистика, оралымды ой Орынбай ақын қолтаңбасына да тән. Оралымды ой, бояуы қанық сөз оқырманын тез баурап алады.

Жақсының жалғыздығы көпке жетеді,
Білімнің ең артығы епке жетеді,
Жақсымен жолдас болған мұратқа жетеді,
Жаманмен жолдас болған артынан кейін кетеді.
Қайырылып қонған қазды айтыңыз,
Көк пыққан жазды айтыңыз.
Жарлылығын байға балаған,

³¹ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. №385, 633, 618, 472, 489-бумалар.

Жалғыздығын көпке балаған,
 Атадан жақсы туған азды айтыңыз, –
 (С. Негимовтың жеке архивтік
 материалдарынан).

деп жүректен шыққан насихатқа толы өнегелі жыр жолдарын төгеді.

Орынбай Бертағыұлының енді бірқатар шығармалары әр кездерде шығарған шағын көлемді өлеңдері. Бұл өлеңдер шоғырын жеке адамдардың мінез-құлқын, олардың іс-әрекеттерін анықтайтын эпиграммалар, әр түрлі жағдайда жедел туған экспромт өлеңдер деп атауға болады. Осылардың ішінде «Орынбайдың Ерденге, Нөгербекке, Қадірге, Айдосқа, Байғабылға айтқаны», «Орынбайдың бір байдың үйінде айтқаны», «Шоң биге айтқаны», «Жазы биге», «Көккүмбезге барғанда», «Тышқанбайға айтқаны», «Орынбайдың Шоң – Шорманды татуластыруы», «Шыңғысқа айтқаны», «Алсай Құрақбайға айтқаны» сияқты экспромт өлеңдері белгілі. Сондай шағын, табан астында шығарылған өлеңдерінің бірі Қарауылдың атақты Жазы биі сырқаттанып жатқанда халін сұрай барғанда айтқаны:

Белгілі үш жүзге жайы-күйін,
 Бас қосып жеті момын кірген үйім.
 Болып едің Арғында жеке қара,
 Эзір тірі жүре тұр Жазы биім³².

Кейін Жазы би дүниеден өткенде баласы Омар биге Орынбай былай деп көңіл айтады:

Атығай, Қарауылға жүлде әперген,
 Уақытыңда халқына болып қазы.
 Өлген адам артында тарих қалса,
 Сол болады сөнбеген шамшырағы!

Бұл өлеңді мысалға алудағы себебіміз, ақынның айналасы бір-екі шумақтың көлеміне кейіпкерінің болмыс-бітімін, мінез-құлқын, өмірдегі тарихи орнын сыйғызып суреттей білгендігінде. Ақынның мұндай шағын өлеңдері баспа бетін көрмесе де ауыз әдебиетін жинаушылардың әр жылдары жазып алып тапсыруымен бүгінде Орталық ғылыми кітапханада сақтаулы тұр.

Біреп сөз ақынның жұмбақтары туралы айта кетсек. Негізінде, Орынбай жұмбақ айтыстың асқан шебері болғаны аян. Оның Дана, Қожабек ақындармен жұмбақ айтысы әдебиетіміздің алтын қорына қосылады. Алайда ақынның жұмбақ айтыстарынан басқа кәдімгі шағын жанрлар қатарына жататын жұмбақтары бар.

³² Н. Ахатұлы. Орынбай ақынның әдеби мұрасы. А., Респ. баспа кабинеті, 2001. 127-б.

Задында, ақынның төрт таған жұмбақтары көп болған секілді, себебі жүрген жерлерінде тұтқиылдан жұмбақтар шығарып, оның жауабын қасындағыларға шештіру әдеті болған. Кейде өзі де қарсыласына жұмбақтар айтқызып, жауабын өзі табуды қызық көрген. Мәселен, Тасмағамбет деген бала ақынның Орынбайға берген жұмбағы сақталған³³.

Бала ақын:

Бір нәрсе төрт аяқты, екі қанат,
Үстінде темір сауыт киген манат.
Манат киіп, қанат жайып тұрған шақта,
Қызметі бай-кедейге бір-ақ сағат, –

деп, жұмбақ бергенде атақты ақын бірінші рет жауабын қанша ойласа да таба алмай, мүдірген және оны өзі де мойындап «мына бала мені жығып кетті» деп, оған батасын берген екен. Сөйтсе берілген жұмбақтың жауабы самауырын болып шығады.

Орынбайдың жұмбақтарының ішінде дінге арналған бір жұмбағынан мысал келтіре кетейік:

Он екі қара ат пар жектім бір шанаға,
Жиырма бір тай байладым тамашаға.
Тағы да жиырма жеті құлынменен,
Соны сапар шықтым бала-шаға.

Өз баласын, қарындастарын медреседе оқытқан және өзінің де діни білімі терең ақын шамасы бұл жұмбағын мешіт имамдары, молдалары шешсін деп беруі ықтимал. Қызылжар, Уфа, Қазан қалаларында дін басыларының қасында жиі болып, олармен қарым-қатынас жасаған ақын олардың діни білімдерінің деңгейін сынау мақсатында айтуы мүмкін. Жұмбақтың шешуі он екі парыз, жиырма жеті уәжіб, жиырма бір сүннет болып келеді. Ақынның жыл мезгілдеріне, табиғат құбылыстарына, тұрмыс-тіршілік мәселелеріне арналған жұмбақтары да баршылық.

Орынбай XIX ғасырдағы айтыс өнерінің «бас ақыны», «төбе ақыны» атанған. Ол Қаракеске Шаншар хан асында отыз ақынмен, Абайділда (Ғұбайдолла) ханның таққа отыру салтанатында он ақынмен, Ерден Сандыбайұлы аға сұлтандыққа сайланғанда он жеті ақынмен, Орынбордың Кеңшалғын деген жерінде патшаның мұрагерін қарсы алғанда он екі ақынмен, Түркістан, Қазан шаһарларында сексендей ғұлама-хазіреттермен сөз майданында ой, өнер жарыстырған³⁴. Айтыс өнерінің дүлдүл көгі Орынбай

³³ Орталық ғылыми кітапхана. Сирек қолжазбалар қоры. №472 бума, 2,4-дәптерлер.

³⁴ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. №633-бума.

Серәліқожа, Тоғжан, Шөже, Арыстанбап, Қожабек, Өтеулі, Дана сынды сөзі – жаңбыр, әні – ескек, даусы – дауыл жүйріктермен айтысқан. Оның ақындық даралығын, импровизаторлық дарынын А.Янушкевич, В.Радлов, Я.Лютиц, Г.Потанин өткен ғасырда-ақ мойындап жазып кетсе, әдебиет тарихшылары С.Сейфуллин, С.Мұқановтардан бастап бүгінгі фольклортанушылардың бәрі де айтып, шығармашылығына зор баға беріп келеді. Әйтсе де, Орынбайдың ақындығынан басқа әншілік өнері туралы дәйекті деректер, ғылыми сараптамалар жоққа тән. Ақын мұрасын зерттеу барысында Орталық ғылыми кітапхана қорынан жаңа, әрі бұрын жарияланбаған Орынбайдың әндерінің табылғандығын айта кету парыз. «Орынбайдың үш әні» деген атпен ауыз әдебиетін жинаушы С.Құдабаевтың 1946 жылы белгілі әнші-ақын Молдахмет Тырбиевтің орындауында жазып алған әндері сирек қолжазбалар қорында сақталғаны белгілі болды³⁵.

Көкше жері қазақ өнерінде сал-серілер дәстүрінің, Арқаның әншілік мектебінің алтын бесігі болғаны аян. Атақты Сегіз сері, Нияз сері, Ақан сері, Біржан сал, Шәрке сал, Үкілі Ыбырай «аспандағы аққуға үнін қосып, қазақ әнін үлкен биікке, классикалық деңгейге көтерген өнер тарландары. Осы шоқтығы биік сал-серілердің өнерінің шындалуына бағыт беріп, ұстаздық еткен Шал ақын, Орынбай, Арыстанбайлар болғаны анық. Ал Арқадағы осынау ұлы өнердің жолын қуып, оны жоғары өрлеткен әнші-ақындарға қамқор болып, тіршіліктеріне жағдай жасаған сол кездің далалық өз меценаттары (шүленгері) да болғанын айта кетуіміз дұрыс сияқты. Шыңғыс, Айғаным, Ыбырай, Шоң, Шорман, Тұрлыбек, Мәмбетәлі, Зілғараның Әлібегі сияқты кезінде ел билеген тұлғалардың қазақ өнерінің дамуына ат салысқаны белгілі. Белгілі композитор Ілия Жақанов: «Айғанымның үйі қазақтың ақын жыраулары мен әнші, күйшілердің думанды ордасына айналды. Онда қобыз бен жыр толғаған Жанақ пен Шөже, Арыстан бай мен Орынбай, Біржан сал мен Тоғжан, Шәрке сал, Тулақ, Қанғожа қобызшылар, Нұркей әнші, бәрі жиі бас қосып, айтыс ұйымдастырып, күй тартысып, көне ән-жыр, күй мен эпостық туындылардың тарихы қозғалған, бүкіл ел іші әндетіп жатты»,³⁶ –деп ХІХ ғасырда өнердің ұлы күмбезін жаратқан жарқын жұлдыздар туралы толғанады.

Міне, осындай ақиық өнер адамдары өмір сүрген өлкеде ғұмыр кешкен Орынбай Бертағыұлының шығармашылық, азаматтық тағдыры осылайша сан қырлы, нәшеме алуан. Орынбай Бертағыұлы Шал ақыннан кейін Арқада, соның ішінде Көкшетау–Қызылжар жерінде өнер көшін бастаған санаулы саңлақтардың бірі.

³⁵ Орталық ғылыми кітапхана. Сирек қолжазбалар қоры, №694 бума, 5-дәптер.

³⁶ *І. Жақанов*. Аққулар қонған айдын көл. А., 1988, 79-б.

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ

(1818 – 1881)

Шортанбайдың өмірі мен шығармашылығы жөнінде қолда бар деректер тым шағын. Бұларға қарағанда, ақын 1818 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Түркістан ауданының, Қаратау бойында туып, Арқадағы Қарқаралы өңірін жайлаған елде 1881 жылы қайтыс болады. Бұл жаққа ақын ең алғаш ел аралап жүріп таныса келе қоныс теуіп біржолата қалып қояды. Сол жердегі аға сұлтандар: Жамантай, Құсбек, Саржан секілді ел басшыларының қасында жүріп, елдің ауыр езгідегі қиын жағдайын көзбен көріп Шортанбайдың туған, өлген жылдары мен өмірлік деректерін алғаш беруші белгілі жазушы С.Бегалин.

Шортанбай өлеңдерін тұңғыш жариялаған академик В.В.Радловтан кейін Қазан қаласында ақынның өлеңдер жинағы басылып жарық көрсе, кешегі Кеңес өкіметі тұсында шығармалары әр алуан жинақтарда басылып келді. Мұның бәрі ақынның өлең, жырларының ел жүрегінен өшпестей орын тепкенінің айқын куәсі болып табылады.

Шортанбай ақын әдебиетіміздегі «Зар заман» деп аталатын әйгілі кезеңнің ірі өкілдерінің бірі. Ол бүкіл саналы өмірі мен бойындағы ақындық асыл дарынын туған халқының отаршылдық езгідегі ауыр халін, оның ертеңгі болашағының мән-жайын жырлауға арнады, өзі куә болып отырған заманның кесел-мерездерін өзгелерден бұрын сезініп, соны аяусыз әшкерелеуге аянбай атсалысты. Сол арқылы ақын «қамсыз жүріп қамалған» ел-жұрттың сана-сезімін оятпақ болып, осыған орай өз тұсындағы игі жақсыларға да ой салып, оларды имандылық жолымен адалдық, адамгершілікке тартып дұрыс жолға бастамақ болады. Діннің құдірет-күшін дұрыс түсінген ақын өз мақсатын осы ертеден қалыптасқан тәсіл арқылы жинақтауды көздейді. Бұл діншілдік оның кемшілігі емес, қайта оның мұсылмандық жолын жетік білген артықшылығы, даңғыл білімдарлығы болып

табылады. Бір атап айтарлық жәйт: ақын ислам шарифаттарын жұртқа бірыңғай насихаттауды көздемеген, қайта сол діндегі имандылық, әділдік, адамгершілік мәселелерін тек халық мүддесіне, оның жарқын болашағына байланысты алып астастыра жырлайды. Бұл - ақынның Қожа Ахмет Иасауиден бастау алатын біздегі сопылық әдебиетпен тереңнен жалғасып жатқан көне дәстүрдің айқын көрінісі еді.

Ақын шығармаларының зерттеліп бағалануы мәселесіне келсек, ең алдымен, оның үстем тап мүддесін көздеген «Зар заман» ақыны атанып теріс бағаланып келгенімен, ақынның әдебиет тарихынан алатын орнын ешкім де жоққа шығара алмаған. Ұлы Абайдың өзі Шортанбайдың өлең, жырларын сын тұрғысынан қатаң бағаласа да, оның өзіне дейінгі ақындардан шоқтығы биік тұрғанын мойындағаны аңғарылады.

Шортанбай шығармашылығына толымды пікір айтқан ірі ғалым М.Әуезов Абайдың пікіріне сүйене отырып, «халықты алға бастар өнімді жолдары жоқ» деп кінәласа да, ақынның өлең жолдарының ұтымдылығын тап басып жоғары бағалаған. Зерттеуші осыған орай: «Бұл кезде сауда капиталы артты. Бұдан ол жеріді. Оның жырының аты «Зар заман» болды. Оның бағыты дін болды. Осы жағынан қарағанда... көп үлгі, көп сарыны Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани хикметіне» ұқсайды. «Ақырзаман нышаны» байқалады... Осы адамдар Абай, Шоқан, Ыбырайлар арман етіп отырған жаңалықтан, орыс халқының Ұлы мәдениетінен ел санасын, жас буынын, бар ұрпақтарын алыстатып ұстауға тырысқан»¹ деп көрсетеді. Рас, бұл тұста Абай қазақ поэзиясын жаңа дәуірдегі талаптарға сәйкес тың бағытқа бетбұрыс жасау мақсатында айтқан болса керек. Ал, Шортанбайдың халықтың болашақ тағдыры жөнінде айтқан жырларының ел мүддесінен аулақ емес екенін көру қиынға соқпайды. Бұған сол тұстағы отаршылдық езгідегі халықтың ауыр тұрмысы айқын дәлел («Су түбіне кеттің жұрт, Тал табылмас қармарға»).

Келесі бір елеулі зерттеу «Қазақ әдебиеті тарихының» 1961 жылы жарық көрген екінші томының бірінші кітабына арнап белгілі әдебиет тарихшысы Ы.Дүйсенбаев жазған «Шортанбай Қанайұлы» деген тарау. Мұнда да ақын ескішіл, кертартпа, діншіл, зар заман өкілі деп танылса да, зерттеуші оның әдебиеттегі орны мен мәнін дұрыс ашып бағалайды. Ол өз пікірін бұлайша қорытады: «Ол (Шортанбай — М.Ж.) өз кезіндегі әлеуметтік мәселені тұңғыш рет дерлік тиісті дәрежеге көтере білді, сонымен қатар соған өзінің шама-шарқынша жауап беруге ұмтылған әдебиет қайраткерлерінің бірі болды. Ол бір жағынан, халықтың

¹ М. Әуезовтың 20 -томдық шығармалар жинағы. 15- том, А., 135-280 -бб.

бай ауыз әдебиеті дәстүрінен қол үзбей отырып, екіншіден, жаңа ғана туа бастаған қазақ халқының жазба әдебиетінің іргесін қалау ісіне ат салысты»².

Тағы бір Шортанбай шығармашылығы туралы жазылған күрделі де құнды зерттеудің иесі белгілі академик жазушы Сәбит Мұқанов. «Реалист ақын Шортанбай заманының ірі суретшісі, қырағы ақыны болғандықтан, XIX ғасырда ауылда тап қайшылығын күшейтуге себепкер болған саяси шаруашылық жағдайларды да көреді, түсініп жырлайды»³— деп жазады. Рас, Шортанбай еңбекші халықтың ауыр тұрмысын көзбен көріп тебірене толғады, бірақ тап тартысының не екенін шын мәнінде түсіне қойды деп айту қиын. Сол себепті оның бұқара мүддесін қорғай айтқан жалынды жырларына өмір шындығын тани білу тұрғысынан қараған жөн.

Шортанбай өз дәуірінің шындығын бұлтарыссыз жырлап, көңілдегісін кімге болса да бетке айтатын болған. Қоғамдағы адамның мін-кемшілігін аяусыз сынап жөнге салуды мақсат тұтады. Өзгені сынауды ол, ең алдымен, өзінен бастайды. Бұл жолдары Қожа Ахмет Иасауидің өзін өлтіре мінейтін жырларымен тереңнен жалғасып астасып отырады. Шортанбай өмірдегі тойымсыздық пен дүниеқорлықтың сырын өз басынан тауып:

Қожа емес едім, сарт едім,
Арқаға келіп нан жедім,
Нан жедім де дәндедім.
Жүйрігі болса мінсем деп,
Сұлуы болса сүйсем деп,
Жарамды тонын кисем деп,
Күннен күнге сәндендім!⁴ —

дейді. Осыған орай ақын өзінің мал-жанды болып қана қоймай, ел құрметіне бөленгенін, жатсынбаған Алтай, Қарпықтың қонақжай, дархандығын да жырға қосады:

Қуандық жатқан сары бел,
Шағалалы шалқар көл,
Үйрек пен қаздай қалқытты.
Сары қымызын ішуші ем,
Аралап келіп түсуші ем,
Алтай менен Қарпықты!⁵

² Қазақ әдебиетінің тарихы. 2- т, Бірінші кітап. А., 1961, 149-б.

³ С. Мұқанов. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. I-бөлім, А., 1942, 124-б.

⁴ М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба орталығындағы қор. № 592 (жинаған Б. Жақыпбаев), 27-б.

⁵ Сонда, 27-б.

Ескіше сауатты, Шығыс әдебиетінен хабардар Шортанбай ақын өлеңдерін жазып шығарумен қатар, қаумалаған көп алдында жұрт өтінішімен түйдек-түйдек ағытып төпеп те жырлайтын болған. Бұл суырып салып айтқан жырлары өзінің көркемдік сипаты жағынан өзге өлеңдерінен ешбір кем соқпайтыны байқалады. Осы ерекшеліктер ақын бойындағы дарынның телегей-теңіз молдығын танытса керек. Ақындық өнер қиыннан жол, қиядан қисын табатын тапқырлықты талап етеді. Мұнсыз ақын деген құрметті атты алып жүру мүмкін емес. Айталық, Сырдан Арқаға, арғын ішіндегі Қаракесек еліне келген ақын алғаш сондағы билеуші Жамантайдың қасында болып өлең айтып жүрсе керек. Келесі бір сайлауда сол орынға Құсбек төре ие болып, Шортанбай бұрынғы Жамантайды жамандауға мәжбүр болыпты. Бұдан кейінгі таласта Жамантай қайтадан жеңіп, ақын кейінгі билеушіге жақындай алмай біраз уақыт қашқақтап жүріпті. Бірде ел аралап жүрген Жамантай Шортанбайға кез болып қалып: «Сөйле, Шортанбайым, сөйле» десе керек. Сонда Шортанбай бөгелместен:

Сөйлейді сөйле десен, бұл Шортанбай,
 Әр ханның заманында бір сұрқылтай.
 Кешегі Құсбек төре хан болғанда,
 Мен түгіл өзің қайда ең, хан Жамантай!—

депті, Шортанбайға риза болған Жамантай: «Шортанбайым жоқты сөйлейді екен десем, барды сөйлейді екен», – деп қасына қайтадан ертіп алған екен.

Шортанбайдың өз шығармаларын «Зар заман» деп атауының ішкі сырын ашуға кешегі бір дәуірде ешбір мүмкіндік болған жоқ. Мұның ақыры қазақ халқы үшін «Ақыр заманға» ұласады деген ойды меңзеп, ақын бұдан құтылудың жолын іздеп шарқ ұрады. Отаршылдық езгіде жаншылған халқымен қош айтысып, қоныс аударып көше қалса, дін орталығы Бұхарға қарай ауған жөн деп табады. Ақыннан қалған «Зарларда» ел басына төнген қауіп-қатердің зардабы мен нәтижесі не болмақ деген өзекті мәселе дамыта жырланады. С.Мұқанов осы күрделі сұрақты ұтымды оймен жинақтап: «Шортанбайдың үш зары бар, олар: «Зар заман», «Бала зар», «Өлең зар». Осы үш зарда да ол халықтың басына түскен зарды, заманының зарын айтқан. Бұл үш зарды үш поэма деуге болады, сюжет жағынан бір-біріне жалғас, бірінің мазмұнын бірі өрбітетін поэма» деп жазады⁶.

Шортанбай жырларының ұзын сүре бір тақырыпқа құрылуының үлкен саяси-әлеуметтік мәні бар. Патша өкіметі жыл

⁶ С.Мұқанов. Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. А., 1942, 128-б.

санап отарлаудың құйтырқы амал-тәсілдерін зымияндықпен іске асыруға жанталаса кірісті. Соның нәтижесінде қазақ даласына мұздай құрсанған патша әскерлері отарлауға ұтымды жерлерді қантөгіспен басып алып, Атырау, Қорған, Петропавловск, Омбы, Семей қорғандарын салып бекінді, сөйтіп, біртұтас халықтың ынтымақ-бірлігі бұзылды, жайлау-қонысы тарылды, ауыр қыспаққа душар болды. Бұл отарлау саясатына қарсы Сырымның, Көтібардың, Кенесары-Наурызбайдың, Исатай-Махамбеттің, Жанқожаның, Есет, Бекеттің көтерілістері аяусыз басылып жаншылды. Мұның артынша Кенесарының ұлы Сыздық бастаған көтеріліс және Адай көтерілісі бүрқ ете қалды, алайда бұлар да күшпен басылды. 1841-1868 жылдар аралығында Қапал, Торғай, Ырғыз, Атбасар, Көкпекті, Алматы, Лепсі, Ақмола, Ақтөбе, Қазалы қалалары салынып, Ақмешіт, Шымкент, Әулиеата қалалары Ресейге бағынды. Бұл қоршаулар қазақ халқын біржолата бағындыруға жол салды. Осының ең кейінгі нәтижелерін көзбен көрген Шортанбай тығырыққа тығылған ел жағдайын жырламай отыра алмады, халықтың көзін ашып, санасын оятуға талаптанды. Ақынның жалынды өлең-жырлары сол халық тағдыры болашағының жарқын шежіресіне айналды. Сондықтан біз ақын шығармашылығын сөз еткенде, оның 1890, 1911 жылдары Қазанда басылған «Бала зары» атты өлеңдер жинағын өз зерттеуімізге бірден-бір негіз еттік. Бұдан тыс М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба орталығындағы ақын қолжазбалары да пайдаланылды.

Ақынның «Зар заман» топтамасына кіретін жырлары оның дүниеге көзқарас, танымын ашып белгілейді. Мұнда ол заманның бұзылып танымастай болып өзгергенін үй-іші, отбасындағы көріністер арқылы дәлелдемек болады. Шортанбайдың пайымдауынша, сүттей ұйып отырған отбасының адамдары дәстүрлі қалпынан айырылып, ата-ананы, үлкенді сыйлаудан қалған, тіпті, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы да өзгерген, әркім өз білгенімен жүріп-тұрып, бас-басына би болған заман болды деп шошынады. Мұның ақыры болмашыны кек тұтып, заң қуып арыз жазатын, тілмаштарға жем болатын кез болды деп көрсетеді:

Мұның өзі қар заман,
Қарлығының белгісі:
Ұл сыйламас атасын,
Арамсідік болған соң,
Атасы бермес батасын...

Өзі қылған өкінбес,
Қыз сыйламас анасын...

Сыйламайды ағасын,
Алысып жыртар жағасын...
Ақсақалдан ұялмас,
Жүгірісіп қалаға,
Қаныққан соң жалаға!⁷

Жеке кісілер мен отбасылардан тұратын қоғамның жай-жағдайы қандай деген мәселеде ақын бұларды «замана», «қазақ халқы», «қазақ елі» деген ұғымдармен астастыра жырлайды. Шортанбай заманның бұзылуын ел тағдырымен, оның болашағымен тығыз байланыста алып қарайды, халық басына төнген бұл пәледен тезірек арылудың жолдарын іздестіреді, бірақ оның да ретін таба алмай дал болады. Бар тапқаны жоғары жаққа («Құндыгерге») дат айтып, ақ тілекпен Құдайына сыйынып хат жазу деп санайды. («Құндыгерге хат жазып, Кешіктірмей дат жазып, Өлместің де қамын қыл, Басың сотқа ілінбей»).

Қазақ халқы кез болған заман жайын ол жан қалмай қырылатын ақыр заман көріністерімен салыстырады, сөйтіп бір Алладан жәрдем болмаса, өзге ешкімнен де көмек жоқ деген қалып танытады. Өмірдің бұлайша түрленіп өзгеруіне басты себеп: қоғамдағы дәуірлеп тұрған әділетсіздік пен зорлық-зомбылықтан деп қорытады:

Мына заман қай заман,
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман,
Тарлығының белгісі, —
Жақсы жаппан түңілген,
Жаман малдан түңілген,
Мұның өзі зар заман.
Зарлығының белгісі, —
Бір-бірлерін күндеген,
Жай-жайына жүрмеген!⁸

Ақын заманның, яки қоғамның бұзылуы жеке кісілердің, отбасының азып-тозуына әкеліп соқты деп қана қоймайды, соның ішкі себеп-салдарын да шарқ ұрып іздейді, бұдан арылудың жолдарын тауып, ел-жұртты алдын-ала сақтандырмақ болады, бәленің бетін аударып, халықтың сана-сезімін оятудың амалын қарастырады. Осы мақсатта ол, ең алдымен, ел билеушілердің зұлымдығы мен жауыздығын, парақорлығын, әділетсіздігін әшкерелеп:

⁷ М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба орталығындағы қор, №592, 25-б.

⁸ Сонда, 15-б.

Жамандық мұнша ұласты,
 Жарысқа кірген жақсылар
 Жақыным деп жан тартпай,
 Кәпірменен қынасты.
 Аузына кәпір қаратты,
 Бұл дүниенің тұтқасын, —

деп бастайды да, патша ұлықтарының қорлық-зорлығын былайша сипаттайды:

Жандарал болды ұлығын,
 Майыр болды сыйынганың.
 Айрылмай тұғын дерт болды
 Кедейге қылған қорлығың.

Кәпірді көрдің піріндей,
 Тілмашты көрдің жеңгендей,
 Дуанды көрдің үйіндей,
 Абақты тұр қасыңда,
 Қазылған қара көріндей!⁹

Шортанбай қазақ даласындағы әлеуметтік теңсіздік жайын сөз ете келіп, бай мен кедейді бірін артық, бірін кем жаратушы бір құдайдың ісі деп қорытса да, олардың ой-пиғылдарының әртүрлі екенін де аңғартады. Ақын «Бір пара жанды малды қып, бір пара жанды малсыз қып» жаратқан Аллаға ризашылық білдірсе де, бай мен кедейдің арасындағы айырмашылыққа наразылық танытқандай болады:

Байлар сәнге мінеді,
 Жазы-қысы құр атты.
 Жарлы да өліп қалған жоқ,
 Оның да көңілін жұбатты.
 Жалғанның беріп жарығын
 Бишара жанды қуантты.
 Мінер атқа кем қылып,
 Қара жермен тең қылып,
 Бір пара жанды жылатты.¹⁰

Бұдан тыс ақын «Жалғанның жарығын бергені үшін» ризашылық білдірген кедейді тәубаға шақырып, ал дәулеті тасып шалқып отырса да ұрлық қылатын тойымсыз байлардың парақорлығын да өлтіре сынайды.

⁹ Сонда, 15-б.

¹⁰ Сонда, 15-16-бб.

Ендігі бір күрделі мәселе: қазақ даласына жаңадан ене бастаған капитализм қарым-қатынастары, яғни сауда-саттық пен ақша жайын ақын шошына жырлайды, тіпті, мұны адам баласын бұзатын бөленің басы санайды. Шортанбай осының бәрінің орыс тарапынан келгеніне де күмәнмен қарайды. Алайда сол сауда капиталының қазақ даласына біртіндеп ене бастауының өзі жаңалық болғаны даусыз, мұны ол түсіне алмады. Бұрынғы заманның қаймағы бұзылмай сақталып қалуын көкседі. Жаңадан келген ақшаны ақын:

Заман ақыр боларда,
Алуан-алуан жан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты,
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрсер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты!¹¹ –

деп, оны малмен теңестіре сипаттайды. Бұл тұста ол жалпы ақшаның өмірдегі орны мен мәніне қарсылық білдіріп отырған жоқ сияқты, оның түпкі ойы: халық басына төніп тұрған отаршылдық зардабы, ертеңгі күн жағдайы болса керек, осы жарқын болашақ мәселесі ақынның қабырғасына аяздай батып толғантады, түн ұйқысын төрт бөледі, жарғақ құлағы жастыққа тимей қайғы-шерге бөленеді. Шортанбай елдің басындағы ауыртпалықтың басты себебі: орыс патшалығының қыспағынан, отаршыл елдің жақсы қоныс, шұрайлы жерді басып алып, күнкөріс көзінің таралуынан деп санайды:

Ағашты тауға үй салып,
Алды кәпір алқымдап.
Елді еркіне қоймады,
Буыршындай тақымдап.
Дәуренбексіп болыс тұр,
Кәпірдің сөзін мақұлдап.
Бейшараның пұлы жоқ,
Қорыққаннан қақылдап.
Жарысқа кірген жақсылар,
Аша алмассың көзің деп,
Сол себептен қорқамын!¹²

Ақын заман өзгеріп, заң, тәртіп бұзылып, адамдар арасындағы қарым-қатынастың тозуын сол кездегі патша әкімдері мен жергілікті ел басшыларының жең ұшынан жалғасып, қанау-

¹¹ Сонда, 3 -б.

¹² Сонда, 2 -б.

тонауға жол беруінен деп санаса да, жауыздықтың көзі—патшаның зұлымдықтарына көп мән бере қоймайтын сыңай танытады. Бұл ертеден мұсылман дінінде «ақ патша» деп қастерлейтін дәстүрдің көрінісі де болуы мүмкін. Халық басындағы ауыр тұрмыстың тығырыққа тірелген кезеңін көріп, кімнің кім екенін біліп көзі ашылған Шортанбай енді сол патшаның отаршылдық саясатының мән-жайын ұғынған соң, мәселеге басқаша көзбен қарауға мәжбүр болады. Бар бәленің басы сол патшадан тарайтынын түсінген ол өз тұсындағы халық өмірін «қаңғырған жөнсіз оққа» теңей былайша сипаттайды:

Уәліден кетті керемет,
Патшадан кетті ғаделет,
Ақыр заман таянды.
Артынан кәпір біліп тұр.

Тірі жаннан хал кетіп,
Жөнсіз оқтай қаңғырып,
Жан шіркін ақыр берік екен,
Үзіліп кетпей не ғып тұр?!¹³

Шортанбай патшаның өзінен шығып жатқан сүрқия тәртіптің салдарын да тап басып жырлайды. Малды алумен тынбай енді жас боздақтарды әскерге аламын деп қоқандаған ұлықтарға айтар амалы таусылған би, болыстардың дәрменсіздігін, алды-артын орап алған патша әкімдерінің озбырлығын ақын жеріне жеткізе сынап аяусыз түйрейді. Бұдан тыс «аяқты қия бастырмайтын орыс тәртібін» де ол еске сала отырып түйыққа тірелгендей болады. Сол бұлтартпас, қатаң тәртіптің нәтижесінен халықтың ауыр күйзеліске тап болғанын бұлттарыссыз бейнелеп:

Аяқты қия басу жоқ,
Орыстың салған жолы бар.
Емін-еркін заман жоқ,
Ендігі жүрген жігіттің
Мандайында соры бар! —

дейді де, соның ауыр зардап, зиянын, ел ішінің бұзылып, адам құлқының өзгере бастағанын тап басып, сол шындық күйінде суреттейді. Осының салдарынан жұрттың болмашыны қуып бір-біріне бәле қарап, заң қуып кететінін, қалаға шауып арыз жазуға әдеттенгенін бәленің басы ретінде қарап таниды.

Осындай қиын кезең, ауыр сәтте ақын жарлы-жақыбай, кедей-кепшіктердің ауыр халіне жаны ауырып, жұрттың бір-біріне

¹³ Сонда, 7 -б.

мұншалықты мейірімсіз болып бақастыққа жол беруін адам пиғылының бұзылуынан деп санайды, мұның бәрі заман сазынан деген дұрыс қорытынды жасайды. Осылардың нәтижесінде елдің ауызбірлігі кетіп, бас-басына тірлік ететін заман болды, үлкенді сыйлайтын, құрмет тұтатын уақыт келмеске кетті, «қамалған қазақ ұлы» дұшпанына беріліп, оның табанының астында қалды деп қорытады. Сөйтіп, заман сазынан әркім өз білгенімен іс қылатын кезең туды, жастардың үміт оты сәнді деген ой айтып, барар жер, басар тау қалмағанын атап көрсетеді:

Бағынғанның белгісі,
Билік кетті басыңнан,
Қорлық көрдің жасыңнан,
Ұл-қызыңнан үміт кетті,
Айрылдың құда, досыңнан...
Ұлың көңілі бір бөлек,
Қызың көңілі бір бөлек,
Өзіңнің көңілің бір бөлек...
Ендігі жанның ақылы, —
Отқа түскен көбелек!¹⁴

Ақынның пайымдауынша, зар заманның тұсында өз тобындағы жарлы-кедейдің қамқоры болып келген байлар да қайырымдылығынан айрылып, қарасудан қалды, «жаздай арық, күздей пішен шапқан» момынның тапқанын тілмаш пен бай бөліп алып зорлық-зомбылық жасайтынын да шындық күйінде сипаттайды.

Шортанбай бай мен кедейдің арасындағы қарама-қайшылықты Құдайдың жаратуынан болды, ол тағдыр ісі десе де, байлардың қайырымсыздығы ол дүниеде өзінің алдынан шығады, түбінде Алла алдында жазасын тартады деген сыңай танытады.

Шортанбайдың бүкіл «зар-жырларын» көктей өтіп зер сала қарасақ, бұлардың бәрінің сопылық бағытта, яғни діншілдік сипатта жазылғанын көру қиын емес. Ақынның пайымдауынша, ең алғаш адамды Алла жаратқанда, бірін адал, енді бірін арам, екіншісін ғалым, үшіншісін залым етіп жаратты, сол секілді көпір мен мұсылман да осы талаптар бойынша өмірге келді. Тіпті, бай мен кедей де Құдайдың әмірімен бақас болып жаралған, елге қызметімен жағатын адал басшы мен парақор, зұлым билеушілер де сол әлгі талаптың нәтижесі деп санайды, сондықтан ол адам баласына қанағат, ынсап бер деп Алладан сұрайды. Әсіресе, мұсылмандардың ораза, намазды қаза жібермей орындап, шарифат жолына берік болуын қалайды, оларды әділдік,

¹⁴ Сонда, 10 -б.

адамгершілік, имандылыққа шақырады. Ал, заманның бұзылып, адамдардың мейірімділік орнына жауыздыққа, зұлымдыққа бейім тұруын ақын ақырзаманның жақындауынан деп қорытады. Сонда болатын құдай алдындағы сұрауды, күнәлілер мен күнәсіздердің Сират көпірінен өту мерзімін айтып тәубаға келтірмек болады. Мұны дәрменсіздік, әлсіздік, құрғақ мистика деуге келмейтіні түсінікті, ақын бұдан өзге тәрбие жолының жоқ екенін дұрыс пайымдаған.

Шортанбай азып-тозған заман жайын сөз еткенде де, өзінен бұрынғы діндар ақындардың ой-пікірлерін басшылыққа алып отырады. Ол өз жырларында «Сопыалаяр» кітабын жиі атап, соған жүгініп сөйлесе де, көптеген толғауларында Қожа Ахмет Иасауидің бағыт-бағдарынан әсте бір ауытқымайды. Бұл дүние мен ол дүниенің мән-жайын әңгіме еткенде де, сол төңіректен табылатынын көреміз. Ақын жырларының асыл табиғаты өзіне ұстаз тұтқан Қожа Ахмет Иасауиден аулақ кетпейді, көбіне-көп солармен үндес, мазмұндас. Айталық, заман мен адамдар жайында Қ.А.Иасауидің мына бір жолдары Шортанбай жырларымен іштей-тыстай табысып астасып тұр:

Ел, дүние, халқымызда қайырым жоқ,
Патша менен уәзірлерде әділет жоқ,
Дәруінгтердің дұғасында қасиет жоқ,
Түрлі бәле халық үстіне жауды, достар.

Ақырзаман ғалымы залым болды,
Ізгі тілегін үзбеген ғалым болды.
Алланы айтқан дәруінгтің жолы болды,
Ғажап сұмдық замана болды, достар!¹⁵

Осындағы жинақы ойлар таратыла айтылса да Шортанбай жырларында дәл сол сипатта көрініс тапқанын көреміз:

Бір пара жанды малды қып,
Бір пара жанды малсыз қып,
Бір пара жанды ғалым қып,
Бір пара жанды дінді қып,
Бір пара жанды дінсіз қып,
Шерне үлпін жанды жаратты..
Азды көпке жем қылып,
Бір пара жанды жылатты.
Ашты-тоқты болсаң да
Иманың сақта ұятты.

¹⁵ Қожа Ахмет Иасауи. «Диуани Хикмет». А., «Мұраттас», 1993, 62-б.

Ардан кешкен ұятсыз
 Дінсізге қылар мұятты...
 Зар заманның аяғы,
 Заманың кетті баяғы!¹⁶

Шортанбайдың тағы бір топ жырлары күнәдан арылып, Құдайға құлшылық жасаудың жолдарын сипаттайтын Қ.А.Иасауи өлеңдерімен егіздің сыңарындай ұқсас өрлетінін де атап айтуға тиіспіз.

Ақынның заманындағы адамды, әсіресе, ел басшыларын дүние-мүлік, мал үшін күнәға батып, дүниеқоңыз болудан аулақ болуға шақырған жырлары да нақтылыққа құрылып отырады. Бұл орайда ол Мұхаммед пайғамбар мен оның төрт шадиярын, Ескендір мен Сүлеймен секілді әйгілі тұлғалардың да өмірден өткенін үлгі ете сөйлейді. Бұдан тыс өз басының мін-кемшіліктерін теріп айтып, гапылдыққа ұсынбауды дәлел ретінде ұсынады:

...Алмаған неме қоймадың,
 Еш нәрсеге тоймадың,
 Азуы қарыс Алаштың
 Айтқанына болмадың...
 Бойыңа жанды теңгермей,
 Басыңа бір тас тиіп тұр,
 Не қылайын дүниені,
 Тырнақтап жидың инені!¹⁷ —

дейді.

Міне, осындай қазақ халқы бастан кешкен езгідегі ауыр тұрмыстың күрделі мәселелерін Құдайдың басқа салғаны деп бағаласа да, ақын ел-жұртты соның бәріне көне беруге шақырмайды, халықты сабырлыққа, басшыларды әділдік, шындыққа үндейді. Ал, орыс отаршылдарына келгенде, «бәледен машайық та қашыпты» деген қағиданы ұстанады. Ол үшін, ең алдымен, Қоқан хандығына бағынуды ауызға алса да, оның бұрынғы зардаптарын еске алып, бұл ойынан тез қайтып, ертеден дін орталығы болған Бұқар төңірегіне қопарыла көшуді ұсынады. Сөйтіп, бодандық жайын көп жырлап, қазақ елін «Жерұйық» пен «Жиделі-Байсынға» көшуге шақырған Асан қайғы мен Бұқар жыраудың айтқан ойларын мақұлдайды.

Шортанбайдың ендігі бір туындылары кейінгілерге өсиет-насихат түрінде келеді. Бұл орайда ол, ең алдымен, шындықты бетке айтатын адам бойындағы сирек кездесетін қасиетті айрықша бағалап, бұған қарсы сумандаған суық сөз — өтірік-

¹⁶ Жоғарыда аталған Шортанбайдың институттағы қолжазбасы. 12-24-бб.

¹⁷ Сонда, 57-58-бб.

өсектің зиянынан сақтандырады. Мұсылман дінінде сырттан айтылған ғайбаттың кешірілмейтін күнә екені дәлелденген, оны Құдай түгіл, аруақтар да кешірмейді делінеді. Ақын осыны өзгелерге өнеге ретінде ұсынып:

Сырттан ғайбат қылғанша,
Айт көзіне, өзіне.
Құдайдан қорыққан мұсылман
Қарауыл қояр сөзіне.
Құдайдың барын білмеген,
Айтқан жөнге жүрмеген,
Менменсіген зор кеуде
Қиық жүріп кете алмас,
Алдындағы жолығар,
Құдайдың құрған тезіне!¹⁸

дейді. Бұдан әрі ақын жиған-терген ілім-білімі бар ғалым кісілерден ақыл-кеңес сұраудың қажеттігін, басқа біткен малдың ішіп-жеп қызығын көру керектігін, ынсап-ұят пен иман тілеу арқылы құдайға құлшылық етудің жайын алға тартады.

Ақын жоғары бағалап, асқақ жырлаған түйінді мәселенің бірі: арамнан безіп, адалдан мал жимақ, үйдегі ата-ананды сыйлап құрмет түту, адамгершілік жолдан ауытқымау секілді өмірлік жәйттар. Ал ұрлық пен арамнан жиған малдың қайырсыздығы мен зиянын да көрсете келіп, ондай жандарды «арамнан жерімейтін» итке балайды. Осы орайда ол пара алатын би-болыстарды аяусыз сынап отырып, ел ішіне бүлік алып келген сайлауда болыс, старшын боламын деп мал шашқан ысырапты қою қажеттігін басты мәселе етіп көтереді. Бұл дертке айналған істі қоздырушылардан сақ болуға шақырады:

Әлің келсе Мекке бар,
Артық дәулет біткендер,
Старшын, болыс болам деп,
Ысырап қып малды төкпендер,
Таяндың сінді өлімге,
Алты табан көріңе.
Сатып алған күнәнің
Кешуі болмас күнінде!¹⁹

Осы секілді бұл дүние мен ол дүниенің мән-жайын баяндап, адамгершілікке шақыратын жырлар ақынның негізгі тақырыбы екенін бөліп атаған жөн. Осы сипат өлер алдындағы ел басшылары мен белгілі байларға арнаған өлеңдерінен айқын аңғарылады. Ол

¹⁸ Сонда, 30-31-бб.

¹⁹ Сонда, 42 -б.

осы жырларында атақты бай Асан қожа мен Тобықты Құнанбай, Шорманұлы Мұса, Қуандық Қоңыр, Көпбай мен Нұрланға дұғай сәлем айта келіп, оларды Құдай жолына берік болуға үндейді, баянсыз өмірден гөрі, бақилық дүниені ұмытпауға шақырады. Бұл жырлар өкініш пен үмітке құрылған дей аламыз. Ой жиынтығын өзінің басынан кешкен ғапылдығы мен өкінішін жұртқа ескерте отырып, Алладан медет тілеу, алдын жарық етуді сұрау. Ақын осы талапта кейінгі буынға сенім артып:

Өзіңнен өрнек жайылды,
Жақынға, туған, қалысқа.
Өзімнен қалсын балаға,
Кетпес сөзім далаға.
Жоғалтпаса өзімді,
Жоқ қылмаса сөзімді,
Мен риза Аллаға!²⁰ —

дейді. Халқын беріле сүйген ірі ақынның бұл соңғы тілек, өсиеті дер едік.

Шортанбайдың бөліп атауға тұрарлық тағы бір туындысы: оның әйгілі Орынбаймен айтысы. Ақынның Шөжемен және Асанмен айтыстары да мәлім. Алайда өзінің құрылысы мен мазмұны жағынан алғанда, оның Орынбаймен айтысы еркін қайымдасудың жақсы бір үлгісі болып табылады. Аты белгілі арғын Орынбай ақын ел басшысы Тұрлыбекке еріп, Құсбек төренің еліне келсе керек. Құсбек төренің қасында отырған Шортанбайға бұл келіс ұнамайтыны белгілі. Бас қосылып ерігіп отырған жұрт екі жүйрікті айтыстырып қызығын көрмек болады. Алғашқы сөзді Шортанбай бастап Орынбайға жол болсын деген дәстүрлі сөзді айтқанда, Орынбай өзінің алу үшін келгендігін жасырмай, «Құдай берсе мол болсын» деп қалады. Шортанбай «мол болсын» деп қарақшылар тілейтін еді» деп қағытқанда, «ішің тар, хан жарлығын кім екі етеді?» Мейрамның малын қызғыштай қорғау жөнсіз деген сыңай танытады. Бұл аталы сөздерге жауап ретінде өлеңге биік талап қойылатынын ескертіп, Шортанбай пір тұтқан қожаға тілің тиер деп сақтандырады. Ал Орынбай болса, «ишанның өлең айтуы орынсыз, қазақтың өлеңінде нең бар?» деп ұтқырлық танытады. Шортанбай уәжді сөзді мойындай отырып, қонаққа жол беретін қазақ дәстүрінен аспай:

Өтерін дүниенің ойламасам,
Алдында хан, қараның сайрамасам,

²⁰ Сонда, 36 -б.

Орынбай елге келген мейман еді,
Әйтпесе бұған жолды байламас ем!²¹—

деп көрегендік танытады.

Енді ақынның сөз қолдану, көркемділік шеберлігіне келсек, Шортанбай, ең алдымен, суырып салма дәстүрді берік ұстанған ақын болғандықтан, жыр үлгісіне бейім тұрады. Бұлары түйдек-түйдек күйінде жыр ағымымен ағытылып отырады, алайда мұндағы логикалық байланыс пен бірліктің бұзыла бермейтінін көреміз. Сондай-ақ ол халық ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтел мен ұтымды сөз тіркестерін орнымен тиімді қолданып отырады. Мәселен, «Қыз Жібек» жырында Жібектің белінің жіңішкелігін сипаттайтын жолдарды ақын адам демінің үзілу сәтіне орайластырып:

Жан шіркін-ақ берік екен,
Үзіліп кетпей не ғып тұр?²²—

деп бейнелейді. Ал мақал-мәтелдерге келгенде, ол солардың мазмұнын сақтай отырып, ұқсас бірлігіне қарай аз-кем өзгертіп, түрлентіп қолданады. («Сүтке біткен мінезге, Сүйектен кетпей қояр ма?», «Текті құс қарар Қырымға, Ит айналар жырымға», «Өте қусаң қорқақты, Батыр да болып шынығар», «Қанды қалпақ кесе де, Түбі бірге түріспейді», «Жан жуымас жатқанға, Жөргем ерер жүргенге», тағы басқалар).

Ақын шығармаларында сирек те болса, ауыспалы мағынада алынған ұтымды тіркестер де ұшырасады. Бұлардың бір үлгісі:

Қасақана мал бігер,
Қайыры жоқ қабанға...
Қайны болмас қабанда...
Орыс бүркіт, біз түлкі,²³—

тәрізді болып келеді.

Ақын қолданған теңеулердің өзі нысанаға дөп тиетін өткірлігімен дараланады. «Аюдайын ақырған», «Жөнсіз оқтай қаңғырып», «Ұстараның жүзіндей, Аударылған дүние», «Шолақ иттей діңкілдеп», «Құлан менен бұландай, Үйде тұрмас ойнақтап», т.б. Ендігі бір насихат сөздер дәстүрлі мақал-мәтел іспеттес болып құрылады:

²¹ Шортанбай Қанайұлы. Қайран халқым. — А., 104-б.

²² Сонда, 64-б.

²³ Сонда, 27-42-бб.

Жан жоламас жатқанға...
 Жүргенге жөргем ілінер...
 Ит жерімсс арамнан...
 Атаның тілін ұлы алмас, -
 Ананың тілін қызы алмас...
 Бірге жүрген бауырың
 Тату да болып жүре алмас.²⁴

Шортанбай көзі қарақты, сауатты адам болғандықтан, Шығыс әдебиеті үлгілерін де жақсы білгенге ұқсайды. Ол Құран-Кәрім мен діни аңыздардағы өнегелі істерді де, пайғамбарлар мен әулие-әмбиелер өмірін де рет-ретімен орынды пайдаланып отырады. Қожа Ахмет Иасауи атын атамаса да, оның жырларындағы ой-пікірлер әр жерден бой көрсетіп қалады.

Шортанбай өз жырларына ат қойып, айдар таға бермеген. Өлеңдерінің тақырыбы: «Зар заман», сол «Зар заман» деген жырының бір жүйесі, «Бала зары», «Шортанбайдың өлер уақытында арыздасып айтқан насихат сөздері», «Қалықтаған сұңқар ем», «Дұғай сәлем айтайын», «Сөз айтайын Асанға», «Бір тәңірге аян-ды», «Шортанбайдың өз аузынан шығарып айтқан өлеңі» болып келеді. Бұл жырларының бәрі де заман мен адам жайын жан-жақты сөз ететін дастан секілді болып отырады. Сол себепті аталған туындылар өзінің әлеуметтік, қоғамдық сипаттары жағынан эпикалық сипаты басым толғауларға ұқсас болып келеді.

Шортанбайдың өзге жырларынан оқшаулау тұрған бір туындысы «Шортанбайдың өлер уақытында қатын-бала, ел-жұртына ғарыздасып айтқан насихат сөздері» деп аталады. Мазмұны мен құрылысы жағынан алғанда, бұл жыр он бір буынды қара өлең үлгісінде түзілген. Осы сипат бастан-аяқ өзгеріссіз тұрақты түрде жалғасып отыратыны дау туғызбайды. Сондықтан ақын кейбір шығармаларын жазып та шығарған деп айта аламыз. Бұл ерекшеліктермен ол біздегі жазба әдебиеттің түр мен мазмұн, көркемдік сипаттары жағынан кемелденіп көркеюіне елеулі үлес қосқанын аңғарамыз.

Шортанбай өз дәуіріндегі қоғамдық, әлеуметтік өмірдің әр саласын кеңінен қамтып, көркем бейнелеген ірі суреткер.

²⁴ Сонда, 45-52-66.

СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ (1822–1895)

Сүйінбай Аронұлы 1822 жылдың шілде айында қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты Майтөбе жайлауында дүниеге келген. Сүйінбайдың әкесі Арон, аталары Күсеп, Жиенқұлдардың тұрған ескі мекендері — қазіргі Қапал ауданындағы Көксу, Қараталға қарайтын Екейқұм деген жер.

Сүйінбай — Шапырашты руының Екей тармағынан тараған. Ол өзінің «Үмбетәліге» деген толғауында:

Қалың қазақ сл едім,
Сүйінбай деген мен едім¹, —

дейді.

Сүйінбай ақын балалық шағында жоқшылықты көп көреді. Анасынан ерте айырылған ол немере ағасының қолында өседі. Жастайынан жетімдіктің азабын көп тартады. Кісі есігінде жүріп жалшы болған бала Сүйінбай мал бағып күнелтеді. Өмір жолының, тағдырының ондай деректері өлең жолдарынан елес беріп отырады. Сүйінбай өзінің бір өлеңінде былай дейді:

Е, Құдай, тарылттың ғой мені жастан,
Кем етіп, жетістірмей мал мен бастан.
Барайын деген жерге көлік таппай,
Отырмын енді, міне, жылжымастан².

Сүйінбай ақын «Сұраншыға» атты тағы бір өлеңінде:

Батыр-ай, кедейшілік жаман екен,
Бұл дүние азулының заманы екен.

¹ С. Аронұлы. Ақиық, А., 1975, 30-б.

² Сонда, 27-б.

Қолдаушың арт жағында көп болмаса,
Жауапсыз кедей жазған қалады екен³, —

дейді. Кедейлікке, тірлікке, қолдың қысқалығына назаланады.

Әуелгіде дәстүрлі тұрмыстық, тіршілік сарындарды байқатқандай ақын тебіреністері бірте-бірте әлеуметтік терең ағыстарға астасады.

«Сүйінбай деген мен едім!» — деп, салған жерден өр көңілмен сөз толғаған ақынның мұрасы көкірегі кең сарай, шешен тілді дарынның бай рухани әлемін жеткізеді. Ақындықтың арқалы шабытынан қанаттанып, елдік тақырыптарға ойысады, ірі-ірі сөз ұстаған тұлғалармен ой мен бой таластырады. Сүйінбай ақынның ақиық үні биіктен саңқылдап тез естіле бастайды.

Бұл орайда, профессор С.Садырбаев: «Ал, Сүйінбай мен Жамбыл болса, ауыл үйдің түтінін аралап, өлең айтқан ұсақ ақын емес, ірі парасатты ақын... Сүйінбай жыры — мәңгі жыр, елді, ерді оттандыратын отты жыр»⁴ — деп, ақын жырларының әлеуметтік салмағын тереңнен тартып, ашып көрсетті.

Ғалым Х.Сүйіншәлиев өз еңбегінде: «Табиғатынан талантты ақынға ел артқан сенім, ол көрсеткен сый-құрмет өшпес даңқ әперіп, бойындағы сарқылмас талант бұлағының көзін ашады. Ақын енді үй айналасындағы әкесінің шағын шаруашылығымен айналыспай, ағайын арасындағы ұсақ дау-шарға бөгелмей, ел кезіп, өмір көріп, ділмар-шешен ақындармен кездесіп, олармен дидарласу арманын алға қояды»⁵, — дейді. Осы кезден бастап Сүйінбайдың іздену, шығармашылық өсу жолдары басталады. Өлең мен жырды ту етіп жоғары көтерген ол Қазақстанның жер-жерін аралап, сол кездегі танымал ақындардың біразымен кездеседі. Жанақ, Түбек, Шөже, Қабан, Майлықожа, Майкөт, Қаңтарбай, Тезекбай, Бақтыбайлармен кездесіп, тіпті кейбіреулерімен айтысқа да түскен. Сүйінбай өз өнерін ұштай түсті. Сөйтіп ол ақындықтың биік деңгейіне көтерілді. Сүйінбай Жетісу ақындарының мектебін қалыптастырды. Осы жайлы әдебиеттанушы ғалым М.Қаратаев былай дейді: «ХІХ ғасырда ұлан-байтақ қазақ даласының әр қиыр, әр бұрышынан дербес өзгешеліктері бар авторлардың ақындық мектебі қалыптасты. Мәселен, олар мыналар: Батыс Қазақстанда — Махамбет, Мұрат, Шернияз есімдері, Орталық Қазақстанда — Шортанбай, Дулат, Шөже, Оңтүстік Қазақстанда — Майлықожа, Нұралы және Молда Мұса секілді жазба ақындар; Жетісуда — Сүйінбай мен Жамбыл, т.б. болып табылады»⁶.

³ Сонда, 96 -б.

⁴ Сонда, 140 -б.

⁵ ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. А., 1986, 38-б.

⁶ Ұлы жыршы туралы ұлағат. А., 1996, 50-б.

«Менің пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай», –

деп жырлаған Жамбылдың, сол сияқты көптеген ақындардың рухани ұстазы болған Сүйінбай Аронұлы әдебиет тарихынан елеулі орын алады.

Кезінде қырғыз, өзбек елдерін, бүкіл Сыр бойын, Семей губерниясын түгел аралап шыққан Сүйінбай шығармалары Абай аулына да таныс болғаны сөзсіз. «Абай энциклопедиясында»: «Сүйінбай жырларындағы әлеуметтік сын, ел ішіндегі озбырлықты шенеген өткір тіл, ақынның мақал-мәтелге айналып кеткен шешендік сөздері көп ретте Абай өлеңдеріндегі идеялармен үндесіп, көркемдік үлгімен ұштасып жатады⁷», – деп жазылған. Бұл үндестік екі ақын өмір сүрген тарихи кезеңге, саяси-әлеуметтік жағдайлар тудырған талаптарға сәйкес көрініс табатын белгілер болса керек. Мысалы, «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» деп тебіренген Абай:

Адам бір – боқ көтерген боқтың қабы,
Боқтан сасық боласың өлсең дағы⁸, –

деп, дүниенің өтпелілігін, жалғандығын аңғартса, Сүйінбай өзінің бір толғауында өлім, өмір жайлы:

Аққу ұшса, көлге кетеді,
Көпір бұзылса, селге кетеді.
Мал-жан біткен бәрі де,
Өсіп-өнген жерге кетеді⁹, –

дейді. Екі ақын да өмірдің шегі барын, өлімнің барын айтады. Қанағат, ынсапты еске салады. Сонымен қатар, Абай:

Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,
Алды – ойын, арт жағы мұңға жуық¹⁰, –

деп жастық пен қарттықтың ара жігін ажыратса, Сүйінбай ақын «Кәрілік» өлеңінде:

Ақын боп жиырмада желдей болдым,
Отызда асқар биік белдей болдым.

⁷ Абай энциклопедиясы. А., 1995, 530-б.

⁸ Абай. 1-т., 1995, 102-б.

⁹ С. Аронұлы. Ақиық. А., 1975, 39-б.

¹⁰ Абай. 1-т., А., 1995, 216-б.

Отыз асып қырыққа келгеннен соң,
Қаптаған жсрдің жүзін селдей болдым.
Қырықтан асып, елуге келгеннен соң,
Түбім терең, құрақты көлдей болдым.
Елу асып, алпысқа келгеннен соң,
Салынды суға ілінген сендей болдым.
Алпыс асып, жетпіске келгеннен соң,
Тап-тақыр ел жайлаған жердей болдым¹¹,—

дейді.

Ақын адам өмірінің белестерін бейнелі тілмен шебер жеткізеді. Ақын шығармаларының ішінде осы өлеңнің орны өзгелерден бөлек тұр. Бұл өлеңінде Сүйінбай адам өмірін кезеңдерге бөліп, әр өмір белестерінің ерекшеліктеріне тоқталады. Жылдан-жылға адамның өзгеретініне, кәріліктің келіп, өз белгілерін танытатынына, оған қарсы адамның шарасыздығын білдіреді. Нақты тақырыпты толғаған туынды біртіндеп адам өмірінің мәні, жеке адам мен тіршілік хақындағы философиялық ойларға бастайды. Жиырмада желдей ескен ақын, отызда селдей тасыған, елуде құрақты терең көлдей ақын, лирикалық қаһарман тоқсанда «ақ үрпек балапандай» дәрменсіз, бейкүнә жан. Өнердің мәні қайратыңның барында дегенді меңзегендей.

Бұл өзі көне түркі жазбаларынан, орта ғасырлардағы қазақ-ноғай жырларынан желі тартқан дәстүрлі сарын. Сүйінбай Аронұлы ол дәстүрлі толғамға өз заманының сазы мен нәшін қосады. Дәстүрді жаңғырта жалғастырады.

Сүйінбай өмір сүрген кезең қазақ әдебиетіндегі мұсылманшылық, дін тақырыбының барынша дендеп еніп, қанат жая түскен күндеріне сәйкес келеді. Діни сарындар, шарифаттық тұрмыс-салт дәстүрімен, адалдық, имандылық шарттарымен жалғастыра толғана бастаған тұсы. Діни қиссалар жұртқа жақсы таралып, Шығыстың исламдық сарында түрлі нәшпен жете бастаған заманы. Осы кезеңде дін насихатшылары қожа-молдалардың іс-әрекетке, жақсылы-жаманды әдет-қылықтарына сын көзбен қарап, міней сөйлеген ақын, жыраулар да болды.

Негізінен мұсылманшылықты жақсы түсініп, берік ұстанған Сүйінбайлар қайсыбір дүмше дін бұзарлық қылықтарды сынға да алып отырды. Бұл сол тұстағы ел ішіндегі дін ахуалын түсініп білген, терең таныған ой адамының көзқарасы. Жаппай мұсылмандыққа ниет қойған ортада бұл, әрине, батылдықты да, әр өмір құбылысын жіті тани алатын ақындықты да білдірсе керек. Сүйінбай молдалар жайлы бір өлеңінде:

¹¹ С.Аронұлы. Ақиық, А., 1975, 48-б.

Тасбиық тартқан молдалар ораза ұстар,
Талап жеуге кедейді байлар күштар.
Тары-талқан ауызға бір тимеген,
Ораза ұстар біздерде қандай күш бар?!
Алдап айтқан антың дін бола ма,
Бақсы-балгер дін қуса жың бола ма?
Пайғамбармен сыйласқан сен-ақ ұста,
Ұстамаса ораза мін бола ма?!¹² —

деген. Бұл өлең жайлы Х.Сүйіншәлиев төмендегідей ой айтады: «Ораза ұстамаған күнәлі болады-мыс деуші молдалардың жалған діндерлықтарын мысқылдап, олардың жоқ-жітіктерге көріне-көзге қиянат жасап, алдап, тура өлімге айдап, соқыр сенімнің құрбанына шалып сорлатпақ сұмдықтарын әшкерелейді. Бұл да Сүйінбай заманындағы әдебиетте айқын байқалған ақындық көзқарастар еді».¹³

Ақын «аңқау елге арамза молда» болғандарды сынға алған.

Өлгеннің ақыретін сатамысың,
Қызыққа кебін жинап батамысың?
Адам өлмей, нәпақа болмай қалса,
Дөңбекшіп төр алдында жатармысың?¹⁴

Өтірік ел көзіне діндар болып, молда болып жүрген жандардың алдамшы тірліктеріне, Аллаға шын берілмей, өтірік айтып жүрген молдасымақтарды уытты тілімен шағып, кекетеді.

Сүйінбай ақын ретінде өзінің бар жан-тәнімен ақиқатты, шындықты жақтады. Ол сараңдыққа, мейірімсіз жандарға, қатыгездікке, дүниеқоңыздыққа қарсы сөйледі. Феодалдық дәуірдің ру аралық тартысын сынап, төрелердің іс-әрекетін ащы мысқылмен әжуалай білді. Біз оның әлеуметтік ішкі қатынасты қатты шенеп айтқан мұндай өлеңдерінің қатарына «Сөк төренің баласы хан Абылай», «Сарыбайға», «Момын малын зұлымға алып беріп», «Төрт биге», «Мақсұтқа» сияқты өлеңдерін жатқызамыз. Сүйінбай Аронұлы халқымыздың поэтикасына жетік шебер тілді, жүйрік ақыны. Бұған оның билер мен төрелерді сынап, мысқылдап айтқан өлеңдері дәлел бола алады.

Ақынның шығармаларындағы тақырып тынысы кең, ой-таным тереңдігі тіршіліктің алуан құбылыстарын қамтиды. Жеке адамдардың мінез-құлық, тұрмыс ерекшеліктерінен бастап өмір заңдылықтарын тереңнен түйіп тербеген ойшылдыққа ұласып отырады.

¹² Сонда, 85 -б.

¹³ Х.Сүйіншәлиев. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 53-236-бб.

¹⁴ С.Аронұлы. Ақиық, А., 1975, 86-б.

Байлық деген бұл шіркін,
 Қолға біткен күспен тең,
 Кедейлік деген бұл шіркін,
 Түнде көрген түспен тең.¹⁵ —

деп толғанады Сүйінбай «Байлық деген бұл шіркін...» деген туындысында. Дүние-байлықтың бекершілігін, шын қазына кісілік екендігін мегзейді. Ал, әйгілі «Бөрілі менің байрағым» өлеңі елдікті, ерлікті асқақтатқан толғау екендігі мәлім.

Бөрі басы – ұраным,
 Бөрілі менің байрағым.
 Бөрілі байрақ көтерсе,
 Қозып кетер қайдағым!¹⁶ —

деп түйінделетін бұл көркем де келісті толғау ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің маңызды шығармаларының қатарында бағаланады. «Жұмыққа» атты өлеңінде Сүйінбай ақын:

Сүйінбай Алатаудай атым дардай,
 Жатқанымда болдым ғой шөккен нардай.
 Еңбегімнен екі ауыз сөз қалмастан,
 Көктемдегі жер тартты кеткен қардай.
 Ақылымды қараңғы қалған басып,
 Сау күнімде Құдайым еске салмай.
 Ауру билеп, бойымнан әлім кетті-ау,
 Бауырсаққа илеген кескен нандай,¹⁷ —

деп толғанады.

Бұл келтірілген үзіндідегі өз есімін Алатауға теңеуі болсын, халі бітіп, тұруға зар боп жатқан кезін шөккен нарға салыстыруы болсын, өзінің дариядай талантын жерге сіңіп кеткен көктемгі қар суына балауы болсын, өз бойындағы әлсіздікті бауырсаққа илеген кескен нанмен салыстыруы болсын — бәрі үйлесімді, суретті. Бұл теңеулер ақын тілінің суреттілігіне куә бола алады.

Сүйінбайдың біраз өлеңі әйел теңсіздігіне, оның бас бостандығына арналған. Ол өзінің бір өлеңінде қызын Бәзіл деген сүйген жігітіне бермей, қалың малға сатпақ болған Қаспан деген кісіге төне қарап, былай дейді:

Сүйінбай айтқан сөзден тайып па еді,
 Кедейлік Бәзіл жасқа айып па еді.

¹⁵ Сонда, 79 -б.

¹⁶ Сонда, 13-б.

¹⁷ Бес ғасыр жырлайды. 1-т., 1989, 320-б.

Қыздарын қалың малға матап беріп,
Атаң сенің Тайторы байып па еді?!¹⁸

Сөйтіп, ақын екі жастың бір-біріне сүйіп қосылуын жақтап, қыздың қалауынсыз, келісімінсіз қалың малға сатылуына барынша қарсы шығады. Себебі Сүйінбай да кезінде жоқтықтың ауыр зардабын өз басынан өткізген, өзі де сондай қиын жолдан өткен.

Сүйінбай Аронұлы ақындығының тағы бір қыры — шешендігі. Ол жайлы П.Кузнецов: «Екейден шыққан Аронұлы Сүйінбай ұлы жүзде теңдесі жоқ ақын саналатын. Оны айтысып та ешкім жеңіп көрмеген десетін. Ақын Сүйінбай оның үстіне қоңсылас рулармен арасындағы небір қиын дауға төрелік айтып, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен ақылгөй адам»,¹⁹ — депті. Зерттеуші С.Садырбайұлы да Сүйінбайды шешендердің қатарына қосады. Ол «Фольклор және Жамбыл» кітабында өз ойын өрнектей келе: «Заманында алғыр ақылымен, шешендік сөзімен ел есінде сақталған тарихи адамдар мыналар: Асанқайғы, Абыз, Жиренше, Қарашаш, Орманбет, Қаз дауысты Қазыбек, Едіге, Мөңке би, Төле би, Әйтеке би, Назым, Мендісұлу, Байдалы, Айтқожа, Досбол, Сүйінбай, Сырым, Есет, Избасты, Қараменде, Алшағыр, т.б.»²⁰ — дейді.

Өз кезеңінде шешендігімен, тура айтатын шыншылдығымен көзге түскен Сүйінбай ақынның айтыстары өзінше бір төбе. Бізге жеткен ақынның жеті айтысы бар. Соның үшеуі Сүйінбайдың Кескенкекіл, Уәзипа, Күнбаламен айтыстары. Ақын бұл айтыстарында феодалдық ру тартысына немесе бай мен билерін мақтан ететін дәстүрлі қақтығысуларға бой алдырмайды, керісінше, қыздарды сырласуға, ішкі мұң-зарын шертуге, достыққа үндейді.

Сүйінбай айтыстары XIX ғасыр айтыстарының ішінде өз алдына дараланып, жоғары тұрады. Бұл оның айтыстарының мәнділігі мен тіл өткірлігінен байқалады. Ол өзінің өлеңдерінде кейбір ақындарша өз елінің байларын бедел тұтып, айтар сөзді сол бай мен төрелер мәртебесін мадақтаудан қарастырмайды. Ақынның сүйеніші қалың ел және Өтеген, Сұраншы, Сыпатай сияқты батыр атанған ел азаматтары болады. Осындай әйгілі адамдарды тірек тұтқан ақынды қарсыластары «кедейсің» деп қанша тиіссе де жеңе алмайды.

Сүйінбай Аронұлының ең шоқтығы биік айтыстарының бірі —

¹⁸ С.Аронұлы. Шығармалары. А., 1990, 75-б.

¹⁹ Ұлы жыршы туралы ұлағат. А., 1996, 14-б.

²⁰ С.Садырбайұлы. Фольклор және Жамбыл. А., 1996 ж.

Тезек төремен айтысы. Тезек төре — Абылайханның ұрпағы, Ұлы жүз қазақтарының Албан руының аға сұлтаны. Оның ақындық өнері болғанын, Сүйінбай, Түбек, Бақтыбай, Құлмамбет сияқты ақындармен айтысқанын, аға сұлтан бола жүріп, елдің өнері мен намысына да кезі келгенде қорғаушы бола білгендігін бізге жеткен мәліметтер жеткілікті дәлелдейді.

Тезек төре әлеуметтік тегіне бола қоғамдағы тарихи орны, қабілеті, еңбегі бағаланбай кеткен ауқатты зиялылардың қатарындағы адам. Ол өз заманының ұтқыр ойлы, алымды да мәдениетті өкілі. Сүйінбай мен Тезек төренің айтысын әлеуметтік мәні жағынан екі ақынның айтысы деуден гөрі, қоғамдық екі тап өкілінің саяси тартысы деуге тұрарлықтай. Себебі, айтыста екі ақын жарысқа түспейді, мұнда бір-бірінен жыр өнерін асыру мақсаты қойылмайды. Ашықтан-ашық қоғамдық екі тап өкілі егеседі. Қара халық атынан бұқара тілегін көтере Сүйінбай шықса, Абылайдай атақты атаның баласы, текті төре Тезек өз табының туын ұстап тіл безейді. Қоғамдық екі таптың өкілі белдесіп, саяси сайысқа түседі. Сүйінбай — халық мойындаған өткір тілді ақын. Бірақ Тезек төре де оған сай қарсылас.

Кіріп келген Сүйінбайды танымағансып Тезектің жөн сұрауы, оған өзін таныстыруы, ұрыларына бұйрық беруі — бәрі өлеңмен сес көрсетудің тәсілі және өте әдемі әдіс. Тезектің:

Мен едім Абылайдың хан Тезегі,
Жылқының ұсғатпайды сұр көжегі.
Ордаға құл мен құтан басып кірген,
Құдайдың бұ да болса бір кезегі,²¹ —

деуі — Сүйінбайды әдейі кемсітіп сөзбен шағуы. Оның кім екенін, оның да ірілік танытып кіріп келе жатқанын — бәрін біліп тұр, біле тұра сынап, қасақана қайтер екен деп тұр:

— Тінтушідей ордаға кіріп келдің қайдан? — дегені — «батыр болсаң бопсаға шыда» деген амалы.

Жылкелді, бұған кісен салмаймысың,
Бала-ау, сен киімін тонап алмаймысың?
Мұңдардың аяғына кісен салып,
Зынданға жаяу айдап бармаймысың?²² —

дегендері шын тепсіністен гөрі астарлы қалжыңға жақын секілді. Сүйінбайды састырып мысын басу үшін, әдейі қабақ шытқан

²¹ Сүйінбай мен Тезек төренің айтысы. // Тезек төре. (Құраст.—С.Дәуітұлы.) А., 1996, 26-б.

²² Сонда, 27-б.

болып, бірақ мырс етіп күліп жіберуге шақ тұрған адамның оспақ әзілі тәрізді.

Сүйінбай ақын Тезек төреге өзінің сөзін арқалы шабытпен, жігерлі жеткізеді:

Ұраным менің — Қарасай, мен — Сүйінбай,
Өленді «Қарасайлап» айтамын-ай.
«Сәлемге» келген кісінің атын алып,
Неден пейілің тарылды, тақсырым-ай!²³ —

дей келіп отты сөздерін ары қарай былай жеткізеді:

Атаңыз мұндай істі қылған жоқ, хан Абылай,
Сарапталды балқытқан, мен — Сүйінбай.
Алатұғын жанымды құдай алар,
Алшандама құдайдың кенже ұлындай!²⁴

Есімізге осы жалынды жолдарды оқи отырып Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны оралады. Онда да ақын сұлтанға айтар ойын еш ірікпестен еркін жеткізеді.

Тезек — кісілігі бар төре. Сүйінбайдың қадірін, бағасын ол біледі, осылайша мойындайды:

Жақсы ақын үйге келсе, қыдыр-ырыс,
Айтқаны Сүйінбайдың бәрі дұрыс.
Көргенді неде болса бетке айтатын,
Адамнан сирек туар мұндай туыс.²⁵

Сонымен Сүйінбай мен Тезек төренің сөз қақтығысы — сөз өнеріндегі шоқтығы биік деп айтуға тұрарлық айтыс. Бұл айтысқа Кеңес үкіметі кезінде дұрыс баға берілмей, тек «таптық айтыс» деп танып, Тезек төрені көлеңкелі жағынан танытып, озбыр, ұры ретінде көрсетті. Бірақ, жоғарыда бір сөзімізде айтқандай, ол — адамгершілігі жоғары, адал жан. Осы айтысты болашақта зерттеушілер қайтадан қарап, зерттесе, көп тұнықтарды, бұлақтарды көріп, сусындар еді.

Сүйінбай Аронұлы есімі тек қазаққа ғана емес, көрші туысқан ел — қырғыздарға да белгілі. Қырғыздың айылдарын аралап олардың өмірімен тереңірек танысқан ол қырғыз кедейлері мен қазақ жатақтарының тағдырластығын түсініп, оларды қанап отырған хан, төре, датқаларды бірдей сынаған. Ол халықтың мұң-мұқтажын жүрегімен сезініп, көзімен көріп соны жырларына арқау ете білді.

²³ Сонда, 40 -б.

²⁴ Сонда, 37 -б.

²⁵ Сонда, 37 -б.

Сүйінбайдың тағы бір ерекше айтысы — қырғыз ақыны Қатағанмен болған сайысы.

Сүйінбай Аронұлы мен қырғыз ақыны Қатаған Бұйлашұлы (1828-1882) екеуінің сөз сайысы — еларалық, ұлтаралық айтыс. Ұлт ретінде тілдік, мемлекеттік — территориялық, психикалық пішін, әлемдік қауымдастыққа танымал белгілерінің бәрі толық келетін осы екі ұлттың мәдени қазыналары өздеріне меншікті қалпымен бағаланады.

Тарих, тұрмысында жақындық көп қырғыз-қазақ жұртының ірі екі ақынының бұл айтысы, шынында да, мәдениет тарихында айтулы орны бар, өркенді өнер бәсекесі.

«Сүйінбай мен Қатағанның айтысы» атты бұл әдеби мұраның алғашқы нұсқасын І.Жансүгіров, Ф.Фабитова 1935 жылы құрастырып, «Сүйінбай ақын» жинағында жариялаған. Осы кітапта І.Жансүгіров екі ақынның өзіндік ерекшелігін даралай келіп былай депті: «Сүйінбайды Жетісудың қазақ, қырғызы біледі. Әсіресе, оның Қатағанмен айтысы — жалпақ елге тым көп тараған өлең. Мұны әр ақын әр түрлі қылып айтады. Қазақ ақыны айтса, Сүйінбайға жеңдіреді, қырғыз ыршысы айтса Арыстанбайға (Қатаған) жеңдіреді».²⁶

Қырғыз ақыны Қатаған да Сүйінбай сияқты өз халқына танымал, белгілі, ұлттық әдеби процесс тарихында өз орны бар ақын. Айтыста небір кестелі сөз, келісті ой орамдары бар. Айтыс көркемдік, шешендік шамырқанысқа толы:

Қызып тұрған темірге
Өзі келіп қарылды.
Алмас құрыш қылыппын,
Алтыннан соққан сабымды,
Наркескенге жолықтың,
Шашармын судай қаныңды,²⁷ —

деп келетін Сүйінбай өлеңінде асыл сөздер, бейнелі теңеу, метафоралар көп. Қазақ әдебиетінің мақтанышы Сүйінбай тілінде таудың суындай тазалық, алмастың жүзіндей өткірлік бар. Қарапайым адам айта беретін кез келген ой ақын орындауында құбыла өзгеріп, сыршыл сипат алады, сиқырлы әуен-саз бітіп, белгілі бір өлшем, пішіні бар түр-реңге кенеледі. Оны ақын шығармаларының құрылымы, поэтикалық өрнегі мен көркемдік кестесі, қиыннан қиыстырған шешен тілі айқын дәлелдейді. Осындай келісті де кестелі сөздерге Қатағанмен айтыс үстінде Сүйінбайдың айтқан өлеңінен тағы мысалдар келтірейік:

²⁶ Сүйінбай ақын. (Құраст. Ф.Фабитова, І.Жансүгіров). А., 1935, 6-б.

²⁷ С.Аронұлы. Шығармалары. – А., 1990, 144-б.

Ну бәйгеге қосылса,
Жүйріктен басқа шаппайды.
Айдары алтын барысты
Сендей төбет қаппайды,²⁸ —

немесе:

Қырғименен ойнаған,
Ажалы жеткен торғайсың!
Аққу құстай ұшайын,
Аяғыңды тұсайын..
Тас тұяқты тұлпармын
Қырқалап тауға асқанда
Жолыңды кесіп қырқармын.²⁹

Қырғыз ақыны Қатаған да осал ақын емес. Ол да ақындық қарымы жағынан өте мықты дарын. Сүйінбай үшін Қатаған— күшті қарсылас. Қатаған ақын өзінің ақындық қуатын, қабілетін табиғаттағы дүлей, сұрапыл құбылыстармен баламалайды. Адамдардың табиғат ортасындағы апаттар әкелетін құбылыстарын теңеу сөздермен бейнелеу арқылы Сүйінбайдың шабытты көңіл-күйін әлсіретуді көздейді:

Төбеңнен сені соғайын,
Төпей жыққан құйындай...,
Қаптаған қара борандай
Алды-артыңнан борайын
Арғымақтай орайын.³⁰

Қатағанның өзін бейнелеген көркем кестелі баламалары әсерлі тілмен жырланады:

Тіліңді сенің байлайын,
Бұлбұл құстай сайрайын.
Хандарға соққан қылышпын,
Тастан неге қайтайын.
Жүйрікпін жалын тараған,
Күнде шауып жараған.³¹

«Сүйінбай мен Қатағанның» айтысында екі ақынның да айтыс шеберлігі өткірлігімен, тас-түйін жинақы, орамды тілімен ерекшеленеді. Екеуі де ұтқыр, ұтымды сөйлейді. Өзге айтыстардан

²⁸ Сонда, 115 -б.

²⁹ Сонда, 121 -б.

³⁰ Сонда, 116 -б.

³¹ Сонда, 116 -б.

өзгешілігі екі ақында да анық байқалатын жігерлілік пен жеңіске құлшыныс, қайраттың оралымды көрінуі. Ұйқас, ырғағы шымыр, тілі қылыштай өткір. «Тырнағыма ілінді, Күтірлетіп шайнайын!» (Қатаған), «Наркескенге жолықтың, шашармын судай қаныңды» (Сүйінбай) секілді салмақты, асыл сөздер жиі қолданылады. Айтыстың Жамбыл мұражайындағы қолжазбалар қорында сақтаулы тұрған нұсқасы да әрі көркем, әрі шешен тілді. (Бұл нұсқа, 1975 жылы, Алматыдағы «Жазушы» баспасында жарық көрген «Ақиық» жинағына қосылған).

Сүйінбай айтысының құрылымдық бітімі, алымдылығы жаңа дәуір әдебиетінің тынысын танытса, классикалық жыр үлгісіндегі ежелгі ұлттық әдебиеттің көркемдік әдістерін құбылтып қолданудан да үлкен үлгі ұсынды. Алымды тыныс, алғыр метафора сөзінің алтын өзегіндей:

Мен бір емен ағашпын,
Билесе де сынбаймын.
Алдаспанға жолықтың,
Түбіңе жегпей тынбаймын.
Сөз бастаған бұлбұлмын,
Топ бастаған дүлдүлмін.
Судан шыққан сүйрікпін,
Бәйгеде озған жүйрікпін.³²

Осындай ұтымды сөздер айта білген Сүйінбай ақынның тілі көркем, ақындық қарымы мықты. Ол қырғыз ақынын осылайша еріксіз мойындатады.

Сүйінбай Аронұлы Қатағанмен айтысу арқылы бұрынғыдан да биік деңгейге, нәтижеге жетті. Бұл айтыс оның есімін асқақтата түсті. Осы айтыстары арқылы халық Сүйінбайдың суырыпсалма ақындығын тереңірек біліп қана қойған жоқ, оның сөзге тапқыр, шешендігін де таныған тәрізді.

Сүйінбайдың өлендері, толғау, арнаулары да өзінше бір әдеби әлем.

Ақын әрбір тіршілік иелерінің өз орны, барар жер, шығар тауы, өсіп-өнер ұясы, ұшып-қонар қиясы болатынын ескертеді. Үлкен өмірден адам өз орнын тауып, әлі келгенше халық үшін қызмет етуге тиіс деп біледі.

Халықты тілмен қорғадым,
Сөз шындыққа келгенде,
Бас кессе де болмадым.
Құтылып жарлы кеткенше
Зорларды сөзбен торладым,³³ —

³² Сонда, 130 -б.

³³ Сонда, 33 -б.

деп жырлаған Сүйінбай халқының қамын жеген ақын. Ол халықты бар жан-тәнімен сүйеді, жүрегiнен шыққан жырларын халыққа арнайды, олардың еңсесiн биіктетiп, рухын көтередi.

Ер қадiрiн ел баққан
Ерлер бiлер деген сөз.
Зер қадiрiн зер соққан
Зергер бiлер деген сөз,³⁴ —

дейдi ақын. Сүйiнбай өмiрден көрген-бiлгенiн, ойына түйгенiн осылай әдемі жеткізе бiледi.

Сүйiнбай Аронұлы — өмiр, заман жайлы толғанып, философиялық қорытындылар жасаған терең ойлы өлеңдердiң авторы. Ақынның «Әдiлеттiк орнаса», «Надандық», «Жақсы менен жаманның айырмасы», «Жақсы болса ағайын», «Нақылдар», «Өсиет», «Ақын боп жиырмамада», «Дүние ойлап тұрсам баяны жоқ», т.б. өлеңдерiнде халықтық, философиялық мәселелер қозғалады. Бұл өлеңдерде, негiзiнен, ел басқару, халық тағдыры мен адам бойындағы жақсы, жаман дағдылар сараланады және өмiрдiң бағасы мен өткiншiлiгi жайлы ой-толғамдар, ақыл-өсиет айтылады. Мысалы, «Әдiлеттiк орнаса» өлеңiнде ақын әлеуметтiк, қоғамдық өмiрге деген өзiнiң көзқарасын бiлдiрген. Бұл өлеңде әдiлетсiздiк елдiң бақытсыз күйiне көз жiберген. Халықты кiрiптартылыққа тап қылатын да сол әдiлетсiздiк деп санаған:

Малша айдап адамды,
Орынсыз күштеп зорласа,
Ауға түскен балықтай,
Шыға алмассың бұлқынып,
Әдiлетшiң болмаса.³⁵

Өлеңде жеке адамның қоғамдағы жетекшiлiк қызметi мен оның халықпен қатынас дәрежесi жайлы пiкiр айтылған. Халықтың мұрат-мүддесiмен санаспай, оның хал-күйiн, тiрлiк тынысын көре бiлмеген басшының елге тек зиян, үлкен ауыртпалық әкелетiнiн ақын баса көрсеткен. Ел басқарушысының күшi оның еңбекшi бұқара үшін қызмет етiп, олардың сенiмi мен қолдауына ие болуында жатқанын бөліп атаған. Осы өлеңiнде Сүйiнбай ақын зор қабiлеттi, сарқылмас жiгерлi, батыл шешiмдi, жеке адамның халық үшін пайдалы iстер атқарып, тарихи мiндеттердi шешуде көрнектi мәнге ие болатындығына көңiл бөлген.

Сүйiнбай ақын өлеңдерiнде айтар ойын көркем де кестелi тiлмен жеткiзiп қана қоймай философиялық ой өрбiтедi.

³⁴ Сонда, 46 -б.

³⁵ Сонда, 33 -б.

Ақын өмір сүру үшін адам баласы тұрмыс қажеттерін қарастыруға тиісті, әркімге де дәулетті болу арман болады деген ой айтады. Ақынның ойынша, бақыт құсын қондырған адамға жоқшылық кедергісі қауіпті емес.

Ақын «Аққу ұшып көлге кетті» өлеңінде Алланың пенделерді дүниеге әкелуі мен одан әкетуін заңдылық деп ұғынады да, былай жырлайды:

Ақылды адам басына
Іс түскенде бскінер.
Ақылсыз адам басына
Іс түскенде өкінер..
Мұндай қайғы үстінде
Қайырдан басқа сұрама!
Тәңірі солай жөндесе,
Қайғырғанмен тұра ма?³⁶

Осындай өнегелі сөздерді өлеңмен өрнектей келе ақын басқа қайғы, қиындық түскенде адам баласы не істеу керек екеніне жол көрсетеді. Ол бізді сабырлыққа, терең ақылға шақырады. Сүйінбай қиындықтардың уақытша екенін, ауыртпалықты сәтінде көтере білу керек екенін ұқтырады.

Сүйінбайдың «Тезек төреге көңіл айтуы» өлеңінде адамзаттың өтпелі тіршілік заңдылығын реалистік танымымен қадап айтады:

Балаң Тұрсын, хап Тезек, өзінді алар,
Аузында сайрап тұрған сөзінді алар,
Құдай сенен қорқатын қазақ емес,
Сүйретіп өзінді де көрге салар,
Өлмесе ата-бабаң қайда кетті,
Күшті болсаң Құдайдан берші хабар!³⁷

Ақын осы өлең арқылы бір жағынан Тезек төреге көңіл айтып, бір жағынан өмірдің сырын, заңдылығын түсіндіреді. Сөйтіп ол жаратылыстың заңдылығына да өзінің көзқарасын білдіре кетеді.

Сүйінбай Аронұлы шығармашылығындағы орны бөлек өлеңдерінің бірі — «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері». Бұл — өміршең өлең. Өйткені, жақсы мен жаман адам қай заманды да, қай қоғамды да алып қарасаң табылады. Жақсы мен жаманды ажырата білу үлкен таным тәжірибені керек етеді. Сүйінбайдың бұл өлеңі бізге жақсы адам мен жаман адамның арасы жер мен көктей екенін ұқтырып қана қоймай, бізге адамдарды қандай қасиеттеріне қарап айыратынымызды үйретеді.

³⁶ Сонда, 22 -б.

³⁷ Сонда, 27 -б.

Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай,
 Жақсы әйел әмма жұрттың анасындай.
 Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,
 Көреді бәрін де өз баласындай.
 Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады,
 Қыранның қырдан байқар баласындай.
 Жаман парқы жақсымен бірдей емес,
 Жақсы жігіт елінің ағасындай,
 Жақсының сөзін әркім пайдаланар,
 Миуалы алма, өріктің ағашындай,³⁸ —

деп жырлайды ақын.

Байқағанымыздай, ақын жақсы адам жайында шабыттана тебіренеді. Жақсы адамның сөзін халық бағалап, оны қолданады. Демек, жақсы жан өмірде өзінің өнегелі сөзімен мәңгі жасайды.

Сүйінбай жақсы мен жамандықтың қоғам тірлігінен және жеке адамның өмір ағымындағы іс-әрекетінен туып отырғандығын анықтайды. Адам табиғатындағы жақсылық пен жамандықты салыстыра қарап, жақсы істің артықшылығын, көпке келтіретін пайдасын атаумен бірге ақын жаман істің елді дау-шарға ұрындыратын зияндылығын көрсетеді. Бұл арқылы Сүйінбай адам баласы қай жағынан алып қарағанда да кіршіксіз таза, мөлдір, адал жанды, ар иесі болуы керек деген қорытынды шығарады.

Жаманның көкірегі — көр, көзі соқыр,
 Жүрер жолдан тал түсте адасып-ай..
 Жамандар — өтірікші, өсегі көп,
 Ел-жұрттың іріткі салар арасына-ай.
 Жалған сөзбен бықсығар ел арасын,
 Жанбай қалған ағаштың шаласындай.
 Соқтығып әркімге бір ұрынады,
 Сиырдың тентек болған танасындай.
 Сондай жанның ешкімге сүйкімі жоқ,
 Жылқының қотыр болған аласындай,³⁹ —

деп ақын жаман адамдардан жирендіреді. Жаман адамның айналасына, халыққа, қоғамға қандай қиянат жасайтынын түсіндіргісі келген ақынның сөз қолданысы өте шебер. Теңеулерді өзінің орнымен, ретімен, тапқыр да ұтымды қолданады.

Ақын жақсы мен жаманды салыстыру арқылы елге үлгі көрсетеді. Сүйінбай:

³⁸ Бес ғасыр жырлайды. 1-т., А., 1989, 313-б.

³⁹ Сонда, 320 -б.

Екеуін салыстырып әдейі айттым,
Қажетін қолданарсың тұрмысыңа-ай,⁴⁰ —

деп ойын түйіндейді. Бұл өлеңнің, әсіресе, жас ұрпаққа берері мол. Оң мен солын, жақсы мен жаманды ажырата білу үшін олар осы өлеңді оқыса, көп ой алары сөзсіз.

Сүйінбай Аронұлы жоғарыда айтқандай, өте батыл ақын болған. Әділдікті ту қылып ұстаған ол ештеңеден тайсалмайды. «Батырбек датқаға айтқан» өлеңінде ақын:

Бойың биік болғанмен, ойың қысқа,
Дәу Батырбек дейді екен сені босқа.
Жақынын жаттай көріп, айып сұрап,
Қысқалығың көрінді осы тұста.

Елімді қорашсынба, дәу Батырбек,
Кеткен жоқсың олардың ақысын жеп.
Дәу кеуде, сом қабырға, қомпылдаған,
Жуан кісі екенсің ақылы жоқ,⁴¹ —

дейді.

«Жақынын жат көріп» жүрген Батырбек сияқты жанды ол аямай сынайды. Өлеңде ақын ел әкімі Батырбекті сырттай ғана таныстырып тұрған жоқ, оның мінез-құлқын, түсінік-пайымын да әшкерелеп отыр. Зорлықшылдығымен дәу Батырбек атанған бидің күн көру тәсілі мен ақыл, зерде тереңдігі бір деңгейде қалған саяздығын көзіне айтады. «Бойың биік болғанмен, ойың қысқа» деп, Батырбек бидің мақтан сүйгіш дарақылығын бетіне басады. Ақын сонымен қатар «Үмбетәліге» өлеңінде Орманның баласы, хан Үмбетәліге:

Қыз-қатынын тұтқын қып,
Тау суындай тасыпсың,
Қанқұмарлық ісіңмен,
Кетіріп алдың құныңды.
Әділдікті айтамын,
Кесе алмайсың тілімді,
Айтып өгем мініңді!⁴² —

деп айбаттанады.

Ол Үмбетәлінің барлық кемшіліктерін, жамандықтарын ортаға жайып салады. Ақын не айтса да, бетке айтады.

⁴⁰ Сонда, 320 -б.

⁴¹ Сонда, 317 -б.

⁴² Сонда, 318 -б.

Шын жақсыда тарлық жоқ,
 Әділ сөзге зорлық жоқ,
 Халық сүймесе сөзінді,
 Тиянақ жоқ, заңдық жоқ,⁴³ —

деген ақын ең бірінші адамның халыққа, елге ұнауы керектігін сөз қылады. Өйткені адамның бағасын көпшілік, халық береді.

Халық — ең бірінші сыншы. Сол себептен би, бек көбіне-көп өз қара басының қамын емес, халықтың, елдің қамын ойлау керек. Қай адам болсын, халықты бірінші орынға қоюға тиісті. Бұл айтқан сөз — қазіргі заманда да өз құнын жоймаған сөз.

Жай жатқан елге өрт қойып,
 Қайтарулы бүркіттей
 Жаймасын қазақ қанатты.
 Айға шапқан аюдай,
 Орман атаң айтайын,
 Өр мінезден не тапты?⁴⁴ —

деп ақын өзінің сөзін ары қарай жалғайды. Үмбетәліге ол мысал ретінде өзінің атасы Орманды көрсетеді. Сөйтіп, ол Үмбетәліні қанқұйлы әрекет, жаман мінезден жирендіруге тырысады. Сүйінбай бұл өлеңінде өзінің көпті көрген тәжірибесін айтады. Елді себепсізден-себепсіз шапқан жандарды ол аталы сөзімен тоқтатып, алдын бөгегісі келеді. Ақын халықтың қамын ойламаса, несіне ақын болмақ?

Сүйінбайдың ерекше атауға тұрарлық өлеңдерінің тағы бірі— «Болыстарға баға». Бұл өлеңде Сүйінбай әр болысқа баға береді. Мысалы, Сиқымбай жайлы:

Сиқымбай өзің атың Аятбектен,
 Сен де болат кездіксің асыл тектен.
 Бойыңда қылтылдаған мінезің бар,
 Әйтпесе озар едің талай көптен,⁴⁵ —

десе, Ноғай, Тілеуберді сияқты болыстарға былай дейді:

Ноғай мырза, атаң өліп бұл бір жұмыс,
 Басыңа түскен екен қатты бір іс.
 Болысың — Тілеуберді ана отырған,
 Халқына оның өзі емес дұрыс.

⁴³ Сонда, 85 -б.

⁴⁴ Сонда, 319 -б.

⁴⁵ Сонда, 315 -б.

Ақылсыз жігіт екен тырғандаған,
 Бұл заманның болысы күй тындаған.
 Жек көргенін халық та сыйламайды,
 Пәлеқор, ұры-қары келдің қайдан?⁴⁶

Ақын осылай әр адамға тоқталады. Болыстыққа сайлануға үміттенген жандардың бір-біріне ұқсамайтын мінездерін, істеріне баға берген ол әркімнің де өмірден алатын сыбағасы бар екенін, өздерінің бір-біріне ұқсамайтын тағдырлары барын айтады. Бұл өлең Сүйінбай бейнесін одан әрі дараландырып, ірілендіре түседі. Ол халық тақырыбына осы өлеңінде де оралады. Халықтың ұры-қарыны, пәлеқор жанды сыйламайтынын, одан сырт айналатынын жеткізгісі келген.

Ақынның «Төрелерге» өлеңі де осы тақырыпты қамтиды. Жоғарыда тоқталған өлеңдердегідей, бұл өлеңде де ақын халықтың мүддесін бірінші орынға қойып, төрелерді аяусыз сынға алады.

Сүйінбай «Тілеубердіге» деген өлеңінде Тілеуберді болысқа тайға таңба басқандай, өте бейнелі мінездеме береді:

Желбуаз жігіт екен жырғандаған,
 Бұл заманның болысы күй тындаған.
 Көп ішінде көлбесідеп көрінем деп,
 Көрінгенге соқтығып, тырғандаған.⁴⁷

Елге өктемдік жасап, ел басқаруды ойын көрген болыстың жеңілтектігін, халықты ойламай, жағдай, күй тандаған надандығын ақын жақтырмайды. Сырттай пысық, білгіш көрінгісі кеп, қолдан келмес іске ұмтылған жанның күлкілі образын әжуалайды.

Сүйінбай Аронұлы – әлеуметтік мәні бар өлеңдерімен қоса, ірі сюжетті толғау, жырларды тудырған айтыс ақыны. Ондай толғау, жырларында қазақ халқы басынан кешкен үлкен тарихи оқиғалар сипатталған. Ол толғау, жырларында елді бірлікке, ерлікке шақырады. Мәселен, «Бөрілі менің байрағым», «Барша жұрттың бағы үшін» тәрізді шығармалары осындай азаматтық үні басым, патриоттық толғаулар болып саналады.

Академик жазушы Ғ.Мүсірепов бір сөзінде: «Бөрілі менің байрағым (бөрілі байрақ – қасқырдың бас суреті салынған шапыраштылардың жебелі туы мен найзасы) деген Шапырашты елінің жауға аттанғанда айтатын ұран өлеңдері болған», – деген. Ал бұл өлең жайында профессор С.Садырбаев Сүйінбай Аронұлының шығармалар жинағының алғы сөзінде: «Бұл өлең

⁴⁶ Сонда, 316 -б.

⁴⁷ С.Аронұлы. Ақиық. – А., 1975, 70-б.

Сүйінбайдың азаттыққа арнап айтқан ұлы шығармасының бірі. Ұран түрінде айтылатын бұл өлеңнің идеялық мазмұны: жер-дүниені сілкіндіріп, тау мен тасты теңселтіп, жауға қарсы аттанып бара жатқан Сүйінбай елінің, қазақ халқының қаһармандық бейнесі көрсетілген,⁴⁸ – деп жазған.

Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен,⁴⁹ –

деген жолдардан дыбыс үндестігін өлеңнің күш-қуатын одан ары еселеп тұр.

Бөрілі найза ұстаса,
Түйірмей кеткен жан емен,
Бөрілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен,⁵⁰ –

деген сөздер адамның рухын көтеріп, ерік, жігерін жаниды. Батырлар жорық алдында айтатын жырға сұранып тұрғандай. Бұл өлеңдерде замандар бойы халықпен бірге жасасып келе жатқан ерлік, батырлық дәстүрлер дәріптелінеді. Мұнда ақын өз атынан сөйлей отырып, жеке адамның табанды жауынгерлік ерлік жолын көптің мұрат-мақсатымен үндестіреді.

Бөрілі байрақ астында,
Ту түсіріп, жау алған,
Қазыбек, Қастек атамыз,⁵¹ –

деген жолдардағы Қазыбек, Қастек – XVI – XVII ғасырларда қоқандықтарға қарсы тұрып, жауынгерлерді күреске бастаған батырлар.

Сүйінбай «Ту алып, жауға шықсаң сен» деген толғауында:

Батыр елден шығады –
Ұрандап жауға шабатын,
Жауына ойран салатын.
Ақын елден шығады –
Айтыста жығып шалатын,
Жеңіп бәйге алатын,⁵² –

⁴⁸ С.Аронұлы. Шығармалары. – А., 1990, 7-б.

⁴⁹ С.Аронұлы. Ақиық. – А., 1975, 13-б.

⁵⁰ Сонда, 85 -б.

⁵¹ Сонда, 85 -б.

⁵² Сонда, 14 -б.

деп қол бастаған халық батырларының ерлік ісіне сүйсінеді. Ондай атақты ерлердің ел намысын қорғап, жау қолына тосқауыл бола алған қаһармандық сипаттарына тоқталады. Жауынгер ақын азаттық үшін жүріп жатқан шайқастың бел ортасында болып, халықтың еркіндікті қалаған ұранына үн қосқандығын орынды мақтан етеді.

Ей, Сұраншы, Саурық!
Қоқанның қолы қаптады,
Қасиетті жерімді,
Тозаң қылып таптады.
Қыспақта қалған елің бар,
Құғылар жолды таппады,⁵³ –

деп жаудың елге көрсеткен зәбір-зорлығын, қиянатын айту арқылы ақын батырлардың Қоқан билеушілеріне деген ашу-ыза кегін өршітіп, оларға жаңа күш, тың қайрат береді. Сүйінбай мұндай батырлық толғауларында әрқашан езілуші ел атынан сөйлеп, халықтың сенім артқан батырлары Сұраншы мен Саурыққа үнемі қайырылып отырады. Саурық, Сұраншы батырлардың көптеген ірі шайқастарына қатысқан даңқты Сүйінбай ақын ел еркіндігі үшін жан аямай күрескен ерлерді өмір шындығына сүйене отырып, лайықты бағалайды. Осындай толғаулардан басқа Сүйінбай ақынның көлемді, желілі жыр, дастандары болған. Мысалы, «Жабай батыр», «Қарасай батыр», «Өтеген батыр» атты эпостық жырларында ақын елдік, ерлік, азаматтық мәселелерді кеңінен қамтып, эпикалық сарында жырлаған. Аталған шығармалардың ішінде сюжеттік, композициялық құрылымы жағынан тұтас та толық сақталғаны – «Өтеген батыр» жыры. Ал «Жабай батыр», «Қарасай батыр» дастандарының бас-аяғы түгел емес. Бір кездерде ұзақ жырланып айтылған бұл шығармалар біздің заманымызға тек үзінді күйінде ғана жеткен.

Қазақ халқы бастан кешкен үлкен тарихтың тұтас бір кезеңі Сүйінбай айтқан «Өтеген батыр» дастаны арқылы елес берген. Сүйінбай бұл шығармада қазақ халқының Жетісу өлкесіндегі атамекен қоныс жайын, ағынды өзендері мен шалқар көлдерін, жайқалған егінді аймақтары мен сылдырап аққан бұлақтарын, орман, тоғай, тауларын жау қолынан азат еткен Өтеген батырдың ерлік істерін суреттеген. Патриоттық жырда халықтың азаттық пен бостандық жолындағы қаһармандық күресі, мұқалмас айбынды мінезі шыншылдықпен бейнеленген.

Сүйінбайдың ерекше туындыларының бірі—«Сұраншы батыр»

⁵³ Сонда, 14 -б.

толғауы. Толғауда Сұраншының ерлік істерін суреттеуге көп орын берілген. Жаудың он мың қолына қарсы барған батырдың батылдығы, жүректілігі және алған бетінен қайтпайтын табанды образы бейнеленген. Ақырында, жау қолымен болған қырғын соғыста жеңіске жеткен Сұраншының халыққа бостандық әпергені айтылады. Сұраншы батыр бастаған қазақ жасағына төтеп бере алмай шегінген Қоқан қолы билеп, төстеп отырған жерлерінен айырыла бастайды:

Оң мың қолдан қаймықпай,
Суырды найза, қылышты.
Таң сарғайып атқанда,
Қалың жауды қашырды.
Алдына салып қуалап,
Шоқпардан әрі асырды...⁵⁴

Сүйінбай сүйсіне жырлаған Сұраншы Ақынбекұлы батырлығына қоса ақылды, жағдайды тез сараптағыш және соғыстың әдіс-амалдарын жете білетін қолбасшы. Толғауда айтылатын атақты шайқаста Сұраншы батыр жауға жақындап, тұс-тұстан от жақтырған, сол арқылы қоқандықтарға қалың әскердің қоршауында қалғандай әсер еткен.

Ақын батырлардың жанкешті мінезін, ерлігін сипаттайды. Сұраншының елжандылығын, ұлтжандылығын ұрпаққа үлгі қылады.

Халықтың бірлік-берекесін сақтаған батырларды ақын ел тарихында өзіндік орны бар азаматтар деп таныған.

Сүйінбай өлеңдері — өзінің формасы жағынан халық поэзиясы үлгісіндегі шығармалар. Ақын шығармалары ырғақты ұйқас, асқан шеберлігімен, өзіндік көркемдік бітімімен құнды. Сүйінбайдың өлеңдері тау суындай тасқындап, талай жандардың жүрегіннің түбінен орын алады. Халық рухын биіктетіп, өлең жолдарымен ел еңсесін тіктеген Сүйінбай Аронұлы XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің аса ірі тұлғалы дарыны.

⁵⁴ Сонда, 17 -б.

ҰЛБИКЕ ЖАНКЕЛДІҚЫЗЫ (1825–1849)

Жанкелдіқызы Ұлбике – қазақтың әйгілі ақын қызы, майталман айтыскер, жезтаңдай әнші, дәуләскер домбырашы. Тал бойына алуан түрлі өнер дарыған ару. Туып-өскен жері – Қызылорда облысы Тереңөзек ауданына қарасты өңір. Топырақ бұйырған жері – Жамбыл облысына қарасты Талас өзенінің бойы. Шыққан тегі – Ұлы жүз ішіндегі Ошақты руы.

Ұлбикенің бойындағы туа біткен ақындық дарынының ертерек ұшталуына әкесі Жанкелді мен анасы Жаңылдың ықпалы айырықша. Бұл жөнінде Ұлбикенің өзі былай дейді:

Әке сөзін жасымнан жаттап алғам,
Тал бойыма жинақтап қаттап алғам.
Жеке шығып бәйгеден тұлпардай боп,
Өлеңімді әніммен баптап алғам.

Моншағымның әр тасы бір өлең-ді,
Бесігімде үйренгем мен өлеңді.
Балапандай кезімде қайран шешем
Тал бойыма дарытқан күллі өлеңді.¹

(«Ұлбике мен Мәделі»).

Ұлбике 12-13 жасының өзінде-ақ, айтар ойын ұрымтал өлеңмен жеткізіп, ұтқыр сөздері төңірегін тәнті етіп, атақ-даңқы ауыл арасынан әріге жайыла бастады.

Әке шаңырағында бұла болып өскен қыз өз ортасындағы оқу-білімді игерген, көзіқарақты жан болғанға ұқсайды. Өзінің өлеңінде:

¹ Ұлбике. А., 2002, 53-б.

Әптиектің ішінде «пе» болады,
Қос нокат қойса үстіне «те» болады,² –

деуіне қарағанда, бойындағы ақындық дарынды жазба мұралар арқылы да ұштаған болуы керек.

Ұлбике оң-солын танып, бой жете бастаған кезде Ошақтының Есмырза деген дуалы ауыз биі әулетін бастап, Әулиеата маңына көшіп келеді. Сол кезден бастап Ұлбикенің ақындығы айрықша қарқын алып, жұрт мойындаған көшелі ақындармен айтыстың додасына түсе бастайды. Күдері қожа, Майлықожа, Мәделі қожа, Таспа қожа, Сералы қожа, Жанкел ақын сияқты, сол кезде сөз ұстағандардың талайы Ұлбикемен айтыста тауы шағылып шығады. Ұлбикенің ақындық тегеурініне, тапқырлық шалымына жан баласы шыдамайды. Бұл жөнінде сөз асылын терген әйгілі Мәшһүр Жүсіп Көпеев былай дейді: «Бұрынғылар домбыра ұстап айтатұғыннан «Қайым білесің бе» деуші еді. «Қайым» деп екі ақынның айтысқанын айтады екен. Сонда «Қайым» өлеңінің басын Күдеріқожа мен Ұлбике айтысқан. Бұл екеуінен бұрын қайым өлең де жоқ, айтыс та жоқ. Бұрынғылардікі мақал, тақпақ...».

Күдеріқожа албырт бозбала күнінде Ұлбикемен айтысамын дегенде, Күдерінің әкесі: «Бала, Ұлбикемен айтысамын десең, Бұқарға барып, үш жыл оқып кел, әйтпесе онымен сен айтысуға жарамайсың», – деген екен.

М.Ж.Көпеевтің бұл дерегінен Ұлбикенің алдына қара түсірмес дүлдүл ақын екені аңғарылып қана қоймай, сонымен бірге қазақтың сөз өнерінде ақындық айтыстың негізін салушы, орнықтырушы ақын ретінде дараланады.

Ұлбике – ойы ұшқыр, өлеңі сұлу, кісілік парасаты өрелі ақын. Бірде Мәделі ақын Ұлбикеге әзілдеп: «Түсімде алтын зеренге қымыз құйып отыр екенсің», – депті. Сонда Ұлбике іркілместен:

Басыма салып жүрмін желегімді,
Таппадым жеті жылдай дерегіңді.
Мүгтәйі теріс оқыған зәлім қожа,
Тауып бер көнегім мен зеренімді,³ –

деген екен. Ұлбике бұл сияқты ұтқыр уәждердің небір тамаша үлгілерін жүрген жерлерінде маржандай шашып отырған. Сол мол мұрадан бүтінгі ұрпаққа жеткені мың шумақтай өлең.

Бұл жиырмаға тарта айтыстары мен санаулы ғана көңіл-күй толғаулары. Ұлбикенің асыл мұрасын жинауға М.Ж.Көпеев,

²Сонда, 56-б.

³Сонда, 63-б.

Ә.Диваев, В.В.Радлов сияқты әйгілі фольклор жинаушылар айрықша ыждаһатпен ден қойған. «Бұдан 120 жылдай бұрын жанды бетіне қаратпаған ақын болып, қазақтан Ұлбике деген қыз шығыпты», – деп жазады Ә.Диваев. Ұлбикенің шығармаларын В.В.Радлов Петербург қаласында бастырып, кейін орыс және неміс тілдеріне аударып жариялады. М.Әуезов, С.Мұқанов қатарлы білікті ғалымдар Ұлбикенің ақындығына жоғары баға берген.

Ұлбикенің ғұмыры қызғалдақтай келте болған. Тәңірі шебер оны ақындық өнерпаздығына қоса, хор қызындай көрікті етіп жаратқан. Оны ақындар «Аққудың үрпек жүнді үрі», «тілі шешен, жүзі көркем» деп өлеңге қосқан. Алайда, «бірі кем дүние» деген емес пе, Ұлбикенің күйеуі Бойтан өнердің парқын білмейтін ұрда жық, қызғаншақ адам болып кездескен. Ұлбике нағыз кемеліне келіп, ақын ретінде тәңірегін тәнті ете бастаған шағында тентек күйеуінің қолынан мерт болған.

Ұлбикенің соңында қалған өлмес өнері рухани асыл қазына ретінде халқымен мәңгі жасай береді.

Ұлбике ақынның атақ-даңқы өзі небәрі 24 жыл өмір сүрген ХІХ ғасырда Сырдария мен Қаратаудан асып, Сарыарқа мен Ақжайыққа дейін кеңінен жайылғанына анық көз жеткізуге болады. Бұла таланты буырқанып қызыл тілге құйылған, қызғалдақтай құлпырған бойжеткеннің бақыты да, соры да өнер жолында болған екен.

Тексіздік пен теңсіздіктің құрбаны болған Ұлбике ақынның айтыстары сол заманда жұрт аузында жатталып, ақиқат пен аңызға бірдей ұласқан.

Ел аузындағы әңгімелер мен мұрағаттардағы қолжазбалар оның ақындығын жете танытса, қалың қазақ қайым айтыс өнерінің таңшолпанындай жарқын талантына тәнті болды.

Қазір біздің қолымызда Ұлбике ақынға қатысты тірнектеп жинаған деректер негізінен толық бар. Бірақ, оның оншақты айтыстары мен өлеңдері ғана жеткен. Бірсыпырасы әртүрлі баспасөз беттерінде жарияланды.

Ұлбике Жанкелдіқызы 1825 жылы дүниеге келген көрінеді. Қазақ ауыз әдебиетінің бай мұрасын мұқият жинастырушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің (Таңдамалы шығармалар жинағы. Екі томдық. Алматы, 1992 ж.) айтуынша, Ұлбикенің әкесі дәулетті, өлең сөзге жүйрік, ақын кісі болған. Ақынның анасы Жаңыл да ойлы, сөзге шешен, әрі ақындар айтысында әжептәуір талантын байқатқан жан екен. Қазанғап Байболұлының «Төле бидің тарихы» (1941 ж.) деген дастанында Жанкелді ақын мен Жаңыл ақынның жыр айтып, өлең толғағаны осы деректі дәлелдей түседі.

Ақындық өнер терең тамыр жайған, әсем де сұлу әлемімен жұғысты болған отбасында Ұлбике тұлымшағы желбіреген шақта-

ақ көзге түсе бастайды. Сыр өңірі де Базар, Марабай, Ешнияз, Орынбай, Нысанбай, Жанкісі, Тұрмағамбет тәрізді ақын-жыраулар мен жыр кеудесінен өлең парақтары ұшқан өнер дүлдүлдеріне толы болатын. Ән мен жырдың алтын бесігінде тербелген Ұлбике қыздың алғаш кіммен өнер сайысы мен сөз барымтасына түскенін тап басып айту қиын. Ақынның өмірбаяндық деректері мен айтыстарын хатқа түсіріп, асыл қазынамызға тұңғыш қосқан Мәшһүр Жүсіп Көпеев пен Әбубәкір Диваевтің қолжазбалар қорында ақынның қолына домбыра ұстап, өнер додасына жүрексіңбей келіп, бірден жарқырап шыға келгені анық айтылады. Зерттеулерде Ұлбике «Он екіге дейін сөйлемей, тек он екі жасқа келгенде» өлеңмен тілін ашқандығы туралы болжам айтылып қалады. Бұл пікірге Ұлбике өзімен айтысқан Мәделі ақынға:

Әудемжармен әуелі үнімді аштым,
Он екімде өлеңмен тілімді аштым.
Он үшімде өзіндей бозбаламен,
Жұмбақ айтып өлеңмен жағаластым⁴, –

деген өлең шумағы негіз болған тәрізді.

Енді бірде ақынның:

Бес жасымда шешеме болдым шырақ,
Сегізімде әкеме қойдым құлақ.
Тоғыз жасқа келгенде үрдей болып,
Өлең айттым наурызда үй жағалап⁵, –

деуінде табиғи талантты бойына бүккен үлкен сыр жатыр. Тегінде ақын қыз өзінің Мәделі ақын Жүсіпқожаұлымен (1816-1888) айтысында өмірбаянын төгілте әдемі ырғақ-әуенмен жырлағаны таптырмас деректер еді.

Жыр алыбы Жамбыл: «Өлең кірген түсіне, Жөргегімде мен болам», деп айтса, ақындық дәстүрдің биігінен нәр алған Ұлбике ақын: «Моншағымның әр тасы бір өлең-ді, бесігімде үйренгем бар өлеңді», – деп бесік жырынан ақындық киесін тапқан. Халық фольклорында хас жүйріктердің ой сәулесі мен сөз сәулетін осылай септестіретін мысалдар сирек болса да кездеседі.

Ұлбике ақын жұлдыздай жарқырап, талантымен дүйім жұртты тамсандырғаны соншалықты, оның Күдеріқожамен айтысы 1870 жылы әйгілі орыс ғалымы В.Радлов⁶ құрастырған «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» деген тарихи кітапқа

⁴ Қазақ халық әдебиеті: Көптомдық. Айтыс. 2-т., 1988, 97-б.

⁵ Сонда, 98 -б.

⁶ В. В. Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен. СПб, 1870, стр., 33-38.

еніп, қымбат мұра болып бағаланады. М.Ж.Көпеев өз жазбасында: «Ұлбикенің таңдайында өлеңнің ұясы бар екен», – деп халық аузында аңыз боп айтылып жүрген ойға мән берсе, бұл айтыстың ақыл мен талғампаздыққа толы сипатына да ден қойғаны сөзсіз. Фольклорлық экспедициялар жинаған материалдар арасында Ұлбике мен Күдері ақынның айтыстарының бір-біріне ұқсамайтын төрт-бес нұсқасы бар. Бұл екі әйгілі ақынның «бір күн, бір түн айтысыпты» деген пікірді шындыққа апаратын айтыстар бөлігі болуы мүмкін. Күдері де бет қаратпайтын айтыс ақыны болған. Қиыннан қиыстыратын тапқыр әрі кесек ойды кесіп айтатын мінезі бар екен. Ол Сыр өңірі, Қаратау алабы ғана емес, Арқа жаққа да танымал болып, ел мұңын жырлаған адуынды ақын.

Оның «Қарқаралы, Қазылық» деген толғау жырын М.Әуезов те, С.Сейфуллин де жоғары бағалап, өздерінің оқулық хрестоматиясына енгізген. Күдері қожаның сәлемдескенінде құрмет те, сөзге бәтуә да байқалады.

Айтысқалы келіп едім тойларыңа,
Ошақтыда ақын қыз бар дегенге,

деп, өнерсүйер қауыммен қоштасарда Ұлбикеге қарап:

Екі күзғын ұшқан жері Еділ-Жайық,
Қазақта ақын бар ма бізге лайық,
Кішкентайдан бірге өскен, әй, Ұлбике,
Сенен өлең тілеймін қолымды жайып,⁷ –

деп, ағыл-тегіл көңіл тербейді.

Ұлбике мен Күдерінің айтысы жігіт пен қыз айтысының жұмбақ аралас келетін көне түріне жатады, халықтың дүниетанымын бейнелеген бұл өнер туындысы В.Радловтың әйгілі кітабы бойынша неміс тіліне аударылған. Бұл айтыс шамамен 1840 жылы өткен, егер осылай деп ұйғарсақ, осынау айтыстың шырқау биігіне көтерілген де Ұлбике небәрі он бес жаста болып шығады.

Ал, атақты жүйрік ақын Мәделі Жүсіпқожаұлының ауызға үріп салғандай ақын қызға:

Сұлу қызға тұс-тұстан көз түседі,
Қысылса да аузына сөз түседі.
Өлең айтып отырған Ұлбикенің,
Кеудесінде бұлбұл құс тілдеседі, –

⁷ Ұлбике. А., 2002, 11-б.

деп асқақ сезімге бірден құлай берілуі тегін болмас. Он сегіз жасар ақын жігіт Таспақожа мен Ұлбикенің айтысында сөз қақтығысы да, ой шамырқануы да, арман-сағынышта, ынтық-ынтазар көңіл де тұнық күйінде жыр болып өріледі.

Өлең айтса, ақындар сөз тандайды,
Сұлуларды таразы көз тандайды.
Үрпек жүнді аққудың өзі екенсің,
Кім біледі ол жақта Күн мен Айды,⁸ –

деп жастық қайраты жалындаған Таспақожа қыз бақытын өзіне теліген сезімін білдіріп, мұндай жыр құшағына қанық қызды жастайынан атастырып қойған Бойтан деген жігітінің нойыс мінез-құлқын, өнерді түсінбейтін дойырлығын қайта-қайта айтып, жүрегін де жаралайды. Табан астында тапқырлық таньгудың орнына қыз шіркіннің жіңішке жолын арбайды. Тәңірдің жазғанына көнген адал сезім алдамайды деп, ұшпа көңілдің ұшында отырған Ұлбике:

Айран болса, күбі іші бос болмайды,
Бір-біріне жақсы адам өш болмайды.
Өзі әкеп Құдайым қосса-дағы,
Белтірік пен ақ қозы дос болмайды,⁹ –

деп ақылмен жауап берсе де... Түптің-түбінде өнерден алыс бір байдың еркешорасы Бойтанның, «Қайда барсам, жолымды кес-кестейтін, құрып қойған Бойтанның тұзағы бар» деп жырлағанындай, сол заманның өресіз біреуінен қасірет шегерін қайдан білсін. Таспақожа ақын оның кіршіксіз көңілін аулап, жыр жалғайды, бірақ айтысты қыздыра алмайды. Қарсыласының тапқырлығына табан астында дәмді жауап қайтара қоймайды. Одан кейін Ұлбике мына өлең жолдарын тегіннен-тегін айтсын ба?

Кімге керек өріктің дәнегі жоқ,
Жаман шөптің малға да керегі жоқ.
Өлең айтып не керек құны жоққа,
Сәлделіге бөріктің керегі жоқ...¹⁰

Өткір айтылған өлең астарында терең әрі өкінішті ой жатыр. Таспақожа Ұлбике ақыннан ақылынан да, өнерінен де асып түсе алмаған. Дегенмен, ақын жігіт әдептен озбай, өз қолын ұсынған.

⁸ Қазақ халық әдебиеті: Айтыс, 2-т., А., 1988, 97-б.

⁹ Сонда, 101-б.

¹⁰ Ұлбике. А., 2002, 59-б.

Ол сонда өзінің ақын ағасы Күдерінің: «Ұлбике, қыздан шыққан лашынсың, Бұл жерде сенен сөзді кім асырсын» – деген ұшқыр ойына кұлай берілгенін де аңғаруға болады. Ақын қыздың кұдіреті бұл ғана емес. Оның айтысу мәнері мен ой тереңдігіне қатты қызыққан М.Ж.Көпеев пен В.Радловтың да Кұлыншақ ақыннан, ал бертінде Мырзатай Жолдасбековтың Төреқожа ақыннан жазып алған Ұлбике мен Күдерінің сексен шумақтан тұратын айтысында ақын қыздың «Көкірегім – кітап сөзі, тілім – Құран» деген сөз түйюінен алғыр ойы мен күмбірлеген көмейіндегі өлең жолының отына жылынып, жүректен-жүрекке жеткізген талантына да табынғандай болады. Шабыт келіп, жаны жайсаң шақта Ұлбике ақын айтыс десе жанығатын Жанкел (Жанкелді емес), Күдері ақын үшеуі қатар отырып айтысады. Бірінің ойын бірі мүдірмей жалғайды. Қаратау бөктерінде өткен бұл айтыста Жанкел өзінің түйе көшін тоқтатып қойып, сөз қағыстырғанының өзі бір ғажап. Мұны көріп сүйсінген Ұлбике оған назды өлеңмен тіл қатады. Бірақ, талай мәрте есесі кетіп жүрген Жанкел қалың топтың ортасында өзін асыра мадақтап, қыз намысына тиетін сөзді айтып қалады. «Кедейсің, кедейлігіңнен қашып кұтылмайсың» деген сөзі ақын жігітке ұнамай қалса керек. Сол арада Ұлбике де кідірместен:

Елендеп кедей деген есірер ме,
Басынан өткен істі кешірер ме?
Пайдаң болса, өзіңнің басыңа қыл,
Кедейдің әуесім жоқ кесіріне!¹¹ –

деп кесімді жауап қатады. Жанкел де қозғалақтап, бұл уәжге не айтарын білмей тосылып қалған кезде Күдері ақын домбырасын себелеп қағып-қағып жіберіп, қосыла кеткен екен...

Бұл «Ұлбике, Жанкел және Күдері» айтысының көркемдік деңгейі мен мазмұндық мәні күрделі дүние. Өйткені, ет пен сүйектен жаратылған ақын қызға сұқ сөзін қадағандар әзілге бұрса да, өз ойына қайшы келетін нәрсені қуана айтып қутындайды. Қыз баланың бір уақ қуанышын да бөлісе алмайтындай екі ақын жігіттің артық кеткен тұстары да бар. Әрине, қыз намысы да бар. Соны қапы жіберсін бе? Сол дәуірдің көзімен екі ақын жігіттің түп-түқиянына ел аузында жиі айтыла беретін әзіл-шыны аралас сөзге байланысты. «Көп тисең ашуына, біздің қазақ, Төреңді – кұл, қожанды – сарт дейтұғын», – деп сипаттап береді.

Қарсыластарының бетін бірден қайтарып, сөзден ұтылмау ақындардың ежелгі салты. Ақынның бір ерекшелігін айтқан кезде мына бір есті әңгімеден ақын кұдіретін байқар едік. Мәшһүр Жүсіп

¹¹ Сонда, 35-б.

Көпеевтің қолжазба мұрасында былай деп жазылған: «Күдері қожа әкесіне Ұлбике ақынды тоқтататын бір сөз тауып бер» депті. Сонда әкесі: «29 ғаріпті бір-ақ ауыз өлеңге сыйғызып айт. Екі ғаріпті қалдырып кет. Соның қалғанын Ұлбике ақын білсе, одан әрі айтыспай-ақ қой. Оның өкпесінде өлең жазылған», – депті. Ақын жігіт мұның бәрін ойластырып алған соң, Ұлбикеке барып «шын» мен «жимды» сөзден аяқсыз қалдырып, өлеңмен айтыпты. Соған қыздың берген жауабы былай болып шығады:

Қожеке, өлең айттың, кітап аштың,
Жау куды ма, асығып, неге састың?
«Шын» мен «жимды» қалдырып қара басып,
Құранды аяғыңа қалай бастың?!¹²

дейді. Бұған не дерсің? Айтыс сол заматта аяқталады. Ұлбике ақынның мейлінше байқампаздығы, әрбір өлең жолының ұйқасы мен бейнелі мағынасын құлағына құйып алатын қасиеті әр айтысынан-ақ көрінеді. Оның Ізтілеу ақынмен айтысында:

Қарт Қожақ Ақжүніске не деп айтқан,
Қайдағы алпыс екі тамырларын?¹³ –

деп халық ауыз әдебиетінің «Ер Тарғын» жырының кейіпкерлерімен ойды байланыстырып айтуы Ұлбике ақынның эпостық жырларды жаттап өскенін, халық фольклорының інжу-маржандарынан мол сусындағанын айғақтайтын сияқты. Ауыз әдебиетінің білгірі Сәбит Мұқанов та кезінде Ұлбике ақынның үлкен өнер иесі екенін, әсіресе, оның дін тақырыбына ерекше жетік екенін айрықша атап өткен. Мәделі ақынмен түре айтысында:

Шықпайды неге ажырық сортаң жерге?
Теңізде дәм тартпайды шортан неге?
Айта ғой білгіш болсаң өлеңменен,
Кешке қарай шықпайды Шолпан неге?¹⁴ –

деген табиғат құбылыстарына қарай танымдық-философиялық үш сұрақтың үйлесімділігі де Ұлбикенің жас та болса өресі биік болғанын көрсетеді. Ақын не айтса да көркем де сұлу оймен шын ақиқатқа жүгінеді. Шығармашылық күш-қуатының бір кемдігі жоқ екені де осы азаматтық қадір-қасиетке байланысты.

¹² Сонда, 129-б.

¹³ Сонда, 48-б.

¹⁴ Сонда, 55-б.

Ұлбике мен Серәлі ақынның да айтысқаны жөнінде дерек бар. Заманында Сыр бойында қыстап, Арқа жерінде жайлап жүрген көшпелі шаруа Ерәлінің ұлы Серәлі жастайынан тарлан ақындардың тәлімін үйреніп, өзі де ысылып, сан саңлақпен сөз сайысына түскен. Ол өзі тұстас талай ірі ақындармен, Ошақты руынан шыққан Ұлбике ақынмен айтысқан кезеңінен «Жаз болса, қоңырлатып келеді күз, Ұлбике, көп сөйлестік сені мен біз...» деп басталатын екі-ақ шумақ өлеңі сақталған. Бәлкім, ХХ ғасырдың басында «Айқап» журналын шығарған Мұхамеджан Сералиннің туған әкесі осы кісінің көп мұрасынан көз жазып қалды ма екен? Айтыс өнерінің жорғасы Серәлі ақын Ұлбикені әдейі іздеп келген. Бұл жөнінде зерттеулерде дәлелді пікірлер айтылды. Бізді де мың толғандырған «Ұлбикем болған бір төбе» деген ел аузында қалған әңгіме тұщымды нәр береді. Өнер дарыған, талантты әрі сауықшыл қазақ халқы бір ғасыр бойында Таңшолпандай жарқырап тұрған ақын-жұлдыздардың өлеңдерін де, айтыс шумақтарын да ұмытпай ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырғаны да шындық. «Балапан кезінде қайран шешесі тал бойына күллі өлеңді дарытқан» қадір-қасиетін жақсы білетін Күдері ақын үш мәрте айтысып, бірде тең, бірде кем түссе де шын өнерді бағалай білетіндіктен: «Ұлбике-ау, тілің шешен, жүзің көркем, Не дегенінді білмедім, жаным еркем» деп ағалық ақ көңілімен айтысты аяқтағаны да көп жайтты аңғартады.

Ақын-серілер тағдыры, әдетте, ғашықтық дертінен немесе озбырлық ызғарынан оқыста бұрылып сала береді. Ол заманда да ойы онға, санасы сан-саққа бөлінген өмір болған.

Қарт Қаратаудың арғы-бергі жағында ақындар мен сал-серілердің де өнер дариясына жүзген желкенді өмірі заманына қарай аумалы-төкпелі еді. Пендешіліктің төбе көрсетер зәбірінен де ада емес еді. Бейуақта өмірі арлы-берлі толқып, тауы шағылып, құлазыған сар даладай сансыратқан дүлей күш илеуінде кімдер кетпеген? Кезінде «Қазақ халқында ерекше дамыған айтыс өнері ХІХ ғасырдан бергі жерде бірте-бірте саябырсып, Жетісу өңірлерінде, Оңтүстік, Сыр өлкесіне шоғырлана бастаған» (М.Әуезов) шақта ақын қыздардың ілкібасы Ұлбике тағдыр айдауымен 1837 жылдар шамасында ағайындарымен бірге қазіргі Жамбыл облысы, Талас ауданына қарай көшкен. Атажұрттың боз жусан исі аңқыған, көлдері шалқыған Аса жайлауы мен Көктал баурайында қоныстанған көрінеді. Ақын қызды Сырдария, Оңтүстік өлке, Әулиеата және Қаратау елінің ұмытпай, есімін қастерлеп, оның кеңінен жайылған дабысына қанық болуының ең қисынды жағы осы. ХІХ ғасырдың орта тұсында Ошақты руының игі жақсылары Талас өзенінің төменгі сағасында өмір сүрген Ұлбике ақынның айналасында бұр жарған гүлдей жайнаған

Шүкей, Хадиша, Айымторы, Назым, одан беріде Қалыбек, Исабек, Жаңылдық, Ханқожа, Төреқожа, Құдайберген тәрізді бір-бірін жалғастырған ақындар ауылынан намысқа шабатын қуатты сөздің де өнерге бақ тілеген ниеттің де болуына қатты мән берген. Өленді құрметтейтін, терең толғайтын ақындарға төрден орын тиген. Өкінішке қарай, олардың артында қалдырған мұрасы ауыздан-ауызға айтылғаны болмаса, қағазға түспеген. Бертінде тек Төреқожа ақынның өлендері «Ата аманаты» (Алматы, 1995 ж.) деген атпен жеке кітап болып басылып шықты. Ел аузында Сапақшешен мен Жаңылдық ақынның тапқырлығы мен өлеңге ерекше жүйріктігін Ұлбике ақынның сарқытындай сүйсіне айтуы да біз үшін жайдан жай емес.

Ұлбике ақынның өнері туралы ғалымдар мен өнер дүлдүлдерінің тұжырымдап берген ой-пікірлеріне мейлінше назар аударуымыз қажет.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Ол өмірінде қара сөз сөйлемеген. Біреуге жауап берсе, біреу әңгіме айтса, өлеңмен толғаған», – десе ел ішінде: «Ұлбикенің тандайында өлеңнің ұясы бар», – деген әңгіме осы күнге дейін жалпақ жұртқа жария.

Мәделі ақын: «Өлең айтып отырған Ұлбикенің кеудесінде бұлбұл күс тілдеседі», – деп жырлаған. Күдерінің әкесінің: «Балам, Ұлбикемен айтысамын десең, Бұқараға барып, үш жыл оқып кел», – деуінде қандай сыр бар?

Ал «Ұлбикенің өкпесі жыбырлап тұрған жазу екен», – деп неге жазылып қалдырған дейсіз бе? Бұл енді аңыз ба, әсірелеу ме кім білсін. Қимастықтан шыққан және шындыққа жақын әңгіме шығар, сірә.

Қазақ даласында аты аңызға айналған өрімдей жас ақын қыздың аянышты тағдыры бір-біріне ұқсас оқиға ыңғайымен әртүрлі айтылып та, жазылып та жүргенімен түпкі, бір шындыққа жанасады.

Аңыз бен ақиқатты астастырған халық санасы оқиғаны былай өрбітеді. Өнердегі қызғаныштың қызыл иті ме, Ұлбикені айтыста жеңе алмаған ақындар оның күйеуінің оспадар қылығын, өнердің сұлулығы мен табиғатын түсіне алмайтын надандығын бетке басып айтады. Ақын жігіттер өнер айтысында бір жағынан, қарсыласын тұсаулау үшін мін болатын ұсақ-түйек нәрсені іздесе де екінші жағынан, Ұлбикенің, өз заманынан озып туған ақылды да сұлу қыз екенін, өнері асып тұрғанын мойындаумен қатар, Бойтан сияқты өресізге ұзатылып кеткеніне іштей қимастық сезімін білдіріп жатқанын, түсінуге болады. Ұлбике бір айтысында ақындарға:

Қосылмайды Бойтан мырза жамандауға,
 Бұл жүрген тең көрмеймін адамдарға.
 Әкс-шешем ырза боп өзі берген,
 Жазса тағдыр әуслден, шарам бар ма?¹⁵ –

деп ата дәстүр жолымен ибалық сақтап, мән-жайды түсіндіріп, тоқтау сұрайды. Бұл да оның ақылдылығын көрсетеді. Әрі кез-келген адам тағдырына жазғанын көреді деген ойды айтады.

Ақырында Ұлбикенің қайғылы жағдайға ұшырап, қайтыс болуын жазып қалдырған М.Көпеев мынадай деректі айтады: «Жаман шірік иті үйде жоқ болған қарсанда бір той болып, ауыл аймағы мен қайын ағалары: «Сені біз сабатпаймыз», – деп тойға алып барып, тойдан қайтып келсе, иті келіп қалып «сені ме?» деп кіжініп отырған үстіне оқтай ұшырып, қойдың бір қатқан санымен қақ бастан періп қалғанда, мұрттай ұшып кете барыпты». Одан әрі «Жұрт жиылып қалды, төркіні де аралас-құралас екен. Құн сұрады... Үй-іші: «Пайғамбар шарифатына салдық», – деді. Сонда шарифат айтатын Күдері қожа екен. Айтқан шарифаты: «Өлер Ұлбике өлді. Аяр да ас жоқ, тояр да ас жоқ. Мұны сойындар, өкпесін алып көріндер. Өкпесінде жазу жоқ болса, онда тойға бару, өлең айту әйел жынысына дұрыс емес, өзі кінәлі, бұған түк болмайды. Егер өкпесінде жазу болса, онда ғұзыр айтпаса, ішін жарып кетеді. Үш кісінің құнын берсін: сүйек құны, өнер құны, қара құн. Ұлбикені сойып, өкпесін алып көрсе, өкпесі жыбырлап тұрған жазу екен. Көрген жұрт ботадай боздапты. Көзімен көрген жұрт күйгендіктен, Бойтан серіні бас жетімі үшін құнына беріпті». Басқа бір ел аузынан жазылып алынған мәліметтерде «Өзі ажарлы, ақылды, ақын келіншекке ғашық боп жүрген бір жігіт жылықы басындағы Бойтанға шапты. Іш араздығымен өсек-жалалы әңгіме айтып қыздырды. Бойтан үйіне суыт келіп ұйықтап жатқан Ұлбикені босағадағы балтамен шүйкесінен салып қалады. Ұлбике үш күн бойы қансырап жатып, Үш жүздің үш биіне өлеңмен сәлем жолдайды», – деп те әңгімеленеді.

Аяулы Ұлбике ақынның атақ-даңқы айтыстағы ғажап өнерімен соншалықты сүйкімді қалпында қалса, күйеуі Бойтанның өнерден мүлдем мақұрым болып, әйел бақытын да ажырата алмайтын ақылсыздығынан ел үлпілдеткен ақынды ұрып өлтіргені тіптен аңыз болып кең тарап кеткен. Бұл кезде Ұлбикенің жасы небәрі 24-те ғана екен.

Бір үйдің ғана емес, бүтін бір рулы елдің, қазақ жұртының алақанға салып өсіріп, мақтан тұтқан ақын қыздарының өлімі үлкен дауға айналып кете жаздайды.

¹⁵ Сонда, 134-б.

Ұлбикеке тікелей туыс болып келетін Саңырық батырдың (бұл батырдың 1728-1730 жылдары Аңырақай шайқасында асқан тарихи ерлік көрсеткені І.Есенберлиннің «Жанталас», Ә.Әлімжановтың «Жаушы» және С.Сматаевтың «Елім-ай» романдарында, сондай-ақ М.Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі» кітабында кеңінен жазылған) ұран көтерген ұрпақтары қатты ашуға мініп, кек қайтармақ та болады. Алайда бұған дейін сөз еткеніміздей, батагөй және ауыл билері оларды «Жеті жарғылық» тәртіпке мойын ұсындырады.

Бұл күндері Ұлбике есімін алға салып сөйлейтін айтыскер ақын қыздардың шоғыр жұлдызы жарқырап шықса, бұл өнер бұлағының басында Ұлбике апамыздың да тұрғаны тарихи шындық.

Оның өткір де тапқыр жауаптасулары көркемдігімен әрі заманының рухани айнасы болып қалуымен де біз үшін қымбат.

Қаршадай қайсар ақынның қатал заманда жүрегі дауалап топқа түсіп, бетіне жан қаратпай жарып шыққаны, төпеген тіл мен өртенген өсекке төтеп беріп, өнер үшін, азаттық үшін дара күрескені, ақырында жауыздықтың қолынан жиырма төрт жасында мерт болып, қапыда кеткені ерлікпен пара пар емес пе?

Ақынның бәрі бірдей аңызға айналмайды. Ұлбике есімі аңыз бен жырға арқау болып келеді.

Бір дәуірдің ірі ақындарымен бәйгеге түскен басы байлаулы асыл ару тағдырының қаншалықты күрделі әрі трагедиялы болғанын бүгінгі ұрпақ түсінер.

Ұлбикенің Күдері, Мәделі, Жанкел, Таспақожа сияқты жүйріктермен айтысы, жеке өлендері ауыздан ауызға жатталып, халық жадында сақталып, әр кезде жарық көрген «Айтыс» кітаптарына енгені болмаса, жеке кітап болып, көпшілікке жетпеген.

Тәуелсіздік жылдарында түгелге жуық қамтылып, жариялана бастаған Ұлбике ақын шығармалары – әдебиет тарихының жарқын беттері.

НҰРЫМ ШЫРШЫҒҰЛҰЛЫ

(1825-1898)

Махамбетпен Абыл, Қалнияз бен Шернияз сияқты халық мұратын жырлап өткен көрнекті ақындардың бірі – Нұрым Шыршығұлұлы. Ол туралы аз да болса, бағалы мәлімет қалдырған Мұрын жырау. «Нұрым денелі, жазық маңдай, қыр мұрын, қияқ мұртты кісі еді, – дейді ол, – жиын тойда домбырасын қолына алып, суырып салып қоя беретін, салмақпен төктелеп айтатын. «Абыл ақынның қасына 17 жасымнан ердім. Бес жыл бірге жүріп, бата алдым», – деуші еді. Абыл Нұрымға: өлең жылқы секілді еді, шын жүйрік саулағанда жанға шалдырмайтын сөздің мәнісін жыршы біледі. Сен бізден кейін елге жыршы боларсың депті»¹. Нұрым шәкірті Мұрын жырауға айтқан естеліктері мен өз жырларында ұстазы Абылды өнеге тұтып, оны әр кез ілтипатпен еске алып отырыпты.

Н.Шыршығұлұлының туған, өлген жылдары, өскен жері туралы деректер әр түрлі. Кейбір мәліметке қарағанда² ол 1825 жылы Маңғыстау түбегіндегі Қарақия деген жерде туып, 1898 жылы қайтыс болған.

Нұрым туралы бірден бір дұрыс мәліметтерді Мұрын жырау бергенін жоғарыда айттық. Себебі біздің дәуірімізге жеткендердің ішінен оны одан жете білетіні жоқ та. Ол Нұрымға Сағыздың Топырақшашты деген жерінде кездескенін еске ала сөйлейді. «Балам, өлең қуалап жүрсің бе» дегенде, Мұрын өз жайын жырмен баян етеді. Жас жыршының өнерге аңсары ауып, көңілі құлап, сол жолға бекем бел буғанын көрген кәнігі ақын оған риза болады. Мұрын оның қолында жүріп, «Қырық батыр» жырының «Қарадөң ұрпақтары» атты циклін, сондай-ақ өзге батырлар жырын

¹ ОҒК. Қолжазба қоры. 401-папка, 4-дәптер. 1-б.

² Сонда, 3-дәптер, 3-б.

үйренеді³. Мұрын: «Мен Нұрымды отыз екі жасымда көрдім, ол алпыс бір жаста еді»,⁴ – дейді.

Мұрынның 1860 жылы туғандығын ескерсек, ол Нұрыммен 1892 жылы кездескен. Бұған қарағанда, сол жылдары 61 жастағы Нұрым 1831 жылы дүниеге келген болады. Демек, Мұрын деректері бойынша Нұрым 1831 жылы туып, 1908 жылы өлген⁵.

Әкесі Шыршығұл өз еңбегімен күнелткен момын шаруа болыпты. 1878 жылғы жұтта Тайсойғаннан Маңқыстаудағы тумаластарына келіп, Қауынды мекенінен орын тебеді. Бұл кезде қырықтың қырқасына шығып, дербес түтін түтеткен баласы Нұрым бұрынғы мекенінде отыра береді. Біраз жылдан соң ғана Маңқыстауға келіп, хал үстінде жатқан әкесімен дидактасып қалады. Әкесін жер қойнына табыстап, еліне қайтарда:

...Мен келсем атам бар екен,
– Шырағым, аман ба екен, – деп.
Бір көруге зар екен.
Ауырды атам жеті күн,
Сегіз күнде селті жоқ.
Біле алмадым нешігім.
Іздеген атам Шыршығұл,
Дүйсенбі күні дүниеден.
Сапар шекті жылқы жыл..., –

дейтін «Қоштасу» жырын толғаған.

Білетіндер Нұрымның оқи алатын, жаза білетін сауаты да болған деседі. Бірақ ол жырды қолма-қол шығарып айтқан.

Нұрым Тайсойған жерінде туып, өссе де ақын, жыраулардың ежелгі дәстүрімен Хиуа, Маңқыстау, Жайық бойы елдерін аралап, өнерпаздармен кездеседі, көне жырларды жаңғырта жырлап, терме, толғаулар шығарады. Жаскілең, Берішқызы, Балмырза, Қашағандармен айтысқа түседі.

Оның «Әтембекке айтқаны» толғауы, «Балуанияз» атты ерлік дастаны Октябрьге дейінгі дәуірдің өзінде жарияланды (Қазан, 1908, 18-19-б.б.). «Байбоз-Жанбоз» дастаны «Аламан» (Ташкент, 1926, 27-41-б.б.) антологиясында басылды. Терме, толғаулары мен айтыстары «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (Алматы, 1967), «Ақберен» (Алматы, 1972), «Өсиетнама» (Алматы, 1982), «Бес ғасыр жырлайды» (Алматы, 1984), «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» (Алматы, 1985) жинақтары мен «Коммунистік еңбек» (1972, 8 қаңтар), «Коммунизм жолы» (1972, 12-желтоқсан), «Жұмысшы» (1973, 20-қаңтар) газеттерінде жарық көрді.

³ Батырлар жыры. А., 1961, 2-т., 11-б.

⁴ Сонда, 10-б.

⁵ ОҒК. Қолжазба қоры. 401-папка, 1-б.

Нұрымның ақындық арынын, әсіресе, терме, толғауларынан танимыз. «Мен қашанғы жүйрігің...», «Ұсынсам қолым жетер ме», «Әлеумет, келдің қаумалап» деп аталатын туындыларында ол заман сырына үңіліп, көне жыраулар дәстүрімен адам өмірі, жастық, кәрілік, жақсылық, жамандық туралы толғайды. «Дүние өтпелі, бұл өмірден шешен де, батыр да, сұлу да, ақын да өткен, ертең кәрілік келеді, жас шақта жалындап өтеді», – дейді жырау. Ол бұл ретте, өмірдегі жақсы мен жаманды салыстыра келіп, мағыналы жолды нұсқайды:

Айтсам сөзім өгер ме,
Ақылсыз туған жаманға?!
Қайыра қамшы сермеме,
Сүйекке біткен шабанға.
Екі жақсы дос болса,
Бірін-бірі қия алмас.
Екі жаман дос болса,
Бір мекенге сия алмас.⁶

Оның сөзінің мағынасына үңілсек, «Әр нәрсенің жарастығы—уақытында» деген пайымдауын аңғару қиын емес. Сайып келгенде, ақын дүниенің қимыл-қозғалыста, даму үстінде екендігін сезінеді. Нұрымның ұсынар жолы – дүние қызығына түскен күйкі пендешілік емес, достық, татулық, адамгершілік абзал мұрат. Ол бұл ойларын, әсіресе, «Қоштасу» толғауында ұштай, дамыта түседі («Бұл дәурен бір күн-ақ-ты қайта келмес», «Қуалап дүние түбін малды ойласаң», «Сыйлаумен жасы үлкеннен алғыс алсаң, Жеткенше қор болмассың басың жерге»).

Н.Шыршығұлұлының бір топ өлеңдері тұрмыс-салт тақырыбына арналған. Олардың ішінен «Әкесімен қоштасуын», «Той бастарын», «Қылышқа көңіл айтуын», «Шенен ерін», «Жарлауын» атап айтуға болады.

...Тұсына келіп тұрмын бұлбұл сайрап,
Қарайсың төңірегіңе көзің жайнап.
Тұғырда тулап тұрған сен бір сұңқар,
Қырғауыл егін жеген, шекер шайнап.
Қондырып биялайға томағалап,
Құсбегі, қойдың қалай жіпсіз байлап?

Оның «Той бастарындағы» мұндай шебер қиюласқан метафоралар мен салыстырулар ақынның мәнді ойын да аңғартпай қоймайды. Ал «Қылышқа...», «Шенен ер» толғауларының

⁶ Ақберен. А., 1972, 66-67-68. (Бұдан былайғы келтірілген үзінділер де осы жинақтан алынып беріледі).

қай-қайсысы да мұң-шер өлеңдері дәстүрінде жазылған. Бұларда да пәнидің жалғандығын, өтпелілігін айту, жұбату басым. Сонымен қатар Нұрым:

Адамзаттың баласы,
Бұл дүниеден кеткен соң,
Келмегі жоқ-ты қатынап, –

деп қайғылы қаза кезінде де өмірдің ащы шындығын тура айтады. Бұл пікірлеріне қарағанда, діндарлар уағыздайтын о дүниедегі «тамұқ», «жұмақ» аталатындардың ешқайсысына да оның иланғысы келмейді. Оған айдан анық нәрсе – өмірдің өтпелілігі.

Сондықтан да ол «Басыңнан дәурен бір өтсе, қайтадан дәурен құралмас» дей отырып, сары уайым мен түңліске емес, өмір әрекетіне, үмітке үндейді («Қайғырғаннан пайда жоқ, қан түкіріп аһлап»).

Тұрмыс-салт тақырыбындағы өлеңдерінің бірі – «Жарлау». Хат-хабары, баспасөзі жоқ көшпелі ел тұрмысында жоқ іздеуші үлкен жиында, тойда, аста жоғалтқан малының түрі-түсін, белгісін айтып жар салатын. Тек жоқ іздегенде ғана емес, ел өміріне қатысты әрқилы хабарды жиын-тойларда көпке мәлім етіп, жарлап отырған. Жарлау көбінесе қарасөз түрінде келетін. Нұрымдікі оның өлең түріндегі үлгісі. Бұған қарағанда, қазақта жарлауды сөзі уытты ақын, жыраулар да атқарған.

Төрт түлік мал туралы өлеңдер біздің ауыз әдебиетімізде де, кейінгі әдебиетімізде де аз кездеспейді. Абай мен Ілияс жазған аттың сындары шын шеберліктің белгісіндей. Нұрым «Жарлауындағы»:

Арасы екі өркештің сәгіліңкі,
Шудасы тізесіне төгіліңкі, –

деген жолдар түйе малының тұрқын дәл елестетеді.

Нұрымның арнау өлеңдерінен бізге жеткені: «Тайсойған, Бүйрек–екі құм», «Балишанға», «Әтембекке айтқаны». Ол алғашқы екі жырда ізгілік, ибалық жайын, сөз етеді де, «Әтембекке айтқанында» аталы сөз айтар ел ағасы, халық қамқоры ретінде танылады. Ақын Жайық бойындағы жұрт аузына қараған Әтембек батырдың бір ісіне наразы. Әтембек ел татулығын, ру арасын бітістіру орнына, ауыл арасында алакөздік туғызады. Жырда батырдың осы жөнсіздігі бетке басылады. Деректерге қарағанда, Әтембек Нұрым сөзінен кейін бұрынғы бетінен қайтып, елді татулыққа, достыққа үндеген. Әрине бұл жәйт ақын үнінің әсерін, өнердің күшін танытады.

Н.Шыршығұлұлы суырып салма ақын ретінде танылған. Бұл, әсіресе, оның айтыстарынан айқын аңғарылады. Көркемдігі мен тапқырлығы тұрғысынан ерекше танылатын шығармаларының бірі – төрт ақынның сөз жарыстыруы.

Нұрымның сұрақ-жауап, білім сынасу ретіндегі екі айтысы бар. Бірі – Абылдың Нұрымды, екіншісі – Нұрымның Қашағанды сынауы. Екі айтыста да тілге тиек болатын жай діни тұжырымдар. Бұларда жеңу мақсаты жоқ, жас ақынның білім шамасын, ақындық өрісін байқау ниеті ғана бар.

Нұрымның біршама толық жеткен айтыстары – Жаскілеңмен, Берішқызымен сөз жарыстырулары. Жаскілеңмен кездесуі Маңқыстаудың Сам деген жерінде болады. Ол – Нұрыммен замандас. Атақты Бекберген жыраудың баласы. Бұл екеуінің айтысындағы өзекті мәселе – елдік пен ерлік жайы.

Нұрымның идеялық-көркемдік жағынан назар аударарлық шығармасының бірі – Берішқызымен айтысы. Ол ақындық атағы шығып, жас ортасына келген кезде өлең сөзде ешкімге дес бермеген Берішқызын сырттай естіп, іздеп барады. Қыз 18 жаста екен. Ауыл адамдарының ақылымен Нұрым «жеңілсем ұят болар» деп, өз атынан сөйлемей, інісі Төстемір болып айтысады. (О да атышулы сал-серілердің бірі – Қ.С.). Ол әуелі айтыс дағдысымен өзін таныстыра, сес көрсете жыр толғайды:

Төстемір – өзім атым, ағам – Нұрым,
Алқада жан сөйлемес бізден бұрын.

Сырттай атын естіп, Нұрымнан сескенетін қыз енді айтысушысы өзге деп ойлап, өктем сөздерімен жігітті қағыта бастайды:

Әуелі келген жерден бір шопындым,
Адайда айтқыш Нұрым осы ма деп.
Жолаушы болсаң байғұс қалма жолдан,
Сан жүйрік жас екен деп әуре болған.

Өлеңде желдей ессе де, заман салтымен қалың мал қармағына жастай ілінген мұңлы қыз біраз шекіскеннен кейін, айтыс соңында:

Сен жеңдің, біз жеңілдік, ақын жігіт,
Сенімен айтысуға тілім мүкіс.
Қарасаң төрт аяғым бірдей ақсақ,
Құдайым бізге бермес енді жақсы ат, –

деп зар төгеді. Қыз сөзінен әйел басындағы әлеуметтік теңсіздіктің жайы аян болады. Екі ақын бір-бірін аяқтан шалып, Адай, Беріш руларының мінін тізбелеп көп сайысады. Олардың сын сөздері түптеп келгенде сол заманның әділетсіздігін әшкерелегендей сезіледі. «Нұрым мен Берішқызы айтысы» – осындай мәнді шығарма.

Бір ескерте кететін жәйт – профессор Х.Сүйіншәлиевтің Нұрым Әбубәкірмен (Кердері Әбубәкір Шоқанұлы – Қ.С.) ноғай атынан айтысыпты дейтін пікірі⁷. Біздіңше бұл жаңсақ топшылау. Ақындар атының ұқсас болғаны рас. Алайда қазақ арасында кең тараған «Ноғай Нұрым мен Әбубәкірдің айтысы» аталатын бұл сайыстың Нұрым Шыршығұлұлына ешбір қатысы жоқ. Оған айтыс мазмұнымен танысқан адам кәміл көз жеткізе түседі.

Нұрым терме, толғауларымен, айтыстарымен ғана емес, желілі жырларымен де халық арасында кең танылған. Оның ел аузында сақталған «Тоғыз ауыл» аталатын дастаны 1926 жылы «Аламан» жинағында «Байбоз – Жанбоз» деген атпен жарияланған. Ғылыми кітапхана қорында да дастанның 1947 жылы Гурьев экспедициясы кезінде жиналған бір нұсқасы бар⁸. Ол жазбаның «Аламан» нұсқасынан түбірлі айырмасы жоқ.

Аталған дастанда негізінен халықтың басқыншыларға қарсы тәуелсіздік күресі сөз болады. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында Маңқыстау қазақтарына (Күйкен тауында отырған) Хиуа жеңдеттері қаныпезерлік қарақшылық әрекеттер істейді. Шапқыншылар мыңғырған малды айдап, көптеген адамды тұтқын етеді. Ел ішінен шыққан қырық жігіт екі жүз елу шапқыншыны Борқұдық деген жерде қуып жетіп, мал, жанын жау қолынан айырып алады. Бұл шайқаста екі жақтан да көп шығын болады. Амантұрлы, Еснияз, Қабыл, Ықлас, Төленді сияқты айтулы батырлар осы соғыста қаза тапқан.

1860 жылдар шамасында бір жиында сол ерлерге лайық сөз шығарғандарға бәйге жарияланады. Жол Нұрымға тиеді. Себебі, ол кез Абылдың жасы сексеннен асып, қартайған шағы еді. «Тоғыз ауыл» дастанын Нұрым осы жиында жырлаған.

Ол алдыңғы екі бөлімде Атырау елінің өткен тарихын, ноғайлы ерлері жайын толғайды да, үшінші бөлімнен бастап нақты оқиғаға көшеді. Ақын елді жау шапқан алмағайып, аласапыран кезді суреттегенде бұрынғы бейбіт кезді сағына, тебірене әрі қапалы көңілмен ашына жырлайды:

⁷ Нұрым жырау хақында. «Жұлдыз» журналы. 1966, № 8; Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. А., 1967, 251-б.

⁸ ОФК қолжазба қоры. 401-папка, 2-тігін. 9-14-бб.

Ойыл да, Қиыл, Жем, Қайнар,
 Көлденең өтіп ел жайлар.
 Күні бір бүгін болғанда
 Әдіра қалып барасың,
 Қайран Шоңбоз бенен Бекайдар⁹.

Нұрым оқиға желісін баяндауға ерлік жырларының дәстүрін шебер пайдаланған.

..Дүние өтті талайдан,
 Көп өтіп дәурен азайған.
 Тоғыз ауыл шабылды,
 Толықсып жүген Адайдан.
 Қатын, бала, қара орман,
 Еріксіз кетіп барады,
 Жау қолында қарайған.

Жырда шапқыншылармен кездескен жігіттер ерлігі тартымды суреттелген. Ақын ерлер қазасы тұсында тебірене толғанып, қиын сәттердегі шынайы достық пен шын ерлікті қастерлей жырлайды. Мәселен:

Ол ұрыспай неғылсын,
 Ардақтап өскен ұл үшін,
 Арулап сүйген қыз үшін, —

деген жолдар дастанның идеясын аша түседі.

Ел тәуелсіздігі үшін күрескен ерлерге арналған жыр жалғыз «Тоғыз ауыл» ғана емес, Атырау ақындары толғаған осы тектес бірнеше ақындар бар. Ол жырлардың тууына халық өміріндегі әлеуметтік жағдайлар себеп болған.

Ұлы Октябрь революциясына дейін қазақ елі, әсіресе, Маңқыстау жағындағылар көршілес елдермен жер, су, қоныс, барымта жайында үнемі жанжалдасып келді. Мұндай дау-шарлардың отын үрлеп, ұлт араздығын тудырушылар әр елдің де атқа мінерлері — үстем тап өкілдері еді.

ХІХ ғасырдың бас кезінен-ақ Хиуа хандығы Маңқыстау қазақтарына ерекше озбырлық көрсетті. Алым-салықтар салды, ауылдарды тонады. Көптеген ерлер жау қолына түскен малы, жаны үшін күреске шықты. Сан рет қырғын соғыстар болды. Бұл оқиғалар халық әдебиетіне өз сәулесін түсірмей кеткен жоқ. Осы оқиғаларды суреттейтін Нұрымның «Тоғыз ауыл», «Балуанияз», Қожа Ғафурұлының «Шапқын», Қалнияздың «Ер

⁹ Аламан. Ташкент, 1926, 31-б. (Дастаннан келтірілген үзінділер осы жинақтан).

Қармыс», Ақтанның «Қармыс, Төлеп» сияқты ерлік дастандары туды. Аталған дастандарда ежелгі халық жырларындағы ел қорғау идеясы орныға, қалыптаса түсті. Бұл шығармалар оқиғасының тартымдылығымен, тілінің шұрайлылығымен, ел қамы үшін күрескен ерлердің кескін, кейпін, батырлық қимыл-әрекетін дәл елестететін бейнелеулерімен халық арасына кең тарады.

Нұрым «Балуанияз» дастанында тағы да сол ержүрек батырларды ерекше сүйсіне суреттейді. Әсіресе, поэтикалық бейнелеуімен, бояуының қанықтығымен, сөз тіркестері мен ұйқастарының әуезділігімен, қисындылығымен жұртшылық жадында сақталып келгені Балуанияз, Кенжебек батырларды суреттеген сәттер.

Тәуекелшіл бір батыр,
Өзденбайдың Кенжебек.
Сол жігітке жарасар,
Мақтап айтсам ер демек.
Жауатын бұлттай түнеріп,
Жылдан-жылға келеді,
Аруағы өрмелеп.

Немесе:

Балуанияз мырзаңыз,
Басына қадыр дарыған.
Уызына қарыған.
Аш, арыққа қараған.
Сырлы аяқтың түбінен,
Бал сапырып жалаған.
Жасынан-ақ жау көрсе,
Ат құйрығын тараған.

Ақын мұның қай-қайсысында да бағзы дәуірден халық ұғымынан ұялаған ең абзал қасиеттерді өзі суреттеп отырған батырлардың бойына дарыта білген. Басқа бейнелеулерін айтпағанның өзінде «сырлы аяқтың түбінен бал сапырып жалаған» деген жолдардан шығыс халықтарына, оның ішінде қазақ табиғатына тән жарастық аңғарылады. Мейлі ақын халық тұрмысына орай ежелден сыралғы сырлы аяқты елестетсін, немесе оның түбінен бал сыпырып жалаған қимыл-әрекетін суреттесін, қайткенде де батыр бейнесінің бояуын қанықтыра түседі. Сондай-ақ жау көрсе, жайша шатырлап, «аруағы қозып» арқасы құрысар ересен ердің кесек келбетін «жауатын бұлттай түнеріп» деп бірден көз алдыңызға әкеледі. Енді бірде ақын батырға сырттай қарап, оның «жүрек жұтқан» көзсіз ерлігіне таңғала, тебірене суреттейді:

Балуанияз батыр-ай,
 Алашған озған ақыл-ай,
 Ерліктен жоқ қапылы-ай.
 Түтеп тұрған мылтыққа,
 Тура шапты япыр-ай!

Өзге жырларда кездесе бермейтін, тек тұма талантқа тән осындай бейнелі сөздер халық көкірегінде жатталып кеткен. Аталған жырлар сол дәуірдің көркем шежіресі болды, ерлік пен елдікке үндеді. Көне жыраулар негізінен салған, олардың мұрагерлері – Махамбет, Абыл, Шернияздар жаңғырта толғаған ерлік жырларын Қазақстанның Батыс аймағында олардан кейін Нұрым мен Сабыр, Қазақбай мен Ақтандар жырлап, таратқан. «Қырық батыр» цикліндегі және жеке батырлар жырының біразы Нұрым арқылы тарады. Нұрпейіс, Қашаған, Мұрын сияқты көрнекті ақын, жыраулардың қай-қайсы да Нұрымнан өнеге алған. Нұрпейіс жатқа айтатын батырлар жырларының бірталайы Нұрым репертуарларымен ұштасып жатады¹⁰. Демек ол Қазақстанның батыс аймағындағы батырлар жырын дамыта толғаған дәстүрлі әдеби ортаның ірі өкілі.

Қас жүйріктің белгісі,
 Дуды көрсе жүлқынған.
 Айтулы жүйрік мен едім,
 Салдырмай қамшы ұмтылған, –

деп өзі айтқандай, Нұрым дәуір сырын ұға білген заманның көрнекті ақыны. Ол «Қырдан асқан түлкідей, Қырмызы қызыл заманға» немқұрайды қарай алмаған. Өзі өмір сүрген кездің «Жарлы бай, жақсы жаман ала жасап, Еркінше еліктірген қапыл заман» екенін көреді. Заманның алдамшы, әділетсіздігіне ашынып, оның әдет-салтына қарсы адамшылық қасиеттерді насихаттайды, адамды дүние көркі деп таниды («Жақұт, маржан секілді, Адамзаттың баласы, Дүниеге келді сән болып»). Сонымен бірге ақын дүние даму үстінде екенін сезінеді, заман алалығын уақыттың өзі тезге салады деп үміттененеді («Бай болсын, мырза болсын бұландаған, Жүйріктің жері бар ма сыналмаған»).

Оның жырлары қарапайым бұқара халықтың ойын-сауығы, тойы мен азасы, адамшылық абзал қасиеттері, ерлігі мен батырлығы жайлы. Шығармаларының өн бойынан айқын танылатын осы қасиет оның бұқара жыршысы екендігін айғақтай түседі.

¹⁰ *Е. Ысмайлов. Ақындар. А., 1956, 232-235-бб.*

ҚОСЫМША

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ. Қазақ әдебиеті тарихының төртінші томына ХІХ ғасырдың алғашқы кезеңінде жасаған ақын-жыраулардың мұралары туралы зерттеулер жүйеленді.

Осы ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму заңдылықтары, тарихи-әлеуметтік сипаттары мен өзекті ерекшеліктері жөнінде әр жылдарда Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Х.Сүйіншәлиев, Р. Бердібаев, М. Мырзахметов және тағы басқа белгілі әдебиетшілердің зерттеулерінде жүйелі талданып отырды. ХІХ ғасыр әдебиетінің тарихы мен теориялық мәселелеріне қатысты зерделеу әлі де жалғасын табатындығы күмәнсіз. Тек қана осы кезеңдегі қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-сонды түрлі себептермен жете назар аударыла қоймаған тақырыптар мен мұралардың өзі әдебиеттанудың алда тұрған міндеттерінің әлі де мол екендігін аңғартса керек. ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиеттің мәселелерін жеке бір кітапқа жүйелеуге ұмтылғанда осы жайлар ескерілді. Көркем әдебиеттің сипаттары мен қазақ қауымының осы тұстағы елдік, ұлттық ахуалы күрделі де шиеленісті үрдісті танытады. Қазақ әдебиетінің бұл ғасыры ең бай да тегеурінді даму кезеңі болумен бірге, ұлттық-эстетикалық таным дүниесінің соншалықты шұғыл құнарланып, заманға сай құбылысты үрдіске ұласқандығын көрсетеді. Ғасырдың алғашқы кезеңіндегі әдеби заңдылықтар дәуірдің екінші жартысына, соңына қарай дәстүрлі арнасын сақтаумен қатар, жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Түлеп-түрленді, ұлттық мәртебесі барынша айқындалып, халықтық сипаты даралана түсті. Ол даму желілері

тиісті зерттеулер мен қолжазба қорларындағы мұралардан да, шығармалардан да жан-жақты байқалады. Қосымша бөлімде, осы жайларды ескере отырып, қолжазба мұралар мен шығармалар, зерттеулер туралы негізгі мағлұматтарды да желілеп ұсынғанды жөн көрдік.

Негізінен, ХVIII ғасырдың соңғы жылдарынан бастап, ХІХ ғасырдың елуінші жылдарына дейін әдеби мұраларымен белгілі болған ақын-жыраулар шығармаларына назар аударылды. Қосымша бөлімде ұсынылып отырған анықтамалық көрсеткіштер сол кезеңде өмір сүрген ақын-жыраулар шығармашылығы туралы толымды ғылыми мағлұматтар береді.

Ақын-жыраулардың жарық көрген туындыларымен бірге, олар туралы жазылған елеулі зерттеу еңбектер де қамтылды. Әуелі автордың шығармаларының жарық көргендігі туралы анықтамалық деректер беретін қысқаша библиографиялық көрсеткіші, одан кейін сол ақын туралы жарияланған ғылыми-зерттеу кітаптары мен ғылыми басылымдарда ұсынылған мақала, талдаулар түзілді. Қолжазба қорларында қордаланған мұралары жөнінде де деректер сұрыпталып алынды.

Әрине, белгілі бір авторлар жайлы көрсетілген материалдар көп болса, екінші біреулеріне қатысты дәйектеме деректер тым аз кездеседі. Әйтсе де, қолда бар деректер мен мағлұматтарды мүмкіндігінше ұтымды қарастыру ойластырылды.

Сонымен қатар, ғылыми сипаттағы еңбектер де қамтылды. Түрлі мерзімді басылымдарда, газет-журналдар беттерінде әр кезде жарияланған ғылыми-зерттеушілік сипаты солғын, сараптағамашылық деңгейі төмен әртүрлі хабар-ошар, ұсақ-түйек мәліметтер мен мәтіндердің барлығы бірдей жинақталмағандығы түсінікті.

Қолжазбалар қорындағы әдеби мұралар тиісті авторларының өмірбаяндық-шығармашылық мәліметтері бойынша жеке сұрыпталды да, оларға осы қосымша бөлімде ғылыми сипаттама жасалды.

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ. ХІХ ғасыр поэзиясының басты ерекшелігі тарихи жағдайларға орай, заман ағымына сай әр өнер иесінің өмірге жаңаша көзқарасы қалыптасып, дәстүрлі әдебиет тынысынан өзгеше тың бетбұрыс барын аңғартты. Қазақ әдебиеті іштей түлеп-түрленіп, жаңғыру процесін бастан кешірді. Бұл ақындық өнердің қанат жайып, қуаттанып, дамыған жемісті кезеңі. Жалпы тұтас ұлттық әдебиеттің тегеуірінді қарымы ұлттық тарихи сананың бірегей нысанасын білдірумен бірге, жеке суреткерлік тұлғаның даралық сипаттары барынша күшті серпіліс танытты. Әр ақынның көркемдік тәсілі, өмірді бейнелеу шеберлігі, стильдік

ерекшелігі бір-біріне ұқсамайтындығымен құнды десек, осы сипат анық байқала түсті. Халқымыздың сан ғасырлық көркемдік мұрасын, ақындық дәстүрін сақтай отырып, қазақ қоғамының көкейкесті мәселелеріне тікелей ой толғаған, әрі әдебиетке жаңа, сапалық мағына, мазмұн әкеліп, көркемдік сатыға көтерген шығармалар жазылды.

Әдебиеттің осындай заманауи сипаттары мен заңдылықтарын танытарлық шығармалар өзінше бір сан қырлы көркемдік желі құрап, өзгеше жүйелілік танытқандай еді. Бірқатар әдеби туындылар негізінен әр кезде баспа бетінде жарық көргенімен, ерекше мол қолжазба мұралар мұрағаттарда, кітапханалар мен қолжазба қорларында сақталып келеді. Ол бай мұра әлі де болса толық зерттеліп, әдебиеттану ғылымының айналымына түгелдей дерлік қосыла қойған жоқ. Қолжазба мұраларға сараптама жасау бұрын да жалғасын тапқанымен, бұл маңызды ғылыми іс Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана шын мәніндегі халықтық сипатына ие болды. Қазақстанның қорларында жинақталған қолжазбаларды ғылыми тұрғыдан игеріп, саралау үрдісі ұзақ жылдарға созылатын жауапты жұмыс. XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы ақын, жыраулардың қолжазба мұраларына қатысты да атқарылар істің ауқымы өте зор. Ол мұраларға сипаттама түзу, мәтіндік сараптама жасау, нұсқалылық сапасын анықтау, авторлық ерекшелігіне қарай жүйелеу өз алдына көп томдық зерттеулерге ұласар еді. Бұл жолы біздің тарапымыздан қазақ әдебиеті тарихының төртінші томында қарастырылып отырған ақындар мен жыраулар мұраларына қатысты қолжазбаларға қысқаша тұжырымды сипаттама ұсыну қажеттігі ескерілді.

Қолжазбаларға қатысты ғылыми сипаттамалар мен қорлардағы деректер ақындардың мұралары туралы, шығармашылық өмірбаяндары мен ерекшеліктері туралы мағлұматтарды толықтыра түседі деп санаймыз. Ғылыми сипаттама дәйектері шығармалардың өзге бір нұсқалары, жинақтаушылардың көзқарастары жайлы да қосымша түсініктер ұсынады. Енді бірқатар қолжазбаларда ақындардың өмір деректері, туған, әлде дүниеден қайтқан жылдары әртүрлі болжанып жазылып жүргендігі де байқалады. Ондайда монографиялық зерттеу еңбегінде ғалым-зерттеушілер тұжырымдаған дәйектер негізді деп саналады.

XIX ғасыр ақындарының шығармалары деп жарияланған мұралардың басым көпшілігі Қазақстан Республикасы Орталық Ғылыми кітапханасындағы қолжазбалар қорында және М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімінде сақтаулы. Ақын-жыраулар туралы ғылыми жұмыстар мен сипаттамалар жазуда сол материалдар да пайдаланылды.

XIX ғасырдан бастап орыс ғалымдары мен қазақ оқығандары ел аралап, жыршы-жыраулардың орындауларынан естіп, жазып алған кейбір ақындар шығармаларын Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы, Томск, Астрахань және тағы басқа қалалардағы мұрағаттар мен мұражайларға, қолжазбалар қорына өткізген. Ғалымдар ақын-жыраулардың өз қолтаңбасы болмаса да, солар айтты деген шығармаларды түрлі жинақтарда жариялап отырғандығы жайлы деректер де баршылық. Өткен ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап ел ішіне ғылыми экспедициялар сапарға шығып, әдебиет сүйер қауым өкілдерінен, жыршылардан, құймақұлақ көнекөз қариялардан түрлі мұралар мен сөздерді, ақын-жыраулардың шығармаларын жазып алып, сонымен бірге, зиялы адамдардың жинақтаған қолжазбаларын алып келіп мұрағаттарға өткізіп отырған.

Олардың ішінде белгілі адамдар да, құнды жинақтамалар да бар. Ауыз әдебиетінің үлгілерінен бастап әр ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармаларын ұқыптап, жинаған Мәшһүр Жүсіп Көпеев еңбегінің қадірі күн санап көтеріліп келеді. «Қарамес» деп аталатын төрт кітап қолжазба XVIII ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бергі бірнеше белестің қазынасы іспетті. Кезінде Мұрат, Нұрым, Ғұмар Қараш, тағы басқалардың ерекше зерек зердесінен жазылып алынып, кітап болып жарияланған қолжазбаларға түскен мұралар да қымбат қазына.

Ел ішінде қазақ ақындарының шығармаларын ыждаһатпен жинап, рухани игілігімізге айналдыруға атсалысқан зерделі де зиялы қауым өкілдері көп. Олардың есімдері де әдебиет тарихында лайықты аталуы заңды. Мысалы: **Әміре Әнәпияұлы, Шорман Білтебайұлы, Үбіжар Толыбеков, Қалмұхамбет Байғұлы, Ерғали Есенжолов, Хасан Ғали, Садуақас Шорманов, Мүрсейіт Бікеұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Әбілқасым Наурызбаев, Ғаббас Елеусізов, Ғалымжан Мұқатов**, т.б. есімдері әдебиет мамандарына танымал. Қолжазбалар қорына көз салғанда осы ғылыми маңызы өте зор іске туған әдебиетіміздің көрнекті тұлғалары мен білікті мамандары да ыждаһатпен, атсалысып отырғандығын байқаймыз. Бір ғана Шал Құлекеұлының қолжазба мұраларының жинақталуына үлес қосқандардың қатарынан **Қ.Жантілеуов, Ф.Ғабитова, Т.Ысмайылов, С.Сауытбеков, А.Нұрқатов, Р.Нұрғалиев, М.Мағауин, Ш.Уәлиханов, Ғ.Малдыбаев, Ғ. Елеусізов, Хасан Ғали** секілді ондаған белгілі-белгісіз есімдер тізбесін көруге болады.

Бұрынғы Омбы облысы, Бостандық ауылының тұрғыны Әміре Әнәпияұлы (1891 жылы туған) қолжазбаларды 1950 жылдардан бастап жинастырып, қағазға хаттаумен айналысқан. Өзі де он екі жасынан бастап өлең шығара бастаған, өз ортасына танымал адам.

Ал Тұрлыбек Сыдықов 1960 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған Омбы экспедициясымен барып Шал (Тілеуке) Құлекеұлының «Шежірелі қартың болса», «Жақсы болса туғаның», т.б. нақыл, фибрат өлеңдерін әкелген. Ал Шорман Білтебайұлы қазақ қолжазбаларын 1880 жылдардан бастап жинастырған. Білтебайдың әкесі Жантұын да жазба мұраларды жинақтап сақтаумен айналысқан. Сөйтіп, қолжазба мұраларды жазып, жинастыру, тиісті мұрағат орындарына тапсыру, әкеден балаға, немереге жалғасып белгілі бір әулеттік сипатқа ұласқан. Бұл ұлттық әдебиет тарихының әр кезде ілтипатпен айтылып отыруға тиісті өркенді қадірлі дерегі. Бұл қолжазбаны 1960 жылғы Омбы экспедициясын басқарған С.Ордалиев тауып әкелген. Қазан университетінің татар қолжазбасы қорында татар жазушысы Хасан Шаяхметұлы Ғалидың жинаған әдеби мұралары сақталған. Оның ішінде қазақ әдебиетіне қатысты материалдардың барлығын 1976 жылы Қазан қаласына барған сапарында Қабіболла Сыдиықов анықтады.

Хасан Ғали жинақтамаларының ішінде татар материалдарымен қатар қазақ, башқұрт, өзбек, түркімен, саха, әзірбайжан, ұйғыр, қырғыз сияқты түркі тілдес халықтарының ауыз әдебиеті, әдет-ғұрпы, тарихы, тілі туралы бай дүниелер кездеседі. Хасан ол үлгілерді ХХ ғасырдың басынан бастап жинаған. Сол жинағандарын 1937-1940 жылдары Қазан университетінің ғылыми кітапханасына тапсырған. Жинаған қолжазбалар ішінде XVIII-XIX ғасырларда жасаған қазақ ақындарынан – Шалкиіз, Махамбет, Мұрат, Шернияз, Бұқар, Шал, Ақмолла, Әбубәкір т.б. ақын-жыраулардың мұрасы және ауыз әдебиеті үлгілері де сақтаулы тұр. Мұндай деректер Қазақстанның өзге өңірлерінде де жиі кездеседі. Осы секілді Қазақстанның өзге де мұрағат қорларында сақталған қазақ ақындарының еңбектері жайлы деректер көп. Қысқаша сипаттамада сондай мағлұматтарға сүйене отырып, қажетті түсініктер мен ақпараттар түзіліп ұсынылды. Онда XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген 16 ақынның 346 шығармасының қолжазбасы жөнінде мәлімет беріліп, жиналу жайы, жинаушысы, экспедициясы туралы айтылды. Сонымен қатар, осы ақындардың аталған қолжазбаларынан өзге М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорынан 374 шығарманың түп нұсқасының аты, жинаушылары және тізімі көрсетілді. Әрине, бұл тізім толық емес екендігі түсінікті. Шығармаларға сипаттама тек әдеби қорларда жинақталған қолжазбалар бойынша жазылған.

Ақындардың өз қолдарымен жазып, қалдырған қолжазбалары өте сирек кездеседі (Махамбет, Шортанбай)¹.

¹ Мәлімет “Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы” көптомдығының 4-томы бойынша (“Ғылым” баспасы, 1985 ж.) алынды.

В.В.Радлов бастырған «Образцы народной литературы тюркских племен» («Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері») кітабының 3-томында (1870) Шөже, Бұқар, Орынбай, Сабырбай ақындардың өлеңдері мен айтыстары жарияланған. Бұл нұсқалар аталған ақындардың өз айтуынан жазып алынған шығармалар. В.В.Радлов жариялаған «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» еңбегінің қолжазбасы сақталмағандығы белгілі. «Көкселдір» жинағында да Ш.Бөкеев, М.Мөнкеұлы, Махамбет, Шернияз өлеңдері жарияланған, бірақ олардың қолжазбалары табылмады.

Жалпы жинақтар библиографиясы әліпби тәртібімен тізілді де, ақындардың жеке жинақтары фамилиясы бойынша әліпби жүйесімен сараланды.

Автордың өмірі, туып-өскен жері, шығармалары туралы мәліметтер жан-жақты қарастырылды. Ақындардың шығармаларын ел арасында жүріп естіп, талай жылдар бойы жинап жазған, бізге жеткізген жинаушылардың да өмірбаян деректері мүмкіндігінше қолжазбаларды зерттеу кезінде анықталған мәліметтер бойынша толықтырылды. Ақындар мен жинаушылардың қашан, қай кезде өмір сүргені, ата-тегі көрсетілді. Бірқатар ақындардың осы кезге дейін тек аты ғана белгілі болып, фамилиясы беймәлім болса, қолжазбаларды зерттеу кезінде мүмкіндігінше олардың толық аты-жөні анықталды. Мысалы, ХІХ ғасырда өмір сүрген көкшетаулық Орынбай ақынның фамилиясы бұған дейін көптеген кітаптар мен зерттеу еңбектерінде «Кертағыұлы» деп айтылып, жазылып келді. Соңғы түскен Орынбай ақынның туысы Молдахмет Ержановтың, қарт журналист Мұқаш Мәжікеевтің тапсырған материалдарына сүйене отырып, ақынның фамилиясы «Кертағыұлы» емес, «Бертағыұлы» екені нақтыланды.

Жинаушы әдебиет жанашырларының ақындар шығармаларын бізге жеткізуде істеген еңбектері бұрын онша еленбей, тек аты ғана аталып келген еді. Олардың әртүрлі жинаған материалдарын зерттеу арқылы туып-өскен жері, ата тегі, қызметі, қай жерлерді аралап, кімнен, қашан жазып алғандығы айтыла бермейтін. Осы жайды ескере келіп, жинаушылар туралы толық мағлұмат ұсыну мүмкіндігі ойластырылды. Мәліметтер жеткілікті болмаған жағдайда, қай аумақтан екендігі көрсетілді.

Әр түрлі мәдени, ғылыми мекемелер ұйымдастырған, соңғы жылдары Қазақстанның және Ресейдің өлкелері мен облыстарына М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған экспедицияларды кімдердің басқарғаны, қашан, қай облысқа барғаны жайлы мәліметтер айтылды. Экспедиция сапарлап барған жердің, елді мекеннің көрсетілуі ақындар шығармаларын зерттеу үшін өте қажет. Қолжазбаның тарихын пысықтай түсетін мәліметтер де ескерілді. Ақындардың

сипаттама жазылмаған шығармалары ОҒК мен ӘӨИ әдеби қорларының қай бумаларында (папкаларында) сақталғандығы көрсетіліп, олардың жинаушыларының аты-жөні пысықталды. Автордың бір шығармасын бірнеше кісі жинап тапсырған болса, толық жазылған біреуіне ғана ғылыми сипаттама жазылды. Қалғандарының қай қорда сақтаулы екендігі нұсқалды.

Қолжазбаларына сипаттама жазылған қазақ ақындарының аты-жөні әліпби тәртібімен тізілді.

Халық арасында ақын автор атымен көбірек мәшһүр болса, сипаттамада әліпби реті бойынша есімі қойылды. Егер тегі бойынша (фамилиясы) көбірек белгілі болса, сол ретімен берілді.

Қолжазбалар, ақындардың туған жылы хронологиялық реттік тәртіппен орналастырылды. Сипаттаманы әзірлеуде қолжазба қорларындағы материалдармен қатар «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» көптомдық еңбегіндегі дәйектер ескерілді. Сипаттаманың сол жақ бұрышындағы Ш. 552 (ОҒК) немесе (ӘӨИ) деген белгілер қолжазбаның шифрын – Ш., қай қорда сақталғанын (ОҒК – Орталық ғылыми кітапхана, ӘӨИ – Әдебиет және өнер институты) көрсетеді.

Ақын-жыраулардың жарияланған шығармалары және олар туралы зерттеу нұсқалары қолжазба сипаттамасының алдынан берілді.

КӨТЕШ РАЙЫМБЕКҰЛЫ

(1745 – 1818)

Жарияланған шығармалары

Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. I-жинақ. Жинаған *Сәжен Сейфуллин* – Қызылорда, 1931.

Ертедегі әдебиет нұсқалары. (Құраст.: *Кенжебаев Б.*). – Алматы: Мектеп, 1967.

Алдаспан (Құраст.: – *М.Мағауин*). – Алматы: Жазушы, 1970. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1982.

Бес ғасыр жырлайды (Құраст.: *М. Мағауин, М. Байділдаев*). т.1.– Алматы: Жазушы, 1984.

Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар

Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997.

Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002.

Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1968.

Қолжазбалар қорындағы мұралары

ҚР БҒМ ОҒК қолжазба қоры (281-бума, 1-дәптер; 704-бума, 4-дәптер; 18-281-бума; Мәшһүр Жүсіп Көпеев қолжазбалары).

ҚР БҒМ ӘӨИ қолжазбалар қоры (629 бума, 5-дәптер; 4-дәптер; 2-дәптер, т.б.).

Ш.717 (ӘӨИ)

Аталуы: Көтеш ақынның мұрасынан.

Жинаушысы: *Ғалымжан Мұқатов*.

Папкасы: 717. Ауыз әдебиеті үлгілері, 4-6-дәптер

Көтештің шолақ атын бір қыздың кекеткенде айтқан өлеңі – 24-б.

Көкпар тартқанда Көтештің шығарған өлеңі – 24-б.

Көтештің байдың үйінде түстенерде айтқаны – 24-б.

Ш. 1178 (ОҒК).

Аталуы: Көтеш ақынның өлеңдері.

Жинаушысы: *Мәшһүр Жүсіп Көпеев*.

Папкасы: 1178 (ОҒК) Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған қазақтың ауыз әдебиеті, тарихи аңыздар, шежірелер жинағы.

Нақыл өлең – 131-б.

Қайнына баруы – 132-б.

Көтештің Күнікей қызбен қағысуы – 132-б.

Шал мен қыздың қағысуы – 134-б.

Жайлауда – 132-б.

Көтештің келін, баласына наразы болуы – 133-б.

Көтештің кәрілікке айтқаны – 135-б.

ШАЛ (ТІЛЕУКЕ) ҚҰЛЕКЕҰЛЫ

(1748–1819)

Жарияланған шығармалары

Бес ғасыр жырлайды. (Құраст. *М. Мағауин, М. Байділдаев*.) т.1, – Алматы: Жазушы, 1989.

Алдаспан. (Құраст.: *М. Мағауин*). – Алматы: Жазушы, 1970.

Шал ақын Құлекеұлы. Шығармалары. Зерттеулер. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999.

Әдеби мұра және оны зерттеу (Ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – Алматы, 1961.

XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы (Құраст.: *Ы. Дүйсенбаев*). – Алматы: Ғылым, 1962.

Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар

Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.

Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1983.

Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956.

Валиханов Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.1. – Алматы: Издательство АН Каз.ССР, 1961.

Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973.

Сүйіншіалиев Х. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1986.

Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1968.

Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973.

Қолжазбалар қорындағы мұралары

Ш.137. (ӘӨИ)

Аталуы. Шал ақын сөзі (5-б.)

Авторы. Шал (Тілеуке) Құлекеұлы

Экспедициясы: ҚазССР ҒА Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған 1960 ж. Омбы экспедициясы, жазып алған Тұрлыбек Сыдықов.

Ә. Әнәпияұлы жинаған Шал ақын өлеңдері:

Шежірелі қартың болса – 5-б.

Жігіттің өзім білем дегені – 11-б.

Шал ақынның айтқаны. 1 д., 186-187 бб.

Шал сөзі. 5-дәптер, 5-б, 11-б.

Шалдың көңіл-қосы. 3-дәптер, 58-б.

Шал ақын сөзі. 9-дәптер. 24-б.

Ш. 717,718 (ӘӨИ)

Аталуы: Шал ақын.

Жинаушысы: *Әлібаев И.*

Шал ақын. 5-дәптер. 14-б.

Шалдың кәрілікке айтқаны. 5-дәптер, 14-б.

Шал ақын. 11-б.

Атығай Шал ақын. 8-б.

Ш. 879. (ӘӨИ)

Аталуы: Шал ақын.

Жинаушысы: *Кәрібаев Ү.*

Шал ақын өлеңдері. 879/7. 16-дәптер. 1-9-бб.

Ш. 506, 619. (ӘӨИ)

Аталуы: Шал ақын.

Жинаушысы: *Адамбаев Б.*

Шал өлеңі. 5-дәптер.

Шал ақын. 2-дәптер.

Шал ақынның сөзі. 5-дәптер, 34-35-бб.

Ш. 1019. (ӘӨИ)

Аталуы: Шал ақын.

Жинаушысы: *Нұртазин Б.*

Шал ақын. 2-дәптер, 29-30 б.б.

Шал ақын. Нақыл өлең. 2-дәптер, 15- б.

Ш. 183. (ӘӨИ)

Аталуы: Шал ақын.

Жинаушысы: *Құстиев Ә.*

Тақырық ақын мен Шал ақынның айтысы. 364-п. 22-24-бб.

Ақын Шал. 1-дәптер, 23-б.

Ш. 879, 910.

Аталуы: Шалдың айтқаны.

Жинаушысы: *Тілеуханов К.*

Шалдың айтқаны. 173-дәптер, 17-18-бб.

Шал ақын өлеңдері. 101-б.

Шал ақын сөзі. 15-дәптер.

Бұл шығармалардың шығу тарихы берілмеген, екеуі де он-он бір буынды қара өлең ұйқасынан құралған.

Папкасы: 37(ӘӨИ). Ауыз әдебиеті үлгілері, 5-дәптер, 5-бет, 11-б. Жинаған – *Ә.Әнәпияұлы*. Осы папкада Шал ақынның «Жақсы болса туғаның» т.б. нақыл, ғибрат өлеңдері бар (Жинаған – *З. Лұқманұлы*).

Ш. 138 (ӘӨИ)

Аталуы: Атығай Шал ақынның бәйбішесімен және тоқалымен қағысқаны (124-бет).

Авторы: Күлекеұлы Шал.

Жинаушысы: *Елеусізов Ғаббас*.

Аңдатпасы (аннотация): Ақынның өзінің әйелдерімен қағысқан бұл өлеңі бұрын баспада жарияланбаған. Бәйбішесіне өзінің сый-құрметінің кете бастағанын, тоқалына жасының үлкейіп, қуатының кемігенін әзіл етіп шығарғаны. Он бір буынды қара өлең ұйқасына құрылған.

Папкасы: 138 (ӘӨИ). Ауыз әдебиеті үлгілері, 2-дәптер.

Ш. 420 (ОҒК)

Аталуы: Атығай Шал ақын сөзі (17-бет).

Авторы: Құлекеұлы Шал.

Айтушысы: Сүлейменов Қожахмет. Ол туралы деректер кездеспейді.

Жинаушысы: Қазыбеков Қыздарбек.

Андатпасы: Адам өмірі, бұрынғы үлкендер, кейінгі жастар һәм замана жайлы ұзақ толғау. Шығарма он бір буынды қара өлең ұйқасына құралған; он бір шумақтан тұрады.

Папкасы: 420 (ОҒК) Есенбай ақын және басқа ақындардың берер сөзі, 2-дәптер, 17-19-бб.

Ш. 814 (ОҒК)

Аталуы: Шал ақынның кейбір өлеңдері.

Авторы: Құлекеұлы Шал (Тілеуке).

Айтушысы: Мырзабекұлы Молдағұл. 1853 жылы туған. Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, «Бестөбе» колхозынан. Руы – Атығай, оның ішінде Бәйімбет. 1949 жылы жинаушымен кездескенде Молдағұл 96 жаста екен.

Жинаушысы: Филология ғылымдарының кандидаты *Айқын Нұрқатов* (1928-1965). Көкшетау облысы, Рузаев ауданынан. 1950 жылы Абай атындағы пединститутты бітірген. Бірнеше монографиялық еңбектердің, оқулықтардың авторы (Мыс., «М. Әуезовтің творчествосы», т.б.).

Осы папкадағы А. Нұрқатов жинаған: Шал ақын өлеңдері (1-дәптер):

Өлең десе тоқталмас Шал дегенің – 2-б.

Бұзау өгіз шыққанда атан еді – 2-б.

Кедейлік қалмадың ғой бала жастан – 2-б.

